

83.3 (5Қаз-4Пав)  
АНО

Қырықбай Мазанұлы Алдабергенов  
Ерлан Мұхтарұлы Арын  
Бакыт Тілеубайқызы Баткеева





# БІР ТУАР ДАРА ТҰЛҒАЛАР




Қыргызстан Республикасының Ақпарат және  
Сыртқы Ишкі Иштерінің Архиві  
Қазақстан Республикасының Қалқаманы

БІР ТУАР ДАРА  
ТҮЛГІЛАР







83.3(БҚаз)  
А 40

Қырықбай Мазанұлы Алдабергенов,  
Ерлан Мұхтарұлы Арын,  
Бақыт Тілеубайқызы Баткеева

# БІР ТУАР ДАРА ТҰЛҒАЛАР



ҚР

Қырықбай  
Мазанұлы Алдабергенов,  
Ерлан Мұхтарұлы Арын,  
Бақыт Тілеубайқызы Баткеева

Павлодар  
2003

Залере!  
Осы кітапта берген  
меректер жерде лебі  
зінкіңге ризасыз  
мәңгіліктегі сіңі  
дире отырған сіңі  
зор мол творчество  
творчество  
мәңгіліктегі  
мәңгіліктегі

526883



ББК 83.3 (5 қаз)

А-86

*Қ.М. Алдабергенов, Е.М. Арын, Б.Т. Баткеева*

Бір туар дара тұлғалар. – Павлодар «Университет баспа орталығы»,  
2003.– «ЭКО» Ғылыми өндірістік фирмасы - 364 бет.

ISBN 9965-610-27-1

Пікір жазғандар:

*Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбеков* – ҚР ҰҒА-ның академигі, тарих ғылымының докторы, профессор

*Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев* – ҚР Журналистер Академиясының президенті, тарих ғылымының докторы, профессор

*Қайдар Сейсенбайұлы Алдажұманов* – ҚР ҰҒА Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты директорының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты, профессор

*Жарылқасын Нұсқабаев* – «Білім» баспасының директоры, жазушы

Кітаптың алғы сөзін жазған Қазақстан халық жазушысы – *Дихан баба Әбішев*.

Кітаптың жауапты редакторы Павлодар облысы бойынша ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы – *Жеңіс Минамбаев*.

Бұл кітапта Баянауыл өңірінен шығып, сонына өлмейтұғын сөз қалдырған – Бұқар жырау Қалқаманұлы, Көтеш, Жанақ ақындар, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, С. Торайғыров, Ж. Аймауытов, Қ. Тайшықов, Қ. Кеменгерев сияқты көптеген ақын-жазушылардың өмір-жолдары мен творчестволық шеберліктері және туған халқының нұрлы болашағы үшін білектің күшімен қатар білімнің күдіреті арқылы да күресе білген Қалқаман, Сәти, Олжабай, Жасыбай батырлар, Едіге, Айдабол, Шоң, Шорман билермен қатар Қ. Сәтбаев, Ә. Марғұлан, Ш. Шөкин, Е. Бекмаханов, Ж. Досқараев сынды ғалымдардың жарқын бейнелері көрсетіліп қана қоймай, бүкіл қазақ халқының рухани байлығының, яғни өнер мен мәдениетінің де мақтанышына айналған Жарылғапберлі, Жаяу Мұса, Кәукен тектес әнші-күйші, сазгерлердің де ұрпақтан-ұрпаққа ауысқан дәстүр жалғастығы сөз болады.

ISBN 9965-610-27-1

A  $\frac{4702250202}{00-(05)-03}$

© Алдабергенов Қ.М., Арын Е.М., Баткеева Б.Т., 2003.

© Павлодарский государственный университет им. С.Торайгырова, 2003.

© Научно - производственная фирма «ЭКО», 2003.

*Бұл еңбегімізді аяулы аналарымыз – Шәмші Сұлтанәліқызы,  
Райхан Бердіқожақызы, Нүркен Боранбайқызы  
және асқар таудай әкелеріміз – Мазан Алдабергенұлы,  
Мұхтар Ғалиұлы, Тілеубай Бәткейұлдарына арнаймыз.*

**ӨТКЕН ХХ ҒАСЫР СОҢЫ 2000-ШЫ ЖЫЛЫ  
БАЯНАУЫЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ІРГЕ ТАСЫНЫҢ  
ҚАЛАНҒАНЫНА 170 ЖЫЛ ТОЛСА, АЛ БИЫЛ,  
ЯҒНИ, 2003-ШІ ЖЫЛЫ БАЯНАУЫЛ ДУАНЫНЫҢ  
ҚҰРЫЛҒАНЫНА 170 ЖЫЛ**

## АЛҒЫ СӨЗ

Баянауыл өңірі – қазақ еліне Бұқар жырау Қалқаманұлы, Көтеш Райымбекұлы, Сақау Мәукеұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Қошмұхамет Кемеңгеров, Қадыр Тайшықов, Сәдуақас Шорманов, Зейтін Ақышев, Зейін Шашкин, Қалижан Бекхожин, Қалмұқан Исабаев, Олжас Сүлейменов сынды акын-жазушылармен қатар Едіге, Шои, Шорман, Қалқаман, Сәти, Сүйіндік, Бөкенбай, Шотана, Шоқлар, Олжабай, Жасыбай, Айдабол, Торайғыр, Мұса Шорманов сынды би-батырлар мен қоғам қайраткерлерін, Әбікей Сәтбаев, Жұмат Досқараев, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Әбікен Бектұров, Ермұқан Бекмаханов, Хамза Жұматов, Серікбай Бейсембаев, Шапық Шөкин, Арықтай Қайыпов, Әбілқас Сағынов, Жақан Ержанов, Кемел Ақышев, Шәмшиябану Сәтбаева сияқты ағартушылар мен ғұлама ғалымдарды, Мұстафа Бүркітбайұлы, Жарылғапберді Жұмабайұлы, Қали Байжанов, Жаяу Мұса, Жұмат Шанин, Шөкен Айманов, Кәукен Кенжетасев сияқты көптеген өнер иелерін дүниеге әкелген қасиетті жер.

Бұл елден Қ.Сәтбаев бастаған Ұлттық Ғылым академиясының 25 академиктері және 200-ге тарта ғылым докторлары мен кандидаттары шыққандығын айтсақ та жеткілікті. Оның үстіне бұған ондаған акын-жазушылар мен өнер және мәдениет қайраткерлерін қоссаңыз киелі топырақтың құнарлығына таңданбасқа амалыңыз жоқ.

Мен өзім осы өңірде туып, өстім. Арғысы Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, бергісі Қаныш, Әлкей, Шапық, Зейін, Зейтін, Шөкен, Кәукен, Қалмұқандармен аралас-күралас өмір сүрдім. Бұлардың барлығы да халқы үшін қызмет еткен, етіп келе жатқан азаматтар. Қазақ халқы үшін патша өкіметі, одан соңғы кенестік дәуір де оңайға соқпағаны белгілі. Әсіресе, сонау «Алқакөл сұлама, ақтабан шұбырыншыдан» бастап «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» заманы аралығына дейінгі кезеңде қазақтар тек өзбырлық пен бодандықтың ашы дәмінен басқа ешбір жақсылық көрмеді деп айтуымызға болады.

Сөйте тұра, біздің ата-бабаларымыз өмірден түнілмей, болашақтарынан мол үміт күткен. Болашақ үшін күрескен. Болашақ үшін жан



беріп, жан алысқан. Жоңғардан да, қалмақтан да, орыс, шүршіттен де айылын жимай, керек жерінде қарумен, әйтпесе бауырмалдық, достықпен жүнін жығып, адамгершіліктің биік мәнісін танытып отырған. Мәселен, өз кезеңінің ақылгөй, данышпаны Бұқар жырау Қалқаманұлы үш жүздің басын қосқан Абылай ханды бірде:

*Алтын тақтың үстінде,  
Үш жүздің басын құрадың.  
Жетім менен жесірге,  
Ешбір жаман қылмадың.  
Әділетпен жүрдіңіз,  
Әдепті текке кірдіңіз.  
Арманың бар ма, хан ием,  
Мәртебелі төбеге,  
Жауыңды алып жайладың,—*

деп мадактаса, енді бірде:

*Ай, Абылай, Абылай,  
Жеңбеген жауың қалмады-ау,  
Алмаған жерің аз қалды-ау.  
Бетке алсаң әсте қоймадың,  
Алсаң тағы тоймадың,  
Несібеңді елден ойладың.  
Атаңды білмес құл едің,  
Ата-тегіңді сұраса,  
Арһар ұранды жан едің,  
Қай жеріңде төре едің?!  
Жұлдызың туды оңыңнан,  
Жан біткен ерді соңыңнан.  
Он сан Алаш баласын,  
Жусаған қойдай өргіздің.  
Жұмсап жүрсің қолыңнан, —*

деп ханға тура тілмен сөйлеп, тәубаға келуін қалады.

Ал, туған халқының ауыр жағдайын ойшыл жырау:

*Шүршітпенен құлақтас,  
Қырғызбенен жұбатпас.  
Ортасында ұйлығып,  
Кетпейін десе жері тар.*

*Кетейін десе алды-артын,  
Қоршап алған кәпір бар.  
Ұйлыққан қойдай қамалып,  
Бүйірінен шаншу қадалып,  
Сорлы қазақ, қалды ойла! –*

деп тереңінен ашып көрсете алды.

Оның бұл жан айқайын ел жақсылары мен би-батырлары бір ауыздан қолдап, іске кіріскен. Сол қиын-қыстау кезеңде бір ғана Баянауыл өңірінен шүршіт, қалмақ, жонғарларға қарсы Баян, Қалқаман, Сәти, Сүйіндік, Бөкенбай, Шотана, Шоқпар, Олжабай, Жасыбай батырлар қолдарына қару алып шықты. Ал, Едіге, Шоң, Шорман, Торайғыр билер болса ел арасындағы бірлікті сақтауға, үш жүздің басын қосуға күш салды.

Бұдан соң тарих сахнасына Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт акындар шықты. Олар ескілікпен ғана күресіп қоймай, сол кездегі қоғам құрылысына, патша өкіметінің отарлау саясатына ашық қарсылықтарын білдірді. Кейін 30-жылдардың нәубәтіне ұшыраған Жүсіпбек, Қошке, Қадыр, Зейіндер де бүкіл қазақ халқы үшін қызмет істеп, әділдік, теңдік іздеген азаматтар болатын.

Жер қойнауының білгірлері Бұқарбай Тәшімов пен Қосым Пішенбаевтар сонау патша үкіметінің тұсында-ақ жер асты байлықтарын ел игілігіне айналдыру мақсатында қызмет істеген көкірегі ояу жандар болған. Олар көздерінің тірісінде 100-ден астам маңызды кен орындарын тауып, ашып көрсеткен. Соның бірі қазіргі Екібастұз көмір орны. Бұлардан соң өмірге Қ.Сәтбаев бастаған Ә.Марғұлан, Ә.Бектұров, Ш.Шөкин, Ә.Сағынов, Х.Жұматов, С.Бейсембаев, Ж.Ержанов сынды академиктер келді дүниені танқалдырып. Бұл адамдар қазақтар жартылай жабайы, көшпенді, сауатсыз, қолдарынан түк келмейді деген лақап сөздің түбірімен дұрыс емес екендігін, керісінше, қазақ халқының әр нәрсеге бейім, әдебиет, ғылым, өнер, мәдениет тұрғысынан өте биік тұрған халық екендігін дәлелдеп берді.

Осы орайда Баянауыл өңірінен өнерімен аты шыққан Жарылғанберді, Жаяу Мұса, Жұмат Шания, Шәкен Айманов пен Кәукен Кенжетасевтарды да орынды мақтан тұтуымызға болады. Міне, осы жайлардың барлығы да құрметті оқырман алдарыңызда жатқан кітап ішінде толық болмаса да бірсыдырғы жазылған деп айтуымызға болады. Себебі, жоғарыда айтқанымыздай, бір кітаптың көлеміне ондаған, жүзде-

ген асыл азаматтардың жақсылық істерін жинақтап беру мүмкін емес. Сондықтан, бұл тек жақсы істің бастамасы ғана деп түсінгеніміз жөн. Отаны, елі, жері, туған халқы үшін жан аямай қызмет еткен ата-бабаларымызға, олардың сондарынан ерген абзал азаматтарға бір емес, он кітап арнаса да көптік етпейтіндігі бәсенеден белгілі. Олай болса, осы еңбекті дүниеге әкелген азаматтарға алғыстан басқа айтар тілегіміз жоқ.

*ДИХАН ӘБІЛЕВ,  
халық жазушысы*

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### БІЛЕКТІ БІРДІ. БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ



#### 1. Қарадан шығып хан болған — Шоң мен Шорман билер

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі байырғы әдет-ғұрып хан-билер кеңесінің «Ережелеріне» – келісім шарттар, атақты ел басшыларының естеліктері мен биліктері, түйінді шежірелері, сонымен бірге казак жерінде қолданылған Ресей империясының заңдары және мұсылмандық шариғат, құқық нормалары жатады. Әдет-ғұрыптардың патриархальды-феодалдық нормалары хан мен үш жүздің атақты билері бас қосқан кеңесінде, заңдар жинағы ретінде қабылданып, ғасырлар бойы ауызша сақталып, сол тұстағы ханның атымен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» (Тәуке хан заңы) атанды.

XVII–XIX ғасырларда өмір сүрген, данқы үш жүзге тараған билер Төле, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке, Шакшақұлы Жәнібек, Едіге, Бекболат т.б. «Жеті жарғыны» жазуда атсалысып, оны жатқа білген және дау-шарды шешу үшін кеңінен қолданған. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында казак билерінің төтенше құрылтайларында жаңа сипатты «Ережелер» қабылданып, әдептік құқыққа қосымша, жаңа деректер енгізді. Әлеуметтік қатынастың дамуына сәйкес Ресей империялық заңдарына сүйеніп, соттық істерді жазбаша жүргізу, үкім мен шешімдер қабылдау, айыпты ақшалай төлету қылмысты іске түрме, жер аудару жазасын кесу, соттаушының бас бостандығына шек қою т.б. құқық нормалары өріс ала бастады. Ресей империясы казак

еліне өз үстемдігін нығайту мақсатымен түрліше арнаулы заңдар да (мысалы, 1822–24 ж.ж. Сібір қазақтарын басқару жарғысын, 1867–68 ж.ж. Губерниялық реформалар т.б.) шығарды. Бұл заңдар бойынша қазақ өлкесінде хандық жойылып, әкімшілік, сот құрылысы бюрократиялық ұстанымдарға негізделді. Ежелгі әдет құқығына шек қойылды.

Шоң би Баянауыл округі ашылғанда Сібір генерал-губернаторы ол кісіні аға сұлтан етіп тағайындаған. Сібір генерал-губернаторы 1822 жылы Орта жүз қазақтарын билеудің жарғысын жасады. Сол жарғы бойынша хандық жойылып, орта жүз бірнеше округқа бөлінеді. Ал, Шоңның Баянауыл дуанына аға сұлтан болып қойылғаны туралы: «Біз ашылуы көзделіп отырған Баянауыл дуанына өз еркімізбен кіру арқылы ұлы падишахтың қайырымды қамқорлығында болатынымыз туралы осы сенім қағазға Төртұлы Айдабол старшыны Дулат Олжабаев таңбасын салды», – деген дерек бар [1]. Себебі, ертеректе қазақ арасында «Бөліп ал да, билей бер» ұстанымымен тараған шектеусіз дау бойынша Шыңғысхан ұрпағы Баянауыл өңіріне айтарлықтай ықпал жүргізуге тырысқан. Бірақ, оған жергілікті зиялылар үнемі қарсылық көрсетіп отырған. Бұл туралы Ш.Уәлихановтың жазбаларында Шоң мен Шорман «өте күшті ықпалы бар» адамдар деген айғақты деректер бар.

Оның үстіне 1897 жылы Павлодар уезі бойынша патша әкімшілігі тарапынан халық санағы жүргізілген. Сол санақтың қорытындысында Баянауыл төңірегін мекендейтін ел туралы: «Ақтабан шұбырындыдан кейін Қаржас, Құлболды, Жанболды, Орманшы рулары бірігіп «Төртұлы» деген одақ құрып, осы өлкеге келіп Қызылтау төңірегін қыс қыстау етіп, Ақмола уезінің солтүстік жағын жаз жайлау еткен. Итемген, Мамай көлдерінің аттары солардың жағасында туған Төртұлы билерінің аттарымен аталған», – деп жазылған. «Төртұлы» одағын алғаш XVIII ғасыр басында Шорманның атасы Сәти жасаған болса, оны заманына сай құрған Шоң би.

Осыған орай «Орыс-қазақ қарым-қатынасы» деген еңбекте, «1771–1867 жылдар аралығында қазақ өміріне байланысты жүргізген қағаздарда», соның 268-ші бетінде Н.Берденов деген биді көпес қатарына алу жөнінде 1834 жылы жазылған хат тіркелген. Хат мазмұны: «Омбы облысы бастығының осы жылғы 22-ші майдағы (№1695) қатынас қағазына аға сұлтан, би Шоң Едігін Н.Берденовтың 935 жылқысы, 814 қой, 25 ешкісі, 19 сиыры, әке-шешесімен әйелі бар, бірақ баласы жоқ» деп жазады.

Осыған орай Шоңның жеке басының қадір-қасиетін аша түсетін тағы бір дереккөз бар. Бұл орайда округтың аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов 1825 жылы Омбы облысының бастығына жолдаған хатында: «Дінсіз Шоң Қарқаралы округі ашылғанда аға сұлтанға қызмет еткісі келмей, ант беруден бас тартқан, яғни маған бағынбай кетті. Ол орыстар атам Бөкейді хан сайлағанда оған да бағынбаған. Бүгінде ол Шаншар руын «Қарқаралы округінен шығып Төртұлы одағына қосылындар деп азғырып жүр», – деп жазған.

1822 жылғы жарғы бойынша қазақ даласында алғаш екі округ ашылғанды. Уәлихан қайтыс болғанда, оның мұрагер үлкен ұлы Ғұбайдолла саяси тұтқында отырады. Сондықтан, 1821-1834 жылдары Шыңғыстың анасы Айғаным басқарды деген деректер де бар.

1812 жылы Барақ ханның ұрпағы Бөкей Сібір генерал-губернаторлығына хан болғысы келетіндігі туралы ойын білдірген. Ол губернатордың қазақ билеріне Бөкейді хан сайлауға қалай қарайтындары жөнінде губернатор сауал-жауап алады. Сонда Шоң би «губернаторларға «қазаққа ханның керегі жоқ», – деп тіке айтады. Шоң би үлкен де, білікті адам болған. Елді ақылмен, әділ және іскер басқарғаны сонша, оның билігіне хандар да қызыға қараған. Ол заманда төрелер қара халықты салық сала отырып, қатты қинаған. Шоң би халықты төрелердің ықтиярына беріп қойған жоқ. Ол өмір бойы хандыққа қарсы болған. Қазақ даласында ескіден қалыптасып келген, ол кезде басқалар хансыз елді қалай басқаруға болады деп болмысқа бас иген ескі дәуірді ол кісі мансұқ еткен. Шоң соларды өзі билеген аймақтардан аластатып, халқының шексіз сүйіспеншілігіне бөленген.

Омбы облысының бастығы С.Б.Броневский Қарқаралыдағы орыс жүздігінің бастығы И.С.Қарбышевке: «Ғұбайдолланың шаңырақ баса алатын жалғыз адам сол далада Шоң би ғана. Ықпалды төрелерге осы жөнінде хат жазып едім, бірде-бірі үндемейді. Сіз осы жөнінде құрметті биге жолығыңыз», – дейді. Кезінде Шоңның мінезі орыс шенеуніктеріне қатты ойландырған.

1824 жылы Шоң мен Шорман жазған хаттарында губернатордан Ғұбайдолла мен Төрайғырды тұтқыннан босатуын сұрайлы. Мұны Омбы облысының бастығы елеусіз қалдырмайды. Ол Ғұбайдолла мен Төрайғырды босатады және жайлауына жетісімен өзінің аға сұлтанлық қызметін атқаруға шақырады. «Төртұлының» ашылып жатқан округтерінің бірде-біріне бағынбауы орыстардың дала ісін басқару жұмысына кедергі, тосқауыл жасайды.

1825 жылы Қарқаралы округындағы әскер бастығы И.С.Карбышевке хат жазып: «Елді билеу мәселесінде Шоңның не ойы барын сұра, – деген. Бұған Шоң: «Баянауылда округ дуанын ашсаңыздар, мен шапағаты мол, аса қайырымды патшаның қол астына кіріп, оның нұсқауларын орындап отыруға бармын», – дейді.

Осында, Омбы бастығы Шоңға өтініштерін қабылдағанын, енді Ресейге ант беру керектігін айтады. 1826 жылдың 9-шы наурызында Шоң бастаған 332 адам мұз құрсауында жатқан Ертістен өтіп, Керекуде ант береді де облыс бастығына: «Баянауыл округін ашқанда біздің де тіліміз бен әдет-ғұрпымызды білетін және аңқау халқымызға қайырымы мол, шенеуніктер тағайындаңыздар», – деп жазады.

Орыс жағынан Баянауыл округына тікелей қатысты шаруамен алғаш келген Леденов деген старшина 1830 жылы жайлауларды аралап, рулардан Ресей бодандығына кіретіндері жөнінде ант алады. Осы сапарында ол Шоң, Шорман көмегімен 2095 ауыл, 21700 түтіннен ант жинайды.

Омбы облысы және Сібір корпусының штаб бастығы С.Б.Броневский: «Орта жүздің көптеген билері мен старшындары өз халқының арасындағы салмақтарын сақтай отырып, Россияға шынайы берілгендіктерімен көзге түседі. Бұлардың ішіндегі ең атақтылары би Шоң Едігин мен Шорман...», – деп өз кезінде жоғары баға берген. 1833 жылы Баянауыл округына Шоңды аға сұлтан, Шорманды кандидат етіп тағайындайды.

Шоң мен Шорман билер қазақ халқының болашағын орыстарға жақындасудан көрген екен. Орта жүз даласында қала салуды, халықты отырықшылдыққа айналдыруға бастаған. Патша бекіткен жарғының темірдей қатаң баптарын бұздырып, қазақта қарадан тұңғыш аға сұлтан болған Шоң мен Шорман билер халықтың қанша заман өтсе де ұмытылмас кемеңгер ұлдары болып қала береді.

## 2. ЕЛ МЕН ЖЕРДІҢ НАМЫСЫН ҚОРҒАП ҚАЛҒАН (Баян, Қалқаман, Сәти, Сүйіндік, Бөкенбай, Шотана, Шоқпар, Олжабай, Жасыбай батырлар)



Қалмақ, жонғарлармен соғыс кезінде, жан алысып, жан беріскен тұста қазақтардың арасынан қол бастап, жауға шапқан хас батырлар көптеп шыққан. Халқымызды бодандықтан, жерімізді талап-таражыға салудан аман сақтап, алып қалған солар болатын. Міне, осындай атақты, халыққа бір табан танымал ержүрек батырлар Баянаула маңынан да көптеп шыққан. Олар Баян батыр, Қалқаман батыр, Сәти батыр, Сүйіндік батыр, Бөкенбай батыр, Шотана батыр, Шоқпар батыр, Олжабай батыр, Жасыбай батыр, Олжабайдың баласы Жалаңтөс батырлар.

Енді қолда бар деректер мен ел аузында сақталып қалған өңгімелер негізінде осы батырлардың өмірбаяндарына қысқаша болса да тоқталып көруге тырысалық.

**Қалқаман батыр.** Руы – Арғын ішінде Қаржас. Тәуке ханның 90 мың қолын басқарған атақты қолбасшы Ақшаның сарбазы болған. Көбінесе жеке ерлігімен аты шыққан. Қазір оның атында Павлодардан 90 шақырым жерде Қалқаман деген үлкен елді мекен бар. Батырдың сүйегі де сол жерде жерленген. Бұл атақты Бұқар жыраудың әкесі. Екінші батыр Едіге билің тұстасы Сәти болып табылады. Руы – Қаржас. Аумалы-төкпелі заманда Ходжентке көшіп, одан 1729 жылы руластарын туған жерге, яғни Баянауылға қайтадан көшіріп алып келеді. Осы тұста Сүйіндіктен шыққан Баян батыр, Ер Олжабай, Жасыбайлар Сәтіммен қатар Абылай ханның үлкен құрметіне ие болғандығын айта кетуіміз керек.



Ал, келесі батырлар туралы «Анамның шыққан жері Сүйіндіктен» деп Мұхамед Салық жазған «Шәйбанинамадағы» жойқын соғыстарда қолбасшы болған және Түркістан, Еділ қалмақтарымен болған соғыста қазақ қолына жеңіс әперген дарынды қолбасшы **Сүйіндік батыр** мен **Бөкенбай** жөнінде Қожаберген, Дәстем тарихи қисса жазған екен. Онда мынадай жолдар бар:

*Сүйіндік аргын Бөкенбай,  
Бозқозы ердің баласы.  
Қазақты жаудан қорғап тұр,  
Келгенінше шамасы.*

Орманшы ақсары **Шотана батыр** туралы Мәшһүр Жүсіп: «Қызылтауда Шотана тасы деген тас бар. Шотана батырдың үйі сол тастың түбінде отырғанда қорадан екі өгізін түнде ұры ұрлап кетіпті. Алакеуімнен түрегеліп, өгізді ұры алып кеткенін біліп, Шотана батыр тастың басына шығып айғай салыпты:

– Тастап кет менің өгізімді, атым Шотана, жердің тесігіне тығылсаң да қоймаймын, – дегенде алған ұрылар Түндіктің өзенінен асып барады екен. Артымыздан қуып келіп қалған екен ғой деп малды тастай сала қашқан екен», – деп жазады [2].

**Шоқпар батыр** қалмақты Ертіске жеткізбей қырғанда жасы ең үлкені екен. Бұл туралы Жанак ақын өзінің «Баянаула туралы дастанында»:

*Шоқпардан жас болыпты барлық батыр  
Алпыс жыл аттан түспей келе жатыр.  
Қалмақ қызын бас қылып, олжа беріп,  
Қонысы – өзі алған үлкен адыр.  
Бет қоя өз жеріне қашқан қалмақ,  
Батырдың тізесіне кім шыдамақ.  
«Серектас» деген аты қалдырылып,  
Аталып «Қалмаққырған» содан қалған .... –*

деп жырлайды.

Ал, **Олжабай** мен **Жасыбай** батырлардың ерлігін жасымыздан өзіміз де естіп өстік. Ботбайдың Қызылшілігі деп аталатын жерде әр төбенің басында өлі күнге дейін қалмақтардың таспен үйіліп, жабылған молалары кездеседі. Қалқан, қылыш, найза сияқты тот басып шіруге айналған дулыға, шілтерлер жиі кездеседі. Бұл арадан тау арасындағы атақты «Қалмаққырған» қорғаны да алыс емес. Орны күні бүгінге дейін сақталған.

Қазіргі С.Торайғыров атындағы шаруашылықтан аудан орталығы Баянауылға дейінгі айналыс жол 25 шақырым. Ал, тікелей тау арқылы өтетін тік қия 8-ақ шақырым. Осы қия жолдың дәл етегінде, тау арасында суы мөлдір, тостаканға ұқсас, сұлу да тақанпар «Жасыбай» көлі жатыр. Бұл көл бұрын қалмақтың Шойын деген батырының атымен «Шойынкөл» аталған екен. Сондай бір оқиғалар туралы Жанак ақын өзінің «Баянаула туралы дастанында»:

*Осы көл таман тастың ортасында,  
Мунарлы бұлт ілінер тау басына.  
Бас иіп, сәлем берген секілденіп,  
Бүгіліп әр түрлі ағаш тұр қасында.*

*Шын сөз қиыстырса келеді ебі,  
Болған іс бір айтылмай қалмас тегі.  
Аң қуып таудан құлап суға кеткен,  
Қалмақтың Шойын батыр деген бегі.*

*Өл күнде бұл тауларды қалмақ алған,  
Қорым қып әрбір жерге белгі салған,  
Тұлпардың екпінімен суға құлап,  
Аталып «Шойынкөл» содан қалған.*

*Жол салған тасты бұзып Жасыбай ер,  
Әркімнің ертеден-ақ аузындағы ер.  
Арқадан қалмақ ауып өз жеріне,  
Кеткен соң ат қойылған «Жасыбай көл».*

*Секілді салған жолы тасты қиып,  
Ертеден жұрттың бәрі жүр сай көріп.  
Қияның шұңқырына қарағанда,  
Құласа қауіп қылар «өлем-ау» деп.*

*Әңгіме таусыла ма айта берсек,  
Солармен ерте тұрып, бірге жүрсек.  
Жасыбай кім екенін сұрасаңыз,  
Жалықпас тап руы Каракесек.*

*Жасыбай батыр екен ту көтерген,  
Басыны қып әр адамдар соңына ерген.  
Сол жолмен аңғал батыр келе жатса,  
Отырған тау басында қалмақ көрген.*

*Жол тосқан жауыз қалмақ Құба мерген,  
Туы бар келе жатқан қолы көрген.  
Көрінбей тас түбінде тұра қалып,  
Маңдайдан садақпенен тартып берген.  
Моласы Жасыбайдың тау басында,  
Қияның өзі салған қырқасында.  
Қалған сөз өлгендерден бірден-бірге,  
Өлгенде кім болыпты сол қасында.*

Жасыбай батырдың бұл қайғылы қазасын естіген Бөгенбай, Олжабай, Малайсары батырлар қол бастап келіп, қалмақтардан өш алады. Оларды Ертіске жеткізбей, бірін қалдырмай қырып салады.

**Олжабай батыр.** Бұл арада тағы да Жанак ақынның жырына жүгінеміз. Ол 1833 жылдың 11-ші тамызында Баянауыл дуанының ашылуына байланысты:

*Жамбақыны жайлаған,  
Батырларына беріп тапсырма  
Олжабай тауды нұсқаған:  
Құба қалмақ жайылған,  
Атаңа нәлет ата жау  
Қуылады деп сөзді байлаған.  
Қызығып кеткен дейді гой  
Баянның сұлу тауына,  
Көз жасындай көліне,  
Еженханның адамы... –*

деп жырлаған.

Айдабол мен Қаржас ата қонысына қайтып келіп жайғасқаннан кейін он-он бес жылдан соң жоңғарлардың Орта жүзге қайта шабуыл жасағаны белгілі. Сонда қыруар қолды басқарған Айдабол руынан шыққан Ер Олжабай ала туды асқақтата шаншып қойып:

– Мынау Абылайдың туы. Бұл ту «ақтабан шұбырындыдан» кейін жеңіске жеткен қазақтың аспанында желбіреген және үш жүздің басын қосқан. Жау қайта шапқанда, Абылай хан осы туды бізге жолдапты. Бұл – жеңіске жетектейтін ту! – деген екен.

Бұл туралы жазушы Қ.Исабаев: «Абылай туын расымен Олжабайға беріп жіберді ме, мәселенің бұл жағы жанға жария емес. Халық бір-ақ нәрсені біледі: сол тудың астында қазақ ол жолы да жеңіске жеткен. Содан халық арасында «Абылай ала туын Олжабайға ұстатқан», – деген сөз қалған», – деп жазады [3].

### 3. ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН (Айдабол, Едіге, Шорман, Торайғыр билер)



#### 1. Айдабол би

Айдабол Жанболдыұлы 1660 жылы туған. Қайтыс болған жылы белгісіз. Орта жүз Арғыннан таралатын Сүйіндік руының бір атасы Айдаболдан Аққозы, Жанқозы, Малқозы, Қарақозы, Тайкелтір, Қожагелді, Қосжетер аталары шығады. Бұлардың бәрі шешен, би, батыр, он саусағынан өнері тамған шебер, ұста болған. Айдабол – Ақбеттау, Далба болыстарында ұзақ жыл би болып, ел басқарған. Ол елді кейде Айдабол–Қаржас деп те атайды.

Айдабол атына байланысты шешендік бітім, билік сөздер, қанатты нақылдар көп.

#### 2. Едіге би

Едіге би Шоң бидің туған әкесі. Жазушы Қ.Исабаевтың айтуынша, Баянауыл маңындағы төрт рудың басын қосып, қарадан суырылып шығып, алғашқы аға сұлтан болған осы кісі. Ал, оның би ретіндегі қызметін белгілі ғалым, зерттеуші С.Дәуітов М.Ж.Көпеевтің сөзімен былайша көрсетеді: «М.Көпейұлының шежіреде Төле би мен Едіге бидің арасындағы әңгімені қысқаша баяндап бергені өрі қызық, өрі тартымды. Едіге Төленің ауытын көріп: «Әділ бидің елін дау араламайды, әділ патшаның жерін жау зраламайды», – деген осы екен-ау деп қызығыпты. Соңда Төле би Едіге бидің адамдарына қарап:

– Алты атасын арқалап жүрген бар ма екен, жеті атасын жетелеп жүрген бар ма екен? Алмасың болса мойным бар, асылың болса койным бар. Бү сөзімді ойлай бер, – деп аяғын баса бергенде. Едіге:

– Аксақал, кішкене мойныңызды бұрыңыз, киіз кімдікі болса, білек сонікі, шыққан жеріне қайта сыймайды. Жарлық өзіңізден болды, жабдық та өзіңізден, – депті.

Бұл екі бидің терең толғамының қысқаша мән-маңызы: «Едіге елінің бітпей жүрген ескі дауы бар екен. Соны бұрын талай билер келіп бітіре алмапты. Он төрт жасар бала би Едіге ердің құнын екі-ақ ауыз сөзбен тәмамдап, екі елдің арасын жарастырыпты...»

Одан әрі зерттеуші: «Асқан шешендігімен ел ішінде аты аңызға айналған Едіге бидің бір-екі әңгімесін Мәшһүр шежіресінен келтіре кетейік:

«Жарқырап жаз, күркіреп көк шығысымен ат кара тіл болды десіп, Едіге би аттанып, бірсыпыра кісімен Тоғыс бидің еліне барды. Қым-қуыт, шым-шуыт, азан-қазан, у-шу болып жатқан жұрт жайын сұрады».

– Елімізде қаһарлы Жәңгір атанған ханымыз бар еді. Сол ханымыздың жалғыз баласы жардан құлап жайрап қалғанына бүгін сегіз күн болды. «Мен қандай зарлап қалған болсам, жан-жануар, мал да мендей зарласын», – деп жаңа туып жатқан жас төлді өзеннің бір жағына, енесін өзеннің екінші жағына қаматып, иіртіп, сегіз күн, сегіз түн бойы мал баласы жамырамағанына карамай хан өзі теріс қарап жатып алды – дейді.

– Ханның өзі құдайдың құлы, Мұхаметтің үмбеті ме? – депті Едіге.

– Құдайға құл болмаған, Мұхаметке үмбет болмаған жан бола ма? – деп жауап қайырыпты.

Ертеңгі күннің таңы атып, күні шықты. Жәңгір ханның үйіне барысты... Хан қыбыр етпей жатыр. Сонда Едіге шарт жүгініп отырып, сөйлей жөнеліпті:

– Ақсұңқар ұшты ұядан,  
Қол жетпейтін қиядан.  
Тұяғы бүтін тұлпар жоқ,  
Қияғы бүтін сұңқар жоқ.  
Тұлпардың тұяғы  
Тасқа байласа кетіледі,  
Суга байласа жетіледі.

Чувподарская областная  
библиотека  
С. Торайгырова

Теректен – бұтақ,  
 Теңізден- көбік!  
 Ақсұңқар әуелеп аспанға ұшты,  
 Алтын қоңырау үзіліп жерге түсті.  
 Хан, саған құдайдың бір жабдығы түсті,  
 Мойның жуан көтересің.  
 Күшті көтермегенмен, қайтесің!  
 Оны алған құдай  
 Одан да күшті,  
 Бұдан да күшті. –

дегенде хан басын көтеріп, көзін ежірейтіп Едігеге қадалып қарай қалады.

– Көзтанбалы арғында Едіге деген бір жас бала бар деп естуші едім, солмысың, басқа біреумісің, өзінді танытшы, – дейді.

– Болсақ, болармын, – дейді Едіге.

– Айтқан аузыңнан айналайын, сені тапқан қатыннан айналайын. Көтере алмай жатқан басымды көтерттің, енді өзімді біржолата тұрғызып кетші, – депті. Сонда Едіге:

Сенің бұл қайғың  
 Жиналған көптің тобында қалады,  
 Тұзу мылтықтың оғында қалады,  
 Жүйрік аттың тұяғында қалады.  
 Қыран құстың қияғында қалады.  
 Жыландай иіріліп,  
 Күйындай үйіріліп,  
 Аққан судың бойында қалады.  
 Аяғын бір басуға ерініп,  
 Ыргала басқан сұлудың  
 Қойнында қалады.  
 Өлім деген, шіркін, өрт емес пе?!  
 Осы айтылғандар  
 Оны сөндіретін су емес пе?!  
 Ит өз құйрығын өзі көтеріп жүрмесе,  
 Оның құйрығын кім алып жүрмек дегені,  
 Адам өз көңілін өзі көтеруге керек,  
 Дегені емес пе?! –

дегенде, хан орнынан ұшып түрегеліпті, – деседі.

### 3. Шорман би

Кезінде Шоқан Уәлиханов Шорман би туралы «Ақыл-айласымен атағы шыққан Шорман «шешен» деген құрметті атқа ие болған. Шешендігі арқасында 14 жаста бас би болып, үлкен даулы мәселеде, Уәлиханның алдында, өз елінің адамдарын асқан беделмен қорғап қалады», – деп жазған болатын [5].

Шоң он бес жасар Шорманды Қаржасқа төбе би қып сайлаған. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың да кезінде:

*«Шоң, Шорман едік,  
Бір-бірімізге қорған едік...» –*

деп жырлауы да осындай себептерге байланысты сияқты.

Белгілі мүсінші Шота Уәлиханов Шоң би туралы өзінің «Шорман әулеті» атты мақаласында: «...Қазақ даласына даңқы кең жайылған қаржас Шорман би он төрт жасынан билік айтқан. Екі елдің, рудың, атаның арасындағы дау-жанжалға әділ төрелік айтып бір-екі ауыз сөзбен қарсыластарды бітістірген күндері болған дейді...».

Шорман туралы ел арасында аңыз көп. Соның бірі: «Қаржас елі керей елінен барымталап жылқы алыпты. Соған орай Тоқсан би көп адам ертіп Қаржасқа барады. Билік басталады. Қаржас жағынан шыққан Шорман би:

– Тоқсан, Тоқсан дегенде әлде қандай болмай, бері кел, көріселік. Тоқсан, Тоқсан деп қанша көтермелегенімен елің керей ғой, нәсілің кедей ғой, өзің де құлықтың құлынындай, томаша торғайдай, кішкене ғана кісі екенсің, атағың қалай алысқа жайылып жүр? – деп сұрайды. Сонда Тоқсан кідірместен:

*– Е, ел болсам керей шығармын,  
Керейдің биі шығармын,  
Кішкентай болсам бүйі шығармын.  
Құлықтың құлыны болсам,  
Жылқының дүлділі шығармын.  
Томаша торғай тоғыз табады,  
Біреуі бұлбұл болады деген  
Ішіндегі бұлбұлы шығармын... –*

дегенде Шорман қарсы сөз айтпапты.

Біреуді тыңдай білу, тапқырлыққа табыну, жүйелі сөзге тоқтау үшін де ақыл керек-ау», – деп толғанады [6].

Қ.Исабаев Шоң мен Шорман билердің өмірінен алып, «Серт» атты трилогия жазған. Осы тарихи шығармада Шоңмен қатар Шорман биге де жазушы тарапынан жоғары баға беріледі. Мәселен, бидің бір тапқырлығы туралы автор: «Шорман ауылында болмай шықты. Ащының бас жағындағы пішеншілерге кеткен дегеннен кейін, Тұрар атына қайта қонған. Табылды-ау! Жанында Байтемір би бар екен. Мәнжайды түсініп алғаннан кейін үшеуі соңдарына ерген жігіттермен сол жерден Нұраға тура тартты. Тұрсын жайлауында екен.

– Жүр, Қарқаралыға! – дейді Шорман оған.

– Ей, Қарқаралының аға сұлтаны сен бе, мен бе? Барғым келсе барамын, барғым келмесе қаламын. Сен бе едің, мені жетектеп апаратын?

– Жандаралдан хат алдық. Сен орыс кіресін тонаған Төртұлы адамдарын ұстап отыр екенсің. Шын болса, өзің жүріп қолыма тапсырасың. Ал, егер барудан бас тартсаң, онда жандаралға жазғандарыңның бәрі өтірік.

– Рас, – дейді Тұрсын. – Адамдарын қамауда отыр.

– Жүр! Тапсыр қолыма!

Тұрсынның дәл бүгін Қарқаралыда шаруасы бар ма еді, жоқ па еді, онда Шорманның шаруасы болмады. Тұр да, тұр! Жүр де жүрдің астына алып, атқа мінгізді де, нөкерлерімен бірге шу десті.

Қарқаралы үйлерінің ең ұзынын «казына адамдарының жайы» дейді екен. Бұл әскери казактар жататын үй. Соның астындағы жерден қазылған қуысында жаңағы төрт адам отыр екен. Аға сұлтанның айтуымен «төрт ұры» сыртқа шығарылды. Үсті-бастарында сау-тамтық жоқ. Бет-ауыздары көкала қойдай. Қаракесек жігіттері мен орыстардан жөбір көргендері сонша, біреуі Шорманның алдына құлап түседі.

– Кешір, би ием. Бәрі жоқтықтың, бәрі жетімсіздіктің ...

– Әне! – деді Тұрсын. – Не көрсек те Төртұлыдан көретін болдық! Сол жерде Шорман төрт қап сұрайды.

– Немене, қапқа салып әкетемісің? Мен бұл адамдарды саған бермеймін. Өзім Омбыға апарып тапсырамын, – деуінен Тұрсынның бұл адамдардан айырылғысы келмегені байқалады. Бірақ Шорман «бірер күннен кейін қолына әкел тапсырамын», – дегеннен кейін, бидің бұлармен не істерін біле қоймаса да босатады. Шорман сол жерде бәрінің де басына қап кигізіп, атқа қондырады да, өз адамдарына жетектеткізіп жолға шығалы.

Жаз айында түндік бойы азғантай ел. Орыс кіресі шынымен тоналған болса, ол жолға жақын осы Түндік бойы ауылдарының жігіттері-



нен келеді. Шорманды өзен бойында отырған ауылдардың бірінен соң біріне жетектеген де осы ойы еді. Ауылға жетеді, қотанға жұртты жинайды, ұрылар басынан қапты алады. Бірақ «таныдық» деген адам шыға қоймайды. Шорман тобы әрі жылжиды. Міне, сәт. Кезекті ауылдың қотанында ұрылар басынан қаптың алынуы сол еді, кенеттен шаршы топ арасынан баланың «әкелеген» даусы саңқ етсін. Иә, ұрының бірі ана баланың әкесі болып шығады. Шорман аттан түсіп, ауыл арнайы үй тігіп, ана төртеуі сол жерде тергеуге алынады. Біреуі осы ауылдікі екені анықталғаннан кейін, басқалары жалғандыққа баруға амалы болмайды. Ұрылар төңіректегі ауылдардан екен. Шорман Қарқаралы дуанының қазыы Ортабай баласы Олжабайды ертіп алған. Оқиғаға куәгер сол. Ол үнсіз жер шұқылап тыңдайды да отырады.

Сөйтсе, Шоң мен Шорманға өшігіп алған Тұрсын «Жандаралға» жазған хатының артын шындыққа айналдыру үшін Түндік бойынан төрт адам алдырып, ақы беріп, «Күлік руынан деп айтатын боласыңдар» деп жауып қойған екен. Алайда бұлардың ақ-қарасын анықтауға арнайы адам келеді, ол адам Шорман болады. Шорман келсе де осыншама шұқшия із кесе қояды деп ойламаған, «Кім келсе де көреді де, сеніп жүре береді» – деп ойлаған Тұрсын опық жеп қала береді.

Шорман Шоң үйін тез тапты. Төртұлы билерінің көбі осында екен. Төрден орын алған Шорман ұрылар жәйін айтып, Шоңның өзі мен басқа отырғандарды көңілдендіріп тастады», – деп нақты істің өткір шешімін көрсеткен [7].

#### 4. Торайғыр би

Торайғыр Шоң бидің туған інісі, Едіге бидің баласы. Баянауылдың күншығыс қатпалында Бауыртас деген жерде туып, өскен. Қыстауы да сол жерде. Өмірден жастай кеткенмен ел алдында беделді, өзіндік орны бар азамат болған. Мінезі тік, әр істің басын тез қайыратын, қайратты да әділ, әрі ақылдығымен танылған. Ол туралы жазушы Қ.Исабаевтың «Серт» трилогиясының «Шоң би» деген үшінші кітабында: «...Анадай көгалда окшауланған көп қауым көрінеді. Шоң төңірегіндегі халық екен. Ал Шоңның не нәр татпай, не басын көтермей түнеріп отырғанына бір тәуліктен асыпты. «Құдай ісіне амал бар ма, басыңызды көтеріңіз, еңсеңізді жоғары ұстаңыз» дейтін жан жоқ. Төңірегі түгелдей Шоңның қайғысына қайғы қоса түскендей, ол күрсінсе күрсінеді, ол теңселсе теңселеді. Қайғының ең батқан зілі көңілге қазір түспек –

Торайғыр денесін өзі осынау даланың қай тұсында жүрмесін қайтып келуге асығып тұратын үйінен шығармақ, енді бұдан былай мүлде қайтып оралмайтын санарға аттандырамыз. Мұны іштей сезіп отырған Шоңның көңілін осы тұста сергіту керек. Әрине, бұл ақынның ғана қолынан келеді. Адамға жан салғаннан басқаның бәрінің бетін қайтаратын сөзді жалындата өретін ақын ғана.

Өмірдегі орын жақсы білетін Жанак домбырасын күйлетіп, жердегі құжынаған халықты ғана емес, қамыста бұққан құстарды да, көгілдір аспанды да көтере түскендей айқайға басып салды:

*Темірге қайрақ керек өту үшін,  
Жігітке керек тұлпар жету үшін.  
Шоң аға көтер басты, еңсеңді ұста,  
Торекең кетті дүниеден келмеу үшін.  
Жақсы адамды жарылқанар алса құдай,  
Жаманға көз тікпепті-ау олай-бұлай,  
Шулатып елін-жұртын аза қылып,  
Таңдауға шебер екен мына құдай.  
Торайғыр інің еді соңыңан ерген,  
Еркелігі де бар еді-ау, елден ерен.  
Едігенің бір арысы болса егер Шоң,  
Екіншісі осы еді ғой сұрап берген.  
Ауылы Шоң атамның елден ерек,  
Еркелігі Торекеңнің ол да керек.  
Айтпаңыз ұқсамады түгелдей деп,  
Торекемде болушы еді басқа жүрек.  
Сол жүрек тыңдайды екен өзін ғана  
Сізге ұқсаса не болар еді, жалғыз дана?  
Айтпаңыз Торы асау, жөңсіз ед деп,  
Сонымен елге әйгілі өзі дара.  
Шоң аға, Торекең сізге тізгін еді,  
Асауды ауыздықтамас не етер еді?  
Торекем табылған соң жаныңыздан,  
Қадамды байқап басу бекер ме еді?  
Едігенің ол ұлы да елден ерек,  
Ұл-ұлда кездеспейтін ол да сирек.  
Жалғыз сен бе, Шоң би-ау, қара тұтқан,  
Қайғыдан аз ба езілген бауыр жүрек?  
Шоң аға, мойныңды бұр, көр халықты,*

*Дала да күңіренеді, ой шалыпты.*

*Біз де тұрмыз айырылдық деп бір көсемнен*

*Көтер басты, көңіл айт, ел келіпті! ..*

Бала-шағасымен әйелінің зары, былайғы жұрттың «Ойбай бауырымдаған» айқайымен Торайғырдың енгезердей денесі өзі сыймастай аласұрып жүрген кең даланың осынау екі аршын ғана қуысына берілді», – деп жазылған [8].

Осы арада Торайғырдың ел ісіне араласып, билік айтуынан да бір мысал келтіре кеткен жөн сияқты: «Кенет «ей!» деген дара дауыс ерекше саңқ етті. Торайғыр ол сөйлемес бұрын бір тізерлеп, көтеріліп алды.

– Би-аға, Төртұлы Қарқаралыға қарау керек. Оның мынадай мәнісі бар: дуанның құрамын Ысқақ баяғыда оқып берді ғой: «әр 10–12 түтіннен – ауыл, 60–70 ауылдан болыс, 20–30 болыстан – дуан. Енді Төртұлы құрамына ұстап құрамын салыстырыңдаршы? Дәл өз үлгілеріңді өздеріңе ұсынған кезде неге қабыл алмайсыңдар? Сөйтіп дуанға неге кірмейсіңдер?

Билер арасын бас шұлғыс пен бей-берекет сөздер аралап кетті. Торайғырдың мына сөзі отырғандарға жыбырсыз су бетіне жел жүріп өткендей әсер етті. Шоңның аңғаруы інісінің сөзіне билер кеңесінің мүшелері де мойын бұрып қалған сияқты белдерін жазып, біріне-бірі қараса қалыпты. Торайғырдың айтқандарын Шоң баяғыда-ақ Ысқақ аузынан естіген. Бірақ әліптің артын күтіп оны тісінен шығармай келген. Сол әліптің арты хан тұқымының аға сұлтан деген атпен таққа қайтып келуі болып шықты. Осы отырыстағы әңгімені де содан бастап еді ғой. Торайғыр оған қалай түсінбеген? Шоң көпке осыны айтты да:

– Бұл кара халықпен санасудың әлі жоқтығы. Халық мұраты өз қатарынан басшы қойылғанда ғана орындалар. Хан тұқымына халық қамынан гөрі өз құлқыны жақын. Сондықтан да біз Қарқаралы дуанына кірмейміз – Бөкей тұқымына кіріптар болмаймыз. Осыған көңгенің қаласың, көнбегенің жүре бересің.

Шоң тоқтап, алдында отырғандарды шолып шыққанша Торайғыр орнынан атып тұрып:

– «Күлтөбеде күнде жиын» деген, – деп мама ағашқа қарай адымдай жөнелді» [9].

Міне, Торайғыр би туралы осындай деректер бар. Ал ол туралы ел аузында жүрген аңыз әңгімелер қаншама дерсіз.

#### 4. ӘКЕ ЖОЛЫН ҚУҒАН ҰЛ (Мұса Шорманов)



...Шорман бидің төрт ұлы: Мұса, Әужан, Мұстапа, Иса және Зейнеп атты қызы болыпты. Зейнеп Шыңғыстың әйелі, Шоканның анасы. Біржан салдың Мұсаға арнаған мынадай өлеңі бар:

*Ассалаумағалейкум, мырза Мұса,  
Жүзінді бір көруге едім құса.  
Қуандық, Сүйіндіктің қазығысың,  
Кешегі өтіп кеткен әкеге ұқса.*

*Шорманнан туған екен төрт асыл тас,  
Дәуірлеп орнап отыр мал менен бас.  
Мұстапа, Әужан, Иса, Мұса мырза,  
Ығынды паналаған дос пенен қас.*

*Атың Мұса болғанда, әкең – Шорман,  
Артық қылса әркімді тәңірім қылған.  
Өзің сұлтан болғанда, інің – болмас,  
Егіз болып бар ма екен сендей туған.*

*Сіз шыққан арғы атаңнан шыныжыр балақ,  
Орнаған Сізге бақыт аямай-ақ.  
Мүсеке, сізге өтірік, маған шын,  
Тай-құнан топтан озып болдым саяқ.*

*Мүсеке, біздің әнге кенелерсің,  
Әнімді естігенде бұзбұл дерсің.  
Ән салсам даусымды көкке шырқап,  
Бұл үйдің сымдырады терезесін,*

Айтса айтқандай, Мұса Шорманұлы ой-өрісі кең, жатпай-тұрмай елінің қамын ойлаған, орыс әкімдерімен тең дәрежеде именбей, қазақ халқының атынан сөйлесе білген қоғам қайраткері болған. Баянауылдың аға сұлтаны боп сайланды. Мұса мырза атанды. Атақты күйші Тәттімбеттің «Бес төре» деген күйі бар. Төрелер болғанда «қарадан шығып хан атанған» Құнанбайға, Ыбырайға, Ерденге арналған ішінде Мұса мен Шыңғыс та бар [10].

Мұса мырза қазақ өмірін, тұрмысын, салт-санасын өте жақсы білген. Этнография, тарих саласында көптеген мақалалар жазып қалдырған: «Павлодар уезінің қазақтары туралы» (1861), «Қазақтың халық дәстүрі» (1871), «Батыс Сібір қазақтарының мал шаруашылығы» (1883) және тағы да басқа еңбектер. Бас штабтың офицері А.К.Гейнстің айтуынша, Баянауылға 1865 жылы келген оған Мұса мырза саятшылық, қойды күзеу, соғым сою, мал терісін өңдеу, жүнді түту, иіру, жер ерекшелігін ескере отырып, қыстау салу, жұлдызға қарап ауа райын болжау, көшу-қону туралы сүзілтіп әңгіме айтып, іздесе таппайтын мәліметтер берген екен.

«Соңғы қазақ ханзаданың үйінде» деген мақаласында Г.Н.Потанин Мұса мырза туралы былай деп жазады: «Омбы шаһарында ол табиғатынан ақылды, қазақ өмірін терең білетін адам болып саналушы еді. Жарты ғасырдың шамасында, Омбы әкімшілігі дала халқына ықпал жасауда үш адамның ақыл-кеңесін тыңдады: дала дәстүрін мейілінше жетік білетін Шыңғыс сұлтанның, оның ұлы Шоқанның, туысы Мұса Шорманұлының. Омбы кеңесінің архивінен Шоқан жинаған деректер мен Мұсаның айтуымен жазылған қазақтардың шаруашылығы, сот мәселелері сияқты тақырыптағы нелер трактаттар мен ұсыныстарды табуға болар еді».

Ол рас. Шоқан шығармаларының ішінде «Қазақтың Ұлы жүзін басқару туралы» деген Мұса мырзаның да қолының ұшы тиген мақала бар. Мақалада Қоқан хандығының ықпалын азайтып, Ұлы жүздің жалайыр, дулат руларының тұрмыс-салтының қаймағын бұзбай, жайылымдарына қол сұқпай, тарылтпай өздеріне сүйене отырып билеу керектігі айтылады. Әскери үкіметтен гөрі, азаматтық билікке қарай көшіру ұсынылады. Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.К.Гасфорттың атынан жазылған бұл қағазға 1856 жылдың 23-қазанында II-Александр император былай деп қарындашпен бұрыштама соғады: «Әскери үкімет туралы ұсыныс маған қалдырылып, азаматтық басқару жайлы ұсыныс Сібір комитетінің талқысына берілсін».

Мұса мырзаның тепкен тасы үнемі өрге домалай бермеген. Әсіресе, Сібірде бармағын майға малып байыған неміс билеушілері, Сібір облысы қазақтарының соғыс губернаторы Г.К. Фридрихе, оның кеңесін басқарушы – Г.К.Кури, Сібірдің жеке корпусының штаб бастығы – А.С.Кроернус т.с.с. Мұса мен Шыңғысқа, Шоқанға оң көзімен қарамаған. Шоқан генерал-губернатор Г.К.Гасфорттың кетуіне орай 1864 жылы 24-наурызда К.К. Гутковскийге жазған хатында: «Бәрі жаңа тәртіпті күтуде және басқарушының жоқтығын пайдаланып жатыр. Көзді бакырайтып қойып пара алуда. Бүгін қызметтен босатса, ертеңіне ақшаның күшімен бұрынғы жарлық өзгертіле салынады. Менің әкем Омбыға келуден қалды. Мұса мырза жарға соғылған шабақтай кімге жақындарын білмей жүр», – дейді.

1860 жылы 1-маусымда Лондонда шыққан А.И.Герценнің «Колокол» газетінің 72 парағында қызық мәлімет берілген: «II-Александр таққа отыруына байланысты келген әртүрлі халықтар өкілі ішінде – Батыс Сібірден келген ақылды, әр нәрсені жеңіл аңғарғыш адам – Мұса Шорманұлы атты қазақ та бар еді. Москвада жүргенде қызықты әңгіме айтып, қоғамды қарық қылған жас неміс жігітін көріп: «Ақылды немісті көріп тұрғаным осы», – деп мақтау сөз айтқан екен. Ауыздан шығып кеткен осы сөз Сібірде немістің іскер сирек кездесетіндігінің айғағы сияқты», – деп қорытады газет.

Жиені Шоқанды мейілінше жақсы көрген Мұса мырза оның өсіп жетуіне, азамат болуына үлкен үлес қосқан. Бертін қартайған шағында да, Шоқанның атын айтқанда екі көзінен жас парлап орыратындығын Г.Н. Потанин жазады.

Жастардың оқуына, білім алуына Мұса мырза қатты көңіл бөлген. 1881 жылы желтоқсанның жетісінде Ақкелін елді мекенінен Г.Н. Потанинге жазған хатында: «Көшпелі гимназия туралы ойларыңызды бір жүйеге келтіремін деген ниетіңізді құптай отырып, Сізден сұрайтынымыз: сол жазғандарыңызды бізге жіберсеңіз екен. Өйтпеген күнде халқы надандықтан азып бұрады» – деп түйеді.

1884 жылдың 26 желтоқсанында алпыс алты жасында Омбы қаласында Мұса мырза Шорманұлы дүниесіне салады. Ақан сері:

*«Қаржаста Шорманұлы асты Мұса,  
Бақ-дәулет сондай-ақ қой дүниесі жиса,  
Омбының қаласында оғат боады,  
Ғажал емес жігіттер, тәңірім қызса», –*

деп өкінесе, Мәшһүр Жүсіп Көпеев:

«Мұса бала атанып,  
 Он үште орын сайлаған.  
 Бас қосылса жиында  
 Бұлбұлдай болып сайраған,  
 Бұлақтай ағып қайнаған,  
 Сөйлеген шақта көздері  
 Шамшырақтай жайнаған.  
 Дүниеден қашан өткенше  
 Басынан бағы таймаған.  
 Көп мақсұты бар еді  
 Халқы үшін ойлаған.  
 Баяны жоқ сұм дүние,  
 Кімдерге оға ойлаған», –

деп күңіренеді, азалы халықтың ойындағысын айтады, көңілін білдіреді.

## 5. ЖАҚСЫДАН ҒИБРАТ (Сәдуақас Шорманов)



Шорманов Сәдуақас Мұсаұлы – алғашқы қазақ зиялыларының бірі. Қазақ қолжазбалары, оқу ағарту, шаруашылық туралы және Шоқан Уәлихановтың портреті жайында Г.Н. Потанинге жазған хаттары сақталған.

Сәдуақас Шорманов қазақ қолжазбаларын жинаушы, солардың ішінде Абай өлеңдерінің қолжазбасын П.М. Мелиоранскийге тапсыр-

ған. Оның «Дала уалаятының газетінде», «Айқапта» қазақ елінің шаруашылығы, оқу ағарту, мәдениет, тарих, этнография туралы мақалалары басылған [11].

Бүгінгі таңда жерлесіміз Ү.Сүбханбердинаның ұзақ жылғы ізденушілік жұмыстарының арқасында 1989-1996 жылдар аралығында баспадан шыққан «Дала уалаятының газеті» кітабының бес томдығымен таныс емес оқырмандар кемде-кем болар. Оның шығу тарихына қысқаша тоқталып өтейік.

«Дала уалаятының газеті» 1888 жылдан 1902 жылға дейін Омбыда шығып тұрған «Акмолинские областные ведомости» газетіне қосымша ретінде орыс және қазақ тілдерінде жарық көрген. Бұл газет халқымыздың өдебиеті мен мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін қалың жұртқа танытудағы бірден-бір басылым болды. Ол аптасына бір рет шығып тұрған. Газеттің соңғы саны 1902 жылдың наурыз айында басылып, содан кейін «Сельскохозяйственный листокка» айналған. Газетте әр жылдары редактор болғандар И.Козлов, К.Михайлов, Г.Абаза, А.Панов, Д.Лавров газетті қазақша шығару ісін басқарушылар: Ешмұхамед Абылайханов, Дінмұхамет Сұлтанғазин, Рахымжан Дүйсенбаевтар болды.

Төл тарихымызды танып түсінуге себін тигізетін түпнұсқа еңбектердің ішінде Дала уалаяты газетінің алар орны ерекше. Осы газетпен хат алысып, мақалаларын жариялап, араласып жұмыс істеген есімі белгісіз қаншама азаматтарымыздың атын жанғыртуға болады. Мәселен, Асылқожа Құрманбаев, Отыншы Әлжанов, Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов, Мейрам Жанайдаров, Қорабай Жапанов, Барлыбек Сыртанов, Жақып Ақпаев, Зүқарнайым Шөкеұлы Нұралыханов, Жағыпар Айман және т.б.

Осылардың ішінде Баянауылдағы тілшілердің бірі Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов. Бұл газетке жарияланған С.Шормановтың мақала хабарларында қазақ елінің шаруашылығы, оқу-ағарту ісі, мәдени өмірі, әдет-ғұрпы, салт-санасы туралы мағлұматтар аз емес. Мәселен, оның газет беттерінде «Баянауылдан. Тұрмыс жайында болған хабарлар» [12], «Қазақ халқының тұрақты мекендері» [13], «Петерборға барған турасынан» [14] деген мақалалары жарияланған. С.Шорманов алғашқы «Баянауылдан. Тұрмыс жайында болған хабарларында»: «Дәулетті айтылмыш орындарға бекер жібергенше Томскідегі ашылған медреседе оқуға екі-үш жігітке қаражат шығарып, орын ашылса, Омскідегі гимназияда ғылым бітіргендерден барып оқып шығуға халыққа да, правительствогоға да көмек, зор пайда тигізуге себепші болар еді. Біздер



керек қылмасақ та замана керек қылғандай оңданады. Заманның мұнысына қарауға тиістіміз.

Мырзалар, ілгері айтылмыш медреселерде оқудың жөніне келмегендеріміз аз да болса шарифат низам. Ол рәсім халықтан білуге ғибрат ету лайық. Мәзкәрларни фил-жұмыла білсек, өзімізге һәм, халқымызға да пайда тигізуге мына себепті болармыз. Болысынай ол билік не атақтан, санасак ғадетлі. Ғылым, білім дегенді қоссақ, онан гөрі атақтырақ болармыз. Фаһимменен пікір айтып қарағанда білімді, ғылымды болғанымыз бек керек», – деп оқу-білім туралы мәселелерді қозғайды.

Ал екінші бір «Қазақ халқының тұрақ мекендері» деген материалында автор: «Бү күнгі қазақ халқының үш түрлі мекені болады. Жайлау, күзеу һәм қыстау. Жайлау – жаз күндерінде, мамыр айының басынан шілденің жиырмасына дейін көшіп жүретұғын мекен. Бү мекендер баршаға бірдей, біреуге меншікті болмайды. Бұрынғы уақыттарда наурыз басынан желтоқсанда ауылына қатар көшіп жүреді екен. Бү заманда неше себептен одан аз жүре бастады. Оған басты себептер мыналар: халықтарының өсуінен қысқы мекендеріне сыймағандар жайлауларға қыстау салып һәм границаны сылтау қылып бағзы елдер, ілгері ғасырларша еркімен жүргізбей кейбір жерлерге қала салынып, онан қаймығып, біртүрлі теңсіздік болған. Жаһүдтарын және де пішендік, егіндерді қыстау тарапында болғандықтан шілденің 20-нан былай күзеулеріне қайтатын болды. Бұл күзеу деген мекен әркімнің меншігі. Ұзақ болады. Тамыз, қыркүйек айларында отырады. Қыстаудан ұзақ жерлерде болмайды. Ең алыс болғаны 10–20 шақырымдай болады. «Шаруа көшсе, дұрыс көшсе байыпты» деген мақал бар. Ол уақыттарда қыстау да меншікті болмай, қыс күндерінде қары жұқа, мал өзіменен жеткілікті болып, өнімін таба алғандай бұталы тау кез болса, малының жайына қыстау қылады екен. Бү дәуірлерде өзенді, қопалы көл сияқты ағашты барып, сол жерлерін артық көріп барады», – деп жазады.

Мұнда автор көшпелі қазақ халқының тұрақты мекендері жайлы айтады және қазақ жерінің тарыла бастағанын, тұрмысы, жайлау, күзеу, қыстау туралы мәліметтер береді.

Ал, соңғы материал «Петерборға барған турасынан» деген мақаласында Нүрекенов Темірғалидың жолсапар әңгімесінде депутаттармен бірге Петербургке барған кезінде көрген-білгендері айтылған. Соңында Петербор туралы автордың өз ой-пікірі жазылған.

С.Шорманов қатысқан екінші бір «Айқап» журналы ХХ ғасырдың бас кезінде, яғни 1911 жылдың қаңтарынан бастап, 1915 жылдың қыркүйек айына дейін Троицк қаласындағы «Энергия» баспаханасында шығып тұрған. Араб әрпімен теріліп, басында айына бір рет, кейін екі рет шығарылған. «Айқап» журналы кезінде халқымыздың әлеуметтік, саяси өмірінде, әдебиетіміз бен мәдениетімізді насихаттап таратуда елеуді рөл атқарған басылым. Журналдың шығарушысы да, редакторы да белгілі жазушы, журналист М.Сералин болған.

«Айқап» журналы осылай атауының себебі мен алдағы мақсаты туралы 1911 жылғы II-санында бастырушылар алқасының атынан былайша түсінік береді: «Айқап» деген сөз қазақтың төл сөзі, ол ғасыр бойы мәдениеттен, білімнен кенже қалған бүкіл қазақ халқының өкініші ретінде алынды. «Ай-қап!» деп санымызды соқтық, енді ел қатарына қосылайық деген үнді білдіреді.

Бір сөзбен айтсақ, «Айқап» журналы шаруашылық мәселесі, шаруашылық хабарлары, мемлекет және право, сайлау хабары, әйел теңдігі туралы, жер, оқу-ағарту, тіл мен әдебиет, көркем әдебиет, оқу-оқыту және емде, ішкі-сыртқы хабарлар, бостандық, теңдік сияқты басқа да маңызды деген мәселелерді қара халыққа таныстыруға тырысты.

Бұл журналда Сәдуақас Шормановтың да «Шаруашылық жайынан хабарлар» деген айдар бойынша біраз мақала, хабарлары жарияланды. Мәселен, «Баянауыл жайы» [15] мақаласында Павлодар уезі, Баянауыл жерінің халқы, шаруашылығы, оқу-ағарту мәселесі сөз болады. С.Шормановтың келесі бір еңбектері «Баянауылдан» [16], «Шөлді сулау» [17] деп аталады. Алғашқысында елдің тұрмыс-халі, шаруашылығы туралы жазыла, соңғысында Ферғана маңындағы сусыз жерлерге арық қазып, суландырып, мақта егісіне пайдаланғаны мысалға келтіріліп, қазақтың шөлді жерлерін пайдалану мәселесі көтерілген.

Сондай-ақ оның журнал беттерінде «Ішкі хабарлар» айдарымен де біраз материалдары басылған. Осылардың бірі «Баянауыл жайынан» деп аталады. Мұнда жер, отырықшылық, оқу-ағарту мәселелері сөз болады. Автор осы мақаласында жер мәселесі туралы: «Павлодар уезі бұрын екі учаскеге бөлініп, бірінші учаскеесі уақ, бәсентиін, найман елдері еді. Кейбіреулері бұрыннан екі жақ, аризында, Баянауыл станциясы маңайындағы бұрынғы екінші учаске аталған Мейрамсопы бабаларының бірі Сүйіндік елі бұл жолы бесінші учаске аталып қалды», – деп жазса, ал отырықшылық туралы: «Бұл елдердің қыс болса Баянауыл, Далба тауларында қыстап, жаз болса Ашы, Шідерті, Өленті басып,

Аюлы, Нияз, Ереймен тауларынан асып, Есіл өзенін жайлап, сол таулардың құбыла жағына биелерін байлап, дүние-ақиреттен хабарсыз көшіп-қонып жүргеніне ұзақ уақыт озған жоқ. Көшіп жүру қанына, жанына сіңіп қалған жұрт қанша көшіп-қонуды қалдырайын десе де қалу белгілері көріне бастады. Жерлері отырықшылыққа ұнамсыз болса да отырмай шара жоқ деп ойлаушылардан қала болып отыруға арыз бергендер де болды. Қазақтың қимайтыны көкөрай шалғын, тұнық су еді. Енді оларды түсінде көрмесе, өңінде көру мерзімі озған. Жасаған бау-бақшаны көруге жазсын. Тарих кітаптарына көз салынса көрінбейді, жұрт өспек, жер тарылмақ, қыстақ салмақ, сонан соң қала Шәһар болмақ. Бізге де осы құдайдың бұйрығына бойсұнып, көшпенділікті тастап, отырықшы болу мезгілі жеткен жоқ па?!

Отырықшы жұрттардың тіршілігіне қарасақ, олар бізден әлденеше қабат жоғары. Енді біздің отырықшылықтан бұл қорқуымыз, өнерден-білімнен қорқу болмай ма?!», – дей келе Сәдуақас Шорманов одан әрі оқу туралы: «Біздің кейбір ескі ойлы адамдарымыз төте оқудан қорқады. Бір шәһарға екі жол болса, қай төтесімен барамыз. Бұл үйрену жолы да «білім» жеріне баратұғын жолдар. Не үшін төтесімен бармаймыз», – деп жазады да одан әрі: «Бір қазақ мырзасына айттым: «Мына қазақша журнал шықты. Жұрт пайдасын ойлағандар сіз бен біз оқып, білімді болсын, жақсы іске кіріссін дейді. Біз екі-үш теңгені ауырлаймыз, бір өліп қалған малдың терісі. Олар біз үшін, жұрт үшін барлық байлығын салады. Бізге оның қадірін біліп, жәрдемдес дейді емес пе? – деп. Бұл мырза өзі сайлау жолына 20–30 мың жұмсаған еді. Ол маған «Ақша жоқ қой, болса, сіз айтқан соң аяймыз ба?» – деп жауап берді. Міне, партия үшін отыз мың ауыр емес, журнал үшін үш теңге үлкен ауыр. Міне, қандай біздерді қаптап тұрған қараңғылық» деп өз басынан өткен оқиғаны да баяндайды.

## 6. ЖЕР ҚОЙНАУЫНЫҢ БІЛГІРЛЕРІ (Қосым Пішенбаев пен Бұқарбай Тәшімовтер) [18]



Басылым атауды қанша ескі дегенмен бетін бұрын ашпаған адамға бір ғасырдан кейін де «жаңа» болып көрінеді екен. Ескі журналдардың бірі – «Геологические исследования и разведочные работы по линии Сибирской железной дороги» басылымының 1898 жылғы 9-шы санында А.Мейстер деген инженердің «Екібастұз көмір кені» деген еңбегі басылыпты. А.Мейстер – құрылысы сол кезде Омбы төңірегінде жүріп жатқан Сібір темір жолының бас геологы. Ол кезде бұл құрылыстың геологтары болашақ темір жолмен зымырайтын поездар паровозына отын іздей шартарапты шарлап жүреді екен. Ал Мейстердің өзі осы мақсатпен 1895 жылы Екібастұзға келіпті. «Қосым разносы – Артем шахтасының солтүстік батыс жағында 135 сажень жерде – өте кен түрде қазылған болатын және қалың пластаның барлығы осы жерде дәлелденіп еді. Мұны қазған уақытта, әуелі оңтүстік – батысқа қарай күлай біткен коқысқа кездеседі: алайда тек Қосымның табандылығының арқасында ғана коқыстан өтіп, нағыз көмірге кездескен. Осыдан кейін барып, Артем және басқа шахталардың беті ашыла бастаған». Біз келтірген жолдар мақалада «Қосым разносы» деген тақырыппен жеке берілген екен де, осы беттің аяғында «Оны қазған Қосымның есімімен осылай аталған» деген түсіндірмесі де бар.

«Золотопромышленность и горное дело» хабаршысының 1900 жылғы 10-шы санында Екібастұз кен орнының А.Мейстер сызған сызбанұсқасының жобасы келтірілген. Онда – Екібастұз көлі, және – Ертіске қарай тартылған темір жол. Шахталардан алынған көмір вагондар-

ға тиеліп, Ертіске, одан баржаға қотарылып, сумен Омбыға жеткізілген екен. Бір қуанышқа бөлегені – сызбаның бетінде Қосым есімі үш жерде аталыпты: «Қосым разносы», «Қосым шахтасы» (яғни, капиталист Дерев өзінің әйелі мен балалары есімдерімен аталған шахталардың біріне Қосым атын да қойыпты).

Сонан соң сызбанұсқаның етек жағында жіп бойына тізілгендей елу шақты нүкте (оның он жетісі нөмірленген) бар екен де, олардың астына «Қосымның барлау линиясы» деп жазылыпты – тегі, көмір байлығының мөлшерін белгілеу үшін Қосымның қазған шруфтары болу керек. Осы журналдың 185–186 беттерінде Семей губерниясының тау-кен инженері В.Коцовскийдің «Екібастұз көмір кені» деген мақаласы бар. Мақалада: «Кен байлықты алғаш ашу жергілікті қырғыз Қосым үлесіне тиеді» деген жолды ерекше көрсетіп қойыпты...

Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Шапық Шөкин 1970 жылы Екібастұзда болып, Қосым жөнінде материал жинап, оның есімімен көше, разрез атау жөнінде мәселе көтерген екен. Осыны ести сала «Қосым өміріне қосар үлес болар» деген оймен Шөкин жолдасқа бардым. Ол «Қосым жөнінде Ленинградтан алынған материалдар бар», – деп мені Қазақ ССР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнография институтының академигі Ақай Нүсіпбеков жолдасқа жіберді. Келіп, шаруамды айттым.

– Иә, бір адамды Ленинград архивтерінде әдейілеп үш ай отырғызып тапқан материалдарымыз бар, – деп, ол кісі сейфін ашты.

Келесі сәтте менің қолыма ескі журналдардан фото арқылы көшірілген екі парақ қағаз тиді. Бірі – «Геологическое исследование и разведочные работы по линии Сибирской железной дороги» басылымының 1888 жылғы 9 санындағы А.Мейстер мақаласының біз жоғарыда келтірген үзіндісі, екіншісі – «Золотопробышленность и горное дело» хабаршысының 1900 жылғы 10 санында жарияланған тағы да сол автордың Екібастұз жөніндегі сызбанұсқасы.

Мен Ақаннан Ленинградтан алдырған материалдармен таныстыруын өтіндім.

– Алдындағың аз болып тұр ма?– деді ол кісі.

Мен бұл материалдардың қолымда барын және оны Алматыдан шықпай-ақ тапқанымды айттым.

Ақаң бастаған осы инициативті топ осы екі материалды негізге ала отырып, «Егер Қосым атына Екібастұздың не бір көшесі, не бір разрезі қойылса, бұл біздің интернационалдық борышымызға толық

жауап берген болар еді» деген хатты Павлодар облыстық партия комитетіне жолдаған екен. Осыдан кейін жазушылар Әзілхан Нұршайықов, Ақат Жақсыбаев бас қостық. Әзілхан да Қосымды халық аузынан теріп жазғаны бар, ал Ақат өзінің бүкіл творчестволық өмірін Екібастұз өндірісінің өткені мен өсуін зерттеуге арнаған. Ғалым ағаларымыз көтерген мәселені жұртшылық назарына салу үшін мақала жазуға отырдық. Оған біз Қосым жөнінде табылғанның бәрін салдықта «Казахстанская правда» газетіне ұсындық. 1972 жылдың 14 қаңтарында мақаламыз жарық көрді. Неге екенін білмедік, Мейстердің «Қосым разносының» қалай пайда болғаны жөніндегі жазғаны мен Екібастұздың ол салған схемасын алып тастапты. Алайда, оқырман назарын еден еткізіп, тиісті мекемелер мен басшы қызметтерде отырған жолдастарға ой салатындай ұсынысымыз толық жарияланыпты. Сол айда мен «Қосым кім болған?» деген мақаланы, барлық фотосурет, схемамен «Қазақ әдебиеті» газетіне де жарияладым. Біздің осы екі газетке жариялаған мақалаларымыздағы деректер негізінде Медеу Сәрсекеев «Білім және еңбек» журналының 1972 жылғы мамыр санына «Қосым Пішенбаев туралы ақиқат пен аңыз» атты очерк жариялап, ол да үні қосты.

Өз басым бір-екі материалмен қанағаттанбай Қосым жөніндегі деректерді әрі қарай іздей бердім. Төңкерістен бұрын «Живописная Россия» деген көп томды кітап шыққан. Соның қазақ даласын таныстырған 18-томын қолыма алдым... Міне, Екібастұз көлі жөнінде мәлімет. Белгілі сөздер. Алайда, бұл жерде менің назарымды Екібастұз көлінің қағазға түскен бейнесі тартып еді – көлдің оңтүстік-шығыс жақтарында шығанақтары бар. Сырт қараған көзге көл тұрпаты ешкінің желініне ұқсайды. Қазақ жерінің бұл жағында не көп, тұзды, сортаң көлдер көп. Олардың ішінде Сүйріксор, Дөңгелексор дегендері сол айдыңдардың сырт тұрпаттарына байланысты қойылған аттары. Сол сияқты, мына көлдің екі шығанағы екі басы деп аталады ма екен? (Қазақ кейде сортаң көлді «тұз» дей салады.) Екібастұз есімі осылай тұрмағай. Жергілікті қазақтар кейде «тұзды қоспай «Екібас» деп те айтады. 1916 жылы бұл өңірдің қазынасы ағылшындар иелігіне өткен уақытта осында жұмыс істеген Сәбит Дөнентаев өлеңін «Екібас» деп қана атаған ғой. Егер шындығында мен ойлағандай болса, Қосымның Екібастұз көмірін ашуындағы айтылатын аңыз жоққа шыға ма, қалай? Оның үстіне сонау сексен километрдегі Қалкаман көлінен жақын жерде Қосым белгіге қоятындай түйірлен алатын тұз да жоқ...

Тиісті мекемелер алдында Қосым есімін есте сақтау жөнінде мәселе қойып жүргенімізде, маған бір ой келді. «Қолымызда Қосым есімімен тікелей байланысты бірде-бір мәлімдеме жоқ екен-ау!». Көңілдегі осы бір олқылықтың орнын толтыратын дерек табылмас па екен деген оймен енді архивке бардым... Кеш қайтып, ғасырлар сырын сақтап жатқан папкілерді ақтаруға асығып, келесі күні ерте барамын. Мынау не? Қазақ ССР Мемлекеттік орталық архивіндегі 1479-фонд, 153 папканың 62 бетінен: 1876 жылғы масштабы екі шақырымдық картада Екібастұз көмір кені белгіленген», – деген жолдар оқыдым. Мұны Қырғыз тау-кен акционерлік қоғамына 1948 жылы командировкаға барған Молчанов деген инженер жазыпты. Ал, енді «Екібастұз көмірі 1886 жылы ашылды» деген датамыз қайда қалады. Өтірік болғаны ма? Екібастұздың оңтүстік жағында 50–60 километр жерде Шөптікөл, Талдықөл деген жерлерде де көмір бар. Молчанов осыларды айтып отырмағай. Олар Екібастұздан әлдеқайда бұрын ашылған ғой. Мүмкін, ана картаға түскен осылардың бірі болар.

Павлодарға барған сайын облыстық партия комитетінің сол кездегі секретары Григорий Алексеевич Бариковқа кіріп, жаңалықтарымды хабарлап тұратынмын. Менің «Көлдің аты өзінің сырт тұрпатына қарап қойылған болу керек» деген ойымды, сол жерде сызып көрсеткен суретіме қарап, мойындады. Ал, Қосымның есімін мәңгілік ету мәселесіне келгенде ол езу тартып күлді. Григорий Алексеевич тегінде мені жылы қарсы алатын. Ал, мынадай қуанышты кейпін бұрын байқамаппын. Оның жүзінде не өз әйелі, не менің әйелім ұл тауып, соны хабарлағысы келген адамға ғана тән қуаныш, масаттану тұрды. Мен оған үміттеніп карадым. Ол үстел тартпасынан үш-төрт парак қағаз алып ұсынды. Машинаға басылған материал басына: «Кен көзі ашылуының қысқаша тарихы мен барлау жұмыстары», – деген тақырып оқыдым. Тағы да Мейстердің еңбегі екен. Екібастұз көмірінің ашылуы жөнінде ол да Молчанов көрсеткен картаға сілтейді де, «Екібастұз көлінің оңтүстік жағында таскөмір белгіленген», – дейді... Көңілім бір өсіп, бір басылды. Өйткені, көлдің Екібастұз аталуы жөніндегі менің жорамалым дұрыс сияқты. 1876 жылы картада да ол Екібастұз атанған ғой. Басылғаны – «кенді ашқан Қосым емес, мүлде басқа біреу шығар» деген күдік. Осы жерде «жан дүниесі әуелден Қосымды қош көрмейтін Бариков қуанышы да тегін емес-ау» деп ойладым. Ендеше Қосыммен қатар өмір сүрген Семей губерниялық тау-кен инженері В.Кацовскийдің жоғарыдағы сөзін қайда қоямыз? Және

ол 1895 жылы Екібастұзға бірге келіп, бір журналдың бір санына автор болған Мейстерен келісіп алмай кенді Қосымның ашқаны жөніндегі пікірін айтуы мүмкін емес. Егер осы тұжырымымыз дұрыс десек, сонда Қосым ол көмірді қашан тапқан болады? Бұл сұраққа Коцовский жауап бермейді. Енді мені жетекке алған себеп осы болды. Архив есігін қайта аштым. Тағы да беттерінің жабылғанына ғасыр болған папкалар қағазын парақтау... Мына бір материал кездеспегенде менің архивте бұдан әрі отырар-отырмасым белгісіз еді. Степан Александрович Попов деген көпес 1881 жылы тиісті жерге Екібастұз көмірі жөнінде мәлімдеме түсірген екен. «Екібастұз көлінің оңтүстік жағынан бес жүз саженьдей жерден көмір табылды. Бенардаки көпестің бұрын көмір қазған жері екен», – дей келіп, «Іздеушілер партиясының құрамында Қосым Пішенбаев және Жөке Тезекбаев болды», – дейді. Тағы қуаныш, тағы күйініш. Қуанышым мәлімдеме бетінен Қосымның шыға келуі, күйінішім әсіресе ХІХ ғасырдың екінші жартысында онай олжа іздеген өнеркәсіпшіл көпестер. Мейстер сөзімен айтқанда, қазақ даласында «аш бөрідей өріп жүріпті». Айтса айтқандай! Олардың алфавитпен тіркелген тізімінде фамилиялары «А»-дан «К»-ға дейінгі аралықтағы әріптерден басталатындардың өзі 6368 адамға жеткен. Оның ішінен мен Бенердаки деген көпестің Александр, Дмитрий тәрізді бірнешеуін кездестіріп елім және олар сонау Верхотур өлкесінен болатын. Попов айтып отырған Бенердаки солардың қайсысы? Осы сұрағыма жауап табу үшін тағы да архивке келдім...

1974 жылы Москвада «Дружба народов» журналының редакциясында Павел Сугоняка деген украин журналисімен жолықтым. Жасы егде тартып қалғанына карамастан Қазақстанға келіп, Тарас Григорьевич Шевченко суреттерінде бейнеленген қазақ жерлерінің бүгінгі кейпімен таныспақ ойы барын айтып, осы жөнінде менен көмек сұрады және менің Украина жөнінде бірдеңе білгім келсе, өзінің де көмекке дайын екенін айтты. Сол жерде менің есіме мынадай жай түскен: Дерров 1893 жылы Екібастұз көмірін өндіретіні жөнінде мәлімдеме жасаумен Бродский деген Киев көпесін қоғамдасуға шақырған болатын. Сонда Бродский Екібастұзға өзінің инженерін жіберіп алып және Дерровтан кен көзіне байланысты қағаздар мен документтерді сұратқан. Осыдан кейін барып екеуі «Воскресен тау-кен» қоғамын ұйымдастырған. Қоғамның бір мүшесі Дерровтың бас кеңсесі Павлодарда, екінші мүшесі Бродскийдің бас кеңсесі Киевте болды. Осыған байланысты



Украина астанасы архивінің қағаздарына үнілу арманым еді... Мен Суганякадан осыны сұрадым...

«Бір жоқ, бір жоқты табады» дегендей, мен кенеттен қуанышқа кенелдім. Зерттеушіні мұндай қуанышқа тек архивтің ғана бөлеуі мүмкін – Қосымның ұстазы Бұқарбай табылды! Оның өз қолымен жазған алпыстан астам мәлімдемесіне жолықтым. Ол мәлімдемелер даталарына қарағанда 1834-1866 жылдар аралығында сонша кен көздерін ашыпты. Олардың ішінде совет дәуірінде де жұмыс істеген Жосалы (мыс. 1840 жылдың 23 мамыры [19], Қандықарасу-Александровка (мыс. 1839 жылдың 15 тамызы), Шөптікөл (көмір 1838 жылдың 15 қазаны), Майқайын (темір. 1854 жылдың 24 мамыры [20], болашақта елімізге арзан көмір беретін Мәукемен – Майкөбен (1840 жылдың 28 шілдесі) және басқа да кен көздері бар. Бұқарбай тапқан кені жөнінде өз атынан мәлімдеме беріп, ол жерлерді қазақ байларынан сатып ала беруге ықтиярлы болыпты. Мысалы, Баянаула төңірегіндегі Жосалы, Жуантөбе, Үйтпес деген жерлерді Көккөз, Жарылғап дегендерден 285 сом 71 тиынға, Қандықарасуды Елубай Бәйменов дегеннен бір мың сомға, Ақкөл деген жерді Кемеу, Айтбай Шымыровтардан 150 сомға, Егізқараны Таныбай Үзденбаев, Тұнқатар Қабасов дегендерден 300 сомға, Айман бұлағын (белгілі ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров пен режиссер Шәкен Аймановтардың бабаларының қонысы) Байтоқа Жұмағұлов, Бәке Есенбаев, Арықтанбай Дулатов дегендерден 100 сомға, Жанболдыны Құсайын Тәшімов (документтерде Бұхаретдин Тачимов) Поповтардың үш ұрпағына кен тауып беріп қызмет көрсеткен екен. 1852 жылдың 7 мартында Степан Иванович Попов қайтыс болып, оның Баянаула төңірегіндегі кеніш, зауыттарына ие болуға екінші ұлы Александр келгенде 1853 жылдың 18 қыркүйегінде Бұқарбайға мынадай ресми хат жазады: «Жоғарғы бастықтардан Шығыс және Батыс Сібір, Орынбор губерниясы мен Сібір қырғыздары (казактарды – Қ.И.) округында алтын рудасы» және басқа минералдарды іздеп табуға рұқсат ала отырып Сіздің тәжірибеңізге сенемін және осы істерді Сізге жүктегім келеді» [21].

Бұқарбай жауап хатында өзінің хат-шот үйренуіне, жалпы «адам болуына жағдай жасаған және тағдыр әлегімен жас кезінен қол үзіп қалған еліне қайта алып келгені үшін Степан Иванович Попов арқылы Поповтар әулетіне алғыс білдіру ретінде олардың қайсысына болсын қызмет істей беруге барлығын айтады» [22].

Бұл құжаттар біріншіден, С.И.Поповтың 1866 жылы 2 мамырда Мойылды кенін ашқаны үшін 22 жасар Қосымға берді деген қағазды

жолға шығарады. Екіншіден, Бұқарбайдың жергілікті жердің тумасы екенін айтады. Бұған мынаны қосу да артық емес. Бұқарбай 1857 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторына хат жазып, қоныстанғысы келіп, егіншілік шаруашылығымен айналысу үшін Баянауланың батыс бөлігі Жаманауланың шығыс жағындағы Егіндібұлақ деген жерді сұрайды. «Бұл жер менің ата-бабамның мекені» дейді. Қалайда Бұқарбай өмірі, сол жылдары орысша сауатты жаза білген геолог өмірі әлі де терен зерттеуді қажет етеді.

1976 жылы Қазақ Совет Энциклопедиясы жарық көрді (7-томы). Алфавит ықпалымен Қосымға бірінші бетінен орын берген екен. Қуанышты-ақ. Алайда, халық геологының өмірін терен зерттеудің салдарынан біз осы беттердің жалған екенін дәлелдеп отырған документтер пайдаға асып кетті. Энциклопедиядан Қосымға байланысты біз білмейтін соны дерек кездестіре алмадық...

Архивтен, шамамен, 3-4 айдың ішінде Қосымға тікелей байланысты жиырмадан астам кен ашу мәлімдемесі табылды. Рас, бұлардың бірде-бірі Қосымның өз атынан ұсынылмаған. Әр мәлімдемеде әр көпестің не болмаса, көпестердің сенімді адамдары атынан берілді. Алайда, сол мәлімдемелердің қайсысынан болсын кен іздеу партиясының құрамы тек Қосым Пішенбаевтан ғана басталып отырады екен. Бес-алты мәлімдемеде Қосымның інісі Есілбай да жүр. Том тау-кен басқармасына 1915 жылдың 4 қарашасында түсірілген актыға қарағанда Дерев өзі иелік еткен елуден астам кенішінің бірін – Баянауланың күнбатыс жағында 140 шақырым жердегі Басқожан адырындағы кенішін Қосым есімімен атапты.

1976 жылдың жазында Павел Суганякадан хат алдым. Конверттен фотопленка шықты. Фотоателье оны қағазға шығарып бергеннен кейін менің қуанышымда шек болған жоқ. Мен Суганякаға баяғы өтінішімді айтқанда, сол бір кадамым осыншама сәтті болады деп ойлаппын ба? Верхотур көпесі Александр Бенердакидің Екібастұз көмірін ашқаны жөнінде 1867 жылдың 21 маусымында ұсынған мәлімдемесі бес адамнан тұратын іздеу партиясының тізімі Қосымнан басталады! Мәлімдемеге қарағанда олар Баянауылдан шығысымен араға бір қонып Қарабидайыққа жетіп, шурф қазған. Бұдан шығатын ой – Баянауылдан Қарабидайықты (Қазіргі Екібастұздың «Богатырь» разрезінен көмір алып жатқан жер) тура көзден шыққандары сөзсіз. Осыған қарап Қосым «көмірді қарсақ болсын, мейлі суыр болсын, әйтеуір бір көмірушінің інінен тапты дейтіп халық өңгімесі Бенардаки мен келген солардың

алдында болған оқиға ма екен?» деген ой туады. Бұл мәлімдемеде де көл Екібастұз деп аталады – менің осы есімнің тууы жөніндегі жорамалым дұрыс болса керек...

Мен Екібастұз кенінің ашылуы мен Қосымға байланысты құжаттарды ұсынып жүрген мекемелеріме соңғы мәлімдеменің фото көшірмесін де жібердім...

1977 жылдың жазында Екібастұздың қала аталуының 22 жылдық мерекесі атап өтілді. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газеті 8 июль күнгі санында «...кен білгірі атанған Қосым Пішенбаевтің есімін мәңгі есте қалдыру мақсатымен Еңбекшілер депутаттары Екібастұз қалалық Совет атқару комитетінің шешімі бойынша қаладағы бір көшеге Қосым Пішенбаевтың есімі берілді. Келешекте оның мүсінін жасап, ескерткіш орнату да ұйғарылды...» деп жазды.

## 7. ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ (Әбікей Зейінұлы Сәтбаев) [23]



XX ғасырдың алғашқы жылдары қазақ елінің рухани өркендеуіне, оқу-ағарту ісінің ғылыми дұрыс жолға қойылып, жемісті нәтижелерге жетуіне аянбай еңбек еткен көрнекті қайраткерлердің бірі Әбікей Зейінұлы Сәтбаев. Ол Сәтбай атаның төрт ұлының бірі Зейіннен туған немересі.

Әбікей Зейінұлы Сәтбаев 1881 жылы Павлодар облысының (ол кезде уезд) Баянауыл ауданының Шадыра (кейін Сәтбаев совхозы)

ауылында туған. Шешесі туралы мәлімет сақталмаған. Әкесі Зейін көп бабалы, орта шаруалы, арабша сауатты болған. Атасы Сәтбай бұл немересін де көрген.

Әкесі Әбікейді өзінде ауыл мектебінде оқытып, кейін Омбының мұғалімдік семинариясында білімін тереңдетуін, жақсы маман болуын ұнатқан. Омбы семинариясын 1905 жылы тәмамдаған соң, Әбікей Зейінұлы алғашқыда Баянауылдағы орыс-қазақ мектебінде мұғалімдік қызмет атқарады. 1909 жылдан Керекудегі екі кластық орыс-қазақ училищесінде орыс тілі мен әдебиеті, тарих, география пәндерінен сабақ береді. Осы жылдары екі кластық орыс-қазақ училищесінің мұғалімдері ішінде Әбікей аға түскен фотосурет сақталған.

1910–1917 жылдары Әбікей Зейінұлы осы училищенің директоры қызметін атқарған. Сол кездегі алай-дүлей саяси қоғамдық өзгерістерден, ірі оқиғалардан, рухани ізденістерден, ел даму жолдарын анықтауды мақсат еткен топ-топ ұйымдардан, зиялылардан оқу-ағарту тетігін жақсы меңгерген жас маман тыс қала алмаса керек. Басқалармен бірге алғашқыда «Алаш» ұйымының бағыт-бағдарына, ізгі мақсаттарына сеніп, Әбікей Зейінұлы оның мүшелігіне сайланады. Далалық округтың «Алаш» партиясының ұйымының №5 тізімінде он тоғыз мүшелерінің 16 санында Сәтбаев Әбікей аталған. Ол тізім мынау:

«1. Ғалихан Бөкейханов, 2. Айдархан Тұрлыбаев, 3. Әлімхан Ермеков, 4. Халел Ғаббасов, 5. Асылбек Сейітов, 6. Боштаев Мұқаш, 7. Исабаев Ережеп, 8. Ақпаев Якуб-мырза, 9. Жанайдаров Сейілбек, 10. Мәрсекөв Райымжан, 11. Тілеулин Жұмағали, 12. Ерсеңов Биамет, 13. Дүйсенбаев Рахым, 14. Қозыбағаров Ахмет, 15. Жұмабаев Мағжан, 16. Сәтбаев Әбікей, 17. Мешенбеков Садық, 18. Өскенбаев Бәзікен, 19. Күсемісов Салмақбай. Осы көрсеткендей запискеге ешбір нүкте қойылмай, бұзу, түзеу, кісі атын өшіру, өшіріп тастау, бөгде сөз жазуға болмайды». Осы тізім Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» еңбегінде де, 1929 жылы шыққан «Алашорда» атты құжаттар жинағында да келтірілген.

Алайда, Әбікей Зейінұлының «Алаш» партиясының ұйымының жұмысына қатысу дәрежесі қаншалық болғаны анықталған емес. Осы тізімде көрсетілгеннен басқа Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың саяси ұйымдарға қызметі туралы деректер аз. «Шурай-Ислам» (арабша Ислам-кеңесі) Түркістандағы буржуазиялық ұлтшылдық ұйымға (1917–1918) одан Бүкілроссиялық мұсылмандар құрылтайына қазақ өкілдері қатысуы керектігі айтылып, 1917 жылғы 21–28 шілде Орынборда болған

бүкілодақтық құрылтайында сайланған сегіз адамның тізімінде Семейден Сәтбаев Әбікей бар. Ол тізім мынау:

4. Выбранные съездом на Ислам следующие лица:

1. от Акмолиской – Турлыбаев Айдархан
2. Семипалатинской – Сатбаев Абикей
3. Тургайской – Байгурин Альжан
4. Уральск – Досмухамедов Джанша
5. Букеевск – Танашев Валидхан
6. Семиреченск – Маметов Назарбай
7. Сырдарьинск – Чокаев Мустафа
8. Ферганск – Узакбаев Габдрахман [24].

Енді бір маңызды дерек сақталған. Ол 1919 жылдың 14 сәуір күні Семей облысы земство басқару төрағасы Марсеков, Семейлік облыс земство басқару төрағасының орынбасары Ғаббасов, облыстық земство басқару мүшесі Ә.Сәтбаев деп қол қойған докладная записка-баяндамалық қағаз. Бұл деректің көлемі үлкен – «Алаш Орда» кітабының сегіз бетінде орысша жазылған.

Осы баяндамалық қағазда – докладная запискада Әбікей Зейінұлы Сәтбаев өмірінің қыры – Семейде қоғамдық құрылыстардың бірі – земство-жергілікті басқару ұйымы құрамында істегені айқындалады.

Алайда, Әбікей Зейінұлы саясатпен, ел басқарумен көп шұғылданбаған сияқты, бірыңғай оқу-ағарту ісімен айналысқан. Оның өнімді еңбек еткені оқу-ағарту саласы. 1920–1921 жылдары Әбікей Зейінұлы Губерниялық халық ағарту бөлімін басқарды. Семей мемлекеттік архив-қорында Семей Халық ағарту институтының орыс және қазақ бөлімдерінің 1921 жылғы 15 қараша күні болған мәжілісінің протоколында «мәжіліске губоно төрағасы Сәтбаев келді», – деп жазылыпты [25].

Қазақстандағы мұғалімдер даярлайтын тұңғыш оқу орындарының бірі – Семей педагогикалық техникумы 1922 жылдың 4 желтоқсанында салтанатты түрде ашылғанда тұңғыш директоры болып тәжірибесі мол, зор беделді Әбікей Зейінұлы тағайындалған. Директорлық қызметті ол 1927 жылдың соңына дейін атқарады. Әбікей Сәтбаев басқарған Семей қазақ педагогтық техникумы қысқа мерзімде ұйымдастыру кезеңін бақынан өткізеді де, республикадағы алдыңғы қатарлы оқу орнына айналды. Ауылдан келген жастар қажымай, талмай мұғалімдік өнердің құпиясын танып білді, ғылым шынына өрледі. Әбікей оқу процесінде оқушылардың теория мен практиканы ұштастыра білуіне, зерттеу ісіне баса назар аударды. Техникум түлектері оқып жүрген кездерінің өзінде гу-

берниңдағы мектептердің бейнесін де өзгертті, олар каникулдар уақытында ауылдарда ашылған мектептерде қызмет етіп, халық арасына білім, ғылым, мәдениет, прогресс идеяларын таратушылар болды.

Техникум қазақ жеріндегі тұңғыш педагогикалық орталық ретінде ағарту ісінің барлық жұмыстарына қатынасты. Қаладағы және оның маңындағы ауылдардағы оқу-ағарту мекемелерін, мектептерді тексеріп, ондағы оқу, тәрбие жұмысының дұрыс ғылыми жолға қойылуына жәрдемдесті. Техникум жанындағы сауатсыздықты жою комитетін басқарған Әбікейдін бастамасымен техникумның оқушылары жазғы каникул кезінде ауылдарына жіберілді. «Олар 1925 жылдың жазында ғана 3.502 адамның сауатын ашты» [26].

Өз өмірін ұстаздық жолға арнаған Әбікей Зейінұлы 1928–1931 жылдары Омбы қаласында рабфакта сабақ берген. Сол жылдардан бастап ғажап педагогтың өзінің сүйікті білім-ғылым, оқу-ағарту саласында тыныш жұмыс істеуіне мүмкіндік болмайды, нақақтан қудалаушылық көбейсе түседі. Үлкен үй жайымен туысқандарымен Әбікей Зейінұлы көрші ел Қырғызстанға сол кезде Фрунзе аталатын астанасына көшуге мәжбүр болады. Онда Әбікей Зейінұлы Қырғыз педагогикалық институтына қызметке орналасады, орыс тілі мен әдебиетінен, басқа да пәндерден студенттерге сабақ береді. Алайда, мұнда да оның тыныш та, жемісті еңбек етуіне сол кездегі қудалаушылық, күдікшілдік маза бермейді. Ақыры зұлымдық, зобаландық бел алған уақыт оны да іздеп табады. Нақақтан ұсталады, түрмеге жабылып, 56 жасында атылып кете барады. Қай жерде атылғаны, мүрдесінің қайда екендігі – белгісіз. Сөйтіп, есіл ер, ұлы ағартушы қайғылы, қиын жағдайда дүниеден өткен.

Әбікей Зейінұлы Сәтбаев ел көркеюіне бағытталған игі істерімен артына бай мұра да қалдырған. Сол кезде Ташкентте 1923 жылдың қаңтарынан 1924 жылдың қараша айына дейін шыққан «Сана», Семей қаласында 1924–1925 жылдары басылған «Тан» журналдарында Әбікей ағзаның да «Оқытушы деген кім?», «Ағарту жұмысында не шара қолдануымыз керек?» т.б. мақалалары жарық көрген. Онда қазақ елінің өркендеу жолдарын іздестіру, оқу-ағарту, білім-ғылымның қыруар проблемалары мен мәселелері қамтылған. Әбікей Зейінұлы қазақ жастарының ой-өрісінің биіктеуіне, мәдениет игілігіне, адамгершілігіне, әлемнің рухани қазынасын, тіл мен әдебиетті меңгерудің мән-мазмұнына қоса әдістемелік мәселелерді де қозғаған, педагогиканың өзекті проблемаларын сөз еткен.

Осыған орай оны кезінде қазақтың көптеген зиялылары ардақ тұтқан. Мәселен, Әбікей Зейінулы Сәтбаев ұсталып кеткеннен кейін де көп жылдар оның атын атау да қауіпті болған кездердің өзінде де Әлкей Марғұлан сияқты ғұламалар да өзінің сүйікті ұстазын естен шығармай, қадір тұтқан. Осы арада тоқтала кететін бір жай Әбікей аға ұсталып кетісімен көп ұзамай оның екінші қызы Раушанға Әлкей Марғұлан үйленген. Раушан апай Әлкей ағадан он үш жас кіші. Бірақ екеуінің жас мөлшерлері едәуір алшақ болса да екеуі де әдемі, жарасымды өмір сүрді. Раушан Әбікейқызы медицина ғылымының докторы, профессор, көптеген онколог дәрігерлердің ұстазы болған.

Әбікей Зейінулы Сәтбаев туралы алғашқы жазғандардың бірі – Сәкен Сейфуллин. Дарынды жазушы және қоғам қайраткері Сәкен мен Әбікей замандас, жас шамалары да жақын, бір кезде қоғам жұмыстарында бағыттас, мақсаттас, пікірлес болған.

Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» деректі романында келтірілген «Алаш» ұйымының № 5 тізімінде 19 адамның қатарында № 16 ретте Әбікей Сәтбаев атын атайды» деген. [27] Әбікей Зейінулы жазушы осы романның Баянауылға арналған беттерінде оның інісі Кәрім Сәтбаевты Далба тауының бөктеріндегі бір ауылда кездестіруіне байланысты: «...1917–1918 жылдары Ақмола Семинариядағы Кереку уезі осы Баянауыл ауданының қазағы Сүйіндік, Қаржас Кәрім Сәтбайұлы деген жігіт оқыған. «Алашорда» партиясы атынан Семей, Ақмола облыстарынан учредительное собраниеге сайлауға салынатын белгілі Әбікей Сәтбайұлының ... інісі », – деп жазды [28]. Бұл деректерден анықталатыны: Сәкен Сейфуллин Әбікей Зейінулы білген, жүздескен, оның елге пайдалы еңбектер жасап жүргенінен хабардар болып, жоғары бағалаған.

Әбікей Зейінулы Сәтбаев туралы бірсыпыра жазба деректер 1920 жылдары шығып тұрған газет беттерінде басылған. Әсіресе, Семейде тұңғыш техникум ашылуына, оның тұңғыш директоры Ә.З.Сәтбаевтың жемісті еңбектеріне, қызметіне байланысты мақалалар баршылық. Кезінде көп тараған беделді «Степная правда» (кейін «Иртыш») газеті 1922 жылғы 6-шы желтоқсан санында Семейдегі қазақ педтехникумы ашылысымен хабарлағанда сол кезде Губоно бастығының орынбасары Әбікей Зейінулы Сәтбаев осы техникумның директоры етіп тағайындалғанын, оған зор сенім мен үлкен міндеттер жүктелгенін: «Согласно постановлению 3-го Губернского съезда Советов, организованный в

городе Семипалатинске Киргизский педагогический техникум приступил к своим занятиям, – деп жазады.

Сейчас насчитывается в техникуме 90 смежных слушателей, преимущественно из киргизской бедноты. Заведует техникумом зам. зав. Губоно тов. Сатбаев, на долю которого выпадает весьма сложная задача организации школы и интерната», – деп ашып көрсетеді [29].

Әбікей Зейінулы Сәтбаев туралы енді бір қымбат мәліметтер мен деректер Абдолла Асылбеков макалаларында бар. Абдолла Әбдірахманұлы Асылбеков (1896–1938) мемлекет және қоғам қайраткері, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына қатысушы, халықтың азаттық, әділеттік жолында күресушілердің бірі. Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары және Қазақстанның Халық ағарту комиссариаты саяси ағарту басқармасының бастығы қызметінде болған. Ол Семейде болып, қаланың, аймақтың жағдайларымен танысқан, сол кезде жаңа ғана ашылған педагогикалық техникумның жайын да қадалаған. Қорытынды нәтижелер жоғарғы басшы орындарға жеткізілген, газетте үлкен мақала жарияланған [30].

Тағы бір құнды дерек – Семей педтехникумының директоры Ә.З. Сәтбаев, маңайында мұғалімдер қатарында М.О.Әуезов және осы оқу орнын 1926 жылы бітіріп шыққан он бір адам бейнеленген фотосурет сақталған. Бұл сирек те қымбат фотосуретте педтехникумды тұңғыш бітірген шашы қалың, бұйра, жап-жас Әлкей Марғұлан – кейін атакты ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі – академик. Ол кезде Әлкей ағаның фамилиясы Марғұланов болған. Суретте де солай жазылған. Кейін «ов»-ты қолданбай бұрынғы түркі қалыптас «Марғұлан» деп жазған-ды. Ол кісімен техникумды бірге бітірген Мұсатай Ахынжанов кейін көрнекті тарих маманы, тарих ғылымының докторы, Семейдің байырғы тұрғыны, әрі мұғалім, әрі артист болған Сейфолла Мұхамеджанов, бірсыпыра жыл оқу-ағарту саласында еңбек етіп, филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алған Темір Бейсов, оқу-ағарту саласында көп жыл қызмет еткен Әйткен Айманов, Семейде еңбек еткен Фаизова. Осылармен бірге Асылханов, Асқаров, Балтабаев, Дүйсекин – Семейдің педтехникумын тұңғыш бітіргендер.

Осы оқу орнын әр жылдарда талай мамандар бітіріп шығып, республикаға танымал болған. Олар: белгілі қоғам қайраткерлері, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінде ұзақ жыл қызмет істеген генерал – Шырақбек Қабылбаев, белгілі ғалым-тілші Жұмат Досқараев, соғыс жыл-



дары Қазақстан Республикасының оқу министрі болған, педагогика ғылымының докторы, профессор, СССР педагогика Академиясының мүшелілігіне сайланған Ә.Сембаев, филология ғылымының кандидаты Мұратбек Бөжеев, белгілі журналист Ғайса Сармұрзин, Кәрібай Барманқұлов, Масығұт Бегалин тағы басқалар. 1922 жылдан бері 70 жылдан аса уақытта бұл оқу орнынан талай мың мұғалімдер даярланып, олардан көптеген жас ұрпақтар тәрбиеленіп, оқу-ағарту немесе басқа да салаларда еңбек етті және етуде.

## 8. XX ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ (Қаныш Имантайұлы Сәтбаев)



### 1. Ғылым жолы Жезқазғаннан басталады

Сөз басын Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, белгілі ақын Аманжол Шамкеновтың жиырмасыншы ғасырдың ұлы тұлғасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа арнаған «Зор тұлға» өлеңімен бастамақпыз:

*Қашанда арылмаған думанды той,  
Дарыған келбетіне бедел, абырой.  
Ғажайып әсем көркі табиғаттың,  
Кең байтақ Елімізге бұйырған гой.  
Сүйсініп гүлзар бақша-бауларына,  
Қаларсың бір сәт орман аумағында.*

Теңіздер, өзендер мен көлдері көп,  
 Қиядан көз тартады таулары да.  
 Барсаң да қай шет көңілің жай,  
 Табады кең даланың өңірі бай.  
 Солардың бірі – дархан Баянауыл,  
 Әйгілі атағы оның көркіне сай.  
 Көргендер таңырқасып тура қалар,  
 Сырларын естігенде мейір қанар.  
 Әйтеуір бір шындық бар, бұл аймақтан,  
 Шыққан гоі талай абзал гұламалар.  
 Танытқан өзін жақын, алысқа да,  
 Жеткізген қолымызды табысқа да.  
 Беделін туган елдің асырған ол,  
 Өзгеден өзгеше гоі Қаныш аға!..

1926 жылы «Сібірдің жана Афинасы» атанған – Томск қаласының технология институты тау-кен факультетінің геология факультетін үздік бітіріп, «Сібір геология мектебінің негізін қалаушы» академик В.А. Обручевтің лайықты ізбасарларының бірі атанған Қаныш мемлекет ұсынған жылы орынға күлшынбай (Атбасар тресінің Москвадағы кеңсесі) Сарыарқаның қиыр шетіндегі Ұлытау даласына бет бұрады.

Кезінде Сарыарқа білгірі атанған, белгілі геолог И.С. Яговкин ағылшын инженерлерімен бірлесе отырып жүргізген барлауында Жезқазғанның жер астында бар-жоғы 61–62 мың тонна кара мыс қоры бар деп алдын-ала «жаназа» шығарып қойған болатын. Бірақ, жастайынан алған бетінен қайтпайтын және «Өз көзің алмаз, өзгенікі шыны...» дейтін, өзіне тәлім-тәрбие берген орыс ғылымының небір санлақ гұламалары В.К. Кузнецов, В.Я. Мостович, Янышевский, Лаврский, Гове, Урванцев сияқты Сібір геологтарының тәжірибелеріне сүйенген жас инженер Геолком тағайындаған ресми сарапшы, есімі әйгілі кен іздеуші, профессор В.К. Котульскийдің: «Что касается вопроса о возможных запасах Джебказгана, то они, по-видимому, в лучшем случае, могут превысить вдвое известные сейчас... запасы металла» деген болжамына қарсы ашық күреске шығады [31].

Осыған орай ол «Қарсақпай ауданы және оның мүмкіндіктері» атты мақаласында оқырмандарына өз ойын: «Ұлытау қиырынан алғаш естілетін зауыт дауылпазының ғаламат үні кең байтақ қазақ даласының әр түкпірінен жанғырған жауап алары сөзсіз. Себебі, бұл «жан-

ғырықты» шексіз күшейтетін қуатқа: 1) Ұлытаудың тарихи тиімділігі; 2) оның кіндік ортада орналасқандығы; 3) қазақ халқының білуге ынтызарлығы және 4.) ән – жыр шығарымпаз табиғи қабілеті де...әсер етпек. Әлбетте, бұл сарыннан бұрынғыдай қайғы-қасірет, азап – мұны, иә үмітсіздік әуені емес, мүлдем басқа саз-ерлік пен жасампаздық толғау естілмек. Ол енді жаңа да жаңғырған индустриалды Қазақстанның асқақ әуенді әні болмақ...», – деп жеткізген ғалым Жезқазған қазынасының көлем-нарқы жүз тоннаға дейін көбейгенін мәлімдейді [32].

Бұл туралы химия ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Нұхұлы өзінің «Ғасырымыздың ғұламасы» атты мақаласында: «Әрине, бұл күндері үлкен Жезқазған деп аталынатын Орталық Қазақстанның күрделі таулы-қазба кен орындарын апталар мен айларда ашу мүмкін емес еді. Ол үшін жылдар керек болатын. Себебі, оның таулы жыныстарының күрделілігі өз алдына бөлек те, Сарыарқаның шөлді даласы, жазында аптапты ыстығы, қысында бет қаратпас бораны мен үскірік аязы өзгеше және ең жақын деген темір жолдың өзі 400 километр қашықтықта болатын. Оның үстіне арнайы кәсіби мамандардың (барлаушы геологтар, бұрғышылар және т.б.) саусақпен санағандай аз болғандығын қосыңыз. Міне, осындай қиындықтардың бәрін, Томск технология институты тау-кен факультетінің геология бөлімін үздік бітіріп келген қазақтың алғашқы кен инженері жеңе білді. Сол кездің өзінде-ақ, алғашқы барлау жылдарынан кейін, өзіне сенімді берік Сәтбаев: «Жезқазған дүние жүзіндегі ең бай мыс кенінің бірі, алдағы жылдарда Американың аты-шулы мыс ошақтарын басып озып, ширегіне де келтірмей кетеді», – деген екен. Бұл сөздер іс жүзінде кейіннен орындалды да, соның алғашқы сатысын 1932 жылы жарық көрген «Жезқазған мыс-кен ауданы және оның минералды ресурстары» деген монографиялық еңбегінде дәлелдей түсіп және оны тез арада игерудің негізгі міндеттерін алға қойып береді. Алайда, оны алдан қиындығы көп күндер күтіп тұр еді. 1933 жылы барлау жұмысы енді қызған кезде Одақтық Геология комитеті қаржы мәселесін қысқартып, тоқтатуға дейін апарды. 35 жасар Қаныш көптеген қиыншылықтарға қарамай, Одақтық Ғылым академиясының сессиясында «Мыс, көмір, темір-марганец рудалары және Жезқазған-Ұлытау ауданының басқа да қазба байлықтары» деп аталатын баяндамасын жасап, орасан зор кен байлығы осы аймақта жатқандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеп көрсетті. Алайда, кен орындары қорының мол екендігіне Одақтық геология комитеті онша сенбей, күмән туғызды. Міне осындай Жезқазғанның «тағдыры тара-

зы талқысына түскенде теңдесі жоқ табандылық танытқан Сәтбаев СССР Халық комиссары Серго Орджоникидзениң қабылдауында болады. Осындай келісімді кездесуден кейін ғана Үлкен Жезқазғанның тағдыры шешілгендей болады. Осы бір шешімі оң болған сәт туралы Қанакеннен үлкен өнеге алған марқұм академик Евней Букетов: «Егер де сол кезде осы ұлы істің басында қажымас қайраты мол Қ.И.Сәтбаев болмағанда, Үлкен Жезқазған кейініректе ғана ашылар ма еді, мүмкін, қазір біздер соны игерудің алғашқы баспалдағында жүрер ме едік»-, деген екен, – деп орынды пікірлер айтқан [33].

Осыған орай «Қан ағаның» (қазақ жұмысшылары оны солай атаған) ұйымдастырушылық қабілетіне тоқтай кетелік. Алғашқы бесжылдықтар, яғни өнеркәсіпті индустрияландыру жылдарында КСРО-ның халық шаруашылығы Кеңесі жер-жердегі түсті металл өндірістерінің күш-қуатын арттыру үшін қомақты қаржы қорын бөледі. Сондықтан, Атбасар тресінің Москвадағы басқармасы таратылып, Қарсақбай мен Спасск мыс комбинаттары дербес ұжым аталып, комбинаттың бас геологы әрі бөлім меңгерушісі Қ.И. Сәтбаев бөлінген қаржының бір бөлігін барлау жұмыстарына жұмсайды.

Осындай шаралардың нәтижесінде алғашқы кезеңде Ресей мен Украинадан жалдап әкелінетін бұрғышылардың орнын енді қазақ жұмысшылары басады. Бұл туралы қазақтың белгілі жазушысы, Сәтбаевтанушы Медеу Сәрсекке өзінің «Ғасыр перзенті» атты еңбегінде: «Дер кезінде жасаған дайындықтың арқасында, бұл бола «Саужой» («Сауатсыздықты жою») мектептері ғана емес, қысқа мерзімді түрліше курстар ашып, әмбе соны әрбір бұрғылау станогының басында, химия лабораториясында, кендер қоймасында, шеберханалар алаңында, тіпті көнігі автомобиль жүргізушінің қасына жолсерік болып ере жүріп, күнітүні һәм айлар, жылдар бойы тынбай үйретудің соңында кешегі кіреші, түйеші, сушы, май тасушы арбакештер ортасынан Баку мен Свердловтан арнайы шақырылған бұрғылау шеберлерінен титтей де кем түспейтін, қайта олардан гөрі шөл даланың аптап ыстығы мен қысқы боранында да станок құлағын ұстаудан жаңылмаған көнігі мамандар шығады...», – деп жазған [34].

Бір сөзбен айтқанда, осындай жанкешті жұмыстардың арқасында бұл Геологиялық іздеу мекемесінде (ГРК) 1933 жылы 500 жұмысшы болады. Олардың 90 пайызы жергілікті тұрғындардан құралған. Бірақ, мұның екінші жағы да болды. Орталық көп уақыт бойы бұл игі іске қарсылық жасап бақты. Мәселен, кезінде жоғарыда айтқан Геолком-

ның шовинистік бағыттағы эксперттерінің бірі В.П.Симонов: «Сәтбаев жолдас түйе мінген қазақтан шебер бұрғылаушы әзірлеймін деген бопса қиялмен бекер малданып жүр, ал онысы – бос әурешілік, ешқашанда орындалмайтын, болмайтын қияли жоба!..», – деп сәуегейлік танытқан.

Бірақ, қазақ инженері осының барлығын бос сандырақ екенін ісімен дәлелдеп берді. Бұл туралы Медеу Сәрсекенің «Ғасыр перзенті» деген еңбегінде: «...Тоқ етерін айтқанда, тәжірибесі аз, есімі беймәлім, бұрын-сонғы іздеп тапқан кен орны жоқ... деп жүрген қазақ геологы басқарған ГРК 1931–32 жылдардың соцжарысын қорытындылауда Түсті металл басқармасы жүйесінде бірінші орынға шығып, қаржы игеру мен бұрғылау көлемі жөнінде алдына ешбір ұжым шығармаған озық контораға айналды», – деп жазды [35].

1932 жылы Қ.И.Сәтбаевтың Москвадағы «Цветметиздат» баспасынан «Жезқазған ауданының мыс кені және оның минералдық қорлары» атты алғашқы ғылыми ізденістерге толы жеке еңбегі кітап болып шыққан. Мұнда автор Жезқазған кенінің қажеттілігі мен болашағы туралы мынадай нақты тұжырымдар жасаған: «Жезқазғанмен қоры жөнінен тең түсер Кеңес Одағы көлемінде тап қазір де бірде-бір мыс кені жоқ: әмбе ол қазуға өте тиімді және өзі құрылыптас кеніштерде кездеспейтін экономикалық, технологиялық өзгеше сипаттарға ие: сонымен қатар Жезқазған ауданы темір, марганец, күкірт колчеданы, көмір, қорғасын, асбест, отқа төзімді саз, фарфор, фосфорит, шыны, барит тәрізді аса пайдалы қазба байлықтарға, құрылыс материалдарына ерекше бай. Демек, оның осыншама зор мүмкіндіктерін халық шаруашылығының ділгір қажетіне тезірек пайдалану үшін мынадай игі шараларды жүзеге асыру қажет: а) Жезқазғанды Атасу темір кендері арқылы сенімді отын ошағы – Қарағанды көмірімен темір жолмен жағастыру; б) Үлкен Жезқазған комбинатын салуға жедел кірісу; в) бұл төңіректегі геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі жан-жақты дамыта беру – оның қазба байлығын әлі де көптеп ашуға себепші болмақ; г) екінші бесжылдықтың жоспарында Жезқазғанда кара металл және ферромарганец өндіретін ірі комбинаттар тұрғызуды жобалау...» [36].

Осының нәтижесі ретінде Бүкілодақтық Халық шаруашылық кеңесінің арнайы қарарымен 1932 жылдың соңында Үлкен Жезқазған зауытын салу туралы шешім қабылданады. Бірақ, өкінішке орай, бұл пайдалы іс екі жыл бойы кертартпа шенеуніктердің кесірінен жүзеге аспай тұрып қалды. Тек ұлы ғалымның жігерімен, өз ісіне сенімділігінің

арқасында ғана 1934 жылы КСРО ҒА-ның қараша айында шақырылған кезекті ғылыми сессиясында қаралып, Қ.И. Сәтбаевтың бес рет қатар жасаған баяндамасының арқасында бүкілхалықтық қолдауға ие болып, қазіргі Жезқазған қаласының орны салынып, темір жолдар жүргізіліп, соғыс басталған уақытта өндіріс орындарының тамыры соға бастаған болатын.

Кезінде ұлы ғалым өзінің бұл басты мақсаттарын жүзеге асыру үшін баспасөз беттеріне жүгінгендігі анық. Енді оның осы қаламгерлік қырына назар аударатын болсақ, онда Қ.И.Сәтбаев жоғарыда атап кеткен еңбектерінен басқа, 1928 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында «Қарағанды, Спасск зауыттарының қазіргі күйі мен келешегі», «Тұрлан кендерінің шамасы және келешегі», «Қарсақпай зауытында мыс өндірісі және оның келешегі» атты бірнеше проблемалық мақалаларын жазып, заман талабына сай, күн тәртібінде тұрған өткір мәселелерге үн қосқан. Осы мақалаларға орай профессор Т.Қожакеев «Егемен Қазақстан» газетінің бетіне «Білім мен балға» деген мақала жариялап, ғалымның публицистикалық еңбектеріне төмендегідей үлкен баға береді [37]:

«Біріншіден, Сәтбаевтың публицистикасы ғылыми, танымдық сипатта жазылады. Бұл оның кен орындарының табылу, зерттелу, іске қосылу тарихына шолу жасауынан байқалады. Мәселен, «Нілді мыс кенін 1847 жылы орыс көпесі Ушаков тапқан да, 1858 жылы айналасындағы 22 шаршы шақырым жерді қазақ иелерінен 86 сом күміске сатып алған. Ал, Тұрландағы қорғасын кені орыстарға 1800 жылдан белгілі болған. 1870 жылы жасалған Түркістан бас штабының картасында ол «Көпес Петрушини зауыты» деп көрсетілген.

Екіншіден, оның қаламгерлігі жер қойнауы жаратылысын, ондағы түсті металдар табиғатын терең түсіндіретінін, кәсіби жағынан білгірлікпен жазылатын публицистика екендігін байқатады. Мысалы, «Нілді мысы сияқты майысқақ. Майысқақ жағы оңтүстікке қарайды. Кен тастары басында сұйық күйінде тереңнен қайнап шығып, жердің үстіңгі қыртысындағы жарыққа келіп қатқан. Кеннің жотасы Шығыстан Батысқа қарап жатыр. Ұзындығы 160 метр (80 күлаштай), күлашы 70-80 градусқа жетеді. Кен тасының жер үстіндегі көрнекті ені 32 метр, күлама тереңдігі 200 метрге барады. Ал Қарағанды ошағында 1 метрден 4 метрге баратын тас көмірдің 8-ден аса жеке қыртысы бар. Мұның жотасы 25 шақырымға созылады. Қыртыстың бәрі қаз-қатар көлбей созылып жатыр, күламы 10 градусқа, қызу колориті 7200-7500. Байлығы жағынан Қазақстанда бірінші, Ресей бойынша төртінші орында».

Үшіншіден, Сәтбаевтың қаламгерлігі – алдағыны болжаушы, шолғыншы публицистика. Әр кеннің не бергенін, бүгінін көрсетіп келіп, түбінде не берерін, келешегі қалай боларын сендіре алатын публицистика. Осыған орай автор: «Спасскіде 1919 жылға дейін 18 млн. 800 мың пұттай кен балқытылған, одан 3 млн. пұттан аса таза мыс алынған. Ресей кен кәсібінің ең өркендеген кезі – 1913 жылы оның қорытқан барлық мысының 15,8 пайызын, яғни оннан бірін осы Спасск беріп тұрған. Бұл аймақта Қайрақты, Алмалы, Ақшоқы, Бесшоқы сияқты кен орындары бар. Олардың 2-3-і игерілсе, 1 млн. 500 мың пұт таза мыс алуға болады. Бұл үшін 2 млн. 570 мың пұт кен шығару керек. Тұрланның 60 метрден жоғарыдағы қоры 109856 тонна болады. Одан 106338 тонна қорғасын аламыз», – деген болжамдар жасаған.

Төртіншіден, геолог публицистикасы – әрбір кеннің орналасу орнын, географиялық панорамасын, қайда, немен шектеліп, немен жалғасып жатқанын көзбен көріп, қолмен ұстағандай етіп елестетін публицистика. «Тұрлан кені,- деп жазады Қ.Сәтбаев, – Түркістан қаласының шөлейтті шығыс жағында, 65 шақырым жерде, Қаратаудың оң бөлігіндегі Көкқия мен Ашасай деген екі бұлақтың арасындағы биіктеу жотада. Ашасай бұлағы – «Қатын қамал» өзенінің бір тармағы. Осы өзеннің бойында, Тұрланнан 6,5 шақырым жерде, 350 метр төменде Лесман салдырған зауыт тұр. Одан 250 метр төменде кеншілер поселкесі бар. Қарсақпай – Ташкент темір жолы бойындағы Жосалы стансасынан 375 километр жерде, Көкшетаудан 750, Ақмоладан 500, Шортандыдан 400 километр қашықтықта. Ағылшындар Қарағанды – Спасск арасында 45 шақырымдық тар табанды темір жол салған. Түркістан мен Тұрлан арасында 45 шақырымдық арба жолы бар. Қарсақбай, Қармақшы, Жосалымен кіре жолымен байланысады».

Бесіншіден, инженер-ғалым публицистикасы кен орындарының тарихын, сипаттамасын беріп болған соң, олардың Кеңес үкіметі орнағаннан кейінгі тағдырына, жай-күйіне талдау жасайды. Оның мәліметінше, 1919 жылы Спасск зауыты тоқтаған. 1928 жылға дейін «қорық» күйінде сақталған. 1922 жылдан Қарағанды шахталары Еңбек қорғау кеңесінің 1925 жылғы маусымдағы жарлығымен ол одақтық «Атбасар тресіне» берілген. Ал Түркістан шаруашылық кеңесі 1919 жылы Тұрлан кенін жүргізе бастаған. Бірақ кені таусылып, 1921 жылы «қорыққа» айналған. Ол 1925 жылы Қазақстанға өтті.

Алтыншыдан, Қ.Сәтбаев публицистикасы кен ошақтарын атап, оларды іске қосу қажеттігін айтып қана қоймайды, соны қалай іске

асыруға болатынын, бұл үшін не істеу керек, қандай шаралар қолдану керектігін саралайды. Олардың қазіргі жәй-күйін талдап, қалай жүргізудің жолдарын көрсетеді. Оның айтуынша, Нілде екі зауыт бар. Олар жұмысқа қосуға жарамды. Машина саймандары сақтаулы, сырты сүртіліп, іші майланып тұр. Ондағы тұрғын үйлер де жақсы күйде. Керегі – кенді бұрғылап, оны жоғары шығаратын машина, саймандар ғана. Нилдіні үш айда жүргізуге болады. Қарағандыда екі шахта бар. Оларды су басып қалған. Машина, саймандары толық сақтаулы күйінде».

Жетіншіден, әдетте өндіріс ұйымдастырушысының мақаласы күн тәртібіне қойып, шешпек болып отырған проблемасын аз күш жұмсап, аз қаржы шығындап, жүзеге асырудың жолдарын көрсетуге тиіс. Қанекен мұны да ескерген. Кендерді бұрғылайтын, машина, саймандар алуға, шахталарды құрғатуға, жаңа шахта қазуға, үйлерді жанартуға, кіре тартуға, жұмыс күшін жалдауға, отын-сумен қамтамасыз етуге қаржының тиімді көздерін ұсынған. Мысалы, Тұрланда 1 пұт қорғасын қорыту үшін 1,8 пұт кокс, 2 пұт тас көмір қажет. Бұл көмірді алыстан тасымалдап, 40 шақырым жердегі Бабатай, Батпақ көмірін игеру керек. Ал Қарсақпайдан Жосалыға дейінгі кіре жолына 7–7,5 мың пұт қанн жүк тасуға болады. Бұл оның келешегіне, тез өсуіне үлкен кедергі. Мұны жою үшін ғалым Жосалы-Қарсақпай, бөлмаса Ақмола-Жезқазған-Бірқазан стансасына тиімді, тиімеіз жақтарын атап көрсетеді.

Кезінде ұлы ғалымның Жезқазған кеніне байланысты «Казахстанская правда», «Социалистік Қазақстан» газеттерінде де қос тілде жазылған «Үлкен Жезқазғанды құрамыз» [38], «Қазақстандағы Родезия» деген бет ұйымдастырып, онда «Мыстың әлемдік қоры» және «Су бар» [39] деген, «Қазақстанның мысы», «Жезқазғанды қолға алуға уақыт жетті», «Ұлытаудың табиғат байлықтары, оларды пайдалану жолдары» [40] атты мақалалары да жарық көрген. Автор бұл мақалаларында ғылыми-зерттеу жұмыстары жайлы, су жетістіру мәселесі қажында, кадр дайындау, құрылыс және өнеркәсіпті өркендетудің жана жолдары туралы ой бөліскен.

Біздер «Ғылым жолы Жезқазғаннан басталады» деген бұл алғашқы тақырып шеңберінде негізінен ғалымның қалыптасу, үлкен өнеркәсіп ісіне араласу, аз ғана уақыт аралығында, айналдырған алты жыл ішінде қарапайым инженерден бүкіл Одақ танып, мойындаған қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген қазақ халқының ғұлама перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың өзіндік ерекшелігіне, әсіресе Жезқазған жер қойнауындағы кен көздерін табуда көрсеткен білімдарлығы мен ерлік істеріне тоқталдық.



Сондай-ақ, XX ғасырдың 20-шы жылдарында Қазақстанда түсті металлургия мектебінің қалыптасып, дамуына инженер-геолог ретінде де, публицист ретінде де аянбай атсалысқан ғұламаның соңында қалдырған мол рухани мұрасына да шама-шарқымыз келгенше бүгінгі күн тұрғысынан әділ баға беруді қарастырдық.

## 2. Шығыстан шыққан жұлдыз

Бұл бөлімді біздер белгілі қоғам қайраткері, жазушы, алты алаштың ардақтыларының бірі Міржақып Дулатовтың қарындасы Ботакөз Дулатованың «Жас кезінде көріп едім» деген мына естелік-мақаласынан бастағымыз келіп отыр. Себебі, алдымен бұл мақала Қ.И.Сәтбаевтың адамгершілік иірімдерін көрсетсе, екіншіден, ұрпақ жалғастығын, болашаққа сенімділікпен қарау қажеттігін үйретеді. Сонымен Ботакөз апамыз Қанышпен өзінің алғаш кездескен тұсын: «Менің есімнен кетпейтін тағы бір аға – Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, оны бірінші рет Қызылордада, 1926 жылдың қысында көрдім. Бір күні әдеттегідей ерте оянып, сыртқа – дәлізге шықсам, бір ұзын бойлы кісі тұр екен. Әуелде шошып кетсем де, чемоданын көрген соң, бізге келгенін сезіп, «Ағай, неге кірмей тұрсыз? Үйге кіріңіз», – дедім. Ол: «Поездан түсіп, тым ерте келгеніме ұялып, Жақан мен Галя жеңгейді ұйқысынан оятуды ыңғайсыз көріп тұрғаным ғой», – деді. Мен болмай үйге кіргізіп, өзім ас үйге барып самауырын қойдым. Үйге кірсем, тәтем Қанышты құшағына қысып, бетінен сүйіп, амандасып жатыр екен. Жеңешем де қуанып, институт бітіргенімен құттықтап құшақтады.

Артынша Міржақып ағасы «Еңбекші қазақ» газетінде көлемді мақала жариялап, Қаныш Сәтбаевтың алғашқы қазақ инженері екенін, Томск технология институтын бітіргенін, келешекте еліміздің үмітін ақтайтынын айтып, бүкіл елге кең таныстырды. Міржақып тәтемнің айтқаны расталып, Қаныш ірі геолог, заманымыздың аса көрнекті қоғам қайраткері, академик болып, бүкіл елге кеңінен танылды. 1946 жылы ашылған Қазақ ССР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті болды» [41].

Ал осы дәрежеге жету үшін бүгінгі таңда ғасыр перзенті атанып отырған Қ.И.Сәтбаевқа сан алуан өмір тезінен, қиын-қыстау кезендерден өтіп, өзінің халық үшін туған перзент екендігін қажымай-талмай дәлелдеуіне тура келді. Себебі, 20-30 жылдар қазақ жерінде «ашаршылық» және «репрессиясымен» ғана есте қалған болатын. Осы жылда-

ры патшалық самодержавияны ауыстырған Кеңес үкіметі барлық шет аймақтар сияқты Қазақстанға да кейбір он жақтарымен қатар қара түнек қапас империялық өктемдік саясатын да алып келген болатын. Бұл тұрғыда біздер кезінде ұсақ-түйек қателіктер мен кемшіліктер деп аталған мынадай ашы шындықты ұмытпауымыз керек:

«Қазақстан К(б)П Өлкелік комитетін әлденеше жыл басқарған қызыл жеңдет Ф.И.Голощекиннің тікелей нұсқауымен», оның үстіндегі И.Сталин сынды «көсемдердің» солақай да ұрдажық саясатының салдарынан 1927 жылдан бері де қазақ зиялыларының ең таңдаулы, ең қайраткер білімпаздары түгелдей дерлік қауым ортасынан аластатылып, кейбірі атылып, олардан кейін де еңбек зейінімен қаулай өсіп шыққан ізбасар толқыны «халық жауы» деген жалған жаламен бірнеше дүркін күртылып отырғаны мәлім: осынау жойқын «тазартудағы» алдыңғы лекте жойылғандардың қатарында «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан дүниесі және өнер таңдау» оқулықтарын жазған әдебиетші-ғалым Ж.Аймауытов (Қ.Сәтбаевпен Павлодар мектебінде, Семей семинариясында жеті жыл бірге оқыған), тұңғыш есеп кітабын жазушы М.Дулатов, халқымыздың сауатын ашқан ғұлама Ахмет Байтұрсынов бастаған «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» маңдайалды үлкен сапаларымыз жер жастанғанын енді ғана ашық айта бастадық; солардың соңын ала, екінші, үшінші толқында шежіреші ғалым, Түркісібті салушы темір жол инженері М.Тынышпаев, Текелі кенішін тұңғыш ашушы инженер-геолог Мерғали Қалдыбеков (Кодаленко), қазақ тарихын алғаш түрде негіздеген С.Аспандияров, ғалым-металлург Қартқожа Тоғанбаев, тіл білімінің білгірі Қ.Жұбанов ... сияқты ондаған, жүздеген қарымды білімпаздардың сүйікті ісінен аласталуы – қазақтың жаңа өркендеп келе жатқан ғылымын ерекше ойсыратқаны және де анық. Мұндай опағты жылдары біздің жұрт жүген-құрығын қолына ұстап, жаяу қалған әлей жұтқа теңеген. Біздіңше, рухани жоқтау соның бәрінен де сорахысы және ауыры...», – деп жазды жазушы М. Сәреске [42].

Бұл тұрғыдан қарағанда Қазақстан ғылымы жоғарыда айтылғандай өте қиын жағдайларға ұшырады. КСРО ҒА-ның 1932 жылы құрылған қазақстандық базасында, кейін 1938 жылы КСРО ҒА-ның филиалы (Қаз ФАН), 1940 жылы Ғылым Академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалының кейбір секторларында репрессияға байланысты зерттеу жасауға қабілетті адамдардың қалмағандығы да белгілі. Әйтсе де, бұл ортадан шетте жүрсе де, елім, жерім, Отаным деушілер сол кезде де табылған. Басына төнген қатерден, от пен судан қорықпай Қаныш сияқты ерлер күрес сахнасына шыққан.

Сөйтiп, Қаныш 1941 жылдың басында жоғарыда айтқан филиал құрамында ұйымдастырған Геологиялық ғылымдар институтына (ГҒИ) директор болып тағайындалады. Осы кезден бастап, оның Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау жылдарында ұйымдастырушылық қабілетімен қатар таза ғалымдық дарыны да ашыла түседі. Оны мына мысалдан айқын байқауға болады. «...Далалық ізденіске аттанған экспедициялардан кең көлемде келіп жатқан кен үлгілерін жедел зерттеп, химиялық құрамын анықтау қажеттігі туған; лаборатория жетекшісі болса, тиісті реагент жоқтығын сылтауратып, анализ қорытындысын үнемі кешіктіре берген, Қаныш Имантайұлы әріптестеріне бір жолы: «Алматы сияқты үлкен қалада отырып, пәленше реагент жоқ деуіңіз ұят-ақ кой!» – деп, сірә, кәсіби намысына тиіп, мүдделі іске жөн көрген шығар. Қарсақпайда бір жылы анализ жасауға спирт болмай қалғанда, И. И. Гехт деген химиктің комбинат қоймасынан бір жәшік лак тауып әкеп, қажет реагентті содан бөліп алғанын әңгімелеп береді. Лаборатория меңгерушісі кенет бұлқан-талқан болып: «Мен ғылым кандидатымын, әмбе академиялық институтта істеймін. Демек, сіз айтты деп, салиқалы химик басыммен жабдықтаушы бола алмаймын. Жұмысым ұнамайды екен – өзіңіз маған үлгі еткен Гехтыңызға жасатыңыз!..» – деп есікті қаттырақ жауып шығып кетеді. Нәтижесінде ГҒИ –дағы төрт кандидаттың тағы біреуімен қоштасуға тура келген. Оның орнына туу Қарсақпайдан ғылыми дәрежесі жоқ химик И.И.Гехт шақырылады. Бұл кісі келісімен-ақ лабораторияның анализ жасау жұмысы шынайы академиялық деңгейге көтеріліп, кен үлгілерінің құрамын анықтау жайындағы бұрынғы сөзбұйда біржола тыйылады. Иосиф Израилович Гехт болса кейіннен диссертация қорғап, ГҒИ ұжымында ұзақ жылдар еңбек еткен...» [43].

Сондай-ақ, Қаныш Имантайұлы бұл жылдары институтқа қызмет істеуге Одақ көлемінде есімі таныс, білгір ғалымдар И.И.Бок, Г.Ц.Медоев, И.П.Новохатский, Е.Д.Шлыгин, Г.Л.Кушев сияқты ірі геологтарды шақырған. Тіпті, ғылым докторы Н.Г.Кассин мен бір кездері «Сарыарқа білгірі» атанған М.П.Русаковты да Алматыда жұмыс істеуге көндiрген.

Осындай іргелі істері үшін, соғыс жағдайында Отан қорғауға қажетті ғылыми жұмыстарды өрістеткені үшін 1942 жылы Бүкілодақтық аттестациялау комиссиясы (ВАК) оған Үлкен Жезқазғанды мәлімдеу, таныту жолындағы жариялаған ілгерлі еңбектері негізінде ешқандай қорғау, сынақсыз геология – минаралогия ғылымдарының

докторы, араға жыл салып корреспондент – мүше атағын береді. Ал 1946 жылы КСРО Ғылым Академиясының толық мүшесі, яғни академигі болып сайланады. Сөйтіп, Шығыстан шыққан қазақ перзенті қатып жатқан сен мұзды бұзып жара өз күшімен бұрын-соңды ешкімнің қолы жете бермеген үлкен табыстарға иек артады.

Қанекеннің мұндай ірі табыстарға жету сырын, онымен көп жылдар бойы қызыметтес болған, Енбек Ері, академик Д.В.Наливкин: «Қаныш Имантайұлы – ғылымның шынайы көшбасшысы еді. Қандайда жұмысты, мейлі кішігірім іс болса да, ол араласқан жағдайда бірден-ақ соның жетекшісіне айналып, әлгі шаруаның өзі де маңызы зор әлеуметтік мәселе боп көркейіп шыға келетін...» немесе екінші бір ғұлама академик Д.Н.Щербаков: «Қ.И.Сәтбаевты мен өте жігерлі, екі ұдай сөзге жоқ бірбеткей және терең де парасатты мемлекеттік танымға ие тұлға ретінде ғана білемін. Қаныш Имантайұлының ғылыми кеменгерлігі ерекше кең болатын, бірден-бір оңды бағытты таңдаған соң-ақ ол өзі дұрыс құлшына кірісетін-ді. Қазақстанның ұшы-қиырсыз даласында туып, қатан табиғаттың ыстық-суығына әбден пісіп-қатқан ол тіршілік үшін күрестің қандайынан болмасын бастартпайтын және жеңіске жеткенше тоқтатуды білмейтін қайраткер еді», – деп жан-жақты ашып, көрсетіп берген.

Енді, біраз артқа шегініс жасап, Қаныш Имантайұлының қалай Қазақстан ғылымының көшбасшысы атанғанына назар аударсақ онда мынадай жайларға тап боламыз: «Сәтбаевтар отбасы Алматыға көшіп келген күннің ертеңінде-ақ, шамасы бұл 1941 жылғы шілде айының 2–3 жұлдызы, Қаныш Имантайұлы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшысына шақырылып, ғылыми филиалдың да басшылық міндеті (академик Григорьевке орынбасар болып, анығында Иван Федорович төрағалық құзырын да белсене атқармағанына қымсынып, екі жылдан кейін өзі сұранып біржола босанған) де қоса жүктелгендігі ескертілген. Қысқасы нақ сол күннен былай қарапайым іздеуші геолог Қ.И. Сәтбаев Қазақстан ғылымының бірегей басшысы болып тағайындалған.

Бұл болса Жезқазған барлаушысының кәперінде жоқ, ешқандай ойламаған, болжамаған шаруа. Өзіне кәміл мәлім геологияның ғылыми бағыт-бағдарынан теріс лағып адаса қоймасына сенгендіктен де ГҒИ – ға жетекшілік етуге әрең келіскен-ді, ал мына іс – бүкіл республика ғылымының төрінде отырып, оның сан тарам күрделі саласына жауапты болып, сан алуан қылық-мінезге ие, өз ілімінің қатпарлы сыры мен қырын жетік білетін профессор-докторларға жөн – жосық айту... жо-

жоқ, өңінде түгілі түсіне кірмеген шаруа. Бірақ, ешкім: «Байқап көресіз бе?», – деп сұраған да жоқ, осы міндетті де сізге жүктейміз және сенеміз дегендей емеурінмен діттей айтты. Сөз сонымен тәмамдалып, Ұлытау қиырынан ел мерейін көтерген атақ-абыроймен оралған марқасқа азамат қырықтың қырқасына жаңа ілінген қайратты шағында, Қазақстандай алып республиканың сан-салалы ғылымының бас бағбаны һәм көшбасшысы болып тарих сахнасына шықты » [44].

Осы кезден бастап, Қаныш Имантайұлы өзіне тапсырылған міндеттерді адал да уақытылы орындай отырып, Қазақстан ғалымдарының болашағын гүлдендіру жолында жаңа қадамдарға жол ашты. Ол енді қазақ ғалымдарының алдына, өз алдына жеке ұлттық академия ашу мәселесін қойды. Бірақ, олардың арасында «Небәрі төрт-бес институт, алты секторға сүйеніп, дербес ғылым ордасы туралы сөз қозғау – қияли адамның арманы» деген өсек-аяң өрбіді. Алайда, осының бәріне қарамастан ол алған бетінен қайтқан жоқ. Қашан ойлаған арманына өзі де бел шешпей еңбек етті. Басқалардан соны талап етті.

Сөйтіп, өмірінің 15 жылын Жезқазған жерінде өткізгеннен кейін, Геологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры болып тағайындалуына байланысты 1941 жылы Алматыға ауысады. Бұдан кейін соғыстың сұрапыл жылдарында, яғни 1942 жылы бар болғаны 38 күн ішінде Сәтбаевтың басқаруымен болған жанқиярлық еңбектің нәтижесінде Жезді жерінде марганец кені ашылды. Сөйтіп, стратегиялық аса қажетті шикізат Урал қара металлургиясының орталығына жеткізіліп, қамтамасыз етілді. Бұл да өз алдына теңдесі жоқ ерліктің, тылдағы ерліктің ең жоғарғы түрлерінің бірі еді. Жезді кен орны марганецтің 70,9 пайызын беріп отырды, яғни 10 танктің 7-нің құрыш сауыты осы кен орнының металымен қапталды, әрбір 10 оқтың 9-ын Қазақстан қорғасыны, әрбір жез гильзаның үштен бірі де Қазақстан мысынан жасалынған.

Сол жылдарда Қ.И.Сәтбаев аса зор ғылыми жетістіктері үшін ресми диссертация қорғамай-ақ, геология-минералогия ғылымдарының докторы деген дәрежеге ие болды. Әртүрлі қиыншылық атаулыны жеңе отырып талантты ғалым, соғыс әсерінен зор зардап шеккен қиын экономикалық жағдайдың өзінде Қазақстан ғылымының орталығы – Ғылым Академиясының ашылуына көп күш жұмсады. 1946 жылдың маусым айының 1 жұлдызы Ғылым Академиясының құрылған күні болып тарихқа енген. Сол күні халқының сүйікті азаматы болып танылып үлгерген Қаныш Имантайұлы Сәтбаев бірауыздан Қазақ Ғылым Академиясы-

ның тұңғыш президенті болып сайланды. Сол жылы Одақтық Академияның толық мүшесі болып та сайланды, яғни Қ.И.Сәтбаев қазақ ұлтынан шыққан бірінші академик қана емес, бүкіл Шығыстан шыққан алғашқы академик болды [45].

Қ.И.Сәтбаевтың бұл ерлікке пара-пар ешқашан ұмытылмайтын ұланғайыр істері туралы «Абай» журналына берген сұқбатында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Сыпыра жетімсіздік жайлаған жағдайда оның ІІ институтты тыңнан ашуға ұсыныс жасап, соларды 1944–1945 жылдар аралығында жүзеге асыруы – іскерліктің шыңы дерлік қайраткерлік. Сайып келгенде бұл соғыстан кейінгі алғашқы жылда-ақ ҰҒА – ның шанырағын жедел көтеруге негіз болған. Сондықтан да біз Қ.И.Сәтбаевты ұлттық ғылым ордасының іргесін қалап, тұңғыш президенті атанған ғұлама деп ардақ тұтамыз. Бас-аяғы төрт-бес жылда ұлттық ғылымның басшысының Қазақстаннан өзге екі академияға, КСРО ҒА-ның толық және Тәжік ғылым ордасының құрметті мүшесі болып сайлануы – қазақ ғылымының ғұлама білгірлігін танудың айғағы. Шынтуайтын айтқанда, Қаныш Сәтбаевқа дейін де, кейін де бірде-бір қазақ ғалымы мұндай құрмет-мәртебеге жеткен жоқ!..

Менің кәміл сенген ойымша, дархан өмір тарихи кезеңдерде тұмысы бөлек біртуар жандарды алға шығарып, оларға елдің, иә болмаса аса мәнді істің тағдыр-талайын жүктеуі – заңды құбылыс. Осы жөнмен таразылағында, Қ.И.Сәтбаевтың қазақ ғылымының көш басы болуы – ұлтымыздың бағы, оның алып та кемел тұлғасы – келешектегі жолымызға рухани-ғылыми нұсқа десем, сірә, асыра бағалау емес...», – деген ойлар айтқан болатын [46].

Ал, оның металлогения мектебінің негізін қалаушы ретіндегі қызметі туралы химия ғылымдарының докторы, профессор Алтынбек Нұхұлы: «Қ.И.Сәтбаевтың тарих беттеріне алтын өріптермен жазса да артық болмайтын ғылыми еңбектерінің бірі – ол Орталық Қазақстанның кешенді металлогендік және болжамдық картасының дүниеге келуіне тікелей басшылық жасап, ат салысқандығы. Бұл картаны жасап шығару еңбегі – оны Қазақстандағы металлогения мектебінің негізін қалаушы етіп қана қойған жоқ, ол сол кездегі Одақ көлемінде, тіпті әлемдегі металлогения ілімінің алғашқы кірпіштерін қалаған азамат етті. Бұл Сәтбаев және оның шәкірттері мен қызметтес серіктерінің үлкен де зор ғылыми жетістігі еді. Болжамдық карта әділ бағасын 1958 жылы алды, яғни осыдан 16 жыл бұрын «Жезқазғанның мыс кендері» деп аталған еңбегіне берілген Мемлекеттік сыйлығының қатарына, сол

кездегі ең жоғары сыйлық қосылды. Бүгінгі күні ойлап қарасан, Қанекеннің еңбектері Нобельдік сыйлыққа да лайық екен. Тек қана Үлкен Жезқазған емес, сонымен қатар Қазақстандағы тағы да басқа кен-қазына орындарының ашылуы, Қаратау фосфориті, Қостанай мен кенді Алтайдағы темір және марганец, Қарағандыдағы металлургиялық зауыт, Жезқазған жеріндегі ірі өндіріс орталықтарын сумен қамтамасыз ету мақсатымен Сарыарқаның кең даласына Ертіс –Қарағанды каналының құрылысына және т.б. зор еңбек сіңірді» [47].

Байқап отырғанымыздай бұл тарауда Қ.И.Сәтбаевтың өмірінің ең бір негізгі кезеңдері қаралып, оның Қазақстан ғылымына қосқан ерекше еңбектері сөз болды. Үлкен Жезқазғанның Алматыдағы қарапайым инженер ретінде келген жас геолог, араға көп уақыт салмай-ақ халық аузына үлкен ұйымдастырушылығымен қатар дарынды ғалым ретінде де ілігіп, соғыс уақытына сай кең масштабты жұмыстар жүргізілуінің арқасында, Қазақстан ғылымын айналдырған бес-алты жылдың өзінде-ақ «бас айналарлық» үлкен табыстарға жеткізді. Соның нәтижесінде Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясы құрылып, өркениетті дүниежүзі халықтарының қатарына қосылды. Әсіресе, Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында неміс-фашист басқыншыларын жою жолында жер асты қазынасымен, жер үсті байлығымен де, майданда да, тылда да жан аямай үлес қосқан республикалардың бірі болды.

### 3. Даналық туралы толғамдар

Халық даналығы «Көп өмір сүргеннен емес, көп біліп, көргеннен сұра» дейді. Шындығында, сексенге келіп селкілдеп отырса да, халқына бір тиын пайда тигізбей, өз жеке қарақан басының қамымен өткендер де, елуге келіп елпілдеп жүрсе де халқы үшін қызмет етіп, атақ-даңққа бөлегендер де бар. Бірақ, өкінішке орай, әдетте алғашқыларынан соңғылары аз болады. Тегі «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген осы болар. Кезінде «Ақыл жастан, асыл тастан» дегендейін отыз жасында орда бұзып, қырық жасында ел басқарған Қаныш Имантайұлы да осындай жан болған. Ол туралы көзінің тірісінде де, кейін де замандастары мен кейінгі толқын ізбасарлары жақсы пікір, ой-толғамдар айтып, жазып жас ұрпаққа үлгі-өнеге боларлықтай мол рухани мұра қалдырған. Енді солардың қайсыбіріне тоқталып көрелік.

Халық қаһарманы, көрнекті энергетик – ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының Қаныш Сәтбаевтан кейінгі 1964-67 жылдардағы прези-

депті Шапық Шөкин оның талантты шәкірті болған. Кезінде елімізде электрлендіру саласына мол үлес қосып, ГЭС-тер мен ГРЭС-тер салу ісіне ерекше назар аударған. Ал, ол өзінің «Академияның алғашқы президенті» деген мақаласында Қ.И.Сәтбаевтың жалпы адамгершілігі мен іскерлігі, дархан дарыны туралы: «Жұрт ол кісіге үйір болды. Оны баяғыдан бері білетіндер де енді-енді көрісіп, бірер ауыз тілдескендер де игі жақсының шарапатына разы болып, жаны жайланар еді. Шыққан тегі атақ-дәрежесіне қарамай Қанакен кез келген кісінің көңілін аулайтын, жылы сөз дайын тұратын. Көп адамдар: кездейсоқ кісі де, Академияның қатардағы дәйекшісі де оны жақын досымыз деп есептейтін. Оның тірлікте ең басты қуанышының бірі – адамдармен араласып, емін-жарқын сөйлесу еді. «Жақсыда жаттық жоқ», – дейді халық, мейірім шарапаты жүзінен төгіліп тұрған Қанекеннің маңынан жұрт үйіріліп шықпайтын, оның ізгі жаны содан зор ғанибет тапқандай болатын.

Жастайынан тікелей өндірісте істеген Қанекен академиялық зерттеулер қажеттігін жұрттың бәрінен де тереңірек түсінетін. Сонда ол іргелі ғылымға зиян тигізбеу жағын қарастыратын, Қанекен оның дамуына елден ерек, айырықша маңыз беретін. Практикалық және теориялық жұмыстарды шебер үйлестіру – Республика Академиясы ғылыми проблемаларының шеңберін айқындау ісінің негізі болған принцип, міне, осы еді. Сәтбаев басшылық еткен Геология институтындағы ғылыми жұмыстың жартысы геологиялық – барлау ұйымдары мен шаруашылық келісім-шарттар бойынша жүргізілетін. Академиялық институттарды тұтас алғанда, шаруашылық шарттармен жасалатын тақырыптар үлесі – ол президент болып істеген жылдары бүкіл ғылыми жұмыстың үштен біріндей болатын. Сәтбаевтың энциклопедиялық білімі, өндірістің келешек қажетін алдын-ала көріп білетін қабілет-дарыны Академияның негізгі ғылыми күшін жұмсаудың басты бағытын іс жүзіне дейін айна-қатесіз таңдап алуға мүмкіндік беретін», – деп жазған. [48]

Қаныш Сәтбаевтың екінші бір шәкірті, тұстасы әйгілі тарихшы-археолог ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі Әлкей Марғұлан. Қазақстанның көне заманнан бергі тарихын ақтарып, көптеген асыл мұраларымызды кері қайтарған, Шоканды, оның баға жетпес ғылыми еңбектерін зерделеп, бүгінгі ұрпаққа жеткізген асыл азамат. Қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын тереңінен зерттеп, тілі мен дінінің, ділінің жоғалмауына көп үлес қосқан, сол үшін кезінде қудаланған да, бірақ алған бетінен қайтпай, қолға алған ісін сонына дейін жеткізе білген санаулы ғалымдарымыздың бірі осы Әлкей Марғұлан ұлы ғалым тура-



лы жазған «Зерек баладан – заңғар ғалым» деген еңбегінде оның жастық шағына, туған ортасына, қоршаған адамдарға былайша баға береді: «...Семинарияны бітірген соң (Семейдегі) 1918–1919 жылдары Қаныш Семей қаласындағы екі жылдық педагогика курсының оқытушысы болып тағайындалып, онда жаратылыс пәнінен сабақ береді. Бірақ семинариядан алған білімге көңілі көншімей, енді жоғары білім алуды көксейді. Қандай оқуға бару туралы ағасымен екеуі көп толғанады. Ағасы Әбікей Сәтбаев Қаныштың аса жақсы көріп, қадірлеген адамының бірі. Қаныштың есеюіне, білім алып, маман болуына ол кісінің сіңірген еңбегі аз болмаған. Революция қарсаңында Әбекеннің Томск университеті профессорларымен байланысы өте жақсы болатын еді. Университет профессорларының Алтайға, Қарқаралы, Баянауыл тауларына экспедицияға бара жатқандарының Семейдегі Әбекеннің үйіне соқпайтындар кемде-кем болатын. Олардың ішінен Г.Н.Потанин, В.В.Сапожников, М.А.Усов, А.В.Адрианов, А.В.Анохин тағы басқалар болатын. 1918 жылы Әбекен олармен кездескенде інісі Қанышты қай жерде оқытуды айырықша білгісі келеді. Профессор М.А.Усов бұл кісінің үйінде қонақта жатып, жас жігіт Қанышпен танысып, оның жоғары оқуға баруға талаптанғанын қатты ұнатады.

– Бұл ініңіздің оқитын бір-ақ жері бар, – дейді профессор М.А.Усов – ол Томскідегі технология институты. Соған түсірейік, жақсылап дайындаңыз. Ол институтқа түсу үшін жас абитуриент математика мен физиканы еркін білуі керек, геологиядан хабары болуы керек. Біраз дайындықтан кейін Қаныш комиссия алдында қасқая емтихан тапсырып, институтқа түседі» [49].

«Қаныштың студенттік шағы». Міне, дәп осылай деп аталатын мақаланың авторы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор В.А.Хохлов кезінде Томск технология институтында палеонтология және тарихи геология кафедрасында дәріс берген, яғни Қаныштың да алғаш ұстаздарының бірі болған. Ол өз еңбегінде Қ.И.Сәтбаевтың студенттік шағын былай деп еске алады: «Бұл өзі оқуға жан-тәнімен құлшынған, момын, кішіпейіл студент болатын. Жалпы геология жөніндегі сабақтарда ол М.А.Усовтың тамаша лекцияларын құмарта тыңдады. Менің лекцияларымда да оның қызыға тыңдағанын қуанышпен еске аламын. М.А.Усов оқыған жалпы геология курсының геологтар даярлау үшін ерекше маңызы болды. Бұл курс ғылымның шалқар өрісімен, терең тұңғиығымен, оның мемлекеттік мәні зор кезектегі міндеттерімен таныстырды. Мұндай курсты үйренуден студент жүрегінде ұшқын тұта-

нады, оның білім бұлағынан сусындауға ынтасы артады. Енді оған бірыңғай лекциялар жеткіліксіз, сөйтіп, студенттің ғылыми және көпшілік әдебиетке деген құлшынысы пайда болады.

Қаныш Имантайұлының басынан, міне, осындай оқиға өтті. Ол арнаулы әдебиетті оқуға бүтіндей ден қойды, кешкі уақытын ылғи соған бағыштады. Бірде мен оған кафедра кітапханасын қарап көрші дедім, Вальтердің «Шөл даланың пайда болу заңдары» деген кітабын оқуға кеңес бердім. Осы кітапты қайтарарда ол әлгі кітапты әбден мақтап, маған көптеген сұрақ қойды. Ол өзіне жақсы мәлім Қазақстанның кейбір территориясының жер бедері пайда болуын ұғынуына кітаптың көмектескенін айтты.

М.А.Усов десе студенттер ішкен асын жерге қоятын, ал оның геологиялық әр түрлі мәселелері жөніндегі лекциялары жастар жүрегін баурап әкететін. Қ.И.Сәтбаев палеонтология мен тарихи геология курстарын зор ынта қойып оқыды.

Екінші курстан кейін М.А.Усовтың дала жұмыстарына қатысты. Ол өз ұстазының жайдарлы мінезін, оның бақылағыштығын, табиғат құбылыстарының терең мәнісін қарапайым түрде түсіндірерлік ерекше қабілетін жақынырақ білді. Ғылымның өмірімен байланысын ұғыну – міне, М.А.Усовтың шәкірттеріне дарытқан қасиеті осындай. Бұл қасиет Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа да дарыған еді. Бұған институттағы жағдайдың өзі септігін тигізді, мұнда күллі ғылыми құрам Сібірді зерттеу жөніндегі өндірістік жұмыстарға қызу ат салысып, жұрттың бәрі шабытпен қажырлы еңбек етуі жастарды да баурап әкетті.

Ғылыми баяндамалар, курс және диплом жұмыстарын орындау кезіндегі консультациялар студенттің ой-өрісін кеңейтіп, оны геологиялық документтерді талдауға, тиісінше қорытындылар жасауға үйретті.

Институтты бітірер кезде менімен әңгімелескенде Қ.И.Сәтбаев М.А.Усовтың ғылыми-педагогикалық қызметіне өте жоғары баға берді» [50].

Кезінде ұлы тұлға ғылыми мәселелердің барлығын бір-біріне байланыстыра, бөле – жармай жүргізуді, яғни химиялық зерттеулерді, металлургияны, ауыл шаруашылығын және Қазақстан халық шаруашылығының басқа да салаларының өркендеумен байланыстыруға тырысты, соған сәйкестендіре жүргізді. Өз жеке басының қасиеттерін, көпшіліктің жұмыстарын шешіп беру үшін жұмсады. Бір сөзбен айтқанда, әкесінің емес, халқының ұлы болды. Оның осындай жеке басының кейбір ерекшеліктері туралы көп жылдар Қ.И.Сәтбаевпен қызметтес болған, танымал химик ғалым, Қазақстан Ғылым Академиясының

академигі, М.И.Горяев былай деп әңгімелейді: «Жасымызда көп айырмашылық бола қоймаса да, Қаныш Имантайұлымен бірлесіп қызмет істегенде мен одан көп нәрсе үйрендім. Оның ұйымдастырушылық таланты зор еді және онысын ұдайы жетілдіріп отыратын. Өз жұмысында, шаруа басты болғасын ба, еңбекті ғылыми ұйымдастыру әдісін қолданушы еді. Жүйелеп, жоспарлап отырмаса көптеген іс назардан тыс қалған болар еді. Қаныш Имантайұлы қызметіне басқа жұрттан бұрын келетін, ал директорлардың бірі немесе өзінің жақын көмекшілері жұмыста болмай қалса, оның себебін түсіндіруді талап ететін. Күн сайын таңертең жұмыс басталар алдында ол сол күні тындырмақ істерінің тізімін және көмекшілеріне жүктейтін көптеген тапсырмалары жазылған бір парақ қағазды қолына алатын. Ол тапсырған істі орындамауға болмайтын еді. Өтініш-арызбен келген адамдардың бәрін сергектікпен және жылы шырайлы қабылдау Қаныш Имантайұлының жұмыс стилі болатын, ол әсіресе, академияда жүргізіліп жатқан ғылыми жұмыстарға көп күш-жігер жұмсайтын. Жұмысқа байланысты қай мәселемен болсын алдына келе қалса да Қаныш Имантайұлы істің жайын егжей-тегжейлі сұрастырып, ақыл-кеңес беріп, көмектесерлік шешім қабылдайтын. Мұндай жұмыс стилі бүкіл Президиумның жұмыс стиліне айналды» [51].

Қ.И.Сәтбаев өз халқының болашағына кәміл сенген. Сондықтан да қай бір іске болмасын жанын салып, қызмет істеген. Ол қарапайым кен инженері, кейін белгілі ғалым, қоғам қайраткері дәрежесіне жеткен кезінде де осы бойындағы асыл адамгершілік қасиетін жоғалтпаған жан. Тікелей өзіне тиісті істермен қатар ол қоғамдағы басқа істерге де белсенді түрде қатысып отырған. Оның бұл қасиетін кезінде өзімен бірге қызметтес болған әріптестері жақсы меңгерген. Мәселен, белгілі геолог-ғалым, тектоника маманы, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі Р.А.Борукаев оның қоғамдық қайраткерлігі жайында: «Сәтбаев мемлекет көлеміндегі үлкен адам әрі қайраткер болды. Ғылымның мүдделері ешқашан өз мамандығы шеңберінде ғана шектелмеуші еді. Ол еліміздің және, әсіресе, Қазақстанның халық шаруашылығын өте жақсы білетін. Онымен кездескендердің бәрі, тіпті еліміздің ең ірі ғалымдарының өздері де Қ.И.Сәтбаевтың білімінің кеңдігіне, ғылымның көптеген саласынан оның ғылыми мағлұматының молдығына әрқашан таңқалушы еді. Қандай проблеманы болса да әрқашан егжей-тегжейіне дейін талдай білу және қолма-қол нақты шешімге келу Қаныш Имантайұлының қызметіндегі ерекше қасиет болатын.

Қазақстан Халық шаруашылығын дамытудың маңызды шараларының бәрі Қ.И.Сәтбаевтың тікелей қатысуымен шешілді. Ол республиканың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуда айырықша көңіл бөлді. Республикада жүзеге асырылған шаруашылық шараларының көпшілігін ол жанын сала жақтады. Үлкен ақыл мен ой-пікірдің иесі – ол ірі проблемаларға айрықша назар аударды. Қандай да болса бір маңыз алатын халық шаруашылығы шараларының ол қатыспаған бірде біреуін табу қиын.

СССР және Қазақ ССР Жоғарғы Советтерінің депутаттары ретінде Қаныш Имантайұлы зор жұмыстар жүргізді. Оның алдына қойылған өтініштердің бірде-біреуі жауапсыз қалған емес. Қарапайым адамға қамқорлық, сергектік пен кішіпейілдік Қаныш Имантайұлының бойына тән қасиет болды. Халықтың оны сүйіспеншілікпен Қаныш-аға деп атағаны да сондықтан еді.

Ғылым Академиясы президиумының, ғылыми советтердің және ғылыми конференциялардың Қ.И.Сәтбаевтың председателдігімен өткен, қандай да болса ғылымның түйінді проблемалары талқыланған мәжілістері әрқашан ғылыми өмірдің маңызды оқиғасы болды. Ол мәжілістер нысаналық пен бағыт берушіліктің үлгісі, ғылыми басшылықтың және үлкен проблемаларды шешу үшін ғылыми күштерді реттеудің жақсы мектебі еді», – деп көсіле әңгімелейді [52].

Қ.И.Сәтбаев өмірінің қандай кезеңдерінде болмасын алған бетінен қайтып, мойыған жан емес. Ол нақаттан жала жабылып, Ғылым Академиясының президенттігінен алынған тұстарда да, өзінің сүйікті мамандығы геология ғылымын одан әрі жетілдіре түсу жолында талмай-қажымай еселі еңбек етті. Оны Қаныш Имантайұлының талантты шәкірттерінің бірі, академик Айтмұхамед Абдуллиннің «Қазақстан геологиясының атасы» деген жүрекжарды еңбегінен айқын байқаймыз: «1952 жылы Қ.И.Сәтбаев билік басындағыларға жіберілген мүлдем жалған қастердеме негізінде өзі құрған Ғылым Академиясы басшылығынан босатылып, тек қана Геологиялық ғылымдар институтының директоры қызметінде қалады. Өзіне деген сенімнің осылайша кенеттен шиеленісуі жағдайында Қаныш Имантайұлы өз рухын төмендетпеді, керісінше, ол өзінің бүкіл хам-қаракетін геологиялық ғылымды ілгерлетуге арнады, сөйтіп Орталық Қазақстан бойынша сол кезге шейін жинақталған бүкіл металлогениялық материалдарды тұңғыш рет сараптау мәселесіне арналған ұланғайыр шараларды ұйымдастыра отырып, сол жұмыстарға бағыт-бағдар сілтеді, оларға өзі де тікелей аралас-

ты. Мұның нәтижесінде аздаған мерзім ішінде – бар болғаны 2–3 жыл аралығында – жалпы ауданы екі Франция территориясына пара-пар болатын республиканың ауқымды өңірінің болжам-металлогениялық карталары жасақталды. Бұл карталарды жасақтаудың басты-басты принциптерін Қ.И.Сәтбаевтың өзі анықтаған болатын. Осы бір өте ірі ұжымдық жұмыс мұқият зерттелген шындыққа сәйкес келетін факторлар негізінде Қазақстан металлогениясын теория тұрғысынан негіздеуге, руда қалыптасу кезеңдерін және кен орындарының орналасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Бұл карталар тек қана Совет Одағында емес, бүкіл дүние жүзі бойынша тұңғыш жасақталған минералды шикізат кендерінің болжам-металлогениялық карталары болатын, бұл жайт, 1958 жылы болып өткен бірінші Бүкілодақтық металлогениялық жиналыста бір ауыздан мақұлданды. Қаныш Имантайұлының басшылығымен аталған карталар дайындалу барысында Геологиялық ғылымдар институты қабырғасында Қазақстан металлогенист-ғалымдарының ұйымшыл да білімпаз творчестволық ұжымы қалыптасты. Ал, институттың өзі ондаған жылдарға геологиялық ғылым тарапынан берілген бұл жоғары баға, ең бастысы Қаныш Имантайұлы топтастырған творчестволық тұрғыдан білікті ғалымдар ұжымы оған деген тағы бір ескерткіш десе де болғандай» [53].

Шындығына келсек, халықтар тарихында жекелеген адамдардың рөлі ешқашан зор дақпырт-даңққа ие болмаған. Бірақ, кейде ғасырына бір рет болса да өз туған халқының атағын дүние жүзіне паш еткен жеке тұлғалар туған. Құдайға шүкір, ондай алыптар қазақ халқының арасында баршылық. Соның бірі ХХ ғасыр перзенті атанып отырған Қаныш Имантайұлы. Ол туралы ірі геолог-палеонтолог –, КСРО ҒА-ның академигі Д.В.Наливкин былай дейді:

«Қаныш Имантайұлы ғылымның басшысы болды. Қандай жұмысты бастаса да, оның көлемі қандай болғанына карамай, ол әрдайым сол жұмыстың, сөзсіз, басшысы болды, сондықтан да жұмыстың құны арта түсті.

Тіпті, жас шағында-ақ ол Жезқазғанды – сол кезде әлі тың, беймәлім, бірақ көп үміт артуға болатын кенішті зерттей бастады. Зерттеу партиясының жай бастығынан ол барлық жұмыстардың жетекшісіне дейін өсті, бұларды ол тек ұйымдастырушы ретінде ғана емес, сонымен бірге теоретик ретінде басқарды. Бұл кеніштің пайда болу тегі туралы оның түсініктерімен таласуға да, келісуге де болатын еді, бірақ бұл түсініктер өз дегенін істеді, ғылыми базаға айналды, одан Үлкен

Жезқазған өсіп шықты. Ал, ең басты жұмысты Қаныш Имантайұлының өзі істеді, немесе оның басшылығымен істеді. Жезқазған деген сөз әрқашан Сәтбаевтың есімімен байланысты болмақ.» (54)

Қ.И.Сәтбаевтың сан қырлы қасиеттерін айта берсек талай құнды еңбектерге татырлық өнегелі материалдар тауып, жалғастыра беруімізге болады. Мұның өзі кең ауқымды жеке зерттеуді қажет ететін тақырып. Сондықтан, бұл тұрғыдан соңғы сөзді қазақ әйелдерінің арасынан шыққан алғашқы биология ғылымдарының докторы, академик Найля Базанованың Қаныш Имантайұлының жастарға деген қамқорлығы жайында жазған «Өнегесі өзгеше-тін!» деген мақаласынан үзінді ұсынбақпыз.

«1944 жылдың бас кезінде Қаныш Имантайұлы мені шақырып алып (ол кезде мен Ғылым академиясының филиалы жүйесінде қызмет істейтін едім) Москваға докторантураға, академик Лина Соломонова Штернге баруды ұсынды. Бірақ мен соғыс кезінде кішкентай қызымды көтеріп, докторантураға бару үлкен қиындық келтіретіндіктен бұл ұсынысты қабылдай алмадым.

1944 жылы жазда ол тағы да мені өзіне шақырып алып, қайткенде де докторлық диссертация жазумен айналыс деген ұсыныс жасап, профессор Александр Порфирьевич Полосухинге маған ғылыми кеңесші болуды өтінді. Кейін мен оның басқа да көптеген жолдастармен докторантураға жіберетін кадрлар іріктеу жөнінде жанағыдай әңгімелер өткізілетінін естіп білдім».

Иә, ғасыр перзентінің жастарға деген қамқоршылығы мол болған. Ол өсіресе, қазақ жастарының арасынан ғылым-білімге икемділерін іздеп тауып, қолұшын беріп отырған.

Сонымен, біздер «Даналық туралы толғамдар» деп аталатын бұл соңғы бөлімімізде қазақ халқының біртуар азаматы Қ.И.Сәтбаев туралы әр кездері, түрлі жағдайларға байланысты жазылған естелік, эссе, еске алу сияқты зиялы қауымның еңбектерімен аз да болса таныстық деп ойлаймыз. Бұл жерде біздер ол адамдардың жазғандарынан үзінділер келтіре отырып, ғасыр перзентінің жеке басының ерекшелік сипаттарын беруге тырыстық.

## 9. АҚЫЛДЫҢ КЕН-МӘЙЕГІ (Әлкей Марғұлан)



Әлкей Хақанұлы Марғұлан 1904 жылдың 11 мамырында Ақпекті болысының 2-ші ауылында (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданы) дүниеге келді. 1920 жылы ол Павлодардағы мұғалімдер курсы бітіріп, мектепте сабақ береді. Ал 1921 жылы Семейдің педагогика техникумына түсіп, 1925 жылы оны үздік бітіріп шығады.

Сол жылы болашақ ғалым Ленинград институтының әдебиет факультетіне оқуға түседі. Онымен бір мезгілде Ленинградтың өнер тарихы университеті мен институтындағы профессорлар В.В. Бартольдтің, С.Ф. Ольденбургтың, И.Ю. Крачковскийдің, Н.Я. Маррдың, А.Н. Самоиловичтің, В.В. Струвенің, Б.Я. Владимирцевтің, И.И. Мещаниновтың лекцияларын тыңдайды.

Институтты тәмамдаған соң Ә.Марғұлан Қазақ ССР-ының Халық ағарту комитетінде жұмыс істейді. Ал, 1931 жылы Ленинградтағы Мемлекеттік материалдық мәдениет тарихы академиясының аспирантурасына түсіп, А.Ю.Якубовский және С.Ф.Ольденбургтың жетекшілігімен Түркістанның археологиясы, тарихы, өнер тарихына маманданады.

Ә.Марғұлан 1936–38 жылдары материалдық мәдениет тарихы институтында ғылыми қызметкер, ал 1938 жылдан КСРО Ғылым Академиясы Қазақ филиалының қызметкері болып істейді. Осыдан бастап оның барлық шығармашылық өмірі КСРО ғылым академиясының Қазақ филиалымен (кейіннен Қазақ ССР Академиясымен) байланыста болды.

Ол Қазақ ССР Ғылым Академиясы Ш.Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтының 1941-1946 жылдары та-

рих секторын, 1946–1951 жылдары археология секторын, ал 1958–1976 жылдары этнография бөлімін басқарады.

1943 жылы Ә.Марғұлан «Историческое значение ярлыков и пайцза» деген тақырыпта тарих ғылымының кандидаттығын, ал 1945 жылы «Қазақ халқының эпикалық аңыздары» деген тақырыпта филология ғылымының докторлығын зор абыроймен қорғап шығады. Ол 1946 жылдан Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, 1958 жылдан академигі, ал 1960 жылдан профессоры атағын алады.

Ә.Марғұлан кең ауқымды ғалым еді. Ол археологиялық ескерткіштердің, сәулет өнерінің тарихын зерттеуге қомақты үлес қосты. Ол тарихшы-өнер зерттеуші, этнограф, филолог, фольклоршы ретінде қазақтар мен Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуге мол еңбек сіңірді».

Анадан ешкім де дана болып тумайды. Бірақ та Әлкей Марғұлан тумасымен, болмысымен, бітімімен, тұлғасымен, содан кейін барып білімімен даналық мәйегінен сусындаған ақылдың кені сияқты. Далада туған даналардың ең соңғы тұяғының бірі – осы Әлекең, академик Әлкей Марғұлан деп білеміз.

Оның ойлау жүйесі, пікір пайымдауы, тұжырымдары, жазу және әңгімелеу мәнері мүлдем өзгеше, тосын құбылыс еді. «Бір өзі – бір академия» атанған ұшан-теңіз білім иесінің ғылымға қосқан үлесі өлшеусіз. Қазіргі республикадағы тарау-тарау жолдарымен даралана дамыған ғылым салаларының баршасының бастау бұлақтарының бір көзі – Әлкей Марғұлан.

Отандық түркология, тарих, этнография, археология, әдебиеттану, тіл білімі, фольклор, тіпті металлургия мен мәдениет тарихы іспетті ғылым салалары туралы сөз қозғалғанда Марғұланның есімі аталмай өтпейді.

Оның ғылым саласындағы, оқу-ағарту жолындағы танымдық материалдары және жарияланбай қалған еңбектері көп. Солардың бірі – «Жұлдыз» журналында жарияланған «Қобызы болған халықтың» атты еңбегі. Яғни, қазақ халқының көне поэтикалық мұрасын жасаушылар туралы жазғаны. Ғалым бұл еңбегінде қазақтың эпикалық поэзиясына тоқталып сол туралы өз ойын оқырманға ұсынады.

Қазақ халқы өз акын-жырауларын қалай құрметтеп, ықылас, ілтипат көрсететінін мақтана айта келіп, оған академик Радлов пен Готовицкийдің пікірін тілге тиек етеді. Ол – қазақ акын-жырауларының тұрмысының өзіндік ерекшелігі бар, қазақ акын-салдары табиғаты жағынан Шығыс Еуропадағы славян халықтарының кезбе акындарына біршама жақын деген пікір айтады.



Ғалым жыраулардың қалыптаса бастауы тайпалық одақтар мен жасақтық тұрмыстың орнығу дәуіріндегі эпикалық поэзияның туындауымен тығыз байланысты. Алғашқы эпикалық бейнелеуді тайпа көсемдерінің моласынан табылып жүрген әскери ат пен қару жарактардан байқауға болады. Бұлардағы ертегілік сюжеттерді ежелгі суретшілер графикалық түрде жасаса, ақынның оны көркем тілмен жеткізуі сөзсіз дүние. Күлтегін жазбасындағы:

*Көзімнің қарашығы мәңгі сөніп,  
Саналы ойым сарпылды, –*

деген жолдардан ежелгі поэтикалық мұраның қалыптасуы жайлы мағлұмат береді деп дәлелдейді.

Бұдан кейін қазақ ақындарын-жырау, жыршы, айтыс ақыны, ақын, өлеңші, қара өлеңші деп бөліп, олардың айырмашылығын, қасиеттерін даралап берген. Осылардың әрқайсысына ақын жанды ғалым тоқталып, табиғатымен таныстырып, осы қасиеттердің өкілдерімен таныстырып кетеді.

Эпикалық сюжеттер мен эпопеялар мұрасын жасаушылардың бірі – Қазақпай деп таныстырады. Оның репертуарында 22 эпикалық поэмалар мен эпопеялар болған. Ежелгі заманның аңызға айналған батырларынан бастап, ХІХ ғасырдағы қазақ батырларына қатысты барлық эпостарды білген.

Соны айта келіп, қобыздың алғашқы үлгілері қандай болды, қалай пайда болды деген мәселелерге тоқталып кетеді. Қобызда орындалатын күйлердің түрлері туралы біраз мағлұмат береді. Поэманың орындалуы, оның құрылысы туралы да біраз деректер келтіреді. Яғни, автор бұл еңбегінде тағы да бір мәселенің көзін ашып, оның кейбір қыр-сырын оқырманға таныстырмақшы болған. Бұл да бір үлкен, қазаққа көзі ашылмай жатқан бұлаққа жол салуы деп білеміз. Осы бір қырынан алғанда Ә.Марғұланның жаңашыл, ізденімпаз ғалым болғанын аңғаруға болады.

Әлкей Марғұланның барлық еңбектері жарық көріп, тарихтан, әдебиеттен өз орнын ала алған жоқ. Оның еңбектері ұшан-теңіз. Болашақ ізденуші ғалымдардың таусылмас азығы десек те артық болмас. Оның осындай еңбектерін жинақтап, баспа беттеріне жариялатып жүргендердің бірі – ғалымның өз мұрагері Дәлел Әлкейқызы.

«Ақиқат» журналында Дәлел апайымыздың құрастыруымен, жинастыруымен «Қазан университетінің кітапханасындағы қазақ қолжазбалары» деген дүниесі жарық көрді. Бұл қазақ мәдениетінің бір ұлы саласына кіретін құнды жинақтардың бір тобы. Мұнда Жаяу Мұсаның

қолжазбасы, яғни оның жүз бет шамасындағы «Күнделік дәптері» болып табылатын асыл мұрасы бар. Бұны Жаяу Мұса 1880 жылы өмір естеліктерін жазып, Қазанға жіберген. Қолжазбаға бірнеше тақырыптар кірген: 1) «Бөрібай хақында». Мұнда 45 жастағы Жаяу Мұса баласы туатын кезде інісі Іскендермен екеуі түн қатып үйіне келе жатқанда жапан түзде қасқыр қамап, сондықтан Бөрібай қояды. Кейінірек Салық аталып кетеді. 2) «Дүние жаратылған оқиғасы». 3) «Кітап Орман илә Олжабай». Осы сияқты қолжазбалар туралы мағлұматтар келтірілген. Сондай-ақ, бізге есімдері әлі бұлыңғырлау акын-жазушылардың әр қолжазбаларынан үзінді келтіріліп, мазмұндарына түсінік берілген. Мысалы, Қазан университетіне қолжазба кітаптарды аса көп жіберген, әсіресе, Жүсіпбек Шайысламулының жіберген 24 қолжазба кітаптарына жеке-жеке тоқталып, түсініктеме беріп кеткен.

Осындай мақалаларының бірі «Найман, Керей, Онгүттердің жазулары» атты еңбегі. Орхон-ұйғыр жазуларын өзіне дәстүр қылған елдер – наймандар, керейлер, онгүт-уақтар, меркіттер, барлығы ерте кезден үкімет құрған кейін қазақ ұлысына кірген тайпалар. Ә.Марғұлан осы тайпалар туралы айтқан Рашид-аддинның сөзін келтіреді. Яғни, олар тарихи заманда саудагерлер арқылы несториан дінін дәстүр етіп, солар арқылы олардың Армениядағы, Сириядағы дін басқармасымен хат жазысып отырған. Керейлер туралы да біраз деректер берілген.

Ең ескі жазудың бірі – «Шыңғысханның нақыл сөздері», оны «Алтын дәптер» не «Білік» деп атаған. Ә.Марғұлан найман, керей, меркіт, онгүттердің түрікше сөйлегенін дәлелдеп берген, яғни, керей, найман түркі тілінде сөйлеген. Кейін олар қазақ пен өзбек ұлысына қосылды. Керей үкіметін баяндайтын атақты жыр «Қамбар батыр» дейді. Автор осы еңбегінде басқа ғалымдардың пікірімен келісіп, дәлел ретінде пайдаланып отырған. Мәселен, ол Рашид-аддиннің «Түрік тайпалары, яғни жалайыр, татар, ойрат, онгүт, керей, найман т.с.с. өзін-өзі басқаратын болғандықтан өздерін монғолмыз деп атады. Ал бұрын олар бұл атты мойындамаушы еді» деген сөзін мысалға келтіреді.

Тарихи заманда жазудан көп үлгі қалдырған елдер – кыпшақтар, наймандар, керейлер. Көне замандағы Шамбалақ, Толас, Жұбаныш, Қара-Хото, Қара-Қорым сияқты қалалар туралы мәліметтер бар. Осы айтқан қалалардың барлығы шаруашылықпен, мәдениетпен, жазу үлгісімен тығыз байланысып отырған. Бірақ оларда сақталып жатқан мәдениет, шаруа, өнер ісі әлі зерттелмей босқа жатыр.

Осымен Әлкей Марғұланның ғылым саласындағы ұшан-теңіз еңбегі аяқталады деген ұғым тұмауға тиіс. Біздіңше, бұл ғалымның еңбектерінің жоғарыдан ескеріліп, толық басылып шығуы кезек күттірмейтін мәселе. Онсыз, Марғұлан сынды даналардың зерттеулерінсіз қазақтың қоғамтану ғылымының үнемі жетімсіреп тұратыны айдан анық.

## 10. КАЗАК ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ АЛЫБЫ (Шапық Шөкин)



*Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы  
Ш.ШӨКИНГЕ ЖОҒАРЫ ЕРЕКШЕЛІК БЕЛГІСІ  
«ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ» АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ*

*Қазақстанның ғылымы мен энергетикасын дамытуға  
сіңірген аса зор еңбегі, жоғары білікті ғылым кадрларын  
даярлауға қосқан үлкен жеке үлесі үшін академик Шапық  
Шөкіұлы Шөкинге жоғары ерекшелік белгісі – «Халық  
қаһарманы» атағы беріліп, айырықша ерекшілік белгісі –  
«Алтын жұлдыз» тапсырылсын.*

*Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев.  
Алматы, 1996 жылғы маусымның 7-сі. [55]*

Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі Шапық Шөкіұлы Шөкин 1912 жылдың қазан айының 1 жұлдызында бұрынғы Семей губерниясы Павлодар уезіне қарасты Ақбеттау болысының 2

ауылында (кейін 10 ауыл деп аталған), қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты С.Торайғыров атындағы ұжымшарда дүниеге келген.

Руы: Арғын... Сүйіндік... Айдабол – Жанғозы – Төлебай – Еламан, Тұрсынбай – Бөзіл – Баймағанбет – Шөкі – Шапық.

Болашақ халық қаһарманы, академиктің балалық шағы өте қиын жағдайда өткен. 1918 жылы 6 жасында әкесі Шөкіден айырылады. Әкесі өлген соң отбасындағы 7 адам жалғыз сауын сиырға қарап қалады. Ол кезде алты баланың ең үлкені Риза 18 жаста болатын. Шешесі болса оларды аштықтан аман алып қалу үшін ел аралап қайыр сұраса, ағалары Риза Оңтүстік-Сібір темір жол құрылысында (Екібастұз маңында) қара жұмыста, одан соң Ақбеттаудың баурайындағы орман шаруашылығында орманшы болып жұмыс істеген. Мұндай қиыншылығы мол өмір олардың отбасында 1923 жылға дейін созылған.

Туыстарының айтулары бойынша, Ш.Шөкиннің әкесі хат танымайтын қараңғы адам бола тұрса да, халық арасында абыройлы, сыйлы, ақылды жан болған. Сондықтан да болар ол өзінің үлкен баласы Ризаны жас кезінде Баянауылдағы екі кластық орыс училищесіне оқуға береді. Әкелері өлген кезде Риза оны бітіре алмай қалып еді. Ол кез үшін сондай білімі бар Риза 1924 жылдан бастап ауылда ақысына ұсақ мал алып, бала оқытуға кіріседі. Тек осыдан соң ғана бұл отбасына шырық бітіп, басқалармен бірге ел қатарлы күн көре бастайды.

1920 жылы күнкөрістің өте қиын жағдайына қарамастан Шапықты туған ағасы Риза, әкесінің немере ағасы Жұмат Досқараев сабақ беретін ауылдың бастауыш мектебіне оқуға береді. Ол мұнда 1925 жылдың соңына дейін оқиды. Одан соң Баянауылдағы шаруа жастар мектебіне түседі. 1925 жылы Шапықты тағы да туған ағасы Риза сол кездегі Қазақстанның ең үлкен мәдениет орталығы Семей қаласына оқуға жіберуге ұйғарады. Сөйтіп, қолдың қысқалығына қарамастан жалғыз сауын сиырын сойып, оның терісін сегіз сомға сатып, інісінің жол қаржатына береді. Енді ол Павлодарда жоғарыда айтқан Жұмат ағасының көмегімен Қарқаралының педагогикалық техникумына (Семейге сәті түспейді) жолдама алады. Онымен қатар бұл оқу орнына Баянауылдан тағы да үш адам – Қабыкен Машрапов, Балатай Қорабаев, Қамар Мұқашбаевтар да жолдама алады. Сөйтіп, бір ауылдың төрт баласы Павлодардан Қарқаралыға дейінгі 400 шақырым жолды 10 күннің ішінде жаяу жүріп өтіп, техникумға түсіп, аңсаған армандарына жеткендей болады.

Ш.Шөкин 1930 жылы техникумның соңғы курсында оқып жүрген кезінде Шұбар ауданына көктемгі егісті өткізуге жіберілген бригаданың құрамына енеді. Онда үш ай бойы (ақпан, наурыз, сәуір) берілген тапсырманы орындау жолында сегізінші және екінші ауылдарда ұйымдастыру шараларын жүргізіп, өзінің іскерлігін көрсете біледі. Сонда жүріп Шұбартауда болған жергілікті халықтың кеңес өкіметіне қарсы көтерілісін көреді. Ол сәуір айының соңында Қарқаралыға қайтып оралып, бар-жоғы екі айдың ішінде қорытынды емтихан тапсырып, техникумды бітіргені жөнінде құжат алады да үйіне қайтады.

Шапық енді 1930 жылдың күзінде көп ойланбастан Ташкентке оқу іздеп барып, Орта Азия Мемлекеттік университетінің қоғамдық ғылымдар факультетіне қабылданады да, 1931 жылдың наурыз айында ирригация жөнінде инженерлер мен техниктер даярлайтын Орта Азия институтының бірінші курсына ауысады. Институт қабырғасында жүріп қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Институт комсомол комитетінің бірінші хатшысы, пролетар студенттердің Орта Азия бюросы төрағасының орынбасары болады. Сабақты да төрт пен беске оқиды. Алайда, сол кезеңнің түрлі жағдайына байланысты 1933 жылдың ортасында оқуды тоқтатып, сол жылдың күзінде Қызылжардағы облыстық «Ленин туы» газетінің редакциясына қызметке орналасады.

Бірақ негізгі мақсаты білім алу болған ол 1934 жылы Омбы ауыл шаруашылығы институтының гидротехникалық факультетінің үшінші курсына оқуға түседі де, оны 1937 жылының қазан айында үздік бітіріп шығады. Омбыда жүріп 1935–1937 жылдары сонда оқитын қазақ студенттерінің серіктестігін басқарады. Сөйтіп, 1937 жылдың қараша айында жас маман Алматыға жолдама бойынша келіп, Республикалық ауыл шаруашылығын электрлендіру тресіне қатардағы техник ретінде жұмысқа қабылданады.

Мұнда ол қызмет баспалдақтарынан тез көтеріледі. Себебі, 1938 жылдың орта шеніне таман аға техник, инженер, аға инженер лауазымдарынан өтіп, жобалау-іздістіру бөлімінің бастығы дәрежесіне көтеріледі. Оның қызмет лауазымы осымен тоқталып қалған жоқ. 1939 жылдың желтоқсан айында бас инженер болып тағайындалса, 1941 жылдың наурыз айында негізгі қызметіне қосымша Қазақ ауыл шаруашылығын электрлендіру тресі директорының техникалық жағынан орынбасары болып бекітілді.

Сол кездегі Қазақстан Орталық партия комитеті бюросының шешімі бойынша 1943 жылдың қараша айының 29 жұлдызында Ш.Шөкин

СССР Ғылым Академиясының жанадан ұйымдастырылған энергетика секторының қазақ филиалына басшылық қызметке тағайындалады. Соғыс кезінде республикада бұл бағыттағы жоғары оқу орындары болмайтын әрі энергетикалық өнеркәсіп өте төменгі деңгейде болатын. Осының барлығы да жанадан ұйымдастырылған секторды кадрлармен қамтып, қажетті эксперименттік қондырғылармен және бақылау-өлшеу приборлармен жабдықтау жұмысын қиындатып жіберген болатын. Алайда, қажырлылықпен жүргізілген ірі шараларға байланысты Ш.Шөкин сектор жұмысын алға бастырып, оны 1944 жылдың қараша айының өзінде-ақ жеке, дербес институтқа айналдырады. Сөйтіп, өзі осы институттың директоры болып сайланады.

Шапық 1945 жылы «Іле өзеніндегі Қапшағай гидрожүйесін пайдаланудың шектеулі мүмкіндіктері», ал 1953 жылы «Гидроэлектростанциялардың оптималды параметрлері» деген тақырыптарға алдымен кандидаттық, одан соң докторлық диссертациялар қорғайды. 1954 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының тұрақты мүшелігіне (академик) сайланады. 1946–1953 жылдары Академия партия комитеті хатшысының бірінші орынбасары бола жүріп, оның қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Одан кейінгі тоғыз жыл ішінде (1946–1954) Қазақ ССР Ғылым Академиясы минералды ресурстар бөлімшесінің төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерінде болады. Ал, 1955–1962 жылдар аралығында болса академик-хатшы (Бас ғылыми хатшы), 1964–1967 жылдары Ғылым Академиясының президенті қызметін атқарады.

Алайда, ғалымның негізгі ғылыми ұйымдастырушылық және творчестволық қызметі энергетика институты мен энергетика ғылымын дамытумен тығыз байланыста болғанын айтқан жөн. Өйткені, ол бұл институтты 45 жыл бойы (1944–1988 жылдар) үзіліссіз басқарып келді. Сол жылдар ішінде ол бұрынғы Одақ пен Қазақстан Ғылым Академиясының энергетика және электрлендіру жүйесінің ішіндегі ең бір ірі ғылыми мекемеге айналды.

Ш.Шөкиннің жоғарыдағы аталған ғылыми бағыттар бойынша жарияланған ғылыми еңбектері мен ізденістерінің жалпы саны 450-ге жуық, оның 20-сы кітап, 365 баспа табақтан тұрады. Бұлардан басқа оның түрлі тақырыптарға жазылған ғылыми мақалалары 21 кітапқа енген.

Сонымен қатар ол жоғары маманды ғылыми кадрлар дайындауға ерекше көңіл бөлген. Өзі институт басқарып жүрген кезінде тікелей оның басшылығымен 20 доктор және 200-ден астам ғылым кандидаттары қорғап шыққан. Міне, солар қазақ ғылыми-зерттеу энергетика

институтының негізін құрайды және республикамыздың жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде еңбек етеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, Ш.Шөкиннің жалпы энергетика туралы зерттеулерінің негізгі нәтижелері оның көптеген мақалалары мен кезінде Г.М.Кржижановскийден жоғары баға алған «Қазақстан энергетикасы» (1958 ж.), «Қазақстан ауыл шаруашылығын электрлендірудің ғылыми негіздері» (1966 ж.), бұрынғы Одақ және шетелге кеңінен танымал болған «Қазақстан энергетикасын дамытудың негіздері» (1971 ж.) – бұл еңбек 1972 жылы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ие болған, «Қазақстанның су шаруашылығы және энергетика» (1975 ж.) – бұл монография да Одақ және республика көлемінде өте жоғары бағаланған, ондаған ғылыми кітаптарында көрініс тапқан.

Ш.Шөкиннің ең бір құнды ғылыми еңбегі болып 1986–1990 жылдары 110 баспа табақ көлемінде жарық көрген «Қазақстанның энергетикасы мен электрлендірілуі» атты 5 томдық монографиясы болып табылады. Онда Қазақстан энергетикасының пайда болу және қалыптасу тарихы, қазіргі жағдайы мен 2010 жылға дейінгі аралықтағы даму перспективаларына шолу жасалады. Бұдан басқа бұл еңбекте Қазақстан энергетикасының қысқаша тарихынан даму стратегиясы, түрлі энергетикалық ресурстар, халық шаруашылығы салаларында энергия тұтыну, халық шаруашылығы салаларын электрлендіру мәселелері қарастырылады.

1979 жылы Ш.Шөкиннің «Қазақстанның отын-энергетикалық балансы» атты монографиясы жарық көрді. Онда академик республикамыздың отын-энергетика балансы туралы кең көлемді зерттеу жұмыстарын жүргізген. Оның творчестволық ізденістеріндегі ерекше орынды гидроэнергетика саласындағы зерттеулеріне беруге болады. Мұның бір дәлелі – ол 1953 жылы «Гидроэлектростанциялардың оптималды параметрлері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Әсіресе, халық шаруашылығын дамытуда ерекше орын алатын Екібастұз отын-энергетика комплексін құру жолындағы зерттеу жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері зор. Бұл тұрғыдан алғанда Ш.Шөкиннің де бұл игілікті іске қосқан үлесі мол. Осы жұмыстың негізгі нәтижелері – оның «Екібастұз отын-энергетика комплексі» деген монографиясында жақсы көрініс тапқан.

Ш.Шөкин 1957 жылы республика басшыларының алдында Ертіс-Қарағанды каналын жоспарлау және құрылыс жұмыстарын бастау туралы ұсыныс жасайды. Бұл каналдың жобасын жасау және құрылы-

сын тездету бағытында ол үлкен жұмыстар атқарады. Ақыры, 1971 жылы ұзындығы 458 километрлік Ертіс-Қарағанды каналы пайдаланылуға берілді. Қазір жалпы ұзындығы 900 километрге жететін, сонау Жезқазғанға дейін канал құрылысы өз жалғасын табуда. Дүние жүзінде бұл канал ұзындығы бойынша Үлкен Түркімен, ал биіктігі бойынша Колорад (АҚШ) каналдарынан кейінгі ғажайып құрылыс болып болып саналады. Осы орайда Ш.Шөкин Қазақстанның Солтүстік облыстарының сумен қамтамасыз етілу проблемаларын шешу үшін Ертіс-Қарағанды каналын Ақмола саласының құрылысын салу жөніндегі жобасын ұсынды. Сондай-ақ, ол Қазақстан мен Орта Азия және Батыс Сібір территориясын сумен қамтамасыз ету мақсатындағы көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Соның нәтижесінде ғалым Одақ ғалымдарының алғашқыларының бірі болып Сібір өзендері суының бір бөлігін Қазақстан мен Орта Азияға бұру жөнінде ұсыныс жасап, бұл бағытта 1961-1973 жылдар аралығында көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізген. Соның нәтижесінде тікелей оның басшылығымен «Сібір өзендері» суларының бір бөлігін Қазақстан мен Орта Азияның шөлді аудандарына бұру жөніндегі ғылымға негізделген схемасы жасалып, сол кездегі үкімет орындарына тапсырылған.

Ш.Шөкиннің су шаруашылығы жөніндегі зерттеулерінің негізгі нәтижелері оның жоғарыда айтылған «Қазақстанның энергетикасы мен электрлендірілуі» деген бес томдық еңбегінде жан-жақты қамтылған. Бұған қоса Ш.Шөкин 1960 жылдан бастап Торғай көмір бассейнінің қысқа мерзім аралығында игеру мәселесін күн тәртібіне қояды. Оның бұл ұсынысы да жоғарыдан қолдау тауып, іс жүзіне асырылады.

Ғалым-академик басқа да зерттеуші-қызметкерлерімен қосыла отырып, халық шаруашылығының жекелеген салалары үшін арзан да сапалы отын көздерін табумен айналысты. Мәселен, олар аз уақыт аралығында тұрмыстық тұтыну үшін Майкөбе бассейнінің көмірін игеруді ұсынды. Қазір бұл ұсыныс та өзінің игі нәтижесін беруде.

Ш.Шөкин көптеген халықаралық және бүкілодақтық ғылыми конференциялар мен симпозиумдардың, семинарлардың жұмыстарына қатысып, энергетика және су құрылысы жұмысының теориясы мен практикасының сан алуан мәселелері туралы талай мәнді баяндамалар жасап, ондаған шетелдерде болған.

Ол 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының толық мүшесі (академигі), болып сайланды. 1961 жылы оған Қазақ ССР ғылымының құрметті қайраткері деген құрметті атақ берілді. Ал, 1972 жылы болса



Ш.Шөкинге «Қазақстан энергетикасының даму негіздері» атты кітабы үшін Қазақ ССР-інің Мемлекеттік сыйлығы берілді. Арада он жыл өткен соң, яғни 1982 жылы ол енді «СССР-дің құрметті энергетигі» атанып, 1990 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясы Президиумының Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлығына ие болады. Ғалым-академик 1971 жылы «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, 1982 жылы «Октябрь революциясы» орденімен наградталған. Сондай-ақ ол СССР-дің көптеген медалдары мен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамоталарының да иесі.

1992 жылдың қазан айының бірінші жұлдызында Ш.Шөкиннің 80 жылдығы кеңінен аталып өтті. Осыған орай Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің қаулысымен оның өзі құрып, жарты ғасырға жуық басқарған Қазақтың ғылыми-зерттеу энергетика институтына оның есімі берілді.

1996 жылдың маусым айы Ш.Шөкиннің ұзақ жылғы ғылым жолындағы өнімді еңбегінің жемісі ретінде мәңгі есінде қалады. Себебі, оған осы жылдың маусым айының 7 жұлдызында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Халық қаһарманы» атағы берілді. Бұл туралы Ш.Шөкиннің өзі: «Менің өмірімнің шарықтау шегінің бұлай сәтті аяқталуы әр кезде мені қоршаған дос-жарандарыма, туыстарыма және отбасыма да байланысты болар. Себебі, мен әрдайым өздерінің жоғары адамгершілігімен, біліктілігімен және тазалығымен ерекшеленетін белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің арасында болып, солармен жұмыс істестім және солардай болуға тырыстым.

Алайда, мен өз өмірімде туған ағам Ризаға көп қарыздармын. Өйткені, оның көмегімен білім алдым, үлкен азаматтық дәрежеге көтеріліп, туған халқының қаһарманы аталып отырмын. Сондай-ақ, кезінде мені аштықтан сақтап қалып, дұрыс тәрбие берген анама да қарыздармын.

Маған және Ризаға Отан соғысында қаза тапқан Зәкір ағамыз да көп көмек көрсетті. Ол үйдегі бар ауыртпалықты өз мойнына алып, біздерге білім алуға, бақытымызды ғылымнан іздеуге жол ашты.

Әкеміз қайтыс болған соң қараусыз қалған біздің отбасымызға оның немересі Рахым Нүсіров пен немере ағасы Жұмат Досқараевтардың көрсеткен көмегі көп болды. Әлі күнге дейін олардың бізге деген үлкен адамгершілік сезімдері жүрегімнің бір түпкірінде сақталып қалған.

Сондай-ақ, менің туыстарым да халық алдында беделсіз емес. Олардың көпшілігі өз қызметтерін адал орындауда. Мәселен, Дихан – халық жазушысы, Махмет – Совет Одағының батыры, Әлихан, Арғын,

Хамзалар – медицина ғылымының докторы, профессорлар, Әубәкір, Ғаббас, Қабыкендер – белгілі ғалымдар, ғылым кандидаттары, Мұрат – әскери қызметкер, полковник.

Жоғарыда айтқанымыздай, менің отбасымда қуанышым мен қайғымды қатар көтеріп келе жатқан басты тірегім, әйелім – Үрмия Әмірқызы. Адал, еңбекқор, менің қызметімнің сапалы жүруі үшін бар жағдайды әлі күнге дейін жасап келе жатқан сүйікті жар. Балаларым – Қанат, Бақыт, Марал ата-аналарын ұмытпай, үнемі өздерінің үлгілі істерімен қуантуға тырысады. Келіндер мен немерелеріміз де сондай.

Менің жүріп өткен жолым бірыңғай қуаныш пен жақсылықтан, сәттіліктен тұрған жоқ. «Ғылым – инемен құдық қазғандай» демекші оның да өзіндік ауыртпашылықтары, ой-шұқыры көп болды. Алайда, солардың барлығын жеңе отырып, өмірде біраз жетістіктерге қол жеткіздім деп ойлаймын. Бұл туралы менің 1992 жылы «Жалын» баспасынан «Өмірдің төрт кезеңі» атты 22 баспа табақ көлеміндегі мемуарлық сипаттағы кітабымда жан-жақты баяндалған деп білемін».

## 11. ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕН ТҰЛҒАСЫ (Ермұқан Бекмаханов)



Ермұқан Бекмаханов – белгілі қазақ тарихшысы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі. Көп жылдар бойы профессор, ҚазМУУ-дің тарих кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ол Қазақстанның ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-

экономикалық және саяси өмірін жан-жақты зерттеген. Көзі тірісінде оған Қазақстан тарихын бұрмалады деген айып тағылып, репрессияға ұшырады. Бірақ ол тарихты принципті түрде, шындықпен айтқан еді.

Е.Бекмаханов қазақ тарихында ерекше орын алады. Қазақ халқының арасынан алғашқы тарих ғылымының докторы, Қазақстан Республикасында бірінші тарих кафедрасын құрушы, профессор, Қазақ ССР-інің Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі. Өзінің қысқа өмірінде таланты мен туған халқының тарихына деген сүйіспеншілігінің арқасында ғылымға көп жаңалық енгізді. Сондықтан оның есімі ел есінде мәңгі сақталмақ. Қатаң партиялық тәртіп талай талант иелерінің жұмысына, ғылыммен айналысуына көп кедергі болды. Соның бірі – Е. Бекмаханов. Қуғын, тұтқындау, айдау, міне, осындай қиын кезеңде оған шындықты жазуға тура келді. Мұның бәрі одан үлкен қайраттылықты талап етті. Елу жылдық өмірінің жартысы білім алып тарихшы-ғалым болып қалыптасуға кетті. Өмірінің алғашқы кезі Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келді. Соған қарамастан ол 31 жасында бірнеше монографиялық еңбектердің авторы атанып, кандидаттық, одан соң докторлық диссертация қорғады. Ал, өмірінің екінші кезеңінің көп бөлігі айдау мен қуғын-сүргінде өтті. Өмірінің соңғы үшінші кезеңінде болса, ғалым көптеген ғылыми жұмыстармен айналысып, бірнеше оқулықтар жазды.

Е.Бекмаханов 1915 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. 1921 жылы әкесінен айырылады. Қазақ батыры құрметіне Жасыбай деп аталатын туған ауылында алғаш хат танып, көзін ашты. 11 жасында Баянауылдағы бастауыш мектепке түседі. 7 жылдықты 1932 жылы бітірген Ермұқан жоғары оқу орындарына дайындайтын бір жылдық дайындық курсына (Семейдегі), одан 1933 жылы Воронеж педагогикалық институтының тарих факультетіне оқуға түседі. Осы уақытта ол көп оқиды. Достарының айтуынша, Ермұқан сағаттар бойы Грек мифологиясы, Рим тарихы, Александр Македонскийдің жорығы туралы айтуға, не тыңдауға бар екен. Домбыра және мандалин, баянда жақсы ойнаған. Театрларға да жиі баратын және театрға деген сүйіспеншілігін өмір бойы сақтаған. Бұл оның Қазақстанның танымал жазушы, актер, өнер иелерімен шығармашылық байланыс орнатуға көп көмегін тигізеді.

1937 жылы Воронеж педагогикалық институтын бітірген Е.Бекмахановты РСФСР Халық Комиссариатының нұсқауымен Қазақстанға жұмысқа жібереді. Алғашында ол Алматыдағы № 28 мектепке тарих пәнінен сабақ береді. Кейіннен ғылыми жұмыстар атқарады. Сонында

Қазақ ССР-і Халық ағарту комиссариаты жанындағы педагогикалық ғылыми-зерттеу институтының директорлығына бекітіледі.

1940 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бюросы шешімімен Москвадағы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіледі. Мұнда ол өзінің теориялық білімін 1941 жылдың қараша айына дейін жетілдіреді. Сөйтіп, 26 жастағы Ермұқан өзінің алдағы өмірін тек танымал тарихшы карьерасына ғана дайындады. Бірақ оның белсенді ғылыми-зерттеу жұмыстары республикаға да керек еді.

1941 жылдың аяғында ССРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Анна Михайловна Панкратованың басшылық етуімен Алматыға Москва және Ленинград тарихшыларының үлкен тобы эвакуирленеді. Е.Бекмаханов оларға үй тауып беріп, жұмысқа орналасуға көп көмек етеді. Сонымен бірге ол мектеп оқытушыларына арнап методикалық оқулық шығару идеясын ұсынады. Келе-келе А.Панкратовамен бірге бір томдық «Қазақ ССР-інің тарихын» жазу туралы ой туындап, өз шешімін табады. Республика басшылары бұған оң көзбен қарады. Республикалық кітапханада олардың ғылыми жұмыс үшін арнайы зал жабдыкталады. Республикалық архивтік қорлар ашылады. Осының бәріне мұрындық болып жүрген Ермұқан еді.

Бірақ олар «Қазақ ССР тарихын» жазуда көп қиыншылықтарға ұшырайды. Әсіресе, оқулыққа енген Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс туралы көп айқай болады. Ақыры, кітап 1943 жылдың жазында жарық көреді. Әрине, бұл Бекмаханов үшін ғылыми қызметінің басталуы ғана еді. Ол осы жылы өзі зерттеп кітапқа енгізген «Кенесары Қасымов бастаған көтеріліс туралы» кандидаттық диссертация қорғайды. Бұл еңбегінде Қазақстанның революцияға дейінгі тарихын Бекмаханов ХІХ ғасырдың үшінші онжылдығынан іздейді. Осы кездегі Қасымов бастаған көтеріліс, халықтың тұрмысы, саяси жайы, Россиямен қарым-қатынасы кіреді.

Ғалым өзінің жана «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» деген монографиясына кіріспес бұрын архивтік құжаттарды ақтарып, ел аралап материал жинайды. 1946 жылдың күзінде ССРО Ғылым Академиясы тарих институты білім кеңесінің алдында осы монографиясын докторлық диссертациясының тақырыбы етіп алып, ойдағыдай қорғап шығады. Сөйтіп, Бекмаханов белсенді қызметінің арқасында Қазақ ССР Ғылым Академиясы тарих институтына келеді. Институт директоры заң тарихшысы С.В.Юшков болатын.

Бірақ Ермұқанның 1947 жылы монография ретінде шыққан «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» деген диссертациясы кей са-

яси тарихшылар тарапынан сынға ұшырай бастайды. Сөйтіп, ол 1947 жылы ҚазМУ-ге оқытушылық қызметке келеді. Содан өмірінің соңына дейін университет қабырғасында еңбек еткен Бекмаханов өзінің ғылыми мектебін ашып, аспирантураға талантты жастарды (кейін бұл жастарды «Бекмахановшылар» деп атап кетті) тарта бастады. Сын айтушылар оны «буржуазды националист» деп айып тағып, оның еңбектері ғылыми да, саяси да тұрғыдан зиянды деп табылды.

«Қазақ ССР тарихы» оқулығы республика тарихы туралы ең бірінші оқулық болғандықтан сталиндік сыйлыққа ұсынылады. Алайда, ССРО Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Яковлев бұл оқулыққа теріс баға беріп, сыйлыққа ілікпей қалады. Бұдан соң А.Панкратова ВКП (б) Орталық Комитетіне бұл істі қайта қарау туралы ұсыныс айтады. Ұсыныс ескеріліп, 1944 жылдың 29 мамыр – 8 шілде аралығында танымал кеңес тарихшылармен кеңес өтеді. Көп адам қарсы болады. Кейін бұл Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында» деп аталатын екінші кітабында да өз әсерін тигізбей қоймайды.

Бұл еңбек туралы алғашқы пікірталас 1948 жылы Москвада өтеді. Мұнда да көбі К.Қасымов көтерілісін феодалды-монархиялық, ұлтшыл қозғалыс деп табады. 1948 жылы Бекмаханов оқулықтарына байланысты 5 күн қатарынан үш жиылыс өтіп, бәрі қатты сыналды. 24 сөйлеушінің әрқайсысы 40 минуттан 2 сағатқа дейін сөйлейді. 1950 жылы тарих ғылымының кандидаттары Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якуниннің 26 желтоқсанда «Правда» газетінің бетінде «Қазақстан тарихы мәселелері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін» деген үлкен сын мақалалары жарияланды. Мұның бәрі КГБ-ны сырт қалдырмады. Ақыры 1951 жылы Бекмаханов университеттен қуылып, партиядан шығарылады. Бұған қоса барлық ғылыми атақтары мен дәрежелерінен айырылады.

Бұдан соң ол Алматы облысы, Нарынкөл ауданындағы бір мектепте мұғалім болады. Кейін Жамбыл облысының Шу ауданына ауысады. 1952 жылдың 5 қыркүйегінде оны тұтқындап, Қазақстанның Россияға қосылуын буржуазиялық-националистік позиция тұрғысынан көрсетті. Осы ретте алашордашылдар шығармаларын пайдаланды деген айыптар тағылды. Соның нәтижесінде ол 25 жыл бас бостандығынан айырылып, ГУЛАГ лагеріне жіберіледі. Қаталдық пен өтірік құрбанына айналған Бекмахановты әріптестері құтқаруға ұмтылады. А.Панкратова Москва тарихшыларының атынан Хрущевтің өзіне Бекмахановты босату туралы өтініш жазады. Сөйтіп, 1954 жылы Ермұхан Бекма-

ханов босатылады. Алайда, Алматыға қайта оралған профессорды ешкім жұмысқа алмайды. Сол кезде Қазақстанда бірде-бір тарих профессоры жоқ еді. Соған қарамастан ол еңбегін жалғастыра берді. Тұтқындаудың алдында машинка қағазымен 800 беттік 1951-1952 жылдары жазған монографиясын тартып алып қойған еді. Бір жыл ішінде ол материалды қайта жинап, жаңа монографиясын жазуға кіріседі.

Тек 1955 жылдың қыркүйек айында ғана ол ҚазМУ-ға оқытушылық қызметке алынады. Көптеген ҚазМУ мен ҚазПИ-дің студенттері оны қорғап шығады. Бірақ бекер еді. Бір студент оқудан шығарылып, қалғаны ескерту алады. 1957 жылы Бекмахановтың «Қазақстанның Россияға қосылуы» деген монографиясы жарық көреді. Осы еңбегімен екінші рет докторлық диссертация қорғайды. 1958 жылы кафедра меңгерушісі болады.

Бекмахановтың инициативасымен «Қазақстан тарихы» бойынша арнайы дайындайтын аспирантура ашылып, арнайы оқу кеңесі құрылады. Тек ғалымның өзінің басшылығымен аз уақыт ішінде 20 шақты ғылым кандидаттары дайындалады. Кафедрада өзгеріс енгізеді.

1959 жылы ол мектептерге арнап Қазақстан тарихынан оқулық жазады. Ол 30 жыл ішінде бірнеше рет баспа жүзін көрді. «Қазақ ССР тарихы хрестоматиясы» жазылып, «XIX ғасырдағы Қазақстан тарихтарының очерктері» атты оқулық шығарылады. Сөйтіп, ғалым көптеген адамдардың ілтиматына бөленеді. 1962 жылы республика Ғылым Академиясының корреспондент-мүшелігіне сайланады. Қорыта келгенде Ермұқан Бекмаханов тарихта тек даңқ іздеуші емес, ең алдымен шындықты зерттеуші болған.

## 12. МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕК

(Жұмат Досқараев және оның балалары – Дубәкір, Хамза, Ғаббас, Әмина, Сапар Жұматовтар туралы)



Әзірге Брест қамалы қаһармандарының бірі – жерлесіміз Ғаббас Жұматовпен әңгімелесіп отырмын. Сөздері салиқалы, орнықты нені болса да «Жеті өлшеп, бір пішіп» жауап беретіндігі көрініп тұр. Бойынан әлі де болса қуаттылық, өз ісіне деген жауапкершілік пен тиянақтылық байқалады.

Соғыс өртін Австрияда аяқтадым. Майданда беделсіз болғам жоқ. Оның дәлелі кеудеме таққан екі Ұлы Отан соғысы ордені, «Қызыл жұлдыз» ордені, Венгр республикасының «Алтын шеңбер», «Москваны қорғағаны үшін», «Брест қамалын қорғағаны үшін» медальдары. Соғыстан кейінгі бейбіт заманда жоғары мектепке еңбегі сіңген қызметкер атандым. Тарих ғылымдарының кандидаты, доцентпін. Одан басқа мына өзін көріп отырған әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ардагерлер кеңесінің төрағасымын. Ал мен туралы халық жазушысы Дихан Әбілев осыдан он жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Арманы – Бейбітшілік болашағы» деген өлеңінде:

*Омырауында бос орын жоқ орденнен!  
Ардагердің бірі деп біл ол күннен.  
Қаһарманы ол – батыр қамал Брестің,  
Қаһарманы ол – Отан үшін күрестің! –*

деп жырлаған болатын. Маған бұдан артық марапаттаудың қажеті жоқ. Әйтсе де сен ғалымдар туралы жазып жүрсің ғой. Одан да мен саған өз әкем Жұмат Досқараевтың 31 жасында Семейге барып, жасы өсіп кеткендер мектебіне қалай оқуға түскендігі, одан тұңғышы Әубәкірмен бір партада отырып қалай дәріс тыңдағаны, 49 жасында университет бітіріп, 60 жасында кандидаттық диссертация қорғап, қазақ диалектологиясының негізін салушылардың бірі атанғандығы туралы айтып берейін деп ұзын-сонар әңгімеге кірісті.

Ол кез өте бір қиын заман болатын. 1920 жылдары Ресейдің көптеген жерлерінде болған аштық, құрғақшылық қазақ ауылына да келіп жеткен. Әдетте ол кезде қазақ отбасыларында бала саны көп болғанымен олар жиі шетінейтін. Мәселен, біздің өзіміз бір ата-анадан 12 екенбіз. Солардан ержетіп, азамат қатарына қосылғанымыз бесеу-ақ.

Әкеміз Жұмат аңкылдақ, көпшіл, мейірімді бола тұра турашыл, айтқанынан қайтпайтын адам болатын. Керісінше, шешеміз Қанида хат тани тұра, бала тәрбиелеуге көп көңіл бөлген, от басы, ошақ қасынын құты еді.

Осынау өзіміз әңгіме қылып отырған қиын-қыстау кезеңнің өзінде әкеміз Жұмат марқұм әйелі мен үш баласын (біздерді) ауылға қалдырып, Семейге тартқан ғой. Одан әйтеуір еңбегі еш кетпей мұғалімдер курсы бітіріп, Баянауылға мұғалім болып оралады. Кейіннен бүкіл қазақ халқына танымал болған С.Бәйішев, Ш.Шөкиндерге сабақ береді. Сөйтіп жүріп 1925 жылы өзі де Семей педагогикалық техникумын бітіреді.

1932 жылы Ж.Досқараевтың тұңғышы Әубәкір Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, агрономдық мамандық алады. Осыны пайдаланып әкесі сен енді адам болдың, үй-ішіне бас-көз бөл деп, өзі Самарқандқа білім іздеп жүріп кетеді. Сол жолы Өзбек мемлекеттік университетіне тарих және филология факультетіне түсіп, оны 49 жасында 1938 жылы үздік бітіріп шығады. Осы уақытта Жүмекенмен бірге оның екінші ұлы Хамза да Алматыдағы медицина институтын бітіріп, дәрігерлік диплом алып шығады.

Кейін Ж.Досқараевтың тұңғышы Әубәкір алған білімін місе тұтпай Москвадағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын



бітіріп, кандидаттық диссертация қорғайды. Бидайдың бірнеше жаңа сортын шығарады. 1943 жылдан бастап 16 жыл бойы Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтының ректоры болады. Әңгіме арасында біздер Ғаббас ағамыздың бұл сөздерін дәлелдейтін көптеген құжаттармен де таныстық. Себебі, қазір дүниеде Жұмат ақсақал да, оның балалары Әубәкір, Хамза, Әмина, Сапарлар да жоқ. Бәрі де о дүниеге аттанған. Тек солардың бай мұраларын демеу еткен, олардан қалған бала-шаға, туған-туыстарын бір дастарқан басынан табылтып отырған мәуелі алып бәйтеректің бір тамыры Ғ.Жұматов бар.

«Правда» газетінің 1957 жылғы 15 желтоқсан күнгі нөмірінде Алматылық тілші Х.Қаржаубаеваның «Жұмат Досқараевтың отбасы» («Семья Жумата Доскараева») деген көлемді мақаласы жарияланды. Онда «Советтік өмір салты» айдарымен қазақтың үлкен бір шаңырағының тыныс-тіршілігі көрсетілген.

Мақала: «1956 жылдың мамыр айы. Францияның Лион қаласы. Мұнда инфекциялық патология жөнінде халықаралық конгресс өтуде. Кезекті баяндама жасауға Қазақ ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор Х.Жұматов шақырылды. Алғашқыда залда отырғандар онша мән бермей, оған селқос қарады. Оның жөні де бар еді. Біріншіден, ол кезде Қазақстанды көп елдер, әсіресе шет елдер біле бермейтін. Екіншіден, ұлты бөлек, аты-жөні белгісіз біреу медицинаның қиын саласынан не айта қояр деген күдік болатын.

Бірақ, олай болмады. Қазақстандық ғалым баяндаманы ағылшынша жасады. Бірте-бірте залға тыныштық орнап, жүздеген ғалымдардың назарлары өз әріптестеріне ауды. Баяндамадан соң оған көптеген сұрақтар қойылып, бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге ұсыныстар түсті», - деп басталған.

Бұдан соң мақалада Жұмат Досқараевтың жоғарыда айтқанымыздай, 31 жасында Семейге барып, жасы асып кеткендер мектебіне оқуға түсіп, мұғалімдер курсы бітіріп, Баянауылда мұғалім болғандығын, одан 49 жасында университет бітіріп, 60 жасында кандидаттық диссертация қорғап, қазақ диалектологиясының негізін салушылардың біріне айналғандығын сөз етеді. 1957 жылдың өзінде Жұмат ағамыздың диалектология мәселесіне арналған 7 ғылыми еңбегі болған.

Сондай-ақ, Ж.Досқараевтың тұңғышы Әубәкірдің Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын, одан соң Москвадағы Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы академиясын бітірген соң, кандидаттық

диссертация қорғап, ұзақ жылдардан бері Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтын іскерлікпен басқарып отырғандығы туралы да айтылған.

Ғаббас болса ол кезде майданнан жеңіспен оралып, жоғары мамандық алып, тарих ғылымдарының кандидаты атанып, Қазақ мемлекеттік университетінде дәріс оқып жүрген. Осы жерде қазір марқұм болған, Ғабекеннің жұбайы, медицина ғылымдарының докторы, профессор, белгілі ғалым Раиса Кәрімқызы Макашева жайында да тоқталмай кетуге болмайды.

Көп ұлдың арасындағы жалғыз қыз Әмина да «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» дегендей ғылым, білімнен алыстап кетпейді. Кезінде техникалық жоғары білім алып, өмірінің соңына дейін Челябинскідегі үлкен бір қорғаныс зауытында бас инженер болып қызмет атқарады.

Ал. Сапар болса кезінде одақ көлемінде танымал елші болған. Москвадағы мемлекеттік институттың халықаралық қатынастар бөлімін бітірген соң, алдымен Қазақстан Орталық Комитетінің аппаратында, одан соң 1958 жылдан өмірінің соңғы сәтіне дейін СССР Сыртқы істер министрлігінің аппаратында жұмыс істеді. Атап айтқанда, ұзақ жылдар бойы Швейцарияда, Францияда ЮНЕСКО істері жөніндегі комиссия хатшысының кеңесшісі болды. Француз тілін еркін меңгерген, сонымен қатар ғылыми кандидаты да еді.

Жұмат аға әңгімесінің соңында бізге архивінен іздеп жүріп Москвада шығатын «Вопросы вирусологии» журналының 1972 жылғы 5-ші санын ұсынды. Аудастырып карап отырсақ журналдың ең соңғы 637 бетінде Хамза Жұматовқа арналған төмендегідей қазанама жарияланды.

1972 жылдың 26 маусымында 60 жасында Қазақстанның вирусология және эпидемиология қызметінің ірге тасын қалаушы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, республика вирусологтары қоғамының төрағасы, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер, медицина ғылымдарының докторы, профессор, 1941 жылдан КПСС мүшесі, Хамза Жұматов мезгілден тыс бұл өмірден озды.

Х.Жұматов 1917 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданының кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Ол 1937 жылы Алматы медицина институтын үздік бітіріп, осы институттың микробиология кафедрасының аспирантурасына қалдырылады. 1944 жылы медицина ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғай-

ды. 1944 жылдан 1947 жылға дейін Х.Жұматов М.Горький атындағы Бүкілодақтық дәрігерлік тәжірибе институтында аға ғылыми қызметкер дәрежесінде жұмыс істей жүріп, СССР Медицина Ғылымдар Академиясының вирусология институтының докторанты да болады.

Х.Жұматов 1954 жылы вирусқа қарсы иммунитеттер проблемасына арналған тақырыпқа медицина ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды.

Х.Жұматов 1951 жылдан Қазақстанда жұмыс істейді. Оның тікелей ірге тасын қалауымен және басшылығымен Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Қазақтың эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу институтының вирусология, эпидемиология және т.б. бөлімдері табысты қызмет етті. Х.Жұматов өлерінің соңғы күндеріне дейін осы институттың ғылыми жетекшісі болды.

Х.Жұматов 1961 жылы СССР Медицина Ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. 1956 жылы оның инициативасы бойынша Қазақ ССР Ғылым Академиясы жанынан вирусология лабораториясы құрылды.

Х.Жұматов 1967 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі болып сайланды. Оның қаламынан 250-ден астам ғылыми еңбектер шыққан, соның 5-і монографиялар. Ол Қазақстандағы көптеген вирустық, бактериялық, эпидемиологиялық мәселелерін шешкен.

Х.Жұматовтың молекулярлық биология саласында жүргізген бірталай теориялық зерттеулер де белгілі. Ол өз шәкірттеріне 40-қа жуық кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғатқан. «Құрмет белгісі» орденімен наградталған. Республика ғылымына еңбек сіңірген қайраткер.

Біз үй иесімен үнсіз қоштастық. Себебі, бұл шаңырақ туралы, үлкен мәуелі бәйтеректің өсіп-өніп жатқан бұтақ-жапырақтары туралы әлі талай сыр атқарылып, халқымыздың рухани байлығының одан әрі өрістей беретініне әбден сенімді едік.

### 13. ӨМІР МЕН ТАҒДЫР (Ғаббас Жұматов)



Ғасыр басында қазақтарда жеке адамдарды тіркеу, оларға құжат беру деген болмаған. Сондықтан өмірге енді келген нәрестеге ат қою және туған күнін белгілеу күнделікті өмірде болып жататын айтуды оқиғаларға байланыстырылып қойылатын болған. 1920 жылы Жұматтың үлкен отбасында Ғаббастың дүниеге келуі халықтың есінде ұзақ жылдар бойы сақталып қалған жұтпен (аштық, жаланапшық) сәйкес келді.

Ғаббас Жұматов Солтүстік Қазақстанның ең бір табиғаты әсем, шұрайлы жерлерінің бірі – Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Табиғаты қатал Сарыарқа даласының ортасын ойып орналасқан осы бір таңғажайып өңір кімді болсын таңқалдырмай қоймайды. Тау, тас, орман, тоғай, өзен, көл, бұлақ, бастаулар аяқ астынан өсіп шыққандай әсер береді.

Осындай таңғажайып аймақта Ғаббастың сәбилік және балалық шағы өткен. Ол өзінің аға-қарындастарымен (отбасында барлығы 12 бала болған) ата-анасына көмектесіп, өмірдің санқырлы сабағынан өтті. Аттың құлағында ойнап, дөп теуіп, Жасыбай көлінің үстінде сырғанақ теуіп, мал бақты.

Павлодардағы бастауыш мектепті бітірген соң, Ғ.Жұматов 1933 жылы ата-анасымен бірге Алматыға көшіп келеді. Осында 1937 жылы байланыс техникумын бітіріп, Қарағандыдағы радиохабарларын тарату қондырғысында техник болып жұмыс істейді. Өндірісте жұмыс істеп машықтанған ол енді сондағы тау-кен институтының геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. Бірақ көп ұзамай Отан алдындағы борышын

атқару үшін әскерге шақырылады да, оның қатарында 1940–1946 жылдарға дейін болып, Ұлы Отан соғысына қатысады.

Соғыс басталғанда Ғ.Жұматов кеңбайтақ елдің батыс шекарасында, Белоруссиядағы Брест қамалының әскери гарнизонында қызмет істейтін. Бұл гарнизонның жауынгерлері алғашқылардың бірі болып күші басым жаудың соққысын өздеріне қабылдап, ерлікпен шайқасты. Олардың бойында қайсарлық пен Отанға деген берілгендік, өз туған жеріне деген махаббат пен сүйіспеншілік болатын. Оның көптеген майдангер достары соғыстың алғашқы сағатында-ақ оққа ұшып кеткенімен, олардың ерлігі мәңгіге аңыз болып қалды. Ал, Ғаббас болса әлі күнге дейін сол жауынгер достарының бет-әлпет, сөз-ырғақтарын есінде мәңгі сақтап қалған.

Жеңіспен аяқталған соғыстың символына айналған Брест қамалын қорғаушылардың ерлігі миллиондардың жүрегінде мәңгілікке сақталып қалған. Қазақстан Республикасының елбасы Н.Назарбаев өзінің «Ұлы Отан соғысындағы жеңіс – ұмытылмайтын халық ерлігі» атты баяндамасында: «Қазақстандықтар 1941 жылдың 22 маусымында-ақ, соғыстың алғашқы сағаттарынан бастап ерлік көрсетті. Барлығымызға белгілі Совет Одағына қарсы гитлерлік әскердің алғашқы қанқұйлы соққысын Брест қамалы қабылдаған болатын. Ал олардың арасында біздің де жерлестеріміз бар еді...» дей келе одан әрі Елбасы қазақстандықтардың ерлігі мен Отанына деген берілгендігін ерекше бөле-жара көрсетіп, басқалардың қатарында Ғ.Жұматов пен В.Фурсовты ауызға алады.

Жеңістің 50 жылдығына байланысты Президенттің айтылған осы сөзінде майдан алаңынан қайтпаған және одан жеңіспен оралып жанымызда жүрген майдангерлерге деген құрмет пен алғыс толы болатын. Ал, ол кездері болса, Брест қорғанысы – 1418 күн мен түнге созылған соғыстың алғашқы беттері еді де, жеңіс күні барша совет халқына алдамшы сағым сияқты болып көрінетін.

Одан әрі Ғ.Жұматов басқа жауынгерлердің қатарында ауыр ұрыстар жүргізе отырып, Гомел қаласының маңында Қызыл Армияның қатарына келіп қосылады. Сөйтіп, ол Бас Басқармасының қарауындағы 537-ші артиллерия полкынан келіп бір-ақ шығады. 1941 жылдың қазан айында бұл полк Горький (қазіргі Нижний Новгород) қаласының маңындағы Гороховетский лагеріне тылға қайтарылады да, сол жылдың 7 қарашасында Октябрь революциясының мерекесіне арналған парадқа қатысады. Ал, жау болса Москва қаласының қақпасында тұрғандықтан, полк Қызыл алаңнан тура майданға аттанады. Себебі, майдан тым

жақын болатын. Олар көпке ұзамай-ақ Звенигород пен Можайскінің төңірегінде соғысқа араласып кетеді.

Ғ.Жұматов осыған орай соғыс кезіндегі алғаш әскери парадқа қатысып, Батыс майданы әскерлерінің гитлерлік әскери басқармасының Москвадағы Қызыл алаңда болатын әскери парадты өткізбей тастаймыз деген жоспарын жүзеге асырмай тастағанының куәгері болғанына өзін бақытты санайды. Сонымен қатар ол Москваны қорғау және Можайск бағытында неміс әскерлерін талқандау соғысына қатысып, өз үлесін қосқан.

Оның өміріндегі ең бір ұмытылмас сәт – партия қатарына өткен кезі. Соғыс басталғанына тура бір жыл толған күні, 1942 жылдың 22 маусым күні Гжатск (қазіргі Гагарин) қаласының маңында, ысқырған оқ пен снарядтың арасында, окоп ішінде оған бір топ жауынгерлермен бірге полк комиссары партия билеттерін табыс етті. Сол қиын-қыстау күндері бұл олар үшін үлкен қуаныш болатын. Әрине, арада елу жылдан аса уақыт өткен кезде, қазіргідей партия таратылған сәтте ол қуанышты көптеген адамдардың түсінбеуі де мүмкін. Ал, майданда болса, партияға тек жақсылардың жақсыларын ғана қабылдайтын. Бұл оның өз кезеңінің тарихы, оның өткен өмір жолы. Сондықтан соғыс беттерінің тарихы үшін, жеңіс тарихы үшін, 20 миллионнан астам адам өмірінің қиылуымен келген жеңістің тарихына ештеңеніден қысылып, қымтырышудың қажеті жоқ.

1942 жылдың желтоқсан айында Москваға жақын маңдағы ұрыстардың ауданынан Ғ.Жұматов Томск қаласында орналасқан Қызыл тулы Днепропетровск артиллерия училищесіне оқуға жіберіледі. Онда майдан үшін 5 айлық жылдамдатылған бағдарлама бойынша офицерлер дайындайтын. Училищені бітірген соң, ол Оңтүстік майданға (кейіннен 1, 2, 3 Украин майдандары) 5-Дов казактарының Қызыл тулы кавалериялық корпусына, 150-ші корпусының гвардиялық Қызыл тулы танкке қарсы ұшқыштар полкіне жіберіледі. Одан соң осы полктың құрамында майданның көптеген учаскелерінде: Украина мен Молдавияда, Корсунь-Шевченко және Ясск-Кишинев операцияларында жаудың ірі құрамаларын жою жөнінде, Карпат тауларында, сондай-ақ жазықтықта болған Трансильвания ұрысында, Румыния мен Югославия (Дунай өзенінің солтүстігіне қарай), Венгрияны азат етуге қатысып, соғысты Австрияда Альпі маңында аяқтады.

Ол осы соғыс кезеңінде басынан көптеген қиыншылықтарды өткізді. Мыңдаған жауынгер достары ұрыс алаңдарында, өзен жағалау-

лары мен төбешіктерде, бір сөзбен айтқанда, өз жерлері мен басқа елдерде де қалды. Олар жерленген көптеген төбешіктер қазір жермен-жермен болып, тегістеліп білінбей кеткен. Сондықтан, соғыстан аман қалған және одан кейінгі өсіп, жетілген соңғы буын олардың алдында өздерінің көл-көсір қарыздар екендіктерін сезінулері керек.

Біздің кейіпкеріміз де сол соғыстың тірі куәгері. Ол майданда сан жараланып, бастан зақым да алған. 18 мемлекеттік орден-медальдармен марапатталып, жоғарғы қолбасшыдан мақтау да алған.

Жеңістен соң Ғ.Жұматов туған ошағына оралып, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, оны 1950 жылы үздік бітірген соң аспирантураға қалдырылады. Кандидаттық диссертациясын қорғаған соң тарих кафедраларының бірінде 40 жылдан астам жемісті еңбек етті. Ол жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде өз пәнін студенттер алдында қос тілде бірдей өте сауаттылықпен өткізді. Сондай-ақ, Ғаббас ғылыми жұмысының басты өзегі «Қазақстандағы тарихи өзгерістердің проблемаларын» зерттеу болып табылады.

Ғ.Жұматов ұстаз, ғалым, доцент ретінде жас кадрларға қолдан келген көмегін аяп көрген емес. Ол ізденушілердің жұмыстарын басқарып, кандидаттық диссертациалар қорғалғанда арнайы оппонент ретінде сөз сөйлеп, рецензиялар жазған. Сондай-ақ, университеттің Ғылыми Советінің мүшесі де болған. Оның соғыстан кейінгі өмір жолының бәрі де Қазақ мемлекеттік университетімен байланысты. 1979 жылы Республикамыздың Жоғарғы Советі Президиумының Жарлығы бойынша оған «Қазақ ССР жоғары мектебіне еңбек сіңірген қызметкер» атағы беріліп, «Республика алдында сіңірген еңбегі үшін» медалі қоса тапсырылды.

Ұзақ жылдар бойы ол университет және республика көлемінде көптеген қоғамға пайдалы жұмыстар атқарып келеді. Соның бір көрінісі Республикалық соғыс ардагерлері кеңесінің, шет елдермен достық және мәдени байланыстар жасау қоғамында істеліп келе жатқан жұмыстар. Оның үстіне ол үнемі әскери-патриоттық және қоғамдық-саяси тақырыптарға баяндама жасап, әңгімелер өткізеді. Ғ.Жұматов кезінде Орталық Комитет пен Қазақстан Коммунистік Партиясы Алматы облыстық атқару Комитетінің штаттан тыс лекторы болған кезде бұл мәсе-лемен бүкіл республикамызды аралап шыққан болатын.

Ғалым ретінде оны көбінесе жастар аудиториясы қызықтырады. Себебі, олар халқымыздың болашағы ғой. Міне, осындай істері үшін, жастарға патриоттық тәрбие беру жолында мол табыстарға жеткені үшін Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы оны Жоғарғы Советтің

Күрмет грамотасымен марапаттаған болатын. Сондай-ақ, Ғ.Жұматов әр жылдары Қазақстан КП Алматы облыстық комитетінің, Жоғары білім Министрлігінің, Қазақ ССР жоғары мектептер мен ғылыми мекемелер кәсіподақтары Орталық Комитеті Президиумының, Бүкілодақтық соғыс ардагерлері комитетінің тарапынан күрмет дипломдары мен грамоталарға ие болса, ол шетелдермен достық және мәдениет байланыстар қоғамы тарапынан Венгер халық республикасының «Алтын алқа» медалімен марапатталған.

Өз кезінде Ғ.Жұматов он жылдан астам Алматы қалалық Советі соғыс ардагерлерінің идеологиялық комиссиясын басқарды. Қазір ол республиканың соғыс ардагерлері ісі жөніндегі орталық кеңестің және қалалық соғыс және еңбек ардагерлері кеңесінің де мүшесі. 1984 жылдан бастап әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті соғыс және еңбек ардагерлері қоғамын үзбей басқарумен қатар, Бостандық ауданының соғыс және еңбек ардагерлері кеңесі президиумының да мүшесі.

1960 жылдардан бастап 90-шы жылдарға дейін Ғ.Жұматов Франция, Италия, Венгрия, Болгария және басқа елдерге бірнеше рет қатынап, Ұлы Отан соғысы туралы естеліктер айтқан. Дөңгелек стол бабында Италияның, Францияның, Югославияның студенттерімен, Италия – СССР қоғамының мүшелерімен, ал Париж бен Нормандияда болса француз көтерілісшілерінің бұрынғы жауынгерлерімен жолыққан.

Сонымен Ғ.Жұматовтың иығында үлкен өмір жолы, Ұлы Отан соғысы, оқу, оқытушылық және зерттеушілік жұмыс, қоғамдық іс жатыр. Өзіне тапсырылған іске үлкен мейлі кіші болсын ол әрқашан жауапкершілікпен қарап, оны тиянақты орындап шығуға тырысатын. Ол қазір де соғыс және еңбек ардагерлерінің проблемаларын шешу жолында сол дағдысынан айнымаған. Өйткені, Ғабен еңбек сүйгіш, жасынан алдына қойған мақсатын орындап шығуға үйренген жан.

Ең бастысы оның осындай болып қалыптасуына ата-аналарының ерекше ықпалы болған. Олар туралы көп айтуға болады. Әкесі өте сезімтал да жігерлі әрі ақылды адам болатын. Ол жасынан оқу оқып, білім алуды аңсайтын. Сондықтан да болар Семейдегі мұғалімдер дайындайтын курсты бітіріп, туған жері Баянауылда балаларға сабақ берген. Ал, Самаркандтың университетін бітіргенде оның жасы қырықтан асып кеткен болатын. Оның үстіне ол үлкен отбасының иесі де еді. Түркі тілдерінен кандидаттық қорғаған Жүмекен республиканың Ғылым Академиясында бөлім меңгерушісі болып істеді. Қазақ энциклопедиясын-



да көрсетілгендей, ол қазақ тілі диалектісін зерттеудің ірге тасын қалаған алғашқы ғалымдардың бірі.

Шешесі хат танитын, шаруашылықпен қатар үлкен шанырақтың бар қиыншылығын көтере білген, ерінің орнын жоқтатпайтын білікті жан болатын. Іс тігіп, кілем, алаша тоқитын. Текемет басып, ірімшік-құрт қайнататын. Сондықтан да болар қиын-қыстау ашаршылық жылдары аналарының бұл қасиеті отбасын көп қатерлерден аман-есен алып шықты. Осындай ауыртпалықтарға қарамастан ата-аналары барлық балаларына бірдей білім беруге тырысты. Ол кейін өз нәтижесін берді де.

Үлкен ағасы Әубәкір Жұматов соғыс алдында Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясын бітіріп, Қазақстанның ауыл шаруашылығы Наркоматында жұмыс істеді. 1943–1959 жылдар аралығында Қазақ ауыл шаруашылығы институтының директоры болды. Оның басқаруымен институт соғыс және одан кейінгі жылдары оқу орнының материалдық базасын нығайтуда, ғылыми қызметкерлер мен студенттердің саны мен қатар сапасын арттыруда да көптеген табыстарға қол жеткізді. Өкінішке орай, Әубәкір өмірден ерте кетті. Себебі, бұл дүниемен қоштасқанда 50 жасқа да толмаған еді.

Екінші ағасы Хамза Жұматов бар өмірін ғылым жолына арнаған, дүниежүзіне белгілі ғалым болған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан мен Орта Азияда вирусология мен эпидемиология қызметінің іргетасын қалаушы, Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі, СССР Медицина ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, СССР Денсаулық министрлігі Жоғары аттестациялық комиссиясының мүшесі, республика ғылымына еңбек сіңірген қайраткер. Оның қоғамға тигізген пайдасы, білімі мен таланты ерекше болатын. Табиғат одан барын аямаған еді. Адамгершілігі мен туған-туыстар мен айналасындағыларға деген махаббаты ерекше болатын. Бірақ, ол да 60-қа караған жасында өмірден ерте кетті. Өз кезінде Д.А.Қонаевтың тұсында Х.Жұматовтың аты-жөнінде мәселе көтерілген болатын. Бірақ, ол соңына дейін жеткізілмей – шенеуніктердің күзырынан аса алмай қалды. Мүмкін, ол келешекте шешіліп қалар.

Кіші інісі Сапар Жұматов Москваның халықаралық қатынастар институтын бітірген кәсіпқой елші болатын. Ол бірінші дәрежелі кеңесші еді. 1958 жылдан СССР-дің Сыртқы істер министрлігінің аппаратында, оның шетелдегі елшіліктерінде қызмет істеді. Елімізді шетелдерге таныстырды. Ұзақ жылдар бойы Франция мен Швейцарияда өмір сүріп, қызмет етті. ЮНЕСКО-да осы халықаралық ұйымның комиссиялары-

ның бірінде кеңесші боп жұмыс істеді. Оның да өмірден көшкеніне көп бола қойған жоқ.

Қарындасы Әмина Жұматова 1942 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетін бітірген соң қорғаныс өндірісіне қызметке алынып, Челябинскіде әскери зауыттың бас инженері болып жұмыс істеген. Өзіне жүктелген міндетті орындау үшін ол күш-жігерін аямаған. Соның нәтижесінде денсаулығынан айырылып 37 жасында қайтыс болған.

Ғ.Жұматовтың туған-туыстары туралы көп айтып, әңгімелеуге болады. Олардың бәрі Отан алдындағы, елі мен жері алдындағы азаматтық борыштарын тереңінен түсінген ізгі жанды, өмірге ынтық жандар болатын. Ғабен оларды өмірбақи мақтан тұтады, әсіресе өздеріне үлгі-өнеге болып өткен әкесін ұмытпайды.

Ғ.Жұматов өзін үнемі жақсы адамдардың ортасында сезініп келді. Мәселен, қиыншылықтарда қол ұштарын беріп, ақыл-кеңестерін аямаған, кейін белгілі ғылым қайраткерлеріне айналған Ш.Шөкин, С.Бейсембаев, Т.Тәжібаев, Е.Бекмаханов, Н.Киікбаев, И.С.Горохводетскийлер сондай адамдар болған. Сондықтан Ғабен қазіргі қазақ жастарының бойынан да осындай жақсы қасиеттерді көргісі келіп армандайды.

Өзінің сүйікті жары, медицина ғылымдарының докторы, профессор Раиса Кәрімқызы Мақашевамен (1991 жылы қайтыс болған) Ғ.Жұматов үш бала тәрбиелеп өсірген. Қыздары Гүлнәр медицина ғылымдарының докторы, Парижде тұрып, қызмет істейді. Ұлдары Жайнар мен қыздары Майра – медицина ғылымдарының кандидаттары. Бес немерелері бар. Елдос Сорбоннада оқиды, Ерниар Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің студенті, Алмас, Арман, Жәмилалар болса мектеп оқушылары.

Ғаббас Жұматов болса қазір бір мәуелі бәйтеректің діңгегі, патриархы болып саналады, оның отбасының тарихы – ол бүкіл адамзат баласының тарихы. Қазақстан да, басқа да бұрынғы одақтас республикалар сияқты егемендікке қолы жеткенімен, бірақ Москва осыдан 60 жыл бұрын неміс-фашист басқыншыларынан қорғап қалған ержүрек ұлдарының ерлігін бір сәт те ұмытпайды. 1991 жылдың желтоқсан айында Ғ.Жұматов Москва түбінде жау әскерлеріне тойтарыс берілуінің 50 жылдығына орай Москва қаласы мен өкіметінің арнайы шақыруымен үлкен мерекеге құрметті қонақ ретінде қатысты. Сонда соғыс ардагерлерінің Россиялық комитетінің Москва бөлімі оған әскери-патриоттық жұмыстағы белсенділігі үшін «Құрмет грамотасын» табыс етті.

Сондай-ақ, Москва қаласының 850 жылдық юбилейіне арнайы шақырып, «Российская газета» болса астананы қорғаушы Қазақстандық жауынгер ретінде үлкен мақала да жариялады.

Жылдар өз ретімен зымырап өтіп жатыр. Ал, Ұлы Отан соғысының тарихы болса, ол да Ғ.Жұматовтың артта қалған ұзақ та жемісті, қилы-қилы кезенге толы еңбек жолы сияқты артта қалуда. Бірақ соғыс әрі еңбек ардагері Ғаббас Жұматов әлі де біздің қатарымызда. Көпшен бірге еліміздің болашағы үшін жауынгерлік сапта тұр.

#### 14. ЕЛ БАСҚАРҒАН АЗАМАТ (Даниял Ахметов)



Бұрынғы Павлодар облысының әкімі, қазіргі Қазақстан Республикасының премьер-министрі Даниял Кенжетайұлы Ахметов 1954 жылдың 15-маусым күні Павлодар қаласында туған. Ал оның ата-бабасының кіндік кесіп, туып-өскен жерлері, яғни, елі Баянауыл ауданының Бірлік ауылы. Алдымен Даниял Кенжетайұлының қысқаша өмірбаянына тоқталар болсақ, онда ол 1976 жылы Павлодар индустриалды институтын инженер-кұрылысшы мамандығы бойынша бітіріп шыққан. Еңбек жолын қарапайым мастердан бастаған. Одан соң «Павлодаржилстрой» тресінің үй құрылысы комбинатында прораб, «Экибастузшахстрой» комбинатының құрылыс жұмыстары жөніндегі бас инженерінің орынбасары, осы комбинаттың порткомының хатшысы, Екібастұз қалалық Кеңесі еңбекшілер депутаты атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметтеріне сатылап биіктеп отырған. Сондай-ақ, 1991–1992

жылдары «Экибастузэнергожилстрой» тресінің бастығы, 1992–1993 жылдары Екібастұз қалалық әкімшілігінің бастығы, 1993–1997 жылдары Павлодар облыстық әкімшілігінің әкімі болды. 1997 жылы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі болып тағайындалды. 1999–2001 жылдары Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, одан соң бірінші орынбасары. 2001 жылдың қараша айында қайтадан Павлодар облысының әкімі. 2003 жылдың 13-маусымынан Қазақстан Республикасының премьер министрі.

Д.К. Ахметовтың жана қызметке кіріскеніне онша көп болған жоқ. Сондықтан біздер ел басқарған азаматтың іскерлік қабілетін көрсететін өткен жылы республикалық экономикалық басылым «Деловой мир» журналына берген сұхбатын оқырмандар назарына ықшамдап, аударып беруді жөн көріп отырмыз.

– Үкімет құрамында қызмет істегеннен кейін облыс көлеміндегі әкімнің жұмыс стиліне Сіздің көзқарасыңыз өзгерді ме?

– Маған әкімнің жұмысы әрқашан ұнайтын, мен мұнда өз отаныма үлкен күштарлықпен келдім. Сондықтан, алдыма қойған мақсат-міндеттердің көп қиындықсыз орындалатынына сенімім зор. Оның үстіне туған жердің топырағы, адамдарының ыстық ықыласы, жан-жақты қолдауы мені бұрынғыдан да жігерлендіре түседі. Бір сөзбен айтқанда бұл облыста жұмыс істеу кімге болсын, оның үстіне маған абырой деп білемін.

– Сіз облыс әкімінің тағына екінші рет отырдыңыз. Бұл жолы нелігіңізге қандай шаруашылық тиді?

– Басшылықты ауыстыру тек экономикалық сипатта болды. Ол туралы деректер жарияланған, баспасөз беттерінен танысуға болады. Соңғы төрт жыл ішінде облыстың даму көрсеткіші екі есеге дейін төмендеп кеткен. Өнеркәсіп өндірісі барлық деңгейде артта қалып, Ресеймен қарым-қатынас нашарлап, жана технологияны енгізу, кәсіпкерлік, барлығы да алғашқы қалпында қалып қойған. Ең алдымен біздер аграрлық секторға ерекше көңіл бөлдік, өте маңызды несие саясатын жүргіздік. Оның нәтижесі қазірдің өзінде бар. Соның арқасында ірі қара мал саны мен сүт өндіру 8 пайызға, егін аумағы 23 пайызға, шошқа басы 40 пайызға артып отыр.

Ал, ең басты міндет бұл кәсіпкерлермен жұмыс істеу. Мен сіздерге олардың белсенділіктері артқандықтары туралы құжат көрсете аламын. Біздер облысымызда өндіруге болатын 9 мың тауардың каталогын жасадық. Бұл кіші және орта бизнесті дамытудың 9 мың түрі.

Екінші бір каталогта біздер кәсіпкерлерге қалада құрылыс салу

үшін бөлінетін 69 жақсы орынды ұсындық. Бұл туралы күні кешеге дейін ешкім армандай да алмайтын. Біз бірқалыпты инвестициялық жағдай тудырдық. Биылдың өзінде олардан спонсорлық көмек ретінде 5 млн. доллар қаржы алдық. Елімізде аналогы жоқ диагностикалық орталық салынды. Басқа компаниялар қаржыларын спорт пен мәдениетке салды. Бүгін Павлордар басқа бірінде де жоқ ерекше қондырғылары бар еліміздегі ең әсем перинаталдық орталыққа ие. Ал Машкевичтің Евразия тобы болса Ақсу қаласындағы аурухананы жөндеуге қаржы бөлді.

– Аграрлық секторды нығайту үшін қандай шаралар жасалуда?

– Мен жоғарыда бір жыл ішінде бұл салада қол жеткен табыстар туралы нақты мысалдар келтірдім. Бұл немен байланысты? Ең алдымен қалыпты жұмыс істеуге жағдай туғызу керек болды. Ірі қара малдың басын көбейту үшін біздер 118 мың гектар жерді 27 мың шаруаға тізім бойынша таратып бердік. 4 гектар шабындық бұл қосымша 40 қой мен 4 сиыр үшін 8 тонна шөп. Екіншіден, біздер аграрлық секторға 908 млн. теңгеге несие бөлдік, оған асылтұқымды мал сатып алдық. Егін шаруашылығында астық тұқымының сапасын арттыруға жағдай жасадық. Бұған дейін шаруалар себілетін тұқымның сапасын ойламай, қалай болса солай себе бергендіктен аз әрі сапасыз өнім алып келген. Олар мұны жоғары бағамен сата алмады. Енді біз жағдайды өзгерткен соң іс оңға басты. Қазір біздің астығымызды тоннасына 70 доллар беріп сатып алуда.

Бұл басты бағыттар. Бұдан басқа біздер «Орта шаруа» бағдарламасын жасап ауыл тұрғындарына көмек ретінде 100-200 мыңнан барлығы 89 млн. теңге бөлдік. Біз өз жанымыздан ештеңе ойлап таппадық. Тек президенттің саясаты бағытында жұмыс істедік.

– Фермерлер «Жер туралы» заңға қалай қарайды?

– Мен «Жер туралы Заң» еңбекті одан әрі дамытуға қосымша күш береді деп ойлаймын. Жер сатылуға және сатып алынуға тиісті. Шаруалар бұл заңның несие алудың және инвестиция күйудың негізгі құралы екендігін жақсы түсінеді. Бұл жағдайды жақсартудың да көзі. Тауар болмаған зат ешқашан да бағаланбайды...

– Біз сіздің суретіңізді мешіттен де, орыс шіркеуінен де көрдік. Дінге деген көзқарасыңыз қандай?

– Ол бізге анамыздың сүтімен берілетін нәрсе. Мүмкін біздер жас кезімізде, еркімізден тыс өзімізге әсер ететін күштің барлығын байқамайтын болармыз. Бұның барлығы да уақыт өте келетін жайлар. Сонда ғана біздер Отанның, елдің бар екендігін, бар адамзаттың ортақ бір

сенетін идиалы бар екендігіне сенеміз. Сондықтан мен мешітке де, шіркеуге де үлкен құрметпен қараймын. Шіркеу де, мешіт те адамдарды біріктіріп қана қоймайды, оларды махаббатқа, ізгілікке, бейбітшілікке шақырады. Аға ұрпаққа, бүкіладамзаттық құндылық-анаға сыйластықпен қарауды үйретеді.

– Павлодар таланттармен аты шыққан жер. Облыстық әкімшіліктің оларға деген көзқарасы қандай?

– Егер жастар туралы айтатын болсақ онда бізде құрамы 34 адамнан тұратын еліміздегі жалғыз жастар мәслихаты бар. Павлодар жастарында өз проблемаларын жекедара шешу мүмкіндігімен қатар үкімет органының жұмыстарына да ықпал ету жағдайы туып отыр. Жастар мәслихаты өз бағдарламаларын жасап, облыстың мәдени-саяси өміріне белсенді түрде араласып қана қоймай, жастардың қоғамның барлық саласынан өз орындарын табуларына көмектеседі. Біздерде таланттарға жан-жақты, соның ішінде материалдық көмек те көрсетіледі. Мақтануға тұратындар өте көп. Мысалы, Маша Мудряк. Ол еліміздің де мақтанышы. Жуырда ғана Зураб Церетели және Евгений Евтушенкомен бірге Александр Вертниктің көрмесі ұйымдастырылды.

– Даниял Кенжетайұлы, сіз вице-премьер болған кезіңізде де, тіпті өзіңізді жақтыра бермейтіндер де, Сіздің іскерлігіңізді атап, нағыз кәзіргі кезеңнің адамы деп бағалайтын. Бұл табиғатыңыздан бар ерекшелік пе, әлде...

– Мен арнайы өзімді ештеңеге дайындаған жоқпын. Бұл қасиет ата-анамнан жұққан болар. Шешем 38 жыл мұғалім болып істеген кісі. Оның үстіне спортпен де айналысам. Кезінде велоспортпен айналысқан. Қазір де аптасына 2–3 рет велосипедпен жүрем, өз балаларыммен футбол ойнаймын. Өзімді өзім сергек ұстауға тырысам.

– Сізді әйелдер толғандыра ма әлде отбасына толығымен берілген адамсыз ба?

– Отбасы, балалар-өмірдегі ең басты мәселе. Мұның өзі өмір кезеңдеріне байланысты. Біздің барлығымыз да жае болғамыз. Қазір басқа кезең. Сондықтан қоғамға каншалықты пайдалысың, өз балаларың үшін не жасайсың, оларға үлгі бола аласың ба, сол жағын көбірек ойлау керек сияқты.

Даниял Кенжетайұлы Ахметовтың жұбайы – Ахметова Күлия Қойшыбайқызының мамандығы дәрігер. Қызы Аделия - студент. Ұлы Талғат – мектеп оқушысы.

## 15. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ (Белгібай Шалабаев)



Шалабаев Белгібай Шалабайұлы 1911 жылы сәуір айының 14 жұлдызында Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты бесінші ауылда туған. Ол 1933 жылы Абай атындағы қазақ педагогика институтының тіл және әдебиет факультетін, 1937 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген. 1937–38 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасында аға оқытушы әрі Қазақ педагогика институтында оқытушы қызметтерінде болған.

1944 жылы «Сұлтанмахмұт Торайғыров творчествосы қазақ романының тарихында» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1970 жылы «Қазақ прозасының тарихы (сюжет және характер)» деген тақырыпқа докторлық диссертация қорғаған. 1944 жылы ҚазПИ-дің тарих-филология факультетінің деканы, қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, 1949–51 жылдары КазГУ-дің филология факультетінің қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, 1951–73 жылдары доцент, 1973–80 жылдар аралығында профессор, 1980 жылы кафедраның кенесші профессоры. «Қызыл жұлдыз» ордені, медальдар, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Күрмет грамотасымен марапатталған. Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім.

1990 жылы «Жазушы» баспасынан Белгібай Шалабаевтың ұзақ жылдар бойғы еңбегінің қорытындысы ретіндегі «Қазақ романының тууы мен қалыптасуы» атты кітабы жарық көрді. Бұл еңбек негізінен қазақ романының тууы мен қалыптасуына арналған монография. Мұнда қазақ

прозасындағы сюжет пен характер қарастырылады. Бұл кітаптың басты мақсаты – қазақ романындағы сюжет пен характер проблемасын бір қырынан қарастыру.

Осы еңбегін жазу үшін В.Белинскийдің, Н.Чернышевскийдің, Н.Добролюбовтың теориялық еңбектерін, В.Шекспирдің, А.С.Пушкиннің, М.Лермонтовтың, Л.Толстойдың, К.Фединнің, М.Шолоховтың, С.Сейфуллиннің, М.Әуезовтың, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтың пікірлерін, сондай-ақ басқа да көптеген қосымша еңбектерді пайдаланады.

Бұл монография 1917 жылғы төңкеріске дейінгі және одан кейінгі кезеңдегі қазақ прозасының үздік шығармаларындағы сюжет пен характерлердің өзара қатысын көрсетеді. Қазақ романдарының таңдаулы үлгілерін халық өміріндегі ұлы өзгерістердің көркем энциклопедиясы десе де болғандай.

Қазіргі қазақ прозасының ойдағыдай дамуын жазушыларымыздың өз ізденістерінде Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, С. Көбеев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин сияқты ұлы ақын-жазушылардың дәстүрлеріне ұдайы сүйенумен түсіндіруге болады. Сонымен қатар кітапта сюжетке баса назар аударылған. Сюжет пен характердің өзіндік ерекшеліктері, түптеп келгенде, шығарманың мазмұнын ашады.

Сондықтан да мазмұнды баяндауға бұл еңбекте елеулі орын берілген. «Мазмұн мен форма компоненттерінің өзара байланысын дәлелдеу онша қиын емес, – дейді автор. Ы.Алтынсариннің мазмұны қарапайым және оқиғасы шағын шығармаларында қыр-сыры мол характерлер жоққа тән болса, М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы картина мүлде бөлек. Онда өмірлік материалдың мол қамтылуы сюжеттік желілердің сан алуан түрімен астаса келіп, өте күрделі характерлер жасауға мүмкіндік берген».

Еңбекте характерлерді белгілі бір тарихи дәуірде бейнелеудің нақты әдістері сөз болады. Әрбір шығарма қазақ романының тарихында белгілі бір саты ретінде талданады. Мәселеге бұлайша келу аса көрнекті қазақ жазушыларының шығармаларындағы сюжеттің даму ерекшеліктеріне, характер жасаудың әдістері мен тәсілдеріне арналған кейбір тарауларды монографиялық сипатта баяндауға мәжбүр еткен.

Шоудың бірінші бөлімінде сыншыл реализмнің таңдаулы өкілдерінің, ал екіншісінде қазақ әдебиетінің аға ұрпақ жазушыларының прозасы қарастырылған. Сонымен қатар кейбір айтулы шығармалар арнайы талданбай, аталып қана қойылады. Олардың қатарында



Х.Есенжанов («Ақ жайық» трилогиясы), М.Ғабдуллин («Сұрапыл жылдар»), М.Қаратаев («Даладағы дабыл»), Ә.Әбішев («Жас түлектер»), Б.Момышұлы («Москва үшін шайқас»), Ә.Шәріпов («Партизан қызы», «Ормандағы қыз»), Ә.Нұрпейісов («Қан мен тер»), Д.Әбілев («Ақын арманы»), Т.Ахтанов («Қаһарлы күндер», «Боран»), Т.Әлімқұлов («Ақбоз ат»), Ә.Әлімжанов («Көгілдір таулар»), Ә.Сәрсенбаев («Толқында туғандар», «Офицер күнделігі»), З.Шашкин («Тоқаш Бокин», «Теміртау»), І.Есенберлин («Айқас», «Қатерлі өткел») тағы басқа жазушылардың прозасы бар.

Сонымен қатар М.Әуезовтың повестері мен эпопеясына тоқталып өткен. Автор М.Әуезов тек талантты жазушы ғана емес, сонымен қатар ол әдебиет теориясы мен тарихының білгірі. Оның мақалалары мен зерттеулері аса мәнді әрі маңызды дейді. Бұл орайда ұлы қаламгердің өзі «Өмір және шығарма» атты мақаласында «Жазушы қаламынан туған барлық асыл бұйым атаулыны алсақ, әр кітаптын тамыр-төркін ең алдымен жазушының өзінің жанынан терең орын алған күйлерден туады. Адам тағдыры мен тартыстың барлық шақтарына өзінің ішкі-сыртқы болмысымен нақтылы шолған жазушының көңілінен ғана көңілдегідей тұлға туады» деп жазған болатын.

Бұл пікірді М.Әуезов өз творчествосында дәлелдеп шығады. С.Сейфуллин, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин және басқа даңқты жазушылардың творчестволарына да тікелей қатысты бұл пікірдей келіп автор: «Біз дәуір туралы, заман туралы, оның мәні мен ерекшеліктері туралы ойлағанда, қоғамдық тіршілікті, күнделікті құбылысты өсте естен шығармаймыз, оны характерлер қақтығысынан, шығарманың мазмұнынан іздейміз. Өйткені, кітап – заман айнасы. Сондықтан аса талантты жазушылардың біз талдаған туындыларда өз кезінің бейнесі шынайы суреттелген, сол себепті олар көп ұлтты әдебиетіміздің алтын қорына қосылды деп берік сеніммен айта аламыз», – деп қорытады сөз соңын.

Белгібай Шалабаевтың ғылыми еңбектері де аз емес. Атап айтсақ: Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Литература и искусство Казахстана» 1939, №10. Орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский. «Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы» 1948, №6. К вопросу об отношении Абая к Пушкину. «Вестник АН Казахской ССР» 1949, №6. С.Мұқанов, Ж.Сыздықов. Кітап. «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» және т.б.

## 16. ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТҰҢҒЫШ ЗЕРТТЕУШІСІ (Қайыржан Бекхожин)



Бекхожин Қайыржан Нұрғожаұлы (1910–1979) – қазақ совет баспасөзінің зерттеуші ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор (1965) Павлодар қаласында кедей-шаруа семьясында туған. Ол журналистік қызметін 1929 жылы Павлодар округінің «Кенес туы», аудандық «Колхоз» газеттеріне хат-хабар жазудан бастады. 1935–39 жылдары Семей облысы «Екпінді» газетінде істеді. 1942 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірді. 1942–45 жылдары Қостанай облысы «Большевиктік жол» газетінің редакторы. 1945–47 жылдары өзі оқыған университеттің журналистика факультетінің аға оқытушысы, деканы болды. 1948 жылдан журналистика кафедрасының меңгерушісі. Ол «Айқап» журналын зерттеуде көп еңбек сіңірген ғалым. Бекхожин 60-тан астам ғылыми мақала мен «Қазақ баспасөзінің даму тарихы» атты монографиялық кітаптың авторы» [56].

Ғалымның жастық шағы туралы оның туған інісі ақиық ақын Қалижан Бекхожин өзінің «Жазушы» баспасынан 1986 жылы басылып шыққан «Өлең өткелдері» деп аталатын әдебиет хақындағы ойлар, толғаныстар мен естеліктерінде: «Сірә, мен алты жасымда хат таныған шығармын. Мені әкем сол алты жасар кезімнен ескіше хат тануға баулыды да, жалдамалы молдасымақтарға діни оқуға берді. Ал менен үш жас үлкен (мен 1913 жылы дүниеге келіппін) Қайыржанды араб әліппесін үйреніп, хат білгеннен кейін, орыс мектебінде оқытты. Әкем Қайыржанды өзінің жанынан артық көріп:

*Нурғожа бас жігіттің болған бірі,  
Тарқаған қалам алса көңіл кірі.  
Құдайға қазір алса ризамын,  
Артымда Қайыржаным қалса тірі. –*

деп өлең де арнады. Мен жас кезімде осы бір жылы сөзді Қайыржаннан іштей қызғанатын да едім. Баласына білім, өнер іздеуді мұрат еткен әке Қайыржанға былай деп өсиет етеді:

*Кел, балам, ғылым оқы, өнер серік,  
Хақ жолға ықтихатың болсын берік.  
Ізденіп, талпынып бақ, көзім барда,  
Мақсұдың ден сау болса тапсын ерік.*

Әкенің бұл өсиетін Қайыржан ақтады. Оқып, білім алғанның арқасында кейін тарих ғылымының докторы, КазГУ-дің профессоры болды», – деп жазды [57].

Ал, ғалымның туған жеріне келетін болсақ, қазіргі көзі тірі ақсақалдар мен Қалижан ағаның қосағы Зәйдахан апамыздың айтуларына қарағанда Қайыржан да, Қалижан да Баянауыл басында туып, Қалижан үш жасқа толған жылы Нұрғожа ақын балаларына жан-жақты білім беру мақсатымен Павлодар қаласына қоныс аударады. Осыған және әкесінің жеке басына байланысты Қалижан ақын жоғарыда аталған кітабында: «Баянауылдағы балташының баласы Нұрғожаның жасынан білімге, өлеңге ынтасы болса керек, дәулетті ағайындар ескіше хатқа жүйрік Нұрғожаны сонау Троицк қаласындағы Зейнолла ишанның медресесіне оқуға жіберіпті, сол медреседен діни терең білім алған Нұрғожа кейін өзінің бір өленінде «Ұстаздан оқыдым мен семинария», – деп мақтанады. Бұл кісі діндарлығынан гөрі ақындықты тәлім еткен еді. Нұрғожа сол өнерімен бүкіл Арқаны аралап, сонау Жетісуға, Маман-Тұрысбек ауылына дейін барғанын кейін жұртқа жыр ғып айтатын. Қазанда өз кітабын шығарған Мәшһүр Жүсіптей күрделі ақын болмаса да Нұрғожаның атақты Ақан серімен, сол Мәшһүр Жүсіптің өзімен, орақ тілді Исамен қақтығысуына қарағанда, кейбір топас болыстарды шенеуіне қарағанда бұл кісіге өлең өнері дарығандығы шексіз», – деген пікірді көлденең тартады [58].

Ендігі өңгімеміз тікелей Қайыржан Бекхожиннің ғалымдығы төңірегінде болмақ. Жоғарыда біздер Қ.Бекхожин 60-тан астам ғылыми мақала мен «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» атты монографиялық кітаптың авторы болды дедік. Міне, осы еңбектерді жазу ғалымға оңай түсті ме? Кешегі «қызыл империя» тұсында халқымызға өткен тарихымызды, оның ішінде сол заманның «көзі, құлағы, үні» болып есептелген баспасөз тарихын өз күйінде жеткізудің сәті түсті ме, жоқ әлде өзіндік қиыншылықтары болды ма деген сауалдар туындайды.

Қ.Бекхожин 1949 жылы ең алғаш рет «Дала уалаяты» газеті тақырыбына кандидаттық диссертация корғады. Бірақ, көп өтпей осы еңбекке орай «Социалистік Қазақстан» газетінің 1951 жылғы 17 қарашадағы санында Б.Қорқытов пен Ә.Досбаевтың «Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателер» атты көлемді мақалалары жарияланды. Онда Б.Кенжебаевтың «Қазақ баспасөзінің тарихынан» атты кітабы мен Қ.Бекхожинның жоғарыда аталған «Дала уалаяты» – қазақтың тұңғыш газеті» деген кандидаттық диссертациясы сыналды.

Бұл кез жалпы қазақтың тарихына, оның әдебиеті мен мәдениетіне «отқа май күйғандай» уақыт болатын. Мәселен, Ж.Сәрсекөв өзінің «Тарихи шындық бұрмаланбасын» деген мақаласында: «Революциядан бұрынғы қазақ баспасөзінің бәрі дерлік реакцияшыл, байшыл-ұлтшыл бағытта болды, сондықтан оны зерттеудің қажеті жоқ», – деген сынаржақ пікірді ұсынды [59].

Өкінішке орай, арада қырық жылдан астам жылдар өтсе де, өткен көленкесінен үркіп, әлі күнге дейін 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ басылымдары патша өкіметінің саясатын насихаттаудан аспаған немесе сол баяғы байшыл-ұлтшыл, реакцияшыл болған деген ой-пікірден асып кете алмай жүрген «зерттеуші», «ғалымдарымыз» жоқ емес.

Сөйтіп, осындай жан-жақты қысымнан соң қос ғалым да өздерінің қазақ баспасөзін зерттеудегі «қателіктерін» мойындауға мәжбүр болып, оны түзету жолында, яғни бірізділікке салу жөнінде біраз еңбектенген. Соның нәтижесінде Б.Кенжебаев жоғарыда аталған кітапшасын түзетіп (сынға іліккен тұстарын) 1956 жылы «Қазақ баспасөзінің тарихынан мәліметтер» деген атпен қайта бастырып шығарса, ал Қ.Бекхожин 1958 жылы «Қазақ баспасөзі совет өкіметі орнау жылдарында» атты пышақтың қырындай 12 беттік кітапшасын оқырмандарына ұсынды.

Бірақ бұл қос ғалымның майдан алдындағы барлау, қансонар алдындағы із кесу сияқты алдын-ала дайындық жұмыстары болатын. Өйткені, арада біраз тыныштық орнап, «жеке басқа табынушылық» пен «ұлттық сарыпқа қарсы күрес» науқаны саябырсы бастағаннан-ақ, іштей бір ортақ шешімге келген қос ғалым ғылым майданына білек сыбана қайтадан араласып кетті. Құрметті оқырман, Бейсаған (Б.Кенжебаев) туралы басқа бір баспасөз мәселесіне арналған еңбегімізге жеке сөз болғандықтан ендігі әңгіме тек Қайрекен (Қ.Бекхожин) жайында болмақ.

Ақыры 1964 жылы сол кездегі Қазақ мемлекеттік баспасынан Қ.Бекхожиннің 13 баспа табақ көлеміндегі «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» (1860–1930 жылдар) деген монографиялық кітабы жарық көріп,

актүйенің қарыны ақтарылды. Себебі, бұл қазақ баспасөзінің 70 жылдық тұтас тарихына арналған тұнғыш көлемді де, құнды еңбек болатын. Бірақ автор алғашқымын деп асып-таспады. Қайта ол кітабының алғы сөзінде: «Қазақ баспасөзінің бағыт-бағдарына алғаш баға бергендердің бірі – жазушы-академик Сәбит Мұқанов. Ол өзінің 1932 жылғы «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» деген кітабында қазақ баспасөзіне біраз талдау жасайды. Сол сияқты профессор Қ.Жұмалиев пен профессор Е.Исмаиловтың 1941 жылғы «Қазақ әдебиеті» деген оқу құралында, «Қазақ ССР тарихында» (үш рет басылуында), Қ.Бейсенбиевтің 1961 жылғы «Қазақстанда XIX ғасырдың аяқ шенінде және XX ғасырдың басында болған саяси-идеялық ағымдар» деген кітабында қазақ баспасөзі туралы сөз болады» [60], – деп өз еңбегінің тақыр жерден шықпағанын ескерте отырып, одан әрі: «Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуге бұрын-соңды басылып шыққан библиографиялық көрсеткіштер жеңілдіктер береді. Бұл жөнінде Алектровтың («Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах». Казань, 1900), Седельниковтың («Библиографический указатель по казахскому устному творчеству». Выпуск 1. 1771–1916. Алматы, 1951), Сәбитовтың («Библиографический указатель материалов по истории Казахстана» Алматы, 1947, «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1862–1917), сондай-ақ академик Ә.Марғұлан мен профессор Е.Исмаиловтың басшылығымен Ү.Сұбханбердинаның («Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар». Алматы, 1961, «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөздегі материалдар». Алматы, 1963) құрастырған библиографиялық көрсеткіштерді атап көрсетуге болады [61], – деген сияқты ғылыми құнды материалдың бастауы қайда жатқандығын көрсетеді де, ақыр соңында: «Қазақстанда коммунистік баспасөзінің туып, дами бастаған дәуірдегі қызметін жинақтап, баяндау үшін Х.Имашевтің «Зарождение коммунистической печати в Казахстане». 1961, Б.Кенжебаев пен Т.Қожакеевтің «Қазақ совет баспасөзі тарихынан». 1962 кітапшалары және басқалардың еңбектері – қосымша құнды материал болғанын автор арнайы атап өтеді», – деп өзінің басқа да ғалым, зерттеушілерге деген ыстық ықыласын білдіреді.

Еңбек «Қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы», «Буржуазиялық - демократиялық революция дәуіріндегі қазақ баспасөзі (1905–1907 жылдар)», «Қазақ баспасөзі революциялық жаңа дүниежүзілік империалистік соғыс жылдарында (1910–1917 жылдар)», «Қазақ баспасөзі Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңуі және совет өкіметінің орнату

үшін күресте (1917 жылдың марты – 1918 жылдың июні)», «Қазақ баспасөзі шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы дәуірінде (1918–1920 жылдар)», «Қазақ баспасөзі республикалық халық шаруашылығын қалпына келтіру үшін күресте (1921–1925 жылдар)», «Қазақ баспасөзі социалистік индустрияландыру үшін күрес және ауыл шаруашылығын жаппай коллективтендіру ісін әзірлеу дәуірінде (1926–1929 жылдар)» деген басты-басты алты тарауға бөлінген. Ал, тараулар бөлек сол тұстағы тарихи кезеңдерге байланысты қазақ баспасөзінің пайда болу, қалыптасу, даму жолдарына орай іштей бірнеше тақырыпшаларға таратылып берілген.

Мәселен, «Қазақтың мерзімді баспасөзінің пайда болуы» деп аталатын алғашқы тарау іштей «Қазақ публицистикасы мен баспасөзінің негізін салушылар» және «Қазақ тілінде шығарылған алғашқы газеттер» деген екі тақырыпқа бөлініп берілген. Алғашқы тақырыпта Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың публицистикалық мұраларына терең талдау жасалынуы арқылы, олардың не себепті қазақ баспасөзінің негізін салушылар қатарына жатқызылатындығы дәлелденсе, екінші тақырыпта қазақ тілінде алғаш шығарылған «Түркістан уалаятының газеті» мен «Дала уалаятының газеті» туралы тұңғыш бағытталған пікір айтып, оның ресми емес бөлімінде көтерілген мәселелерге көңіл аударған да, Ә.Бөкейхановтың «Қыр баласы» деген бүркеншек атпен халық ауыз әдебиеті хақында материал жариялап, полемика тудырғанын, М.Ж.Көпеевтің, Р.Дүйсенбаевтің және тағы да басқа ол кезде аттары ауызға алына бермейтін гүдамалар туралы дерек беріп, сөз астарына көп мән беру арқылы бұл екі газеттің де халқымыз үшін сарқылмас қазына-бұлақ екендігін айтып кеткен. Соның бір куәсі соңғы жылдары Ү.Сүбханбердинаның тікелей маңдай терімен жарыққа шығып, рухани байлығымыздың бір белгісіне айналған «Дала уалаяты газетінің» 5 томдық толық мәтіні берілген библиографиялық көрсеткіші.

Екінші бір көңіл аударарлық мәселе – кітаптың үшінші тарауында ХХ ғасырдың басында еркін ойлы, биресми тұрғыда шығып тұрған демократиялық, прогрессивтік бағыттағы «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналына деген автордың өзіндік көзқарасы, ұстанған позициясы.

«Қазақстан» газеті туралы автор ө. дегеннен-ақ: «1910-1914 жылдардағы революциялық қозғалыстың жана өрлеуі Қазақстан жұмысшылары мен шаруаларына ғана емес, сонымен қатар қазақ арасында жалпы демократиялық, мәдени-ағартушылық қозғалыстың жандануына үлкен әсер етті. Мысалы, Орда қаласында алдыңғы қатарлы қазақ

интеллигенциясы- мұғалімдер, дәрігерлер, т.б. қызметкерлер жасырын сөсіпшілік одақ ұйымдастырады. Одақтың көздеген шаруашылық, саяси мақсаты болды.

Осы ұйым баспахана сатып алу үшін елден ақша жинап, жиналған қаржыға А.Н.Шелкованың меншікті баспаханасын ашуға көмектеседі. («Екпінді құрылыс» газеті, 1936, 14 маусым, Орал қаласы.) «Қазақстан» газетінің алғашқы нөмірлері осы баспаханада шығарылады. (Труды института философии и права АН КазССР, 1962,) 6-том 256 с. Бұл көңіл аударарлық, әлі жете зерттелуін қажет ететін жәйт», – деп бұл басылымға өзінің іш тартатындығын сездіреді [63].

Бұл тегіннен-тегін емес еді. Өттең, заман басқа болды. Ғалым жинаған мол мұрасын еркін пайдалана алмады. Сондықтан, бүтін дүниені жартыкеш қып беруге тура келді. Кезінде Е.Бұйрин, Ғ.Қарашев, Б.Қаратаев, С.Мендешев сияқты авторлары болған, жер, ел тағдыры, тарих, әдебиет, мәдениет күйі, отарлау саясаты туралы қайсыбір жайды ашық жазуға дәрмені жеткен басылым туралы «Қазақстан» қазақ баспасөзінің тарихынан прогресшіл-демократиялық бағыттағы газеттерінде орын алады» деуден артыққа бара алмады.

Қ.Бекхожиннің бұдан кейінгі зерттеу объектісі «Айқап» журналының шығуы. Ол қазақтың тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы болды. «Айқап» өзінің сипаты жөнінен жалпы демократиялық болғанымен, іс жүзінде Ш.Уәлихановтың, Ы.Алтынсаринның, А.Құнанбаевтың ағартушылық идеялары негізінде дамып келе жатқан қоғамдық ой-пікірінің, әдебиетінің, публицистикасының прогресшілдік және демократиялық дәстүрлерін жалғастырған, ілгері дамытқан журнал болды.

Алайда, бұл журнал туралы әртүрлі пікірлер айтылып келді. Кейбіреулер «Айқап», оның редакторы М.Сералин орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударып келуіне қарсы болды, оның бетінде буржуазиялық-ұлтшыл, панисламшыл элементтердің мақалалары жарияланып отырылды, сондықтан ол кертартпа журнал болды деп көрсетті. Бұл пікірлердің қате және дұрыс емес екенің филология ғылымдарының докторы Б.Кенжебаев өзінің монографиясында дәлелдеді («Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары», 1958, 89–98 беттер). «Айқап» жалпы алғанда демократияшыл, ағартушы бағыттағы журнал болды деп тұжырымдады», – деп жаза келіп, «Айқаптың» бірқатар оң істерін дұрыс ашып көрсете білген [64].

Сөйте тұра кітап авторы бұл арада «Айқап» пен «Қазақ» газетінің арасында жер мәселесі туралы болған айтысқа дұрыс баға бере алма-

ған, әрі «Айқаптың» жабылуын: «Буржуазияшыл ұлтшылдар «Қазақ» газетінің мерейін үстем ету үшін «Айқап» журналының қыр сонынан қалмай қудалап, жамандап, ақыры оның бұқара алдында беделін түсірді. Біздіңше, журналды алдырушылардың азайып кетуіне «Қазақ» газетінің кесірі тиген.

Көп ұзамай «Қазақ» газеті шын сырын өзі ашты: «Қазақ тілінде шығып тұрған бір газет, бір журнал екеуінің бірі жабылып қалған соң екіншісін күшейтуге көмек етушілер болыңқырады деп мұртын ширатты», — деп «Қазақ» газетінен көрген [65].

Әрине, бұл жерде біздер белгілі себептерге байланысты кітап авторын кінәлау емес, қайта сондай кезеңде бұл бағылымдар туралы өрелі ой айтып, халықтың игілігіне айналдыруға тырысқандығы үшін алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Кітаптың екінші бөлімі «Қазақ совет баспасөзі» (1917–1930), — деп аталады. Мұндағы алғашқы көңіл аударарлық жай: «Тіршілік» газетіне байланысты материалдар. Бұл басылым туралы автор: «1917 жылдың күзінде «Алаш» партиясы, «Алашорда» үкіметі, жер-жерде оның комитеттері құрылды. «Қазақ» газеті алашордашылардың ресми газетіне айналды. Онда «Алаш» партиясының бағдарламасы дәріптелді, буржуазиялық құрылтай жиналысына жіберілетін делегаттардың тізімі жарияланды.

1918 жылы 18 қаңтарда Орынборды большевиктер алғанда Алашорданың, оның газеті «Қазақтың» басшылары контрреволюцияшыл атаман Дутовтың әскерімен бірге қаладан қашып шығып, Семейге қарай жөнелді. Оған орай «Қазақ» газеті екінші түрге боянып шыға келеді, редакторы екі жүзді, ұлтшыл Әбділхамит Жүндібайұлы деген бола қалды. «Қазақ» газеті 1918 жылғы 27 (14) ақпандағы бас мақаласында Орынборда Совет өкіметінің орнағанын мақұлдаған бола отырып, Ревкомның оны басқарған большевиктердің жүзеге асыра бастаған шараларын астарды пікірлермен мұқата, құбыжық ете көрсетеді. Сондықтан да большевиктер Орынборды алғанда Ә.Жанкелдин «Қазақ» газетінің Советке қарсы бағытта шыққан нөмірінің таралуына тыйым салған болатын.

Қазақ арасынан шыққан большевиктерді алашордашылар «Сарыарқа» (1917–1919 жылдары алашордашылардың Семейде шығып тұрған газеті) газетінің бетінде де жазынады. Осы газеттің 1918 жылғы 3 марттағы нөмірінде буржуазиялық ұлтшылдар «Біздің қалақты капиталдаст, буржуй жұмыскер деп бөлуге болмайды деп соқты. Олар Совет өкіметінің аграрлық саясатына қарсы шықты.



С.Сейфуллин айтқандай, бөкейліктердің «Ұран» (1917 жылы сентябрьден 1918 жылғы майға дейін Орда қаласында шығып тұрды) газеті де «Қазақтың» ықпалында болды. Кейде газет қазақ халқын прогресс, өнерлі елдер қатарына жетуге шақырғанымен тұрақты бағыт ұстай алмады.

Бұл кезеңде тек қана «Тіршілік» газеті дұрыс жолда болып революцияшыл-демократиялық бағыт ұстады. Ол буржуазиялық ұлтшылдардың баспасөз органдарының кертартпалық контрреволюциялық әрекеттерін батыл әшкерелеп отырды» [66], – дей келіп дәлел ретінде С.Сейфуллиннің: «Бұл газеттер «Тіршіліктен» басқасының бәрі, бір беткей болды. Бәрі Орынбордағы «Қазақ» газетінің ықпалымен жүрді. Бәрінің құлақ күйін «Қазақ» газеті бұрап беріп, нұсқау беріп отыратын болды. Газеттердің бәрі көз жұмбай ұлтшыл болды. Бәрінің орталық туы «Қазақ» газеті болды», – деген деректі көлденең тартады [67].

Әрине, бұған Кеңес өкіметі тұсында бәріміз имандай сендік. Көзіміз көрмесе де «ұлтшыл» басылымдарды іштей кінәладық. Өйткені, саясатта, басқа да соған итермелеп сендірді. Бірденеге күдік келтіруге болмады. Бағымызға орай ол заман қазір кетті. Басқадан қиналсақ та, өз халқының өткен тарихын көрем, білем деушілерге жол да, мүмкіндікте ашылды. Қайыржан сияқты ұлтжанды ағаларымыздың қолы жете алмағандарын зерттеп, айта алмай құса болып кеткендерін кейінгі ұрпаққа жеткізуге біздердің еншімізге қалды. Жанған оттай лапылдап тұрған «қызыл империяның» қиын-қыстау жылдарында бастарын өлімге тігіп, тарихтың қойнауын ақтарып, шындықтың түбіне жетуге тырысқан аға ұрпақтан біздің неміз артық, иә кем.

Бұдан әрі автор кітабында ауыл шаруашылығын ұжымдастыру және өнеркәсіпті индустрияландыру жолдарында Қазақстанда шығып тұрған «Ауыл тілі» және «Жұмысшы» газеттеріне арнайы тоқталып, бұл басылымдардың сол кездегі шаруалар мен жұмысшы кадрларын дайындау жолындағы игілікті істеріне кеңінен тоқталады. Мәселен, кітап авторы «Ауыл тілі» газеті туралы: «Бұл газетте Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Бейімбет Майлин, Жақан Сыздықов, Қалмақан Әбдіқадыров, Аманғали Сегізбаев сияқты көрнекті жазушылар мен журналистер белсене қатысты. Олар халыққа түсінікті тілде қара сөзбен де, өлеңмен де, әңгіме, очерк, сықақ, фельетон жазып, ескіні сөгіп, жаңаны дәріптеді...», – деп жазса [68], «Жұмысшы» газеті хақында: «Жұмысшы» газеті 1930 жылға дейін шығып тұрды. Бұл уақыттың ішінде ол бұрын өнеркәсібі болмаған Қазақстанда жаңа

өнеркәсіп орындарының көптеп ашылуына, онда қазақ жұмысшылары санының көбеюіне байланысты олардың мәдени-білім дәрежесінің өсуіне ат салысты. Республикамызда маман жұмысшы кадрларын даярлауға қолқабыс етті. Сөйтіп, өзіне жүктелген абыройды да зор сенімді толық ақтай алды» [69], – деген Т.Қожакеевтің «Жұмысшы, шаруа газеттері» атты мақаласынан үзінді келтіреді.

Келесі сөз Ташкентте шыққан қазақ тіліндегі газет-журналдар туралы болмақ. Автор еңбегінде 1920-1925 жылдар аралығында осында жарық көрген «Ақ жол» газеті оған қосымша ретінде шығарылған тұңғыш сықак журналы «Шаншарға», сондай-ақ «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Жас қайрат» газетінің шығу тарихына тоқталып, олардың әрқайсысына өз кезеңінің биігінен объективті түрде баға беруге тырысады.

Өкінішке орай, Қ.Бекхожиннің «Қазақ баспасөзі тарихының очеркі» деп аталатын екінші бір монографиялық еңбегі өзі қайтыс болып кеткеннен соң 1981 жылы «Мектеп» баспасынан 13 баспа табақ көлемінде толықтырылып, өңделіп қайта басылып шықты. Бұл монография біздің назарымызды аударған «Қазақстан баспасөзі Ұлы Отан соғысы жылдарында» және «Қазақстан» баспасөзі соғыстан кейінгі бесжылдықтар кезінде (1945–1958) деп аталатын соңғы екі тарау болды.

Алғашқы тарауда Ұлы Отан соғысы жылдарында қазақ тіліндегі майдандық газеттер туралы егжей-тегжей мәліметтер береді. Мәселен, ол: «Қазақ тілінде шығарылған майдандық газеттер қазақ баспасөзінің тарихынан елеулі орын алады. Бұл газеттерді шығару ісіне Ахмет Елшібеков, Үмітбай Балқашев, Қасым Шәріпов, Әбу Сәрсенбаев, Қалмақан Әбдіқадыров, Жұбан Молдағалиев, Әнуар Ипмағамбетов, Күрманбек Сағындықов, Мұса Діншев, Төлеутай Ақшолоқов, Сағынғали Сейітов, Жекен Жұмаханов, Зейнолла Тұрарбеков, Әбдірашит Бектемісов, Мұзафар Әлімбаев, Қалижан Бекхожин сияқты жауынгер-журналистер мен жазушылар редактор, газет қызметкерлері, тілшілер болып қатысты. Олар жалынды сөздерімен жауынгерлердің жүрегіне жол тапты», – деп майдангер журналистердің еңбектерін жоғары бағалады [70].

Ал, бұл кітаптың соңғы он бірінші тарауында болса соғыстан кейінгі бесжылдықтар кезеңіндегі (1945–1958) қазақ баспасөзінің өткен жолына, тындырған істеріне шолу жасалып, баға беріледі.

## 17. ӘКЕГЕ ТАРТЫП ТУҒАН ҚЫЗ

(Шәмшиябану Сәтбаева) [71]



Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, еліміздің ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, Мемлекеттік Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығының лауреаты Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаева қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты Қ.Сәтбаев атындағы кеншарда (бұрынғы «Тендік» ауылында) 1930 жылдың шілде айының 25 жұлдызында дүниеге келген. 1946 жылы орта мектепті үздік бітірген қабілетті жас, сол жылы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі.

Жоғары оқу орнын үздік бітірген Ш.Сәтбаева аспирантураға қалдырылып, 1951–1954 жылдары М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университетінің аспирантурасында оқиды. Зерделі жас сол жылдардың өзінде тек бір ғана өзінің диссертациялық жұмысымен шектеліп қана қоймай, атақты оқу орнының СССР халықтары әдебиеттерінің кафедрасының ғылыми-теориялық жұмыстарына да қызу араласады.

Сөйтіп, 1954 жылдың мамыр айында М.В.Ломоносов атындағы Москва Мемлекеттік университеті филология факультетінің Біріккен ғылыми кеңесінде «Қазақ көркем прозасындағы индустрияландыру тақырыбы» аталған келелі мәселелер бойынша кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап және жас ғалым сол жылы өзінің түлеп ұшқан ұясы Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогика институтының орыс және шетел әдебиеттері кафедрасына қызметке оралады.

Табиғатынан зерек, зерделі жанның бұл жылдардағы негізгі мойнына алып, атқарған қызметі республикаға білікті мамандар дайындау

болғаны хақ. Ал, білікті маман дайындау үшін ұстазға сөз жоқ, ол оқу орнының тиісті оқу бағдарламасы бойынша аса терең білімдарлық қажет. Көпшілікке бұрын етене таныс емес соны материалдар, тың ғылыми байымдары мен студент қауымының хабардар етіп, олардың білім алуға ықылас-ынтасын айырықша арттыру үшін бұл жылдарда да Ш.Сәтбаева үнемі үздіксіз ізденіс үстінде болды. Әдебиеттер тарихынан лекциялар курсына дайындады. Халықтардың рухани өміріндегі, әдебиеттеріндегі байланыстар мен қатынастарды, алмасулар мен үндестік, ұқсастылықтарды іздестіре, салыстыра жүріп, ғалым сан ғасырлық тарихы бар туған жұртының әдебиетінің тарихы мен теориясына, оның өзге әдебиеттермен байланыс мәселелеріне дендеп көңіл бөліп, арнайы шұғылдану арқылы терең байламдар жасамаса болмайтындығына айқын көзі жетті. Өйткені, сонау Геродот, Птолемей заманынан өткен ғасырдың басындағы Карутца дейінгі аралықта қазақ жұртының тарихы мен географиясы, этнографиясы мен әдебиеті жайлы жазылған батыс пен шығыстың небір білімдар азаматтарының қалдырған еңбектері арнайы зерттеу объектісі етуге әбден лайық болатын. Бұл тұрғыда Шәмшиябану Қанышқызы 1245 жылы Италия Папасы Иннокентийдің ұйғарымымен Моңғолияға жіберілген Плато Карпини бастаған алты монахтың 1246 жылғы сапары жайлы П.Карпинидің латын тілінде жазылған «Саяхат тарихы» еңбегі болсын, 1253 жылы Франция королі Людовик IX-ның аттандыруымен Қарқарылыға дейін барып қайтқан флагмандық Вильгельм Рубрук пен кезінде Азия материгі мен халықтарын бір кісідей-ақ зерттеген орыс ғалымы И.Мушкатов: «Барлық уақыттар мен халықтардың ұлы саяхатшысы» атанған венециандық Марко Полоның 1271–1291 жылдардағы Азия елдерін аралау сапарынан жазылған кітабы болсын, 1403–1406 жылдары Самаркандта, Ақсақ Темір астанасында болған Лиондық Рюн Гонзалес де Клавихоның, 1410 жылы Алтын Ордада тұтқында болып, Едіге жорықтарының біріне катысқан, боварлық солдат Ганс Шильтербергердің еңбектерінде болсын, қазіргі қазақ ұлтын құрайтын найман, қанды, қыпшақ, керей, керейіт т.б. рудар жайлы, олар мекендейтін Еділ, Жайық, Сырдария, Әмудария, Балқаш, Іле бойы, Сарыарқа, Атырау алабы туралы деректері мен бұл елдердің шаруашылығы, өздерін билейтіндерге деген қатынасынан хабардар ететін құнды мәліметтердің көне жәдігерлік ретінде қазақ зерттеушісінің назарында болуға тиісті екендігін дер кезінде бағамдай білген.

Әрине, қазақ ұлтының тарихы – өте күрделі өмір кешкен елдердің тарихының қатарына жатады. Арғы жағын айтпағанның өзінде, Ал-

тын Орда дәуірінен бермен қарай қиын-қыстау кезенді басынан кешкен қайсар жұрт, XVIII ғасырдан бері Ресей империясының әуелі боданы, кейін отары болып ұзақ уақыт күй кешті. Ал, бодан елді, отар елді кім өзіне тең дәрежелес санаған? Сондай қомсышудың, менсінбеудің айқын көрінісі, басқаны былай қойғанда, оның азан шақырып қойғандай, өзін ел ретінде танытар есімі қазақ атауының қаншама уақыт бойы бұрмаланып келгенінен-ақ айқын көруге болады. Татар деді, қайсақ деді, қырғыз деді, әйтеуір қазақ деп айту өзін билеп-төстеп келген орыс жұртына соншалықты қиын болды, Ондай жағдайда, әлбетте, сол елдің сыртында жатқан батыс жұртына қазақтың қадірін біле қою да оңай болмасы хақ.

Бірақ, дүние бір өлшеммен безбенделмеген. Қазақтың да сол жер бетінде өмір сүріп жатқан көптеген халықтар сияқты өткені мен бүгінгісі бар, адамзат көшіне ілесіп келе жатқан ұлыстардың бірі екендігін сол Ресейдің В.Татищев, А.Левшин т.б. көптеген оқымыстылары, батыс жұртының Орал тауларынан шығысқа қарай ат ізін салған азаматтары көріп қана қоймай, сол естіген-көргендерін өздерінің қандастарына жеткізгенше асығумен болды.

Бұл ретте 1829 жылы Атырау, Орал, Алтай бойында болған, сол сапарында 1812 жылғы Ресейдің Отан соғысына қатысып, Парижге дейін барып қайтқан қалмақ князі Цырен-Джаппен, Бөкей Ордасының ханы Жәңгір Бөкеевпен кездескен атақты оқымысты Александр фон Гумбольдтың саяхаты Еуропаның қазақ даласымен, оның халқымен жақын танысуының беташарындай әсер қалдырады. Сонан кейін-ақ, XIX ғасырдағы батыстың ақыл-ойының небір таңдаулы өкілдері қазақ сахарасында болуға тырысып баққан, жазған шығармаларына да кіргізіп отырған. Мәселен, француздың атақты жазушысы Ж.Дюма дүниенің төрт бұрышын шарлаған саяхаттарының бірінде, 1858 жылы қазақ даласында болып, сондағы көзімен көргендерін «Парижден Астраханьға» атты очеркінде және баласына жазған хаттарында кеңінен баяндайды. Сондай-ақ, «Дүниедегі ұлылықтардың бәрі творчестволық арманнан туған», – деп айтудан жалықпаған бүкіл дүниежүзі халықтары мен олардың елдерін суреттеуді алдына мақсат етіп қойған ұлы ойшыл жазушы Жюль Верннің алпыс бес томнан тұратын «Тамаша саяхаттар» сериясының «Клодиус Бомбарнак» атты ғылыми-фантастикалық әрі сатиралық романы қазақ жерінің кен байлығы мен табиғи өзгешеліктеріне арналған. Роман авторы қырғыздар мен кара қырғыздарды, яғни қазақтар мен қырғыздар екі халық деп біледі. Сонымен

қатар бұл еңбекте 1857 жылы Қытайға жасаған сапары кезінде буындырылып өлтірілген батыстың ер жүрек саяхатшысы Адольф Шлагинтвейттің қайғылы тағдырына Жюль Верннің әбден құлағы қанықтығы анық аңғарылады. Ал, Адольфтің өмірінің ақырғы кезеңінен күллі дүниежүзін хабардар еткен қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов болатын. Олай болса бүкіл дүниежүзін қаламының қайратымен ынтызар қылған ұды жазушының қазақтың XIX ғасырдағы біртуар перзентінің мәліметімен таныс болғандығы күмән туғызбайды. Бұл арқылы Шоқан Уәлиханов лебізіне батыстың маркаскаларының сол кездің өзінде-ақ құлақ асып, жассынбай, жатсынбай жақын тартқанын аңғарамыз. Ал, сол арқылы оны дүниеге келтірген халықты да кемел ойлылар келеке етуге әуес болмаған деп білеміз.

XIX ғасырдың сексенінші жылдары француз ғалымдары Капю, Бонвола, ерлі-зайыпты Уйфали, Эжен Мельхиор де Вогюлер қазақтар мекендеген аймақтарда болып, өздерінің елін, қала берді күллі Европаны халқымыздың рухани өмірімен жақынырақ таныстырады. Оған дәлел – Уйфалилердің Орта Азия халықтарының музыкалық фольклорын жинаумен шұғылданып жүріп, саяхатшы Р.Н.Майков арқылы сол тұста «Князь Игорь» операсын жазып жүрген композитор А.П.Бородинге нотаға түсірілген біраз материалдарын беруі. Ал, ол дүниелер музыка мамандары анықтағандай, атакты шығармада қыпшақ даласының көрінісін беруде, қыпшақ қыздарының әндерін нақыштауда авторға айырықша көмек еткен. Міне, сол әуендерде қазақ әндерінің сазы мен сарындары пайдаланылған. Сондай-ақ, Капю мен Бонвола қазақ ақындарының суырып салма өнеріне төнгі бола отырып, Ыдырыскүл есімді ақын өншінің орындаушылық шеберлігін «Қырғыз трубадуры» атты мақалада танқала баяндай келіп: «Ыдырыскүл нағыз артист. Өз өнерінің нағыз биігіне шыққан ғажап өнерпаз... Ыдырыскүл сияқты тенорлар Европаның опералық театрларының қайсысының болса да мақтанышы болған болар еді», – деген қорытынды жасайды.

Міне, осылардың барлығы арнайы өнер жолына түсіп, ұзақ ізденуді талап ететін үлкен ғылыми мәселенің арнасы екендігіне – ғалымның бұрынғыдан да гөрі сенімін нықтай түсті. Сөйтіп, ол 1965 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының әдебиеттер байланысы бөліміне аға ғылыми қызметкерлікке ауысады. Мұның өзі Москва, Ленинград қалалары секілді ежелгі мәдениет ошақтарындағы кітапханалар мен архивтер арасынан

ирек қожазбалар мен кітаптарды мұқият ой елегінен өткізе отырып, оны ғылыми пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді.

XIX ғасырдың өн бойында тағдырдың жазуымен қазақ даласында айдауда болған Т.Зан, Ян Виткевич, А.Сузин, Л.Турно, А.Янушевич, Г.Зелинский, Б.Залесский, С.Гросс сынды бір ғана поляк ұлтының ақын, жазушы, заңгер, суретші перзенттерінің күллі рухани мұрасымен жете таныса отырып, олардың азаматтық болмысын, соның ішінде қазақтарға деген көзқарастары жайлы шығармаларын саралауың өзі оңай шаруа емес екендігі хақ. Ал, сол дәуірде қазақ даласының әр қиырында болып ұлы ақын бабамыз Абай Құнанбаев туралы әлеулі деректер қалдырған американдық Джордж Кеннан, «Орта Азия және Батыс Сібір» атты кітап жазған атақты ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсон, «Орта Азия сапарының» авторы Қожа Ахмет Иасауи еңбегі мен мазарын тандана жазатын Венгер академиясының мүшесі Арминий Вамбери, қазақ жыршылары мен халықтық аңыз, ертегілері жайлы бірсыпыра мәліметтер беретін «Маңғыстау қазақтары мен түркімендерінің арасында» атты кітаптың авторы, неміс фольклорисі Рихтер Карутц қазақтар арасында болмаса да Шоқан Уәлихановтың мұрасын аса жоғары бағалаған. «Дүниежүзілік жаңа география. Жер және адамдар» атты Европа халықтарының тілдерінде бірнеше рет басылған 19 томдық еңбек авторы француз Элизе Реклю т.б. қазақтарға қатысты мұрасы, сондай-ақ, XIX–XX ғасырларда аударма шығармалары арқылы қазақтар таныс болған Европа жұртының ұлы каламгерлері жайлы зерттеулер жүргізуді қоссақ, мұның барлығы бір адамның өмірінде атқарып кетуге үлгермейтіндей үлкен қызмет. Міне, Шәмшиябану Қанышқызы осындай ұланғайыр абыройлы жұмысты қолға алуға ерте бастан-ақ тәуекел еткен болатын.

Соның нәтижесінде ол әртүрлі ғылыми басылымдар мен көпшілік оқырмандарға арналған газеттер мен журналдарға қыруар материалдар жариялады. 1971 жылы «Ғылым» баспасынан «Казахская литература в оценке зарубежной критики» деген атпен алғысөз жазып, қазақ әдебиеті жайлы шетелдік авторлардың сын пікірлерінің көлемді жинағын бастыртады. Сол жылы «XIX және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ-еуропа әдеби байланыстары» атты тақырыпта филология ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін арнайы мамандандырылған кеңесте диссертация қорғайды.

Бұл ізденістерімен өткен көп жылдар бойғы еңбектің нәтижесі болатын. Сонау он үшінші ғасырдан бастап, 1960 жылдарға дейінгі уақыт

аралығын қамтитын, яғни сегіз ғасырлық мезгіл аясындағы қазақ әдебиетінің Еуропаның іргелі елдерінің әдебиеттерімен алуан сипатты байланыстарының нақтылы көрінісі ғылыми тұрғыдан дәйекті түйінделген тұжырымдарға толы. Бұл еңбек 1972 жылы «Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX веков» деген атпен оқырмандар қолына тиді.

Шәмшиябану Қанышқызы жетпісінші жылдар кезеңінде ерекше бір көңіл бөлген саласы – қазақ әдебиетінде халықаралық тақырыптардың көркемдік игерілу мәселесі сынды, түрен түспей тын жатқан тақырып болғаны белгілі. Ғалымның 1977 жылы жарық көрген «Өрнекті өріс» атты монографиялық еңбегі бұл тараптағы алғашқы ізденістер болуымен және күн тәртібінде тұрған мәселелерге түбегейлі жауап берген еңбек болуымен бағалы. Сондай-ақ, зерттеушінің әдеби алмасулардағы шығармашылық тұлғалардың ролін парықтайтын «Л.Н.Толстой в Казахстане» атты кітабының да (1979) ғылыми тағылымы ерекше көңіл аударатындығы даусыз.

Ғалымның біраз жылдар бойы мектеп оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне арнап «Қазақ әдебиеті» атты оқулық жазумен шұғылданып келгені де мәлім. Алғаш рет 1976 жылы жарық көрген Н.С.Смирнова, Х.Әдібаев сынды белгілі ғалымдармен бірігіп орыс мектептерінің 9–10 сыныптарына арнап жазған «Қазақ әдебиеті» оқулығы бұл күнде 16 рет басылым көріп отырғанын баса көрсету ләзім. Сондай-ақ, 1979 жылдан бермен қарай филологиялық факультеттердің орыс бөлімі студенттеріне арналған қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихын қамтитын «Қазақ әдебиеті» атты Х.Әдібаев екеуі бірігіп жазған оқулық та бірнеше дүркін қайтара басылып шықты. Ал, мұның өзі ғалымның бұл жолдағы ізденістерінің де нәтижесіз еместігін білдіреді.

Шығыс пен батыстың небір аukatы ақындары мен ғұлама тарихшы, философтары талай еңбектерін арнаған Ескендір, яки Александр Македонский сынды тарихи нар тұлғаны қазақ ақындары да жырға қосқан. Ұлттық поэзиямыздың алыбы Абай Құнанбаев бұл мәселені жырлауда дүниежүзілік «Александрияда» тақырыбын тын пайымдаумен, тосын шешіммен жана сатыға көтерген. Оның бер жағында, кешегі Қазан төңкерісінің алдында, кейінгі тұстар да өмір кешкен қазақ қаламгерлері шығыс ақындарының небір жауһар жырларын түпнұсқасымен қатар жарысқандай, сынғырлаған сиқырлы бояуларын сақтай отырып өзіміздің ұлттық тілімізде сөйлеткен. Табиғи талант болмыстарына күллі дүние інкәр болған осынау ғажайып тарихи тұлғалар ту-



ралы, жалпы шығыс тақырыбына мыңдаған өлеңдер мен балладалар, әңгімелер мен повестер жазылған. Сондай-ақ, Азия мен Африка елдері жазушыларының ынтымақтық қозғалысына да ұлттық әдебиетіміздің көрнекті өкілдері елеулі үлестерін қосқан. Ал, мұның барлығы зерделей білген адамға үлкен зерттеу объектісі екендігінде күмән жоқ. Шәмшиябану Қанышқызының 1982 жылы «Ғылым» баспасынан орыс тілінде шыққан «Қазақ әдебиеті және Шығыс» атты қомақты еңбегі, мінеки осы мәселеге арналғандығымен елеулі.

1983 жылы «Жазушы» баспасынан «Достық дастандары» деген атпен жарық көрген ғалым еңбегі де, жоғарыда айтылған монография сияқты оқырмандар мен ғалымдар тарапынан ыстық ықыласқа ие болған жағымды пікір, рецензиялар жарық көрді.

Қазақтың ұлы ойшыл ғалымы Шоқан Уәлиханов мұрасы өзінің сансалалығымен әртүрлі ұлттан, әркімнің мекеннен шыққан өзінің замандастарын да, кейінгі ұрпақты да тәнті етіп келгені хақ. Бұл ретте ол батыс пен шығыстың көркем әдебиеті мен фольклорын терең игерген, осы салада елеулі-елеулі еңсесі биік зерттеулер қалдырған білімдер ғалым ретінде көп уақыттан бері әдебиетші ғалымдардың назарын аударумен келгені мәлім. Ғалымның қырғыз әдебиеті, оның таяуда ғана 1000 жылдығы тойланған «Манас» эпосы туралы еткен ұланғайыр еңбегі, қазақ әдебиеті мен антикалық, орта ғасырдағы шығыс, арғы-бергі дәуірлердегі Батыс Еуропа мен орыс әдебиеті туралы зерттеулері, дүниежүзін сиқырлы қаламының күшімен өзіне тәнті еткен ақыл-ой иесі Федор Михайлович Достоевский бастаған ХІХ ғасырдағы Ресей қаламгерлерімен достық қарым-қатынастарын Шәмшиябану Қанышқызы көп уақыттардан бері арнайы зерттей жүріп, 1987 жылы «Жазушы» баспасынан «Шоқан Уәлиханов және орыс әдебиеті» атты орыс тілінде, «Ғылым» баспасынан «Шоқан Уәлиханов-филолог» атты қазақ тілінде монографиялар шығарды. Шоқан Уәлихановтың әдебиетшілік болмысын жан-жақты аша білген. Бұл еңбектер Шоқантануға, әрі жалпы республика ғылымына қосылған іргелі фундаменталдық монографиялар ретінде 1990 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы Бірінші дәрежелі сыйлығын иеленді.

Ш.Сәтбаева – әдебиеттану ғылымының алуан саласында жемісті еңбек еткен қарымды да, терең білімдер ғалым. Ол әдебиеттанудың қай саласында еңбектенсе де өзінің әріптестері көтерген мәселесін жетік білетіндігімен, тың деректерге сүйеніп отырып, құнарлы, соны тұжырым, байыпты болжамдар жасайтындығымен талайдан бері көпті мой-

ындатқан маман. Оның өмірінің соңғы он жыл ішінде Республика ұлттық Академиясының М.О.Әуезов атындағы институтының өзіндік елеулі дәстүрі бар әдебиеттер тарихы бөлімін басқара жүріп VIII – IX ғасырлардағы ежелгі Орхон-Енисей жазба ескерткіштері одан бергі дәуірлердегі Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Иүгінеки секілді жалпы түркі халықтарына ортақ ескерткіштер туралы зерттеулерге, Ыбырай Алтынсарин, Мұрат Мөнкеұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Міржакып Дулатов, Ғұмар Қарашев, Нарманбет Орманбетов шығармаларының ғылыми алғысөз-түсініктерімен, баспадан шығуына сындарлы басшылық жасаулары осыған дәлел.

Ғалымның 1988 жылы «Абайды танып болдық па?» [72], «Проблемы изучения творческого наследия Абая Кунанбаева» [73] мақалалары жалпы Абайтануға шолу жасай отырып, бұл тарапта зерттелуге тиісті көкейкесті мәселелерді күн тәртібіне өткір қоя білгендігімен, кезінде әдебиеттанушы-ғалымдарды да, Абай мұрасын қастерлеуші күллі оқырман қауымды да риза еткен еңбектер болды.

Сондай-ақ, Шәмшиябану Қанышқызының 1980 жылдардың екінші жартысында ұзақ жылдар бойы көз жазып қалған Шәкәрім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржакып Дулатов секілді арыстардың творчестволық мұрасын зерттеумен айналысқан мемлекеттік комиссияның құрамында болып, сандақ суреткерлердің еңбектерінің халқымен тез табысуы жолында елеулі еңбек етуі. Шәкәрім Құдайбердиев пен Ахмет Байтұрсынов шығармаларына алғысөз жазып, олардың жедел түрде баспадан шығуы жолында тер төгуі арыстар үшін де, олармен қауышуға ынтызар болып отырған халқы алдында да атқарған перзенттік қызметі сияқты. Бұл тарапта оның қазіргі кездегі кітап бастыру ісінің қиындығына карамастан «Шакарим Кудайбердиев» атты 1993 жылы «Ғылым» баспасынан орыс тілінде жарық көрген монографиялық еңбегі бүгінгі таңдағы Шәкәрімтанудың бастамасы болған тұңғыш зерттеу жұмысы болғанына зерделі қауым тегістей қол қойған.

## 18. ПЕДАГОГ, ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ (Төлеутай Ақшолақов)



– Ата-жұртым, елім Баянауыл. Әкем Қазі Қызылтау маңын мекендеп, кейінірек өмірдің талқысымен әрі біздерге, кейінгі ұрпағына білім беру мақсатымен Кереку қаласына көшіп келген. Біз қазақтың ақиық ақындарының бірі Қалижан Бекхожин екеуіміз бір жылдың төлдеріміз. Әрі ағайындас болып келеміз. Оның «Бауырым Төкенге» деп маған арнаған өлеңінің:

*Үзілмей сақтансын деп ата достық,  
Жан лебін сонау сәби шақта қостық.  
Ата-ана мейіріміне бір бөленіп,  
Екеуіміз егіздей боп қатар өстік, –*

деген алғаш шумағы осының дәлелі.

Ал, менің өмірбаянымның екінші бір қыры еңбек жолым туралы өзімнің бұрынғы шәкіртім, қазіргі белгілі танымал ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Тұманбай Молдағалиев інім:

*Туыпсыз ағаңыздың төлеуіне,  
Қарамай қарсы соққан жел өңіне.  
Келесің қиындықты қырқып жеңіп,  
Бипаздан оның бәрін керегі не.  
Сексеннің сеңгірінде отыр мықтың,  
Қайда да шын бақыттың отын күтті?  
Жаздыңыз жиырма беске толмай жатып,  
Авторы болып шықтың оқулықтың.*

Арқасы бойыңдағы қабілеттің,  
 Аудардың қазақшаға «Гамлетті».  
 Кішкене күн секілді қайда жүрсең,  
 Сол жердің бәріп дәйім жарық еттің.

Қарағай басын жерге ие ме енді,  
 Бақ келді, бақпен бірге кие келді.  
 Қазақтың қыздарының қолы жетпей,  
 Татардың бір сұлуы иеленді.

Білімнің ерте үңілдің тереңіне,  
 Кірсін деп жақсы шырай ел өңіне.  
 Жан салып докторлықты қорғасаң да,  
 Москва қарсы алған жоқ, керегі не.

Қазақтың құлақ болдың кереңіне,  
 Ишетін бұлақ болдың зерегіне.  
 О баста-ақ дүл-дүл болып туган ұлын,  
 Кереку кеш таныды керегі не.

Есімде биік қалтың, киік қалтың,  
 Қашанда қадірледі сүйіп халқың.  
 Өзінің мейірімімен, жүрегінен,  
 Анаңыз ел алсын деп құйынты алтын.

Сиреген кезі бүгін қатардың да,  
 Бойлай бір бөлашақтан хат алдың ба?  
 Елінің құшағына бердің өзің,  
 Естайды Ертіске ертіп анардың да.

Талабың тасты жарып, тау құлатты,  
 Өзені өміріңнің қарғып ақты.  
 Сағымның арасында қалғып кеткен,  
 Оялтың ұйқысынан Жарылғанты. –

деген өлең шығарып, дұрыс ой түйген деп бастады әңгімесін жерлес ағамыз Төлеутай Ақшолақов ...

Жастық шағымыз аумалы-төкпелі кезде өтті. Қалижан екеуіміз 1932 жылы Алматыдағы мәздәрігерлік институтына оқуға түстік. Бірақ дәл осы жылы елде аштық басталып, студент атанғанымызға төрт ай болар-болмастан ауылға қайтуымызға тура келді. Міне, менің еңбек жолым осыдан кейін басталды. Басталғанда да журналистік қызметтен басталды. Сөйтіп, жазу-сызуға жастайымнан күмар болған мен жасымда

Павлодар облысының, Павлодар ауданында «Колхоз» газетінің жауапты хатшысы болдым да, Қалижан әдеби қызметкерлікке қабылданды. Бұл туралы Қ. Бекхожиннің «Өлең өткелдері» атты естелік кітабында жақсы жазылған.

Бұдан кейін жан досы Қалижан екеуі қайтадан бірге қол ұстасып, білім іздеп Алматыға тартты. Екеуі Абай атындағы педагогикалық институттың бір бөліміне түскенімен, Қалижан ақындықтың, бұл зерттеушілік мамандықты қалады. Соның да нәтижесі, ықпалы болу керек 24 жасында көрнекті ғалым Смайыл Есмағанбетовпен бірігіп IX сынып оқушыларына арналған қазақ әдебиеті жөніндегі оқулықты жазды. Ал, Қ. Жұмалиевпен бірігіп жазған екінші бір оқулығы 1939 жылдан күні бүгінге дейін 21 рет қайта басылып шығыпты. Мектеп оқулығы тарихы үшін мұның өзін қайталанбас оқиға, өшпес мұра деп атауымызға болады.

Ал, ғалымның екінші бір еңбегі 9 сыныпқа арналған қазақ әдебиетінің хрестоматия туралы, Төкеңнің шәкірті, белгілі ақын Тұманбай Молдағалиев: «Мен сол сәттен бастап жана директорыма жоғарыдан қарайтын болдым. Балаларға болған оқиғаны түгел айтып бердім. Олардың біреуі «Ойбай, бұл кісі Павлодарда облононы басқарыпты» – десе, менің Едіге досым «Бұл кісі 1939 жылдың өзінде 9 сыныпқа арнап Есмағанбет Исмаилов ағамен бірге қазақ әдебиетінің хрестоматиясын жазып шығарыпты», – деп кітапты сандықшасынан алып ортамызға тастады. Ыбырай Алтынсариннен басталатын оқулық латын әрпімен басылған екен.

«Патшаның XVIII ғасырда басталған отаршылдық жорығы, орыстың әскери феодалдық империализмі – XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ елін шенгеліне ала бастады. Патшаның отаршылдық саясаты бастапқы кезде қазақ елінің жерін басып алса, ол жерлерге Орталық Ресейде сыйыспаған шаруаларды, шұрайлы жерге қожа болуға тырысқан помещиктерді қоныстандырса, ал XIX ғасырда қазақ елін бағындырып алғаннан кейін милитаристік сауда саясатын жүргізеді», – деп оқи бастадым. Мен «Әлгі орысқа өзіміз еркімізбен қосылдық деп жүрген әңгіме онша шын болмады-ау шамасы» деп бір ересектеу бала осы кітапты оқымай-ақ мұғалімнің өзіне берейік деген уәж айтты.

Хрестоматияда қазақтың Ыбырай, Абай, Махамбет, Шөңгерей, Ғұмар Қарашев, Нармамбет ақын, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров сияқты ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығы-

нан мәлімет берілген. Дүние жүзі әдебиетінің алыбы Вильям Шекспирдің өмірбаяны мен Мұхтар Әуезов аударған «Отеллодан» үзінді де берілген екен. Әдебиетке құмар мен сол хрестоматия директор ағайдың қолына өткенше оқып бірнеше рет аударып шықтым. Біздің жаңа директордың осал адам емес екеніне көзім әбден жетті», – деп жазады [74].

Осыған орай тағы бір тоқтала кететін мәселе Т.Ақшолақов ұстаздығы, журналистігімен қатар белгілі аудармашы да. Ол грузин жазушысы Л.Киачелидің «Гвади Бигва», мажор жазушысы Атцел Томаштың «Азаттық аясында», корей жазушысы Хон Сер Янның «Ымырт», даниялық жазушы Иенс Сигсорттың «Жарық дүниеде жалғыз өзі» романдарын қазақ тіліне аударды. Әдебиет хрестоматиясына арнап Н.Гончаровтың «Обломов» романынан «Обломовтың түсі» үзіндісін, У.Шекспирдің «Гамлетінен» үзінді аударды. Олар 1938 жылдан бері мектеп оқушыларына арналған әдебиет хрестоматиясы беттерінен түспей келеді.

Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген соң мұғалім, одан кейін мемлекеттік баспада қызмет істеген Т.Ақшолақов Ұлы Отан соғысы басталғанда Сталинград түбіндегі қазандай қайнаған ұрыс ортасына түсіп, соғысты жеңіспен Берлинде аяқтайды. Бұл жөнінде Төкеннің майдангер, қарулас, қаламдас әріптесі, бүгінгі таңдағы белгілі қарт журналист Мұса Дінішев былай деп еске алады: «Осы күнде көп адамдар білмейді. Отан соғысы кезінде майдандардың барлығында дерлік қазақ тілінде газет шығып тұрды. Әнуар Ипмағамбетов, Әбу Сәрсенбаев, Сағынғали Сейітов, Дихан Әбілев, Ысқақ Дүйсенбаев, Жекен Жұмаханов, Әбдібек Нұрмұхамбетов, Рашит Бектемісов, Қасым Шәріпов, Зейнолла Тұрарбеков, Мәлік Қаракұлов тағы басқа да бірсыпыра ақын-жазушылар, журналистер сол майдандық газет редакцияларында жұмыс істеді. Туған елден қашықта, туған-туысқандарынан, отбасынан ұзақ уақыт қол үзіп, майдан азабына белшесінен батып, ажалмен айқасып жүрген қазақ жігіттеріне ел хабарын жеткізіп, халқымыздың ерлік дәстүрін насихаттап, жылы сөздер айтып отырған бұл газеттер үлкен игілікті міндеттер атқарды. Т.Ақшолақов та сол қазақ журналистерінің бірі болды» [75], – дей келіп оның «Қызыл Армия» газетінің тілшісі ретіндегі жазған еңбектерінің жемісті болғандығын сөз етеді.

Олар, майдангер-журналистер 1947 жылдың көктемінде елге жеңіспен оралды. Келе сала өмірдің қызу қайнаған ортасына білек сыбана кірісіп кетті. Ал, Төлеутай болса қайтадан өзінің бұрынғы кәсібі оқу-ағарту ісіне араласты. Алдымен астанаға жақын жердегі Есікте мектеп

директоры болып, содан соң Алматыға келіп «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналын ашты. Одан «Қазақстан мұғалімі» газетіне редактор болып тағайындалды. Төкең өзі редактор болған жылдардағы «Қазақстан мұғалімі» газетін былайша еске алады: «Газеттен ғылым мен өнер сапасындағы белгілі ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің материалдарын жиі көруге болатын еді. «Қазақстан мұғалімі» газетінде ұлы ғалым Қаныш Сәтбаевтың, КСРО Халық әртісі Роза Жаманованың ұстаздарға арналған мақалалары жарық көрді. Сол сияқты академик С.Кенесбаевтың, ұлттық академияның корреспондент-мүшесі Әхмәди Ысқақовтың, тағы басқа ғалымдардың мақалалары басылып тұрды. Мұның өзі газет беделінің артуына көп себепкер болды.

Газет әлемдік әрі орыстық педагогикадағы, олардың ой дүниесіндегі ғылыми пікірлерді республика мектептерінің оқу педагогикалық процесіне енгізуде көп игі іс атқарды».

Енді, Т.Ақшолақов газет редакторлығынан сол кездегі «Мектеп» баспасына директор болып ауысады. Сөйтіп, қазақ жастарының білім алуына, мәдениеті мен әдебиетінің дамуына мол үлес қосты. Ұстаз-ғалым ретінде бір ұрпактың ғұмырына жетерлік елеулі еңбектер жазды. Атап айтар болсақ, 150-ден астам ғылыми мақалалар, алты монография, оқу-педагогикалық, әдебиеттану кітаптарын шығарды.

1967 жылы мектепте әдебиет пәнін оқытудың актуальдық проблемаларына арнап кандидаттық диссертация қорғайды. Одан соң Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім проблемалары институты директорының орынбасарлығына тағайындалады. Енді ғалым «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын ашу» деген монографиясын жазып, докторлық қорғауға дайындала бастайды. Бірақ екі рет талпынғанымен жолы болмай, меселі қайтады. Бір қызығы, әрі қайшылығы дәл осы тақырыпқа жазған ғылыми еңбегі 1975 жылы ғылыми-техникалық ақпараттар орталығында тандаулы педагогикалық еңбектерінің қатарына енгізіліп, ол туралы реферат түріндегі ақпарат ЮНЕСКО жанындағы халықаралық ақпараттар орталығына жіберілген.

Ал, Т.Ақшолақовтың екінші бір «Шығарманың көркем айшықтарын таныту» атты монографиясы хақында ақын ағамыз Тұманбай Молдағалиев: «...Әдебиетші ағаның бұл еңбегі «Әдебиет бір-бірімен жымдаса өрілген тұтас бітім», «Поэзиялық шығармаларды талдау», «Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту – жазушы стилін таныту» деген бөлімдердің өзі-ақ әдебиетшінің бұл кітабының мақсат бедерін айқындап тұр. Терең ғылыми да, аса ұқыптылықпен жазылған әдеби еңбек.

«Көркем әдебиеттегі шеберлік пен үйлесімді оқушыларға терең таныту шығарманың әсемдік ерекшеліктеріне талдау жасауға негізделмек. Онсыз әдебиеттен оқушыларға терең де сапалы білім беру қиын.» Бұл ой осы кітаптың айтар ойын да, жетер мақсатын да айқындап айттып отыр. Осы кітапта француз Жорж Сандтан тартып, орыстың Л.Н.Толстой, Ф.М.Достоевский, Гоголь, бері қарай тәжік Мырза Тұрсын Заде, қазақ әдебиетінің барлық классиктеріне талдау жасалады. Автордың әдеби мол біліміне сүйсінесің. «Е, бәсе, менің ұстазым осындай болуға тиіс еді ғой» деген мақтаныш сезімі менің ақын көңілімді биікке шырқатып жіберген де сияқты», – деп толғанады [76].

Иә, халық айтса қалт айтпайды. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» деген осыдан шыққан-ау, тегі. Өз кезегінде ғалым да кезінде өзінен оқып, тәлім-тәрбие алған шәкірттерін мақтан тұтады, яғни Құдайберген Сұрағанов, филология ғылымдарының докторы, профессор Нұржамал Оралбаева, ақын, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұзафар Әлімбаев, Қазақстан Республикасы Мемлекет сыйлығының лауреаты, Физули атындағы халықаралық әдебиет сыйлығының лауреаты Тұманбай Молдағалиев, Республиканың еңбек сіңірген мұғалімі Манап Әндіржанов және тағы да басқа жүздеген, мындаған шәкірттері бар.

## 19. ТАРИХТЫҢ ТАРЛАН БІЛГІРІ (Халел Арғынбаев)



Белгілі де белді қазақ этнографтарының бірі Халел Арғынбаев 1924 жылдың қыркүйек айында бұрынғы Павлодар уезіне қарасты Баянау-



ыл ауданының 19 ауылында дүниеге келген. Бүкіл қазақ халқы үшін оңайға соқпаған ашаршылық жылдары бұл отбасы күн көру қамымен Сібір мен Қиыр Шығысқа шығандап кетеді. 1931-1934 жылдары әкесі Арғынбай Кузбаста шахтер, Камчаткадағы Петропавлск қаласында, Новосібір облысында түрлі жұмыстар істейді. Тек, 1935 жылы ғана елге, Жетісу өңіріне оралып, Қаратал, Қапал аудандарында колхозшы болады. Бұл туралы ғалым 1991 жылы «Жұлдыз» журналының №7 санында жарияланған «Баянауылдан Камчаткаға дейін» деген көлемді естелігінде жан-жақты жазып көрсеткен.

Халекен осында 1939 жылы Қоңыр жетіжылдық мектебін бітірген соң Қапалдағы педагогикалық училищеге түсіп, оны 1942 жылы бітіріп шығады. Одан осы жылдың тамыз айында Қызыл Армия қатарына шақырылып, Ташкенттегі радио-телеграфшылар курсынан өтеді де 1943-1945 жылдары майдан даласында болып, фашистерден Украина, Молдавия, Румыния, Венгрия, Чехославакия, Югославия, Австрияны азат етуге қатысады. Сөйтіп, әскерден елге тек 1947 жылдың наурыз айында ғана оралады.

Болашақ ғалымның жастық шағының бір бөлігі оңай болмаса да Қиыр Шығыста және Жоңғар Алатауының ежелгі ұлт мәдениетінің дәстүрлері сақталған табиғаты әсем қойнауында өткендіктен де оның этнограф ретінде қалыптасуына мол әсерін тигізген сияқты. Осыдан да болар өз халқының өткен өміріне, мәдени-тұрмыстық дәстүрлеріне деген ынтызарлық оны 1954 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтына алып келеді. Жолы болып, «этнография» мамандығы бойынша аспирантураға түседі.

Осы кезден бастап белгілі шығыстанушылар Әлкей Марғұлан, Н.Сәбитовтардың әсерімен және тікелей белгілі этнограф И.В.Захарованың жетекшілігімен талантты ғалымның қалыптасу шағы басталады. Оның үстіне қазақ этнографиясына ол жылдары В.Востров, Е.Масанов, М.Мұқанов, Р.Ходжаев, Ғ.Уәлиханов сияқты бір топ қуатты да талантты жас зерттеушілер келіп қосылған болатын. Міне, Х.Арғынбаев осылармен бірге кеңбайтақ республикамыздың этнографиялық жағынан зерттелмеген түрлі аудандарынан нақты материалдар жинауға қызу кірісіп кетеді. Мұның өзі қазақ этнографиясы үшін алтын кезек болып табылады. Себебі, кейіннен осындай көл-көсір іздестіру, зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Қазақстанның жас этнографтарының алғашқы салмақты да, құнды еңбектері ғылыми айналымға түсті.

1950 жылдардың соңында ғалым «Орыс және қазақ арасындағы тарихи-мәдени байланыс және олардың қазақ халқының рухани мәде-

ниетіне әсері» деген тақырыптағы өте күрделі кандидаттық диссертация жұмысын жазып шығады. Қазақстанның шығыс облыстарында дала жұмыстарында болған кездегі жиналған мол этнографиялық деректердің негізінде дайындалған бұл еңбек 1960 жылы Москва қаласының этнография институтында сәтті қорғалады.

Х.Арғынбаевтың негізгі ғылымдағы өнімділікке қол жеткізген кезі 1960–1980 жылдар болып саналады. Бұл жылдары ғалым 30 шақты ғылыми экспедициялардың жетекшісі әрі мүшесі бола тұрып, Қазақстанның барлық территориясын зерттеп шыққан деп айтуымызға болады. Осының нәтижесінде ол бай материал жинап, қазақтардың тұрмыс-салт дәстүрлерін көрсететін бірнеше ірі монографиялық зерттеулер жазуға қол жеткізді.

Мәселен, оның 1969 жылы «Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк» атты көлемді де мазмұнды монографиясы жарық көрді. Мұнда ол кезде көпке белгісі, В.В.Радловтың қазақтың мал шаруашылығына байланысты 1871 жылы жазған қысқа очеркінен соң, алғаш рет көшпелі қазақ қоғамындағы мал шаруашылығының өміршеңдігінің негіздері жан-жақты көрсетілген.

Кітапта мал шаруашылығының басты салаларына өте жоғары кәсіпкерлік деңгейде назар аударылып, көшу-қону жүйесіндегі шабындық пен жыл мезгілдеріне қатысты шаруашылықты жүргізу және малды емдеуге байланысты малдәрігерлік халықтың емдеу дәстүрлеріне жан-жақты талдау жасалған. Мұның өзі көшпенді заманның тарихи, саяси, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін білуге ғалымның қосқан мол үлесі болып саналады. Бұл жұмыс күні бүгінге дейін әртүрлі саланың әсіресе ауыл шаруашылығының мамандарына, зор практикалық маңызын жоғалтпаған.

Х.Арғынбаевтың творчествосында келесі бір елеулі орын алатын еңбегі – отбасы, неке қатынастары мен қазақтардың туыстық жүйесі. Қазақ этнографиясының бұл көп аспекті маңызды саласы ғалым тарапынан жан-жақты зерттеліп, үлкен нәтижелер берді. Соның бірі оның 1973 жылы жарық көрген 20 баспа шамасындағы «Қазақ халқындағы семья мен неке» монографиясы бірден оқырманның назарын аударып, ғылыми-практикалық таптырмас құралға айналған. Бұл еңбекте негізінен: отбасы мен некенің түрлері, туыстық қарым-қатынастар, отбасының ішкі мәселелері, өмірде кездесетін түрлі жоралғылар, үйлену, дәстүрлі некенің өткені мен болашағы сияқты әлеуметтік жайлар қамтылған. Шын мәнісінде бұл тақырыпқа толық жау-

ап беретін еңбек. Себебі, бұдан кейін мұндай аумақтағы, дәлдікпен жазылған монографиялар болған жоқ.

Ғалымның осындай зерттеу еңбектерінің нәтижесі болып оның докторлық диссертация қорғауы болып табылады. Осыдан соң, яғни 1976 жылдан бастап ол Қазақстан этнографтарының заңды лидері атанып, тарих институтының осы аттас бөлімін басқаруға кіріседі. Сөйтіп, енді оның есімі совет этнографтарының арасында да құрметпен атала бастайды. Олардың көбімен, мәселен Н.А.Кмемеков, С.М.Абрамов, Т.А.Жданко, Р.Г.Кузеев, Б.Х.Қармышева, В.П.Курылев, К.Шаниязов, А.Оразов, И.Мухитдинов, Х.А.Есбергенов, В.Н.Басилов және т.б. жақсы қарым-қатынас орнатады. Бұлардың барлығы да Х.Арғынбаевты қазақтардың дәстүрлі мәдениеті мен тұрмысының нағыз білгірі деп бағалайды. Этнограф ғалым 1970–1980 жылдары түрлі құнды материалдарын бүкілодақтық ғылыми жинақтар мен журналдарда, шетел басылымдарында жариялатып, антропологиялық және этнографиялық ғылымдар бойынша өткізілген халықаралық конгрестере баяндаған.

Бұл кезеңде Х.Арғынбаев ғылыми ұйымдастырушылық мәселелеріне көп көңіл бөледі. Әсіресе, экспедициялық зерттеу жұмыстарын үзбей жүргізу, соның нәтижесінде ұжымдық ғылыми еңбектер жазу. Осындай сан қырлы зерттеулердің барысында 1980 жылы Алматыдан көлемі 24 баспа табақ «Қазақтардың шаруашылығы» атты кітап жарық көрді. Оның негізгі бөлігін этнографтар жазған.

Ғалымның үшінші бір ірі монографиясы «Қазақ халқының колөнері» деп аталады. Алматыдан 1987 жылы жарық көрген еңбектің көлемі 16 баспа табақ. Бұл әсем безендірілген басылымда алғаш рет көне шеберлердің еңбектеріне (алғаш тас, сүйек, темір, тері өңдеу) маман этнограф тұрғысынан сипаттама беріп, оның практикалық маңызын ашқан. Бұл тұрғыдан алғанда осы кітап тек қана этнографтарға ғана емес, өнертанушы, суретші, сәулетшілерге де таптырмас құрал екендігін еске сала кеткен орынды сияқты.

Сөйтіп, Х.Арғынбаевтың ғылыми ізденістерінің басты бағыты болып оның зерттеулерінің кітапқа айналуы болып табылады. Соның нәтижесі ретінде алты монографиясы жарық көрген. Осылармен қатар көптеген мақалалар, ұжымдық еңбектердің бөлімдерін, рецензиялар, ғылыми анықтамалық және ғылыми материалдарының саны 250-ден астам. Ал, оның қайтыс болғанына көп уақыт болмаса да қазірдің өзінде соңына қалдырып кеткен біраз дүниелері жарық көріп үлгерді.

Халекеннің және аға ұрпақтың аздаған ғана этнографтар тобының Қазақстандағы тарих ғылымының дамуына қосқан зор үлестерін бірекі ауыз сөзбен айтқызып жеткізу өте қиын. Тірнектеп жинаған мол мұраның ғылыми айналымға түскені әлі де болса аз. Алда тұрған міндет соларды жарыққа шығару. Х.Арғынбаевтың көптеген еңбектері халыққа кеңінен танымал. Мәселен, республика тілшілері «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 10 томдығын жарыққа шығарарда ғалымның этнографияға байланысты көптеген ұмыт болған сөз қорлары қалпына келтірілген. Осының бәріне де қарамастан этнограф зерттеушінің біздің заманымызда қызықтырушылық тудыратын біраз еңбегі библиографиялық сирек кездесетін дүниеге айналған. Сондықтан да оның таңдамалы шығармаларын қос тілде шығаратын уақыт жеткен сияқты.

Бұл арада ғалым Х.Арғынбаевтың ұстаздық жолын да ұмытпағанымыз жөн. Өйткені ол өмірінің соңғы 20 жылдан астам уақытын ҚазПИ мен КазГУ-дің студенттеріне дәріс беруге де арнады. 1982 жылы этнографқа белсенді ғылыми-педагогикалық қызметі үшін профессор атағы берілген. Осының нәтижесінде оның кейбір шәкірттері ғылым жолын таңдап алған. Тәжірибелі ғалымның жетекшілігімен онға жуық шәкірттер кандидаттық диссертация қорғаған. Нақ сондай-ақ ол қазақ ғылымына белгілі тарихшы, этнограф ғалымдар Н.Масанов, А.Төлеубаев, У.Қыдыралын, Ш.Тоқтабаев, А.Қалышев, Ж.Артықбаевтардың ғалым ретінде қалыптасып, толысуларына зор ықпал етті.



*Шон, Би  
Едигеұлы*



*Шорман  
Би Күшікұлы*



*Олжабай  
Толымбайұлы*



*Масыбай  
Батыр*



Әдіге Би  
Төлебайұлы



Торайғыр Би  
Едігеұлы



Шорманов  
Мұса



Шорман  
Сәдуақас



*Пішенбаев  
Қосым*



*Сәтбаев  
Әбікей*



*Сәтбаев Қаныш  
Амантайұлы*



*Марғұлан Әлкей  
Хақанұлы*



*Мөкин Шапық  
Мөкіұлы*



*Бекмаханов Ермұхан  
Бекмаханұлы*



*Жұмат  
Досқараев*



*Қанида  
Досқараева*





*Әмина Мұматова*



*Сапар Мұматов*



*Әубәкір Мұматов*



*Халза Мұматов*



*Хабиб Берлыбаев*



*Бұқар Мырау  
Қалқаманұлы*



*Сәтбаева Шәмшиябану  
Қанышқызы*



*Мәшһүр Мүсін  
Көпейұлы*

## 20. ҰЛТТЫҚ БИБЛИОГРАФИЯНЫҢ АНАСЫ (Ү. Сүбханбердина)



Хасеннің Сүбханбердісінің Үшкүлтайы 1927 жылы Павлодар облысы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Әкесі Сүбханберді 1937 жылғы жеке басқа табыну зұлматының құрбаны.

1944 жылы Алматыдағы № 12 казак орта мектебін тәмамдағаннан кейін Қазақтың Мемлекеттік қыздар институтына оқуға түсіп, оның тіл және әдебиет бөлімін 1948 жылы бітіріп шыққан.

1952–1965 жылдары Қазақ ССР Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасында библиограф, одан кейін казак кітаптары мен сирек кездесетін қолжазба бөлімінің бастығы болып қызметтер атқарды.

1964 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясында Тіл білімі институты мен М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының филология ғылымдарының біріккен Ғылыми советінде Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі Ә.Марғұлан мен Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Е.С.Ысмайловтың жетекшілігімен «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және көркем әдебиет (XIX ғ. аяғы XX ғ. басы)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. 1966 жылдан бастап М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының текстология және қолжазба бөлімінің аға ғылыми қызметкері, фоно-фото бөлімінің бастығы, қолжазба орталығының аға ғылыми қызметкері болып жұмыс атқарып келеді...» [77].

Міне, Ү.Сүбханбердинаның 70 жылғы ыстық пен суыққа толы ұзақ ғұмырының қысқаша ғана дәйектемесі осындай.

Бірақ, ғылым жолы қиын жол. Ата-бабаларымыздың білім иімен құдық қазғандай деген сөзі тегін айтылмаған. Әсіресе, ана атанып, үш

бала тәрбиелеп, ғылым шыңына шығу әйел түгіл анау-мынау ер адамның қолынан да келе бермейтін іс. Сондықтан, ғалым-ана туралы айтар ойымыз орнықты, жазар жайымыз нақты болуы үшін барлығын дәріден, яғни ең басынан басталық.

Үшкілтай апайымыздың өзінің айтуы бойынша, әкесі Хасенов Сұбханберді (1892–1942) оқытушы-педагог болған адам. Қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданында (кейбір деректерде 1889 жыл) туған. Семейдегі педагогикалық техникумды бітірген, 1937 жылға дейін Баянауылда, Шығыс Қазақстан облысы, Қотанқарағай ауданында Алтай селосында мұғалім, мектеп директоры болып қызмет істеген. 1937 жылы 9 желтоқсанда «халық жауы» деген жаламен 10 жылға Краснояр өлкесіне Канск лагеріне айдалған. 1942 жылы 28 тамызда Тугачинск лагерінде қаза тапқан. 1956 жылы 29 наурызда Шығыс Қазақстанның облыстық соты Хасенов Сұбханбердіні кінәсіз деп тауып ақтаған. «Айқап» журналын халық арасына таратушы болған.

1937 жылы «халық жауы» деп тұтқындап, айдап кеткенде Үшкілтай небәрі он-ақ жаста еді. Бірақ, оның көз алдында айыптаушылардың ызғарлы жүздері мен әкесінің бар жинаған байлығы – ескі газет, журнал, кітаптар мен әсіресе, оның арасында «Айқап» журналының откәстәталып, әкесімен бірге мәңгілік орамас сапарға аттанғандығы ұмытылмас елес болып қалып қойған.

Сөйтіп, өмірдің тауқыметімен «халық жауының» қызы атанған жасөспірім әке жолын одан әрі жалғастырудың ендігі түрі тек оқу ғана болатындығын ерте түсінген. «Содан бас сауғалап, екіншіден білім іздеп Алматыға келдім. Алып бара жатқан таныс ешкім жоқ. Салып ұрып біреулердің сілтеуімен №12 мектепке келдім. Әйтеуір, көптеген қиындықтармен оқуға қабылдандым. Мектепті 1944 жылы бітіріп, Қазақ Мемлекеттік қыздар институтының тіл және әдебиет бөліміне түсіп, оны 1948 жылы ойдағыдай аяқтап шықтым. Менің шын ғалымдық жолым тек осыдан кейін ғана басталды», – деп әңгімелейді Ү.Сұбханбердина.

Ғалым алға қойған мақсатын жүзеге асыру жолын кітапханалардан, яғни архив қазбалаудан бастайды. Бірақ, бұл орайда да оның алдынан кесе-көлденен кездескен қиындықтар аз емес-тін. Мәселен, жоғарыда айтқанымыздай, Қазан төңкерісіне дейін ұлттық тілімізде шыққан көптеген газет-журнал, кітаптардың жойылып жіберілуі, әрі олардың Қазақстандағы кітапхана қорлары мен архивтерде түгелдей сақталмауына, ең бастысы бұл рухани мұралардың көпшілігінің хадімше басылуына байланысты еді.

Бірақ, қайратты жастың бұл іске деген ынтасы бәрінен де асып түсті. Жедел түрде Ж.Досқараевтан араб тілін оқып, жазудың дәрісін алған ол Санкт-Петербургтегі М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы Мемлекеттік кітапханадан бір-ақ шықты. Сөйтіп, қолы алғаш рет жылдар бойы армандаған «Айқап» журналының түпнұсқасына жетіп, тағы да түрлі қиыншылықтармен «Айқаптан» бастап төңкерістен бұрын жарық көрген қазақтың газет-журналдарының, кітаптарының түпнұсқасын, фотокошірмесін, микрофильмдерін түсіртіп, жинай бастаған.

Сөйтіп, арман болған «Айқаптың» алғашқы қарлығышы 1961 жылы Қазақ Мемлекеттік баспасынан «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар» деген атпен алғашқы мазмұндалған библиографиялық көрсеткіштің I-бөлімі, профессор Е.Ысмаиловтың жалпы басқаруымен басылып шықты. Бірақ, баспа іле-шала екінші бөлімін басудан бас тартты. Оның өзіндік себептері де бар еді.

Бұл туралы автордың өзі былай деп еске алады: «Сыбырлаушы табылған болу керек. Үлкен үйге (Орталық Комитет) екі күннің бірінде кітаптың редакторы Есаған (Есмағамбет Ысмаилов) екеуімізді шақыртып жатқаны... Ол кездегі менің көңіл-күйім белгілі, түнімен ұйықтамаймын. Кішкентай үш баламның халі не болар екен деймін. Еңбекті қолдап, қорғап жүрген зиялы ағаларыма зияным тиіп кетпесе жарар еді деген ой да жегідей жейді. Осындай халде жүргенімде бір күні «Қазақстан мұғалімі» газетінде профессор Б.Кенжебаевтың «Айқап» журналы туралы еңбек» деген мақаласы басылып шықты. Тұңғыш еңбегім туралы алғашқы сын мақала! Бұл мақала мен үшін ажал оғын қағып жіберген періштенің канатындай әсер етті».

Иә, шынында да Б.Кенжебаевтың бұл мақаласы сол тұста тағдыры қыл үстінде тұрған жас ғалым үшін оққағары бар періштедей болғаны рас. Оны мақаланың мына бір жолдарынан айқын аңғаруымызға болады: «Қазақ ССР Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасы әрі күрделі, әрі өте қажет бір ғылыми жұмысты бастады. Мұнда революциядан бұрын қазақ тілінде шыққан мезгілді баспасөздер – газет-журналдар бетінде жарияланған мақалалар мен хабарлардың, тағы басқа материалдардың мазмұнын қысқаша баяндайтын библиографиялық көрсеткіштер жасалуда. Оларды кітапхананың ғылыми қызметкері Үшкүлтай Сұбханбердина жолдас құрастырған.

Көрсеткіш екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімі «Айқап» журналында жарияланған материалдардың көрсеткіші, екіншісі – «Дала уалаятының газеті», «Түркістан уалаятының газеті», «Қазақстан» га-

зеті беттерінде шыққан материалдардың көрсеткіші болмақ. Соның алтыншы «Айқап» деген бөлімі жақында баспадан шықты.

Кітапта «Айқап» журналында жарияланған материалдар бірнеше тақырыпқа бөлініп берілген. Олар мынадай: 1. «Қазақ елінің экономикасы мен саяси жағдайлары туралы мағлұматтар», 2. «Қазақ елінің тарихы», 3. «Мәдениет, оқу-ағарту ісі», 4. «Тіл және әдебиет мәселелері», 5. «Көркем әдебиет», 6. «Баспасөз», 7. «Денсаулық», 8. «Дін туралы». Оның үстіне кітапта «Көмекші көрсеткіштер», «Айқап» журналы туралы» деген көлемді мақала бар.

Аз десек те революциядан бұрын қазақ тілінде екі-үш жүз шамалы кітап, 6 газет, бір журнал шықты. Бірқатар газет-журналдар бес-он жыл бойы шығып тұрды.

Қазақ тілінде революциядан бұрын шыққан кітаптарда, газет-журналдарда көптеген мақала, хат-хабар жарияланған, елеулі мәселелер қозғалған. Қазақ халқының өткен-кеткені, тарихы туралы, сол кездегі саяси, шаруашылық, мәдени жағдайы, ғұрып-әдеті, салт-санасы, ізгі тілек-арманы туралы толып жатқан дәл, айқын ақпарат-деректер берілген, талай құнды ой-пікірлер айтылған.

Ал, осындай деректерді, құнды ой-пікірлерді біздің бүгінгі оқушыларымыз бен зерттеушілеріміздің, ғылыми қызметкерлеріміздің бәрі бірдей жете біле бермейді. Себебі, бізде қазақ тілінде революциядан бұрын шыққан газет-журналдар бетінде жарияланған мақалалар мен хат-хабарлардың библиографиялық көрсеткіштері жоқ, болған емес.»

Осылай жақсы ағаларының қолдауымен алғашқы сыннан аман құтылған. Ү.Сүбханбердина енді іргелі ізденісін одан әрі жалғастырып, 1963 жылы академик Ә.Марғұланның редакциялауымен «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар» деген екінші бір библиографиялық көрсеткішін шығарады. Бұл туралы сыншы Құлбек Ергөбеков өзінің «Алматы ақшамы» газетінде жарияланған «Тоғысқан тағдырлар немесе «Дала уалаятының газеті» жарыққа қалай шықты?» деген мақаласында: «Ү.Сүбханбердинаның бұл еңбегін қолжазба қалпында оқып, пікір айтқан, ақ батасын берген ғалым тағы да Бейсембай Кенжебаев болыпты уақытында. Ғалым архивінде пікірдің қолжазба көшірмесі сақталыпты. Онда профессор: «Тегі библиографиялық көрсеткіш жасау инемен құдық қазғандай жұмыс. Әсіресе, бірнеше мезгілді баспасөз бетінде жарияланған материалдардың мазмұнын баяндайтын көрсеткіш жасау әрі барынша ұсақ, қиын, әрі көп, көлемді жұмыс... Тұтас алғанда Үшкілтай Сүбханбердинаның бұл

ітабы өте құнды еңбек. Ғылыми қызметкерлерге, аспиранттарға, студенттерге зәру кітап. Сондықтан да бұл кітаптың басылуы, неғұрлым ез басылып шығуы қажет», – деп қолдай құптаған сөз айтыпты», – еп жазады.

Ғалымның ауыз толтырып айтарлықтай екінші бір табысы қазақтың тұңғыш газеті «Түркістан уалаятының газетін» қайта жаңғыртуы болып табылады. Ү.Сүбханбердина 1964 жылы Қазақ ССР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі Е.Бісмайыловтың жетекшілігімен «Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзі және әдебиет» (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы) деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Міне, «Түркістан уалаятының газеті» осыдан соң алғаш рет ғылыми айналымға түсті.

Бұл жайында ғалымның өзі: «Қазан төңкерісінен бұрын қазақ тілінде шыққан газет, журналдар сан жағынан көп болмағанымен (14–15), олардың беттерінде қазақ елінің тарихы, шаруашылық жағдайлары, мәдени өмірі, әдебиеті, ғалымдары мен жазушылары туралы көптеген құнды мақалалар болды. Осы газеттердің ішіндегі тұңғышы «Түркістан уалаятының газеті».

Көп уақытқа дейін қазақ тіліндегі алғашқы газет 1888 жылы Омбы қаласында шыққан «Дала уалаятының газеті» деп есептеп келген едік. Ал, шындығында одан 18 жыл бұрын – 1870 жылы шыққан «Түркістан уалаятының газеті» екендігіне көзіміз жетті. Ол туралы 1962 жылы «Білім және еңбек» журналында мақала жариялап, 1963 жылы библиографиясын шығарып, 1970 жылы «Әдеби мұра» жинағында газеттің ішінен мақалалары мен әдеби нұсқауларын жариялаған болатынбыз. Сонан кейін газет материалдары ғылыми айналымға түсе бастады», – деп әңгімелейді.

Ү.Сүбханбердина бұдан кейін де қарап қалған жоқ. 1986 жылы оның «Қазақ кітаптары», 1989, 1991, 1992, 1995 жылдары «Дала уалаятының газеті» әдеби нұсқаларының 4 томы, «Ғашықнама», «Бүркеншік аттар», «Қазақ. Алаш. Сарыарқа», «Айқап», «Қазақ» сынды библиографиялық көрсеткіштері жарық көрді. Ал, алдағы тұрған міндет бұдан да көп. Сондықтан да болар көптеген оның еңбегімен таныс адамдар көзінше болмаса да сырттай «бір өзі бір академия» деген ат қойып, қажет жерінде мақтанышқа айналдырып отырады.

Келесі сөз «Дала уалаятының газеті» туралы болмақ. Себебі, тарихымызды танып, түсінуге ықпал жасайтын түпнұсқа еңбектердің арасында осы басылым ерекше орын алатындығы белгілі.

Бұл үкімет тарапынан шыққан ресми газет болса да, көп уақыт Сібірге айдалып келген, бостандықты көксеген адамдардың ықпалында болып, олар мұны халық газеті етуге тырысқан.

Халқымыздың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлихановтың, классик акын А.Құнанбаевтың, ағартушы әрі жазушы Ы.Алтынсаринның, жазушылар М.Ж.Көпеев пен Ш.Құдайбердиевтың, қоғам қайраткері Ә.Бөкейхановтың мақала, хабарларымен қатар, газеттен олар туралы материалдарды да оқуға болар еді.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап патша өкіметінің тарапынан қазақ жерін тонау, оның халқын құртып-жою бұрынғыға қарағанда әлдеқайда күшейе түскендігі белгілі. Осыған орай жарияланған газет материалдарында 1868 жылы шыққан «Ереже» туралы түсінік мақалаларда халықты аяусыз езіп-шаншуды заңдастырған «Ереженің» түпкі сыры ашылады. Бұл еңбектерден қазақ даласына жаңа өкімшілік саясат енгізіліп, жұртшылықтың көшіп-қонуына қажетті жаз жайлауы, қыс қыстауынан айырыла бастаған ел сүрені ашық байқалады.

Сондай-ақ бұл басылымның беттерінен «артық жерге» қоныстанушылар қазақ тұрмысына, оның шаруашылық тәсіліне елеулі нұқсан келтіргенін, жергілікті халықтың жерді пайдалану құқы бұзыла бастағанын көптеген мақала, хабарлардан оқып, білуге болады. Мәселен, «Қазақтардың жерін қалайша билеп, пайдаланып тұрғанның баяны» деген мақалада: «Уақытша ереже» бойынша қазақ жеріндегі қыстау, жайлау, күзеу және бай, кедей, жатақ, кірме туралы мәліметтер берілген. «Керекуден келген хат» деген газет тілшісінің хабары ауа райының қуандығынан болған Керекудегі жұт туралы айта келіп, «жұт жеті ағайынды» дегенді еске салады, бұл ретте келімсек казак-орыстардың жасап отырған озбырлығы да оңай болмай отырғандығын сөз етеді.

Осындай отарлау саясатына байланысты патшалық Ресейдің Түркістан аймағын жаулап алғанына 25 жыл толуына арналған «Мейрам болған күн» деген мақалада Ресейдің саясатын аша түсетін деректер көп келтірілген. Орыс әскерінің қару-жарақ күшін, отарлау саясатының күштілігін дәріптейтін бұл мақалада М.Г.Черняевтің Шымкентті бағындырғаны, В.А.Перовскийдің Ақмешітті жаулап алуы, қазақтың ең шұрайлы жерлеріне – Қапал, Ақтау, Ұлытау бекеттерінің салынғаны, Орал, Орынбор, Форт Александровский, Раимский, Қарабұтақ бекеттері салынғаны және Ташкент қаласының жаулап алынғаны туралы да мәліметтер бар.



Мұның барлығы да ғалымның өз аузымен айтылмаған сөздер. Алайда, автор қазақтың алғашқы газеттерінің бірі «Дала уалаятының газеті» туралы әдеби нұсқаларында өз қолымен не жазыпты. Енді бір сәт соған назар аударып көрелік. «Өткенін қастерлеп, бүгінгі ұрпақтың керегіне жарата білу – келешегі бар өркениетті елдердің ғана үлесіне тиетін жәйт. Біз кейінгі жылдарға дейін өткенімізге тереңдеп бара алмай келдік. Қазақ елі үшін ояну дәуірі енді ғана басталды. Қазақ халқының тарихи санасын қайтадан қалыптастыру қоғамды жаңғыртудағы негізгі мәселе болып отыр. Ол үшін өткен тарихымызды қоспасыз түгел білуіміз керек. Төңірегімізді түгендеуде жоғалтқанымызды іздеуде қолға алынған көп жұмыстардың бірі – ана тілімізде жарық көрген газет-журналдарды жинау, олардың бетінде басылған, шашырап жүрген дүниелерімізді халқымыздың игілігіне жарату болып табылады. Төл тарихымызды танып, түсінуге себін тигізетін түпнұсқа еңбектердің ішінде «Дала уалаяты газетінің» орны ерекше».

Иә, ғалымның бұл ойын дер кезінде айтылған орынды пікір демеске болмайды. Ендігі бір мәселе Ү.Сұбханбердинаның 1993 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген 13 баспа табақ көлеміндегі «Қазақ. Алаш. Сарыарқа» деп аталатын мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Кімге болсын құнды да, қажет кітап. Ертеде оқу, білімнің қадірін түсіне білген ата-бабаларымыз мұндай еңбектердің құнын бір қараға бағалаған.

Бұл кітаптың іргетасы да сонау елуінші, алпысыншы жылдары қаланған. Архивтен архив қоймай ерінбей еңбек еткен апамыз басқа материалдармен қатар «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа» газеттерінің беттерінде жарияланған мақала, хабарларды жинастыра берген ғой. Ол туралы ғалымның өзі кейінірек: «50 жылдары алғашқы басылымдардың библиографиясын дайындап жүргенімде «Қазақ» газетінде жарияланған материалдарды да қоса жинаған едім. Әрине, ол кезде бұл басылымның бағы ашылады деп ойлаған емеспін, олай ойлаудың өзі қылмыспен пара-пар уақыттұғын», – деп еске алады.

Сөйтіп, елуінші жылдары өте көп қиындықпен жиналған құнды деректер енді ғана тоқсаныншы жылдардың басында өз оқырманын тауып отыр. Осының барлығын кейде бір-ақ адамның жасап жүрген тіршілігі, еңбегі деуге сенгің келмейді. Бірақ, бұл ғалымның әрбір еңбегімен жақынырақ танысқан сайын амалсыз мойындайсың, іштей ризашылығыңды білдіріп, басыңды иесің.

Автор бұл библиографиялық көрсеткіші шығар алдында «Халық кеңесі» газетінде жарияланған «Қазақ» газетіне – 80 жыл» деген мақа-

ласында: «Өкінішке орай «Қазақ» газетін ұлтшыл, буржуазияшыл, либералды орган, алашордашылардың рупоры болды дей келіп оның редакторлары Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов ағартушы, ғалым, әдебиет зерттеушісі, дарынды аудармашы, оқу құралдары мен әдеби шығармалардың авторы болумен қатар, ірі журналистер еді. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ газетінің беттерінде жарияланған мақалаларын оқығанда, олардың сан қырлы еңбектерінің куәсі боламыз» [78], – дей отырып, одан әрі: «Қазақ газетінің авторларының көпшілігі – ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетіміздің бір тума білгірлері еді. Сол зиялы азаматтарымыз көп жылдар бойы «халық жауы» деген айдармен арамыздан аластатылып келді. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев сынды ақын-жазушыларымыз бар. Шәкәрім Құдайбердиев, Құдайберген Жұбанов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхаметов, Жаһанша Досмұхаметов, Мұхаметжан Тынышпаев, Асылбек Сейітов, Мұстафа Шоқаев, Бекмұхамет Серкебаев, Мұстафа, Ахмет Оразаевтар, Ғабдолғазиз Мусин, Таһир Жомартбаев т.б. сияқты ғалым, қоғам қайраткерлері, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин сияқты көрнекті ақын-жазушылар «Қазақ» газеті арқылы өз үндерін білдіріп келген», – деп ендігі міндет осы адамдардың кезінде газет беттерінде жарияланған құнды еңбектерін халық игілігіне жарату қажеттігін айтқан болатын.

Міне, ғалым «Қазақ. Алаш. Сарыарқа» еңбегінде осы айтылған ой-пікірлерінің үдесінен шығып, үлкен де парасатты жұмыс атқарған. Бұл кітап туралы «Шыныраудан шыққан шындық» атты көлемді сын мақала жазып, өз ойын оқырмандарымен: «Кітапта «Қазақпен» қатарласа жарық көрген «Алаш», «Сарыарқа» газеттерінде жарияланған материалдардың да библиографиялық көрсеткіштері қоса берілген. Бұл басылымдар осы күнге дейін дұрыс зерттеу көрмей, көпшілік қауымға беймәлім болып келе жатқаны белгілі. Осыны жан дүниесімен түсініп, олқылықтың орнын толтыруды ниет еткен ғалым еңбегін қалай бағаласақ та жарасады. Мұны шаң басқан архивтерде саусақтың ізі түспей, көмулі жатқан қымбат қазыналарды игеріп, халқына қайта қайтаруды өмірлік мұратына айналдырған библиографтың құнды дүниесі деп білеміз», – деп бөліскен жас ізденуші Қ.Сақовтың үлкен ғалымға деген құрметі де құптарлық.

Сөз соңында айтарымыз, 1995 жылы Қазақ энциклопедиясы баспасынан Ү.Сүбханбердинаның тағы бір елеулі еңбегі «Айқап» жур-

налының жинағы жарық көрді (С.Дәуітовпен бірлесіп құрастырған). Көлемі 38 баспа табақ. «Қазақ баспасөзі тарихынан» деп аталатын кіріспе бөлімінде негізінен ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарына дейін ана тілімізде шығып тұрған газет-журналдарға бүгінгі күн талабынан нақты баға беріледі. Одан соң «Айқап» журналына 24–25 беттер аралығында нақты тоқталып, талдау жасалынады. Ал, 46–295 беттер аралығында бес жыл бойы журналдың әр санында жарияланған материалдардың толық түпнұскалық мәтіндері берілген. Кітап соңында «Айқап» журналының белгілі авторлары, «Айқап» журналына басылған мақалалар мен хат-хабарлардың мазмұндалған библиографиялақ көрсеткіші» және «Авторлардың алфавиттік көрсеткіші» ерекше бір ыждаһатпен хатталып, тіркелген.

## 21. ЖАМБЫЛДЫ ЕМДЕГЕН ДӘРІГЕР (Хабиб Барлыбаев)



Кезіндегі В.М. Молотов атындағы Қазақ мемлекеттік медицина институтының профессоры, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер Хабиб Ақтайұлы Барлыбаевтың өмірі туған халқына қажымай, талмай қызмет етудің үлгісі болып табылады. Ол қысқа да болса мағыналы өмір жолында нағыз талантқа тән еңбек жолынан өтті. Хабиб Ақтайұлының білімге деген, туған халқына деген махаббаты сонау бала кезінен-ақ байқалған.

Х.А. Барлыбаев 1898 жылдың 1-наурызында бұрынғы Шығыс Қазақстан облысы, Баянауыл ауданының № 3 ауылында шаруа-малшының отбасында дүниеге келген.

Ауыл мектебінің біліміне көңілі толмаған ол таныс мұғалімдердің көмегімен Павлодар қаласындағы 2 сыныптық орыс-қырғыз училищесіне түседі. Оны бітірген жасөспірім енді оқуын жалғастыру үшін Омбыдағы ауылшаруашылығы училищесіне құжаттарын тапсырады. Осы оқу орнын бітірген Хабиб туған жеріне келіп, алған білімін ауылшаруашылығында тәжірибе жүзінде жүзеге асырады. Ауылда 1919 жылға дейін жұмыс істеген ол Омбы қаласына педагогикалық курсқа барып, оны бітірген соң ауыл мектебінде мұғалім болады. Бұл жерде ол кеңестік оқу жүйесін насихаттаушылардың бірі болады. Ең алдымен жас мұғалім мектепке шаруалар мен кедейлердің балаларын тартуды қолға алады. Өзінің қарапайымдылығымен, білімділігімен ол барлық ауыл тұрғындарының ыстық ілтипатына бөленді.

Хабиб Ақтайұлы мұғалім болып жүріп –ақ дәрігерлік кітаптарды оқуды ұнататын: ол тұрғындар арасында медициналық білімнің таралуына ұйытқы болды, оқушылардың арасында тазалықтың болуын қадағалады. Ол адамдардың арасында түрлі аурулардың таралуының және одан өлімнің көп болуының куәсі болды. Ал бақсы мен балгерлердің емі әрқашан дәру болмайтын. Бұл оны дәрігер болуға жетеледі. Ұзақ та тиянақты дайындықтан соң жас жігіт Омбыдағы медицина институтына түседі. Болашақ дәрігер оқу мен қоса істеген жұмысының қиындығына қарамастан Омбы институтының қоғамдық істеріне белсене қатысады: ол «Казземлячества» бірлестігін ұйымдастырушылардың бірі, сондай-ақ, Батыс Сібір мемлекеттік музейінің ұлттық бөлімін ұйымдастырушысы да. Хабиб Ақтайұлы медицина институтында тек өзіне қажетті білімді алып қана қоймай, ғылымға деген көзқарасын қалыптастырып, творчестволық ойлау қасиетін де меңгерген. Ол өз қызметін институтта санитар жұмысынан бастады. Осы жерде оның ауруларға деген жанашырлығы, дәрігерлік көмекке мұқтаж адамға деген ықыласы ашылды.

Х.А. Барлыбаев 4–5 курс студенті болып жүріп-ақ, бірқатар ғылыми – танымдық жұмыстар жазған. «Адам мен малдың құтыруы және оның алдын алу», «Қазақ тұрғындарының арасында күрт ауруымен ауыратындардың кейбір статистикалық көрсеткіштері және онымен күрес» және т.б. Олар өз кезінде профессорлар тарабынан жақсы бағаланып, тұрғындар арасында кеңінен тараған.

Хабиб Ақтайұлын 5 курста оқып жүргенде профессор Борман басқаратын хирургиялық клиника кафедрасына бекітіп қояды. Ол оқуды бітірген соң Қазақстанға жұмысқа жіберіледі. Қу аудандық ауруханасының меңгерушісі болып істейді. Мұнда үлкен сауықтыру жұмыста-

рын ұйымдастырған оның ұжымы республикадағы ең бір үлгілі ауруханаға айналды.

1931 жылы ол В.М. Молотов атындағы Қазақ мемлекеттік медицина институтына оқытушылық қызметке шақырылып, сонда өмірінің соңына дейін жұмыс істейді. Анатомия кафедрасына ассистент болып қабылданған ол осы ғылымға біржолата ден қояды.

Арада екі жыл өтпей-ақ Х.А. Барлыбаев осы кафедра доцентінің міндетін атқарады. Осы кезде ол қазақ тілінде «Анатомия және адамның физиологиясы» деген оқулықты медицина техникумдары мен орта мектептерге арнап аударады.

Осы оқулық бойынша қазір де мыңдаған қазақ студенттері мен оқушылары білім алады. Бұл кітаптың маңыздылығын оның жеті рет қайталанып басылғанынан аңғаруға болады. Ол В.М. Молотов атындағы қазақ мемлекеттік медицина университеті қалыпты анатомия музейі кафедрасының музейін ұйымдастыруға зор үлес қосты. Оның кейбір препараттары әлі күнге дейін музейде сақтаулы.

Хабиб Ақтайұлын емші – дәрігер болу ойы ешқашан бей-жай қалдырмайды. Осы ойын жүзеге асыру мақсатында ол аурудың ішкі мүшелерін емдеу кафедрасына ауысып, өмірінің соңына дейін сонда жұмыс істейді.

Ол бұл кафедрада жұмыс істей жүріп тек жақсы практик болып қана қоймай, теорияны жақсы меңгерген мықты педагог та болып шығады. Осы жерде оның ғылыми белсенділігі де ерекше байқалады. Бұл кезде дәрігер-ғалым бірнеше маңызды еңбектер, әсіресе, «Туберкулез», «Бешенство» деген зерттеулер жазды. Х.А. Барлыбаев барлық қиындықтарды жеңе отырып, әрдайым өзінің білімін жетілдіруге тырысқан. Ешқашан қол жеткен табысқа масаттанбайтын. Ол тәжірибе мен ғылымның өзара байланысына көп көңіл аударғандықтан, кафедрадағы қызметін Қазақ ССР Совнаркомының ауруханасында кеңесші – дәрігер жұмысымен ұштастырады. Хабиб Ақтайұлы мұнда өзін, өз ісін жақсы білетін іскер дәрігер ретінде көрсете алды. Ол тез арада осындай қасиеттерімен халық арасына кең танылды.

Х.А. Барлыбаевтың осындай дәрігерлік қасиеттеріне қанық Қазақстан үкіметі оған қазақ халқының ұлы ақыны Жамбылдың денсаулығын арнайы қарайтын дәрігер етіп тағайындайды. Әрине, бұл іске ол өзіне тән ыждахаттылықпен бар ынта-ықыласымен кірісіп кетеді. Хабиб Ақтайұлы ұлы ақынды бар жүрегімен жақсы көріп, оның денсаулығын үнемі бақылап отырды.

Ол Жамбылмен ортақ тіл табысып, оны өзінің парасаттылығымен, шыншылдығымен тәңгі етеді. Сондықтан да болар ұлы ақын оған өз туғанындай сеніп, екеуінің арасында нағыз достық қарым-қатынас орнаған. Ол өзін емдеген дәрігерге арнап мынадай өлең шығарған:

*Қазақта көптен жүрген мен бір тәуіп  
Шырағым емдеймісің емін тауып.  
Қаттырақ жсаурынымды қыса түссе  
Жүрекке болмас па екен үлкен қауіп!?  
Емделмей ерлік етіп жүре берсем,  
Кетпей ме тұла бойым түгел жасып.*

Хабиб Ақтайұлы өзінің ғылыми-практикалық қызметін үнемі қоғамдық жұмыстармен де ұштастырып отырды. Ол Алматы облыстық атқару комитетінің дәрігерлік-санитарлық қоғамы президумының мүшесі, ғылыми қызметкерлер секциясының мүшесі, Қазақ мемлекеттік медицина институты жергілікті комитетінің мүшесі болды. Оған жүктелген қандай да бір тапсырма болмасын уақытында әрі сапалы орындалатын.

Х.А. Барлыбаев ерекше еңбекқор болатын. Оның қаламынан 25-тен астам ғылыми еңбектер шыққан. Өзінің жұмысының ауырлығына қарамастан ол кабинетінде жазу столының басында түннің бір уақыттарына шейін қозғалмастан отыратын.

Дәрігер-ғалым өз елін, жерін өте жақсы білетін. Ол қызмет бабымен республиканың түпкір-түпкірін аралап көрген.

1937 жылы Шыңғыстауға дәрігерлік экспедицияның басшысы болып барды. Олар тұрғындар арасында дәрігерлік санитарлық жұмыстар жүргізіп қана қоймай жергілікті дәрігерлердің мамандығын арттыруға да көп үлес қосты және бүкіл ауылдарда болып, колхозшыларды жұмыстан бөлмей, денсаулықтарын түзетуге жұмылдыра білді.

Экспедиция ғылыми-зерттеу сипаттағы мәселелермен айналысқан. Мәселен; іш ауруларын жүктыру, қышыма, қотыр аурулары, олармен күресу, алдын алу жолдары, бруцеллез, туберкулез ауруларына жол бермеу. Экспедицияға жүктелегн осындай тапсырмалардың барлығы да абыроймен орындалды. Осы жұмыс үшін Х.А. Барлыбаев Шыңғыстау аудандық атқару комитеті және Қазақ ССР Денсаулық сақтау комиссариатының тарапынан марапатталды. Оның ұйымдастыруымен осындай экспедициялар Қазақстанның басқа да жерлерінде- Қостанай, Ертісте жүзеге асырылды.

1937 жылы Хабиб Ақтайұлы үшін ұмытылмас жыл болды. Осы жылы ол кандидаттық диссертация қорғайды.

Ол медицина институтында қызмет істей жүріп СССР Ғылым Академиясының қазақ филиалында өлкелік патология институтын ұйымдастыруға белсене ат салысады. Әрі сол институттың директорының зрынбасары да болады. Көп ұзамай бұл мекеме 35 адамнан және 4 сектор, 2 лабораториядан тұратын қуатты орталыққа айналды.

Өмірінің соңында Хабиб Ақтайұлы докторлық диссертация жазуға отырған болатын. Оның адамның ішкі құрылыстарын зерттеу туралы еңбегін Москва, Киев ғалымдары қолдап академик Богомолец, Сергеев және басқалар өте жоғары баға берген. Бірақ, Ұлы Отан соғысының басталып кетуі және денсаулығының нашарлауы оған бұл жұмысты соңына жеткізуге мүмкіндік бермеді.

Республиканың еңбек сіңірген дәрігері, Қазақ ССР ғылымына еңбек сіңірген қызметкер, «Еңбек Қызыл Ту» ордені мен «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде сіңірген еңбегі үшін» медалінің иегері Хабиб Ақтайұлы Барлыбаев 1946 жылы бұл дүниеден озады.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ СОҢЫНА ӨШПЕЙТҰҒЫН СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН

### 1. ДАНАЛАРДЫҢ ДАНАСЫ (Бұқар жырау Қалқаманұлы)



Қазақ халқы да басқа халықтар сияқты поэзияға бай, сөз өнерін ерекше қадірлей білген, көркем сөз құдіретін кастерлеп, оған үлкен міндет жүктеп келген ел. Адам баласының шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап, ең соңғы демі таусылғанға дейінгі өмір жолы, тіршілік қадамдары түгел дерлік поэзияға қарыздар.

Заманалар жасаған көркем сөз кестелері, аскак арман, ұшқыр қиял жемістері – халық өнерпаздары жасаған өлмес, өшпес асыл қазына. Әрбір өнер туындыларының өз шебері, жасаушы өнерпаздары болатыны, ешбір өнер туындысының көктен даяр күйінде түспейтіні өркімге ақиқат. Сондай-ақ, қазақ поэзиясын жасаушылар да өз халқының арасында туып-өскен халқының талантты перзенттері. Оларды халық әртүрлі атаулармен атап, аса қатты қадірлеген. Қапияда сөз тауып, өз сөзінің жүйелі-логикалы күшінің арқасында асқынған дауды шешкен, бітіспес жауды бітімге жүгіндірген, күлместі күлдіріп, жүрместі жүргізген өнерпазды халық шешен деп атап, олардың билігін әділқазылық деп үккан. Заманының қоғамдық атын жүйелеп, түйінді пікір айтып, асыл сөз термелеп, афористік ақылға тола жыр шығарған сөз өнерпаздарын жырау деген атауларға ие еткен. Көркем сөз өнерінің көркем шеберлерін қазақ халқының жырау деп атап келгені белгілі. Жыраулар поэзиясының өріс алған кезеңі XIV–XVII ғасырлар. Олар шығарған әдебиет үлгілері негізінен замана, қоғам, өмір туралы ойлы-



сырлы толғаулар, ақыл-өсиет түріндегі шешендік сөздер, мақал мазмұндас тұспалды-дидактикалық термелер, сондай-ақ, елді жеңіске бастаған батырлардың ерлігін жырлаған ерлік эпосы, ел қожаларын дәріптейтін мадақ жырлар немесе қара қылды қақ жарған әділ қазы, ия болмаса табан асты тапжылмастан сөз бастап, терең ойымен жұртты ұйытқан ақыл иелерін қасиет тұтар арнаулар болатын.

Жырау – өз тайпасының рухани тірегі, ақылгөй ақсақалы. Сондықтан, ол албаты сөйлемейді. Ол тынымсыз көшпенділер арасында күнделікті болып тұратын дау-кикілжін оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған отбасы, ошақ қасының, қара қазанның жайы да жырау назарынан тыс жатады. «Халық мүддесін білдіруші жырау топ алдына сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Одан халық бүліншілік шыққан, немесе ел шетіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған», – деп жазады академик Ә.Марғұлан жыраудың қоғамдық ролі жөнінде [80].

XVIII ғасырда өздерін толық жырау санатында танытқандар – Бұқар мен Ақтанберді болды.

XVIII ғасыр әдебиеті көрнекті өкілдерінің бірі – Бұқар жырау – Абылай хан заманында өмір сүрген. Әкесі Қалкаман – белгілі батыр. Бұқар өмірін зерттеушілердің бір бөлігі ақынның өлеңдеріне сүйеніп, оны кедей шаруа тобынан шыққан деп жүр.

С.Сейфуллиннің айтуы бойынша «Бұқар жырау Абылай ханның заманында ханның бірінші жыршы-шешен ақылшысы болған. Моласы Баянауылдағы Далба тауының ішінде». Бұқар кедей болса да, жоқшылық зардабын тартып, байларға мойын ұсынбаған, ата даңқымен болсын, не өз өткірлігімен болсын, әйтеуір тәуелсіз ерен адам болса керек! Бұқардың өлеңдері, өзі тұстас ақындармен салыстырғанда кейінгі ұрпаққа молырақ жеткен. Оның Абылай туралы өлеңін жазып алып, алғаш пікір айтқан Шоқан еді. Одан кейін жырау өлеңдерін жинап, ол туралы мәлімет берген – белгілі фольклорист, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Бұқар жырау қазақ жеріне ертеден мәлім. Оның бізге жеткен арнау, терме, толғаулары негізінен әлеуметтік, қоғамдық мәселені көтереді. Көп жайтты ол өзінің заманы санасы тұрғысынан шешеді. Хандық құрылысты нығайту мәселесін көздейді. Соған қоса жыраудың кейбір толғаулары адамгершілікке, бейбітшілікке, әділеттікке үндейді, ұстамды-моральдық пікірлер ұсынады. Абылай ханның сыртқы саясатына араласып, ақыл береді. Оның кейбір ісіне наразылық білдіреді. Абылайдай тынымсыз жорық жасап, ел берекесін кетіріп жатқан ханға

айтқан жырау ақылдарының ең тиімдісі қазақтың өзара бірлігін сақтауға, одан кейін көрші елдермен алыс-беріс жасап, жауласпай тату өмір сүруге үндеу болса керек. Ақын бірауызды ынтымағы күшті елді армандап, сондай елдің ғана болашағы мол болатындығына сенім білдіреді. «Ағайын тату болса, жат жаныннан түңілер» деген халық мәтелін қоштай сөйлеп, ол тату-тәтті өмірді аңсайды.

Бұқар өмір сүрген дәуірдің ұлы бір оқиғасы – жоңғар қалмақтарының өктемдігі, олардың казак жеріне баса-көктеп енуі. Қалмақтарға қарсы ұрыс басталған шақтан аяғына дейін бар ауыртпалықты Бұқар елмен бірге көрген. Ол әсіресе, өзі туған өлкесін азат ету күресіне тікелей араласып, қолбасшылармен бірге ақылшы, үгітші болып белсенділік көрсеткен. Абылай Бұқармен осы тұста санасқан. Қарт жырау жауға қарсы батырларды жорыққа аттандырып, оларды жан аямай жауға бөріше тиісуге үндеп, өз батасын беріп, халықты сөздерімен рухтандырған.

Ойшыл Бұқар қазақ халқының өмірлік мүдделері үшін оны орыс халқымен достық қатынас орнатуы қажет екенін түсінді. Алайда, ол кез де «Зенбіректен соң Пушкин» (О.Сүлейменов) оңай келе қойған жоқ-тын. Қазақ хандары мен сұлтандарды Ресейге қарағандықтары туралы ант берісімен-ақ, патша үкіметі өзінің түпкі мақсаты – отарлау саясатын жүзеге асыруға кірісті.

Бекіністер мен қалалар салынып, патша үкіметінің отарлау мақсатының тірек пункттеріне айналды. Мемлекет қайраткері, дипломат бұл бекініс шептері мен қорғандардың не үшін салынып жатқандығын бірден сезеді. Осы орайда айтылған толғаулары Бұқардың замана ағымын терең түсінген адам екендігін аңғартады. Патша үкіметінің қазақ даласына сұғынып енуі Бұқарды шошындырады. Алайда, бұған қарсылық көрсетуге, бөгет жасауға қазақтардың әлі келмейтінін жырау тағы біледі. Сондықтан, ол халық ақылындағы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған елмен «Жер ұйық», «Жиделі-Байсынды» еске алады.

Арқалы жырау, қабырғалы би Бұқар өз тұсындағы қазақ хандығынын бас идеологы болады. Ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейілінше қолдайды. Хандықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында күреседі. Өз шығармаларында Абылайды сырт жауларға қарсы күресте айырықша қайрат көрсеткен қайтпас батыр, ел қамын жеген көреген көсем ретінде бейнелейді. Тәуелсіздік жолындағы соғыстарда ерлігімен дараланған батырларды мадақтайды.

Бұқар өзінің таңдаулы шығармаларында қазақ қауымы үшін мәні зор әлеуметтік мәселелерді көтереді. Бұлардың ең бастысы – ел бірлігін қорғау, оны ту етіп тік көтеру, ішкі-сыртқы жаулардың қандайымен

болса да бітіспес күреске үндеу. Бұқар Абылайға арнаған және халық атына қарата айтылған толғауларында Цин империясының түпкі саясаты – қазақ даласын жалмап жеу екендігін ашып көрсетеді.

Ел шетіне енген шүршіт әскерлеріне қарсы аяусыз күрес қажетін насихаттайды. Шүршіт басқыншыларының осының алдында ғана еңбектеген балаларынан еңкейген кәрісіне дейін түгел қырып, Жоңғар мемлекетін жер бетінен қалай жалмағанын мысалға келтіреді. Цин саясатшыларының алдамшы сөзіне сенбеуге, тәуелсіздік үшін ақырына дейін шайқасуға шақырады. «Шүршіт келсе жарамас – Ай-түйіңе қарамас», – дейді жырау.

Сонымен қатар жырау өз шығармаларында Ресеймен жауласпау, онымен тату көршілік сақтау керегін насихаттайды. Алайда, Бұқар патша үкіметінің түпкілікті мұратын – отаршылық екенін де нақты пайымдаған болатын. Бұл кезде Бұқар ханның соғысу ниетін өзі де, елі де жақтамайтынын ескертіп:

*Орыспенен соғысып,  
Басыңа моншақ көтерген  
Жұртыңа жаулық сағынба!.. –*

деп, ханның алдында тайсалмай сақ сөйлеп, ақ пікірін еркін айтып, елі атынан хан пиғылына қарсы шығады. Орыспенен дос болып, оған арқа сүйеп, бейбіт өмір сүр, – дейді. Бұқардың «Керей қайда барасың?» деген өлеңі де ханға қарсылық еткен рулы елді келіске келтіру жөніндегі билік сөзі ел бірлігін жақтаған жалынды жыры боп табылады.

Бұқар шығармаларынан жыраудың өзі өмір сүрген қилы заман келбеті айқын танылады. Хан-сұлтандардың, ірі феодалдардың әр жүзде, тіпті жекелеген руларда өз билігін жүргізбек болған, ұлттық мүддеге қайшы, баққұмар саясаты, руаралық тартыстың күшеюіне, заманның өзгеруіне байланысты адамдардың санасындағы құбылыстар – міне, осының бәрі де белгілі мөлшерде жырау өнернамасынан көрініс тапты.

Бұқар қазақ қауымының ежелгі түйықтан арылуға бет алғанын көне патриархалдық қатынастар бұзыла бастағанын көреді, осының бәрі болашақта жүзеге асар түбегейлі өзгерістердің басы ғана екенін түсінеді. Алайда, жырау мұндай құбылыстардың көбін ұнатпайды, оған сенімсіздікпен қарайды. Тіпті, туған халқының болашағына күмәнданады, пессимизмге беріледі.

Енді, бір топ өлеңдерінде Бұқар өмір мен болмыс, заман және адам туралы толғанады. Табиғат бір қалыпта тұрмайды дейді жырау. Ол үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Адам табиғаты да сондай. Оның

өзгеруіне, мінез-кұлқының, моральдық қағидаларының өзгеруіне орай, қоғам да өзгеріп отырмақ дегенге мезгейді. Ой тереңдігінен, өз заманының көкейкесті мәселелерін көтерумен ғана емес, көркемдік сапасымен де өзгеше, Бұқар шығармалары ғақлия толғаныстар, нақыл, афоризмдер түрінде келеді. Бейнелі суретке бай, ұлттық бояуы қанық, көркемдігі кемел. Міне, осының бәрі Бұқар жырауды көне қазақ поэзиясының ең тұлғалы өкілдерінің қатарына көтерді. Бұқар өнернама-сы әлденеше ғасырлақ тарихы бар жыраулар поэзиясының қорытынды түйіні іспеттес болды.

Қазақ хандығы дәуірінде жасалған мол мұраның шағын бөлігі ғана біздің заманымызға жетті. Алайда, қолда бар үлгілердің өзі халқымыздың сөз өнері биік деңгейде болғандығын көрсетеді. Хандық дәуірдегі әдебиет төрт ғасыр бойы сан қилы оқиғалардың сәулесін бойына сіңіріп, өзіндік үн, өзгеше бояу-нақыш, айқын ұлттық сипатта қалыптасты.

Қашанда ел өміріндегі оқиғаларға үн қосып, өз заманының көкейкесті мәселелерін көтеріп отырды. Өткен күн, озған дәурен, көне тіршілік шежірешісі болды. Үнемі халық жағынан табылып, елдің бүгінгісі ғана емес, болашағы үшін де аса мәнді идеялардың ұраншысы қызметін атқарды.

## 2. ШЕР ЗАМАНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

(Көтеш ақын)



Қазақ әдебиеті тарихында өзіндік үлес қосқан ақын-жазушы, жыршы-жыраулар өте көп. Олар артына еңбекке, оқуға, бірлікке, достыққа үндейтін мол мұра қалдырып кетті. Сол мұралардың бірсыпырасы сақ-

талса, көпшілігі жоғалып кеткен. Соған қарамастан артындағы ұрпағы арғы аталарының еңбегін ардақтап, жинақтап, кітап етіп бастырып, өлі күнге шейін үлкен ықыласпен оқиды. Сондай ақын-жазушылардың бірі – Көтеш ақын.

Көтеш ақын 1745 жылы Баянауыл аймағында туып, сонда өседі. Алғаш рет он жеті жасында Абылайға қарсы бас көтерген Мейрам намысын жыртқан өлеңі арқылы аты шығады. Жарлы отбасында дүниеге келген ол өмір бойы жоқшылық тауқыметін тартып өседі. Алайда, ақындық арын саудаға салмаған. Көтеш қартайған шағында иен далада кісі қолынан 1818 жылы қаза табады. Ақын ажалы Жолбасар ұрыдан келеді. Ал, енді бір деректер қазаға ақын әжуасын кек тұтқан әлдебір бай себеп болды деп көрсетеді.

Ақын шығармашылығына келсек, оның өлеңдерінің біразы ғана бізге жеткен. Бірақ, сол аз өлеңдерінің өзі мол ғибрат, өнеге, өсиетке толы. Тілі жеңіл. Жазылуы қарапайым. Оқуға әсерлі. Мәселен:

*Арғы атамды сұрасаң, Сексен жүйме,  
Райымбек Сексеннен туған ұл ма?  
Райымбек сен де еш қоя алмайсың,  
Райымбек би болса, Рай құл ма? –*

деген өлең жолдары ауызекі сөйлеуде қолданылатын сөйлемдерге ұқсайды.

Көтеш ақынның өлеңдерінің бір ерекшелігі тақырыбы жоқ (сол тұстағы көп ақын-жазушылардың бұл жазу тәсілдері іспеттес). Оның өлеңдерінің алғашқы шумағындағы бірінші жолын өлең тақырыбы етіп аламыз. Мысалы, «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің», «Күркелінің бауыры күнде дауыл» және т.б. Енді соның кейбіреуін талдап көрелік.

Көтеш Абылай хандық құрған тұста өмір сүрген ақын. Ол ханның әр ісін бетіне өлеңмен тура айтып, кемшілігін бетіне басып отырған. Оған: «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» атты өлеңі дәлел бола алады. Мәселен:

*Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,  
Есіл ер, жазығы жоқ, неге өлтірдің?  
Хан басың қарашаңмен даулы болып,  
Үстіне Ақ орданың қол келтірдің, –*

деген жолдарынан Абылай хандық дәрежесіне сүйеніп жазықсыздан-жазықсыз Ботақанды – асыл ерді өлтіргендігін, ел даулы болып, Ақ орданың үстіне қол келтіргендігін айтады.

Ал, осы өлеңінің екінші шумағында бүгін босатпасаң Жанайды, ертеңгі күні қатын-балаң бірі жесір, бірі жетім қалатындығын айтып сақтандырады. Бұл өлеңі былай өрнектеледі:

*Абылай, күйіп кетті салған залаң,  
Мейрамға не еді сенің жапқан жалаң?  
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң ...  
Болады ертең жесір қатын-балаң!!!*

Қартайған шағында ауырып, төсек тартып жатқан адамның көңілін сұрасан қатты риза болады ғой. Көтеш те қартайғанда ауырып жатқанда Сексеннен тараған көп ұрпақтың бір де біреуі келіп көңілін сұрамағанда қатты налиды.

Ақын жаны нәзік. Сәл нәрсеге ашуланып, уайымдап, ренжіп налитын ақынға бұл ауыр тиеді. Мұны төмендегі өлең жолдарынан айқын байқаймыз:

*Күркелінің бауыры күнде дауыл,  
Көтеш қалды ауылында жалғыз ауыл.  
Ауырып жатқан көңілімді бір сұрамай,  
Шын Сексеннің баласы қара бауыр.*

*Бір жанымның қамы үшін жүрдім саяқ,  
Не қылайын малды жаннан аяп,  
Ауырып жатқан күнімде бір қайырылмай,  
Ет дегенде қалмапты майлы таяқ.*

Ақын шығармалары өсиет-өнегеге толы. Олар достыққа, бірлікке үндейді. Ата-ананды сыйла, құрметте деп үйретеді. Бұл туралы арқалы жырау:

*Арқа ойылдың құба жон түсер қақтар,  
Су ішуге сол қақты құлан жақтар.  
Атадан алтау, жетеу туганменен,  
Соның ішінде біреу-ақ сүтін ақтар, –*

деп толғанады.

Бала – адамның бауыр еті деген. Бұл тақырыпқа ақындар ерекше мән берген. Көтеш өлеңдерінен де бұл сарынды байқауға болады. «Таз да болса балаңды ұрса берме» кейін малыңды бағатын сол болады дегенді айта келіп:

*«Бала – бала деуменен мақалымыз,  
Баладан болар білем, ажалымыз», –*

деп, астарлап сөйлейді.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша және өз өлеңдерін оқи отырып, акын қартайған шағында келіні тұрмақ өз кемпірінен де қысым көргендігін сеземіз. Оған өлең жолдары куә:

*Қартайғанда қатының дұшпан болды,  
Келін деген бір дұшпан тағы шығып.  
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды,  
Қартайғанда қатының қазба дейді.  
Келін менен балаға жазба дейді.  
Ат болса, айғыр болса, солар мініп,  
Шолақ байтал қақбасқа аз ба дейді.  
Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,  
Келін деген даяр тұр тажсалымыз.*

Егемендік алып, еңселерін көтеріп қалған қазақ халқы демократияның, қайта құрудың арқасында көп нәрсеге қолы жетіп қалды. Соның бірі – қазақ тілінде, өз ана тіліне байланысты жайлар. Тіліміздің мемлекеттік статус алуына байланысты ұмытыла басталған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер соңғы кезде ортамызға қайтып оралуда. Мұны айтып отырған себебіміз – қазақ халқы өз ана тілін бұрыннан сақтап, қорғап, басқа тілмен шұбарланып кетпеуін қадағалап отырған. Оны біз сол заманның айнасы – ақын-жазушы шығармаларынан анық байқаймыз. Көтеш акын да қазақ тілін өз өлеңіне арқау еткен. Мәселен, оның:

*Ай қараңғы, күн бұлт, түн демеңіз,  
Біреу жарлы, біреу бай күндемеңіз.  
Ата тілін алмаған арам ұлды,  
Ауызы түкті кәпірден кем демеңіз.*

*Ай қараңғы, күн бұлт, күн демеңіз,  
Біреу жарлы, біреу бай күндемеңіз.  
Ата тілін сыйлаған адал ұлды,  
Хат оқыған молдадан кем демеңіз...*

немесе,

*Жұмыскер есіктегі тынышы кетер,  
Қожайын төрде отырған қазба болса, –*

деген жыр жолдарынан даналық ойды байқаймыз. Ол, егер төрдегі қожайын қазба болса, ондағы есіктегі жұмыскердің мазасын алып, оның тынышы кетер дегенді айтады.

Адам өмірге келген қонақ. Үнемі жас болып, қуанып, күліп-ойнап жүре бермейді. Өз уақыты келгенде қартайып, күші кетер. Сөйтіп,

мәңгілік о дүниелік болып кете барады дегенді айтады. Мысалы, бұл туралы ол:

*Кәрілік жылы-жұмсақ ас жарай ма,  
Қазы-қарта, жал-жая, бас жарай ма ?  
Кәрілік, мұның бәрін жақтырмайсың,  
Үйілген топырақ, қамаған тас жарай ма ? –*

деп толғанады.

Міне, Көтеш акын шығармаларының дені осындай. Пессимизмге салынбай үнемі жадыраңқы жүр дегенді айтады.

### 3. ӘДІЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН (Жанақ акын)



Әкесі Жәнке батыр. Руы – Күлік. Жастайынан билікке араласып, орақ ауызды акын болып қалыптасқан. Тарихта «Абылай аспас сары бел» деген ұғым бар. Кезінде Абылай хан Орта жүзден ертеректе кеткен бір өшін алу үшін сәті келгенде «Төртрудың» Ботақаны мен Қаракесектің Жанайын тірідей көрге салады. Мұндай қорлыққа шыдамаған Ботақан жарылып өледі. Осы мәселеге байланысты Қаракесектің биі Бекболат пен «Төртрудың» биі Едіге атқа мініп, бес Мейрамды жияды. Олар 3 мың қол жиып, қолдың сәні болсын деп Жәнке батырға қолқа салады. Ол болса «Ханын жаулаған қалмақ оңбаған, ханын шапқан кара оңбайды» деп баласы Жанақты «Бекболат пен Едігеге сәлем де, Абылаймен жарассын, арашасы бол», – деп қосқан көрінеді.

Айтқандай-ақ, Абылай мен Бекболат, Едігелер кездесерде Күлкенің Биікшесі деген күралайдың көзінен атып тигізетұғын мерген мылтығы-



ның сирағын құрып, Абылайды нысанаға алып тұра қалады. Бірақ, мылтығының білтесін тұтатуға мұршасын келтірмей Жәнке батыр баласы Жанак жүгіріп келіп Биікше мергеннің қолынан мылтығын жұлып алады.

Соңынан хан мен би, батыр қарашалары жарасқаннан соң Абылай:

– Мылтық құрған кім еді? – деп сұрапты.

– Құрған Биікше мерген, – деген соң.

– Талай жорықта бір торсықтан малта жесіп жүрген жолдас еді. Кісіні кісі жоқ жерде-ақ өлімге қия береді екен-ау, – депті. Оның мылтығының аузын қырсық бассын деп, мылтығының аузына бір түйе байлаңдар, – дейді.

– Тегін кісі Жәнке батыр бола ма? Олар құдай құйып қойғандай жаратқан шын би ғой. Баласын арашасы болсын деп қосқан ғой.

– Ас берілгенде Жәнке батырдың босағасына түйе бастатқан тоғыз байлансын және қаралы үйге шаншылған найзаны (жыл толғанда) жылын бергенде Жанак сындырсын, бір ат, шапан Жанактың өз жолы болсын, – депті. «Абылай аспас сары бел» атқа ілінген жері осы екен» [81].

Жанактың ақындығы жөнінде жазушы Қ.Исабаевтың «Шоң» романында біраз орын берілген. Себебі, кезінде Жанак Шоң мен Шорманның маңында біраз болып ел билігіне, араласып, өлең шығарғанға үксайды. Мысалы: «– О, Жәке, осы орыс-қазақтың басын қосқан базарға арнап бір өлең тастап жіберші» – деді Шорман.

Жанак төмен қарап отырған қалпы, домбырасын күйлетіп, өзінен-өзі ілгері-кейінді тербеліп, толқып алған соң, көкейінен өлең жолдары құйыла бастады:

*Халайық, мынау жатқан Ертіс суы,  
Көмкерген жағалаудың өңкей нуы.  
Ар жақта Кереку тұр бері төніп,  
Елеңдеткен оныдағы базар шуы.  
Таулардан бас алады Ертіс-дария,  
Көршісі мында жатыр дала-қария.  
Қазақта басқа өзен жоқ Ертісіндей,  
Сондықтан да Сарыарқаға аты жария.  
Суы бай бұл Ертістің, ел халайық,  
Алқабы жасыл шабын-мал қарайық.  
Шілдеде орыс-қазақ шығады екен,  
Күліп-ойнап шөбіне – ол талайық.  
Айтады ел арасын су бөледі деп.  
«Келмесең суы молда жөн еді», – деп.*

*Сонда да базар мынау шуылдаған,  
Мә саған, әкел маған, бер қолды деп [82].*

Шоңның тетелес інісі Торайғыр би өмірден мезгілсіз кеткенде Шоңның да, басқаның да қабырғасы қатты қайысады. Себебі, Торайғыр би тентек болса да есті тентек болатын. Халық үшін кезінде билік айтып, біраз іс тындырған. Міне, енді Жанак ел ойлаған Шоңға інісі Торайғыр бидің қазасына көңіл айтып отыр:

*Темірге керек қайрақ өту үшін,  
Жігітке керек тұлпар жету үшін.  
Шоң аға көтер басты, еңсеңді ұста,  
Торекең кетті дүниеден келмеу үшін...  
Шоң аға мойныңды бүр, көр халықты,  
Дала да күңіренеді, ой шолыпты.  
Біз де тұрмыз айырылдық деп бір көсемнен,  
Көтер басты, көңіл айт, ел қалыпты!*

1833 жылдың тамыз айының соңына қарай Баянауыл дуанының ашылу салтанаты өткізілді. Осы дуанның құрылу салтанатының жаршысы да адуын ақын Жанак болды. Осы бір тарихта өшпес ізін қалдырған елеулі күнді Жанак ақын:

*Уа, жарандар, жарандар!  
Мына Баянға қараңдар.  
Таулары көкке ұмтылған,  
Сулары көпті жымқырған.  
Үп деген бүгін жсел жоқ,  
Көк майсасы бұлқынған.  
Сайларында бүлдірген,  
Тастары анау қалаңған.  
Шебер пішкен кескіндеп,  
Көрінеді алыстан.  
Бұлақтары әнші екен,  
Сылдырап аққан сулардан.  
Баянда мәжіліс көп болған,  
Батырларына беріп тапсырма,  
Олжабай тауды нұсқаған.  
Құба қалмақ жайлаған,  
Атаңа нәлет ата жау,  
Қуылады деп сөзді байлаған.*

Қызыгып кеткен дейді гой,  
 Баянның сұлу тауына,  
 Көз жасындай көліне,  
 Ежен ханның адамы.  
 Шоң атам келіп дүниеге,  
 Төрелерді қашырды.  
 Баянның бағы ашылды,  
 Ашамын деп бүгін дуан,  
 Құрыпты осынау бір думан.  
 Ал, қалайық екпінде,  
 Тежеме көңіл екпінді.  
 Бұдан асқан той болмас,  
 Баян таудай көркінде, –

деп кемерінен асыра жырлаған.

Жанак ақынның тағы бір күнды дүниесі «Баянаула туралы дастан» деп аталады. Онда негізінен жер-су аттарының қойылу себептері және туған жердің қасиеті туралы пайымдаулар бар. Енді осы дастаннан үзінді оқып көрелік:

Көрінер үш күнділіктен «Баян» басы,  
 «Қызыл тау әулиелі» қатарласы.  
 Сүйіндік, сегіз болыс мекен еткен,  
 Күндік жер жортқан атқа екі арасы.  
 Баянның ең биігі мұнарлы «Ақбет»,  
 Басына шықсаң егер көрінер шет.  
 Тау-тасы, ағаш-шөбі былай тұрсын,  
 Ішінде араласаң бар қасиет.  
 Айдыны жадыраған алтын булы,  
 Сәуірде көтереді жасыл туды.  
 Тастардың арасынан ағызады,  
 Ырғытып оқ жыландай мөлдір суды.  
 Мысалы, жиган жүктей көрсең тасы,  
 Алланың бір жаратқан тамашасы.  
 «Ақбеттің» дәл басында бір көлі бар,  
 Мың қойдың қарасындай айналасы.  
 «Тікасу», Тұрсынбайдың «Найзатасы»,  
 Баянның солтүстік жақ қабырғасы.  
 Боштайдың қыстау қылған «Сарыадыры»,

Зауыт қып, алтын қазған жақын қасы.  
 Ертеде хан болыпты Қасым, Тәуке,  
 Қазақтан төре зады болып жеке,  
 Бұл тауды олар дағы мекен қыпты,  
 Айтады «Төре ағашы» осы күнгі,  
 «Жақсы аула», «Жаман аула» қатар тұрған,  
 Жеті жұрт бізден бұрын келіп қонған.  
 Түбі Уақ, Аман батыр мекен қылып,  
 Аталып «Жаман аула» содан қалған.  
 Қоныпты «Ұзыншілік» деген жерге  
 Бикелді, заты аргын болып бірге.  
 Екеуі тізе қосып ол заманда,  
 Көрсеткен талай ерлік қалмақтарға.  
 Бұл тауда болыпты әр түрлі аң,  
 Жолбарыс, аю, қабан және арыстан.  
 Батырлар осы таудан көп аң аулап,  
 Аталып «Аула» деген содан қалған.  
 Жауласқан ертеден-ақ қазақ, қалмақ,  
 Біресе қалмақ, біресе қазақ алмақ.  
 Қоңтажы, Сиқым, Ежен, Қалден, Ысқақ,  
 Бәрі де бұл жерлерді мекен қылған.  
 Бәрінің қызыққаны Баян тауы,  
 Бекініс, айналасы көп, жаудың жері.  
 Жазайық қай бірінің атын айтып,  
 Қалмақтың не секілді болыпты ері.  
 Ұлы жүз Қара батыр болып басшы,  
 Орта жүз Шоқпар батыр болып қосшы.  
 Кейінгі ұсақ батыр тізе қосып,  
 Бір үлкен қалмақтармен соғыс қыпты.  
 «Соғысты» деп үлкендердің айтқан сөзі,  
 Көріпті мұның бәрің кімнің көзі.  
 Ақтабан сұламадан бұрынырақ,  
 Қазақтың Сырдан ауып кеткен кезі.  
 Қосуга «Шүршітқырылған» жері жырақ,  
 Естуім көп, айтуым шағынырақ.  
 Шүршіттер көшіп-қонып жүрген кезде,  
 «Қандыадыр» деген жерде қырса керек.  
 Айтуы осы сөзден бұрынырақ,  
 Әр жерге ие болып шүршіт, қалмақ.

Қазақтың батырлары кездесіп қап,  
 Аталып қалуына болды себеп.  
 Аты бар, атағы жоқ таулар да көп,  
 Қосылған «Желтау», «Далба» аулаға кеп.  
 Бұланған әр бір түрлі сәулетімен,  
 Баянды жан-жағынан көтермелеп.  
 «Шаңтимес», «Қотыр Қызылтау», «Алабас»,  
 «Жыланды», «Шолаққайың», «Керегетас».  
 «Талпақ» түр «Ақирекпен» сол жағында,  
 «Ақкелін», «Көкдомбақ» пен сол «Найзатас».  
 «Ақтөбе», «Беріктас» пен «Сарыжал» тұрған.  
 «Қарбасқан», «Шоңаман» мен сол «Үштаған».  
 «Бүркітті», «Жайынды» мен «Қарашоқы»,  
 Қатардан айтылмаған «Желтау» қалған.  
 «Далбаның» ең биігі «Тотия»-ды,  
 «Қаруңгір» бауырында «Найзақара».  
 «Белағаш», «Қүркелі» мен ол «Қандыадыр»,  
 «Тастыұрпек», «Жылыадыр» мен «Сарытау» және.  
 «Жапалақ», «Құттыбайтау», «Мырзагүлтас»,  
 «Қараадыр», «Шоқпартау», «Мәудікебас».  
 «Ақбура», «Тұлпар» тасы толып жатыр,  
 Айтуға «Қызылтаумен» жері аралас.  
 Ел қамын ерте ойлаған би Едіге,  
 Қазақтың задын білмей қойсын неге.  
 «Ақбеттің» дәл түбіне үй салдырған,  
 «Қарыағаш», «Тасқынбұлақ» деген жерге.  
 Баласы Едігенің Торайғыр, Шоң,  
 Туыпты атасынан олар да оң.  
 Бір батыр Баян деген Сүйіндіктен,  
 Бұлардың бәрінен де бұрын өткен.  
 Аулаға қошеметті ат қойылып,  
 Аталып Баян себеп болып кеткен.  
 «Ақбетке» таяу тұрған Жылтыр шың бар,  
 Жол салған не секілді тың асулар.  
 «Ақбеттің» оң жағында мұның бәрі,  
 «Қырғышы» мына айтқан Жылтыр шыңы.  
 Қазанқан дуанбасы болған кезде,  
 Қыстаған «Қарабұлақ» деген жерді.

*Бір күні Баянаула дуан болған,  
Болыпты талай ерлер бақыт қонған.  
Қалмақтар көп өкініш қылған дейді,  
«Айырылып кеттік-ау» деп алтын таудан...*

#### 4. ОЙШЫЛ, АҒАРТУШЫ, АҚЫН, ПУБЛИЦИСТ (Мәшһүр Жүсіп Көпеев)



Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1858 жылдың қысында қазіргі Ж.Аймауытов атындағы ұжымшардың Айыртас деген табиғаты әсем жерінде дүниеге келген. Ата-анасының азан шақырып қойған аты – Адам Жүсіп болғандықтан Мәшһүр деген қосалқы лақап есім оған кейіннен таңылған. Себебі, бұл туралы ақынның өзі кезінде:

*Жасымда қойылған ат – Адам-Жүсіп,  
Жұрт кеткен сүйгенінен Мәшһүр десім.  
Қолыма қағаз-қалам алған шақта,  
Кетемін қара сөзге желдей есім, –*

деп жазған [83].

Мұны айтып отырған себебіміз ертеректе жарияланған кейбір зерттеу еңбектерде М.Ж. Көпеев 1857 жылы туған деп жазылған [84] Бірақ, Мәшһүрдің туған жылы – 1858 жыл. Олай деу себебіміз ақын өз өлеңдерінде бұған байланысты:

*Жылым – қой, тауық жылы мен үш жаста,  
Ғаріптілік бұл жалған біздің баста*

немесе,

*Жылым – қой, жасым биыл жетпіс үште,*

*Өң түгіл маған жалған жоқ қой түсте, –*

деп жазған ғой. [85]

Екіншіден, Мәшһүр Жүсіптің әлеуметтік шығу тегі де зерттеушілер тарапынан дұрыс көрсетілмеген. Мәселен, Б.Кенжебаев «М.Ж.Көпеев ауқатты семьяда дүниеге келген», – деп жазса [86], осы ойды М.Фабдуллин де «Қазан төңкерісі кезінде Мәшһүрдің бейтарап бағыт ұстау себебі оның дәулетті семьядан шыққандығынан болды», – деп әрі жалғастырды.

Алайда, кезінде Мәшһүр Жүсіптің байлықпен аты шықпағанға ұқсайды. Бұған оның:

*Өмір бойы ұшырамай бізге молдық,*

*Табысымыз көп болса ат пен тондық.*

*Әкемді өлтірген жаудай болды.*

*Кедейлік, кемтаршылық, қысқа қолдық, –*

деген сөзі куә [87].

Оның үстіне бұл жөнінде әдебиетші, зерттеуші ғалым С.Дәуітов: «М.Көпеевтің әкесі Көпжасар. Бір әке бір шешеден төрт ағайынды. Көпжасар – семьядағы балалардың кенжесі. Ертеден бері еліміздің салтында кенже туған құлынды, козыны көпей деп айтатындықтан, үй ішіндегі баланың да кішісін «Көпеш», – «Көпей» деп еркелететін болған. Міне, осы себепті де Көпжасар аты жайына қалып, Көпей атанып кеткен. Ал, Көпейдің әкесі Шермұхамедтің тұрмысы тапшы, дәулеті кемдеу екен.

Осы құрғыр тапшылықтың кесірінен Көпей үй ішіндегі әр түрлі «сыбағадан» қағыла беріпті. Әрі намысты, әрі қайратты жас жігіт мұндай қорлыққа шыдай алмай, Қызылжар қаласына 18 жасында оқу іздеп кетіпті. Амал қанша молданың алдынан небәрі 4-5 ай ғана сабак алған соң, қатты сырқаттанып қалады. Енді оқуын әрі қарай жалғастыруға қаражат болмағандықтан, Ахмед деген ноғайға жұмыскер болып тұрады. Жігер, күші мол жігітті қожасы қолынан шығармай Бұхар, Ташкент, Түркістан қалаларына кіреші етіп жиырма екі жыл жалдапты», – деп жазған [88].

Алайда, бұл алып келген мал-мүлік 1861 жылы болған «тауықтың» жұтынан қырылып қалады. Бұл орайда М.Божеев: «Елге қайтып келген Көпжасар 3 жыл өтпей қу таяқ болып жүдеп қалғандықтан Баянауыл маңындағы жатақтарға қосылады. Ол кезде 5 жасқа толған Жүсіпті медресеге орналастырады», – деген ой айтады [89].

Сөйтіп, қаншама жыл бейнеттеніп, адал еңбекпен тапқан малының жұттан қырылуы Мәшһүрдің әкесін қатты күйіндіреді. Ендігі мал-мүліктің орнын толтыратын қазына тек ғана ғылым, білім бола-рын түсінеді. Сондықтан ел-жұртын тастап, Қызылтаудан Баянауылға баласын оқыту үшін қоныс аударады.

Мәшһүр 5 жастан 15 жасқа дейін Баянауыл маңындағы медреседе білім алғанын өлең жолдарына былай деп қосқан:

*Медресе Баянауыл қаласында,  
Амалсыз атаң айтса қаласың да.  
Ойлайсың кім болды деп бізден гәріп,  
Жиылған көп шәкірттің арасында?!  
Шар кітап алты жаста ұстағаным,  
Сол күнде өлең жаттап қостағаным.  
Екі жыл Баян, бір жыл Қызылтауда,  
Үш жылдай түнеп түзге қыстағаным [90]*

Мәшһүр Жүсіптің алғашқы ұстаздары Халфе Шөкеұлы Дуржанбай, молда Нәжмеддин қазірет болған. Ал, 1865-1872 жылдар аралығында ол Хамаратдин хазіреттен дәріс алған.

Хамаратдин хазірет медресесі – Мәшһүрге ғылымның көп салаларын үйреткен. Кейіннен Шығыс дастандары сюжетіне құрылған «Гүлшат-Шеризат» сияқты қиссаның дүниеге келуіне себепші болған. Әрі осы жылдары «Қозы-Көрпеш – Баян Сұлу», «Тарғын батыр», «Төрт жігіттің өлеңі» т.б. жырларды жатқа біліп, жұрт алдында айтқан зерек баланың өнерін қадір тұтып, халық «Мәшһүр» есімін берген. Ал, оған Мәшһүр есімін тікелей қойған адам сол кездегі Баянауыл дуанының аға сұлтаны – Мұса Шорманов болған.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев 1872–1875 жылдар аралығында Көкялташ медресесінде оқыған. Мұны айтып отырған себебіміз – кейбір зерттеушілердің еңбектерінде акын өмірінің осы бір тұсы жаңсақ көрсетілген. Д.Әбілев: «1872 жылы Мәшһүр Жүсіп Бұқарға барып, «Көкілташ» медресесіне оқуға түсіп, жоғары дәрежелі білім алады да, еліне 1875 жылы оралып, бала оқытады» – деп жазған. [91] Сәбит Мұқановтың «Хадық мұрасы» еңбегінде де Көпеевтің Бұқарада «Көкялташ» медресесінде оқығаны жазылған. Бірақ, онда оқыған жылдары көрсетілмеген. Сондай-ақ, «Акын-жыраулар» деген жинақта да: 1870 жылдары Хамеретдин қазіретте, кейін Бұқараның медресесінде оқиды», – деп жазылған. [92] Ал, Қазақстанның «Энциклопедиясында» болса «1870 жылы Хаме-



ретдин казіреттің медресесінде, одан кейін Бұқара діни жоғары оқу орнында оқиды», – деп анықтама берілген. [93]

Бірақ, өкінішке орай, басқа әдебиеттерде, Мәшһүр Жүсіптің өмірбаяндық деректерінде бұл мәлімет жоқ. Тіпті, бертінде 1990 жылы тұңғыш рет жарық көрген таңдамалы шығармаларында да бұл жайт ұмыт қалдырылған.

Мәшһүр Жүсіптің ойшыл, қайраткер ретіндегі қалыптасуының алғашқы кезеңі халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, бастыруымен тұстас келеді. Бұқара, Ташкент қалаларына сапар кезінде қазақ тарихымен танысып, ел аузындағы шешендік сөздерді жинаған. Ауылдағы ұстаздық жұмыс, ұлттың жүріп өткен тарихын зерттеу оны тағы бір сатыға көтереді.

Біздің бұл ойымызды «Ақын-жыраулар» деген жинақтан алынған мына бір сөйлем: «1887–1890 жылдары Орта Азияның Самарканд, Ташкент, Бұқара, Түркістан т.б. қалаларын аралап, халықтың рухани мұрасымен, тұрмыс-тіршілігімен танысады. Осы жылдары белгілі ориенталист-ғалым, академик В.В.Радловпен танысып, қазақтың ауыз әдебиеті мұраларын жинап, жүйелеп бастыру ісімен шұғылданады. [94]» – нақтылай түсетін сияқты.

М.Ж.Көпеевтің қайраткер ретіндегі қалыптасу кезеңінде «Дала уалаяты газетінің» алатын орны ерекше. Бұл газеттің бетінде оның оннан астам проблемалық мақалалары, өлеңдерімен қатар қазақтың билері мен шешендерінің сөздері жарияланған. Бұл туралы сөз алда болмақ.

Ал, қазір Мәшһүр Жүсіптің ойшыл, ақын, ағартушы ретіндегі қалыптасу кезеңінің екінші сатысына (1907-1912 жылдар) тоқталар болсақ, онда оның 1907 жылы Қазан қаласындағы Хұсайыновтар баспасынан «Хал-ахуал», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптары жарық көрді.

Алғашқы «Хал-ахуал» кітабы төрт бөлімнен тұрады: 1. «Хал-ахуал» (208 жол), 2. «Баяннама» (248 жол), 3. «Патша хақында» (144 жол), 4. «Ғибратнама» (4 бөлімнен тұрады).

Екінші бір «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабы алты өлеңнен тұрады. Бұл өлеңдер «Қыран күс көңіл ашар», «Қара өлең», «Қазақтың қылып жүрген жұмысы», «3» рет сөз», «Жалғанда таппай бір ...», «Сәлем хат!» деп аталады. Жоғарыда аталған екі еңбек те қазақтардың сол кездегі тұрмыс-тіршілігі, іс-әрекет, психологиясы суреттеледі. Бір сөзбен айтар болсақ, бұлар патшалы Ресейдің отарлау саясатына қарсы бағыттанып жазылған шығармалар.

Үшінші, «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кезінде бүкіл қазақ халқына танымал болған еңбек. Бұл кітап екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімі қара сөзбен жазылған. Онда Сарыарқаның кімдікі екендігі сөз болады. Ал, қара өлеңмен жазылған екінші бөлімінің тақырыбы «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі туралы». Бұл еңбектерде негізінен халыққа теңдік беру, бұқараның сауатын ашу, сөз бостандығы, жер мәселесі сияқты көптеген көкейкесті мәселелер қарастырылады.

Бұл туралы Ә.Қоңыратбаев: «Мәшһүр Жүсіптің жоғарғы үш кітабының заңға ілігіп таратылмауы, оны басып шығарған Хұсайыновтарға 12 мың сом ауыр айып салынуы ақынның камалушылар тізіміне ұшырап, ел ішінде бұғып жүруі осыдан» – деп жазған. [95]

Кейбір әдебиеттерде Көпеевтің осы үш кітабының жарық көрген жылдары қате көрсетіліп жүр. Мәселен, «Ақын-жыраулар» атты жинақ пен Қазақ ССР Энциклопедиясының 7 томында М.Ж.Көпеевтің кітаптары 1917 жылы басылып шықты деп көрсетілген. Бұл – өрескел қате. Себебі, М.Ж.Көпеевтің аты аталған кітаптарын қадағалап оқығанда суреттелетін қоғамдық-саяси өмір 1917 жыл емес, 1905–1906 жылдарға сәйкес келеді. Мысалы, I-Мемлекеттік Думаға депутаттар сайлау, шығармаларда сөз болатын жаңа партиялардың құрылуы, одан кейінгі қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірі. Міне, мұның барлығы осы ғасыр басындағы өткен аласапыран оқиғаларды бейнелейді. Басты дәлел бүгінгі таңда Орталық Ұлттық кітапхананың сирек кездесетін кітаптар қорында М.Ж.Көпеевтің жоғарыда айтылған үш еңбегі де сақтаулы тұр. Ал, осы кітаптардың сыртқы мұқабаларында басылым шыққан жері «Қазан, 1907 жыл» деп анық көрсетілген.

Мәшһүр Жүсіптің творчествосы өзі өмірден кеткен соң 1950 жылдардан бастап қудалана бастады. Оған тағылған басты кінә «Революцияны мақтамады, оған қарсы шықты» деп айыптаушылық негізінен алғанда ақынның творчествосын білмегендіктен, түсінбегендіктен туған жалған айыптаулар еді. Сонын бірі М.Фабдуллин болатын. Ол М.Ж.Көпеевті: «Залымдар көзімізді алар ойып, мүшелер терімізді малша сойып», – деп совет қызметкерлері жайында жаңсақ пікір таратты деп айыптады. [96]

Ал, шын мәнінде бұл жолдар кеңес қызметкерлеріне емес, патша өкіметі тұсындағы ауылнай, болыстарға арналған еді. Енді, өз ұлтын сүліктей сөрған надан ел билеушілерді, арсыз арамтамақтарды сынаған еді. Бірақ, жоғарыда келтіргендей, жаңсақ пікірлер оның творчествосын зерттеушілер үшін де, қалың оқырмандарға да кеселін тигізді.

Мәшһүр творчествосының үшінші кезеңі аз зерттелген дедік. Об-ыстық басылымдардан бастап, зерттеушілер еңбектерін қосқанда Мәшһүр Жүсіп творчествосына қатысты мәліметтер көптеп саналады. Олардың барлығының басын қосып, бір жүйеге келтіру болашақтың ісі.

Кеңес өкіметі жылдарында Мәшһүрді тек бірыңғай ақындық күмыспен шұғылданды деп айта алмаймыз. 1919 жылы Ташкент қала-сының «Қазақстан» баспасында Көпеев жазған ертегі кітап «Балалар кітабы» деген атпен басылып шықты. Зерттеуші Төкен Әбдірахманов-тың дерегі бойынша, ол өте сәнді көркемделген, жақсы қағазға басыл-ған. Бұл ертегінің баспа бетін көрген екі варианты бар. Оның біріншісі – 1937 жылы «Қазақ ертегілері» деген атпен, екіншісі дәл сол атпен 1957 жылы басылған.

Мәшһүр Жүсіп қоғамдық өмірге белсене араласа алмады дегенге келсек, ол жаңа өмірдің қалай құрылғандығына сенімсіздігінен еді. Оның үстіне 1921 жылы Ташкент қаласында сабақ беріп жүрген Әмен деген ұлының қайғылы қазаға ұшырауы да қатты соққы болып тиген. Солай бола тұра Мәшһүр Жүсіп өз заманының атақты адамдарымен жақсы араласқан. Бұл туралы Ә.Тәжібаев:

«Тай кезінде аттан озған, бала кезінде атадан озған балдырған Жүсіп қаршадайынан талай дуалы ауыздардың батасын алыпты. Ол Ақан сері мен Абайға да сәлемін қабылдатып үлгерген. Атақты Бөгенбайдың немересі Саккұлақ шешенмен, белгілі Майрамен дастарқандас бол-ған, даңқты палуан Қажымұқанмен, бұлбұл әнші Майралардың сыр-лас-мұңдасы екен. Ол Жүсіпбек пен Мұқтарға аға саналса, Ахмет, Шәкәрім, Міржақыптарға дос-жаран саналған. Осы аталған қазақ жұлдыздары туралы да ойларын айтып кетіпті», – деп жазған. [97]

Сол кезеңдегі М.Ж.Көпеевтің жай-күйі, мәселен Ж.Аймауытовпен жазысқан хаттарынан еркін аңғарылады. Солардың бірі мынау: «Адам-дардың миы ерте суалмаса керек, ақылгөй, таланты ерте тарылмаса керек. Егделенген сайын миы шыныға берсе керек. Соған қарағанда, сіздің де қаламнан қаларлық уақытыңыз бола қойған жоқ па деп шама-лаймын. Олай болса, қалған өмірде қаламға сырласып өткен дұрыс.

Сіз қазақтың заманында дүниеге келіп қалған гауһарсыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыста өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлық мінезі Сізді жарытпайды, тосансытады, күні өткен жат адам қылады. Жана заман айта берсін! Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сән-салтанатты ескі күндеріңізді жырлап өтіңіз». Міне, Мәшһүр Жүсіпке кезінде осындай-

тілек білдірген Жүсіпбектің жүрек жарды сөзінен артық бағаның қажеті шамалы-ау өзі!

Ол 1931 жылы 73 жасында қайтыс болды.

Енді, оның соңына қалдырған мол рухани мұраларына тереңірек үнілер болсақ, онда М.Ж.Көпеевтің әсіресе публицистикалық шығармалары әлі де бөлсе толық зерттеле қойған жоқ деп айтуымызға әбден болады. Жоғарыда айтқанымыздай, оның публицистикасын екі салаға бөліп қарастырамыз. Біріншісі – өлең түрінде жазылған публицистикалық шығармалары. Өлең түріндегі публицистикалық дүниелеріне 1907 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» және «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптары жатқызамыз. Әуелгі сөз осы еңбектері жайлы болмақ.

Бұл екі кітаптағы өлеңдердің мазмұны ұқсас. Екеуінде де ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының қоғамдық-саяси, шаруашылық өмірі жазылған. «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабының, «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабынан өзгешелігі – мұндағы бір бөлім қара сөзбен жазылған. Өлеңдерінің негізгі түйіні – патша империясының отаршылдық езгісінен құтылу. Мұнда Ресейдегі саяси-шаруашылық өзгерістердің қазақ өміріне әсері баяндалады. Ғасыр басындағы Қазақстанның саяси өмірі мен әкімшілік-басқару құрылымы, ұлттық психологиясы жан-жақты ашып көрсетілген.

Мысалы, «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» кітабы 6 өлең топтамасынан тұрады. Бірінші өлең 9 бөлімнен құрылған. Екінші өлең тақырыбы «Қара өлең», «Қазақтың қылып жүрген жұмысы», «3 рет сөз» (13 бөлімнен құралған), «Сәлем хат», «Жалғанда таппай бір...»

Қазақ оқығандары үшін сол кездің басты мәселесі – отаршылдықты жою еді. Сол жолда күрескендерді Мәшһүр Жүсіп былай деп жырлайды:

*Бар құдай бізге жарық таңыңды атыр,  
Болар ек, атса таңың біз де батыр.  
Қазаққа құлақ пен көз болған ерлер,  
Тұтқында білесіз бе, неден жатыр.*

Бұл жерде Мәшһүр Жүсіптің айтып отырған ерлері кімдер еді? Патша езушілеріне қарсы үн көтерген адамдар қазақтың ақсүйектері арасында да аз болмаған. Үкімет саясатына қарсы шығып, ұлт мүддесін көздегендерді патша чиновниктері қызметтен аластатып, қуғынға түсірген. Сондай қуғын көрген азаматтар қазақ жерінде де болған.

Сталиндік репрессия, кейінгі тоқырау жылдары тұсында ақсүйек әулеттерінен шыққандар қуғын көріп, баспасөз бетінен орын ала алмады. Сөйтіп, олардың есімдері архивтерде шаң басып жатып қалды. Сондай басты тұлғалардың бірі – Поштаевтар әулетінен шыққан азамат. Мәшһүр ол туралы «Сәлем хат» өлеңінде былай деп жазады:

*Қарадан хан боп өткен бабаң Поштай,*

*Қолына жұрт билігін туган ұстай.*

*Халқына бақташы боп болған қорған,*

*Шарықтап ағып түскен қыран құстай.*

*Поштаймен қатар шығып Шоң мен Шорман,*

*Сонда бір түзу заман болып тұрған.*

*Наурызбай, Кенесары толқынында,*

*Поштай еді көп жұртқа болған қорған.*

Сөйтіп, Мәшһүр Жүсіп қазақ қоғамының жан айқайын түсіне білді. Оны ашына жырлады. Қазақтар босқа даурығысып, құр мансапқа таласып жүргенде, ел мен жерді орыстар басып алып, қоныстанып жатқандығын айтты. Ол қазақтың ата қонысының қолдан кете бастағанына күйінеді. Жұрттың күйзелген қамын ұлт ынтымағы арқылы түзетуге болады деп ұғынады.

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің публицистикасы екі жанрда көрінді дедік. Соның екінші тобы – қара сөзбен жазылған публицистикалық шығармалары. «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының алғашқы тарауы қара сөз үлгісімен жазылған.

Бұл тарауды С.Дәуітов еңбектің кіріспе бөліміне жатқызған. Бірақ, біздің пікірімізше, бұл кіріспе бөлім емес, жеке бір тарау себебі, бұл тарауда ауқымды мәселелер көтеріліп, өзіндік ой-тұжырымдар қорытындыланған. Тақырып аясы да «Қазақ жұртының осы күнгі әңгімесі» деп аталынуы да кіріспеден өзгеше.

Осы бөлімде тарихтан, этнографиядан көп мәлімет беріледі. Мақала публицистикалық сарынмен, оның үстіне тарихи еңбек түрінде жазылған. Бұл екі сала бір-бірін толықтырып, суреттелетін құбылыстар мен оқиғалар мағыналық тұрғыдан үндесіп, тарихи-публицистикалық очерк түрінде келген. Бұл публицистикада сол күннің басты назар аударып отырған қоғамдық-саяси мәселелері көтерілген. Соған әлеуметтік тұрғыдан талдау жасалған.

Мәшһүр Жүсіптің оқиғаны баяндау желісі өзгеше. Жай ғана хабарлай салмай, әрбір мәселені философиялық оймен, тарихи деректер

тұрғысынан баяндайды. Шығарма шешендік тілмен жазылғандықтан, оқырман түсінігіне жеңіл. Еңбек «Күн батысы – Сырдария, күн шығысы – ұзын аққан Ертіс, оңтүстігі – Жетісу (Семиреченск өзені), солтүстігі – Еділ, Жайық. Сол төрт судың арасы заман қадымда Дешті Қыпшақ атанған қыпшақ жұртының қонысы еді. Сол Қыпшақтан тоқсан екі ру ел тарайды. «Қытай көп пе, қыпшақ көп пе» деген мақал болған себебі сол...», – деп басталады.

Осы сөздерді түйсіну барысында әр адамның көз алдына қазақ елінің жағрафиялық картасы елестейді. Кітапта Сарыарканың келбеті – дала табиғаты суреттелген. Төрт өзенді жазғандағы айтпақ ойы – қазақ даласының оңтүстік-солтүстік, батыс-шығыс шекараларының мызғымай, ата-бабалардан ауысып, ежелден келе жатқандығы. Даланы иеленбек болған шет жұрттың басқыншыларға қарсылығы тарихи фактілермен дәлелдеп, этнография мен топонимикалық деректерді өз орнында қолдануы арқылы білдіреді. Жалпы шекара мәселесі, туындай қалған жағдайда, Мәшһүр сияқты шежіреші-философтардың еңбегіне сүйенген жөн. Себебі, олардың шығармаларына бізге беймәлім жер-су аттары молынан ұшырасады. Әрі, тың деректер тарихи фактілермен дәлелденген.

Ең көне жырлардың бірі – лиро-эпостық «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы кейіпкерлердің тұрмыс-тіршілігін Мәшһүр Жүсіп қазақ әдебиетінде тарихи тұрғыдан тұңғыш зерттеген деп айтуымызға болады. Автордың өзі бұған: «өлеңнің аяғында «Қара оба», «Сары оба» деген екі төбе – Қарабай, Сарыбай деген екі байдың қоныс қылған мекені екен. Бұл екеуі де қазақ байлары.

Сол Сарыбайдың жалғыз қызы Баянсұлудың туған жері – Баянауыл тауы. Бұл таудың атының Баянауыл қойылған себебі «Баянауылы» атанып кеткендіктен. Сол қыздың қарқарасы жоғалып, түсіп қалған жері «Қарқаралы-Қазылық» аталған. Домбырасы мен бет-моншағы түсіп қалған жері «Тоқырауын-Жәмшім» атанған. Сандығы түсіп қалған жер «Алтын сандық-Ақшатау» атанған. Аттарының шідері түсіп қалған жер «Жауырбоғы» атанған. Қайыр, бұл сапар қазағы жер аты – бәрі қазақтың ата-бабасының аттары», – деп анықтама берген [98].

Шығарма баяндау тәсілімен жазылған. Сөз болатын объекті – Сарыарқа даласы, қазақ халқы. Әңгіме Дешті Қыпшақ жерін суреттеуден бастап, қазақ халқының жонғарлармен, калмақтармен болған шайқастарда баяндаумен жалғасады. Одан әрі нақты оқиғаларға байланысты қазақ даласында сақталып қалған ескерткіштермен жер-су атта-

ының шығу тегі түсінікті тілмен жазылған. Бұрынғы заманда болған оқиғаларға Мәшһүр Жүсіп өзінше топшылау жасаған. Бұл шығармада әрбір жер-су аттарына байланысты фактілер жиналып, аңыз-әңгіме түрінде берілген. Оқиғалардың тізбегі баяндау түрінде берілсе де, шығарма мазмұны бұзылмай, ой шашырамай, оқырман тез қабылдайты. Қай оқиғаны баяндаса да Мәшһүрдің айтпақ болған негізгі идеясы – қазақ халқының жат жұрттық басқыншыларға деген азаттық сүресі, халық патриотизмі.

Қай публицистикалық мақаласын алсақ та осы идея алдымыздан шығады. Қалмақтармен, ноғайлармен, Бұхара, Хиуа хандықтарына қарсы азапты, ұзақ жылға созылған ұрыстарда да қазақтың ұлт ретінде сақталып қалуы – ата-баба жерін жау қолында қалдырмау ұраны. Бұл ұранмен талай батырлар жау қолында мерт болған.

«Ата-бабамыз қалмақтан не үшін қырылды? Кейінгі үрім-бұтағына жер-су алып беремін деп қырылды. Жалғыз менің ата-бабам емес, жер-суға таласып көп қазақ қырғын тапты. Сол себепті бұл Сарыарқа біздің қазаққа атасының құны болып, олжа болып еді. Біреу-біреуге соңынан қалмаса «атаңның құны бар ма еді» дейді ғой. Сондай-ақ, атаның құны болғаны үшін жер-судан айырылып, қаңғып, қоныссыз жүргеніме ішім күйіп өлсем де ойымнан кетер емес. Баянауыл тауын қалмақтан еріксіз алған Жасыбай мен Олжабай еді. Жасыбай өлді де, Олжабай қалды. Жасыбай асуының алдында Жалантөс деген баласына қыстатып, Олжабайдың өзі Аяз басқан деген асуға қарсы қыстап еді. Дүние деген, шіркін, көшпелі екен. Қазақтың тұлпар мініп, ту ұстаған кейінгі үрім-бұтағына олжа салған ең алдында мұжықтың поселкесінің аты болды. Олжабай қаласы атанған қала, ереймен тауы – Олжабайдың өлген жері. Содан бір сөз. Ата-бабасының қаны қойдың қанындай ағып, алып берген жерінен үрім-бұтақ балалары көзінің жасын төгетөге қаңғып кете берді.»

Бұдан кейінгі сөз болар оқиға – ХІХ ғасырдың орта кезіндегі қазақ тәуелсіздігі үшін күрескен Наурызбай, Кенесарының орыс басқыншыларымен соғысы. Әр кезеңнің батырлары өз халқын аман сақтау үшін жан аяспас ұрыстарға бара білген. Шығарманың композициялық құрылымының бүтіндігі соншалық, әрбір сөйлемнің ара-жігі ажыратылмайды, барлығы бір түйінге келіп тіреледі. Оны мына бір төмендегі мысалдан айқын аңғартуымызға болады:

«Біздің Сарыарқадағы қазаққа: «қазақ бізге бағын, бізге қара», – деп ақ патшадан жарлық алып шықтым деп Иван Семенович деген келді.

Қазақ саған қарамайды, маған қарайды деп ол екеуінен басқа қазақтың өз ішінен Кенесары, Наурызбай деген шықты. Олар:

*Бағынба қазақ орысқа,*

*Бағынсаң қазақ орысқа.*

*Осы бастан амандас,*

*Сарыарқа деген қонысқа, –*

деп ұрандады.

Осы замандағы қазақ жақсылары кенесті де Кенесары, Наурызбайдың сөзін қостамады және қытай елшісімен сөйлеспеді. Жерімізге тимесең, солдат алмасаң, саған қараймыз деп, құдайшылығы бар дап, ақ патшаға өз ықтиярымен қарап, бағынады».

Мәшһүр Жүсіп қазақ халқының Ресей империясына қарауын өз заманында болып өткен тарихи оқиғаларға байланысты жан-жақты суреттеген. Сол кездегі екі жақты психология, екі топ арасындағы тартыс орыс ұлықтарының пайдасына шешілді. Олар бос жатқан жер деп емін-еркін пайдалана бастады. Бұл шығарма ХІХ ғасырдың қоғамдық-саяси жағдайын дұрыс түсіне біліп, талдап көрсетуімен құнды. Ол бұл еңбектің отты екпіні мен жоғары эмоционалдығынан көрінеді. Бұл орайда: «Осы күнде байқап қарасақ, қазақта ешкімнің есесі жоқ. Ол қалайша жоқ десек, қазақ жерін қала салумен бір алды. Бастықтарының уази-фасы (усадыба) деп ағашты, шабындық жерлерді ат қойып, учаске деп ала берді. Қазақ жерін өзі тастап кете алмай неше жыл бойы көгіне ақша төлеп, қысы-жазы малының қорегі үшін сатылып, кедей болды. Бүйтіп сатып жеп қалайша күн көреміз деп суырма жонға қыстап еді. Жан сақтап, күн көріп жүрген жерлерін мүжық келіп егініне лайықты етіп алды.

*Еркекте ақыл қала ма, өз қонысынан ауган соң,*

*Әйелде ақыл қала ма, біреуден сауын сауған соң.*

Азғантай ақылдан айырылып қалып, жауыр амалынан береке қашып, оның үстіне өлім-шығын, землге деген қаптап, ел аралзған начальник, чиновниктердің жалдап мінген аттарының майын алмай қаңғып кетті. Бұхар, Ташкент барсаң, сарттың малайы қазақ. Малайдықта жалғыз-жарым болып кеткендер ауырса, суын беріп, кім басына жастық қойып, иман айтуға кім даяр тұрады? Өлсе кім жаназа шығарады? Осындай қиыншылықтан тірімізге иман, өлгенімізге жаназа жоқ болып, адам тәрбиесінен қалдық», – деп ашына жазды автор.

Бұл ойын Мәшһүр Жүсіп одан әрі: «Бір жерде, бір қазақты бір мүжық атып тастаса, қазақ өлгенін қолына алып, көшіп-қонып ел ара-



лап кетеді, ал сары орыс үйінде жәннан тыныш отыра береді. Бір қазақты бір казак-орыс пышақтап жарып тастаса, казак-орысқа сот жоқ, көшеде ойнап-күліп жүре береді», – деп жалғастырады.

Қазақ ұлтын қорлаудың шегіне жеткен түрі осы. Бұл шығарманың кульминациясы да осы жолдарға келіп тіреледі. Қазақты қонысынан аударғаны, ел билейтін азаматтарына билік бермеуі, малын тартып алуы былай тұрсын, енді патша отаршылары жергілікті халықты өлтіруге кіріеті. Отаршылдықтың ең жабайы әдісі – халықты аяусыз қыру. Қазақтың басына да осы ауыр күн келді. Туғанын мұжық өлтірген соң қазақ амалсыздан басқа қоныс іздеуге мәжбүр болды. Қазақ жоғары әкімдерге арыздана алмайды. Себебі, оның құқы жоқ. Қазақтың сөзін чиновник тыңдамайды, көзге ілмейді. Бұл – Ресей империясының жергілікті халық құқығын аяққа басқан, отаршылдық саясатының көріністерінің бірі. Мәшһүр Жүсіп өзі көріп отырған қиянатты ашына жаза отырып, Ресей бұғауына бекер түстік деп күйінеді. Әділетпен, ел басқарған бұрынғы билер жолын аңсайды. Ол заманды «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман болды», – деп аңсайды.

Мәшһүр Жүсіп отарлық саясаттың қазақ ұлтының дәстүрлі ел билеу тәсіліне кесірін тигізгенін жазады. Орыс отаршылары халықты құлдыққа ұстау үшін, әдейі бұрынғы ел билеу дәстүрін жойып, ауылнайлық, болыстық билеу жүйесін кіргізді. Орыс чиновниктері надан, топас адамдарды ауылнай, болыс сайлап қояды. Елде сөйтіп қазақ ұрпағы аза бастады. Елде надан, жалқау, өсекші, жағымпаз адамдардың көбеюіне әкелді. Қазақ жұртының ғасыр басындағы азып-тозған халін Мәшһүр Жүсіп көрсете білді.

Мәшһүр Жүсіптің 1912 жылы «Айқап» журналының екі санында «Туысқан бауырларыма бір насихат» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада қазақ елінің экономикалық хал-ахуалы, татар молдаларының қазақ ұлтына ықпалы жайында сөз болады. Мәшһүр Жүсіптің 1907–1912 жылдары айдауда болғаны белгілі. Сол жылдары Қазанда болып татар діни оқу жайын зерттеп, қазақ ауылындағы балалардың оқуына тигізген әсерін түсіне отырып, өз мақаласында осының мәнін ашып беруді мақсат етті.

Мақала «Айқап» журналының 7–8 сандарында басылған. Соңында Мәшһүр Жүсіп Көпесев деп қол қойылған. Мақалаға фельетон деп айдар тағылған. Бірақ, бұл фельетон ба, әлде басқа жанрдағы мақала ма? Осыған тоқталайық.

Бұл мақала фельетоннан гөрі проблемалық мақала жанрына сәйкес келеді. Бұл мақалада бейнелі тіл болғанымен фельетонға тән басқа эле-

менттер жетіспейді. Мақалада Ресейден және Қазан төңірегінде патша құлдығынан қашып, қазақ жерін паналаған татар молдалары, олардың жұртты алдап-арбап мал жинағандықтары жөнінде айтылады.

«Сарыарқаның ен шөбінің байлығы мен шаруа күтіп, мал бағып, ғылым-білімнен, әртүрлі ғибратты өнерден сафир болып айтса да болмады. Көл орнында қалған жұрт еді. Солдаттықтан қашқан құмыра бөрікті, толағай басты ноғайлар келіп, «Бәдуаш», «Кесік бас», «Ақыр заман» деген кітаптарын оқытып, өзі құдайдың бұйрығынан, ақ патшаның қырғынынан қашып жүрген кулар Ресейдің жұртын жамандап, хукімет ерлерін жамандап, «патшаның бізге қызметшілігі осындай, қаһарлы қаттылығы осындай деп құдайды ұзын құлақтан зорға естіп жүрген қазақты шөптің басынан үріккен қойдай, ақ жарықта көлеңкесінен қорыққан қояндай қылып, Ресейдің бас хакімдері қазаққа қала сал, баланды оқытуға бер десе, біздің ноғайға да осыларды айтқан, осылай айлалап барып дұзаққа түсірген деген. Қала салсаң шапшаң сал дейді, шоқын дейді. Балаларыңды орысша оқытуға берсең, солдаттыққа алады деп, көнектен шошыған биедей қылып шошытып, ғұмыр бойы өзіменен жырлас, сулас, оттас, арыздас болып тұрған Ресей жұртыменен ынтымағын қосуға келтірмей қазақтың ғақылсыз, надан қатындары дуана келді деп өз баласын өзі қорқақ қылып үйреткендей, жаман қылып, көк милау қылып жіберді», – деп жазды М.Ж.Көпеев. [99]

Бұл жерде Мәшһүр Жүсіптің көзқарасының өзгергенін көреміз. Егер, бұрынғы шығармаларында ол Ресейдің тек отаршылдық саясатын ғана көріп, соған қарсы үн қатса, бұл жерде оқу-білім тарататын демократтық бағыттағы Ресейді көріп отыр. Көзқарасының өзгеруі сірә, Мәшһүрдің осы жылдары орыс демократтарымен көптеп араласуынан болса керек. Өзі діни білім алса да, татар молдаларының қазақ даласына тарататын жалған үлгі-насихатына қарсы шықты.

Мәшһүр Жүсіп татар молдаларының таратып жүрген білімдері қазақ топырағына лайықты емес, күні өткен ескі оқу үлгісі деп тұжырымдайды. Соған байланысты қазақ жерінде жаңа бағдарламамен оқытатын медреселер ашу керек. Әрі бұл медреселерге ұстаздарды қашып жүрген ноғай молдаларының арасынан емес, жаңа оқу негіздерімен оқытатын молдалар арасынан іздеу керек. Мәшһүр Жүсіп орысша оқыту керектігін күн тәртібіне қойды. Себебі, заман өзгерді. Жаңа заманға жаңаша ойлайтын, жаңа ғылым-біліммен ойлайтын адамдар керек. Сондықтан да қазақ өз балаларын жаңаша үлгімен оқытатын мектепке беру керектігін айтады.

Мәшһүр Жүсіп бұл мақаласында қазақ жұртының арасында мұсылман дінінің толық негізінде таралмағанын айтады. Қазақ ораза ұстап, намаз оқымайды. Соған карамастан өздерін-өздері мұсылмандық жолын ұстаймыз деп сендіретіндігін айтады. Бұл жерде Мәшһүр Жүсіп мұсылман дінінің тәрбие, жақсы үлгі берер жақтарын көріп отыр. Дін – жақсы үлгіні, адамгершілік пен әділеттікті насихаттайды. Осы үлгі қазақ арасына таралу керек.

Қазақ құдайға, мұсылман дініне онша сене бермейді. Дін көп таралмағандықтан да қазақ дінді оқыту жағдайын біле бермейді. Мұсылман дінін үйренуге ықыластанғанымен үйрететін ұстаздары аз. Ілгеріде айтылған шала сауатты татар молдалары осыны пайдаланып, қазақты алдап-арбайды. Сол молдалар оқытқан шәкірттерін де шала сауатты етіп шығарады. Шет жұрттан қашып келіп паналағандар қазақты былай деп өтірік мақтайды: «Ноғайдан келді, қазақтың өзін мақтады, өзгенін бәрін жаманға қойды. Сарттан келді, ол да осыны айтты. Сонан соң бұл қазақ ойлады: біз болған екенбіз, жетілген екенбіз. Дүниеде бізде екен. Әулиелік те бізде екен. Дүниеде не жақсылық, бәрі бізде екен деп. Дәнеңені керек қылмайтын мұнсыз болды. Құдай өзі бізден аямаған дәнеңесі жоқ екен. Осы келіп жүргеннің бәрі судырап-судырап тұрған мол ғой, әулиелікке жеткен ойшылдар ғой. Құдай жаман болса, сонша жерден осындай жақсы жетілген кісілер неге келеді? Дүниеде төрт түлік малдан асқан құдай жаратқан жоқ екен, қазақтай асыл жұртты жасаған жоқ екен деп, Сарыарқадай жер қайда барсаң жоқ екен. Қыс болса халқының қазы-қартасындай тамақ қайда, жаз болса қымыздан артық шарап қайда деп шалқасынан түсіп жаттық да қалдық». [100]

Келімсектердің келген мақсаты біреу: қазақ жерінің кеңдігін пайдаланып, үкіметтен жасырыну, жергілікті халыққа қалайша сіңіп кету керек?

Көзге түсіп қалмау үшін молдалардың атын жамылып, ұстаздық етуге тырысқан. Қазақтардың аңқаулығы сонша, айтылғандардың бәріне сеніп қалады. Қашқындарды қатты құрметтеп, олардан дәріс алады. Одан келімсектер екі түрлі пайда көреді. Әрі молдалық жұмыс үкімет құрығынан құтылуға көмектесе, әрі бала оқыттым деген сылтаумен қараңғы халықтан пайда түсіреді. Олардан дәріс алған шәкірттер сауатты білім ала алмаса да қараңғы қазақ оларды құрақ ұшып қарсы алып, құрмет тұтады. Молдасымақтар алдағанымен қоймай, елді теріс жолға үгіттейді. Олар орыс мектептерінің оқыту үлгісін

жамандап, соған балаларды оқытпау керектігін айтып, бар жанын салп теріс жолға бастайды.

Мәшһүр Жүсіп осы бір теріс құбылысты көре біліп, жалған молдаларды қазақ арасынан қуу керектігін айтады. «Айқап» журналы арқылы оқырмандарға мұсылман дінін көркейту туралы ұран тастайды. Патша дінге бостандық берді. Енді осы мұсылман дінін қазақ арасына тарату арқылы елді дұрыс жолға бағыттайды. Адамдар арасындағы сыйластық қарым-қатынасты қалпына келтіріп, адамгершілік пен әділдікті насихаттау керектігін баса айтады. Мақала үгіт-насихат үлгісімен жазылған.

«Дала уалаяты газетінің» 1890 жылғы 18 санында М.Ж.Көпеевтің «Ғажайып бір құс заманымызда» атты мақаласы жарық көрген. Бұл мақалада қазақ халқының аңшылық кәсібі туралы баяндалған. Аңшылық өнер құралы – бүркіт. Қазақтардың бүркітті қолда ұстауы, баптауы жайында қызықты мәліметтер келтірілген. Жәрменкелерде қазақ бүркіті көрушілерді алып тұлғасымен таңдандырады. Басқа мақалаларынан ерекшелігі – оқиға нақты фактіге құрылған. Мақаланы Павлодар уезі, Аккелін еліндегі Т.М.Шормановтың бүркіті жайында бастай отырып, аңшылық өнердің қырларына бойлап кетеді. Аңшылық тек өнер емес, кәсіп, табыс көзі. Егер бүркіт алған аңдарды жәрменкеде өткізіп, көпестерге тұрақты сатып отырса, қазаққа біраз пайда түсетіндігін айтады. Алайда, «...оның бұл пайдасынан бөлек алған қызықтығы, мехнат иә машақатын таза біле тұрып, біздің қазақ халқы бүркітті пайда үшін салмайды, қызығына құмарланып, сол үшін машық қылып ұстайды» [101].

М.Ж.Көпеев мақаласында бүркіт ұстау қазақтың ежелден келе жатқан аңшылық өнері, дәстүрлерінің бірі екендігін, оны жалғастыру қажеттігін айтады. Бұл мақала ата кәсіпті жойып алмай жалғастыру қажеттігіне үндейтіндігімен құнды.

«Дала уалаяты газетінің» 1890 жылғы 14 санында жарияланған «Жақсы молда» атты мақаласында М.Ж.Көпеев қазақтың ел билеу тәсілі, молдалары жайында жазады. Халыққа үлгі көрсететін билеушілер қандай болу керек? «Егер билеп тұрған ұлық жақсы жолда болса, халық та соған еліктеп жақсылыққа тырысады. Егер ұлық жаман болса, халық һәм жамандыққа айнала береді. Халық басшысынан ғибрат алады», – дейді [102].

Мәшһүр Жүсіптің мақалада айтпақ негізгі ойы – халықтың жақсы, жаман болуы елді басқарып тұрған ұлықтарға байланыстылығы.

Бұл мақаладағы сол кездегі билеу жүйесін талдап көрсеткен пікірлер жоқ. Мақалада жалпылама деректер ғана берілген. Әдетте, Мәшһүр Жүсіп мақалаларында айтпақ болған құбылыстар мен оқиғаларға өзінің қатысы аңғарылатын және қорытынды тұжырым жасалатын.

Ал, «Жақсы молда» атты мақалада не молдалар, не ұлықтар жайында толық мәліметтер жоқ. Мақаланың тақырыбы «Жақсы молда» деп қойылғанмен, оқыған кезде оның мазмұнына сәйкес еместігін аңғарасыз. Соған қарамастан «Дала уалаяты газетінде» жарық көрген материалдарында халықтың шешендік сөздері, фольклор үлгілерінен мол мәліметтер келтірілген. Осы газеттегі мақала, өлеңдер М.Ж.Көпеевтің халық ауыз әдебиетін жинаумен шұғылданған кезеңіне сәйкес келеді.

## 5. ҚАРАҢҒЫ ҚАЗАҚ КӨГІНЕ, ӨРМЕЛЕП ШЫҒЫП КҮН БОЛҒАН (Сұлтанмахмұт Торайғыров)



«Зор ақылды, талантты, өмірбаяны өте қызық жазушы» [103] Сұлтанмахмұт Торайғыров 1893 жылы, 29 қазан күні қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданында туып, 4–5 жасынан Павлодар облысының Баянауыл ауданында өседі. Осы арада ақынның туған жері туралы әлі күнге дейін екіұшты пікір айтылып келе жатқандығын еске сала кеткіміз келеді. Мәселен, белгілі зерттеуші, жазушы Қ.Исабаев: «Бұрынғы Омбы уезіне қарасты Шағырай болысы сол кездегі Семей губерниясы Кереку уезінің жайлауы болатын. Сұлтанмахмұт жайлау-

дан күзеуге, яғни Баянауылға көшейін деп жатқанда туған, сондықтан отан дау болмауға тиіс», – дейді [104].

Сұлтанмахмұттың хат танып, көңіл сарайының ашылуына ең алдымен әкесі Шокпыт себепші болады. Өйткені, ол қазақша қара танытын көзі ашық адам болған. Баласын алты жастан бастап өзі оқытып, қашан молданың алдына барғанша бар білгенін үйретуге тырысады. Сөйтіп, ақын 1902–1903 жылдары Әлі деген молданың, 1904–1905 жылдары Торғай деген молданың алдынан өтеді. Әсіресе, бұлардың арасынан Мұқан молданың оқыған-тоқығаны көп, шәкірттеріне деген сүйіспеншілік, махаббаты байқалады.

Осы Мұқан молданың тікелей әсер етуімен С.Торайғыров та 13 жасынан қолына қалам алып, өлең жаза бастайды. Оның тұңғыш өлеңі «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деп аталады. Ақын:

*Депес қып түкірген соң молда Мұқан,  
Қаламды шын беріліп алдым берік, –*

деп өзінің ақындыққа біржолата бет бұрғандығын, енді білім іздеумен қатар, қысқа өмірінде өлеңді де серік қып өтетінін айтады.

Осы кезден бастап Сұлтанмахмұт өнер-білімге біржолата ден қойып, өлең, әңгіме жазуға белсене кіріседі. Бұл кезеңде ол «Дін», «Сарыбас», «Соқыр Сопы», «Оқу», «Кезек қашан келеді» деген сияқты бірталай өлеңдерін жазады. Оларда Сұлтанмахмұт ескі оқу мен жаңа оқудың айырмашылығын, оқудың, өнер-білімнің пайдасы туралы, дін, байлық, кедейлік, еңбек туралы әңгіме етеді.

1912 жылдың қараша айында С.Торайғыров Троицк қаласына барып оқуға түседі. Оқуға түстім, енді бар арманым жетем, халқыма ай емес, күн болам деп шаттанған ақын «Шәкірт ойы» деген өлеңін жазады:

*Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып күн болам!  
Қараңғылықтың көгіне,  
Күн болмағанда кім болам?*

Оның бұдан басқа «Оқудағы мақсатым не?», «Анау-мынау», «Қандай», «Зарлау» деген сияқты бір топ көлемді, мәнді өлеңдері де осы кезде жазылған. Бұл өлеңдерінде ақын мақсаты молда болып, підия, зекет, бітір жинау емес, тілмаш болып жем табу емес, мақсат – өнер, білім алып, жарыққа талпыну, отанға пайдалы азамат болу екендігін сан қайталап еске салады.

Сұлтанмахмұттың бұл медреседе көп оқи алмағаны белгілі. Алымен ол көз ауруына ұшырайды да, одан соң өкпесіне суық тигізеді. Сөзі жазылған соң сол қала маңындағы бір елге бала оқытуға барады. Онда жүріп ақын қолының бос уақыттарында «Арыстан һәм тышқан», «Екі тышқан», «Көк өгіз» сияқты бірді-екілі мысал өлеңмен, «Бір бағаның тілек батасы» деген жыр жолдарын жазады:

*Оқыт бізді, әкетай,  
Қош көңілім болсын жай.  
Надандықтан құтқарып,  
Қуанта гөр, құдай-ай!.. –*

деп білім іздеп шарқ ұрған жас ақын 1913 жылдың күзінде Троицк қаласына қайтып оралады. Осы кезінде Сұлтанмахмұт қазақ зиялыларының бірі – М.Сералинмен кездесіп, оның көмегімен «Айқап» журналының хатшылық қызметіне орналасады. Сөйтіп, қашан ол жұмыстан қол үзгенше, 1914 жылдың жазына дейін көптеген өлең, әңгіме, мақалаларын жазып, өнімді еңбек етеді. Оны ақынның «Досыма хат» деген арнау өлеңінің мына бір шумақтарынан көруге болады:

*Бөлініп ақылым – алты, ойым – онга,  
Қол сермен, құр жүзгіріп, әрбір жолға.  
Надандықтан қалсын деп жаным тыныш,  
Редакция қызметін алдым қолға.*

Осы жылға төлар-толмас «Айқап» журналының редакциясында қызмет істеген уақытында Сұлтанмахмұт бір роман («Қамар сұлу»), екі кітап («Тентектің жинаған шоқпары», «Тамшы»), бес-алты мақала және оннан астам өлең жазған. Оның бұл өлеңдерінің арасынан «Ендігі беталыс», «Айт», «Көш» сияқты қазақ халқының өміріне, тұрмысы мен салт-санасына арналған жыр жолдарына арнайы тоқталуға болады. Мысалы, ақын «Ендігі беталыста»:

*Достарым, оған шейін асықпандар,  
Алдыңда жиі ататын жарық таң бар.  
Тез уақыт жердің жүзі бір түрге енер,  
Түбінде замандастар осымды аңғар. –*

деп, қарапайым халқы үшін жақсылық таңның ататынын, оған көп уақыт қалмағанын айтады.

Ал, бұған қарама-қарсы қазақ халқының сол кездегі кедей табының қиын өмірін көрсетуге арналған «Айт» өлеңінде:

*Жалғыз-ақ дорба асынған кедей көріп,  
Аштықтан өңі кеткен беті де арып.  
Әркімдер тиын-тебен беріп жатыр,  
Дегенге: «Құтты болсын, айт Шәріп!», –*

деп толғанады.

«Көш» өлеңінде де Сұлтанмахмұт қазақтың табиғатына тән бейкамдықты, жалқаулықты:

*Қыстайғы малдың б... қора сасық,  
Қалпында тазартылмай қалды сасып.  
Ілдебаймен «көш жүре түзелер» – деп,  
Қорадан көшті қазақ жабырласып, –*

деп көрсете отырып, көштің болмысын былай деп суреттейді:

*Болганда түйдек-түйдек жолдың шаңы,  
Сарсытар құлағыңды арба маңы.  
Ит ұлып, сиыр мөңіреп, бота боздап,  
Қонганда арба шик-шиқ айқай даңы.*

Қаржыдан қысым көрген С.Торайғыров 1914 жылдың жазында бала оқытып, жағдайын түзеп алмақ үшін елі Баянауылға қайтып оралады. Онда «Шоң серіктігі» деген мәдени-ағарту ұйым ашып, жастарға:

*Мынау жол, Шоң баласы, адамдыққа!  
Сіздерді бастамайды жамандыққа.  
Кел, кіріс, көтеруге мұны тырыс,  
Пайда жоқ, құрып қалғыр надандықта! –*

деп жөн сілтейді. Бірақ, алға қойған мақсаты жүзеге аспайды. Сенген адамдары ауыл байлары мен жақсылары оған қаражатпен де, іспен де көмек көрсетуге құлықтары болмайды. Содан Сұлтанмахмұт сол 1914 жылдың күзінде Семейге оқу іздеп барады. Алайда, орысша оқимын ба деген ниеті қаражаты болмағандықтан тағы да орындалмай қалады. Бұдан соң тағдырдың талқысына түсіп, көңілі құлазыған ақын Қатонқарағай жағына бала оқытуға кетеді. Бұл жөнінде кезінде Сұлтанмахмұттың өзі: «Қатонқарағайға кеткенім ызаға шыдамадым, ең шыны – күн көру үшін кеттім: қолымдағы қаражатым Семейде бір-ақ ай тұруға жететін болды. Семей қанша айтқанмен қалалы, сынды жер ғой, онда кем көрініп жүргенше, парықсыз қазақ арасына кетейін деп ойладым», – деп жазған.

Осы кезден бастап Сұлтанмахмұт өз ғұмырының екі жылын Қатонқарағай мен Зайсанда бала оқытумен өткізеді. Көп шығармалар жа-



зады. Оның ішінде басты-басты дегендері мыналар: «Кім жазықты?», өлеңмен жазған романы, «Жаңғырып Алтай тауы саласынан», «Өмірдің уәдесі», «Алтын аяқ», «Маңайымнан әрі кет» және сүйіспеншілік, махаббат тақырыбына жазылған «Жан қалқа», «Гүл», «Орамалға» т.б. өлеңдері.

Сұлтанмахмұт 1916 жылдың күзінен 1917 жылдың көктеміне дейін Томск қаласында қысқа курста оқып, білімін жетілдіреді. Осы кезде ол орыстың классик акын, жазушыларының таңдаулы шығармаларымен қатар тарих, философия, география ілімдерімен де жақынырақ танысады. Акын өмірінің бұл тұсын: «...Жұмасына екі ғана обед (ет татам), күр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. Киноға, вечерлерге бір мәрте болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным ала қағаздың беті...-Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жүк салса да көтерем. Бірақ, көңілім оқуда болмақ...», – деп хатқа түсірген. Акынның өзі айтып отырғандай, шындығында бұл кезең ол үшін оқу мен білімнің соңына шам алып түскен сәттері болған сияқты. Себебі, біз С.Торайғыровтың 1916 жылғы жазған өлеңдерін оның ешбір еңбектерімен, шығармаларынан не кейін табылып жатқан мұраларынан да кезіктіре алмадық. Тек:

*Бүгіндегі жастарға оқу міндет,*

*Тек қана оқуменен өнер білмек.*

*Өнер-білім, адалдық, ар-намысты,*

*Жоятын надандық қой емсіз індет, –*

деп басталатын «Оқу» деп аталатын ұзақ өлеңі болмаса.

Акынның өмір жолын, шығармаларын алпысыншы жылдары біржақты зерттеген ғалым Ысқақ Дүйсенбаев та (біржақты зерттеген деу себебіміз Б.Кенжебаев өзінің «Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі» [105] атты еңбегінде: «Ы.Дүйсенбаев өз еңбектерінде Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармаларына тұтас жан-жақты, дәл, терең әдебиеттік талдау жасай алмады. Тек кейбір шығармалары жөнінде жалаң тұжырым айтты. Онысы көп ретте әділ, ғылыми болмады», – деп сынады. Расында, акынның шығармаларымен танысу, салыстыру, зерттеу барысында біздер де Ы.Дүйсенбаевтың зерттеулеріндегі кейбір кемшіліктерге көз жеткізгендей болдық. Мысалы, ғалым С.Торайғыров туралы бас-аяғы алты-жеті мақала жариялаған. Бір қызығы осының барлығы да бір-ақ жұмыс, яғни, казак әдебиеті тарихының екінші кітабына арнайы жазылған «С.Торайғыров» деген бөлім. Ал, автор болса мұны бөліп-бөліп бірде «алғы сөз», бірде

«сонғы сөз», бірде «кіріспе», бірде мақала етіп, диссертациясына енгізіп, тіпті жеке кітап етіп те шығарған. Бұл кезең туралы ойын: «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 1916 жыл бойында жазған өлеңдері бізге келіп жетпеген. Қазақ халқының тарихындағы зор оқиғаның бірі қазақ еңбекшілерінің 1916 жылғы әйгілі көтерілісіне байланысты Сұлтанмахмұт тәрізді жалынды ақынның үндемей, қалыс қалуы мүмкін емес. Дегенмен, ақынның сол жылғы өмір-тіршілігіне бақсақ, ол өзінің негізгі мақсаты – білім алуды жүзеге асыру үшін қаражат жинаудың соңына түсіп, уақытының көбін бала оқытумен өткізгенін көреміз. Демек, ақын Тарбағатайдан Семейге, одан Томскіге жол сапарда, оқу іздеу камында көп жүріп, өнерпаздық жұмыспен шұғылдануға жағдайы бола бермеген сияқты», – деп түйіндейді [106].

С.Торайғыров 1917 жылдың қысында Ресейде болып өткен буржуазиялық-демократиялық төңкерістен соң уақытша үкімет тұсында Томбыда оқып жүрген жерінен ел ішіне, Семей қаласына келеді. Онда Сұлтанмахмұт қазақтың сондағы алашордашыл бағыттағы оқырмандарының арасына кіріп, олардың қазақ комитеті деп аталатын ұйымына кіші хатшы болып қызметке алынады. Күні кешеге дейін «ұлтшыл» деген «күнәдан» арыла алмай келген «Сарыарқа» газетіне өлең, мақала жазып тұрады.

Осыған бола көптеген зертеушілер оны ұзақ жылдар бойы қазақ халқына, большевиктерге, кеңес үкіметіне қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген, алашорданың аса белсенді басшыларының бірі болды деп нақақтан айыптап келді.

Бұл жөнінде Б.Кенжебаев: «Бұл бекер. Өйткені, бірінші қазақ комитетінің хатшысы болып жүргенде Сұлтанмахмұт қатты ауырып та жүрді. Бір жылдай уақыт ішінде екі рет ұзақ демалыста болды. Бір рет Томскіде, екінші рет Абай ауылында емделіп жатты. Басқасы былай тұрсын комитет жұмысын да істей алмады. Екінші, архивтерде, сол кездегі баспасөздерде Сұлтанмахмұттың кеңес үкіметіне қарсы айтқан ешбір сөзі, жазуы, бірде-бір шығармасы жоқ», – деп жазды [107].

Ақын үшін 1917 жыл онша жемісті бола қоймаған сияқты. Олай деуіміздің себебі С.Торайғыров осы аралықта небәрі 6-7 ғана өлең жазған. Ол өлеңдері: «Шал алған қызға», «О, дүние», «Жас жүрек», «Сарыарканың жаңбыры», «Алаш ұраны» т.б.

С.Торайғыровтың өнерпаздығын зерттеуші көптеген ғалымдар, мысалы, Ү.Дүйсенбаев Сұлтанмахмұттың «Сарыарканың жаңбыры» атты өлеңі туралы: «Бұл жерде ақын бостандықтың кімге келгенін, кім

үшін қажет екендігін ашып айтпайды. Тек, ол жерді гүлдендіретін жанбырға теңеп, соның күші арқылы ел көгереді деген сенім білдіреді. Бұл өлеңнен үлкен қорытынды жасап, революциялардың бірі болмаса бірін қабылдап, сөз етіп отыр деу өте қиын», – деп жазса, ал «Жас жүрек» деген өлеңіне: «Кейбір зертеушілер ақын осы өлеңінде өз қатесін мойындады, алашорда тобына қосылғанына өкінді дегендей емеуірін білдіреді. Бірақ, осы шығарманы толық күйінде алып көрсек, толып жатқан қайшылықтар кездеседі.

Ең алдымен ақынның өлең соңында мойындап отырған адасуы қай адасу? Одан алашордаға қосылып, жаза басып жаңылғанына өкінеді деген ұғым туа ма, олай деуге қандай дәлеліміз бар?», – деп сұрақ қояды [108].

Ы.Дүйсенбаевтың С.Торайғыровтың шығармалары туралы мұндай кереғар пікірімен Б.Кенжебаев мүлде келіспейтіндігін білдіріп, өз әріптесінің атына мынадай сын айтады:

«Ы.Дүйсенбаев Сұлтанмахмұттың «Сарыарқаның жанбыры» (1917) атты өлеңін тексеру барысында көптеген түсінбеушілікке барған. Осыдан барып тағы да не үшін, кім үшін деген күдікті сұрақтар, тағы да көрмеді, білмеді, ашып айтпады деген әдеттегі сөздер, тағы да сенеді, сенбейді деген екіүшті қорытындылар» туындаған.

Немесе, Ы.Дүйсенбаев Сұлтанмахмұттың «Жас жүрек» (1917) атты өлеңін өз сөзімен айтқанда: «Айрықша мән беріп, жекеше талдау жасайды. Сонда тек бір абзац қана жазады, бір шумақ сөз бір даулы пікір ғана айтады...

Жоқ, бұл ерекше мән беріп, жекеше талдау емес, тіпті әдеби талдау емес. Қатал болса да айтпасқа амалымыз жоқ: бұл тырнақ астынан кір іздеу, өлеңге, ақынға қалайда бір мін тағу үшін шығарманың өнін айналдыру, теріске жору» [109].

Біз бұл жерде Торайғыров тану ғылымының атасына айналған Бейсекең – Бейсенбай Кенжебаевтың өз әріптесінің С.Торайғыров мұрасын зерттеуге жеңіл-желпі қарап, терең ғылыми, іздестіру жүргізбеді деген пікірлеріне қосыла отырып, Ы.Дүйсенбаевтың «Сұлтанмахмұт Торайғыров» атты еңбегінде жазған: «Біздіңше, «Жас жүрек» өлеңі Сұлтанмахмұттың атышулы «Алаш ұраны» атты таза ұлтшылдық сарынмен жазылған жырына көшетін баспалдақ тәрізді. Қайталап айтсақ, оның (өлеңнің) солай екендігі кейінгі басылу кезінде түсіп қалған шумақтардан да айқын көрініп тұр» немесе «ал, енді «Алаш ұраны» атты шығармасының өзі турасында не айтуға болар еді?

Сұлтанмахмұт зор талант иесі болғандықтан адасқан күннің өзінде де теріс бағыттағы өлеңін де зор шабытпен жазып, шын мәніндегі гимн дәрежесіне көтерген. Бірақ, бұл шығарманың мазмұны кертартпа, идеясы зиянды екенін ашып, айтқанымыз қажет. Ұлтшылдық сөзімен уланған ақын алаш туралы, Алаш туы астында ғана Сарыарқа (бұл жерде бүкіл қазақ даласының синонимі) көгереді дейді де: «Бір кезде елімізді күрт ауруындай жайлаған, күртуға ойлаған, қанымызға тоймаған, жерімізді шимайлаған» залымдардың қарасы өшті дей келе, әрбір шумақтарының соңынан «Жасасын, алаш, жасасын!» деп қайталап отырады. Бүкіл өлеңнің өн бойынан бір ғана сарын еседі, ол ұлтшылдық сарын, халық тілегіне жат, зиянды сарын. Осы өлеңді оқығанда оны Сұлтанмахмұт қалай жазды екен деп таңданасыз, ақынның мықтап адасқанының бұлжытпас куәсінің бірі осы өлең екеніне ешбір күмән жоқ. Бұл жерде Сұлтанмахмұтты арашалаудың қажеті бола қоймас. Керісінше, демократ ақынның сара жолдан тайып, жаза басқанын, осы шақта оның ұлтшылдар сойылын соққанын ашып айту жөн», – деген бет қаратпас қорытындыларынан-ақ көп нәрсенің сырын ұққандай боламыз.

Ы.Дүйсенбаевтың бұл пікірі Сұлтанмахмұтты желкелеп, жерлеуді мақсат еткенімен бұл күнде керісінше оның бұрынғыдан да еңсесін көтеріп, ұлылығын таныта түсуіне қызмет ете бастады десек оғаш айтқанымыз болмас.

Біздер көбіне өткен тарихты зерттеуші ғалымдардың көпшілігі туралы заман солай болды, айтуға мүмкіншіліктері болмады, немесе қуғын-сүргінге ұшырады деп жатамыз. Ал, сонда Б.Кенжебаев сияқты қиыншылықтың ащы дәмін татса да, арын сатпай, шындық үшін арпалысып өткен, халқының адал перзенттерінің іс-қимылдарын немен түсіндіреміз.

Азамат соғысының алғашқы күндерінен бастап Сұлтанмахмұт денсаулығының нашарлауына байланысты, яғни 1918 жылдың маусымынан бастап еліне – Баянауыл жаққа кетеді. Сонда жүріп мұғалімдік қызметпен айналысып, таза жазу ісіне ден қояды. Осы кезде ол «Социализм» деген мақаласын, «Осы да әділдік пе?», «Неге жасаймын?», «Адасқан өмір», «Кедей», «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?», «Соғыстың кесірі», «Мұндылардың жалыққаны», «Ақ сәуле», «Таныстыру» сияқты бір топ маңызды шығармалар жазады.

Бірақ, ұзақ жылдар бойы осы шығармалардың төңірегінде айтыс, тартыс, ақынды айыптау жұмыстары қатар жүргізіліп, Сұлтанмахмұт

шығармаларының бар қасиетін көрсетуге қолбайлау болғандығын бүгін ашық айтқанымыз жөн. Мысалы, С.Торайғыровтың «Ғайса кім?» деген өлеңінің төңірегінде көп сөз болған. Осы жөнінде кезінде Н.Жандилдин өзінің «Сұлтанмахмұт туралы сапасыз кітап» атты мақаласында: «Б.Кенжебаев Сұлтанмахмұттың «Ғайса кім?», «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер» деген өлеңдерін, әсіресе «Ғайса кім?» Колчак түсында жазылды, осыдан пікірі, геройы бүркеліп айтылды дейді, онысы дұрыс емес. Пікірін, геройын ашып айта алмаса, ол қандай жазушы?», – деп жазды.

Ал, «Қуырдақтың көкөсін түйе сөйғанда көрерсің» демекші, Ы.Дүйсенбаев бұл өлең төңірегінде нағыз кандыбазар туғызып: «Екінші бір топ өлеңдер («Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер», «Ғайса кім?», «Ағайынның азғындығы», «Дін») Сұлтанмахмұттың демократтығын күшейте түсуге, оның көзқарасын бізге бір табан болсын жақын етуге әдейі ойлап шығарылған ба деп қаласыз» немесе «Ақынның бойында жоқ кейбір қасиеттерді уағыздау үшін «Ғайса кім?» деп аталатын дұдамал өлең төңірегінде құрғақ сәуегейлікке салынып, босқа даурығудың қажеті қанша?», – деп даурықты.

Кейін бұл туралы Б.Кенжебаев өзінің «Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі» деген еңбегінде: «Сонымен тағыда айтамыз: Сұлтанмахмұттың «Ғайса кім?» атты өлеңі туралы ой-пікірді Ы.Дүйсенбаев С.Мұқанов пен Н.Жандилдин жолдастардан алып, иемденді. Әділдік үшін айта кетейік, Дүйсенбаевтың оған өз түсынан қосқаны ол «Ғайса кім?», «Өң бе, түс пе?», «Дауылдағы әбігер» деген өлеңдері Кенжебаев ойлап шығарды дегенге дейін барды», – деп көрсетіп, бұл өлеңдердің авторы тек С.Торайғыров қана екендігін ғылыми тұрғыда нақты мысалдар келтіру арқылы, тамаша дәлелден шықты.

Қалай болғанда да біздің ойымызша, Сұлтанмахмұттың бұл шығармаларынан кезінде оқырмандарына тигізер әсері өте мол болған. Сонымен қатар қазіргідей тарихымыз бен әдебиетімізге және мәдениетімізге жаңа көзқарас қалыптасып, тың түрен салынып жатқан кезде өз заманында ұлтшыл, байшыл атанып, кеңес үкіметінің саясатынан аластатылған асылдармыз «Социализм» деп аталатын жана өмірдің халқымыздың болашағына балта болып шабылатынын алдын-ала сезген-ау деген дүдәмал ойға берілесің.

С.Торайғыровтың мақалалары мен очерктерінің саны едәуір. Әсіресе, 1913–1914 жылдары «Айқап» журналында қызмет істеп жүрген кезінде өндірте жазған. «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан», «Өлең және айтушылар», «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» ма-

қалалары мен «Ауырмай есімнен жаңылғаным» очеркі және 1918 жылдың наурыз айында «Абай» журналының 3 санында басылған «Социализм» мақаласы.

Міне, Сұлтанмахмұттың ұзақ жылдар бойы байшыл, ұлтшылдардың қатарына қосылып, «революция жасауға түбірімен қарсы» атанған кезі осы «Социализм» мақаласына байланысты болатын. Бұл туралы М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Айтмұқанов, Е.Ысмайылов, Ж.Сәрсекөв, Қ.Бекхожин т.б. жазды.

Осылардың барлығынан да Ы.Дүйсенбаев асып түсті. Ол бертінде, 1967 жылы жазған «Сұлтанмахмұт Торайғыров» деген монографиясында «Социализм» мақаласы туралы былай деп даурықты: «Өзінің зор маңызынан гөрі қайсы бір зерттеушілердің даурықпа сөздері арқылы көпшілікке мәлім болған Сұлтанмахмұттың тағы бір еңбегі «Социализм» деп аталатын мақаласы. Бұл мақала төңірегінде шу көтеру былай тұрсын, оны жазушының таңдамалы шығармаларына енгізуге де болмайды. Олай деуге екі себеп бар: біріншісі, мақаланың социализмді сөз ететін екінші бөлігі жоғалып кеткен, екіншісі сақталып, басылып жүрген тарауында қате пікірлер көп. Бұл жерде ол қателерді теріп жатудың қажет бола қоймас. Өйткені, бұл мақалада «Социализм» аты болмаса, ол жөнінде бір ауыз сөз жоқ. Жазушы адамзат қоғамының басынан кешірген тарихын айта келіп, ендігі ұрпақтың, оның ішінде қазақ тәрізді артта қалып қойған елдердің, адам баласының миллиондаған жылдар бойындағы тәжірибесін пайдалана отырып, тез арада мәдениетке ие болатындығына сенім білдіреді. Демек, автордың бұл мақаласы, ең жақсы дегенде, ағартушылық идеясы көлемінде ғана жазылған. Ал, С.Торайғыровтан сол кездің өзінде социализмді терең ұғынып, трактат жазуды талап ету қандай орынсыз болса, ақынның жазбағанын жазды деп босқа даурығудың қажеті жоқ. Өйткені, Сұлтанмахмұт тәрізді үнемі ізденуде болған жас қайраткердің Ұлы Қазан революциясын, оның әкелген жаңалықтарын бірден және дұрыс түсіне қоюы оңай емес еді. Ендеше, «Социализм» деп аталатын мақалаға баға бергенде де асыра сілтемей, шындық шеңберінен шықпауымыз керек [110].

Осыдан тура бір жыл өткен соң белгілі Сұлтанмахмұттанушы Б.Кенжебаевтың баспадан «Сұлтанмахмұтты зерттеу, табу мәселесі» атты еңбегі шықты. Онда автор ұлтшылдар ықпалында, әсерінде болды деген кездің өзінде Сұлтанмахмұт демократтық-революциялық бағыттағы саяси-әлеуметтік мәселелер жөнінде, тіпті социалистік идеяға жуық тамаша ойлар айтты дей келіп, тағы да даулы мақала «Социа-

низм» туралы сөз қылады: «Мысалы, Сұлтанмахмұттың «Социализм» деген мақаласын алайық. Ол мақаласында ақын социализм туралы түсінік бермейді (мақаланың социализм туралы жағы жарияланбай қалған), оқу, мәдениет, ғылым, техника жайлы, қазақ халқының ілгері дамуы, мәдениетті ел болуы туралы сөз етеді.

Сұлтанмахмұт дүниедегі ғылым-білімді екі жікке айырып ұғады: бірі дене азығы, екіншісі – ар азығы, дене азығы – әділдік деп біледі.

Қазір Еуропада дене азығы әбден жетілді, ар азығы әлі жетіле алмай отыр. Сол ар азығы жетілмегендіктен дене азығы, адамды бақытты етеді деген құралдар адамды бақытсыз етуге жұмсалып жатыр. Осыдан Жан-Жак Руссо, Лев Толстой секілді данышпандар «Мәдениетті жер жұтса, е демеймін», – деп отыр.

Ал, ар азығы ер жеткенде дене азығы адамды бақытты етуге жұмсалады, адам жеңіл күн көретін болады. Адамның ақыл-оймен, күш-қуатымен жасалған құралдар – дене азығы адам қоғамын гүлдендіруге, адамды бақытты етуге жұмсалады», – дейді ақын.

Яғни, Сұлтанмахмұт ғылыми-техниканы екі түрлі жолмен пайдалануға болатынын, капиталистік жолмен, социалистік жолмен пайдалануға болатынын аңғарды. Алдыңғы жолды даттады, кейінгі жолды дәріптеді, арман етті.

Сонан соң, Сұлтанмахмұт мақаласында Еуропаның қазір біз сұқтанып жүрген оқу өнеріне, ғылым-техникасына қазақ халқы жете ала ма? Жете алса, қанша уақытта жетеді? – деп сұрақ қояды. Оған өзі: қазақ халқы Еуропаның оқу өнеріне, ғылым-техникасына жетеді, жеткенде көп емес, аз жылда, берісі 15–20, арысы 30–40 жылда жетеді деп жауап береді.

Себебі, қазір революция болды. Қазақ жастарының жаппай оқуына жол ашылды. Олар енді жабыла жұмылып оқиды, үйренеді. Еуропаның қазіргі оқу-өнерді, ғылым-техниканы жасауда көрген қиыншылығын, іздену, адасуын көрмейді. Оның піскен астай даяр тұрған оқу-білімін, ғылым-техникасын тез үйреніп алады, – дейді.

Осылай Сұлтанмахмұт «Социализм» деген мақаласында өзіне ұлтшылдықты, алашорданы емес, революцияны, әділеттік қоғамды медеу етті, қазақ халқын революцияға, әділеттік қоғамға, Еуропаның оқу-өнерін, ғылым-техникасын тез үйренуге шақырады».

Енді, осы «Социализм» мақаласы туралы біздің де айтарымыз бар. Біріншіден, мақала түсініп оқыған адамға көп нәрсені аңғартқандай. Мұнда отарлау саясатын да, қазақ халқының білім, ғылымға деген

қызықпаушылығы да, социализм мәселесі де, қазақтардың ар азығының тапшылығы туралы да мәселелер айтылған.

Екіншіден, тарауларда толып жүрген «қате пікірлер» жайында. Әлде осы сөзді айтқан зерттеуші өзінше мыналарды «қате пікірлерге» жатқызды ма екен? Ол үшін енді жазушының жазғанына назар аударамыз. Алғашқы мысал: «Енді қазақтың алдында «адам боламын» деп ұшып тұра келгенде, желкелеп жығып, ортаға лақтыратын Николай тұсының чиновниктері жоқ. Солай болған соң тегіс жұмыла іске кіріссек, 20–30 жылда Еуропаның білгенін біліп, Еуропа қатарына қосылып, кете алуымызға тарихтан жапондар мысал бола алса керек.

Мұнан 58 жыл бұрын 1860 жылдағы жапондар жайының осы күнгі біздің қазақтың жайынан неменесі артық еді? Қайта ол кездегі жапондардың есуасы бөлсе да атадан баласына мирас болып көшір отыратын даймнос (губернатор) шогундеріндей (наместник) кесел біздің қазақта аз. Жапондар осындай халінен 35–40 жылда ержетіп Еуропа халіне кірді. 1895 жылында Қытайды шалқасынан түсірді. 1904 жылда «бөрікпен ұрып жығамын» деген Руссияны шалқасынан түсірді. Әрине, жапондар осы халіне Еуропаның пісулі астай даяр өнерін алумен жылдам жетті. Біздің де солай жылдам жетуіміз үшін тегіс жұмыла үйренуге кірісуіміз керек. Солай болған соң мектеп, медресе, газет, журнал, кітаптарының көбейіп, Еуропадағы адам баласының ауыр күн көрісінен кұтылып, бақытты болуына себеп болатын ғылымдарды үйрету беруі керек. Осыдан зерттеуші қате пікірді қай жерінен тапты екен?

Екінші мысал мынадай: Сұлтанмахмұттың өз сөзімен айтқанда: «Мысалды алыстан іздемей-ақ, кешегі Николай тұсындағы чиновниктердің өзімізге не қылғанын еске түсірсендер жетеді. Арқаларымызда қамшыларының табы әлі де тұрған шығар. Қазақты көргенде жыланды көргендей кұшырланып ұратын, яки ұрғысы келетін саятқылы приставтар, мандайындағысы жалмауыздың жалғыз көзіндегі жарқырап, «таксыр» деп кұлдық ұрып тұрғанда да қан ішер түсін бұзып, бір минут қазақ бетіне карамайтын төрелер, қазақтың мың игі жақсысының мойнына бұршағын салып айтқан мың ауыз сөзінен жалғыз арақкөр тілмаштың айтқанын шын көріп, соған қарап үкім қылатын әкімдердің елесі әлі көз алдымыздан неге кете қойсын. Осының бәрін қазақ «соған лайық жазығым бар деп» көнген жоқ, «көнбесек бізді кырып тастайтын қолдарында қару, өнері бар» деп көнді. Міне, көршіміз Русь жұртында бізден гөрі өнердің ер жеткендігінен тапқан пайдамыз. Русьтың не қыл дегеніне көніп тұру болатын». Осыдан зерттеуші қате пікірді қай жерінен тапты екен?!



Келесі мысал: «Міне ғажап! Өмірін дамылсыз жұмыста өткізген 99 яки 999 кісі неге өлгенше тамаққа жары алмай кетеді де, дәннен істемей жүрген біреуіне мындап, миллиондап пайда келеді. Бұл туралы төменде социализм мәселесіне кірген уақытта жазармын немесе соңғы мысал: «Ар азығынсыз күр өнердің өсуімен басқалардың бақытты бола алмағаны секілді, келешекте қазақ та бақытты бола алмайды. Ілгері кеткен жұрттардың тарихының қатесін енді ілгерілейтін деп тұрған жұрттар істесе, көре-біле отқа түскендік болады. Тарих ғылымының пайдасы да алдыңғының қатесін кейінгінің істемеуінде» [111].

Осылардан зерттеуші қате пікірлерді қай жерлерінен тапты екен. Жалпы біздің «Социализм» мақаласына көз қарасымыз осындай. Бұл мақаланың маңызы қазақ халқы үшін әлі күнге дейін жоғалмаған деген пікірді де осыған байланысты айта кеткіміз келеді.

С.Торайғыровтың келесі мақаласы 1913 жылы «Айқап» журналының 12 санында жарияланған «Қазақ ішінде оқу, оқыту жолы қалай?» деп аталатын шығармасы. Мұнда автор өзінің бала оқытудан жинаған мол тәжірибесіне сүйене отырып, сол кездегі мұғалімдердің алдынан кездесетін көптеген кедергілерге тоқталады. Мысалы, екі-үш ауылдың балаларын бір жерге жинап оқытудың қиыншылығы. Екіншіден, 20–30 баланы топ-топқа бөліп оқытудың ауыртпалығы. Үшіншіден, ата-аналардың балаларды жастарына, аяғырлығына қарай бөлуге қарсылық көрсетіп, орынды-орынсыз талаптар қоюы.

Міне, осының барлығы да балаларға сапалы білім беруге кедергі болған. Автор мақаласында осы проблемаларды халыққа, оқырмандарға нақты мысалдар арқылы түсінікті түрде жеткізе отырып, оларға «осы жүкті жеңілдету» жағын қарастыру керектігін естеріне салады.

С.Торайғыровтың келесі бір мақалалар тобы өнер, өлең, әдебиет мәселесіне арналады. Соладың ішіндегі мәнді де көлемдісі «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» деп аталатын мақаласы. Бұл мақалада сол 1913 жылы «Айқап» журналының бірнеше санында жарияланған. Жанры жағынан осы мақаланы әдеби сын мақала қатарына жатқызуға болар еді. Ал, мазмұнына келетін болсақ онда автор алдымен ескі әдебиет нұсқалары хақында сөз етеді.

Онда: «Белгілі мұнан бес-он жыл бұрын хат біледі-міс деген қазақтардың қолдан-қолға түсірмей, күлкынын күртып, күмартып оқитын кітаптары: «Заркұм», «Сал-сал», «Алпамыс» тағы солар секілді «қырды-жойды», «киратты», «жеті бас», «айдаһар», «пері», «жалмауыз кемпір», «дәу» дегендей ұшы-қиыры жоқ түпсіз өтірік, қисынсыз

хикаяттар еді. Міне, бұған қазақ отағасылары көздерін жұмып, нанып, мейірлері қанып, кеңкілдей түсіп, бас шұлғысып, мүлгісіп отырғаны еді». – дей келе жаңа әдебиеттің көріне бастауына байланысты сол қазақтар бұрынғы «Заркүмдарын» құмға көміп, «Сал-салдарын» суға лақтырып, пері қыздарын аспанға ұшырып, ақырындап ескі достарына хош айтыса бастады. Сонан бері қарай беттері бермен етпеттеуде», – деп қуаныш білдіреді [112].

Сөйте тұра жазушы жаңа дегеннің өзінің көбінесе көңілге қона бермейтін құранды дүниелер екеніне де былай деп баға беруден жасқанбады: «Бет бері қарап, қол оң жайылғаннан бері қарай жыл сайын бестеп, ондап «жас иіс» жаңа талап рисалар (кітапша) да туып тұрды. Бірақ, бұларды туды деп құр туғанына ғана сүйінбесе (екеу-үшеуін былай қойғанда) «осы қарағым ер жетіп, ернім аққа тиер-ау» деп үмітке кіріп түшіркенерлік біреуі жоқ, «кой бұты, козы саны» дегендей құраған, сұраған бірденелер».

Бұдан әрі мақала авторы осы жаңа дүниелердің көпшілігінің тіл жағынан мүкістеніп, кейде мүдіріп, кейде шолжаңдап, жығылып-сүрініп жүргенін әңгімеге арқау етіп, жеке-жеке мысалдар келтіреді:

*«Қолыңа ал қаламыңды,*

*Қайғырып хал мұстапқал заманыңды.*

*Намуне әр нәрседен көшіргіші ал,*

*Яза бер, ойың алған кәләміңді».*

Осындай не тіл, не мазмұн, не ұйқас жоқ шатпақтарға қарсы: «Басқаларға қарағанда, пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай, соқыр кісі сыбдырынан тапырлық аққұла ашық тұратын» Абайдың өлеңдерін көлденең тартады.

Сұлтанмахмұт осыларды айта отырып, «Мұның аты, тіліміздің орнын сипап қалуға бейімделіп бара жату болады», – деп дабыл қаға біледі. Бірақ, бұл жазғандары кейін оның өзіне таяқ болып тиді. Ескіні аңсаған, жаңаны мойындамаған, ұлтшылдықты армандайтын жазушы ретінде талай сыншының оңай олжасына айналды.

Жазушының өнер мен өлеңге бағытталып жазылған тағы бір шағын мақаласы «Өлең һәм айтушылар» деп аталады. Мұнда автор «заманның айдауымен күн асқан сайын қазақшылықтың шылығы жылжып, кетіп бара жатқанын» айтып қана қоймай «Көрдін бе, ең арты домбыра-сауық, тәтті-тәтті әндерімізге дейін азайып қара күңгірт қапаға булыққан заманға қарай дедектеп барамыз», – деп халықты «бір халықтың әні кетсе, әдебиет жесір қалады, сәні кетсе, жаны кетеді.

Қазақты жансыз ағаш қылып, отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтау-дың қамын қылындар», – деп көпшілікті ойлануға, әдебиеті мен өнер, мәдениетін жоғалтпауға шақырады.

Сөйтіп, С.Торайғыровтың 1913 жылы «Айқап» журналының бірне-не санында жарияланған мақалаларына қысқаша болса да тоқтап өттік. Ендігі қалғаны жазушының жұртқа біршама таныс «Ауырмай есімнен қаңылғаным» атты шағын очеркі. Бұл шығармасында автор өзінің бір әділетсіздік іске еріксіз куә болғандығын күйінішпен әңгіме етеді. Көңілде көмескілеу тартқан жері болса еске түсірейік...

Ғалия күйеуінен жастай қалып, алты жыл бойы ешбір көлденең сөзге ермей балаларын тәрбиелеумен күнін өткізеді. Содан алданышы алты жасар ұлы қызылшадан өледі де туыстары «енді бізге қарайлайтын нәрсесі қалмады, бір күні орнын сипап қалармыз, қызға алданып отыр-мас» дейді де оны қайын атасының інісі саңырау Жақыпқа атастырады. Міне, жазушы осы кейіпкерінің тағдыры арқылы әйел теңдігі мәселесін шығармасына арқау қылып, басқаларға сабақ болсын, мұндай өрескелдік енді қайталанбасын деген игі ниетпен жазғандығы байқалады.

С.Торайғыровтың бай мұраларының бірі – оның хаттары. Хатта-рының саны аз [6] әрі қысқа болуына қарамастан мазмұны бай, халық қамын ойлаған дүниелер. Бұған оның «Айқап» басқармасына хат», «Елден. Усть-Каменогорск уезден» хаттарын жатқызуға болады. Ал-ғашқысында қазақты білімге, оны таратушы мұғалім, оқытушыларға құрмет көрсетпейтінін, мұның өзі бұл халықтың надандығын байқата-тынын жазса, екінші хатында әйел теңдігі мәселесінің қазақтардың арасында да оң көрініс таба бастағандығын нақты мысалдар арқылы үлгі ретінде жариялаған.

Ақын, жазушы, публицист С.Торайғыров жөнінде зерттеушілер пікірі мен архив материалдарына қосымша ол туралы жазылған есте-ліктерден де көп мәлімет, дерек алуға болатындығына көз жеткізген сияқтымыз.

Мысалы, С.Торайғыров туралы Әлкей Марғұланның естелігінде мынадай сөздер бар: «Сұлтанмахмұт ауылында жүргенде дәйім адам-ның мінезін, психологиясын сынап, көңіліне жақпаған адамдар туралы отырған жерінде бір-екі ауыз өлең жазып қалдырып отыратын. Сұлтан-махмұттың бұл тәрізді жазған өлеңдерінің көбі оның шығармаларына кірмеген сияқты» немесе «Сұлтанмахмұттың дүниеде жек көргені бай мен залым болыстар еді. Бір жылы жаз күні, мен өлі күні ұмытқаным жоқ, менің ауыл мектебінде оқып жүрген бала кезім еді. Махмұтты көруге

бір көршілес ауылға бардым. Онда Махмұттың менімен ісі жоқ, тек жиналған халықтың алдында империалистік соғыс жайында оларға әңгіме айтып отырғанын көрдім. Бір уақытта Махмұт пен біз қарайтын елдің болысы өзінің шабарманынан хат жіберіп, «біздің үйге келіп, қала жайынан әңгіме айтсын», – деп Махмұтты шақырыпты. Махмұт хатты оқып болған соң болыстың шабарманына ашуланып қарады да:

– Мен Поштай ауылына барып сауын айтатын шапқыншы емеспін, әңгіме іздеген кісі өзі келер! – деді», – деген сөздерінен көп нәрсені ұғып, түсінуімізге болатын сияқты.

Сондай-ақ, Шәйбай Айманов Сұлтанмахмұт туралы өз естелігінде: «Сөйтіп, аса қадірлі замандасым, әрі туысым Сұлтанмахмұт 1920 жылы 21 май күні түстен кейін дүние салды да, ойлаған мақсатына жете алмай, бастаған шығармаларын аяқтай алмай арамыздан кетті. Ол өзінің «Кім жазықты?» романың да қайта жазбақшы еді, мұнысы да орындалмады.

Мен осының бәріне кейін күйініп те жүрдім. Сұлтанмахмұттың: «Қала ақыны мен дала ақынын» бітіре алмай барамын. Әр ақынды өз қалпында, өз ниетінде, өз сөзімен сөйлетпек едім. Бірақ, менің қала ақыны деп отырғаным да совет ақыны емес, капиталистік қаланың ақыны еді. Поэманың соңында екеуін де техникаға жүгіндірмекші едім, жиған-тергенімді тапсырғанда, осы жайды қадағалай айтарсың», – деген өлер алдындағы сөзі әлі есімде», – деп, кейбір істің оң жақтарынан хабар береді.

## 6. СУРЕТКЕР, ДРАМАТУРГ, ҒАЛЫМ

(Жүсіпбек Аймауытов)



Жүсіпбек Аймауытов әдебиетіміздегі аса ірі тұлғалардың бірі. Ол – ақын, прозашы, драмашы, сыншы, публицист, аудармашы. Әдебиеттің әр алуан жанрларында белсенді қызмет ете отырып, Жүсіпбек Қазан төңкерісіне дейін де және одан кейін де туған қазақ әдебиетінің негізін салушылардың алғы легінде болды. Көптеген ірі шығармаларымен жаңа жанрлардағы ізденістерді орнықтырды.

Жүсіпбек Аймауытов 1889 жылы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Қызылтау болысының бірінші ауылында (қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында) туған. Бұл жөнінде академик С.Қирабаев өзінің «Жүсіпбек Аймауытов» деген зерттеу кітабында: «Жазушы өзі «Қызылтаудың баурындағы Қараның адыры деген жерде Дөлдебай ауылында тусам керек. Руым – Сүйіндік. Оның ішінде – Күлік, Айдабол – Күлік бір туысады. Сұлтанмахмұт Айдаболдан. Екеуіміз сегізінші атадан қосыламыз дейді», – деп жазады [113].

Кейбір деректерде жазушының арғы аталары аukatты болған деседі. Бірақ Жүсіпбектің өз әкесі Аймауыт та, оның әкесі Дөндебай да шағын шаруалы адамдар болған. Жүсіпбектің 15 жасқа дейінгі өмірі өз ауылында өтеді. Ол ауыл молдасынан оқып, сауат ашады. Үзіп-жұлып әр қилы молдалар (өз айтуынша, Жүніс қожа, Шәймерден қожа, Қожахмет молда, Қапар кажы, Мұхамеджан) алдын көріп, ескіше едәуір білік алады. Содан кейінгі аз уақыт өзі молдалық құрып, бала оқытады. «Қартқожа» романындағы суреттелетін бала молда өзі екенін жазушы мойындап жазған.

1907 жылы Жүсіпбек молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс мектебіне түседі. «Оспанның (Аймауыттың інісі) Серебрянников дейтін тілмашы мені тәуір көруші еді. Баянда соның үйінде жаттым. Баянда бір кыс оқып, екі бөлімін бітіріп, келер жылы Керекудегі қазыналық ауылшаруашылық школына барып, емтихан ұстадым», – дейді ол. Бірақ, ауылшаруашылық мектебінде ұзақ оқи алмайды. Бір айдай ауылшаруашылық жұмысына қатысып, одан кейін екі ай ғана мүмкіндік алған Жүсіпбек мектеп режимі мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады.

Осыдан кейін біраз уақытын ол ауылда бала оқытумен, Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырумен өткізеді. Содан 1911 жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі. Оны 1919 жылы бітіреді. Осы кезде Ж. Аймауытов «Алашорда» үкіметі мен «Алаш» партиясымен араласып, оны дамыту, нығайту жолында біраз уақытын жұмсайды. Сонымен қатар ол 1918 жылы М.Әуезовпен бірге «Абай» журналының негізін қалап, шығара бастайды.

1919 жылы Жүсіпбек алашорданың, жала жабылып қудалануына байланысты алашордадан бөлініп, жұмысын жалғастыру үшін Коммунистік партияның қатарына өтеді. Семейде, Павлодарда партия, Совет жұмыстарын атқарады. 1920 жылы Қазақстан советтерінің Құрылтай съезіне делегат болып қатысады. Содан кейін Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатында басшылық қызметте қалады. 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі болып ауысады. Кейін «Қазақ тілі» газетінің редакторы болып, 1924–1926 жылдары Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакциясында қызметтер атқарады. 1926–1929 жылдары Шымкент педагогикалық техникумының директоры болады. Ара-тұра сол кездегі саяси науқандарға араласады. 1922 жылы Торғай уезіндегі ел аштыққа ұшырығаны белгілі.

Біраз қазақ зиялыларымен бірге Жүсіпбек сол ашыққан елге жәрдем қолын созып, халықтан азық-түлікке мал жинайды. Жиналған малды (2668 сиыр, 1931 жылқы, 264 түйе) шағын бақташы топпен Торғайға айдап барып, талай ауылды төніп тұрған ажал тырнағынан арашалап, алып қалады. Көп ұзамай «Жүсіпбек малды өзі пайдаланып кетті» деген домалақ арыз бойынша қылмысты іс қозғалады. Елге жасаған жақсылығының өзіне жамандық болып тигеніне жазушы қатты күйзеледі. Екі жыл әуре-сарсаңға салған сот ісі 1926 жылы

бітіп, Жүсіпбек толық ақталып шығады. Бірақ, бұл қуаныш ұзаққа созылған жоқ. Содан 1929 жылы Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар деген сылтаумен қайта тұтқынға алынады. «ОГПУ» органдары істі тергеп-тексеруге тиісінше қылмысты іс қозғау жайында қаулы қабылдамастан-ақ бірден айыптау мақсатына кіріскен. Сол кездегі 14 адамның бәрі де тұтқындау үшін жеткілікті негіз боларлық айыптары жоқ болса да, прокурордың санкциясысыз-ақ қамауға алынған. Тергеу бір жылдан астам жүргізілген және заңсыз тұтқында ұсталған осынша ұзақ мерзім ішінде сол 14 айыптаушылардың қылмысын дәлелдерлік бірде-бір объективті дерек табылмаған. Контрреволюциялық ұйымның болғандығына дәлел жоқ, ондай ұйымның программасы, уставы, әлдебір алға қойған практикалық мақсаттары мен соларды жүзеге асыруға тырысқан іс-әрекеттері жөнінде тергеушілер ешқандай нақты дерек жинай алмаған. Соған қарамастан айыптау қорытындысы жасалғанда, ешкімнің бекітуіне-ақ соттан тыс органның қарауына берілген. Айыптаушылар іс материалымен таныстырылмаған, ешқайсысына да өздерін қорғау үшін мүмкіндік туғызылмаған.

Міне, осылардың қатарында Ж.Аймауытовтың өмірі 1931 жылы, 42 жасында нағыз творчестволық толысқан кезінде қыршынынан қиылды.

Жүсіпбектің әдебиетке құмарлығы жастай оянған тәрізді. Өзі «Ауылдағы өзім күрбы балалардан хатты ерте таныдым, қисса, өлең кітаптарды көп оқушы едім. Қадыкеш апамның бір сандық хиссасы бар еді. Қыстың ұзақ кештерінде алғашқыда Қадыкешке, сонынан Ақат екеуімізге әкем хисса оқытқызып отырушы еді», – дейді, С.Садуақасовқа жазған (хатында) жауабында.

Сол жауабында Жүсіпбек алғаш өлең жазумен әуестенуі 13 жас-тан басталғанын жазады. «Дұғалық жазатын кішкене қарашолақ кітапшама тіленші шалға есігін ашпаған бір кемпірді, көшкенде байталға мінбеймін деп әкесін ренжіткен қызды (ол Жәмікен деген апам ғой) өлең қып жазып қойғанымды әкем көріп, маңдайымнан иіскегені әлі есімде. Содан соңғы өлең жазғаным 19–20 жастар кезі болса керек.

Бір бала молдамен айтысып, өлең жазғаным бар. 1912 жылы жазған өлеңдерім ескі дәптерімде әлі сақтаулы. Абайға еліктеппін. Ең алғаш басылған сөзім – 1913 жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс боламын деп, елге бір мөсте шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос қайтқанын жазған едім. Бұл хабар «Қазақ» газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам

ұстауыма үлкен себеп болды. 1916 жылы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым», – дейді.

Жүсіпбектен қалған мұра аса бай. Оның ішінде «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнікейдің жазығы» повесі мен көптеген әңгімелері, «Рабиға», «Мансапқорлар», «Ел қорғаны», «Қанапия мен Шәрбану», «Шернияз» атты пьесалары, өлеңдері мен «Нұр күйі» поэмасы, балаларға арналған ертегі кітапшалар, оқулықтар бар. Өз кезіндегі газет-журналдар бетінде Жүсіпбек жазған мақалалар да бірсыпыра.

Жазушының ең бір сүйікті шығармасы 1926 жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып шыққан «Қартқожа» романы. Роман XX ғасыр басындағы қазақ даласының саяси хал-ахуалдары мен халықтың тұрмыс-тіршілігін реалистік тұрғыдан суреттеген көркем туынды ретінде құнды. Басты кейіпкері Қартқожа арқылы қос революция тоғысын, таптар тартысын, патша үкіметінің отаршылдық саясаты мен империалистік соғыстың зардабын, ақ гвардияшылардың ауылдарға салған ойранын көреміз. Шығарманың композициялық құрылымы да қызық. Тарам-тарам оқиғалар шағын-шағын тақырыпшаларға бөлініп баяндалады. Ықшам, етек-жеңі жинақы туынды оқуға да жеңіл. Ондағы Қартқожа, Андрей образдары сол кездегі әдебиеттегі соны тұлғалар еді.

Жазушының және бір көлемді көркем шығармасы – «Ақбілек» романы. Жалпы Жүсіпбектің прозалық туындыларына тән ортақ бір қасиет бар. Ол – басынан аяғына дейін тұтастай терме, жыр, секілді желдірме, шешен сөзге байлығы. Мысалы, «Өскеменнің ар жағында, Бұқтырманың оң жағында әлемге аян Алтай бар. Сол Алтайдың күнгейінен құбыла жакка құлай аққан, құлай ағып Ертіс түскен күр-күр еткен Күршім бар» деп күйылып басталатын «Ақбілекті», «Күнікейдің жазығын» да, өлең-роман деп есептеуге болады. Баспасөз бетінде («Әйел теңдігі» журналы) бір бөлімі ғана жарияланған «Ақбілек» романы жоғалып кетіп, қайта табылды. Қолжазба балапан басына, тұрымтай тұсына заманы туғанда Ілияс Жансүгіровтің тартпасында жатып қалған екен. Ал, Ілиястың жары Фатима Рабитова «Ақбілекті» елу жыл бойы аялап, сақтап, кейін Қазақ ССР Орталық архивіне тапсырыпты...

«Елес», «Боранды болжаған әулие», «Қарабақсы» әңгімелері сол тұстағы ел тұрмысын, заман тынысын дөп басып, дәл суреттейтін құнды дүниелер. «Қарабақсы» кара сөзбен жазылған бақсы сарыны секілді әуезді әңгіме. Бұдан жазушының техникалық шеберлікті терең меңгергенін аңғарамыз.

«Елес» әңгімесінде Жүсіпбек кейіпкері арқылы былай дейді: «Бүгінгі шенқұмарлық, ата-ру намысы, губерния намысы, орынға та-



ласу, жіктесу қандай күйде? Кім не үшін күресіп жатыр? Бұларды жазуға тісі батқан жазушы бар ма?» – деп сол күннің шындығының бет пердесін айқара реалистік тұрғыдан ашып көрсеткен.

Ж.Аймауытовтың драматургиялық шығармалары кезінде театр, клуб сахналарынан түспеген. 1926 жылы қазақтың ұлт театрының репертуарын жандандыру мақсатымен Білім ордасы бөйге жариялады. Бөйгеге түскен 32 пьесасының ішінен Ж.Аймауытовтың «Шерниязы», М.Әуезовтың «Қаракөзінен» кейінгі жүлделі екінші орынға ие болыпты. Дарынды драматургтың қазір қолымызда оннан астам пьесалары бар. Негізгілері – «Шернияз», «Рәбиға», «Қанапия-Шәрбану», «Ел қорғаны», «Жебір болыс», «Мансапқорлар».

Ол А.С.Пушкиннің «Тас мейман», «Саран сері» секілді шағын пьесаларын казакшалаған. Жалпы, Жүсіпбек таланты аударма саласында жаңа бір қырынан жарқырап көрінді. Әлем, орыс әдебиетінің інжумаржандарын тәржімалауға Сәкен, Ілияс, Мұхтарлармен бірге белсе-не ат салысты. Өз творчествосына үлгі-өрнек іздей жүріп Р.Тагор, Джек Лондон, Мопассан, А.С.Пушкин, Н.В.Гоголь, М.Горькийді аудару үстінде көп нәрсені үйренгені анық.

Әдеби жолын ақын ретінде бастаған Жүсіпбек соңына мол поэзиялық мұра қалдырған. Ол негізінен төл туындылары мен тәржімадан тұрады. Өлеңдерімен қатар әдебиет, мәдениет, тіл, оқу-ағарту, музыка, жазу-сызу, тұрмыс-тіршілік, экономика мәселелерін қозғап, өз мәнін осы күнге дейін жоймаған публицистикалық туындыларын жинастырып, жеке жинақ етіп шығару мәселесі тұр алда.

Ж.Аймауытов психолог-ғалым ретінде 1924-1929 жылдар арасында кеңінен танылады. Мектеп мұғалімдері мен педагогикалық оқу орындарына арнап түйдек-түйдек оқулықтар жазатыны да осы тұс. Атап айтқанда «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау», «Сабақтың комплекстік жүйесінің әдістері».

Оның осы психологиялық еңбектерінің ішінде Москвадан жарық көрген «Жан жүйесі және өнер таңдау» кітабының орны ерекше. Қазақ тіліндегі психологиялық терминдердің алғаш жүйеленіп, бір қалыпқа түсуі де Аймауытов есімімен байланысты. Сентименталь, нервный, клетка секілді ғылыми ұғымдардың баламасын аянышжанды, күйгелек, шілтер деп қазақтың байырғы бай қорынан алуы да құптарлық қадам.

Ж.Аймауытов бүкіл түркі тектес халықтар ішінен шыққан тұңғыш психолог-ғалым. Қырқыншы жылдарға дейін әзірбайжан, өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ, башқұрт т.б. тілдерінде ұлттық психология-

лық еңбектердің жарық көрмегендігін ескерсек, Жүсіпбек туындыларының шоктығы биіктей түседі.

Ол сонымен қатар ойлы публицист те еді. 1917 жылы ақпан төңкерісі болып, патша тақтан түскенде Жүсіпбек «Түр бұқара, Жиыл кедей, Ұмтыл жастар!» деген мақала жазып, «Жасыратын қылық жоқ – бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі кара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық», – деп жар салған еді. Содан өмірінің соңғы шағына дейін ол жалынды публицистік қаламын қолынан түсірген жоқ.

Жүсіпбек адамның қоғамдық-әлеуметтік ортамен байланысын, әркімнің өз ортасында қоғамға пайдалы іс істеуге тиістігін көтерді. «Кісі туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады, басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады.

Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде түк жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады... Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүріп, қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнында» істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ. Қайғы сол өз жолын шу дегеннен тауып алатын адамдар сирек болады. Адамның көбі ана жолға бір, мына жолға бір түсіп, өмір бойы өз соқпаған таба алмай, сенделумен күні өтеді... Әлеумет те, мемлекет те әр адамның еңбегі берекелі, пайдалы болуын тілейді», – деп жазды ол «Неге арналсаң, соны істе» атты мақаласында. Мақала жастарды мамандыққа баулудың, мамандық таңдаудың проблемаларын ойлы көзбен шола білумен күнды.

Ж.Аймауытов көптеген сын мақалалар да жазған. Олардың ішінде М.Әуезовпен бірігіп жазған «Абайдан соңғы акындар» (1918), «Мағжанның акындығы туралы» (1923), «Аударма туралы» (1925), «Сұңқар жыры» (1925) атты еңбектері автордың әдебиет жөніндегі, оның ерекшеліктері туралы, жазушы шығармашылығын түсінудің принциптері жайындағы ұғым-түсінігін, көзқарасын көрсете алатын елеулі туындылар.

Оның сыншылық көзқарасында жазушы не акын шығармашылығын оның өзі өмір сүрген дәуірдің көкейкесті проблемаларымен, өнер адамына тән ерекшеліктерімен есептесе отырып талдау концепциясы бірінші орында тұрады. Ол Мағжан Жұмабаев шығармаларына осы тұрғыдан баға береді. Онда Мағжан туып-өскен ортаның қайшылық-

ты шындығының ақын өлеңдеріндегі көрінісі, революциялық дүмпулер кезіндегі ақындық ізденісінің әрқилы беталысы нанымды талданады. Сөйтіп, сыншы Мағжан ақынның табыстары мен қайшылығын дәл тауып көрсетеді.

«Сұңқар жырын» Максим Горький шығармаларының қазақшаға аударылып басылуына арналған. Онда жазушының революциялық әдебиеттегі орнына зор баға беріледі. «Максим – көк теңіздің нісін жұтып, мастанып, жұртты кеңдікке, еркіндікке, нұрлы күнге, ерлікке, тартысқа шақырған. Өрттей лаулаған, толқындай тулаған төңкеріс ақыны: ол жабыларды жоқ екен демейді, ерді, сұңқарды мадақтайды. Сұр өмірді өмір екен демейді. Ерікті, көрікті өмірді көксейді. «Өлі жүрек, жылан жанды, жорғалаған, қыбырлаған адамдарды жаратпаған», – деп жазады.

«Аударма туралы» мақаласында аударудың принципі туралы сөз қозғайды. Ол көркем әдебиетті аударғанға қарапайым адамға ұғымды ету мақсатын ғана көздемей, мәдениетті жұрттың үлгісін, сөз қолданысын бар бояуымен, кестесімен бере білу қажеттігіне назар аударады. Олардың «Салыстыру пернесімен таныстыру», «Оқушыны тереңге айдап, қиялын байыту», «Сезімін ұстарту» керектігін көрсетеді.

Публицистің театр, музыка, өнер тарихына қатысты жазғандары да бірсыпыра. Оның соңында бірталай ғылыми мұра да қалды. Жүсіпбек халық ағарту комиссариатында, педагогикалық оқу орнындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақты жаңа рухта тәрбиелеуге, олардың ғылымының әр саласында жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды.

Ол аудармашы есебінде қазақ әдебиеті мен орыстың және дүниежүзілік классикалық әдебиеттің шығармашылық байланысын үлғайтуға көп күш жұмсады. Сондай-ақ, кезінде бірқатар саяси, тарихи еңбектерді, оқулықтарды қазақшаға аударуға ат салысты.

Ж.Аймауытовтың жазықсыз жазаға тартылып, оның шығармаларын оқуға тиым салынған кездер келмеске кетті қазір. 60 жыл бойы оның еңбектері жоғалып, ұмытылып бітуге шақ қалып еді. Газет-журналдар бетіндегі өлең-жырлары да жыртышып тасталған болатын. Бірақ, ол көптеген басқа да арыстарымыз сияқты өз өмірімен, еңбегімен туған халқына қиын кезеңде қызмет еткен, сол үшін жанын құрбан еткен сүйікті азаматымыз, маңдайға біткен жарық жұлдыздарымыздың бірі.

Иә, оның жұлдызы да қайта құрудың, тәуелсіздіктің арқасында қайта жанды. Өйткені, оның өзі де XX ғасырдың басындағы қайта құру, жанару дәуірінің жаршысы болған еді. Сондықтан, енді оған сөйбек жоқ.

## 7. ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТ (Қошке Кемеңгеров)



Кезінде сталиндік қиянаттың құрығына ілініп, сол қиянаттан қаза тапқан қазақ зиялыларының бірі, ұлтына бар жанымен қызмет етем, халқымды қайтсем жақсылыққа жеткізем деген жалынды жолдың соңында жүріп, «тор шенгелден» қыспақ көріп, мерт болған көп санлақтың бірі – Қошке (Қошмұхамед) Кемеңгеров. Заманында бір ауыз сөз айтуға болмайтын Қошке есімі араға алпыс жыл салып өз оқырмандарымен, замандастарымен, әсерлі әңгіме, жалынды жыр сүйер сүйікті ортасымен қайта қауышты. Соңғы төрт-бес жылдың ішінде ұлтжанды жазушының өмірі, шығармалары хақында әр түрлі мақалалар жарияланып, автордың өз туындылары да әр басылымнан, әр қырлы елес беріп жүр. Қошкенің ғасыр қойнауында қалып қойған шығармаларын, ұрпаққа үлгі болар әңгімелерін, әлі күнге дейін тақырып, мазмұны маңызын жоғалтпаған туындыларын зерттеумен айналысып, баспасөз беттерінде жиі жариялап жүрген жас ізденуші білімдарлардың бірі – Д.Қамзабекулы, Р.Рүстембекова, сонымен қатар автордың өз жақындары, туыстары да қаламгерді елге танытуда көп көмек көрсетуде.

Ал, енді тікелей жазушының өз өмірбаяны мен шығармашылығына тоқталар болсақ, онда Қошке Кемеңгеров 1896 жылы 15 шілдеде Омбы уезі, Теке болыстығында дүниеге келген. Әке-шешесі де осында тұрған, әжесі – Атан, атасы – Маман, бабасы – Ақша Баянауыл маңы мекендеген. Ол алғаш проходская школаны, сосын ветеринарлық-фельдшерлік мектептің екі класын бітіреді. Өзге оқушылардан оқшауланып, өзінің алғырлығымен, елгезектігімен Қошке ерте көзге түседі. Мұны бітіріп, ол 1913 жылы тамыз айының бірінші жұлдызында Омбы ауыл шаруа-

ылық училищесінің ауыл шаруашылық бөліміне түседі. Мұнда Қошкелі сынды Смағұл Садуақасов, Асфандияр Шорманов және т.б. білімдармен бірге оқып, етене араласып, оның өмірге, ортақ қоғамға, жалпы аясаатқа деген көзқарасы ашылып, айқындала түседі. Осы училище сабырғасында жүріп, ол 1915 жылы өзінің алғашқы өлеңдерін сол кездегі көпшілік көңілінен орын алатын басылымның бірі «Айқапқа» беріп ұтырады. Солардың кейбіреуі «Бақ іздеген», «Жазғытұры», «Солғын гүл», «Пайғамбар» – Пушкиннен аударма, «Сәскеддік көлдің жағасында» – Никитиннен аударма деп аталады. Мәселен, ол өзінің «Жазғытұры» деген өлеңінде қазақ халқының өткен өмірін былай деп жырлайды:

*Қарайды жылы жүзбен күннің көзі,  
Күлімдеп сәлемдесер дүние жүзі.  
Күркіреп, бұрқыраған өзендердің,  
Бетінде жылтыр еді көкше мұзы.*

*Қуаныш әрбір затта сезіледі,  
Албырап құшақ жайып жаз келгені,  
Солқылдап қар ериді астан-кестен,  
Ескенде құбыладан өкпек желі.*

*Қашады үйдегі мал дала жерге,  
Кеңиді құрысқанның арқа тері.  
Айнадай жарқырайды аққу дала,  
Сарқырап таудан аққан өзендері.*

*Қызғалдақ желкілдейді жаңа шыққан,  
Ойпаң жер көгалданап бетегелі.  
Қуарып жапырақсыз қалың ағаш,  
Түнжырап қайғылы өңде тұрушы еді.*

*Аңқыған қош иіспен мұрын жарып,  
Көгеріп жапырағы гүлденіпті.  
Ұшқан құс, жүзгірген аң рахатта,  
Жастарға ойын-сауық болды кезі.*

*Кіріпті табиғаттың әбден түрі,  
Алтай қыс кетіп еді жердің сұры.  
Тоя алмай қызығына жазғы күннің,  
Сайрайды әнші құстар күні-түні.*

*Балалар ойын салар жалаң аяқ,  
Домалап әлсіздері қалар жылап.*

Көңілді әсіресе, жас балалар,  
 Әкесі алыс жолдан келгендей-ақ,  
 Қаз-қатар киіз үйін қазақ тігер,  
 Көбейіп малдың асы бірге өнер,  
 Қызықты тамаша гып қарауына,  
 Таза орын, ауасы кең асқар белдер!  
 Көгалда жазғытуры сауып бие,  
 Сары қымыз сапырулы тегенеді,  
 Ішкен мас, жеген тоқ болушы еді,  
 Түсесін енді, жұртым, қандай күйге [114].

1915 жылы Омбыда «Бірлік» атты казак жастарының ұйымы құрылды. Бұл ұйым ұлт тәуелсіздігіне аса мән беріп, казак жастарын бірлікке, елдікке, татулыққа шақырған. Осы ұйымнан таралып, шығып тұрған «Балапан» қолжазба журналында Қ.Кемеңгеров редакторлық қызмет атқарған. «Журналда негізінен жастардың тәй-тәй басқан алғашқы жазбалары, өлеңдері, шағын өңгімелері жарық көріп тұрған.» – дейді бүгінгі әдебиет зерттеушілері өз еңбектерінде. Себебі, бүгінгі күні «Бірлік» ұйымы туралы там-тұмдап аз ғана деректер жиналған, ал «Балапан» қолжазба журналы туралы көрдік-білдік деген мәліметтер мүлдем жоқ. Қошке ауыл шаруашылық училищесін 1918 жылы бітіреді. Енді ол Омбы губерниялық халық ағарту бөлімінің саны аз ұлттар жөніндегі бөлімінде нұсқаушы қызметін атқарады.

«Балапан» журналынан бастап казак баспасөзінің бәріне ат салысқан Қошке қоғамдық жұмыстарға белсене араласудан да ерекше көзге түседі. Осы кезде Омбы қаласында жас алаштардың құрған «Жас азамат» ұйымына мүше болып кіреді. Осы ұйымның Қызылжар қаласында шығып тұрған «Жас азамат» газетіне қаламгер Кемеңгеров редакторлық қызмет атқарады. Газеттің алғашқы саны 1918 жылы 30 шілде күні жарық көреді. Бұл басылым казак жастарының баспасөзі жастар органы ретінде шыға бастады. Ал, бұл органның төрағасы Байділда Мырзаұлы болған еді. «Жас азамат» газеті негізінен қоғамдық-саяси мәселелерді кеңінен қамтыды, өз дәуірінің саясатына белсене араласып, ел басындағы қиыншылықтарды ашық жазып, сынап отырды. Жалпы, газет ұлт тәуелсіздігін, казак жастарының бірлігін, алаш мұңын жоқтады. Сол заманда өзі құралпы шығып тұрған «Сарыарқа», «Қазак», «Бірлік туы» газеттерімен, «Абай» атты журналмен мазмұны, көтерген идеясы жағынан үндес болды. Газеттің қатталған 22 саны бұл күні архивте сақталған.

1919 жылы К.Кеменгеров Омбы губерниясының халық ағарту бөлімінде жұмыс істей жүріп, Қызылжар қаласында осы жылдары шығып тұрған «Бостандық туы» газетіне белсене араласады. Қошке өте талантты, жан-жақты білімдар адам болған. Ол мұнда жұмыс істей жүріп, 1919 жылы Омбы политехникалық институтына оқуға түседі. Бірақ мұнда бір ғана жыл оқиды. Енді, 1920 жылы 7 желтоқсанда Қошке өзінің досы Мұратбек Сейілов екеуі Қазақстан Республикасы Сібіртоңкомындағы өкілетті Сібір ауыл шаруашылық және өндіріс институтының малдәрігерлік факультетінің медицина бөліміне курстан тыс қабылданады. Таза бітірген оқуы – медицина, мамандығы медик болса да, Қошке жазушы, каламгер, қарымды журналист. Ол үшінші курсты бітіріп, 1922 жылы Ташкенттегі Орта Азия университетінің медицина факультетіне ауысады. Осы жерде Қошке білімінің тереңдігін тағыда бір рет айтып кетсек артық емес, себебі ол ауысар кезде 21 пәннен сынақтан өтіп, жоғары бағаға ие болған. Сөйтіп, Қошке де, басқа да көптеген өзі тұстас қазақ зиялыларымен бірге осы университет қабырғасында білім алады.

Бұл кезде Орынборға қарағанда Ташкенттегі саясат дұрыс еді. Қошке Т.Рысқұлов көтерген ұлттық, этникалық, діндік тұтастыққа сеніп, өзі де осы бағыттарда жұмыс атқарады. 1922 жылы желтоқсан айында құрылған «Талап» қауымдастығында Х.Досмұхамедұлы, М.Жұмабаев, М.Әуезовтармен ел, халық қамын ойлауда бірге қызмет көрсетіп, күш жұмсайды. 1925 жылы Ташкенттен шығып тұрған «Терме» атты жинақтың бірінші санында оның «Өткен тұрмыстан» айдарымен «Отаршылдықтың ұсқындары» деген әңгімесі жарық көреді.

Автор әңгіме барысында сол кездегі қазақ елінің ауыр тұрмысын баяндай отырып, отаршыл империяның шектен шыққан қорлық-мазағын, өркөкірек о жарлығын айқын суреттеп, көрсетеді. Мұнда: Жаңатай атты қазақтың бұйдасыз түйесі бақырып калып, мұжықтың атын үркіткені үшін урядниктен жазықсыз таяқ жеген бейшаралығы тарих қойнауындағы ашы ақиқатты тағы да көз алдымызға әкеледі. Осы бір суретті Қошке өз әңгімесінде өлеңмен былай деп көрсетіп кетеді:

*Асқар белден айырылған ел қайғылы,  
Ерке елінен айырылған бел қайғылы.  
Тамақ үшін сарпаған ертеңді-кеш,  
Елсіз, жерсіз еңіреген мен қайғылы.*

Яғни, әңгіме төркінінде бұл бір шумақ өлең тек Жаңатай қайғысы емес, сол заманда барша қазақ басына түскен ел қайғысы еді. Жазушы

казак өмірінің надандығын, қорлығын берумен қатар, әңгіме соңын оптимисті, болашаққа, оқу-білімге сенген казак жасының көзқарасымен аяқтайды.

Әңгіме, өлең жазып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласумен бірге, Қошке біраз мұғалімдік курстарда сабақ берді, кейіннен өзі аяқтаған Орта Азия университетінің көптеген факультеттеріне казак тілінен де сабақ берді. Сөйтіп, байқап отырғанымыздай, бұл қаламгер тіл біліміне де біраз ат салысқан.

Қошке 1924 жылы Ташкентте шығып тұрған «Сана» деп аталатын ғылыми-танымдық журналда жауапты хатшы қызметін атқарған. Тек Омбыда емес, Ташкенттегі САГУ-де М.Әуезовпен бірге аспирантураны бітірген. Қазак тарихын зерттеуде «Езілген ұлттар» деген деректі кітап та жазды. Сонымен қатар «Жабропалықтар үшін оқу құралы» атты екі кітаптан тұратын «Қазак-орыс тілмашы» атты сөздік еңбектерінің де рөлі өте зор. Әсіресе, Омбыдан шыққан «Қазак тарихынан» зерттеуі Қ.Кемеңгеров есімін көпке танымал етті.

Жазушы талантының тағы бір ерекше атап өтетін құндылығы – Қошке Кемеңгеров казак халқының алғашқы драматургтерінің бірі. Осы күнге дейін әдебиет қойнауында алғашқы қойылым М.Әуезовтың «Еңлік-Кебегімен» ашылды деп келсек, бұл күні жаңа зерттеу, соны деректерге сүйене отырып казак театрының алғашқы қойылымы 1923 жылы қаңтардың 13 күні Қ.Кемеңгеровтың «Алтын сақина» атты пьесасымен ашылғанына көз жеткіздік. Мұнда семья, отбасы, мәңгілік ескірмейтін тақырып – ене мен келін арасындағы қатынас суреттелген.

Бұл пьеса жазушының әйелінің көмегімен 5 жыл жүріп, ақыры 1997 жылы жарық көріп, дүкен сөрелерінен-ақ таралып кетеді. Бұл жағынан қарасақ, жазушы өмірі Мағжан тағдырымен ұқсас. Ал, жалпы өмірі Ж.Аймауытовтың «Қартқожасына» ұқсас. Тіпті, жазушының «Елмен қоштасу» өлеңіне өн де жазылған.

Қаламгер Қошке 1930 жылы ОГПУ – НКВД кармағына ілініп, 1932 жылға дейін НКВД-де жатады. Алдымен Воронежге, кейіннен Омбыға жер аударылып, осы жылдың 26 қараша күні атылады. Араға 60 жыл салып ақталып, ортамызға оралды. Ең алғаш Қошке есімін Омбы облыстық архивінен алынған материал бойынша Р.Рүстембекова «Қаламгер Кемеңгеров» мақаласымен елге танытты. Сонымен қатар қаламгер өмірін танытуда өзінің зайыбы Гүлсім да көп еңбек көрсеткен. Бұл күні жазушының үрім-бұтағы Ресей елінің Омбы маңында тіршілік етуде.



## 8. САТИРАНЫҢ САРДАРЫ (Қадыр Тайшықов) [115]



Ол Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Қадыр сол отызыншы жылдары Гогольдің «Өлі жандарын» ана тілімізге аударған. Оның кезінде жазған әңгіме, сықақ, фельетондары да жұрт аузында сақталған. Бектұров өзінің «Сәкеннің соңғы сәттерінде» атты еңбегінде оған: «Қадыр бесаспап өнерпаз жігіт, етік те тігеді, домбыра да жасайды, сурет те салады. Сықақ әңгімелер де жазады», – деп баға берген.

Сатираны Ілияс, Бейімбетпен қатар өндірте де өткір жазған Қадыр. Ол 1926–1936 жылдар арасында Семейдің «Қазақ тілі» және «Еңбекші қазақ», «Ленишіл жас» газеттерінде «Қапсыңқа», «Бүйрас», «Малтаң», «Малкелді» деген бүркіншек аттарымен көп дүние жариялады. Бұл сықақ шығармалары 1936 жылы «Күлмеске не?» делініп топтастырылды. 1962 жылы оның әңгіме, фельетондары «Октябрь үшқыны» деген атпен қайта басылды.

Қ.Тайшықов – сынап, сықақтаудың шебері. Ол кез келген факті, кезкелген кемшілікті фельетон, сықақ, өлең, әңгіме ете қоятын болған. Оның бармаған тақырыбы кем де кем. «Телефон-жеңгей», «Ханалар тарихы», «Табылған хаттар», «Нота» атты фельетон әңгімелерінде кейбір жастардың моральдық ұстамсыздығын, жаңа тұрмыс өркениетті мәдениеттің мәнін түсінбей, мешандыққа бой алдыруын келеке етсе, «Демалыс», «Адасқандар», «Малқамбайдың баяндамасы» атты шығармаларында жеке мекеме қызметкерлерінің жауапсыздығы мен көзбояушылығын, сөйлей, жаза білмес бейшаралығы мен көкмылжындығын ажуалады. Оқу, ағарту, мәдениет, әдебиет саласындағы жауап-

сыздықтарды да ел алдына алып шықты. Сауатсыздықты, тыныс белгілерін қоя білмеуді, күлді көмештей өлең жазуды, дүмше аударма жасауды білгірлікпен, төзімділікпен сынап, сықақтады.

Қадыр үлкен әлеуметтік мәселелерге де барды. Сайлаудан аласталған бай-манап, молда-қажы, атқа мінерлердің далбаса айла-шарғысы («Бұқа мініп барайық деп едік»), «Қырдың күмы, Сырдың сұмы»), қазақтың үйлену ісіндегі ескі әдет-салты («Өзіміздің күйеу», «Екі таныс»), елге шыққан өкілдердің бас бұзарлығы («Бар жазығы – Шұнақ-ау») бір пара сықақтарына арқау болды.

Сатирик қай тақырыпты қозғап, қандай дертті сынаса да, өткір тілді, күлкілі, тартымды етіп жазды. Бұл үшін барлық амал-тәсілді қолданды. Ең алдымен ол әрбір фактінің негізінде сюжет жасайды, көбіне сықақты әңгіме құрады. Бұл тұста ұшқыр қиялмен шебер-шебер ситуациялар тудырады. Мысалы, «Телефон-жеңгей» фельетонында Зикен мен Зейніл бір-біріне көңіл-ниетін білдіруге батпай жүреді. Бір күні Зикен Зайып атты жолдасына Қалпақбай дегеннің бір қызға жазған хатын оқып беріп отырады. Сол сәтте телефон шылдырайды. Зикен трубканы алып, құлағына тосып отырып хатты оқи береді. Телефон соққан Зейніл келіншек екен, ол ұйып тындайды. Қалпақбайдың хаттағы сүйіспеншілік туралы өлердей сөздері Зикеннің соған айтқаны болып шығады. Осыдан екеуінің беті ашылады. Телефон жігіт пен қыз-келіншектердің арасында жүретін жеңгейлердің қызметін атқарып кетеді.

«Өзіміздің күйеу» сықақ әңгімесінде Қозғамбай балаша киіндіріп, ұлдай көріп жүрген жалғыз қызының сандық қабырынан бір керекті «дастабірнесін» іздеп жүріп, Күлшөтайына (қызының аты- Т.Қ.) жолданған жігіт хатын тауып алады. Мұны жазған жігітке ат шапан айып тартқызамыз, жазалаймыз деп жүріп, өздерінің лайық көріп, жорамалдап қойған күйеу баласын ұстап, сабап, рәсуасын шығарады. Осындай ойға келмейтін, оңай табылмайтын, күтпеген ситуациялар Қадыр сықақтарын мүлде қызықты, тартымды етіп жібереді.

Жазушы сатирасының көркем де күлкілі болуының екінші сыры – онда сықақтың тілдік құрамдары әрі мол, әрі табылып қолданылады. Бірде автор пікір, болмысты шебер тенеу, балау арқылы жеткізеді. «Жылқыайдаров» дегенде жұрт ұры ит кіріп кеткендей болатын болды», «Өжеттіктің өріне өгіздей өрмелермін», «Өрмекшінің ормегіндей өрнектеп», «Шекесінен маса тайып жығылғандай», «Есек жүргізетін істіктей қақпалап отыратын әкімшілік найзасы», «Дәрігерім сүзеген сиыр көзденіп қарайды», «Қажы үйген көпедей

жалпия отырып іш дәрет алып жатты», «Мұрын деген – бюрократтардың өзге заттардың барлығынан жоғары ұстайтын ашамай сықылды бір жабдығы», «Күлак деген бастың екі жағында қалқайған пельмен пішіндес екі шеміршек» деген сияқты еріксіз күлдіретін теңеулер – оның барлық шығармаларының көркі, нәрі. Тағы бірде Қадыр сөздің ирония түріне сүйенеді. «Де» атты фельетонында да көп адамдардың әдетіне сіңген теріс істерін сықақтаған. Сонда ол былай жазады:

«Егер шешен болам десен, сатып алсаң да бір кішкене жиналыс тауып ал! Тайға мінген баладай, мінбеге барып таштия қал! Сол қолың сүбенде болсын, оң қолың төбенде болсын. Белсенді болам десен, күнітүні карта ойнап, он бес күн арақ ішіп, он алтыншы күні кеңсеге төбе көрсет. «Қайда жүрсін?» деуші болса, «науқаннан науқан, командировкада жүрмін» де!»

Міне, бұл ирониялық парадокс. Автор сырттай сол теріс істерге итермелеген сияқты болғанмен, іштей «олай етпе!» деп отыр. Ақыл-кеңес өзінің тура, «Солай ет» деген мағынасында емес: «олай етпе» деген мағынасында тұр. Бұл жазушының интонациясынан бір білінсе, фельетон соңындағы «Мұның бәрі кеңес жұртшылығына керекті іс емес, бұлар ескіліктің сарқыны... кертартпа кеселдердің қылықтары... Осының бәрінен де бізді «күдай сақтасын де!» – дегенін екі білінеді.

Автордың сатиралық әсерлі, көркемділігінің тағы бір сыры-пікір тапқырлығында. Ол өзі сөйлесе де, кейіпкерлерін сөйлетсе де ой-пікірлері үтқыр, алымды-шалымды келеді. Кейде кейіпкерлердің аузына қуақы да келісті сөздер салып, сол арқылы олардың көңіл-күйін дәл аңғартады. Өлгеннің күнінен ораза ұстаған, ауызашарды асыға күткен Ешман күннің тез бата қоймағанына ашуланып: «Қасарып тұрып алуын, өрі қарай итеріп жіберер ме еді!», – деп күнге күңкілдейді. Енді бірде мынадай әдемі елес-суреттер жасайды: «Божы шырт етті. Бержебай арба ойнақ қакты. Шығыршықтар сылдыр-сылдыр сызып келеді».

«Бұра сөйлеу күлуге жақсы» дегендей, тағы бірде сатирик жеке сөз, жеке атауларды бұрмалап айту арқылы сықакка күлкі, көрік береді. Қыздың атын не деп қойған жақсы? – дегені сұрау төңірегінде пікір алысып жатқанда біреу «Колонтай ше? – десе, ел қазағы «Құлынтай» деп кетер дейді. Екінші біреу «Клара» қалай болады десе, оны «Қарала» деп кетпесіне кім кепіл дейді».

Қ.Тайшықов тек тіл құралдарымен ғана емес, кейіпкерлерге күлкілі іс-әрекет, жүріс-жорық беру арқылы да сатирасын әсерлі, тартымды етеді. Мысалы, бір фельетонында «зтка мінерсін» деп сайлауға қатыс-

тырмай койған соң, бай, молдалар сайлауға бұқа мініп шығады. Артынша. «Қарасаң келгір, мөңкіп-мөңкіп немізді көктен келтіріп, жайратты да кетті», – деп бай бір жерде жатады. «Сұрпақбай-ау, бұқаның құйыршығын қоя беріп, мынау сәлдені ұстасаңшы! Үзілді ғой мынау бұқаның жас нәжісіне былғанады ғой. Бұл жап-жасыл нәжіс жұқса, жұғанмен де кетпейді» – деп молда екінші жерде зарлап қалады.

Тағы бір сықақ әңгімеде 3–4 кісі дәрігерге бірінен-бірі бұрын кірмек боп таласып, есікке қапталып қалады. Бірінің шиканы жарылып кетіп, құлындағы даусы шығады. Үшінші сықақта ораза тұтқан молда шидің ішіне кіріп, ұрланып бір аяқ қатықты басына көтеріп жатады.

Қ.Тайшықовта сюжетке құрылмаған сықақтар да бар. Бірақ олар да өзіндік айшық, өрнекпен, өзіндік қызық әдіспен жазылған. «Тоймас-қоймастар» атты фельетоншолуда өмірдегі көп кемшіліктер, тоймас-қоймастар түгел: бірінен соң бірі мұртынан тізіле сыналған. Бірақ ол фактілердің құрғақ тізімі, констатациясы болып қалмаған. Былайша жырдай төгілте баяндалған.

«Бюрократ Волокитаға тоймайды. Волокита керенаулыққа тоймайды... Төраға неше іздеп келсең де «заптырын» қоймайды. Кеңсе істері жазуға тоймайды. Машинистка ажарлы болса, секретарь мен делопроизводитель... есіктен сығалап есек дәмелі боп, көз аударуын қоймайды. Кооператив мүшеге тоймайды...Кінежке қу мен сұмның қолына түсіп, ділгер товар шын мүшеге жетпей қалуын қоймайды... Пеш отынға тоймайды...Отын дайындайтын өркенің өскір мекемеміз...». Бұйырмасын тұтам сексеуіліміз болса, өртеніп өлейік» деп бедірейіп отырып алуын қоймайды. Кейбір ақындарымыз бір жолдан алты жол шығарған өлеңге тоймайды...Аударманың көбі Қазиздаттан шығады. Қазиздатты аудармашылар сауулы сиыр деп түсінеді, өздерін аумаған жетім бұзау деп біледі. Сондықтан...дайын желінді сорпылдатып еме түсуін қоймайды».

Қадырдың кейбір сықақтары сөздік түрінде. Кемшілікті жеке сөз, жеке атаудың анықтамасы етіп айтады. Оның «Не?» атты фельетоны баста-аяқ былай жазылған:

– Электр деген не?

– Білмейміз, горсоветтен сұрап карап едік, әзірше май шырағдан мен керосин болмаса, электр дегенді біз де білмейміз деп справка берді.

– Отын деген не?

– Қазлес Алматыға жеткіземіз деп қаншама сүйресе де, сонау шөлде төрт тағандап тапжылмай жатқан бір тасбақа.

– Керосин деген не?

– Таң алдында барып шіретіне тұрсаң да, түске дейін бір жапырағы ауызыңа түспейтін жылмағай май.

Міне, мұнда әлгі заттардың шын анықтамасы, неге қажет екендігі айтылып отырылған жоқ, олардың жоқтығы, соны ұйымдастыра алмай ұтырған тиісті орындар сыналған. Осы жайлы әлгі заттардың қазіргі анықтамасы ретінде келтірілген.

Қадыр сатира жазуда Бейімбет пен Ілиястан көп үйренген. Тіпті сықақтарында солардың әдіс-тәсілін өзінше дамытып, жаңа ретте, жаңа материал негізінде ұста пайдаланған. Оның тұрмыс мәселелеріне үнілуі, сюжетті шағын штрих, қысқа елес-эпизодтардан құруы Бейімбетше. Кейбір кейіпкерлері соның «сабаздарының» хикаясын қайталайды.

Мысалы, Қадырдың Қалпақбайы мен Бейімбеттің Құрымбайы, Зәкіржан молдасының қызға баруы мүлде ұқсас. Бұлардың еңбектеп, сүйретіліп қызға жетуі, онымен тілдесу сикы, қыз бетін оң қарата алмай пұшайман болуы, ақыры қасиеттен айырылып, масқарасы шығуы – бәрі бірдей. Ілиястың Қамысбаевы сияқты, Қадырдың өкілі де елге барғанда өзін былай таныстырады: «Мен жоғарыдан келген өкілмін, профсоюздың өкілімін – актсоюздың өкілімін, барлық союздың өкілімін, шошқа союздың өкілімін, қысқасы осы дәуірде ашылып бар болуға тиісті барлық союздың өкілімін. Ілиястың «Жайлаубайдың жауыры», Қадырдың «Шикан», «Демалыс» фельетондары арасында да ұқсастық, үндестік бар, әсіресе, кейіпкерлердің дәрігерге баруын, көрінуін суреттеген тұста бірінің-біріне еткен әсер-ықпалы сайрап жатыр.

Қадырдан үйренушілер де болған. Ол, әсіресе, Еркінбековтың сын-сықақтарынан анық байқалады. Дүйсенбек те негізінен сол Қадырдың назарын аударған кемшілік-дерттерді, елге шыққан кейбір өкілдердің ақымаккершілігін («Төремін»), дінбасылардың күлкілі халін («Молданың зары»), кейбір келіншектердің боямпаздығын («Әнәпия»), мәңсіз жалғыздықты («Өзіміздей жазушы»), сөйлей білмес былжырақ бастықтарды («Баяндамашы») сынап-мінеді. Тіпті, олардың кейбірі Қадыр сықақтарымен ұқсас, пішіндес. Мысалы, Д.Еркінбековтің «Бір ауру, екі дәрігері», «Баяндамашы», Қ.Тайшықовтың «Демалыс», «Мақамбайдың баяндамасы» деген шығармаларымен мүлде үлгілес, кейіпкерлердің жүріс-жорық, хикаясы, сөз саптауы да бірдей.

Екіншіден, Дүйсенбек те, кері қайтып, кекетуге, иронияға үйір. «Ауырсаң, істейтін ем – ертемен қуырдақ же, шөлдесең арақ іш. Қатындарға түстен, қыздарға қон. Бұта басын сындарып жұмыс істеме. Ерін-

ген күні 16 сағат ұйықта» деген сияқты етіп, идеясы мен ақыл-өсиетін қайшы, қарсылыққа құрады. Мұндағы «солай ет» дегеннің де ар жағында «олай етпе жатыр». Ол «Жарлық» атты сықағында да ақылсыз нұсқау, бұйрықтарды осы бұра сөйлеп кекету әдісімен ажуалаған. Бір жарлық: «Көліксіз қызыл керуен ұйымдастырып, әр мөшекке 15 пұттай астық сиғыз» десе, екінші жарлық: «командировкаға баратындардың аттысы жақынға, жаяуы алысқа барсын», – дейді. Үшінші жарлық: «Берген тұқымды ішіп қойып, салған астық шықпады деп акт жасасын!» деп беріледі.

Үшіншіден, Қадыр сияқты, Дүсенбек те сықақта тұрмыстық бірнеше кемшілікті мұрнынан тізе, шола сынайды. Рас, бұл ретте Дүсенбек өзіндік бір жаңалық та әкелді. Әрбір сын нысанасының кінә-мәнін сипаттап кеп, ақырында, ауыз әдебиетінің әдісімен, оның әрқайсысына бір сөзбен кекесінді арнау, жолдау айтып кекетіп қояды. Мысалы, «Жүңдей сабап, шаңдай бұрқыратып, ебелектей қауқайтып, он жолын адам сүйсініп оқымаса да, ай сайын кітап бастыратын арсыз ақынға бір сәлем! Достан безіп, дұшпанды паналап, қояннан қорқып, шошқадан шошитындарға бір сәлем!» Немесе: «Сөзі түсініксіз, ісі маңысыз, ерте жатып, кеш тұрып, аз істеп, көп міндетсіп... жүрген екпінділерді құттықтаймын! Жауындай құйып, сынаптай сусып, тоғыз түрленіп, тоқсан өзгеріп жүрген бастықтарды құттықтаймын!» – деп жазды.

Қадыр мен Дүсенбектің сатирикалық өлеңдерінде мазмұн, әдіс-тәсіл ұқсастығы байқалады. Қадыр қыз бен жігітті, Дүсенбек жалқау мен төбілшікті айтыстырып сықақ жазды. Бірінде жігіт:

*Шашыңнан айналайын шүйке-шүйке,  
Шүйкеңді ширатыпсың үйте-үйте.  
Қалқатай, тілімді алсаң мұныңды қой,  
Құрттарсың шаштың бәрін бүйте-бүйте.  
Өз-өзіңнен бетіңді шаңға бояп,  
Болдың ба Боранбайдың боз түйесі, –*

деп қызды, замандасының сиқын ажуласа, екіншісінде төбілшік:

*Жақылбай жапа-жалғыз күйбең қағып,  
Тентіреп, жұмыс қылмай жүрсің неғып?  
Секілді кәрі мысық қаңғып жүрсің,  
Далада күні өтетін тышқан бағып, –*

деп жалқауды сынап, мазақтайды. Арада айтыс туады. Қыз да, жалқау да уәж айтады. Бірақ жігіт пен төбілшік жүйелі сөз, орынды

кінәмен оларды бұлтартпайды. Екі жазушының да сықақты жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің арасындағы сөз қалқығысы түрінде беріп, оны «Айтыс» деп атауы, он бір буынды кара өлеңмен жазуы едәуір ұқсастық.

Жоғарыда Қ.Тайшықов бір төрені өз аузымен әшкерелегенін, оның тәубаға келуін өзіне баяндатқанын айттық. Дүйсенбек те кейбір сықақ өлеңінде осы тәсілге жүгінген.

*Жолдастар, сусымалы сынаптаймын,  
Көрсетіп көпке мінді сынатпаймын.  
Тіл шайпау, жүріс шалыс, шылығы көп,  
Басқаны төреліктен ұнатпаймын. –*

дегізіп, лирикалық кейіпкерді ағынан жарылдырған.

Қадыр С.Төлешов фельетондарында да айқын із қалдырды. Сейділдә өзінің «Ассалаумағалейкүм, Нұрманов жолдас» деген фельетонын Қадырдың «Шым-шытырық» атты сықағының мазмұнына күрды. Күшеншек ақын, жортақы жазушыларды Сейділдә да Қадырша ажуалады. Қадырша сыдырта, төпеді. Сол құсап сөйлемдерді анафора, эпифора ретімен құруға, бір-бірінне ілместіре жазуға мән берді. Тіпті, оның кейбір сөз, тіркес, сөйлем жүйелерін сыналап пайдаланып та жіберіп отырды.

Сонымен «Қ.Тайшықов кеңестік қазақ әдебиетінде сатираның дамуына ... дәмді үлес қосты». Өткір де әсерлі жазуда өзіндік үнін естіртіп, өз қолтаңбасын танытты. Күтпеген, шебер ситуация, тапқыр да қуақы пікір, көркемдік бейнелеудің алуан амалдары, әсіресе, ирония, кейіпкерлердің қыран күлкілі жүріс-жорығы, тың түрі – Қадыр сатирасының басты ерекшеліктері. Осы қасиеттерімен ол – қызықты, оқушыға эмоциялық әсері мол, құнды мұра.

## 9. ДӘРІГЕР, ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ (Зейін Шашкин)



Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік қолтаңбасымен белгілі жазушыларымыздың бірі Зейін Шашкин Жүнісбекұлы 1912 жылы қазіргі Павлодар облысының Баянауылында дүниеге келіп, 1966 жылы 54 жасында Алматы қаласында мәңгілікке көз жұмған. Оның өмірбаяны туралы неғұрлым толық деректі біздер ақын Қалижан Бекхожиннің «Өлең өткелдері» атты естелік кітабынан таптық. Ол «Зерделі еді жасынан» деген естелік материалында Зейіннің көптеген бұрын оқушы қауымға белгісіз болып келген ақындық, ғалымдық, жазушылық қырларына тоқталады. Мәселен, онда жазушының әулеті, шығу тегі және жастық шағынан мынадай мәліметтер берілген.

«Бала болсам да Шашкин әулетінің есімдері менің құлағыма бұрыннан сіңіскен еді. Менің әкем Нұрғожа Баянауыл атырабының Қызылтау аталатын бір шоқысында туып өссе керек. Зейіннің ата жұрты, шағын қозған ауылы да осы Қызылтау бөктерін мекендепті. Революциядан бұрын біздің руымыз Тұлпар ата мен Шашкиндердің тұқымы Қозғандар-бір болыс ел болыпты. Мұны мен әкемнің ауызекі әңгімелерінен сөз арасында естіген едім. Ал революция алдында сол Тұлпар-Қозған жұртына аз уақыт болыс болған, кейін совет үкіметіне беріліп қызмет еткен Әбушаһман Нұржанов Керекудегі біздің үймен іргелес көрші болды. Бұл – оқыған инабатты кісі Шашкиндермен аталас екен, адвокат Әбушаһманның үйіне Зейіннің Павлодар маңында жауапты партия, совет қызметтеріндегі ағалары Сағымбай мен Дайырбай Шашкиндердің кейде келіп жүретінін байқаған едім» [116].



Иә, ақынның айтуы бойынша, Зейін жас кезінен-ақ өте білімдар, ейінді, алғыр азамат болған. Плеханов пен Ленинге ден қойып, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Есенин, Абай, Махамбеттерді жатқа айтқан. Сол кездің дауылпаз ақыны С.Сейфуллиннің «Қызыл ат» поэмасының стиліне, кейбір өлең сөз құрамына сын айтып, «Социалистік Қазақстан» газетінің бетінде бір көрінсе, белгілі әдебиетші-сыншы Есмағамбет Ысмаиловпен қазақ тілінде «Әдебиет теориясы» кітабын жазып екі көрінді. Үшінші көрінгені сол жылдары ол Москвада философия және тарих институтында оқыды.

Бірақ, қатер қайдан деуге болмайды. З.Шашкин 1937–1938 жылдардың қанды зобалаңына ұшырап 1950 жылдарға дейін елден алыс шет аймақтарда қуғын-сүргінде жүрген. Құрдасының әрі сырласының осындай қиын тағдырына арнап ақын Қ.Бекхожин «Арнау» деп аталатын өлең де жазған:

*Білемін, өкпелісің өлеңіме,  
Түскенде уақыттың сен өлегіне.  
Шадыман жырмен ғана шалқыдым мен,  
Тағдырын тұстасымның еледім бе?  
Түссе де теңбіл менің талайыма,  
Шырмалсын өлең шіркін қалай мұңға?  
Қызықтым зор өмірдің бәйгесіне,  
Қосылмай дүбіріне қалайын ба?  
Жас едік туган бірге таң нұрында,  
Телімін бақытыңа, тағдырыңа,  
Тосыннан құйын сені теңселткенде,  
Менің де түспеді ме дақ жырыма...?*

Өзінің осы арнау өлеңі туралы ақын кейін жазған естеліктерінің бірінде «Бұл арнау 1957 жылы басылып шыққан «Ақан Ақтаев» атты поэмада бар. Менің осы сырымды оқып шыққан Зейіннің, мені үйіме әдейі іздеп келіп, көзіне жас алып құшақтап сүйгені өлі есімде», – деп жазған.

З.Шашкиннің әдеби қызметі көптеген жазушылар сияқты ақындықтан басталған. Әсіресе, Павлодарда 2 басқыш мектептің 3 класында оқып жүрген кезінде, жоғары класс оқушыларымен педагогика техникумының бейімді студенттерін жиып, драма үйірмесін ұйымдастырып, жұмысшылар клубының сахнасына «Зарлық» атты пьеса қойып, өзі бас рөлді орындап жүрген кезінде біршама жазып, газет-журнал

беттеріне жариялатып тұрған. Одан соң Москвада жүрген кезінде әдеби сын және ғылыми зерттеу жағына ойысқан. Бұл тұста оның білімі әбден толығып шығармаларын қос тілде бірдей (қазақ және орыс) жазатын дәрежеге жеткен. Аз ғана келте ғұмырының ішінде жазушы сонына мол мұра жазып қалдырған. Бұл ретте оның «Тоқаш Бокин», «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім» сияқты күрделі романдарымен қатар «Ақбота», «Дос ойы», «Ақынның ашуы» әңгімелерін, «Өмір тынысы», «Қиядан ұшқанда» повестерін, «Замана осылай басталады» және «Ақын жүрегі» пьесаларын қазақ әдебиетінің алтын қорына дер кезінде қосылған асыл шығармалар деп бағалағанмыз жөн.

Мәселен, жазушы өзінің «Тоқаш Бокин» атты романын туған жерден алыста, айдауда жүріп жазған. Бұл туралы дерек жоғарыда айтқан ақын Қ.Бекхожиннің естелігінде бар.

«Зейін сонау шалғайда жүріп, Жетісудың бір революционері туралы кітап жазыпты – деді Садық ағай.

– Неткен төзім! Неткен өжеттік! – деп мен қайран қалдым. – Ол қолжазбасы қайда? – деп сұрады жалма-жан.

Есмағамбет Смайлов деген досына Алматыға жіберіпті, қандай нәтиже тапқаны әлі мәлім емес, сен соған зер салшы, – деді Садық. Мен әрі қуанышты, әрі күйінішті ойға қалдым».

3. Шашкиннің біраз еңбектері дәрігерлер өміріне негізделген. Өйткені, ол 1945 жылы шырмауда жүріп, Иркутск қаласындағы дәрігерлік училищені бітірген. Одан кейін 1946–1951 жылдары Бурабайдың бір емдеу орнында дәрігер болған. Кейін бұл мамандығы туралы, 1958 жылы жазған бір мақаласында «Мен өз өмірімде көп жылдар медицинамен айналыстым. Сол өмірдің қас ортасында болдым. Бірақ соны әлі дұрыстап жаза алмай жүрмін» – деген болатын.

Әйтсе де дәрігер жазушы одан кейінгі жылдарда сол борышын өтеген, «өзі қас ортасында болғандығын», дәрігерлер өмірінің егжей-тегжейін жетік білетіндігін айтпай танытарлықтай, шыншыл да көркем шығармалар жазып, туған әдебиетіміздің әдеби тұлғаларының легіне Нияз, Айжан, Райхан, Асқар секілді медиктер образын әкеп қосты. Роман алғаш рет 1962 жылы жеке кітап болып, «Жазушы» баспасынан шықты. Бірақ, ө дегеннен әдебиетшілер арасында түрлі пікір туғызып, жекелеген сындарға ұшырады. Соның бірі мынау еді.

«Зейіннің қабырғасын қайыстырған көңіл-күйін айтарлықтай кеміткен оның екі шығармасына жабылған жала, қиянпұрыс пікірлер халқында менің еске алмауға хақым жоқ. Кітап болып басылып шыққан-

нан кейін «Доктор Дарханов» романы, бір күні төтенше жиналыста талқыға түсе қалды. Үйімде өз жұмысыммен шұғылданып отырған маған Зейін абыржыған дауыспен телефон арқылы сол жиынға қайтсең де кел деп өтінді. Проза ауылының сыртында жүргендіктен, мен ондай жиыннан тыс жүруші едім. Бара қалдым. Жиналысты ұйымдастырған және басқарған Ғабиден неге екені белгісіз талқылауды ашарда романның авторына шұқшия сөйледі. Менің қытығыма тиген бір сөзі: «Ол романның отыз бетін ғана оқыдым, маған ұнамады» деп жиналғандарға өзінің секамал пікірін өткізуді көздеді. Көлемді романның отыз бетін айтып сондай қыңыр тұжырымға келе ме?

«Доктор Дарханов» туралы баяндама жасаған Сейділ Талжанов та романды іреп, сілкіп, мұқата мін тақты. Бұл әдебиетшіні мен жақсы білетінмін де тіпті ізетпен сыйлайтынмын да. Сонау 1936-1937 жылдары Сейділ Талжанов аздап жазған мақалалары үстіне А.С.Пушкиннің атақты «Полтава» поэмасын аударып, бізді жас акындарды тандандырғаны бар. Тағы да есімде қалғаны, Сейділ бір күні біздерге, дуылдап тұрған жас акындарға, – «Сендерді акын етіп жүрген қазақтың етістігі ғой» – деп салды. Бұл сөзді көңіліме кіді сақтаған мен өлең-ұйкастарымда барған-салған сияқты етістіктерге жоламауға тырыстым. Ал, қазір досымның игілікті еңбегіне әділетсіз қыңыр пікір айтқан бұл кісіге менің қыжырым қозып кетті. Әлі есімде жақын жерде отырған Сейділге зілдене сөйледім.

Жиналыстан дуылдасып тарқадық. Екі-үш күн өткеннен кейін Сейділ ағайды көшеде кездестірдім. Ұшқыр сөзіме кінәлі адамдай жылы сәлемдестім. Ол кісі де сол сөзіне өзі де абыржыса керек. «Зейінді жақсы көріп, аяушы едім. Ақыл айтам деп қисық тартқан шығармын, Зейіннің өзінен де кешірім сұрадым, сенікінің негізі дұрыс» – деп өпке емес, жұбатарлық ымыра білдірді. Мен ол кісіге разы болып қалдым.

Зейін пәк жүрегімен досын дегенге аса мейірімді, ақ пейіл де еді. Зейіннің үйінде Сейділ Талжановты, Өтебай Тұрманжановты, сыншымыз Мұхамеджан Қаратаевты және де белгілі акын-жазушыларымыз Әбділлә Тәжібаевты, Рахматолла Райымқұловты, Сафуан Шәймерденовты, Қалмұқан Исабаевты, Әбдірашит Азметовты тағы басқа достарын дастархан басында сұхбаттасып отырған шақта бірнеше көрген едім [117].

Сөйтіп, «Доктор Дарханов» романы алғашқыда осындай кейбір негізсіз сынға ұшыраса да бірте-бірте уақыт сынынан өтіп, әдебиет төрінен дайықты бағасын алған, дәрігер өмірінен жазылған бірден-бір елеулі шығармаға айналды.

3. Шашкиннің келесі «Сенім» романы – жазушының жаңа адам тұлғасын мүсіндеудегі елеулі шығармасы. Автор бұл романды 1964 жылдың аяғы мен 1965 жылдың бас кезінде бас-аяғы екі-үш айдың ішінде жазып шығып, алғашқы нұсқасын «Жұлдыз» журналына бастырады [120]. Кейіннен азды-көпті өзгерістер енгізіп, 1966 жылы жеке кітап етіп шығарады. Бұл «Сенім» романын жазушының ең соңғы сүбелі шығармасы дейміз, себебі, өмірінің көп уақытын сыртта өткізген азамат денсаулығынан айырылған еді, ол сол 1966 жылы ауруханада жатып, мәңгілікке көз жұмды.

Әйткенмен, осы өзіміз сөз қылып отырған «Сенім» романы да тез жазылғанымен, оңайлықпен баспа жүзін көре қоймаған. Осыған орай тағы да Қ.Бекхожиннің естелігінен жазушы өмірінің соңғы күндеріне арналған беттерінен үзінді оқып көрелік:

«Творчестволық жұмысқа шабытпен жан сала сүңгіген Зейіннің талайғы зардаптары қосылып, кейінгі шақта сырқаты асқынып, жатып алды. Бұл ахуалға «Сенім» атты кейінгі шақта повесінің әлдеқандай кедергілерден жарық көрмей кешеуілдеуі де, оның нәзік жанына шаншу болып қадалды.

Бұл повесті баспаға тапсырмай жатып, қолжазба күйінде оқыған едім. Өзімнің туған Баянауылым, оның жаңа адамдары жайлы жаздым деп сол туындысын мерей тұта айтқан еді маған Зейін. Кітаптың бастамасына эпиграф ретінде менің Баян туралы өлеңімнен бір шумақ келтіріпті.

Мен Зейіннің осы еңбегінің кедергі тапқанына іштей налып жүрдім, оның үстіне Зекееннің тап сол тұста сырқаты мендеп, емханаға жатып қалған еді.

Көңіл сұрауға біркүні емханаға бара қалдым. Жаңылмасам көктем кезі болса керек. Ауру палатасына енсем, Зекең кефир ішіп отыр, жүзі жайдары, менімен шүйіркелесе кетті.

– Сүйінші, – деді маған, сәл жымия күліп (жайшылықта шек-сілесі қатып, балаша мәз күлетін). – Естідің бе, «Сенім» басылып шығайын деп жатыр. Өркені өскір үлкен кісі өзі тапысып, басылуға әбден лайықты кітап деп баға беріпті. Сол сәтте кішкене қоңыр көздері бакыт сезімін үшқындап тұрғандай болып көрініп еді маған.

Аз күн өтті ме, білмедім, кенет суық хабар сездірген телефон безілдей қалды. Мен, ол кездегі үйімнен алыс емес емханаға есім кете жүгірдім. Мәңгілік тыныш тапқандай балаша монғиып көз жұмып жатыр екен. Тұла бойым тітіркеніп кетті. Аздан соң бір топ достарыммен

бірге, көзімнен жас сорғалап, жасымнан бірге өскен аяулы досымның ауыр табытын аркаласып бара жаттым.» [118].

Енді З.Шашкиннің жазған мақалаларына келетін болсақ ол кезінде сан алуан тақырыпқа қалам тартқан. Мәселен, оның «Абай романының көркемдік ерекшеліктері» деген материалы М.Әуезовтың «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы 1957 жылы Алматыда өткен творчестволық конференцияда жасалған баяндама негізінде жазылған. Бұл мақала алғаш рет «Қазақтың тұңғыш эпопеясы» дейтін атпен 1957 жылы жарық көрген кітапта жарияланған.

Автор бұл мақаласында көп ой қорытып, ұтымды пікірлер айтады. Әсіресе, роман жанры туралы: роман жанры кеше қазақ халқының өмірінде эпос-батырлар жыры қандай орын алса, бүгін бұл да сол сияқты орын теуіп, халықтың рухани өміріне тәрбиеші, ақылшы есебінде өсерін тигізді дей келе, роман жанры жалпы дүние жүзі әдебиетінің өзінде кенже туған жанр. Атам заманғы грек, рим романдарын алсақ, атақты «Дафнис пен Хлоя», «Алтын есек» уақиғасы қызықты құралғанымен образдардың характері ашылмаған. Бұл бірінші саты. Бұдан келе орта ғасырда серілер (рыцарь) романы өмірге келді. Өзімізге мәлім «Тристан мен Изольда» грек, рим романдарынан бір саты жоғары көтерілді. Одан сол кездегі қоғам өмірінің, адамдар арасындағы қарым-қатынасын көруге болатын еді. Бұдан соң сықақ романдар «Гаргантюа мен Пантагрюэль», «Дон Кихот» жаңа заманның реалистік романына жол ашты» деп романның сонау шығу тегінен бері қарай біраз жетістігі мен кемшілігін анық көрсетеді.

З.Шашкин бұдан басқа академик-жазушы Сәбит Мұқановтың творчествосы жайлы да біршама мақала жазған. Мысалы, оның «Сәбит романдары туралы ойлар» деп аталған алғашқы мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 16 тамыз күнгі нөмірінде жарияланған. Онда автор Сәбит Мұқановтың барлық романдары жайлы сөз қозғай отырып, оның «Тыңдағы толқын» атты романына ерекше көңіл бөледі. Жазушы мұнда «соңғы жылдары Сәбит Мұқановтың «Тыңдағы толқын» атты романы сәтсіздікке ұшырады деп сын айтып жүргендер бар, бірақ сол романды талдап, бақайшағына шейін шағып, кемшілігін көрсеткен сыншы жоқ. Кейбіреулер бұл роман тым тез жазылды, соның өзі роман санатына нұқсан келтіреді дегенді айтады. Мәселе тез жазуда емес, жақсы шығарма аз мерзімнің ішінде де туады. Стендаль «Пармь монастырын» 54 күнде жазған, ал Флобер «Саломоны» 20 жыл жазған, бірақ «Пармь монастыры» қай жағынан болсын «Саломбодан» артық түр.

Жылына бір түгіл екі роман жазуға жазушының уақыты жетеді. Джек Лондон 24 жасынан бастап жаза бастаған, қырық жасына келгенде 16 жылдың ішінде 50 кітап жазған. Сонда жылына үш кітаптан шығарып отырған, ал Э.Золя да жылына екі кітаптан шығарған. «Жоқ, біз бұған қосылмаймыз, олар дара туған данышпандар» дейтіндер бар. Бірақ, мәселе данышпандықта емес, ерінбей еңбектенуде екен.

Пушкин 37 жасында 11 поэма жазған. Соның біреуі өлеңмен жазылған роман. Бұған біздің мәдениетіміз жетпейді, өзімізді ноқталап ұстап, бейімдеп отыра алмаймыз, тиіп-қашып жазамыз. Гәп сонда», – дейді.

З.Шашкиннің келесі бір күнды да мазмұнды мақаласы «Шеберлік хақында» деп аталады. Бұл шығармасында автор дүние жүзіне атышқан, әйгілі жазушылар Толстой мен Достоевский, Бальзак пен Золя – қайсысын алсаңыз да өте өнімді еңбек етіп, өз заманының өмірінен құнарлы романдар тудырған. Әрқайсысы жылына бірнеше кітап шығарған. Және де жақсы жазған. Осының сыры неліктен. Шынында, бізге үлгі боларлықтай қандай қасиет бар. Ойлап көрейікші дейді де оған өзі жауап беруге тырысады.

Меніңше, ең бірінші қасиет – бұл жазушылар өзінің туып-өскен ортасын, дәуірін, заманын жақсы білген. Жақсысына сүйініп, жаманына күйініп, қаламын бастыра жазған. Сондықтан да, Лениннің айтуынша, «Толстой орыс революциясының айнасы» болған. Сондықтан да Энгельс Бальзактың «Человеческая комедиясын» француз қоғамының ғажайып шындық тарихы деп таныған.

Екінші қасиеті – бұл жазушылар мұрасын шебер де көрікті жасаған. Сол мұрасын ғасырдың боран-дауылы құлатпайтын етіп берік сомдаған. Осы екі қасиет олардың құнарлы туындыларын бүгінгі күнге дейін тоздырмай біздің ғасырға алып келіп отыр. Осы екі қасиетті бүгінгі біздің жасаған еңбегімізден таба аламыз ба? Меніңше, біздің негізгі кемшілігіміз осында жатқан жоқ па?

Шеберлік – бір күнде келе қалатын, баяғының ертегісіндей басқа қона қалатын бақыт құсы емес. «Шебер жазу үшін ерінбей-талмай еңбек ету керек. Әрбір үлкен шығарма «роман, повесть жазуды – мен зәулім сарай салуға ұқсатам. Сарай материалы мрамор сияқты әдемі ақ тастардан қаланған күннің өзінде, соны дұрыс қалай алмаса, кикі-шойқы қып қойса – ол сарай көркемдік ләззат бере ала ма? Жоқ, болмаса сарайды қолдан құйған кірпіш тек тас материалдардан қаласа – ұзақ өмір және сүре ала ма? Аз жылдан соң боран-шашынға шыдамай құлап қалмай ма?

Әдебиет шығармасы да сол сияқты. Роман, повестің құрылыс материалы тіл болса, сол тіл қаншама әдемі, жатық келіп, бірақ компо-

зициясы, сюжет, образ жағы шықпаса тартымды, жақсы шығарма бола ала ма? Яки композиция, образ жағы ұтымды кеп, тіл жағы ақсап жатса – ол шығарма ұзақ өмір сүре ала ма?» – деген бейнелі сөз бен ұтымды да өткір ойын айтады.

Сондай-ақ, бұл арада З.Шашкиннің мәдениет тақырыбына байланыстыра жазған «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» атты мақаласына да тоқтамай кетуге болмайды. Автор бұл материалда өзінің туған жері Павлодар өңіріне барған сапарындағы алған әсерлерін жазады. Бұл Павлодардың сонау көп жыл бұрын болған Керекуден мүлде бөлек екенін айта келіп: «Қала дамып өскен, үш-төрт қабат ақ үйлер. Оқтай түзу зәулім көшелерге асфальт салып, ағаш еккен, қыбырлаған халық, ерсілі-қарсылы ағылған машиналар. Бірақ, осында жетістік, өскендікпен қатар ел тұрмысында, мәдениетінде әлі де ерекше көзге түсетін талай жайсыздық баяғы атам замандағы әдеттердің баршылығын айтады. Мысал ретінде қол сұртетін орамал – сулық, майлық, келін салақ болса, бес батпан кір қалпымен алдына келеді», – деп нақты мысал да келтіреді [119].

## 10. ОЙЫ ТЕРЕҢ. ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ЖАЗУШЫ (Зейтін Ақышев)



Зейтін Ақышев 1911 жылдың сәуір айының 18 жұлдызында Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы қазіргі «Жарылқапберді» атындағы кеңшарында дүниеге келген. Ата-анасы кедей шаруа болған. 13 жасына дейін ауылдағы бастауыш мектепте, онан кейін Омбыда бастауыш, жеті жылдық мектептерде оқыған.

Ол өзінің еңбек жолын 1931 жылы бастады. Әуелде Баянауыл аудандық оқу бөлімінің іс жүргізушісі, кейін оның инспекторы, жеті жылдық мектептің мұғалімі, директоры болды. 1939 жылы Семейдің педагогикалық институтының физика-математика факультетін бітіріп, Павлодар педучилищесінде оқытушы, орта мектеп директоры, Павлодар, Талдықорған облыстық оқу бөлімдерінің меңгерушісі қызметін атқарды. Алматыдағы оқу-педагогика баспасында аға редактор, редакция меңгерушісі, бас редактор болды. 1955–1960 жылдары республикалық «Қазақстан мұғалімі» газетінің редакторы, 1965–1969 жылдары Қазақ ССР Министрлер Советінің аппаратында аудармашы редактор, ал 1970–1972 жылдары Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакциясында аға ғылыми редактор болды.

1969 жылдан республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Оның «Ағаш үй» деп аталатын тұңғыш өлеңі 1932 жылдың мамыр айында Павлодардың округтік «Колхоз» газетіне басылған. Одан кейін бірнеше өңгіме, повесть, романдары жеке-жеке кітап болып шыққан. Біразы орыс тіліне де аударылған.

Зейтін Ақышев драматургия саласында да біраз еңбек еткен («Жаяу Мұса», «Келіндер»). Ол көркем аудармамен де айналысқан. Мәселен, бірқатар оқу-методикалық құралдар мен оқулықтардан, саяси, ғылыми кітаптардан басқа, В.Панованың «Кружилиха» романын (1952), А.Куприннің «Жекпе-жек» повесін (1955) Я.Колостың «Талай атай» повесін (1956), тағы басқа көркем шығармаларды қазақ тілінде сөйлеткен.

Шығармалары – «Біздің шамшырақтар» Очерктер. А., 1962; «Достарым менің» әңгімелер мен повестер. А., 1967; «Ақбел асуы» Роман. А., 1974; «Жесірлер», «Бұршақ соққан жер» Дилогия. А., 1973, 1976; «Жаяу Мұса» Роман. А., 1981; «Шынардың шыбығы» А., 1987; «Бәрі де есте» Повестер мен әңгімелер. А., 1982.

Зейтін Ақышевтің «Жазушы» баспасынан шыққан «Достарым менің» атты кітабы өңгіме, хикаялардан тұрады. Автор мектеп жастары мен ауыл интеллигенциясының өмірінен іріктеп алған оқиғаларды әңгімелеп береді. Кітапта «Сұңқарқия жазығы», «Күрең бедеу», «Сырттан оқитын Сырттанбай» және «Теңгенің темірі» деген қызықты хикаялар баяндалады.

«Күрең бедеуде» жазушы өзінің балалық шағын, күрең бел туралы жазады: «Мен бала кезімде қағылкез, ұршықша иірілетін шапшаң, аттын жалында ойнайтын пысық едім. Сондықтан шығар деймін, ат жаратып бәйгіге ат қосатындар күндік жерден іздеп келіп, әкем мен



шешемнен қолкалап сұрап кететін. Сөйтіп, мен бөйгі аттың басына көп шаптым. Мінген атым «далада тезек теріп» қалған емес, олжасыз қайтқан жолым болған жоқ. Мен әкем мен шешемнің кенжесі едім. «Тентек сары тең құрбысынан кем болмасын, кемдік көрмесін» деген болу керек, өзім ес біліп, ат жалын тартып мінгелі біздің үйдің босағасынан бір тәуір жылқы кеткен емес.

Балалық дәуір өтіп, қызды ауылдың сыртына жақындаған сайын үзенгі бауды сірестіріп, аттын басын тарта камшылайтын болған кезде біздің үйде бір күрең бие болды. Қысы-жазы жоны таймайды, жазғы-тұрым өлі жүні түлеп түсіп, аузы көкке тигенде кәдімгі күрең пұлыштай күлпырады. Өзі де жүзіктің көзінен өткендей, жарты қарыс құлағы тас төбесінде шаншылады да тұрады. Сыбдыр білінсе көзі шатынап, басын жұлып алатын. Сымпыс күйрығын көтеріп, төрт аяғы дамыл таппай тыпыршып, ата жөнелуге ыңғайланып тұрушы еді», – деп жазушы күрең биесін есіне алып, осылайша суреттейді.

«Күрең бие бедеу еді. Өмірі құлындаған емес. Әкем «жануардан тұқым алам» деп талай айғырға қосты, бірақ құлындамады. Ол кезде ел сауықшыл-ақ. Әйтеуір ат шабыс көп. Ат шабыс ол кезде әрі ермек, әрі спорт қой. Ал күштілердің күш сынасатын, бақ таластыратын жері. Біреулер: «ат шаппайды, бап шабады», – дейді, енді біреулер: «ат та шаппайды, бап та шаппайды, бақ шабады» дейді. Тегі соның жөні бар. Иесі күшті болса, аты жүйрік келеді.

– Күрең биені жаратып күзгі ат шабысқа қосам, – деді әкем бір күні, – бұл құралақан мал емес, аяғының желі бар. Көкпарға салғанда таңертеңнен кешке дейін бір талмайды, қоянды бұлтартпайды, қашағанды албастыдай басады.

– Әйд-а-ә-әйт деген! Байтал шауып бөйгі алмас! Күрең биенің бөйгісімен байиын деген екенсің, дөмен зор екен деп шешей мазақтап күлді.

Ыза боп кеттім. Жаздай терін алдырған өзім, онда ауырсынған жоқ, енді не айтып отыр.

– Өзім мінем, – дедім. Әкемнің көңісі келмеді. Сонан кейін дауласқаным жоқ, сырымды ішіме бүктім.

Ат шабыс болатын күні ерте тұрдым да, биені ерттеп мініп, алдым. Әкей олай ұрысты, былай ұрысты. Айылын тартып берейін, күйрығын сүзіп, кекілін түйіп берейін деп алдаусыратты да. Біріне де көнбедім. Сол бетіммен оразамды да ашпастан сөске көтеріле жұрт жиналып жатқан Көкөзек бойына келдім», – осылайша жазушы өзінің бірбеткейлігін білдіреді.

«Ал сырттан оқитын Сырттанбайда» жазушы Сырттанбай Қуысов мұғалім болып жүргенін, сырттан оқуға түсіп, сессиясын ала алмай, жолы болмай келетіні жайында қызықты әңгімелейді:

Сол кезде Сырттанбай мұғалім әдейілеп қалаға барып, институтқа сырттан оқуға түскен де, сол туралы қағаз алған. Сол қағаздың күшіне ол күні бүгінге дейін «күдіретіндей» сенеді.

Сырттанбай сырттан оқуға салқын қарайды деуге аузың бармайды, обалы нешік, жыл құрғатқан емес. Оны айтсаңыз жазғы сессия жақындады-ау дегенде, одан бұрын қамданатын мұғалім жоқ. Көп оқығанмен не керек, дәл емтихан кезінде «құдай қара бастырып» ең болмағанда бір пәннен құлайды. Бірақ, сонда да үмітін үзбейді. Тосыннан көрген адам Сырттанбайды мұғалім демес еді. Ауыл тұрғындарының өзі қолтығына қысқан бір-екі кітабы мен он шақты дәптерін көргенде ғана Сырттанбайдың мұғалім екенін жаңа білгендей болады.

Кітап дегенде оның білетіні баяғы «Ана тілі» оқулығы. Оған кейінгісі – үшінші кластың арифметикасы. Оның көптеген жылдардан бергі серігі де, құралы да осы екі кітап. Сырттары кірлеп, шеттері мүжіліп, бірлі-жарым беттері жыртылып қалған, бірақ ол оның сабақ беруіне бөгет бола алмайды, өйткені осы екі кітаптың ішіндегісін жаттап алған. Өйтпегенде ше! Сырттанбай өмір бойы үшінші класты оқытып келеді...».

Жазушының осылайша келтірілген үзінділерінен-ақ Сырттанбай мұғалім аталған адамның қандай екендігін, институтта сырттай оқып жүріп, сол оқытындығы жайындағы тілдей қағаздың күшімен мектепте сабақ беріп жүрген, бір-екі кітабы мен он шақты дәптерімен, ескі кірлеу болса да оқушыларын оқытып жүрген, жыл сайын қалаға оқуға аттанып, емтиханнан құлап, жолы болмай келетін Сырттанбайдың бейнесін көруге болады. Жазушы осы бір кейіпкерінің өзінен-ақ өмірде осындай жандардың бар екендігін аңғартады.

«Шынардың шыбығы» атты кітабы «Жазушы» баспасынан 1987 жылы жарық көрген. Роман негізі үш бөлімнен тұрады: I бөлім – «Әкем Құтпан болғанда», II бөлім – «Көшесін Қараөткелдің сатырлатқан», III бөлім «Ішім өлген дүние-ай».

Жазушының бұл жаңа шығармасында ел арасында есімі аңызға айналған әрі сері, әрі әнші Иманжүсіп Құтпанұлының өмірі жайында баяндалады. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, қилы-қилы кезеңдер мен соқтықпалы соқпақсыз қиын-қыстау қыспақтардан өткен Иманжүсіптің шынында да көрмегені жоқ еді. Оны

Райымхан болыс пен Шолақ аяз секілді қандышеңгелдердің зобалаңынан күткарған тек 1917 жылғы төңкеріс болатын. Романда мұның бәрі нанымды әрі әсерлі суреттеледі.

Зейтін Ақышевтің бұл кітаптарынан басқа 1971 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Ақбел асуы» деген роман кітабы 50000 дана тиражбен шығарылған. Бұл «Ақбел асуы» романында төңкеріс жылдарында Ертіс бойында болған оқиғалар баяндалады. Патша үкіметінің саясатына қарсы бас көтерген Арын, Бәшен, Балташ, Қаңтарбай сияқты қазақ жұмысшылары мен кедей шаруалар-орыс күрескерлері – Ермаковпен, Кузенковпен қол ұстасып, ұлы шайқасқа араласады. Кітап кеңес үкіметі тұсында жана адамның қалыптасуын көрсетумен аяқталады. Роман тоғыз тараудан тұрады.

Алғашқы тарауда жазушы оқырмандарын Ертіспен таныстырады, оның тасуын, жұрттың басқа жақтан қоныс іздеп, көшуін әңгімелей отырып, кейіпкерлерінің портретін береді. Мәселен, Ертісті жазушы былайша суреттейді: «Әйтеуір өзім Ертіс бойына барсам қыңқыл-сыңқылдан арылып, шаншу, сыздау, сырқырау атаулының қайда жатқанын білмей, құлан-таза жазылам да кетем.

Ертіс бойы біздің ата-бабамыз туып-өскен, кірін жуып, кіндігін кескен, үрім-бұтағын өрбіткен ата мекеніміз. Белуардан келетін көкмайса, жайқалған ну орман... Арқаның жібек желі бетінді желпіп өткенде, бетегесі каракөк пүліштей құлпыратын ұлан-байтақ дала...».

Ертістің мұзы қозғалып, сең жүрген кезін: «Сатыр-сұтыр етіп көшіп жатқан мұз. Бірін-бірі басып-жаншып қирата жапыра ілгері ұмтылады. Кейде өкіргені, күрілдегені, күрс етіп сыңғаны естіледі. Жылжыған қалың есннің алдынан тосқауыл кездесіп кептеліп тұрып қалса, мұз ұмар-жұмар боп бірінің үстіне бірі шығып кетеді. Сол кезде су көтеріліп тасып, маңайдағы елдің есін шығарады, жұрт «Ертіс көтерілді» десіп аласапыран болады.

Ертіс көтеріліп, су тасыса-ақ жиектегі ауылдардың бар қолынан келгені қора-қопсысын тастап, жеңіл-желпі жүгін арқалай, бірлі-жарым тұяғын алдына салып қырға қарай дүркірей жөнелу болатын», – деп суреттейді.

«Ертістің сол жылғы тасуы біздің ауылға «өдмес күнінді ойлаң, жаңа қоныс ізде, ескі қонысым еді деп отыра берсең, таскынның астында қалып өлесің түншығып» деп ескерткендей болды. Біздің өкей мен Қаңтарбай ағамдар күр даурықпаға ере қоймайтын адамдар еді ғой. Бірақ осы жолы алды-арттарына қараған жоқ, бүкіл ауыл болып қырға

қарай жөнкілді», – дейді жазушы. Осындағы Қаңтарбайды былайша таныстырады: «Қаңтарбайдың бар байлығы төрт баласы мен Қатшасы, жалғыз бұзаулы сиыры, кара өгіз, он шақты ұсақ тұяқ. Тағдырдың жазғанына әуелден бас иіп көніп алған адам оған қарсы тұруды күнә деп білетін еді. Бүгін де сол «Тағдырдың бізге бұйырғаны осы шығар» деп екі кішкентайын тонының етегімен орап отыр. Ең кішісі Қатша анамының бауырында. Мәймүна екі көзі жаутаңдап, су астында калып бара жатқан қораларға қарай береді. Балташта аяйтын ештеңе жоқ. Өзі біздің үй мен Қаңтарбай ағам үйіне көмектесіп жүр. Анда-санда көзі жалт етіп Мәймүнаға қарап қояды». Мұндағы Балташ бейнесін: «Баймырза атай қайтыс болғанда мен есімді шала-пұла білем. Ол кісі ұзын бойлы, кара шұбар шал еді. Біз ол кісіні «аңшы ата» дейтінбіз. Балташ сол Баймырза шалдың жалғыз ұлы. Жасы жиырмадан асқан шығар деймін, дембелшен, денелі, әдемі жігіт. Өзі ақкөңіл, адал, досының табанына қадалған шәгір өзінің маңдайына қадалсын дейтін, біреулер болады ғой, дәл соның өзі. Екі-үш жыл бойы Қасымбектің жылқысын бағышты. Балташ әуелде Керекуге көшпек болған екен, «қартайғанда қаланың шаңына тұншығып өлер жайым жоқ», – деп шешесі көнбепті. Ақыры олар Ақбел бойындағы нағашысына көшпек болды. Нағашысының ішіндегі ең жақыны, еті тірісі, бас көтерері – «Бөшен». Қалиман кемпір мен Балташ көшіп келген бетте осы Бөшенді паналаған. Зерделі Балташ Бөшенге ұнайды, оның өсе келе ер азаматқа басшы болатынын Бөшен біледі. Бөшен – өйгілі қайсар. Төніп келген ажалдан да қорықпайды. Бұл екеуіне Қарақойтас түбіндегі қырық үй Мамайғана емес, қалың бұқара арқа сүйейді, медет тұтады. Екеуі Ақбел өңіріндегі елдің жігітіне бас болып, атқа мінгізеді, қолдарына найза мен сойыл ұстатады. Роман соңында Керекуде кеңес үкіметі орнағаны айтылады. Ақбелдің болысының ревкомына Қаңтарбай сайланады да, жер-су шаруасын басқару соған жүктеліп, Қаңтарбайдың жаңа биікке шығып, шырқауымен аяқталады.

Зейтін Ақышевтің 1978 жылы «Жалын» баспасынан шыққан өйгілі «Жаяу Мұса» атты роман кітабында қазақтың белгілі әнші-композиторы Жаяу Мұса Байжановтың өмірі арқау етіп алынған. Автор Мұса өмірін суреттеу арқылы ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласының жай-күйін, оның саяси-әлеуметтік бет-бейнесін жақсы көрсете білген. Мұса Байжановтың өнер жолындағы алғашқы адымынан бастап, халық сүйіспеншілігіне бөленген белгілі әнші, белгілі композитор дәрежесіне көтерілуін, әділет үшін

күрестің мойымас майталманы болуын автор сол кездегі ішкі-сыртқы оқиғаларға тығыз байланыстыра отырып нақты бейнелеген.

Романның оқиғасы қою, кейіпкерлері іс-әрекеті тарихи фактілер мен көркемдік синтез арқылы тұтастық тауып, ситуациялар көп жоспарды шығармаға тән байсалдықпен дамып отырады.

Шығарманың тілі нәрлі де нақты. Жаяу Мұса әділетсіздікке қарсы, зорлық пен қорлыққа қарсы тілі мен үнін күрал етіп шайқасып өткен адам. Ол бар өмірін Жасыбай мен Ақшоқыда өткізген жан емес, оның «бармаған жері, баспаған тауы жоқ» десе де болғандай. Сол жерлерде ол талай адамдармен кездеседі. Бала жасынан жоқшылық пен таршылықты көріп өседі. Ермегі кітап оқу, қағаз жазу, еріккенде ит жүгіртіп, құс салу, Ақшоқының шырдары мен құздарына тор құрып, бүркіт ұстау» жымдарына тұзақ құрып, қоян, шіл, бұлдырақ аулау болған Жаяу өміріндегі ең қызықты, ең бақытты кезең осы бір жылдар болған. Оның бар ойы, бар арманы қалған өмірін әйелі Сапармен, әнмен, аңшылықпен өткізу болған екен. Ал өміріндегі ең үлкен қуаныш – Сапардан үш нәресте көреді. Тұңғышы қыз еді. Оның атын Тобылғыдағы адвокат Рубановка берген сертімен Анка деп қойған. Өзі жоқта кемпір-шал жас баланың атын – Бибіқамар деп қояды. Бірақ ол Сапар мен Жаяуға ұнамайды. Екіншісі қыз, аты Нәсіп, үшіншісі Салық есімді ұл бала.

Әйелі Сапар сырқатынан жазылмай қайтыс болады. Жаяу басқа әйел алмайды, үш баласын бағады. Жаяудың «Келдім Сапар басыңа» деген өлеңі бар, ол «Сапарым» деп күңіреніп өтеді. Бірақ Жаяудың ел ішінде қадірі кеткен жоқ. Жұрт оның бір ауыз сөзін тындауға құмар. Бүкіл ел оны Батыр атап кетеді. Жалғыз баласы Салық пен келіні Күлзи-маға өле-өлгенше риза боп кеткен адам.

*Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса,  
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса.  
Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атандым сол себепті Жаяу Мұса, –*

деп ауылдың балалары бір сәт бәрі қосылып шырылдата ән салады. Жаяу олардан көзін алмайды, қарай беруге көзі де тоймайды. Кейде езу тартып күліп қояды.

– Құдай тағала маған 94 жыл тіршілік берген екен, – деп толғанып кетеді кейде. Бірақ сол ұзақ өмірдің кейінгі он шақты жылы болмаса, арғы жағы түгел азаппен, қорлықпен, айдаумен, жоқшылық-таршылықпен өткенін ойлап палиды, өкінеді белгілі әнші-композитор Жаяу Мұса Байжанов» – деп жазады З. Ақышев өзінің «Жаяу Мұса» романында.

## II. АҚЫН АРМАНЫ ӨЛМЕЙДІ (Дихан Әбілев)



Дихан ағаның шын аты Әбдірахман екен. Бұл туралы ақынның өзі «Ой толғаулары» атты естелік кітабында «Қазақ бала туғанда молда алдырып, азан шақыртып ат қойдырады. Қошқарбай молда менің атымды «Әбдірахман» қойған екен. Арада он бес-жиырма күн өткенде біздікіне Мәшһүр Жүсіп келіпті. Менің атымды сұрапты.

– Жоқ, Әбіл, Қошқарбай қойған ат бұл нәрестеге ат болмайды. Бері әкелші өзін, – деп, мені өзіне жақындаттырып алып, аузыма түкіріпті де, – мұның аты Дихан! депті. Ол шығымдылық деген сөз» – деп жазыпты.

Туған жері Баянауыл тауының солтүстік беткейіндегі Мойылды деген табиғаты әсем күз жартастар мен ағаш-орман арасы. Әкесі – Әбіл, арғы нағашысы – атакты Бұқар жырау. Жасынан Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сәбит Дөнентаев, Жаяу Мұса, Сәкен Сейфуллин, Сұлтанмахмұт Торайғыров сында тума таланттардың шапағатына бөленіп, күйма құлақ дарын иесі болып өседі. Соның бір көрінісі мынау:

«Манағыдай емес Арыстан ағаға бойым үйреніп:

– Өзіңіз кімсіз, аға? – дедім.

– Мен Омбы қазағымын. Атым Дүйсенбі. Ұмытып қалма!

– Қайда барасыз?

– Қоңыр малақайының маңдайын шалқайта сырып:

*Өз жұртың күндейді,*

*Қайын жұртың міндейді,*

*Нағашы жұртың тілейді, –*

дегенді естіп пе едің? Ендеше мен сол тілейтін жұртыма барам. Ботпай ауылын білесің бе?

...Сөйтіп, қой соңынан ере сөйлесе отырып, Кереку мен Баян қара жолынан өте бергенімізде, Дүйсенбі аға Ботбай шілігіне барар жолды сұрады менен. Жақсы ағадан айырылғым келмейді. Алайда жөн айттым.

– Осыдан жарты шақырым біздің ауыл. Соның баурайы көш жолы соған түсесіз. Екі-үш шақырым өткенде Алпыс ауылы. Одан кейін Бүркітбай бұлағы, Айман бұлақ, Торайғыр көлі – Сұлтанмахмұт, Ботбай ауылы.

Пластинкаға жазып алғандай жаңағыларды қайталап айтты да:

– Бүркітбай бұлағы не? Мұстафаның Бүркітбайы ма?

*Бауырында Баян ауылы қойым жатыр,*

*Шалқыған көк теңіздей ойым жатыр.*

*Бәкеннің Мұстафасы ән салғанда,*

*Таласар ол болам деп қандай пақыр? –*

деді.

Мен мүдіріп қалдым. Жауап қайтара алмадым.

– Ал, қош бала!

Бұл Дихан баланың қазақтың жыр дүлдiлi Сәкен Сейфуллинмен алғаш жүздесуi болатын.

Осылай жастайынан әрнәрсеге зерек болып, өз бетiмен хат та-нуға талпынған бала 1920 жылдардан бастап Баянауылда бастауыш (Масғұт мұғалiмнен орысша бiрiншi класты бiтiрiп, хат танып, кiтап оқитын дәрежеге жетедi) мектептi бiтiрiп, онан соң 1926–1928 жылдар аралығында Семейдегi ауыл шаруашылық техникумында оқиды. 1934–1937 жылдары Алматыдағы журналистер институтын бiтiредi. ҚазПИ-дiң аспирантурасында бiлiмiн жетiлдiредi. Бұдан соң Д.Әбiлев туған ауылында, Қызылжар, Қарағанды, Алматы қалаларындағы мәдени-ағартушылық мекемелерiнде, газет басқармаларында, Жазушылар одағында түрлi жауапты қызметтер атқарады. Ал, 1941–1946 жылдар аралығында Отан басына қауiп-қатер төнгенде әскер қатарында майданда болады.

Осы арада Дихан ағамыз Семей ауыл шарушылығы техникумында оқып жүрген кезiнде денсаулығына байланысты бiр-екi жыл оқуын үзiп, Баянауылда 1931 жылдан бастап шыға бастаған «Ленин туы» газетiнде жауапты хатшы қызметiн атқарғанын айта кеткiмiз келедi. Ал, ол кезде бұл аудандық газеттiң редакторы белгiлi ақын, жазушы Ғалым Малдыбаев болатын.

1931 жылы ақын, шежiрешi Мәшһүр Жүсiп Көпеев қайтыс болады. Осыған орай 1932 жылдың басында газет редакторының атына

Алматыдан жазушы, халық жанашыры Ғабит Мүсіреповтен төмендегідей хат мәтіні келіп түседі.

Ғалым! Сен қызмет етіп жүрген Баянауылда бүгінгі тірілердің ірісі Мәшһүр Жүсіп Көпеев қайтыс болыпты. Мәшһүр ХІХ–ХХ ғасырдың бірдесі уәкілі, әрі ақын, әрі шежіре. Халық творчествосының жиынтық қазынасы. Осы дүниелері өте мол болуға тиісті. Ел іші әзірше бәрін түсіне бермейді. Әркімнің қолында кетіп жүруі де мүмкін Сондықтан сен сол Мәшекеннің шығармаларын, қолжазбаларын маған «Қазақстан» баспасына жібер, тез кіріс. Қапыда қалмайық!

*Сәлеммен Ғабит*

*1932 жыл, 12 ақпан.*

Ал, Ғ.Малдыбаев болса, өз кезегінде түрлі себептерге байланысты бұл мәселенің орындалуын Д.Әбілевке тапсырады. Осы оқиғаны Дихан аға өз аузымен біздерге: «Мұра-мұрат, – деді әкем. Сені жаңа заманның белсендісі көретін де болар Шарафи (Мәшһүрдің үлкен баласы) Жаз. Мен айтты деп жаз!..»

Сараң сөзді Әбекеннің (Әбіл-ақынның әкемінің айтқаны кітапшама жазып алып тұрмын): «Шарафи, екеуміздің қараңғылығымыз Мәшекеннің нұрына көленке түсірмесін. Балам бара жатыр. Үкімет керек деп жатқан Мәшекеннің көкірек қазынасына ратшылық жасама» – деп жазғызды да аяғына Әбіл деп арабша таңба салды. Жүріп кеттім. Бере ме, жоқ па? Бақ тәуекел! Бұл сөз өз алдына уақиға боларлық жайт. Қысқасы, сол сапарымда мен Мәшекеннің үйінде он тоғыз күн болып, екі кітап қолжазбасын алып қайттым. Ғалым сол күні менің көзімше почтаға апарып Ғабитке жөнелтті. Қазір Ғылым Академиясының әдебиет институтының қазынасында, менің қарындашпен беттеген Мәшекеннің сол екі кітабы әлі бар», – деп әңгімелеп берген болатын.

Осылай сонау бір қысылтаяң кезде де рухани байлығымыздың мәртебесінің асуына үш бәйтерек осындай бір жақсылық жасаған болатын. Осындай игі істің жалғасы ретіндегі тағы бір күнды оқиға Дихан ағамыздың Халық жыршысы Нүрпейіс Байғанин атамызды әдебиет майданына алып келуі болатын.

Соғыс алдында тоқсандағы жыр дүлділі Жамбылдың ақындығына 75 жыл толу тойы өткізілмек болады да жер-жерге айтыс ақындарын іздестіруге өкілдер жіберіледі. Бұл жолы Дихан ағаның еншісіне Ақтөбе облысы тиеді. Сөйтіп, белгілі әдебиетші Қанафия Мұстафин екеуі баласы Ғалымның қамауында отырған жыр түйғының Алматыдан, Жөкеңнің қасынан бір-ақ шығарады.



Кезінде С.Дөнентаевтан бастап, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин және т.б. Дихан ағаның творчествосына ден қойып, өсіп-өну жолына үнемі камқорлық жасап отырған.

Бұған мысал ретінде ақынның өз аузынан айтқан:

«Тайыр:

– Мұқа, бұл әлгі өзіңіз «оқып шықтым, ұнады» деген «Бармақты» жазған жас ақын Дихан, – деді.

Мұқан Тайырдан көзін алып, менің жүзіме қоңыржай карап тұрды да:

– «Бармақты» жазған 16 жылдың көтерілісіне өзі қатысқан ересектердің бірі ме деп едім. Ол жылдағы балаң жанның өзінше көргені мен сезгені екен ғой Диханның жазғаны, – деп Мұқан мені бұрыннан білетіндей іштарта айтты», – деген әңгімесін көлденең тартуымызға болады. Бұл сол жылдардың өзінде тарлан жазушылардың қатарына қосылған М.Әуезовтың өзінен кейінгі жас талапқа берген үлкен бағасы еді.

Енді тікелей Д.Әбілевтің творчестволық еңбек жолына келер болсақ, онда ол ең алдымен Семейде оқып жүріп С.Дөнентаевқа өлеңдерін көрсетіп, сынатқан. Оның сол кездегі бірлі-жарым өлеңдері «Кооператив», «Қызыл әскер» сияқты, сол Сәбит сынынан өтіп барып «Жана ауыл» газетіне жарияланған. Бірақ, болашақ Халық жазушысы ол кезде өлеңді өндіртіп көп жазбаған. Оның өлең жазуға бүтіндей берілуі Алматыға келіп, журналистер институтына түскен кезінен басталады.

Алғашқы дәуіріндегі Дихан ағаның өлеңдерінде екі Сәбиттің де, Бейімбеттің де идеялық творчестволық ықпалы байқалады. «Соп-соп борозда», «Оянып кетпегенде», «Ызақор еді Серіағам» сияқты егіншілік, еңбек өмірін нақты суреттеген өлеңдерінде Диханның алғашқы ақындығы табылады. Мәселен, оның 1932 жылы жазған:

*Күркіреп ақты көк өзен,  
Көкала төлқын көкке атып.  
Тулатты төлқын тауларын,  
Кетердей жерді аударып.  
Долы Ертіске қарасаң,  
Баяғы ағын, сол ағын.  
Жуып жатыр таласын,  
Көпірдің діңгек балағын,*

деген «Көпір» атты өлеңінде ақынның суретшілік қабілеті айқын байқалады.

1930 жылдары Дихан өлеңді бүркыратып көп жазады, көп оқиды, білімін де, акындық тәжірибесінде толықтыра береді. Тек институт көлемі ғана емес, Алматыдағы әдебиетші-жазушылар ортасы да акынға үлкен мектеп болады. Диханның көптеген өлеңдері республикалық газет-журналдарда басылады. 1937 жылы «Қуат» атты өлең, поэмаларының жинағы, 1938 жылы «Шалқыма» атты поэмасы, 1939 жылы «Сүйемін» атты өлеңдер жинағы жарияланады.

Дихан шығармаларының ішінде жылы, суретті лирикалар да жұртшылықтың жақсы назарын аударған «Шалқыма» сияқты поэмасы да бар еді. Тақырып жағынан алатын болсақ, екі жинағына орта бір нәрсе: акынның «Қуат» поэмасынан бастап, «Чапаев», «Мерген бала», «Оқ», «Отан үшін» сияқты өлең-жырларына дейін бәрі де Отан қорғау, кеңес әскерінің жеңімпаздығын, күрестерін бейнелеуге арналған. Сондай-ақ «Испан қызы», «Ремедиос» секілді империалистердің басқыншылық арандату әрекеттерін әшкерелеуге арналған ұзақ сюжетті өлеңдері де Отан қорғау тақырыбын тереңдете түседі.

Осы жинақтарына кірген «Кел, жігіттер», «Қызыл жалау», «Таңертең», «Торғай», «Қызғалдақ», «Қырғыз қызына» сияқты лирикалары Диханның лирик-акын екендігін байқатады.

Дихан акындығының екінші дәуірі, яғни өсіп қалыптасқан кезі Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдарда басталады. Оның акындық жолда өсуіне толып жатқан себептер бар. Алдымен акын от пен оқ кешкен майданда жүріп солдат өмірін, соғыс уақиғаларын нақты жырлады. Шындықтың өзімен қоян-қолтық араласты. Ал қашан да болсын өмір шындығының өзі адамға ең ауыр мектеп қой, сол өмір соғыс шындығы акын қаламын төселдіріп, жетілдіре түсті.

Ұлы Отан соғысы акын поэзиясында ең орталық тақырып. Бұл тақырыпты меңгеруге акын әр жағынан, әртүрлі шеберлік, жанрлық ерекшелігімен келеді. Дихан бірқатар өлең-жырларында, поэмаларында сұрапыл соғыстың қатал жорықтарын, кеңес патриоттарының жауға деген ыза, кектерін, ерлік күрестерін баяндаса («Жұлдызды жігіт», «Біздің батыр полковник», «Жаңа жыл кеші», «Москва түбінде», «Неман», «Төмпешік»), енді бір келесі лирикаларында ол соғыстағы жауынгер солдаттың туған жерге, достарына, туыс-жақындарына деген сағыныш, жалынды ыстық махаббатын әралуан сюжет, акындық мотив, көркемдік формамен бейнеледі. Мәселен, олардың қатарына «Қоштасу», «Жан сөзі», «Сүйген жарға», «Мені де, сені де», «Сағыныш», «Күздегі жұлдыз», «Ақ үйде», «Күй», «Туған елге», «Тастақ», «От», «Тоты»,

«Қайда кеттін», «Сол күн үшін», «Бөбегім», «Ботакөз» т.б. өлеңдерін жатқызуға болады.

Бұдан басқа оның майдандағы солдаттың соғыс жағдайындағы тіршілігін, нақты тұрмысын, сезім күйлерін суреттеген лирикалары да қызықты. Диханның «Шылым», «Алабаған», «Құты», «Бұты», «Кәрлен кесе» жырлары осындай өлеңдер.

Дихан қазақтың басқа жауынгер акындарынан ерекше бір тақырыпты, атап айтқанда, Қиыр Шығыс, Жапониямен соғыс тақырыбын бырсыпыра жырлап қайтты. Бұл сол кезде қазақ поэзиясындағы тың тақырып болатын.

Диханның соңғы дәуірдегі поэзиясында лирикамен қатар эпикалық шығарма елеулі орын алады. Акынның соғыс тұсындағы поэзиясында суретшілік, сюжеттілік, шағын өлең арқылы белгілі бір ойды, тартыс түйінін қорытып отыру әдісі соғыстан кейінгі дәуірдегі шығармаларына тереңдей қалыптаса түседі. Тақырыпты меңгерумен шеберлігін жетілдіру акын үшін маңызды бір творчестволық мақсат болады.

Жоғарыда біздер Диханның табиғатты, өмір көркін жырлаудағы шеберлігі бала кезінен оянған талантының жарқ етпе көрінісі дедік. Мәселен, Алтай тақырыбына арналған лирикалары мен поэмаларында оның Ертісті, Зайсан көлін, Үлбе өзенін жарқын да сұлу суреттей алған шеберлігін танимыз. Жылдың төрт мезгілі, көктем, тың даладағы егіс тақырыбына арналған табиғаттың алуан түрлі құбылыстарын, сол жарастықты табиғат күшағындағы адамдардың еңбек өмірін берудегі суреттілігі көрінеді. Акын бірде:

*Қарашы Зайсан көлдің келбетіне,  
Көл бар ма мұндай сұлу жер бетінде?  
Толықсып көк толқыны көбік шашып,  
Қаз дауысын, аққу әнін тербетуде! –*

деп сұлу Зайсаның сипатын карапайым халықтың сөзімен жырласа, енді бірде:

*Адам жаны өлеңдеткен, жыр еткен,  
Жыл ішінде гашигындай мезгіл бар.  
Өмір қойған аты оның нұр көктем...  
Көк плюшке бөленді бар атырап,  
Көк ормандар жайды жасыл жапырақ,  
Көк өзендер қосіле ағып күркіреп,  
Теңіздерге құйып жатыр сарқырап...*

*Үлкенменен кіші әзілдеп құрбыдай  
Жай-күйіне жас салтанат құрды май  
Сезімніңді, лебініңді толқытып  
Өмір туын нұрмен желпіп тұрды май.  
Қаз бауыр бұлт жоғарыда қалықтап  
Орман шашын сәулесімен тараған  
Ай сүңгіді аспанынан шалқалап  
Ұлы анадай әлде болса балажан  
Күн шығады жас көктемді арқалап, –*

деп көктем көркін беруде ол ерекше ақындық тіл табады. Осындай дәл және ақындық шеберлікпен жазылған суреттер Диханның ақындық жолдарының өсуіне тиісті қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Дихан лирикаларының бірталайы нақты бір өмір объектісін, нақты бір тартыс түйінін баяндайды. Мәселен, оның «Өзен», «Өмірде бір ыстық шағын болады», «Алтай сұлулары», «Қорғасын толқыны», «Домбыра күйіне» сияқты шебер жазылған өлеңдері әрі шағын лирика, әрі сюжетті шығарма. Ақынның «Өмірде бір ыстық шағын болады» деген өлеңі жана жыр ырғағымен берілген, форма жөнінде ізденумен жазылған такпак. Өз Отанының қуатты жасағыш бейнесін ол осындай ізденумен жазылған шағын жырларында да ұтымды тапқырлықпен бере алады.

Дихан бірталай поэмалар жазған ақын. Әсіресе, соғыстан кейін Алтай тақырыбын лирикалы жыр көлемінде де дамытып, нақты жырлауда елеулі табыстарға жетті. Зайсан көлі, Ертіс, Үлбі өзендері, Алтай тауы бойындағы өмір көріністері, жана құрылыс, еңбек ерлігі ақын поэзиясының негізгі бір идеялық, творчестволық мотиві болды.

«Алтай жүрегі» (1953 жыл) поэмасы 1954 жылы орысшаға аударылып басылды. 1957 жылы бұл шығарма жөнделіп, толықтырылып «Таудағы ту» деген атпен қайта шықты. Осы поэманың жалғасы ретінде «Отты тасқындар» атты поэмасы 1956 жылы жарық көрді.

Бұдан соң ақын енді Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірбаяны, творчестволық қызметімен қатар қоғамдық қайраткерлігіне арналған «Ақын арманы» атты көркем шығармасын жазуға кіріседі. Дихан бұл іске дайындықпен келген болатын.

Баянауыл аудандық «Ленин туы», Қызылжарда шығатын Қарағанды облыстық «Ленин туы», республикалық «Социалистік Қазақстан», Жазушылар Одағының «Қазақ әдебиетіндегі» журналистік қызметін былай қойғанда «Жаңа әдебиет» кейін «Әдебиет майданы» журналында

жарияланған «Сырлы шкафтың сыры» мен «Танакөк» әңгімелерінен бастап өлеңмен жазған «Алтай жүрегі» романы және Некрасовтың «Русьте кім жақсы тұрадысынын» аудармасы поэзиядан прозаға салынған жолдың алтын көпірі болды.

Алдында роман болып жазылған бұл шығарма кейін үш кітаптан тұратын трилогияға айналды. Бұл еңбегін бастан аяқ жазып шығу үшін жазушы өзінің 16 жыл аяулы өмірін арнапты. Бірақ ол үшін ақын-жазушы ешқашан өкінбейтін болады. Себебі, онда өлмейтұғын мұра, өшпейтұғын тарих бар. Осы мақаланы жазу барысында біздер Д.Әбілевтің «Ақын арманы» трилогиясын тағы бір рет оқып шықтық. Соның барысында өзімізге төмендегідей ой түйдік. «Ақын арманы», «Арман жолында» және «Баянауыл баурайында» деп аталатын үш кітаптан тұратын бұл «Сұлтанмахмұт» трилогиясы қазақ әдебиетінің алтын қорына келіп құйылған шын мәніндегі құнды шығарма. Мұнда өмірі қысқа болғанымен өлеңі ғасырларға созылатын Сұлтанмахмұт сынды қазақ халқының ақынының образы беріліп қана қоймай, сол арқылы XX ғасыр басындағы қазақ елінің тарихы, қоғамдағы орны мен саясаты, әлеуметтік-экономикалық хал жағдайлары да алақандағыдай ашып көрсетіліп берілген. Шығарма сонысымен құнды. Иә, ақын арманы өлмейді. Жалғасын табады.

## 12. БУЫРҚАНҒАН, БҰРҚАНҒАН ЖЫР ТАСҚЫНЫ (Қалижан Бекхожин)



*Бабам қалап кеткен бе,  
Қат-қат сандық тастарын?*

*Келемін аттап бөктерде,  
Тебіреңтіп мені де,  
Аталар өткен асқарым... [120]*

Баянауылдағы Бекқожа балташының баласы Нұрғожа ақынның Қайыржан, Қалижан есімді ағайынды ағалы – інілі екі ұлы болған. Әкелері әсіресе үлкенін жанындай жақсы көріп:

*Нұрғожа бас жігіттің болған бірі,  
Тарқаған қалам алса көңіл кірі.  
Құдайға қазір алса ризамын,  
Артымда Қайыржаным қалса тірі, –*

деп өлең жолдарын да арнаған.

Алайда ғазиз әке балаларының болашағына бөле-жара қарамаған. Қос қанатына өрелі білім беру қамымен 1917 жылғы төңкерістің алдында ауылдан қалаға, яғни Керекуге көшкен. Кейіннен әкелерінің өздеріне деген мұндай қамқорлығына Қалижан: «Сірә, мен алты жасымда хат таныған шығармын. Мені әкем алты жасар кезімнен ескіше хат таңуға баулыды да, жалдамалы молдасымақтарға діни оқуға берді...

...Араб әліппесінің әріптерін атаудың өзі бір қиямет... «Бисін бе, биесін-би, Бәби-бо» деген бірдемелерді ежелеп бірнеше күн жаттап қақсайтынбыз. Алайда, сол бала шағымда араб әліппесін жете білгендігімнен қаншама таңғажайып қиссалар, аңыз-хикаялар, ертегі-дастандарды оқып шықтым. Әкемнің қос әбдіресі кітаптарға толы болатын. Сонымен қатар қаладағы татар дүкендерінде Бұқарада, Қазанда, Ташкентте басылып шыққан кітаптар көп сатылатын. Бала кезінде сол Қазан, Ташкент шаһарларында басылып шыққан қисса-дастандарды, батырлар жырларын түгел оқысам керек. Солардың ішінен бала кезімде оқығаным – татардың ұлы шайыры Ғабдолла Тоқайдың 1913 жылы шыққан «Көңіл тамшылары» атты өлеңдер жинағы. Әкем Абай, Сұлтанмахмұт, Мұрат өлеңдерін, Біржан-Сара айтысын, тегі сүйсіне оқыса керек», – деп ризашылықпен еске алған [121].

Ал, енді Қ.Бекхожиннің өзіне келетін болсақ әдебиет майданында жарты ғасырдан астам еңбек еткен жылдарында үлкен асулардан өтті. Оның өлең, поэмалары, әдеби сын, публицистикалық еңбектері, пьесалары том-том кітап болып басылып, театр сахналарында қойылды. Ол әдебиеттану және аударма саласында да елеулі еңбектер жазып, сонына өшпес мұра қалдырған белді де, белгілі әрі білікті суреткер ақын, жазушы.

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық ақыны Қ.Бекхожиннің өмірбаяны мен творчествосы жайлы әр жылдары жарық көрген баспасөз материалдарын былай қойғанда, мектеп оқушыларына арналған оқулық, хрестоматияларда, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулықтар [122] мен қазақ әдебиетінің тарихына арналған ғылыми еңбектерде [123] нақты бір жүйеге келтірілген көптеген тұжырым пікірлер білдірілген. Сондай-ақ, ақын творчествосын зерттеудегі әдебиетші Төкен Ибрагимов [124] пен ғалым Әбділхамит Нарымбетовтардың [125] да еңбектерін айырықша атап өткеніміз жөн.

Ақын Қ.Бекхожин әдебиетке отызыншы жылдары келген. Бұл туралы белгілі ғалым Р.Бердібаев: «Қазақ совет поэзиясы түрлі тың тақырыптарға барды, әр жанрда шығармалар туды. Жалпы алғанда, 30 жылдарда қазақ поэзиясы сан жағынан да, сапа жағынан да, жаңа қияға өрледі. Оның тұрақты да өнімді өкілдері ретінде І.Жансүгіров, С.Мұқанов, А.Тоқмағанбетов, Ә.Тәжібаев, Т.Жароков, К.Әбдіқалыров, Ғ.Орманов, Ж.Сыздықов, Ө.Тұрманжанов сияқты белгілі ақындар қызмет етті. Отызыншы жылдардың орта тұсында бұлардың қатары Ә.Сәрсенбаев (1905), Қ.Аманжолов (1911–1955), Ж.Саин (1912–1961), Қ.Бекхожин (1913), Қ.Сатыбалдин (1917–1970), М.Хакімжанова (1906), Д.Әбілев (1907), А.Жұмағалиев (1915–1941) тәрізді ақындармен көбейді», – деп жазды [126].

Шынында да Қалижан кезінде әдебиет әлеміне:

*Ерке өскен еркін елде мен бір жаспын,  
Туғаннан тың ғасырмен мен сырласпын.  
Ержеттім толқынды өмір арасында –  
Сондықтан менің жырым-өрен тасқын, –*

деп буырқанып келген жастың бірі еді [127].

Өзіне де, сөзіне де сенімді ақын:

*Еркінмін, бұлтты жарып көкке ұшамын,  
Бұзамын мұхиттың да мұз құрсауын, –*

дей келіп одан әрі:

*Гүл орман, Отанымда шаттық өмір,  
Теңіздей көтерілген шалқып көңіл.  
Сайраған бұлбұлдары сол орманның,  
Жан-жақтан жастық жыры толқындап тұр.  
Шырқаймын мен де бірге шаттық сырын,  
Жырыммен жаңғыртатын таудың шыңын, –*

деп шарықтап кетеді.

Бұл туралы ғалым Ә.Нәрімбетов: «Отызыншы жылдардың орта тұсында поэзия әлемінің табалдырығын аттаған ақын Қ.Бекхожиннің алғашқы туындыларынан байқалатын жай: оның шығармаларында сол тұстағы уақыт тынысының сезілетіні. Ақын бірден халық өмірінің дүбіріне құлақ қойып, идеал-мақсатын жырлауға ұмтылды. Өз заманының көкейкесті мәселесін толғауды басты ақындық парызым деп білді. Бұл бағыттағы оның шығармаларының идеялық нысаны зйқын еді. Ал, көркемдік сапа тұрғысынан қарағанда, олардың дені алғашқы творчестволық тәжірибелер, тұңғыш барлау ізденулер екені көрініп тұр. Көркемдік шеберлік жолындағы ақын алар биік асулар алда болатын», – деп жазады [128].

Иә, ақын алар асулар алда болатын. Бұған оның әсіресе, Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған жырлары куә. Бұл сұрапыл майдан жылдарында Қ.Бекхожиннің де творчествосының жауынгерлік рухы күшеюмен қатар, қаһармандардың келбеті де айқындала түсті. Ол, ә дегеннен-ақ «Кек дабылы» деген өлең жазып:

*Кеудемізде кек қайнаған,  
Кекпен өзен отқа айналған.  
Қаһарлы айқай салған шуды,  
Дүниеде кім ашулы?  
Біз, жігіттер, –  
біз ашулы!  
Біз ашулы,  
Намыс оты  
Бойды өртеген, жалын қысқан.  
Ашындырды, арга тиді,  
Бүлік салып бізге дұшпан, –*

деп халықтың бойындағы жауға деген өшпенділікпен, шексіз ашу-ызаны дәл тауып, тұтандыруға тырысты.

Бұдан кейінгі ақынның екінші бір өлеңі «Кәдімгі біздің Қошқарбай» деп аталады [132]. Мұнда ол жауды талқандауда шынайы ерлік көрсеткен қарапайым қазақ жігіттерінің бейнесін:

*Сонда неміс сұмына  
Оқ боратып дауылдай,  
Қағысқанды қандатып  
Қабағына қан қатып,  
Түнерді түсі аспандай –*



*Қан қырғында жүр екен,  
Кәдімгі біздің Қошқарбай, –*

деп тебіріне жыр жолдарына қосты.

Қ.Бекхожиннің Ұлы Отан соғысы жылдарында жазған туындыларының белгісі де, бірегейі боп оның «Партизандар» және «Партизан анасы» деп аталатын жырлары болып табылады. Бұл жайында белгілі ғалым Ә.Нарымбетов жоғарыда аталған монографиясында: «Мәселен, ақын Қ.Бекхожин «Партизан анасы» атты балладасында белгілі бір нақтылы сюжетпен партизан өмірін айқын суреттеуді мақсат еткен. Шығарманың бас кейіпкері партизан және оның кәрі анасы. Жорықта жүрген партизан ұлына деген ананың сағынышын ақын тебірене толғайды. Әр ананың өз перзентінің тірлігін тілейтіні заңды құбылыс. Сол әрбір әзиз анадай партизан анасы да ұзақ мерзім жорықта жүрген ұлымен жүздесуді арман етеді. Ұлым тірі ме, өлі ме деп көкірегі қарс айырыла күдіктенеді де. Сөйтіп, жаумен үш жыл майдандасқан ұлын іздеп ана жолға шығады. Сол жерде фашистер ананы қоршап «партизан ұлын қайда, тауып бер?» деп қысады. Жау аузынан өз ұлының тірі екенін естіп қуанған ана сезімін ақын оның өз сөзімен жеткізе алған:

*Ей, залымдар өлтір мені,  
Жыламаймын, мен қуанам.  
Тірі екен ғой сендерге ойран  
Салып жүрген менің балам.  
Қуанамын тірлігіне,  
Қарашығым еді менің,  
Қуанамын ерлігіне  
Сақтап жүрген ана кегін... [129]*

Бұдан кейін жауыздардың анаға оқ атуы алдындағы ана арманы, қиялы өдемі бейнеленген. Сезім суреттерін бере отырып, ақын шығарма кейіпкерлерінің биік бітімін шынайы мүсіндеген. Олар: жауды талқандап жүрген ер партизан және оның абзал анасы», – деп әділ бағасын берген. [134]

Саяси, азаматтық лириканың бастауы сонау С.Сейфуллин, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлиндерден басталады. Ал, осы саяси-азаматтық лирика Қ.Бекхожиннің творчествосынан басты орын алады десек қателеспейміз. Бұған оның «Отан», «Жер», «Бейбітшілік» тақырыптарына арналған:

*Сол ғана інім, сол тілек,  
Сол тілек ізгі, сол күшті!*

*От алмасын зеңбірек  
Тыныштық жеңсін соғысты,*

.....  
*Аузында ажал оты бар  
Атомдар бейбіт жол алсын,  
Ашуы мұзға атылар, –*

деп басталатын «Тұрсын дүние бабында» [130] деген сияқты өлең шумақтары куә.

Осы арада арнайы сөз етуге тұрарлық екінші бір мәселе Қ.Бекхожиннің творчествосындағы замандас бейнесі. Мәселен, ол «Адамзатқа маймыл ата дегенге» (131) деп аталатын өлеңінде:

*Адамзатта күннің ізгі нұры бар,  
Пейілі бар, күндей жылы, мерейлі.  
Адамзатта – жалын да бар қуырар –  
Жаусыздықты жерге төнген үрейді.  
Адамзатта – асқан дана ақыл бар,  
Дүниеге теңіз болып шалқыған.  
Күдірет бар, бағынатын атомдар,  
Қасиет бар тұлғасына сәй туган, –*

деп замандасын ең биік дәрежеге көтереді де, кен-копарған кенші мен қызу еңбектің қазанында қайнаған жұмысшыны, ел ризығын жиып жүрген диканды, дала төсін төрт тұяққа толтырып отырған малшыны, зәулім үйлерді тұрғызушы құрылысшыны («Жезқазған жырлары», «Кеншімен сырласу», «Шахтер мақтанышы», «Комбайншы қыз», «Қарт шопанды ойладым», «Құрылысшы жыры») осының дәлелі ретінде айызын қандыра тебіріне жырға қосады.

Өсиет өлең шығару дәстүрі казак поэзиясында ертеден бар. Оған Бұқар жырау Қалқаманұлының, Ыбырай Алтынсаринның, Абай Құнанбаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Сәбит Дөнентаевтың, Тұрмағамбет Ізтілеуовтың көптеген өсиет өлеңдері дәлел. Бұл салада Қ.Бекхожин де аз еңбектенбеген. Сондықтан оның «Әркімде бір қате бар», «Туысыма», «Ақын ініме», «Қайғың болса», «Жұрт көзінше күрсінбе», «Егер шықсан асқарға», «Ұмыт бәрін», «Бес ешкіні қудым деп» аталатын жырларын қазіргі поэзиядағы өсиет өлеңдерінің тәуір нұсқаларының қатарынан табатынымыз орынды. Мәселен, ол бұл тұрғыдан алғанда кейінгі ұрпаққа:

*Ұмыт, –  
Көрген запыңды күншілерден,*

*Өсектерді соңыңнан сыңсып өрген,  
Еске сақта әзілін достарыңның,  
Кірбің кезде көңілді бір көтерген,  
Ұмыт, –*

*Ұсақ өкпенді туысыңа,  
Қалмасын зіл кеудеңнің қуысында.  
Жадырай бер мереймен, ізгілікпен,  
Кеңір сонда кеудең де, тынысың да, –*

деп өсиет айтады [132].

Сондай-ақ, Қ.Бекхожин нақыл шумақтар да жазған ақын. Бұл туралы ғалым, зерттеуші Ә.Нарымбетов: «Арғы-бергі қазақ поэзиясында өсиет өлеңдермен қатар нақыл шумақтар шығару дәстүрі де ежелден бар. Сырттай қарағанда өсиет пен нақыл өлеңнің табиғатында үксастық та байқалады. Іштей үңіліп, ажырата қарағанда, айырмасы да көзге түседі. Өсиет өлеңнің көлеміне қарағанда нақыл өлеңнің мөлшері шағын келеді. Өмір тәжірибесінің сығынды жиынтығындай философиялық ғибраттылық ой-пікір нақыл шумақтың өзегі болып отырады. Бұл ретте ол мақал-мәтелге де жуықтап калады. Бірақ нақыл шумақ мақал-мәтел емес. Сол нақыл шумақтардың біразы өмір сынынан, халық талғамынан өтсе кейін біразы мақал-мәтелге де айналып кетуі мүмкін. Сондықтан ақындардың нақыл шумақтарын кейінгі уақытта шығуы ықтимал мақал-мәтелдердің арсеналы десе де болғандай» [139], – деп жазып нақыл шумақтарға тың көзқарас білдіріп, орынды баға береді. Ғалымның бұл ой-пікіріне ақынның:

*Таудай толқын болса да,  
Сұға батпас қасқалдақ,  
Қанша боран соқса да,  
Қыран ұшар аспандап,  
Таусыла сыр айтқаннан,  
Томсарғаның ірілік,  
Сөйлесуге баптанған,  
Сырласыңның сырын ұқ [133], –*

деген нақыл шумағы толық жауап беріп тұрған, үндес-өзектес жыр жолдары деп білеміз.

Қ.Бекхожин эпик ақын. Сондықтан да оның қазақтың эпикалық поэмаларының даму, өркендеу процесіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Көзі тірісінде 40-тан астам өлең жинақтары шығып, жиырма шақты ірі

поэмалар жазған акынның шығармаларында кісі аттары, кейіпкерлері өте көп. Бұл жайында ол кезінде: «Мен жазған жиырма шақты поэмалардағы кейіпкерлердің көпшілігі – тарихта болған белгілі адамдар немесе өмірде шындық негіздері бар бейнелер. Сол кейіпкерлердің бір катарын мен өз көзіммен көрдім, олардың абзал өмірінен, әйгілі істері жайында өздерімен танысып, сұхбаттасқан едім. Тегінде, тарихтан анық естіп білгенімді немесе көріп жете барлағанымды жазуға мен ертеректен бейімделдім», – деп жазған [134].

Қ.Бекхожиннің алғашқы жазған поэмасы «Кек» деп аталады. Ол 1938 жылы «Лениншіл жас» газетінің бетінде жарияланып, оқырманнан тиісті бағасын алады. Поэманың бас кейіпкері азамат соғысының қаһарманы – Балтабай Баратбаев. Автор дастанында халық аңыз етіп айтқан, өзі дер кезінде естіп-білген оқиғасын, азамат соғысының ері Балтабай бейнесін былай деп жырлайды:

*Онда мен жетідегі жүгірмекпін!  
 Ұқтым ба дүбірлеген сырын көптің?!  
 Зеңбірек күркіресе қызық көріп,  
 Қызыл ту желтілдесе күлімдепін...  
 Соңынан солдаттың мен жүгіремін  
 Сол күннен ұмытылмас сыр білемін.  
 Шықты деп шулы батыр Керекуден,  
 Естіген бала күннен жырым менің.  
 Геройым – аты шулы ер Балтабай,  
 Байға қас, жарқылдайтын ақ балтадай,  
 Кегіне жарлы жұрттың жанын қайрап,  
 Ел сүйген ерліктері еткен талай...*

Арада 44 жыл өткен соң «Кек» поэмасына байланысты үлкен оқиға болады. Ол туралы акын: «1982 жылдың 10 ноябрінде совет милициясының 60 жылдық мерекесі кезінде Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі мені телевизия арқылы сөйлеуге шақырды. Бақсам милиция ардагері Балтабай Баратбаев есіміне республикалық жүлде белгіленген екен. Сол жүлдені милицияның өнегелі қызметкерлеріне сол мерекелі күні тапсыруды ұйғарыпты. Милиция ардагерін тұңғыш жыр еткен маған «Кек» деген поэманыздан үзінді оқып, Балтабай туралы естелік айтыңыз деп өтінді. Милиция басшылары, елу милиция қатысқан телевизиялық бұл жиынға Балтабайдың туған баласы, қазір жасы ұлғайған Сапар Баратбаев та қатысты. Мен халықтың тәртіп, өнегесін сақтаушы, игілігін қорғаушы абзал азаматтарға Балтабай туралы естелік айтып, «Кек»

поэмасынан үзінділер оқып бердім», – деп еске алады кейінірек жазған естеліктерінің бірінде [135].

Қ.Бекхожиннің келесі бір дастаны «Орман кызы» деп аталады. Акын 1938 жылы жазылған бұл поэмасы үшін 1939 жылы комсомол сыйлығының лауреаты атағына ие болған. «Орман кызының» басты кейіпкері Қарлығаш есімді әнші қыз (Күләш Байсейітова) бейнесін акын:

*Жарқ етіп шықты міне сахнаға,  
Тұр екен ән толқыны дәтін ала.  
Көзінен кереметті ұшқын атты,  
Солай бір серпіледі ақын ғана.  
Сылдырап шашындағы ақ шолпысы,  
Желбіреп ақша гүлдей шоқ үкісі,  
Майысып құба талдай топ алдында,  
Жымиды құлпырды да сұлу түсі  
Күмбезге күміс төгіп әні кетті,  
Сарайдың залдарын жарып өтті.  
Кең дала жазығындай ән жайылып  
Аңсаған алыстарға ағып жетті...*

деп шарықтата жырлайды.

Эпик акын өзінің «Ақсақ құлан» поэмасын 1939–1940 жылдары жазып, алғашқы нұсқасын «Әдебиет және искусство» журналының 1940 жылғы сандарында жариялатқан. Кейін, 1963 жылы автор бұл дастанына қайта оралып, өңдеп жаңғыртқан:

*Жейхунның самал соқпай кең арнасы,  
Тулақтай тақыр болған көгал басы,  
Жағасын қалың тобыр жаугер басып,  
Алқапта айбат шеккен хан ордасы.  
Моңғолдың маңғыт қырған қоналқасы,  
Адырда, алау жұтқан Сығанақтың,  
Қалыпты қалалардың қараң тасы,  
Әлі де суыған жоқ қоламтасы.  
Шығысты шеңгелімен уыстаған,  
Шыңғыстан ұлыс бар ма ығыспаған.  
Өзіндей ажал түсті обыр ұлы,  
Жошы хан мұнда келіп тыныстаған.*

Бұл сипаттама тарихи шындықты елестетеді. Ал, күйші тұлғасы, іс-әрекеті, күйшінің сүйікті жары Еліктің сыр-сипаты творчестволық

қиялдан туған жәйттар. Тарихи шындық негізі бар, оқырман жұртшылыққа белгілі, сыншылар тарапынан да жақсы баға алған, орыс тіліне аударылып (аударған белгілі ақын Владимир Соколов) бірнеше рет жарық көрген бұл туындының өз творчествомның шоқтығы деп мәртебе тұтамын. Поэманың поэзиялық қасиетін, әсем өрнектерін, күй сарындарын оқыған адам менің бұл мақтанышымды бекерге шығармас...», – деп жоғары көңіл-күйін білдіреді ақын [136].

Қ.Бекхожиннің тарихи тақырыпқа «Ақсақ құланнан» кейінгі жазған екінші бір көрнекті еңбегі «Мариям Жагорқызы» деп аталатын поэмасы болып табылады. Ақынның бұл шығармасының да екі нұсқасы бар. Оның алғашқы варианты 1949 жылы жазылып, 1950 жылы жеке кітап болып басылып шықса, жөнделіп түзетілген екінші жана нұсқасы 1954 жылы аяқталып, 1955 жылы жеке кітап болып жарияланған. Бұл туралы автордың өзі кезінде: «Поэманың уақиғалық мазмұны көпшілік оқырмандарға танымал болса керек. Бұл дастаным қазақ тілінде де, Москвада орыс тілінде де бірнеше рет басылды. Оқырман, сыншы қауымының дастаныма білдірген ізет ықыластары, берген бағалары мен үшін ізгі сүйеніш, әсіресе, әдебиетіміздің ардагер, ұстаз жазушылары Мұхтар Әуезов пен Сәбит Мұқановтың: «Мариям Жагорқызы» поэмасы жайында кезінде білдірген ізгі пікірлері менің қаламымды биіктерге сермеуге зор шабыт, мерей туғызды», – деп тебіріне еске алған. [137]

Бұдан кейін ақын 1950 жылы жұмысшы, шахтер өмірін суреттейтін «Қамбар ағай» және 1957 жылы Жезқазғандағы кеншілердің, инженерлердің бейбіт құрылыс жылдары мен Ұлы Отан соғысы кезіндегі өмірлеріне арнап «Ақан Ақтаев» деген поэмаларын жазды. Соңғы дастанына 1962 жылы қайтадан оралып, «Тұрлаулы тағдыр» деп өзгертін, тың деп берді.

Қ.Бекхожиннің келесі «Дала комиссары» деп аталатын поэмасы азамат соғысының ардагері Әліби Жанкелдиннің өмірбаяны мен ерлік істеріне арналған шығарма. 1960 жылы басыла жүзін көріп, орысшаға аударылған.

Енді, осындай жырларымен халыққа әбден танымал болған дауылпаз ақын 1964 жылы қазақтың «Сыр сандығы» атанған ақын ақын Сәкен Сейфуллиннің өмір-тағдырына арнап «Сұңқар туралы аңыз» поэмасын жазады. Ақын ақын туралы шығармасында:

*Күдері көңілімнің күрт үзілді,*

*Аспанға буралардай бұлт түзілді.*

*Жаңағы күн шуағы жоғалды да,*

*Суық жел соға қалды бүркіп зілді,  
Жалбырап қара шашым жүгірдім мен,  
Үрейлі жапырақтың сыбдырымен  
Сол үйге ол да мендей қарап төнген  
Қаптаулы терезелер қара тормен  
Сұңғақ бой көрінбейді стол бос тұр  
Сұңқар жоқ тұғырында қанат көрген, —*

деп шарк ұрады, жоғалғанын іздейді, оның себептерін қарастырады.

Сондай-ақ, адуын акынның қаламынан 1967 жылы «Кремль сақшысы», 1969 жылы «Соңғы сайран» атты поэмалары туындады. Алғашқы дастанның басты кейіпкері Кремльдің алғаш сақшыларының бірі қазақ Әли Сәрсенбин болса, соңғы дастанның геройы – акын, композитор, әнші Ақан сері Қорамсақұлы. Бұл поэманың жазылу тарихы жайында автордың өзі «Өлең өткелдері» атты еңбегінде: «Тегінде мен творчестволық бағытымда, жас шағымнан бері ардагерлер, өнерпаздар өмірін, өткендегі әнші, күйші, ақындар тағдырын жырлауға күштар болдым... Сондай тақырыпқа арналған поэмалардың бірі «Соңғы сайран». Бұл шағын дастан атақты Ақанның серілік, әншілік сырлы өмірі жайында емес, бұл жырда Ақанның тек соңғы бір күйінішті шағы, сері жанның сайран, думаннан, Ақтотыдай сүйген аруынан, Құлагер сынды тұлпарынан, бөктергілерді бүретін қыран құсынан айырылып, жасы да, еңсесі де еңкейіп, Қоскөл жағасында жалғыз қалған аянышты халі қасіретпен шарк ұрған қиялын сипаттайды.

*Аулақта, қызық думан алтыбақан,  
Ауыл жоқ айналада алқа қотан.  
Күрсінсе сақалынан жас тамшылап,  
Қоскөлдің жағасында отыр Ақан.  
Жағасын бұлт басқандай қарайған маң,  
Үстінде сағым да жоқ арайланған.  
Қус та жоқ, қыбыр да жоқ өңірінде,  
Оқшау көл көшкен жұрттай қараң қалған.*

Бұл поэмада жыр болған жайт ел аузындағы аңызға негізделіп, автор Ақан қайғысын өзінше толғайды. Ақан сері жайында жазылған өзге шығармаларда Ақтотының Ақанның өз қолында қаза тапқаны ашылып айтылмайды (Адуынды албырт серінің күйгелек қызғанышынан туған уақиға ғой). Мен осы жайды күйінішпен жырладым:

*Өтсе де оған көп жыл-өрішті сол шер,  
Алысып, албырт арман өксіген ер —*

*Кешірмей бөбек қыздың еркелігін,  
Сілтеген сұлуына сері семсер...  
Кетпеді жүрегінен сол бір қайғы,  
Сонау шақ көрген түстей бұл ырайды...*

Сонда ауыр сағынышпен таяғын домбыра етіп, бебеу қаққан бейбақ Ақанға көл тереңінен сексен қызбен қосыла ән шырқап, Ақтоқты сыландап шыға келеді:

*Серім-ау, киесі едім құба белдің,  
Бұл көлге семсеріңнен құлап едім,  
Зарыңды күңіренген естідім де  
Сілкініп су астынан шыға келдім.  
Суңқарым, ұмыттың ғой сол кінәмді,  
Кетіп ең құйындатып ақ құланды  
Сағындым, әуеніңді сұңқылдаған,  
Бұлбұлым, шырқашы бір сол бір әнді...*

Шерлі Ақан көлден шыққан ғашығын бұрынғысынша қайта күшып сүйеді, қайта масайрайды.

*Білмеді қыз ойнақ па, жын ойнақ па?  
Осылай түндер өтті бұл аулақта.  
Дауасын ескі дерттің тапты солай,  
Делбедей басы дел-сал ауған шақта.*

Ел аузындағы, аңыздағы бұл дастанда осындай символикалық, романтикалық махаббат трагедиясы жыр болады. Айта кетелік, аса сезімтал, қиялы ерекше кейбір адамдар есі адасуына байланысты галлюцинация яки жалған құбылыс көзіне елестейтін әдет болады. Мүмкін, ел аңызы Ақан қиялында елестеген жәйтке байланысты шығар...», – деп сыр шертеді [138].

Бұдан басқа Қ.Бекхожин 1970–1974 жылдар арасында «Мамырстан», «Шардара», «Америка хикаяттары», «Гималай сарыны», «Ертіс хикаясы» атты поэмалар жазған. Енді осы шығармалардың оқиғалар желісіне қысқаша болса да тоқталып кетелік. «Мамырстан» дәуір туралы толғау-жыр. Ақын бұл толғауын республикамыздың құрылғанына 50 жыл толуына арнап, халқы үшін «Жиделі байсы» жерін ансаған Асан Қайғыдан бастап, кейінгі дәуірдің дана жырауы Жамбылға тоқтап, молшылық кезеңін мақтауға айналдырады. Ал, «Шардара» (Теңіз дастаны) поэмасы болса еибек адамының ерлік жеңісіне арналған шығарма. Онда далаға қол күдіретімен теңіз орнатқан адам күдіреті сөз



Болалы. Бұл поэма қазақ тілінде екі-үш рет және Москвада орыс тілінде басылып шыққан.

Келесі «Гималай сарыны» мен «Америка хикаяттары» атты поэмалары сюжет жағынан бір-біріне ұқсас, сарындас болып келеді. Екі поэма да сол кездері орталық газет-журналдарында басылған материалдарға негізделіп жазылған. Бірінде Эверест шыңына өрмелеп шығып, ООН-ің туын тіккен үнді жігіт Хоршахонаның ерлігімен оның европалас әріптестерінің жауыздығы сөз болса, екіншісінде негрлер арасынан шыққан әлеуметтік қайраткер Анджела Дэвистің бейбітшілік жолындағы күрескерлік іс-әрекеті:

*Дуылдап ақ мырзалар ара сынды,  
Сол қызға тұтандырды бар ашуды.  
Торда отыр тас түйіліп түйгын құсап,  
Негрдің от жанарлы қарашығы... –*

деп суреттеледі.

Ақынның үшінші бір нақтылы тарихи негізге құрылған шағын хикая дастаны «Ертіс хикаясы» деп аталады. Онда Қазақстан совет өкіметі орнағасын да «Ертіс жағалауы ежелден Сібірге жатады, Семей, Павлодар атырабы Сібір өлкесіне қарауға тиісті» деген талаппен Лениннің алдына барып жүгінген орыс Смирнов пен оған керісінше Ертістің бұл жағалауындағы ел мен мекен ежелден қазақ елінің қонысы екендігін дәлелдеген қазақ Кәрімінің (Ғалым Тәжібаев) арақатынасы анықталып, солардың негізінде пролетариат көсемінің бейнесі сомдалған. Осыған қарап Қ.Бекхожин үнемі поэма жазумен шұғылданған екен деген ұғым туындамауға тиіс. Мәселен, бұдан басқа ақынның әр жылдары жазып оқырманнан лайықты бағасын алған «Қыз кеткен», «Манырақ марқасқасы», «Күзетші», «Бетпақ елестері», «Карл патша мен алтын арқар», «Аксақ Темір және ақын», «Арагва», балаларға арналған «Қамбар ата», «Ата мен Атан», «Бакыт іздеген бала», «Негр Джеймс», «Джон негр баласы» және т.б. балладалары мен мазмұнды жырлары бар.

Міне, ақынның осындай көптеген лирикалық жырлары топтасқан жинақтарының бірі «Менің замандастарым» деп аталады. Мұны айтып отырған себебіміз ақынның осы өлең кітабына 1978 жылы, осы жинақтың авторына Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағы берілді.

Қ.Бекхожиннің ақындық творчествосына тоқталғанда оның 1973 жылы жазылып, 1974 жылы жеке кітап болып шыққан, 1980 жылы

әзірбайжан тіліне аударылған «Әппак-нама» поэмасына тоқталмай кетуге тіпті де болмайды. Сонау XII–XIII ғасырларда өмір сүрген әзірбайжан халқының ұлы ақыны Низами Бижәбидің ғашық болып үйленген аруы кыпшақ қызы Әппак екен. Мұны Низамиға қазақ ақыны Қалижан:

*Каф тауымды топан басты,  
Төнді маған ақыр заман.  
Мың бір түнге мың жалғасты,  
Өлді менің Шаһризадам.  
Мынау жалған айдынында,  
Дауыл соқты қайығымды  
Қалдым батып қайғы-мұңға,  
Қанатым да қайырылды.  
Туңғиықтан тапқан сүңгіп,  
Жоғалттым мен гауһарымды  
Тіл күрмеліп, қалдым мүлгіп,  
Тас төбемнен тау жарылды...  
Мөлдіретіп моншақ жасты,  
Саусағымды жайдым айға  
Мені Мәжнүн жыны басты,  
Уа жасаған, Ләйлім қайда? –*

деп жырлапты.

Ақынның «Мамырстан», «Әнет-бабан», «Менің замандастарым», «Ұлытау сарыны», «Сері күйші» деп аталатын екінші бір топ поэмалары лирикалық-публицистикалық шығармалар қатарына жатады. Мәселен, таза тарихи тақырыпқа жазылған «Әнет бабан» дастанын алып көрелік:

*Босқын жұрт сеңдей шұбан,  
Бейне тау сілкінгендей.  
Еңіске жатыр топырлап құлап  
Қанға боялған Қаратау бұлақтары  
сыңсығандай...  
Тар асуда қыз жатыр бұрымы кесіліп,  
Қасында маймыз басты дүрбіт жүр есіріп...  
Ал қалың құмырсқадай қыбыр топ,  
Айдағандай желкесінен нұқып,  
Жатыр басып, жатыр зытып, –*

деп XVIII ғасырдағы жоңғар шалқыншыларының қазақ халқына жасаған қанды жорықтарын көрсетсе, енді бірде Әнет бабаның босқын

халыққа жігер беріп, ес жиюға үлдеген, күреске шақырған төмендегідей толғауын береді:

*Кенет Қаратау ышқына бір қақырып,  
Қара бұлтын сеңше сапырып, күркіреп,  
Назағайы жарқылдап,  
Қарияның көз жасындай  
Бұршақтары домалап  
Босқындардың бастарына құйылды,  
Ал Жақпардағы қайсар қарт  
Найзадай жауға шүйілді.  
Қар бұршақты мұздай құрсанып,  
Қылшылдап тілін тістеніп,  
Тебірене теңселіп,  
Қосалқы жауға қасқып,  
Кек таяғын кезеніп,  
Қатты да қалды қалшып.*

Қ.Бекхожиннің екінші бір таза тарихи тақырыпқа жазылған поэмасы «Сері күйші» деп аталады. Бұл ел қамын жеп көз жұмған Қорқыт күйші жайындағы драмалық шығарма. Бұлардан басқа ақынның «Ұлан асу» және «Жамбыл мен Айкүміс» атты пьесалары да бар. Мәселен, оның алғашқы пьесасын Алматы, Қарағанды, Шымкент театрларының сахналарында қойылып көрермендердің ыстық ықыласына бөленіп үлгерген дүние. Онда жоңғар шапқыншыларына лайықты тойтарыс беріп, халық мақтанышына айналған Абылай, Бөгембай, Жәнібек сияқты батырлардың асыл бейнелері сомдалған.

### 13. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АЛДАСПАНЫ (Мұзафар Әлімбаев)



Қазақстанның халық жазушысы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, сонымен қатар Абай атындағы және Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтардың да лауреаты, мәдениетке еңбегі сіңген қызметкері, Ы.Алтынсарин медалінің иегері, Қазақ Республикасы мемлекеттік гимні авторларының бірі, көрнекті ақын, көп қырлы талант иесі Мұзафар Әлімбаевтың атамекен қонысы Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты Қызылтау, қазіргі Ж. Аймауытов (Жосалы) елді мекенінің Қаратөбе ауылы болса өзі Шарбақты ауданының «Қызылтау» ауылында туған.

Руы: Арғын, Мейрам, Шегендік; Қақсал, Қақсалдан – Қоңыр, Жалба, Шөңкібай, Жұмаш; Әлімбай, Айтмағамбет. Айтмағамбеттен-Зүфар, Мұзафар. Мұзафардан – Арнұр, Жаннұр, Баламер. Арнұрдан – Әсет, Жәнібек. Жаннұрдан – Ая, Әсел. Баламерден – Бақтияр, Балнұр.

Мұзағанның құдай қосқан жары – Шапау жеңгей. Руы – Қаржас. Биыл екеуінің отау тігіп, шаңырақ құрғанына 48 жыл толыпты. Мамандығы тарихшы. Ұзақ жылдар бойы жас ұрпаққа білім, тәлім-тәрбие берумен айналысқан жан.

2000 жылға дейінгі мағлұмат бойынша М.Әлімбаевтың әр алуан жанрдағы елуден астам төлтума кітаптары жарық көрген, таңдаулы өлең-жырлары әлем халықтарының 39 тіліне аударылған. Сонымен қатар ол 300-ге тарта өн-өлеңдердің авторы. Бұл туралы кезінде ақын шығармашылығын көбірек зерттеген, белгілі сыншы Б. Сахариев: «Мұзафар қызығы да, қиындығы да, бейнеті де зейнеті де мол творчестволық жұмыстан бір күн мойнын босатпай, өз талантын тынымсыз, толассыз толғаныс, тебіреніс ар-

қылы, іркілмей іздену арқылы шыңдап, біртіндеп өсіп, өндіре жазып келе жатқан жемісті қаламгер», – деп жазған болатын.

Иә, шындығында да солай. Тоталитаризм тұсындағы кіріптарлық, теңсіздік, зорлықтар жағдайында патриот ақын, азамат қаламгер М.Әлімбаевтың өлең-жырлары да ұлттық намысты оятып, тәуелсіздік үшін күреске шақырғаны ақиқат. Ол тұста қияметтей қиын тақырыпты ашықтан-ашық ащы айғайға басып, жалаңаш жазуға болмағандықтан тек қиюын тауып қана, өте нәзік тәсілмен қана жырлауға керек еді.

Міне, сондықтан да ақын М. Әлімбаевтың сонау 1961 жылы жазылған «Жапанда жалғыз алма ағаш» деген өлеңінде: Қаратау қапталынан жалғыз алма ағашын көріп, карт тарихқа үніледі:

*Алқакөлде сұлама  
 Үдіре көш шұбаған  
 Құлағанда еңіске  
 Жерге түскен жеміс пе?  
 Мынау алқап-атырап,  
 Мынау торғын топырақ  
 Онда тұтас бақ па екен  
 Өртеп кеткен жау бөтен?–*

деп сұрақ қояды да, қазақ жерін құлазытқан кілен басқыншылардың қиянаты екеніне ишара жасайды. Оқырманды сондай ойға жетелейді.

Өлеңін автор былай түйіндейді:

*Тарлан ата-бабамның  
 Тарихына адалмын...  
 Жүдеп шықтым бір ойдан  
 Түлеп шықтым бір ойдан  
 Жемісі де – мирасым,  
 Кейісі де – мирасым.*

Тарихқа адалдық оны бұрмалауға жол бермей, туған халқымыздың туын көтеріп, азаттығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен айтулы батырларды ұмытпай, азаткерлік дәстүрді жалғыстыру екенін де оқырманға жанама түрде ұқтырады, өткен заманның жемістері ғана емес, қасірет, трагедиясы да біздің жүрегімізде, жанымызға батады, яғни бүгін де қазақ халқы қайғы-қасірет шегіп отыр дегенді де ишарамен аңғартады.

Тағы да сол 1962 жылы жазылған бір рубанида автор:

*«Мынауың,-дейді біреу,-ойбай кесір:  
 Көрсетпе, атын айтпа, давай өшір.*

*Кітапта бос бет бар ма?! Тарих-кітап,  
Қымбаттар орнын табар... ағай кешір»*

Тап сол тұста, коммунистік идеологияның қызыл көз қырғи қарғалары анталап, жалақтап отырған тұста былай деп жырлау нағыз азаматтық, өжеттік болатын.

Осы орайда теңсіздіктің тізе-теперішін ұзақ жылдар кешіп, іштей өксіп жүрген халқының халін ойлаған ақын М.Әлімбаев өткен ғасырдың 60-шы жылдарының орта тұсында:

*«Нанбаңдар бейпіл жантыққа,  
Адамнан адам артық па?!  
Нанбаңдар жауыз жантыққа  
Халықтан халық артық па?!  
Балаңнан балаң кем де емес,  
Ақыл мен ойға кенде емес.  
Адамнан адам кем де емес,  
Халықтан халық кенже емес», -*

деп бұрынғысынан өлде қайда ашық сөйлеп, жалпыны елең еткізгендей болады.

Аға халық, іні халық деген жоқ, ешбір халық кенже-кіші, күйкі емес. Бәрі де тең құқықты болуы тиіс!

Яғни, бір халық екінші халықты иінінен басып, еңсесін түсіруге тиіс емес! – деген идеяны оқырманның санасына ап-анық түрде күйғандай әсер қалдырады.

Соғыстан кейінгі жылдарда қазақ поэзиясында өлеңнің орнығуына Қанекей Жармағамбетов, Жұбан Молдағалиев, Сырбай Мәуленов, Сағынғали Сейітовтармен қатар көп еңбек сіңірген көрнекті ақындардың бірі М.Әлімбаев. Осы аталмыш авторлардың бұл саладағы жетістіктерін Мәскеулік сыншы, әдебиет зерттеушісі Зоя Кедринна өзінің «Из живого источника» деген ғылыми кітабында айрықша атап өтеді.

1949 жылы жарық көрген ортақ жинақ «Жастар даусына» енген өлеңдері ішінде Мұзафар Әлімбаевтың «Түтін», «Орамал», «Сурет» атты жырлары шағын сюжетке құрылған. Орыс ақыны Степан Щипачевті өзіне ұстаз тұтып, өнеге алған жас ақын Мұзафар Әлімбаев өлеңнің нақтылығына, өмірге неғұрлым жақындап, жанды көрініс жасауға құлшынды.

Елуінші жылдарда дүниеге келген «Со бір күн маужыраған шуак еді», «Бойдақ досым күрсінді», «Шофер неге кешікті», «Бір күн кейін

білдім мен», «Он және бір», «Командирдің әңгімесінен», «Өтелмеген парыз», «Әттен» және тағы басқа өмірден ойып алғандай детальдардан құрылған шағын-шағын оқиға аясында ақын көкейіндегі идеясын ұтымды суреттеп шыққан.

Мәселен, «Ер өлмейді» деген жыр төрт тармақты жалғыз шумақ, соған карамастан өзінің сипаты сюжеті бар:

*«Мерт болды ер... жүзі оның күліп қатты,  
Туған жер ыстық қанын суытпады.  
Бірге алып алып жүрегіннің  
Сағаты қолындағы жүріп жатты».*

Бұдан майданның шынайы шындығы көз алдынан өткендей болатындығы анық.

Ақын М.Әлімбаев творчествосын қадағалап отыратын оқырмандар автордың әрбір жаңа кітабында нақтылыққа құрылған сюжетті жырлардың қазақ поэзиясына актив болып қосылғанын жақсы біледі.

Өмір шындығын, халық тірлігін, тарихын талмай зерттеуші М.Әлімбаевтың балладалары өзі бір төбе. Әлбетте, баллада да сюжетті өлеңнің шиыршық атқан шымыр түрлерінің бірі. Мәселен, «Әр Пушкиннің өз Пушкині бар», «Достық балладасы», «Аспандағы айқас», «Шебердің шері», «Жамбыл және Жандосов», және т.б. Мұзафар Әлімбаев бүгінге шейін сюжеттілікке деген тенденциясынан айнымай келеді...

Әсіресе, балалар поэзиясында сюжетке, оқиға динамикасына үлкен мән береді. Мәселен, «Екі тақтай бір көпір» атты жинақтағы «Төртеу» деген өлеңнің оқиғасы мынадай:

*Түсіп кеткен таяғы  
Қалт-құлт етіп аяғы  
өзіне-өзі шал кейіп,  
сипақтайды еңкейіп,  
Бүкеңдейді неғып қарт?  
өйткені ол зағип қарт.  
Қасында екі бала тұр,  
Сипалақтап шал отыр.  
Әріректе жігіт тұр,  
Неге ыржыңдап күліп тұр?!*

Егер автор адамның біріне-бірі жанашырлық, қайырымдылық көрсетуі имандылыққа жатады деп жалаң-жайдақ уағыз сокса, көкейіндегі идеясын көркемдік қуатпен жеткізе алмаған болар еді. Ал, мы-

нау қарапайым сюжет арқылы автор оқырманды, жасты да, жасамыты да – ойға қалдырады, қорытындыны өзі шығартады.

Байқағыш, алғыр ойлы басқа ақындардың әлі көзі шалмаған, ақын М.Әлімбаевтың оригиналды сюжеттерді өзі тауып, аз сөзбен әдемі сурет жасайтыны жас ақындарға мектеп дерліктей. Мұзафар ешқашан ешкімнің бұрын жырлаған сюжеттерін қайталамайды, әрқашан мәнді идеяны танытар тартымды оқиғаны кейде өз қиялымен ойлап табатыны-өнегелі үрдіс. М.Әлімбаевтың балалар поэзиясында өз мектебі, өз шәкірт ақындары барыш ындық.

Мұзафар Әлімбаев қазіргі заманғы қазақ ән-өлеңдерінің профессионал ақыны, маңдайлы маманы, зергері, осы жанрдың көш бастаушысы және теоретигі. Ол 1949 жылдан бері осы жанрда жемісті еңбек етіп келеді. Ақынның 300-ге тарта өлеңдеріне ән жазылған. Солардың ішінде бүкіл халықтық сипатқа ие болған «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым», «Маралдым», «Өзің де жігіт қызықсың» және тағы басқаларын атауға болады. Бұл әндер жалпы қазақ музыка мәдениетін биікке көтеріскен туындылар. Ән мәтіндерінің көркемдік дәрежесін биіктеуге жаршы болған өлең-жырлар.

Жалпы, ақын Мұзафар Әлімбаевтың бүкіл поэзиясын шолғанда көзге түсетін бір құбылыс бар, ол – философиялық ой ағынының өлең өзегіне қызыл қандай құйылған тұстары. Өмір құбылыстарын тереңнен әрі жанаша, өзінше толғауға ұмтылуы жемісті деуіміз керек. Мысалға алпысыншы жылдардың басында жарық көрген алты жолдық атсыз өлеңге ой көзін салайықшы:

*Жаңаның бәрі жаңа ма,  
Жол берсе тозған ескіге?!  
Ескі бар қымбат жаңадан,  
Ескіден көне жаңа бар?*

Сол тұста сұсты цензурадан осы ишарасы-түспалы, аса ойлы асыл өлеңнің қалай өткеніне қайран қаласың?! Шала білімді цензорлар «бүлікті» өлеңді байқамай қалғанға ұқсайды. Шындап келсе, мынау жырдың кезкелген жолы үшін «Совет сотының» алдынан шығу ықтималдығы ап-айқын түр. Бұл социалистік заманның қытығына тиер қытықты сөз екені бүтін айқындала түскендей. Ақын өте батыл, өжет идеялы өлеңді ұсынып, алғыр ойлы замандастарды ойға жетелегені сөзсіз дер едік.

Философиялық ойлау жемісі сұраулы сөйлемге құрылуы оқырманды сұхбатқа шақырып отырғандай әсерге бөлейді.



*«Кешегім-бүгінгіге қам қылғаным,  
Уақыт қасқырына алдырғаным,  
Бүгінгім мардымсымай малданғаным,  
Сонда да кешегімнен жаңғырғаным...  
Тосын бір көрген түстей оқишау жаңа  
Тың шаттық сұлайтындай алдымдағым»*

Уақыт жөнінде кім бар толғанбаған, тебренбеген қандай акын бар?! Ал, ойшыл акын Мұзафар Әлімбаев бұрын ешкімнің қиялында қылаң етпеген қырынан сөз қозғап, уақыттың үш өлшеміне- кешегіге, бүгінгіге, ертеңгіге өзінше баға берген.

Уақыттың қасқырына жем болған кешегі жаңа бейне ме? Әрине, жаңа!

Қазақтың еш акынының аузына түспеген образ! «Мардымсымай малдану да»- тосын метафора.

Автордың «Бөктердегі шым құдық» атты өлеңі бар. Кемерінен асып төгілмейтін, суы ортаймайтын шым құдықтан «адамның бір деңгейде ұстаған жақсы мінезін көреді. Мұндай қиял ұшқырлығын біз ешкімнен ұшыратқан жоқпыз. Бұ да философиялық ойлаудың жемісі.

Бір көңіл аударатын нәрсе: автордың философиялық өлеңдері мейлінше қысқа, ықшам, тығыз. Көбінесе төрт жол, сегіз жол, ұзаса он екі жол боп келеді.

Әрине, кейде көлемді туынды ішінде екі жолмен ғана сыңар тармақпен түйінделген нақылға жақын нәрлі ойлар, философиялық тұжырымдар да кездеседі.

*«Ата жолын ұмытсаң-адасасың,  
Ағарады мезгілсіз қара шашың».*

Алпысыншы жылдар аяғында дүниеге келген «Өкініш» атты өлеңінің түйіні осындай...

Ұмыта басталған ұлттық дәстүрге, ата салтына жас ұрпақтың назарын әлсін-әлсін аударуды акын М.Әлімбаев ұмытқан емес.

*Адамдарды тіл бөлмейді, діл бөледі,  
Адамдарды күн бөлмейді, тун бөледі*

Дербес сегіз жол. Ал, көтерген мәселесі қандай ізгі, әрі салмақты, әрі гибратты ой!

*Шіркін өмір!  
Сүйікті*

*Арманымен қызықты!  
Жаншып езер ықты  
Салмагымен қызықты!*

Шынайы ақиқатты ашқан осындай философиялық өлеңдерін сұрыптап алса М.Әлімбаевтың аса құнды бір кітабы оқырмандардың қалың қауымына зор тарту болар еді.

*Өлместің жолдары –  
Жасау мәңгі тозабы.  
өнер барда қолдағы,  
бастан заман озбақты.*

Қазақ лирикасында әзірге дендеп кірмеген диалог-өлеңдері де әдебиетімізге ақын өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының аяғынан бастап алғаш енгізген.

1. 1949 жылы жазылған «Жігіт жыр» атты жалғыз шумақ:

- Ақыным, бет-аузыңды әжім қаптап
- Болыпты басыңдағы шашың аппақ...
- Халықтай ұзақ жасар жігіт жырмен
- Өтті дей бер қарттықты ақын таптап.

2.«Екі сұрақ, екі жауап»:

- Бақыт қайда барасың?
- Татуларға барамын
- Қайғы кімді шаласың?
- Араздарды табамын.

(Алпысыншы жылдары жазылған өлең).

Диалог өлеңге шынайы шеберлік алдымен керек.

Қалай, қандай шақтарда

шығалы екен қырғын батыр, төтен ер?

Намысына шапқанда

Нардың жүгін нәзік тайлақ көтерер.

Не бары төрт жолда қандай салмақты ой бар?!

Автордың балалар поэзиясында да диалог-өлеңдері бірсыпыра бар.  
Алпысыншы жылы жазылған «Жалқаудың жауабы»:

- Ана, есікті жаба салшы,  
ілгегін де іле салшы.
- Жалқау өрең ыңыранды:*
- жел соқпай ма,  
Сол жаппай ма?!
- Үйдің ішін суық алды.

Мәселен, алпысыншы жылдардың ортасында жарияланған «Кімнің баласысын» деген өлеңі:

- Тұз, тұз!  
 Сен кімнің тұзысың?  
 – Даламның!  
 – Қыз, қыз!  
 – Сен кімнің қызысың?  
 – Маманың!  
 – Гүл, гүл!  
 Сен кімнің гүлісің?  
 – Отанның!  
 – Ұл, ұл!  
 Сен кімнің ұлысың?  
 – Папамның!

Өлеңді ықшамдаудың, сөз үнемдеудің оңды тәсілі дерлік. Диалог-ка құрылған мұндай өлеңдер бұған дейін басқа ақындарда атымен ұшырапағанын ескерте кетелік.

Соңғы екі-үш жыл бойында экспериментатор акын М.Әлімбаев жалғыз жолды жырлар жазып, жариялап жүр. Бұл өзі Батыс Европа поэзиясында қанат жайған дәстүр екен. Ал, қазіргі заманғы орыс поэзиясында сирек үрдіс. Ақынның тәжірибесі қазақ поэзиясындағы ең алғашқы қадам. «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған жалғыз жолды жырлардан (14 мамыр, 1996 жыл) бірнеше мысал.

*«Айтылмағыш ақиқат аңсаттырғыш».*

\*\*\*

*«Шынарыңды шыбық деп қомсынар жат».*

\*\*\*

*«Тасырға тас атам деп, тарихқа атпа».*

\*\*\*

*«Әр қазақ көкірегінде – бір Кене хан».*

Жалғыз жолды жырларға тән көркемдік компоненттер, біздіңше, ой жаңалығы әрі салмақтылығы және бейнелілік. Нақылдық нақыш та оған тән. Ішкі ұйқас, ішкі күйлілік, саздылық басым болуы да шарт ескілді. Жасамыс ақынын жанашылығы әсіресе жастар арасынан жалғастырушыларын да табар деп ойлаймыз. Алғашқы жарияланымдардан да мысал келтірген артық емес сияқты. Бұлар да осыдан 5-6 жыл бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрген:

«Алыстай түссе жолым-ауылым жақын».  
 «Аллаға өкпе жүрмейді – пенделерге айт».  
 «Дін бұзумен бірдей де тіл бұзуды».  
 «Ой деген гүлдей жаңа, тастай көне».  
 «Аздық ол-қорлық емес, ездік қорлық».  
 «Шындық бір. Адам біреу. Пікір екеу».  
 «Қылмыс көп, қылмыскер жоқ-бұл не заман?!».

Жаңашылдыққа күштар новатор ақын М.Әлімбаевтың 1996 жылы жарияланған жаңа тәжірибесі де поэзияны оймен тығыздандыру мен мейлінше ықшамдыққа бой ұрудың қамы деп қарауға мәжбүрлейді.

«Қазақ елі» газетінде 1996 жылы қарашаның 22 жұлдызында «Ой моншақтары» деген атпен жарияланған «Қос сөзді өлеңдер», «Үш сөзді өлеңдер», «Төрт сөзді өлеңдер» көңілді күрт өзіне аударатындай тың нәрсе. Мәселен, «Сөзің-өзің», «обыр-содыр», «желге-сенбе»-бұлар қос сөзді өлеңдер.

Енді үш сөзді өлеңдерден мысалдар:

«Күштарлық-арманды қушқандық».  
 «Арқалы өнер дарқаны».  
 «Мұртет! Тұр, кет!».

Ал, мына төмендегілер төрт сөзді өлеңдердің мысалдары:

«Күлкі болмасқа құйма төлмасқа».  
 «Дәуірһама азатын дарын ғана».  
 «Дарақы-Тыраштың дәл аты».

Басқалардың шабытын шақыртатын шалқыма ойлар деп қарауға әбден болатын ізденістер міне осындай.

Мұзафар Әлімбаев қазіргі аты елімізге ғана емес, алыс-жақын шет елдерге де кеңінен танылған балалар ақыны, жас бүлдіршіндердің сүйікті қаламгері...

Әдебиеттану әлеміндегілердің танып, мойындауынша М. Әлімбаев қазіргі заманғы балалар әдебиетінің классигі және оның зерттеушісі, ірі тұлға.

М.Әлімбаев 1961 жылдан бастап, рубаиларды ауызша шығаруды үрдіске айналдырған. Олардың кейбіреулері Қазақстан тарихындағы белгілі бір оқиғаға, фактілерге, тұлғаларға байланысты туған.

Мәселен, ұлы Мұхтар Әуезов дүние салғаннан кейін жарты жылдай уақыт өткенде ақын М.Әлімбаев Қазақстан жазушылар Одағына барғанында Мүканның атына Киыр Шығыстай келіп жатқан үлкен па-

кетке көзі түседі... Сол факті тебіrentкен ақын машина ішінде келе жатып, рубай шығарған екен:

*«Біреуге қияметтей қиын қайғы,  
Тірлікте бір жылы сөз бұйырмады.  
Біреуге өлген соң да хат келеді,  
Шын сүйсе, Ел жүрегі суынбайды».*

Мейлінше жаңа! Мәйекті ойы, «Е, бәрекелді!»-дегізер қасиеті бар рубай, төрттаған. Автордың асыл дерлік рубайларының бәрі де ұлттық намысты, елдікті мадақтауға арналған.

*Жөніміз тағдырдан жоқ тіленерлік,  
Ата салт-баба дәстүр –кілең ерлік,  
Жас толқын әр ұрпақтың өн бойына  
Таратып қызыл қандай сіңеді ерлік.*

Және,

*Қайыспас, қайысса да жердің белі,  
Ежелден ер азамат – Ел діңгегі...  
Болмаса биік-биік сеңгірлері,  
Кетпей ме аласарып елдің көгі?!*

М. Әлімбаев мезгілді баспасөздерде мезгіл-мезгіл жариялап жүргенімен төрттағандардың кезекті кітаптарына немесе таңдамасына үлкен талғаммен сұрыптап енгізіп келе жатқанын көреміз...

Ақын М.Әлімбаев лирикасының тағы бір құнды қасиеті өлең өрнекті мақал-мәтел қалыбына салып, нақылдық нақышқа бөлейтіні дер едік. Ол мұндай талапқа өте ерте құлаш ұрған. Тіпті, талаппен жігерленген ақын өз діттегеніне қол жеткізгеніне куә боламыз. Ақын кейде тіпті бір туындысын тұтас нақылға айналдыра біледі. Мәселен: «Атақ-данқ қалай шығалды» деген жыр басынан аяғына дейін бірыңғай нақылдан құралған.

*Көмірдің аты  
Жанумен шығар.  
Балғаның аты  
Қағумен шығар.  
Шегенің аты  
Бекумен шығар.  
Қашаудың аты  
Шекумен шығар.  
Күректің аты*

Көсумен шығар.  
 Ал біздің аты  
 Тесумен шығар.  
 Балтаның аты  
 Қырнаумен шығар.  
 Бояушы аты  
 Сырлаумен шығар  
 Ақынның аты  
 Жырлаумен шығар.  
 Шәкірттің аты  
 Тыңдаумен шығар.

(«Алматы ақшамы» – 1 желтоқсан, 1988 жыл).

Немесе, «Суретшілер».  
 Күн суретші  
 Мың тірілтер бояуды.  
 Жел – суретші  
 Сыбызғы етер сояуды.  
 Су – суретші алқа жасар яитардан.  
 Сөз-суретші  
 Жаз жасайды қаңтардан.

Ойшыл ақынның әр туындысының көбінесе нақылға жақын нақышпен түйінделетіні көркем ұтыс әрі ақын лирикасының басты артықшылығы мен әрлілігіне куә, философиялық лирика екендігіне куә.

Ақын поэзиясын сөз еткенде оның нәрлі нақылдарын айтпай кетуге болмайды. Алғашқы нақылын 16 жасында ауызша шығарған М.Әлімбаев 57 жылдық творчествосының ұзына бойында 2500-дей нақылды дүниеге келтірді. Олар түгелге дерлік баспасөз жүзінде жарияланған. Автор айтуына карағанда нақыл ойға алмаған оқыста ауызша шығарылады екен. Белгілі бір оқиғаға, жағдайға, көңіл күйіне орай туған нақылдардан бірнешеуін келтірейік:

Ақыл-Алланың бергені,  
 Білім-адамның тергені.

\*\*\*

Жеріңді сатпа,  
 Теріңді сат.

\*\*\*

Қылығы кінәз,  
 Ғылымы тым аз.

\*\*\*

*Кемеңгер «Кенелдім» десе де,  
«Кемелмін» демейді.*

Айтқыш ақынның асыл нақылдарының біразы қазақтың мақал-мәтелдері жинағына да кіргенін айтуға тиіспіз. Оның үстіне баспасөз бетінде халық көдесіне жарап жүргені факті. Мәселен, автордың «Елін сүйгеннің еңсесі биік» деген нақылы «Халық кенесі» газетінің бірінші бетіне басылғаны М. Әлімбаев асыл сөздерінің халық қолдауына ие болуы дер едік.

Ақын М. Әлімбаев бірінғай поэзиясын ғана күйттейтін ақын емес. Оның таланты сан қырлы. Ол әдебиет зерттеуші, қазақ поэзиясының, қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелерін зерттеуші, өткен замандардағы және бүгінгі ақындарымыздың творчествосын талмай зерттеуші. Оның «Қалам қайраты», «Толқыннан толқын туады», «Өмір. Өнер. Өнерпаз», «Көңіл күнделігі», «Өрнекті сөз-ортақ қазына» сияқты зерттеу кітаптары көпке белгілі еңбектер.

Мұзафар Әлімбаев халық фольклорын жинаушы ғана емес, сонымен бірге мақал-мәтел жанрын жылдар бойында ыждаһатты зерттеуші. Бұл салада оның теңдесі жоқ дегенді ашып айтуымыз қажет.

Автордың «Өрнекті сөз-ортақ қазына» деген ғылыми монографиясы (1967) қазіргі іздесең табылмас сирек кітаптар қатарына қосылды. Бұл кітап мақал-мәтелдерді аударудың теориясын жасап, практикасын анықтаған еңбек.

Тәжірибелі һәм беделді, шебер, тәржімашы Мұзафар Әлімбаев дүние жүзінің 85 халықтары мен ұлыстарының мақал-мәтелдерін және өйгілі тұлғалардың нақылдарын (бас-аяғы 30 мыңдай) қазақшалап, 7–8 кітап шығарған кісі. Мақал-мәтелдерді зерттеуі Мұзафар Әлімбаевтың поэзиясын сұлуландыруға, сәулеттендіруге себін тигізгенін анық байқауға болады.

Ақын Мұзафар Әлімбаевты қалың қауым, оқырмандар ұстаз – қаламгер деп бағалайды. Оның бұл саладағы еңбегі ұлы педагог Ы. Алтынсарин медалімен марапатталуы тегін емес. Мұзафар отыз жылдан бері халық педагогикасын зерттеумен келеді. Ол қазақтың мақал-мәтелдері мен қара өлеңі, қазақ ақындары поэзиясы негізінде халық педагогикасын әл-өзір дара зерттеуші. Бұл орайда автордың «Тәрбие туралы әңгімелер» және «Халық қапысыз тәрбиеші», «Халық ғажап тәлімгер» атты кітаптарының қолдан-қолға көшіп жүргенін айтсақ та жеткілікті.

Ақын Мұзафар Әлімбаев көркем аударма саласында қолына қалам ұстаған 16 жасынан бастап, еңбектеніп келе жатқан әйгілі тәржімашы. Ол зерттеу еңбектерінде көркем аудармаға да көп көңіл бөледі. Ұзын-ырғасы талай-талай халықтардың 80–85-тей ақындарының поэзиясын қазақшалаған. Мұзафар өзінің поэзиясын шеберлендіру жолында көп нәрсені үйренгенін дәлелдеуде. Ол аударған Шандор Петефи, Сағди, Тоқтағұл, Пушкин, Аполинер, Райнис және т.б. өлеңдері қазақ оқырмандары көңілінен шыққан дүниелер.

Қазақ көркем сөз өнерінде естелік жанры әлі кең өріс алып, кемеліне келген деп айту қиын. Естеліктер кітаптары саусақпен санарлықтай өте аз, мардымсыз. Олардың көркемдік құндылығы да әр деңгейде...

Халыққа кең танылған журналист, ақын М. Әлімбаев қазақ әдебиетінде естелік жанрын қалыптастыру мен өркендетуге де зор үлес қосқан автор. Ол қазақтың 50 шақты ұл – қыздары жөнінде үлкен біліктілікпен, ыстық сүйіспеншілікпен естеліктер жазып, жариялады. М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, А. Жұбанов, Б. Момышұлы, С. Мәуленов және т.б. жөніндегі естеліктері ғибраттылығымен қымбат... «Өмір. Өнер. Өнерпаз» және «Көргендерім көңілде» атты кітаптарын оқыған жандар біздің түйіндерімізді растай алады.

Ақын творчествосында айрықша бір орын алар ерекше бір кітапша бар. Ол «Өлең-сөздік «Словарь в стихах» деп аталады. 1996 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген. Өлең сөздік әлемдік практикада әлі орын теппеген дүние екен.

*Ар – честь.*

*Бар – есть.*

*Золото – алтын,*

*Холодно – салқын.*

Осы сияқты өлең кестесіне түскен 5000-дай сөзді қамтитын кітапша. Бұл да ақын поэзиясының активіне қосылатын салым.

Мұзафар Әлімбаев қызыл империя кезінде тұрмыстан да, әдебиет әлемінен де қуғындалған, жетпіс жылдай ұмытылған өлең-баталарды қайта жанартушы және дамытушы тұңғыш ақын. Ол бата өлеңдерді сексенінші жылдардың басында қолға ала бастаған. Мәселен, 1982 жылы жарық көрген, 1984 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болған «Аспандағы әпке» жинағында бір өлең-батасы енгізілген. Содан бері мерзімдік баспасөзде дүркін-дүркін үзбей жарияланып келе жатқан өлең баталарын 1996 жылы «Ата мұра» баспасынан «Батамен ер көгерер» деген атпен жеке кітап етіп шығартқаны белгілі. Енді сол кітаптағы автордың төлтума баталарынан бірнеше мысал келтірерлік:



*Кемеңгердің алғыр ойын берсін!  
Екі дүниенің абыройын берсін*

\*\*\*

*Жалғыз басың мың болғай,  
Қушағыңа гүл толғай,  
Ардақталып есімің,  
Арттағыға жыр болғай.*

\*\*\*

*Қадамыңа гүл бітсін,  
Қаламыңа жыр бітсін.*

\*\*\*

*Әулет түбірлі болсын,  
Ұрпақ гұмырлы болсын,  
Ұлың ұғымды болсын,  
Қызың жүгымды болсын,  
Жастар қанатты болсын,  
Қарттар санатты болсын,  
Еңбек тынымды болсын,  
Жеміс шырынды болсын.*

Жинақта көрнекті ақынның 200-ден астам баталары енген. Әр оқырман өзі тілеген талай тақырыптағы баталарын осы кітапшадан табары сөзсіз, көптің басы қосылған жиын, той-домалақтарда көдеге асырары күмәнсіз.

Сонымен қазақ лирикасын, жалпы қазақ поэзиясын, шындап келсек, бүкіл туған әдебиетімізді әр салада аса қымбат жаңа көркемдік сапаларымен көркейтісіп келе жатқан қайталанбас талант М. Әлімбаевтың сан қырлы еңбегі міне осындай. Өйткені, ол – қазақ жастарының ең кем дегенде екі толқын ұрпағына көркем творчествосымен тәлім берген ұстаз қаламгер!

## 14. ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН БАҚЫТ (Қалмұқан Исабаев)



Мен осы бір қушықес тілді, бала мінезді, терең ойлы жазушыны көрген сайын ойға қалам. Бала кезінен әдебиетке ғашық болып, сол ойын жүзеге асыру үшін талай ыстық пен суықты басынан кешірген, туған жерінің тең жарымын жаяу аралап, небір құнды шығармалар жазған. 1 пайыз талантын 99 пайыз еңбегімен жандандырған нағыз қалық жазушысы ғой Қалекен.

Тікелей оқытушылық, зерттеушілік және ғылыми жұмыстарыма байланысты соңғы жылдары маған Қалмұқан Исабаевтың ертеректе шыққан және соңғы жылдары жазылған көптеген еңбектерімен жақынырақ танысу сәті түсіп жүр. Негізінен тарихи және әлеуметтік-экономикалық, шаруашылық мәселелеріне қалам тербейтін бұл қаламгердің кітаптарында қызылсөздік пен шарттылықтан гөрі шындық пен нақтылық басым.

Қ.Исабаев жазушылық жолын әскери тақырыптан бастаған қаламгер. Осы тақырыпта оның 1959 жылы «Баян» атты тұңғыш өңгімелер жинағы, Рахметолла Райымқұловпен бірігіп жазған «Ашынған жандар» атты пьесасы, 1961 жылы «Ажал күрсауында», 1963 жылы «Бетпебет» романдары, соңғы екі кітап 1975 жылы «Жолдас комендант» деген атпен қайта басылып шықты.

Өзі құрыптас құрдастары сияқты Қалекеннің де жастық шағы қиынқыстау Ұлы Отан соғысы жылдарына сәйкес келді. Алдымен 1941 жылдың күзінде үлкен ағасы Зармұқан әскерге алынды. Одан соң 1942 жылдың көктемінде әкесі Әлиді еңбек армиясы қатарына шығарып салды. Үшінші кезек өзіне келді. 1943 жылдың қаңтар айында 10 сынып партасынан майданға шақырылды. Сөйтіп, бір шаңырақтың бар еркек

кіндігі әскерге алынып, сондарында тілеулерін тілеп жалғыз шешелері Макпуза қалады.

Содан он жылдан астам өмірін әскери қызметте өткізген жауынгер елге 1954 жылы ғана оралады. Міне, осы он жылдың ішінде Қ.Исабаев қатардағы жауынгерден офицер дәрежесіне дейін көтерілген. 1948 жылдан Германияның Ильменау қаласында комендант болады. Осында жүріп өзінің өмір бойғы арманын жүзеге асыра бастайды. Бұл туралы жазушының өзі осыдан 25 жыл бұрын: «Бұл қала маған әрқашанда ыстық болып көрініп тұратын болады. Жазушылықтың алғашқы азаптарына кездесіп, ой тежеліп қалғандай уақытта тысқа шығып, осы қаланың самалы күшағына алып, жас қиялға қанат бітірген еді. Менің балаң ойларым осы қалада қағазға түсірілді. Яғни, алғашқы еңбектерім осында жөргекке бөленді. Сондықтан да бұл қала өмірбақи менің есімде жүрмек», – деп жазыпты күнделігінде.

Иә, Қ.Исабаевтың жазушылық қызметке келу жолы да қызық. Бұл туралы оның «Бақытты сәттер» атты өмірбаяндық повесінде жан-жақты толық қамтылған. Әйтсе де біздер жазушы туралы өз әңгімемізді сол штрихтан бастағанды жөн көріп отырмыз.

1954 жылы әскер қатарынан босаған ол 1955 жылдың жазында сол кездегі С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеттің филология факультетіне сырттай оқуға түседі де үлкен қиыншылықпен «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясына әдеби қызметкер болып орналасады. Бұл арада оған Рахметолла Райымқұлов пен Зейнолла Қабдоловтардың көмектері көп тиеді. Осы кезде Қ.Исабаевтың «Әдебиет және искусство» журналында «Қазақ вальсі», «Шаруа бақыты», «Оның тағдыры», «Эльбаның ашуы», «Қыз күшіясы» атты әңгімелері бірінен соң бірі жариялана бастайды. Сөйтіп, осылардың нәтижелері ретінде 1959 жылы жазушының тұңғыш «Баян» атты жинағы жарық көреді.

«Социалистік Қазақстан» газетінде алты жыл қызмет істеген жазушы 1961 жылы «Ертіс-Қарағанды» каналы құрылысына творчестволық жұмысқа ауысады. Оның Ертіс-Қарағанды каналы сияқты су жолынан алынған алғашқы шөміш топырақ жөніндегі репортажы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1962 жылғы 1 шілде күнгі санында «Каналды бастағандар» деген тақырыппен жарияланады. Қ.Исабаев жалпы өзіне үлкен жазушылық қызметтің ізашар бастамасы болған аға газет туралы: «Мамандық атаулыдан жүрдай, орта да білімі жоқ, қабілеті ешкімге де белгісіз бұрынғы солдатты жылы күшағына алып, ағалық ақылымен рухымды байытқан, көп нәрсеге көзімді ашқан «СҚ»

газеті аппаратынан партияға мүше болып, қолыма диплом тиісімен шығып барамын. Әрине, өкінішті-ақ. Алайда Бүкілодақтық дәрежеде салынайын деп жатқан құрылыс менің «бірер жыл бөгеле тұрыңдаршы дегеніме» құлақ асар ма?

«Социалистік Қазақстан» маған күнделікті өмірде алдымен неге назар аударуды, ойды шұғыл дамытуды, қолдағы деректерді сөз бұйдаға салмай дереу қағазға түсіруді, өзіме ұзақ жылдар бойы қол үзіп кеткен ана тілімді жетілдіріп, нақыштауымды, аз сөзбен көп ой айта білуімді, кіммен қалай сөйлесуімді үйретті.

Қаламмен қаруланғанымға қырық жылдан асқан екен. Бүгінде мен жиырмадан астам кітаптың авторымын. Мені осындай дәрежеге жеткізген университетім «Социалистік Қазақстан» – деп толғанады.

Ал, жазушыны Ертіс-Қарағанды каналы туралы шығарма жазуға итермелеген сол кездегі Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президенті, академик Қаныш Сәтбаев екендігі белгілі. 1961 жылдан болашақ канал бойын алдымен жаяу аралап шыққан Қ.Исабаев қашан канал құрылысы аяқталғанша одан байланысын үзбейді. Бұл туралы жазушының өзі: «Жаяу сапардан жазған күнделігім «Қызыл ту», «Социалистік Қарағанды» газеттері мен «Жұлдыз» журналында жарияланып, құрылыс басталған жылы «Арман арнасымен» деген атпен жеке кітап болып шықты», – деп еске алады бүгінгі күн. Жалпы, жазушы бұл құрылысқа арнап екі тілде жүзден астам очерк пен проблемалық мақалалар, сегіз кітап жазған. Соның нәтижесі «Өткелде», «Өрде», «Арна» деп аталатын үш романнан тұратын «Өсиет» деген трилогия.

Қ.Исабаев бұдан соң тарихи тақырыптарға ден қоя бастайды. 1967 жылы оның «Айқыз» романының алғашқы варианты жарық көрді. 1977 жылы толықтырылып қайта басылып шығады. Ал 1981 жылы «Советский писатель» баспасы арқылы орыс оқырмандарына жол тартады. Бұл арада жазушының қазақтың ержүрек әйелінің бейнесін жасау жолындағы қыруар еңбегіне тоқталмай өтпеуге болмайды. Бүкіл Аякөз өңірін аралап, басты кейіпкеріне қатысты деректерді там-тұмдап жиып жүріп, оқырман көңілінен шығатындай тамаша шығарма жазып шығарған.

Жазушының екінші бір тарихи еңбегі «Соңғы ерлік» деп аталады. Онда автор белгілі чекист Серікқали Жакыповтың қиын да күрделі өмір жолы туралы сыр шертеді. Тарихи, нақты деректерге сүйене отырып, кезінде нақактан жазаланып, халық жауы атанған аяулы азаматтың есімін ел арасына қайтарып әкеледі.

Кезінде Қ.Исабаевтың бұл кейіпкеріне «1918 жылдың мартында Казталовкада совет өкіметінің жеңісін ұйымдастыруға Астраханнан барған Панасюк деген большевикті бай-көпестерге ұстап беріп атқызған...»

«...1919 жылы бес мың атты казагы бар Анохин деген атаман Ордаға жақындап қалғанда Жақыпов қаланы қорғаудан қашып кетті. Осыған қарағанда оның атаманмен жеңушынан байланысы болса керек...»

«...1920 жылдың күзінде Панченко, Нестеров және С.Жақыпов Казталовка уезін талан-таражға ұшыратып, тонауға кірісті...»

«...1921 жылы ВЧК-ға Жақыпов Серікқали мен Избасаров Жұмағалиды тұтқындап, Хан ордасына жеткізіп берулері жөнінде телеграмма жіберіп едік, ол екеуі бұл жерден де құтылып кетіпті...»

«...1924 жылы Жақыпов Гурьев уездік партия комитетінде ұйымдастырушы секретарь боп істегенде уком құрамына кілең Беріш руынан шыққандарды сайлаған...»

«...1927 жылы Жақыпов Казталовка аудандық партия комитетінің бірінші секретары болып жұмыс істеп жүрген кезінде «Ұшқын» деген ауыл шаруашылық артелін ұйымдастырып, оған мүшелікке конфискациядан сақтап қалу үшін кілең байларды алған...»

«Жақыпов Казталовка аупарткомының бірінші секретары боп істеп жүрген кезінде Аязбаев Ерғали деген атышулы қаракшыны канатының астына алып, милицияға бандылық істерден ада, алайда өзіне ұнамаған адал адамдарды тұтқындауды бұйырған...»

«1930 жылы монах киімін киіп, Орта Азиядан Қытайға қарай қашып бара жатқан бұрынғы патша армиясы офицерлеріне Жақыпов Совет паспортын алуға көмектескен...» деген ойластырылған жалалар жабылып, қайран ерді нәрін сорып, сыртқы сауытын өрмекшінің торына лақтырып тастағандай қылған екен.

Бұл туралы жазушы «Коммунист-чекист өмірін ой сарабынан тағы да бір рет өткізіп қарасам – өңкей күреспен өткен күрделі де тағылымды өмір екен. Ал, 1937 жылғы оқиғаға қарсы шығуы – өзінің де барар жерін біле тұра жасаған «Соңғы ерлігі!». Кітапты да осылай атауды жөн көрдім. Алайда, ол уақыт жөнінде жазатынымның оту-өтпесі екі талай болса да, «алып тастаса да кітаптың басқа жағына нұқсан келмесін» деген оймен Жақыповтың соңғы ерлігін соңғы тарау ретінде қостым. Шамалағанымдай, «Соңғы ерлік» повесі 1971 жылы соңғы тарауысыз жарық көрді.

1972 жылдың көктемінде кенеттен маған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Мәдениет бөлімінің сол кездегі қызметкері

Устинов Альберт телефон соғып, кіріп шығуымды сұрады. Бардым. «Соңғы ерлік» кітабының үстінен арыз түскен екен. Арызда Серікқали Жакыповтың көркем шығармаға кейіпкер бола алмайтынын дәлелдеу үшін, осы зерттеу очеркімнің бас жағына келтірген «қылмыс» тізімін жазып шығып, астына 1919, 1920 жылдардан партия мүшелері екендігін атап Серікқалидың он шақты жерлесі қол қойыпты.

– Партия тарихы институты жанынан комиссия құрылады. Сен оларға қай деректі қайдан алғаныңды тізіп бер, – деді Устинов.

Мен ешкімге де ештеңе бермейтінімді айттым...

Келесі жылы Устинов үйге телефон соғып, комиссияның «Соңғы ерлік» повесінің бұдан былай да өмір сүруге правосы бар кітап екенін анықтағанын айтып қуантты... », – деп еске алады [139].

Өстіп тарихи тақырыпқа қалам тартып, жол салған Қ.Исабаев енді тарихи роман жазуға дайындық жұмыстарын жүргізе бастады. Алғашқы барлау ретінде ол «Жұлдыз» журналының 1975 жылғы сәуір айындағы санында «Шоң» деген деректі повесін жариялайды. Оны оқырман жылы қабылдаған соң бірнеше кітаптан тұратын осы аттас роман жазуға отырады. Оның «Серт» деген алғаш кітабы 1982 жылы, «Шоң би» деп аталатын соңғы үшінші кітабы 1993 жылы үш кітаптан тұратын трилогия ретінде оқырман қолына тиеді.

Бұл кітаптың жазылу тарихы да қызық. Үнемі зерттеу жұмысымен жүретін Қ.Исабаев 60 жылдардың басында Ғылым Академиясының кітапханасынан XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Омбы қаласынан орыс және қазақ тілдерінде шығып тұрған «Дала уалаятының газетін» оқиды. Оны әсіресе осы басылымның Баянауылдың тілшілері Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Аббас Айманов, Әміре Нөгербековтардың материалдары қызықтырады. Оның ішінде «Атақты Шоң бидің немересі» деген анықтаманың беріліп отырылуы жазушыны үлкен жауапты іске бастайды.

Бұл туралы Қалекеннің өзі: «Шоң жөнінде 400 беттей архив материалдарын жинаппын. Бұл беттерге қазақ тарихында елеулі орын алатын жылдардың қыруар оқиғалары тіркелген. Соларды қайта жинақтап, ой сарабына салған кезімде кеменгер адамның келбеті көз алдыма келді. Ол:

– Қазақта алғашқылардың бірі болып хан билігін мансұқ еткен екен.

– Халық бірлігін көксеп, «бөліп алда, билей бер!» ұранын көтерушілерге ырық бермеу үшін ұсақ рулардың басын тұтас одаққа қосқан екен. Яғни, «Төртұлы одағын» алғаш XVIII ғасырдың басында Шор-

манның атасы Сәти жасаған болса, оны заманына сай қайта құрған Шоң екен.

– Қазақ халқының болашағын орыстарға жақындасудан көрген екен.

– Халық арасына діннің жайылмауына күш салған екен (338 қорының 795 папкесінің 23 бетінде Шоңның Баянауылға мешіт салуға арналған қаржыны диірмен салуға жұмсағаны айтылған).

– Патша бекіткен уставының темірдей қатан бабтарын бұздырып, қазақта қарадан тұңғыш аға сұлтан болған екен...

– Шоң халықтың ұмыт болған кемеңгер ұлдарының бірі екен.

Еидеше ол жөнінде кітап жазуға әбден болады. А дегеннен романның бастау әбестік болар. Шоң есімінің біреу болмаса, біреудің құлағына түрпідей тиюі мүмкін. Сондықтан да оны жұртшылыққа әуелі шағын жанрда таныстырып алған жөн бе, қалай?

Қолымда бар материал негізінде «Жұлдыз» журналының 1975 жылдың апрель айына «Шоң» атты деректі повесть жарияладым. Халық жылы қарсы алды. Еидеше роман да жазуға болады екен. Осы зерттеуде жауап берілмеген сұрақтар қалды. Шоң өмір сүрген уақыт тарихындағы аса бір күрделі кезең. Осы ерекшеліктерді көрсетуге арналған кітаптан оқырман сол сұрақтарға да жауап алып қалар. Ол романның бірінші кітабы «Серт» деген атпен 1982 жылы оқырман қолына тиді де», – деп жазады өзінің «Ханға қаны қас Шоң» деген эссе-әңгімесінде.

Жоғарыда біздер Қ.Исабаевтың еңбектерінде қызылсөздік пен шарттылықтан гөрі шындық пен нақтылық басым деп тегін атағанмыз жоқ. Себебі, бұл жазушы қай тақырыпты қолына алмасын, ең алдымен оны терең сүзгіден өткізеді. Яғни, алдын-ала зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Көп уақытын жолда, архивтерде, адамдармен кездесумен өткізеді. Мәселен, бұл тұрғыда оның «Совхоз ақын атында» және «Қазына тапқан адам» деген деректі әңгімелерін атауға болады. Алғашқы еңбекте Александр деген көпестің атымен аталған шаруашылыққа Сұлтанмахмұт сынды ақынның атын бердіру үшін басқа да ақын, жазушылармен Қ.Исабаевтың да бір кісідей тер төккенін байқауға болады.

Ал, «Қазына тапқан адам» деп аталатын екінші очеркінде болса жазушы Екібастұз көмірін ашқан жерлесіміз Қосым Пішенбаев туралы бір кітапқа жетерлік дерек жинап, соны енді көркем дүниеге айналдыру жолында жұмыс істеп жатқанын сөз етеді.

Осымен қатар жазушымыз ауыл шаруашылығы тақырыбын да жете меңгерген. Оның кезінде республикамыздағы дикандар өмірін көрсету үшін қартайған шағында Солтүстік облыстарының бірінде

комбайншы болып жұмыс істегенін де білеміз. Бұл туралы жазушының өзі. «Менің көзім көп нәрсеге жетті. Егін орағында көріп-білгендерім пьесаның бұрынғы қапқасын бұзып, мүлде басқа жолға салғандай және болашақ комедия кейіпкерлерін енді ғана толық көргендей болдым. Объектіні сыртынан шолып, сандар төңірегінде ғана сөз қозғау мәселеге терең үңілгендік емес екен. Енді менің көз алдымнан Ерейментау сілемінің ой-қырлары кетпеді. Кетпеді деген аз-ау! Сол қырларда, онда еңбек қазанын қайнатушылар басыма тың ойлар салып, қаламымды жетектеді де отырды.

Сөйтіп, «Десант» деген комедия дүниеге келді. 1983 жылы Қазақ ССР Мәдениет Министрлігі пьесаларға жабық конкурс жариялап жатыр екен. Мен де қостым бәйгеге «Десантымды». Бес айдан кейін конкурс нәтижесі жарияланды. Алпыс шақты пьесаның конкурса түскен алтауы жүлдеге іліккен. Бірі менің «Десантым» болып шықты.

Осылай менің еңбегім ақталды. Бүгінде «Десант» республика театрларында қойылып жүр. Өмірмен қоян-қолтық араласып жазғанға не жетсін!» – деп еске алады.

Бұл күндері жетпістен асқан жазушының әлі де болса бергенінен берері көп деп білеміз. Оған Қ.Исабаевтың өзінің де, басқаның да, сүйіп оқитын қалың оқырманының да күмәні жоқ.

## 15. АҚЫН, КҮРЕСКЕР, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (Олжас Сүлейменов)



Тоталитарлық жүйенің айтқанына көнбей, айдауына жүрмеген ақындардың бірі – Олжас Сүлейменов. Орыс тілінде қалам тартса да, қазақ үшін ұлаи-ғайыр еңбек еткен ақын жүрегінен небір күнды дүние-



лер туды. Жалпы, бостандыққа ұмтылған поэмалар туралы сөз қозғалғанда, біз екі нәрсені өзек етуіміз керек және ол екеуі бір-бірінен ажырамастай монолиттік бірлікте қаралуға тиіс. Ең бірінші – социализм аясына симайтын шығармалар туғызу оның авторының орасан күрескерлігін көрсетсе керек. Екіншіден, қоғамнан беті қайтып, тауы шағылмаса да тоталитарлық-бюрократтық, империялық үстемшілікке қарсы тұрып, нағыз шындықты айту жолында күрескен ақындар үшін дәл сол кездегі өмірді тікелей жырлаудан гөрі, оны өз халқының айбаты мен берекесі, өткен тарихы арқылы жырлау анағұрлым тиімді еді.

1976 жылы 17 шілдеде Қазақстан КПОК-і бюросының «О.Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы туралы» қаулысы шығып, коммунистік интернационалистік идеяға жат деп бағаланған. Сөйтіп, «Аз и Я» кітабы үшін оның авторының халық алдында «кешірім сұрауына» тура келді. Алайда, бұл қолдан жасалған өктемдік еді. «Мен өз тарапымнан ашық хат жариялап, оны мәжіліс басталар алдында бюро мүшелеріне таратуды жөн көрдім. Жобаның баспагерлер туралы тұстары өзгерген екен. Қателіктерімді түсінгенімді жариялату мақсатымен бюродан кейін бұл хаттың қысқартылған нұсқасын хатшыға ұсындым. Газеттер оны басқа мазмұнмен жариялады. Сөйтіп, редакторлар мен үшін зая тер төгіпті. Маған жапқан жаладан тазарамын деген әрекетім жел боп ұшты. Бүгінде Орталық Комитеттің архивінен ашық хаттың нұсқасы табылды», – деп жазды.

Міне, тоталитарлық жүйе өзі көнбесе де, иіп «көндірді», оның атынан сөз сөйледі. Алайда, өктемшіл өкімет қанша аузын бууға тырысса да ақын күрескерлігін тұншықтыра алмады. Империялық саясаттың ықпал-жықпылына, бақай есебіне қынжыла отырып ақын «дәйексіз, өз-өзінің жер-жебіріне жеткен автордың жалыну-жалбарыныш хаты, біріншіден қаламын қару еткен жанның басына бұлт үйірілгендіктің белгісі деп табады», – деп жазды. Көпе-көрнеу, зорлық-зомбылыққа көнбеген ол, ғасырлар жарысып келе жатқан екі ауық – зорлық пен бостандыққа ұмтылушылардың біріне – Мұраттар мен Дулаттар салған сара жолға түседі. Мыңдаған жылдық тарихы бар халқының өткенін аңсап, оның басқа халықтармен терезе теңестірген іргелі мемлекет болғанын орыс тілінде жырлады.

*Лица у нас безбородные, как у скопцев,  
Мы в страсти верблюжьих самцов,  
Вечные беглецы,  
Мы бежим от судьбы,  
Гоняя перед собой*

*Стада смятенных персов  
 Мы зачати на Иртыше,  
 Рождени на Дону,  
 Мы не помним где Родина,  
 Знаем только это войну,  
 Бесконечное совокупление света и тьмы,  
 Но это главное, ибо  
 Коренастые сложением мы,  
 Правосудием словны!*

Ассирияда 28 жыл бойы билік құрған, «Тарих атасы» Городоттың өзі жазып қалдырған Мәдінің атасы Ишпакай заманына сүнгіді. Бұл бүгінгі ұрпағы біз болып табылатын Ассирия, Мысыр, Индия, Бабыл т.б. елдеріне ықпал еткен тарихын қолдан тереңдету емес еді. Бұл – біздің дәуірден бұрын өмір сүрген шумерлер мен ашшумербаниалдық сына тақталарында «Гильгамеш» туралы Қыш кітапта сақталып бүгінге дейін жеткен нақты дерек. Тек оны Олжасқа дейін ешкім жеткізген жоқ. Акынның іздемаздығы аркасында сол кезде қолға түсуі екіталай түпнұсқаларды түгел ақтаруға тура келді.

Осындай қиыншылыққа, 1953 жылдың наурыз шешіміне қарамастан Олжас Сүлейменов қаламынан тарихи тақырыпқа жазылған поэмалар туралы сөз қозғағанда «Қыш кітабына» тоқталу қажет. Жалпы, Олжас туындылары аса күрделі де сан қырлы, сондай-ақ, ұшан-теңіз білімі мен еуропалық және шығыс өлең өнерінің техникасын толық әрі шебер меңгерген.

«Қыш кітап» өзінің білім деңгейімен, еуропалық мәдениетімен қазіргі қазақ поэзиясындағы оқшау дүние. Олжас: «Орыстар ХІХ ғасыр сияқты алтын ғасырды бастан кешті. Ал қазақтар ХІХ ғасырдың да, ХХ ғасырдың да жүгін арқалауға мәжбүр болып қара терге түсіп келеді. Қазақ өлеңі оқуға арналмаған, естуге құрылған» – дейтіні сондықтан. Өйткені, акын орыс поэзиясынан, еуропалық үлгідегі поэзиядан өсіп шыққан. Оның орыс мектебін бітіруі, оның өткен тарихын білудің бірден-бір көзі жылнамалармен, бір сөзбен айтқанда, қазым заман тарихшылары шығармаларының түпнұсқасымен, «Анжіл», «Гильгамеш» туралы дастан сияқты комбемен танысуы оның әдеби аренада жарқ етіп, жұрттан бұрын шығуына мүмкіндік берді. Сондықтан әлем, қала берді орысәдебиеті топырағынан шыққан Олжас шығармаларының көш ілгері тұруы заңдылық.

«Қыш кітап» – көркемдігі, философиясы жағынан аса биік, этнографиялық жағынан соны, орындалуы, техникасы жағынан шебер шы-

ғарма. Тарихи тақырыпты көзғағанмен автор оны фон ретінде алып, бүгінгі күннің шындығын айтуға тырысады. «Қыш кітап» поэмасы бұдан 3000 жыл бұрынғы оқиғалар мен қазіргі заманды жалғастыратын да, жалғастырған да алтын көпір іспетті.

Бұл жай ғана уақытша қабыстыру емес, бұл генетикалық, этнографиялық негізі бар көшпенділер ұрпағының байланысы. Автордың негізгі идеясы – қазақ тарихының да терең, оның әлемдік өркениетке өз үлесі бар екенін айту. Енді автордың осы ойын жеткізу шеберлігі қандай, соған тоқталайық.

Осы орайда поэманы үш тұрғыда: тарихи шындық, философиялық, көркемдік жағынан қарастырамыз. Тарихи шындық – поэманың алтын өзегі, онсыз (деректерсіз) ақынның ойы іске аспаған болар еді. Поэмадағы кейіпкер өмірде болған, аты тасқа қашалып тарихын шыңдаған адам. Ал, дастанға өзек болған халық-скифтер мен оғыздардың ежелгі Ассирияға, қазіргі Қазақстан территориясынан қоныс аударды деген болжам бүгін ғылыми түрде расталып отыр.

Бұл тұрғыдан алғанда автормен білім жарыстыратын ғалымдар аз шығар. Түркілер, оның ішінде қазақ тарихын мындаған жылдарға алғаш рет ілгері жылжытып, біздің ата-бабаларымыздың әлемдік өркениетке қадым замандарда-ақ ықпал еткенін ең бірінші рет мұқият дәлелдеген Олжас Сүлейменов. Автор тарихи деректерді ойнатып, логикалық жүйемен жақсы колдана, қорыта білді.

Олжас поэмасы мүлдем бөлек, терең дүние. Оны бір оқып шығып түсінем деу қате, өйткені поэманы түсіндіретін түйін шығарманың аяғына дейін жасырын ұсталады, не мүлдем айтылмай салмақ оқушының өз түсінігіне, білім дәрежесіне, сана саралығына қалдырылады. Ал, поэма түсініп отырған адамның білімін шыңға көтеріп тастайды. Автор оқушыны өзімен тең ұстайды, поэма сондықтан қарапайым оқушыға шашыранқы, ауыр көрінеді.

Кеше ғана өткен 10 жылдағы, не 100 жылдағы емес, бұдан 3000 жыл бұрынғы оқиғалар қарапайым оқырманға ғана емес, сол тарихты жетік білетін автордың өзіне де, қайткен күнде де тұманды, күмәнді, сондықтан да ақын бүгін мен тарихты қабыстыру жолында екіұшты тәсілді қолданып, сырттай қараған көзге поэманы жеңіл жазып, сол тарихи оқиғалардың өзін мысқылдап отырғандай әсер қалдырады. Бұдан 2700 жыл бұрын өмір сүрген Шипақай біріншінің рухы бүгінгі қойшыға, одан студентке жетті. «Оғыздан қаны бар» тарих факультетінің студенті дәл осы Шипақай дәрежесіне жетеді. Әлгі студент кіші ғылыми қызметкер студенттен доктор Шипақайға жалған жолмен жетеді.

Дегенмен, тарихтың қалың қатпарына сүнгіген акынның еңбегі көз-көсір. Әлем әдебиетінің алтын қорына Олжастың бұл поэмасының да қосылатынына дау жоқ.

Олжас Сүлейменовтің басты кітабы – ел тыныштығы. Бұл туралы 1993 жылғы «Қазақ әдебиеті» газетіндегі жазушы Сайын Мұратбековпен сұхбатында ақын: «Мен ең әуелі халқыма қаламыммен қызмет етемін. Ал шығарма жазу үшін елде тыныштық, дарқандылық болуы шарт. Менің жазу столынан тұрып кетуімнің де себебі осы. Аласапыран айтулы кезеңде өкімет басына ұсақ-түйек жандар көбірек ұмтылды. Өздерінің бақай есептерін іске асырғылары келеді. Демократиялық партиялардың басты міндеттері – ірі тұлғаларды, мамандар мен ойшылдарды іріктеп тауып, тәрбиелеулері керек, халық оларға республиканың қазіргісін, болашағын да қорықпай сеніп тапсыруы тиіс. Қазақстан өзінің бүкіл қасіретті тарихымен өркениетті мемлекет болу құқығына ие болуы тиіс. Мұнда әр адамның тыныш та қамсыз өмір сүру құқығы сақталып, құрметтелуі тиіс, өзара сыйласымдылық пен адамгершілік абыройына дақ түспеуі тиіс. Елдің тыныштығы – бұл да акынның өмір бойы жазсам деген басты кітабынан бір кем емес, аса құнды, қажет шығарма», – деп өз халқына деген дұрыс көзқарасын білдіртіп, тыныш өмір сүрулерін тілейді.

Олжас Омарұлы: «Алғаш өлең жаза бастағанымда, бір танымал акынның: «Сен геологсың ғой, сол мұнайды іздей берсеңші, ал поэзияны мына біздерге қалдыр», – деп үгіттегені бар. Тарихпен шұғылданған кезімде академиктер: «Сен акынсың ғой, дұрысы өлеңіді жазсаңшы», – деп ақыл айта бастады. Өзім басқарған Қазақстан Халық Конгресі партиясы мен «Невада-Семей» қозғалысының іскер топтарының бюрократтық тосқауылдардан өтуіне жәрдемдесем, «Халық денсаулығы» деген бағдарламаны іс жүзіне асырыруым керек. Нендей іспен айналыссам да мен ең әуелі акынмын, ал акындық мен үшін кәсіп емес, арым мен жанымның көңіл-күйі. Мен Азия мен Африканын және күні кешеге дейін өзіміздің бауырлас елдердің өрт шалған жерлерінің бәрінде болдым дей аламын. Сондағы бастан кешкен, жүрегімді сыздатқан қасіретті жайлардың біздің «лап ете түсер оттыққа» толы үйімізде болмауы үшін, шырпының шағылдауына немесе «азаттық алауының» тұтанбауына күш жұмсаймын» – дейді.

Бұдан біз акынның қашан да өз елі үшін, өз халқы үшін ылғи да таразы басының теңсіз тұрған жағына болысатынын, әділдік бұзылған жерлерде жиі араласатынын байқаймыз. Олжас Сүлейменов – кейбір

деректерде келтірілгендей: Орманнан-Төбет, Төбеттен-Тайжан мен Байжан, Байжаннан-Жаяу Мұса, Тайжаннан-Ақтай, Ақтайдан-Сүлеймен, Сүлейменнен-Омар, Омардан-Олжас (Сүлейменов) атаның ғана баласы емес, сондай-ақ нағыз халықтың да ұлы.

## 16. ЖҰМЫСШЫ БЕЙНЕСІН СОМДАҒАН ЖАЗУШЫ (Ахат Жақсыбаев)



Кешегі сұрапыл соғыстың аз-ақ алдында, яғни 1940 жылдың ызғарлы қысында Павлодар облысының Баянауыл ауданындағы Имантайдың отбасындағы шағын қараша үйде шыр етіп бір сәби дүниеге келді. Алғаш күнінен әке-шешесінің шексіз махаббатына бөленген нәрестеге Ахат деген есім берілді. Онысы ата-анасының балаларының Ахат атасындай атақты, аяқтыға жол бермейтін, ауыздыға сөз бермейтін шешен болсын деген ақ тілеулерінен де туындаған болар.

Уақыт көші жылжи отырып, замана керуені ілгері басып, арада бірнеше жылдар өткенде соғыстан кейін іле-шала тарыдай болып мектеп табалдырығын аттаған жас бала, елуінші жылдардың соңында зінгіттей жігіт болып өмір көшіне қосылды. Еңбек жолын Екібастұз қаласында шахтерліктен бастаған ол арада көп өтпей таудай талабы мен бармақтай бағының арқасында қазақтың қара шаңырағы, білім ордасы Қазақ Мемлекеттік Университетінің өзі қалаған журналистика факультетіне оқуға түседі.

Жоғарыда Ахат Жақсыбаев еңбек жолын Екібастұз қаласында шахтада жұмысшы болудан бастаған дедік. Мұның өзі жазушының

кейін бүкіл творчестволық еңбегінің қайнар көзіне айналған. Соның арқасында, әсіресе, қазақ қаламгерлерінің ішінен екіншісі бірі бара бермейтін жұмысшы тақырыбына бірден ден қойған. Кеншілер өміріне терең үңіліп, адамдардың күнделікті тұрмыстағы, өндірістегі қарым-қатынасын шығармаға арқау етті. «Бозарал» повесі мен «Егес», «Бөгет» аталатын романдары осы жағынан бағаланып, қазақ әдебиетінің өндіріс тақырыбын шешудегі алтын қорына келіп қосылды.

Жазушы Ахат Имантайұлы қазақ баспасөзіне де елеулі үлес қосқан жазушы. Ол «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдебиет бөлімін меңгерген уақытында талай жас талапкерлердің тұсауын кесіп, ақыл кеңесін берген. 1972 жылдан бастап «Жұлдыз» журналының жауапты хатшысы болған. «Ақиқат» журналымен «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болған.

Жоғарыда айтқанымыздай Ахат Жақсыбаев мамандық алғаннан кейін бірден сол кездегі «Лениншіл жас», қазіргі «Жас алаш» газетіне қызметке орналасады. Талантты жас осы кезден бастап арсыл-күрсіл қайнап жатқан мазасыз өмірдің ішіне бойлап кіріп, газет жұмысының егжей-төгжейімен жете танысып, өзі таңдаған мамандықтың ыстық-суығына бірдей төзіп, мол тәжірибе жинақтайды.

Екіншіден, журналистік қызмет болашақ жазушының қайнаған тіршіліктің үңғыл-шұңғылына тереңірек үңіліп, карапайым адамдармен араласуына, Қазақстанның түкпір-түкпірінде бір адамның баласындай өмір сүріп жатқан көп ұлтты Қазақстан тұрғындарының тұрмыс-тіршілігімен танысуына кең жол ашты.

Сөйтіп, кешегі журналист, бүгінгі жазушы Ахат Имантайұлы қазақ баспасөзіне де елеулі үлес қосқан қаламгер. Себебі, ол «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде әдебиет бөлімін меңгерген уақытында талай жас талапкерлердің тұсауын кесіп, ақыл-кеңесін берген.

Жазушының азаматтығы, оның шығармашылығының көтерілген шыңы туралы қазақ халқының белгілі сатирик жазушысы Үмбетбай Уайдин ағамыз кезінде «Азамат жолы» деп аталатын өзінің бір мақаласында: «Шығармаларын басқа жұрттан бұрын қамтып, ерте қағып алатын менің де қаламдас жолдастарым баршылық. Солардың бірі маған диплом жұмысынан романдарына дейін таныс Ахат Жақсыбаев», – дей келе одан әрі жазушының «Егес», «Қорған» романдарына төмендегідей байыпты да байсалды талдаулар жасап, айшықты да орынды баға береді.

Ахат Жақсыбаевтың «Егес» романының 190-бетінде Зағираш есімді кейіпкердің аузынан айтылатын: «Шіркін-ай, біз осы кісі таны-

маймыз. Әсіре, қызылға үйірміз» деген жолдар бар. Оның өзіндік себептері бар. Шығарманы танымау, түсінбеу жақсылық па? Шығарманы танымау – авторды танымау. Шығарманы түсінбеу – авторды түсінбеу. «Егес» романы стандартпен жазылмаған шығарма.

Ахат Жақсыбаев – түсінікті жазушы, танымал жазушы. Шерхан Мұртазаның сөзімен айтсақ: «талантты тану-қиын, танымау-қиянат».

Әдетте қаламгердің сөздерін айтып, өздерін қалтарыста қалдыратын жайларымыз көп. Біз осы қалыптап қашып, сөз орайында Ахаттың жеке басының көзге түсе бермейтін қасиеттерінен хабардар еткіміз келеді.

Ахат Жақсыбаев ешкімге ұқсамайтын қаламгер. Оның мінезі де, жазуы да басқалардан ерекше. Жазушының «Егес» романында қақсоқпен жұмысы жоқ, жаратылыс табиғаты момын, жан-дүниесі мөлдір, мақсат-мүддесі биік Батырбек есімді кейіпкер бар. Батырбектің жолы ауыр. Жеңіс, табыс Батырбекке өте қиындықпен, маңдай термен келеді. Сол жеңіс, табыстың жолында жиі күрсінеді.

Биік мақсат, мақсат-мұра жолында Батырбек үй-ішімен ақылдаспай, қауырт көтеріліп, Қарғандыдан Қаратасқа тайып тұрады. Автор да биік мұраттың адамы, бірақ оның Батырбектен айырмасы – өмір бойы бала шағаның қасында. Адал жар, идеал, әке, азамат жазушы. Батырбек – жас адам, романтиканың адамы. Оны жылы орын, жайлы төсегінен жұлып әкетіп жүрген де сол романтика. «Жастық желік» күлдіреді, күрсінеді, опык жегізеді. Жастықтың аты – әрине жастық. Жаңа жер, жана ортаға келгеннен кейін Батырбек жаңа адамдармен танысады. Әртүрлі дәстәрхан басында болады. Зағираш, Әлималар да оның жаңа таныстары. Жан дүниесі мөлдір жас адамды кім жамандыққа қисын. Сол Зағираш, Әлималармен таныстығы барысында «нәпсі жеңіп, осы баланы құдай ұрып қалмаса неғылсын!», «опык жеп қалмаса болар елі-ау» деп Батырбекті анау-мынау жамандыққа көңілін қимай қылпылдап отырсаң. Автор оны «енді қайтер екен» деген жерлерін тап-таза, мөп-мөлдір қалпында алып шығады.

Шым-шытырық оқиға, шырғалан тағдыр жасау үшін Батырбекке арақ ішкізіп, мас қылып, әр әйелдің соңынан сүмендетіп, ертіп қоямын десе жазушының қиялы жеткен болар еді. Осы тұста әйел баласына ғана емес, жатқа да, жақынға да адал қарапайым, кішіпейіл Жақсыбаев жаратылыс табиғаты тағы да көз алдынан көлбеңдейді.

Жазушының соңғы оқырман жүрегіне тапқан екінші бір шығармасы «Қорған» романы. Бұл еңбегінде қаламгер бүрк-сарк қайнаған өмір

тынысын байсалды пайымдаумен қатар әрбір адамның мінез-кұлқына кездесетін штрихтарды өзінің бес саусағындай ашып, көрсетіп береді. Мәселен, бұған мысал ретінде романның бас кейіпкері партком хатшысы Жандостың бейнесін алуға болады. Жазушы көбіне тұрмыс-тіршіліктің сұрғылт жақтарын нақты мысалдармен, өрнекті сөйлемдермен адамның ішкі жан-дүниесін саралап, жеткізе білген. Бұған көз жеткізу қиын емес. Енді нақты мысалға жүгінелік:

«Қарт ұлы мен қызына кезек барып, біраз уақыт бірге тұрып қайтқанын әңгімелейді. Көп ашылмады. Балалары бөтенсіп, жатырқансып қалыпты. Бәрі де жақсы, бірақ бәрі де сыпайы «кет» демейді, бірақ үздігіп те тұрған жоқ. Өз үйіндей еркінсіп кете алмай, қас-қабақты аңдумен, жүріс-тұрысты бағумен карадай шаршапты. Өздері бір-бірімен үйірілгіш, бұл сол семьяда кірікпей шеттей қалады. Бұның берген тәрбиесі басқаша еді, қарап тұрса балаларының құлқы өзгеріпті. Дүниеге құнығу бар... «Міне, осындай ырғақты сөйлемдер арқылы қаламгер оқырманын баурай біледі. Ой қорытады. Мұның өзі жазушының шыннайы шеберлігін танытады.

Бір сөзбен айтқанда Ахат Жақсыбаев әлем әдебиетінің мол нәрінен сусындап, өмірден көп тәжірибе жинақтап, терең біліммен қадам басқан жазушы. Ол көп оқиды, көп ізденеді, көп түйеді. Сондықтан да оның өмірден алғанынан алары көп, бергенінен берері көп дарынды қаламгер деп білеміз.



## 17. БАСПАСӨЗДІҢ АРДАГЕР ҚАЛАМГЕРІ (Балтабек Асанов) [140]



Жазушы мен журналист – ағайынды қоңыр қаздай баспасөз өмірінде қатар, жарыса, жараса жүреді. Екеуінің де ұстаған қаруы – қалам, екеуінің де парызы – халыққа тіл өнерімен қызмет ету, жаңалықтың жаршысы болу. Біреуі өмір шындықтарын әсерлеп, бейнелеп толғаса, екіншісі-күнделікті шындық дүбірлерін әр сәтте, дер кезінде шапшаң, алғырлықпен жаңғырту міндетін атқарады.

Қалам ұстаған талапкердің өз тәжірибесін газет қызметімен бастамайтыны аз. Ақын-жазушы біткеннің бастау бесігі – газет, баспасөз.

Республикаға есімі мәлім, байырғы журналист Балтабек Асанов жетпіс жасқа толыпты деген хабарды естігенде, мені осы бір ғанибет жайлар ерекше толғандырды. (Бұл кісі кейініректе қайтыс болды). Баспасөз тарапында да, белсенді де жарты ғасырға жуық қызмет атқара жүріп, жас қаламгерлерге, солардың қатарында жас ақын-жазушыларға да қамқорлық шарапатын көбірек тигізген, оларды баспасөзге қызмет етуге баулыған аға журналистердің бірі – Балтабек Асанов.

Бұл пейілі кең, мінезі жарқын, инабатты адамды бала жасымнан, 1926 жыл болса керек, мен Павлодардағы балалар коммунасы (Деткоммуна) аталатын мектептің төртінші класынан білемін. Осы мектептің төртінші класында менімен сабақтас болып Балтекең де оқыды. Мен, үйім қалада болғандықтан, үйден кетіп оқитын шәкірттер қатарында жүрдім де, Балтекеңдер Деткоммунаның белбаласы болып есептелді. Баянауыл атырабында туған кедей шаруаның баласы Балтабек жеті жасында өке-шешесінен айырылып, жүрдай жетім қалса да, ересек шағында да Екібастұздағы панасыз балалар үйінде екі жыл бойы оқып

тәрбие алады. Балтакең дейтінім – сол Деткоммунада менімен бірге оқыған шағында, менен алты жас үлкендігінің үстіне, маған есейген, байсалды азамат болып көрінді. Біздің класта менен еті тірірек, Балтакеңмен нықтас Рақыш Хайруллин (қазір белгілі журналист, зерттеуші (Садыр Әбішев) кейін партиялық жауапты қызметтер атқарды) сынды ересек ағайлар оқыды. Сондай бір, сақа жастардың арасындағы кішілері арбакеш Әбубәкірдің баласы Бекеш екеуміз ғана едік.

Балтакеңнің байсалды, ақылды жігіт болып қалғанын сол бала шағымда аңдаған едім. 1925 жылы комсомол қатарына алынған Балтабек осы мектептің өнегелі, белсенді шәкірті болды. Менімен сабақтас, бірақ ойы да, бойы да менен биігірек Балтабек Асанов, Сабыр Әбішев, Рақыш Хайруллин жеті жылдық сол мектептің мұғалімдерімен парпар ұйтқысы, көмекшісі іспетті болып көрінді балалықтан әлі арылмаған маған. Еріксіз есіме түсіп кетті – Бөкеңнің ағалық бір назарын сол шақта сезген екенмін. Класта сабақ жүріп жатты. Балтабектер дәйім алғы партада отырады да, Бекіш деген досым екеуміз дәйім артқы партада отырамыз (оқуға шалағай баланың әдеті ғой). Оның үстіне мен қыршын жасымнан дін мектебіне шырмалдым да есеп білімі дегенге дүмшелеу едім. Сол сабақ үстінде мұғалім мені кенет тақтаға шығара қалмасы бар ма? Аңдаусыз тұра бергенімде койнымдағы сарбалақ көгершін пыр етіп ұша қалғаны ғой. Шалдуар басым бұл кештерді мектеп шатырынан таңертең бас салып ұстап алып едім. Мұғалім жаңылмасам, фамилиясы Қасымов болса керек, бөлмедегі шарк ұрған көгершінге бір карап алды да, маған бүркіттей шақырая қалды. Ұрса басталды. Кластан кумақ болды. Алда отырған Балтабек сонда орнынан тұрды да, мұғалімнен ізетпен өтініп, мені арашалап қалды. «Калижанмен оңаша сөйлесейік, мұндай қылығын енді қояр, – деп сендірді. Бөкең сабақтан кейін менімен кеңесіп біраз ақыл айтты. Бұл менің Бөкеңмен алған бірінші өнегем.

«Үлкендердің» арасында оқу маған қиын болғандықтан, келесі жылы мен орыс мектебіне ығыса қойдым.

Балтабек мектепте жүргенде-ақ қалам ұстауға кумар еді. Мектептің қабырға газетін шығаруға белсенді кіріскенін байқайтынбыз. 1930 жылы оқуын бітіргеннен кейін Балтабек Асанов Павлодардың «Колхоз» атты газетінің баспаханасында корректор болып жұмыс істеді. Баспахананың әйлік терезесінен мен телміре карап, шағын столда әріп басылған қиық қағаздарға шүкшиып отырған Балтабекті көріп өте білгір болып кеткен екен деп таңданушы едім.

Жас Балтабек содан кейін шырқай жөнелді. 1930 жылы Павлодар аудандық партия комитеті Балтабек Асановты Қазақстан өлкелік партия комитетінің карауындағы алты айлық газетшілер курсына жіберді. Одан кейін Балтабек Алматының жоғары коммунистік мектебінде оқып жүр деп естідік.

Ал мен болсам орта дәрежелі білім ала алмай, әр тарапқа қол созып көп сандалдым. Ақыры тағдырдың айдауымен дегендей (расында комсомолдың жұмсауымен) 1933 жылы Павлодардағы аудандық «Колхоз» атты газетіне қызметке келіп орналастым. Газет редакциясының жауапты хатшысы едім, газет бетінде аздап өлең, очерк те жариялай бастап едім. 1933 жылдың көкек айында сол газетке редактор болып, Алматыдан Балтабек Асанов келе қалды. Өзіміздің Балтабек, әлде мінезі өзгерген шығар, Алматыдан оқып келді. 1932 жылдан бері партия мүшесі, крайком жіберген жауапты редактор, оқыған азамат төккапар шығар... Мүмкін, мендей шалағайды қызметтен қуып жіберер деген күдік ойлар басымда үршықтай үйірілді...

Газет жұмысы баптануды күтпейді ғой. Балтабек келе сала іске шұғыл кірісті. Алдымен түнде алып кетіп, редакция папкасындағы бар материалдармен танысатын. Ол кезде аудандық газет редакциясында мардымды қандай бір материалдар болсын, шағын деректер, ақпараттар... Бұлардың өзін біз аупарткомға келген колхоз бастықтарынан, немесе көбінесе сыраханалардан табылатын колхоз есепшілерінен жол-жөнекей жазып аламыз.

Балтабек келген шақ – Павлодар аумағында егіс науқанының қауырт, қызу және қиын да шағы еді. Қатан қыстан колхоз шаруашылығы күйзеле шыққан, егіс жұмысына көлік күші жетіспейді. Жер-жерде ұйымдастыру ісінде керенаулық, бейберекеттік басым. Осыларды өйгілеуге, ширатуға газет үні жаршы болу керек қой. Ал, газет редакциясында журналистика саласынан хабардарымыз жалғыз Әлімбек Жаңағабылов еді, ол Семейге газет курсына оқуға кеткен. Ал біздер, – Төлеутай Ақшолақов, Әнуар Әукенөв болсақ – бұрын қабырға газет төңірегінен шыққан жастармыз. Алматыда баспасөздің арнаулы курсын бітіріп келген партиялық тағылымы бар Балтабек өзінің байсалды, білікті тәжірибесімен мендей жас қаламгерге айтарлықтай өнегелі әсерін тигізді. Газетке ақиқат, өтімді хабар, дерек жинап келу үшін бізді аудан түпкірлеріне жіберді, газеттің тіл кестесін жақсартуға зер салды. Бұл ретте мен Балтабекпен бір сәтте аздап қақтығысып та қалдым. Көктемгі егіске арналған газет беттерінің

біріне Балтабек маған ұран (шапка дейтін еді) жаза ғой деді. Мен мүдірместен: «Большевик, егістің қарқыны үдей түссін!» – деп жазып көрсеттім.

– Бұның жетпей жатыр деді Балтакең. Ендеше «Егіске большевиктік қарқын берілсін!» – деп әлгі сөздің жолын өзгерте қойған едім, «мұның да келмейді» деді. Осы тәрізді өз стилімде қалыптасқан бірденелерді қайталап жазып едім, Балтакене бәрі де ұнамағаны. Қызырлығым ұстап кетті де: «Менің бұдан артық табарым жоқ, Алматының жоғары оқуын тауысып келген өзің тап!» – деп баспаханадан шығып кеттім.

Баспаханаға жалғас салынған сырахананда сусындап отыр едім, аздан кейін әдетінше көзі күлімдеп Балтакең кіріп келді.

– Қалижан, сенің үшінші рет жазған ұраның жақсы екен, соны нөмірге жібердім, сен өкпелеген жоқсың ба маған? – деді. Балтакең өзгермеген екен, әлі сол мектептегі шәкірт кезіндегі ақ көңіл, жарқын мінезі... Менен кешірім сұрағандай болып жатыр, бірақ ақылын да жеткізді: «Менің де тәжірибем аз ғой, газет ісі көп оқуды, фактіні көп білуді талап етеді. Дәйім тапқырлық керек. Өткен айда шыққан бір нөмірлерінді аударып қарап едім, «қарқын үдей түссін!» деген ұран сонда да тұр. Қайталау – желге кеткен сөзбен бірдей», – деп маған сабырмен біраз кеңес берді. Балтабектен алған екінші сабағым сол болды.

Сол жылы Балтабек Асановты партия Магнитогорск металлургия заводына қызметке жіберді. Бұл тұста Магнитогорскіде қазақ жұмысшылары көп болса керек. Партияның тапсыруымен Б.Асанов қазақ тілінде «Магнитогор жұмысшысы» атты газет шығаруды ұйымдастырып, өзі сол газеттің жауапты редакторы болып қызмет атқарды. 1937–1938 жылдары Балтакең Челябині обкомының органы, қазақ тілінде шығатын облыстық газеттің жауапты редакторы ретінде Челябині облысына қарасты қазақ жұмысшыларына партияның ауыр өндірісін өркендету тарапында жалынды үгітті жаршысы болды. Сол жылдары Магнитогорскіде болып қайтқан атақты жазушымыз Сәбит Мұқанов, Балтабек Асанов туралы бізге, ақын-жазушыларға жақсы лебіз сездіргені есімде. Сәбең бір әңгімеде (кейін оны естелік етіп жазды да) «Челябі облысындағы, Магнитогорскідегі қазақ жазушылары арасында Асанов қадірлі екен. Ол шығарып тұрған газетті жұмысшылар ынтыға оқиды екен. Өзі де бір жақсы, ақ жарқын жігіт қой. Сірә, жұмысшылармен жиі кездесіп тұратын болар, мені ертіп қазақ жұмысшылары арасына апарды, үйлерінде де қонақта болдық, сонда байқалым, газетші Балтабекті бәрі де ұнатады екен», – дегені бар.

Журналист Балтабек Асанов өзі редакторлық еткен газет беттерінде өз қаламымен есімдері атырабына әйгілі етілген Магнитогорскінің жұмысшылары Буратаев, Досалиев, Намазбаев сынды еңбек ерлері жайында өлі күнге ертегідей жыр шертеді. Байырғы журналист, еңбек сүйгіш адамдардың досы, алғашқы басылымдардағы бесжылдықтардың орасан істерінің ұраншысы Балтабек Асанов – Магнитогорскі жұмысшыларының арасында қызмет атқарған ол бір кезеннің өзінің асулы бір шағына балап, маған талай мақтаныш етіп айтқан да еді.

Коммунист-журналист Балтабек өзінің партия ісіне берілген жігер қайратының идеялық абзалдығының арқасында партиямыздың зор сеніміне бөленді. Балтабек Асанов Семей, Алматы секілді үлкен қалалық партия ұйымдарында жауапты қызметтер атқарды. Алайда біздер, қаламгерлер Балтабекті алдымен баспасөздің көрнекті қайраткері деп қадірлейміз.

Біздің барша казак қаламгерлерінің шарапатты қара шаңырағы «Социалистік Қазақстан» газетінде жауапты қызмет атқарған шақтары Балтабекті баспасөз, әдебиет қауымдарына бұрынғыдан да жақындата, сыйлы ете түсті. 1940 жылы редактордың орынбасары болып істеген Балтабек Асанов партияның қалауымен алапат соғыс жылы 1942 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде жауапты редактор болып қайта оралды. Сол сұрапыл соғыс жылдары орталық партия комитетінің бұл айбынды органының неміс-фашист басқыншыларына қарсы жүргізілген қиян-кескі соғыс тұсында республика еңбекшілерін жауынгерлікке жұмылдыру тарапында, халыққа қаһармандық рухты ұрандау бағытында атқарған қызметі орасан зор екені шексіз. Қазақстан Орталық партия комитетінің тапсыруы бойынша Балтабек Асанов халқының майдан жауынгерлеріне арналған хатты ұйымдастыруға, оны майдан шебіне жеткізуге де үлкен еңбек етті. Ал жұртшылық, газет беттерінен майдан жауынгерлерінің таңғажайып ерліктері жайында талай хикая жырларды да оқып сүйсінгені де белгілі. Және майдан алауында, әскери сапта жүрген жауынгер акын-жазушылар, журналистер «Социалистік Қазақстан» беттерінен өлеңдерімізді, очерктерімізді де жиі оқып, газетке зор разылық білдірген едік. Партия басшылығымен, редакцияның шымыр ұйымдасқан шебер қаламгерлерінің творчестволық күшімен жалаудай жарқырап шыққан осы газет беттерінің соңында – редактор Б.Асанов деген есім тұрар еді. Сөз жоқ, соғыс жылдарында жауынгерлік рухпен жар салып тараған «Социалистік Қазақстан» газетінің игі істерінде оның редакторы Асановтың қосқан үлесі аз емес.

Балтакең бұл қызметте 1949 жылға дейін қызмет атқарды. Майдан алаптарынан асыға оралған ол тұстағы жас қаламгерлер – біздер есігін жиірек қағатын едік. Газеттің жауапты редакторы Б.Асанов бізге редакция есігін ашып, газет беттерінде шығармаларымыздың жарқ етуіне кең өріс берді. Мен, менің қаламдас достарым Қасым Аманжоловтың, Ғабдол Слановтың, Жұмағали Саинның тағы басқаларының аузынан редактор Асановқа деген ризалық лебізді жиі естіген едім. Көптеген қаламгерлердің газет қызметкерлерінің өсіп-жетілуіне де Балтабек Асанов еткен ағалық көмегі де аз емес. Солтүстік Қазақстанда шығатын «Ленин туы» газетінде 7–8 жылдай жауапты редактор болып қызмет атқарған Балтабектің редакция қаламгерлері ісіне, кісілігіне сүйсіне дәйім еске алып отырады.

Партиялық инабаты биік, совет баспасөзіне аянбай келелі еңбек еткен, партия совет қызметтерінде жігерлі, абыройлы жұмыс атқарған Балтабек Асанов партия мен үкімет тарапынан елу жылға созылған еңбегіне зор баға да алды. Балтакеңнің тарлан тартқан кеудесінде «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендеріне қоса бірнеше даңқ медальдары жарқырайды.

## ҮШІНШІ БӨЛІМ ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛҒАН

### 1. ӘНІНЕН БҮКІЛ ҚАЗАҚ РАХАТ ТАПҚАН (Мұстафа Бүркітбаев, Жарылғапберді Жұмабаев және Қали Байжановтар) [141]



Баянауылдың атақты әншісі Мұстафа Бүркітбайұлы. Ол Шоканның нағашысы аға сұлтан Мұса Шормановтың ықпалында болған жан. Әнші Омбыда Орта Азия мектебін бітірген. Оның Н.И. Костылецкиймен байланысында Шоканның да әсері болды деген сөз қисынға келеді. Алайда, орысша оқыған, уезде переводчик боп қызмет еткен Мұстафа елге кел, қалыңдық түсіріп отырған күні, өз киіз үйінің ішінде надан қайнағасының қолынан қапыда қаза тапқан. Ол өзінің «Мұстафа» деген әнінде:

*Бауырында Баянауыл қойым жатыр,  
Шалқыған көк теңіздей ойым жатыр.  
Ағайын бүгін күндер, ертең жоқтар,  
Ұл тумай Жанғозыда Мұстафадай!*

деп шалқыса, атақты Майра оның «Жер қазығы» атты өлеңін:

*Тұрмайды жер қазығын айналмай жай,  
Дүниеден бәрі де өтер кедей мен бай.*

деп шырқатқан.

...

Арканың үлкен әншісінің бірі – Жарылғапберді (біреулер Жарылғап дейді). Жарылғапберді Қали Байжановтың ұстазы. Жарылғапберді өзі ән шығармаған, тек жақсы орындаушы болған деген әңгіме де бар.

*Көкшетау, Баянауыл жер науаны,  
Елінен көктей гүлдеп шығады әні.  
Бауырында Көкшетаудың көкке шығып,  
Толғантып Жарылғаптың салған әні,-*

деген шумақ, оның орындаушы болғанынан хабар береді. Жарылғапбердінің атын білмейтін адам ән төңірегінде аз десе болады.

Жарылғапберді Жұмабаев Баянауылда 1861 жылдар шамасында туған. Жасында кедей болып, кісіге жалданып жүрген. Бертін келе шаруасы күйленген. Өзінен бала болмай, асырап алған Мұқыл деген баласы болыпты. Ол Керекуде жұмыскер болса керек. Жарылғапберді шала сауатты, қу тілді, мысқылға шебер болыпты. Біреулердің айтуы бойынша, Жарылғапберді 1904 жылы Қажыға барып келіп, одан кейін әнді қояды. Бірақ оның бәрі де нақты дерек болмаса керек. Сондай-ақ Жарылғапберді Шорманның әншісі бәзды деген әңгімелер де бар. Кейбіреулер оны да қостамайды.

\*\*\*

«Егер өзімен жүзбе-жүз көріскенше Ғаббас Айтбаев жөнінде мен ешнәрсе есітпеген болсам, Қарқаралы уезінің басқа дарынды әншісі Қали Байжанов туралы, мен алыстағы далаға шығамын деген ойымда жоқ кезде, ертерек есіттім. Онымен кездесуді де, сондықтан асығыспен ізледім. Бірақ оның кәсібі (ол әнді кәсіп етеді) оны бір ауылдан бір ауылға қуып, ұзақ уақыт маған күйрығын ұстатпады. Тек Қарқаралы қаласында мен оны іздеп жүр дегенді естіп, бір жағынан о да мені іздеп жүрсе керек. Қали, астында әдемі аты бар, ән жаздыруға маған келді.

Сырттай қырықтан жана асып жүрген тығыншықтай адам, орта бойлы, келбетті, дөңгелек жүзді, салбыраған – дәу жирен мұрты бар, көпке белгілі Репиннің картинасындағы запрождықтарға да кейбір жақтарынан ұқсайды десе болады.

Оның дауысы күшті, алысқа кететін (жоғарғы баритон), ал оның әндегі ерекшелігі: қою, бояуы әдемі дыбысты, дүрілдеген, созылған мелодия, ерлік немесе кейде айқайлау, тіпті күлдіргі әндер, шағын әндер – демалыс минуттарында кымыз ішіп отырған сахаралықтардың жүрсегіне жылы тиетін көңіл аулағыш әншілердің белгілі репертуары.

Жалпы алғанда – бұл акын және қиялшы Ғаббастай емес, қарадүрсіндеу. Ал, ол кейде әндердің лирикалық кезеңдерінде, дауысын баяулатып, сыбырға жақын, мұрнын кіржиге нәзіктік акцент жасаймын дегенінде, оның шын мәнінде іштей елжіреп отырғанын немесе тіпті жай күлдіргілі ойын жасап отырғанын айыра алмайсың.



Өмірде көңілді сүйкімді Қали, сөзсіз музыкалық қабілеті күшті. Олай дейтініміз – Москвада (Қали қазақ группасымен концертке келгенде...) мен оның әндеріне фортепианода сүйемел жүргізіп көрдім. Дала әншісінің күлкілі-көңілді шағынын қайда кетіп қалғанын білмейсің! Ол бұрын үйренбеген, тосын дауысты сүйемелге ешбір қысылмай, әнді әдемі, ойлы айтты, өте нақ және күшті үнмен дыбыстарды қатесіз тауып отырды.

Алғашқыда Москва оны таңқалдырды, аузынын суын күртып, бірақ үш жетідей уақыт өткеннен кейін, оның шуына, сендей соғылысқан көпшілігіне, иін тірескен тарлығына әбден тойып, сахараның адамы өзінің даласынын ұлан-байтақ тыныштығын сағынды», – дейді А.Затаевич өзінің «Қазақтың 500 ән-күйі» деген жинағының соңындағы түсінік сөзінде.

А.Затаевич қазақтың асқан өнерпазы, советтік қазақ музыкасының дамуында үлкен рөл атқарған адам – Қали жөнінде жақсы баға берген. Қалидың творчестволық жолы аса бай. Ол екі ғасырды бірдей көрді, әншілік дәстүрді біздің советтік дәуірге ала келіп, өзінің бай репертуарын, орындаушылық тәжірибесін жаңа бастап, қаланып жатқан үлкен музыка құрылысының ортасына салды. Жасым келді деп қарап отырмай, өзі де оқып, нота сауатын ашып, жеке ән өмірін өрбітумен қатар, хор, ансамбль мәдениетін өсіруде де, өзі қатысып отырып, үлкен қолқабыс тигізді.

Қали Байжанов 1877 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, «Қайың көл» деген жерде туды. Руы – Сүйіндік ішінде Ақбура. Ол кезде Қарқаралы, Павлодар, Өскемен, Зайсан, Бұқтырма Семей губерниясына кіретін.

Қали Баянауылда туғанымен, өскен жері Қарағанды облысының Қу ауданы. Қудың Үлкен тау, Балқан тау дегендеріне жас кезінен қызыққан Қали, үнемі өлеңдерінің арасында:

*Қу биік, өзге таудан мұнарланған,  
Басқа тау «Қу боламы!» деп құмарланған.  
Қуда көп құрақты көл, емен ағаш,  
Қу шұнақ, қу болуға кім арланған.–*

деген шумақты айтып отыруды жақсы көреді екен. Кіндік кескен жері болмағанымен, өсіп, үлкейіп, өнерге жеткізген жерінің сонадайдап үнемі көрініп тұратын бнігіне өзінің өмірбойы көзі түсіп жүретінін айтқан болу керек.

Қалидың әкесі Байжан кедей адам болады. Ол жасы он сегізге жетер-жетпесте Екібастұзда шахтада жұмыс істейді. Жер бетіндегі, ашық аспан астында жүретін байлардың малшылық-жалшылығынан неде болса табысы қалтасына айлап түсіп отыратын еңбекті қалайды. А.Затаевич айтқандай, оның сом денесі қара жұмысқа қайырыла қоймайды. Екібастұзда бір-екі жыл істегеннен кейін Желтауда тас қалаушы болады. Ол жұмыс қолынан келгенімен өнерлі Қалидың қиялданған бағытына ауырырақ тиетін беті көрінеді. Оны айтып отырғанымыз – тас қалау қалай дегенмен де, сол кездің өзінде домбыра тарта бастаған, әнші атағына ие болуға жақын жүрген Қалидың қажырын алатын болады. Сондықтан Қали Желтауда да көп болмай, өзінің жаратылыс берген сыйы – дауысын орбіту жолына кетеді. Әрине, тас қалап жүріп, бір күні ұйықтап тұрып, кенет әнші бола салмайды. Ол өнері ерте басталады.

Қали жасы он екі-он үшке келгенде-ақ өзінің бала даусымен бір есіткен әні болса қағып алып, айналасын таңқалдырады. Жасынан есіту қабілеті аса зор, музыкаға бейімділігі ауыл-аймаққа көріне береді. Оның үстіне ол бір өреде ертеден келе жатқан ән дәстүрі жас талапкердің қатқан қанатын қолдайды. Жоғарыда айтылған шахтаға бармас бұрын-ақ Қали әншілік өнерін өркендету жолында өмір боғеттерінің ешқайсысына тоқтамайды, есіткен әні баста шатпақтап отырған болып көрінсе де, аз уақыттан кейін зергердің қалыбынан өткендей жарқыратып, әшекейлеп алып келіп, көп алдына тартады.

Өзінің айтуынша Қали он сегіз жасынан бастап Арканың белгілі әншісі Жарылғаптан (біреулер Жарылғапберді дейді) ән үйрене бастайды. Оның қасына еріп, шәкірт болып көп жылдар жүреді. Жарылғапберді өзі ән шығармаған, бірақ қатарынан озған әнші-орындаушы болса керек. Міне, оның репертуарынан Қали «Шама», «Алтыбасар», «Топай көк», «Ардақ», «Келіншек» және де басқа әндер алады. Қали Жарылғапбердінің сүйікті шәкірттерінің бірі болады. Ол алған әндерін бабына келтіріп орындайды. Әрбір творчестволық адамға тән өзінің «менін» қосады. Жарылғапберді сияқты оқымаса да көргені көп ұстазға Қалидың бұл қадамы игіліктің басы болып көрінеді. Қалидың орындауында А.Затаевич айтқандай өзіндік ерекшелік бар. Ол әнді салған жерден аспандатып көтеріп алып кететін жерінде бой жеткізбей, ән оюлайтын, қиыстыратын, күйқылжытатын жерлерінде қазақ әншілерінде аз келетін өзінің қою, төмен (жуан деген мағынада) дауысын дүрілдетіп, дыбысы жай кездің өзінде аржағында бір алапат күз жатқаны сезіледі.

Қали Біржан мен Ақанды көреді. Олардың жастары ұлғайған кездері болғанымен, өз көзімен ән алыптарын көру, олардың дауыстарын, ән орындаудағы әдістерін байқау, тікелей тілдеспесе де, басқа біреулер арқылы әнгімелерінің ішінде болу, Қалиға қазақтың ән өнерінің үлкен өмірлік, күрестік мәні барын танытады. Біржанның «Жанботасын», Ақанның «Көкжендетін» ардагер әншілер аталарының өздерінен есіткен Қали, өмірбойы өзінің орындаушылық түйінінен шықпай, сол дәстүрлі сақтауға ұстаздардың қолдарынан беріп кеткен өмір жолдамасындай болады.

Қали көп әншілерден «олжалы» болды. Ол әрі әнші, әрі әділдік жолындағы күрескер, акын, азамат Жаяу Мұсамен де кездеседі. Жаяудың алдында Қали ән салады. Арқаның ән дәстүрін жақсы меңгерген, сонымен қатар басқа елдердің музыкасымен де танысқан, музыкалық көзшенбері кең Жаяу Қалиды тыңдап, оның үлкен талантына қатты қуанады. Ән дәстүрінің жақсы-жақсы қолдарда қалатынына іштей риза болады. Қалидың репертуарына сөйтіп Жаяу Мұсаның, Біржанның, Ақанның әндері енеді.

Ақындығы мен әншілігі қатар, жарыса түсетін бұлбұл Құлтуманың әндері де Қалидың репертуарынан кең орын алған. Өйткені, Құлтума әншілік жағынан соңғы жылдарға дейін қағазға түспей келгенімен, өз қатарынан асып түспесе кезінде кейін болмаған адам. Міне, сол Құлтуманың әсем әні Қалидың орындауында А.Затаевич қолымен жазылып, оның жинағында жүр.

Ғасырдың аяғында Қали, ауызша мәліметтер бойынша Абайды да көреді. Поэзия мен әннің жайын жете білетін данышпан Қалиға көптеген ақыл айтып, оның творчестволық жолының жемісті болуын тілейді. Үлкен драмалық кейіптегі әндермен қатар, А.Затаевич жазғанындай, сырлы лирикалық әндер (этнографтың Қали лирикалары әндерді келтіре алмайды деуі үстірттеу пікір сияқты) және көңілді-күлкілі әндерді орындайтын шалқар репертуарлы Қали, түрлі жанрды меңгеруі арқылы Абайдың алдында үлкен абыройға ие болған болу керек. Әрине, Қали үшін Абайды көру, оның алдында өнерін жария ету, оның ақылды сөздерін есіту – үлкен табыс, «көктен тілегенді, жерден берген» тағдырдың үлкен қайырымды, мархабаты.

Қали енді әнді кәсіп етіп тамақ асырауының негізгі материалдық іргетасы да сол болады. Осындай өзінің бір гастролінде 1916 жылы Едірей, Қу, Дастар, Сарғау болыстарын тегіс шақырған Тәукебайдың асында ән айтады. Онда Қалидан басқа Нағайбыл, Исайып, Ғаббас,

жас Қуан болады. Бұл жиында да Қали ерекше көзге түседі. Осы топ және Қарқаралының жынды Алтайы, Омар тағы басқалары Кіптан, Тотап жәрменкелерінде кездеседі. Бұлар Нюрибергтің мейстерзингтерлері сияқты ән базарын қыздырып жүрген жерлерінде аңыз қалдырып отырады.

Әрине, бұл айтылғанның бәрі де қазақтың кешегі күндегі ән иелерінің бәріне ортақ тағдыр, өнерді қолдап, күнбе-күн бұл күнгідей әкелік қамқорлық жасап отыратын партия мен үкімет жоқта, әркім қолда барымен базарлап, көбіне өздерінің таланттарының, халықтың қолдауының нәтижесінде ғана атағы жайылған, бізге өнерлері жеткен некен-саяқ қайраткерлер. Сол топтың бір мүшесі – Қали. Ол осындай халде Октябрь революциясына жетті. Еңсесі көтеріліп, өнердің өркендейтін кезінің енді келгенін көріп қуанды. 1924 жылы Семейде болған өнерпаздардың мәжілісінде әнге шығып, кейін Әміремен ән жарыстыруы – Қалидың сол күткен қуанышты күнінің бірінші жемістері еді.

Қалидың аты кең жайылды. Қазақстандағысы өз алдында, Москваға да жетеді. Қали басқа сол кездің түскен үлкен өнершілерімен бірге Қызылордада ұйымдасқалы жатқан бірінші қазақ драма театрына шақырылады. Келесі 1927 жылдың апрелі айында Қали Москвада болатын бүкілодақтық советтер съезінде берілетін концертке, яғни тобымен сахнаға шығады. Қали орындаған жеке әндері тыңдаушыларға қатты ұнайды. Қарқаралының қазақ даласына кең жайылған, мақтауға сиярлық ән дәстүрінің үлгілерін тілектес астана тыңдаушыларына естіртеді. Бұл Қалидың үлкен сахнаға шығуының басы болады.

Театрда көп болмай Қали Қарағандыға келеді. Еңбек көзін ашқанда шахтада болған өнерпаз сол қаласын өзіне негізгі мекен еткісі келеді. Қолындағы өнерін ауыр да, абыройлы да еңбек үстінде жатқан шахтерлердің рухани азығы болуына жұмсағысы келеді. Ол Қарағандының радио комитетінде істейді. Сонда Б.А.Орлов пен В.Пирогова бастаған бірінші көп дауысты қазақ хорында негізгі бас дауыстың бірі болып орнығады. Хорда айтумен қатар, жоғарыда баяндалғандай, Қали жеке әнге үнемі шығып тұрады, өзінің нота сауатын ашып, хордағы партияларын емін-еркін оқитын болады. Сонымен қабат жас әншілерді тәрбиелейді, бай репертуарын олардың алдында салып, бөліседі. Ыбыраев, Жұбатова сияқтылардың әншілік майданында өсуінде Қалидың еңбегі зор болады.

Қали 1936 жылы сол хордың құрамында Москваға барып, онда хорда және жеке әндермен концерттерге шығады. Қалидың орында-

ған «Жалғыз арша», «Алтыбасар», «Шама» сияқты әндері қайта-қайта біске шақырылып, әнші үлкен жетістікке ие болады. Қали елде жүргенінде және Мәскеуге 1927 жылы барғанында А.Затаевичпен кездеседі, оған әндер береді.

Міне, Қали сол кезден бастап совет өнерінің өркендеу жолында үзбестен еңбек етіп келді. Сол кезден бастап ол Қарағандыдан ешқайда шыққан жоқ. Өзінің сүйікті өнерін өрбітіп, айналадағы жастарға үлгі, ұстаз болып, тапжылмастан музыка майданында қызмет істеп келді. Ол өзінің практика жүзіндегі үлкен еңбектерімен қатар қолындағы бар рухани байлығы әндерін кейінгі ұрпақ игілігіне айналдыру үшін Алматыдағы Академияға келіп, ондаған не бір әсем, әсерлі әндерін жаздырып кетті. Ол әндер нотаға түсіріліп, топталып, сараланып, зерттелу үстінде.

Қазақстан үкіметі Қалидың советтік өнер алдындағы сіңірген еңбектерін ескеріп, 1938 жылы оған республиканың еңбегі сіңген артисі, 1945 жылы республиканың халық артисі деген атақтар берді.

Қали қазір де сексеннің ортасында. Әлі де қуатты. Еңбегі сіңген демалыста. Қалидың орындаушылығында басқа да өзі сияқты аға бұрынның әншілерінен үлкен айырма бар. Оның пленкаға жазылған әндері арқылы сол ерекшелікті, сол бір орындаушылық әдісті зерттеу біздің міндетіміз. Қазақтың классикалық ән орындау дәстүрінде біздің заманның орындаушылық мәдениетінен орын алатын көптеген кезеңдері, жақсы үлгілері бар. Қалидың дауысы, оның үстіне, ешбір консерватория көре алмаса да табиғи түрде қойылған дауысқа мензейді. Оның қандай себептері барын, тек әндерді жазып алғанға місе тұтпай, терең зерттесе ғана әңгіменің сыры ашылады. Қалидың орындаушылық өнері біз үшін үлкен мәдени, рухани қазына. Ардақты әнші, қазақ совет өнерінің іргетасын қалаушының бірі, көптеген жас әншілердің ұстазы, барлық білген өнерін советтік музыкаға құрылыс жолында аямай салған қайраткер – Қали өмі мәңгілік жасай берсін!

## 2. АҚ СИСА, ҚЫЗЫЛ СИСА, СИСА, СИСА (Жаяу Мұса Байжанов)



Жаяу Мұса – өз тұсында әншілік дәстүрдің қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан ақын-композитор. Оның тұтас бір ғасырға таяу жасаған өмір жолы тарихи оқиғалардың куәсі. Ол өзінің бар өнер табысын әлеуметтік мазмұнға құрып, жаңа ырғақты әндер шығарды. Әншілік қызметінде өзіндік тың стиль тауып, әуен мен өлең жолдарын толық қабыстыра білді. Осы сияқты стильдік өзгешеліктерімен қатар, оның әндері күшті жігерге, мойымас қайратқа құрылады. Мұса өлеңдерінің осындай мазмұнға ие болуы оның басынан өткен өмір жолының тартыс-талқысына байланысты. Өз талпынуының арқасында сауатын ашқан Жаяу Мұса өз заманының әрнәрседен түсіңгі бар көрнекті өкілдерінің дәрежесіне көтерілді, ел ішіндегі әділетсіздікпен күресті.

Жаяу Мұса Павлодар облысына қарасты, Баянауыл ауданында 1835 жылы туған. Руы – Арғын. Оның ішінде – Сүйіндік. Әкесі Байжан кедей, шаруа болса да еті тірі, өжет, пысық, бай-манаптармен ұстасып жүреді. Сол кездегі ірі бай Шорман тұқымдарымен бәсекелесіп, баласының атын Шорман баласының есімімен аттас – Мұса, Мұстафа деп қояды. Молда ағасы Тайжаннан сауатын ашқаннан кейін әрі қарай оқуға өзі талаптанып, 13 жасында Қызылжар қаласына барып Кәрім деген бай ноғайға жалданып оқиды.

Қызылжар қаласынан кейін Омбыға барып, орысша оқуға түседі. 15 жасынан бастап өлең, әнмен әуестеніп, өзі де ән, өлең шығара бастайды. Сондай-ақ ол Шорман, Поштай балаларының елге істеп отырған зорлық-зомбылығын, елді қанауын, пара алатынын көріп, біледі. Өсе келе оларды әшкерелей бастайды.

Мұны естіп Шорманның Мұсасы Омбыдағы губернаторға Жаяу Мұсаны жамандайды. 12 жылға Тобыл қаласына жер аудартады. Ол мұнда көп болмайды. Өзінің сұрауы бойынша әскер жұмысына ауысып, арбакеш болып жұмыс істейді. Әскер бөлімдерімен бірге Петербургте, Польшада, Литвада болады. Осындай біраз жерлерді аралауы түрлі халықтардың тұрмыс мәдениетімен танысуына, сана-сезімінің оянуына, ұлттық теңдікті түсінуіне күшті әсер етеді. Патша үкіметі Жаяу Мұсаның қызмет еткен әскер бөлімін генерал Черняевтің басқаруымен Орта Азияға аттандырады. 1864 жылдың жазында Әулиеатаны алады. Жаяу Мұса осы сапарында қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлихановпен танысады.

Жаяу Мұсаның Шоқан Уәлихановпен кездесуін Сәуірбек Бақбергеновтың «Ақ боз атты ару» атты кітабында былай деп жазылған: «Екеуі де бәйгіге суыт-қан арғымақтардай ашаң, қағыгез. Екеуі де өнер қуған, білім іздеген, әділдік аңсаған жандар. Бірі қазақ-қырғыздың әдет-ғұрып, салт-сана, ақындық үлгісін, мақал-мәтел, ертегі-аңызын жинаса, бірі елінің әні мен күйін терген, өзі әдемі әндер шығарып, оны сәнімен, мәнімен орындайтын».

Жаяу Мұса туралы Шоқан: «Алдау мен арбауды қорлыққа санаған намыскер. Оның көк етікті көпке ұқсамаған мінезі бар. Онысы тізеге салуға келмегені, тезге басуға көнбегені. Жаным арымның садағасы деп ант етіп оны өзіне бойтұмар еткен ердің әлі де алысқа ұшар, ұзаққа сілтер тұрқы бар. Көзінде от, жүрегінде жалын, өңінде қайрат-жігер табы жатыр. Мойымаған, жасымаған, Баян басына шыққан жас емендей ешкімге иілмеген»- дейді.

Үйіне келгеннен кейін де Шорман, Поштай тұқымдары Жаяуға тыныш таптырмайды. Қазанда бірнеше ай тұрып, Жаяу Мұса еліне қайтады. Поштай тұқымдары тағы да жала жауып, ұстатады. Олар Жаяуға жала жауып, мұқата алмаған соң оған у бергізеді. Бірақ одан да зман қалады.

Жаяу Мұса сүйікті жұбайы Сапардан Салық деген бір ұл, үш қыз өсіреді. Сапар қайтыс болғаннан кейін қыздарының қолына барып тұрады. 1916 жылы ұлт-азаттық көтеріліске қатысады. Бұл кезде Жаяудың жасы сексенді алқымдап қалғандықтан қолына қару алмаса да, халық жанында болып, ел азаматына кеңес беріп, бірнеше өткір, уытты өлеңдермен жұртты күреске шақырады.

Жаяу Мұса өз туындыларын жана идеялық мазмұнға құра отырып, ән жанрын дамытуда оуендеріне тың ырғақ, соны өлшем енгізіп, жана

стиль тапты. Оның «Ақсиса», «Гауһар кыз», «Хаулау», «Сүрша кыз» т.б. өлеңдері кеңінен тарады. Бұл әндердің басқа ақын-әншілерден ерекшелігі көңілді, жігерлі болып келуінде. Бұл ерекшелік – оның орыс, татар музыкаларымен таныстығынан туған жаналық. Жаяу домбыра, кобызбен қатар скрипка, гармонь, гитараларды да ойнай білген. Мұнымен қатар Жаяудың кейбір ән мәтіндерінде лиризм кең орын алып, көңіл-күй нәзік беріледі.

Жаяу Мұсаның негізгі әдеби мұрасы – ән мәтіндері мен жеке өлеңдері және күнделік етіп жазған дәптерінің біраз беттері де сақталған. Онда ауыл-үй, күнделікті тұрмыс жайын әңгімелей отырып, кейбір саяси жағдайлар жөнінде де өз пікірін жазған. Әдеби шығармаларының көлемі де үлкен, саны да көп, тақырыптары да әр алуан. Оның бозбала кезіндегі «Сәулем қыздар», «Әрине күн», «Ләйлім», «Шайтан торы» деп аталатын әндері жастық, сүйіспеншілік жайында. «Көкей кесті» деп аталатын әні де бар, онда кәріліктің дәрменсіз күні баяндалады.

Жаяу Мұса творчествосында аңшылық тақырыбы да басты тақырыптардың бірі. «Аңшылық», «Сары күс», «Шұбар күс», «Қаршыға», «Бүркіт» т.б. өлеңдері аңшылық кәсіптің көріністері нақтылы көрсетілген. Қоғам өміріндегі әлеуметтік әділетсіздікті суреттеу оның «Ақ сиса» әнінен айрықша көрінеді. Мұса «Ақ сиса» әнінде:

*Ақ сиса, қызыл сиса, сиса, сиса,  
Жарасар қамзол сұлу белін буса.  
Шорманның Мұстафасы атымды алып,  
Атандым сол себептен Жаяу Мұса. –*

деп, жұрт алдында жария етеді, көптің қамын жеп жүргенде өз басы кудаланып, бейнет тартады. Әр жерде қашып жүріп, күн көреді. Ісін қуып, Омбы қаласына бірнеше рет жаяу барады. Жазықсыз жапа шеккенін, басының ауыр бейнетке түскенін шағып, ақын былай дейді:

Жазығым жоқ, Омбыға жаяу бардым,  
Жол бойы бейнет көріп мен арыдым.

«Хаулау» өлеңінде осы бейнеттің аяғы өмір бойына созылған арылмас азапқа айналғанын:

*Қорлыққа жас та болсам шыдай алмай,  
Өмірім Мұсаменен дауға қалды, –*

деп әнге қосады.

Жаяудың патша әкімдері жөнінде де бірқатар өлеңдері бар. Онда уезд бастықтары қатал да әділетсіз өмір иесі ретінде өшкереленеді:



*Шорман қандай, сен қандай?  
 Ауырады долданып,  
 Полковник шекпен киіп ап,  
 Жөнелді Мұса сырт беріп, –*

дейді.

Сол сияқты Жаяу Мұса өзінің екінші бір өлеңінде де патша өкімшілігінің өкілдері қазақ байларымен тізе қосып, елді аяусыз қанаушылыққа түсіретінін ашықтан-ашық әшкерелейді. Оны «Крестьянский начальник» деп аталатын патша чиновнигі Зудилов жөніндегі өлеңнен көруге болады. «Сексен екі кезімде» деп басталатын 124 тармақтан тұратын ұзақ толғауында ел ағасы Жаяу Мұса өз ой-арманын актара жырлайды. Ауылды кеңестендіру жұмысына да қатысады. Бірнеше жыр шығарады. Қарт ақын жаңа заманның шаттығын ерекше бір ықыласпен жырлайды. Оның өлер алдында қоштасып айтқан өлеңінде де ешқандай торығу жоқ:

*Тоқсан төртте жасым бар,  
 Енді жүрек басылар.  
 Мен жүргелі жатырмын,  
 Қоштасайық, халқым-ау,  
 Қуаныш заман кең болды,  
 Еңбегім сіңген Ақшоқым,  
 Сонан орын қазыңдар, –*

дейді.

Сонымен Жаяу Мұсаның әндері мен өлеңдерінен тұратын творчествосы сан алуан жаңалықтарға бай. Оның көпті көрген ұзақ өмір жолы идеялар мен творчестволық жетістіктерді тудырды. Біржан бастаған әншілік дәстүрдің бұқарашылық идеяларын жаңа дәуірге әкеліп ұластырды.

### 3. НЕМЕРЕ ТОЛҒАНЫСЫ (Иманжүсіп)



Сарыарқа өңіріне жақсы танымал ақын, менің атам-Иманжүсіп Құтпанов туралы ел ішінде талай аңыз әңгімелер тарап, талай кітаптар да жазылды. Иманжүсіп өз өмірінде Сәкен Сейфуллинмен, Қажымұқан Мұңайтпасовпен, Балуан Шолақпен жолдас болған. 1964 жылы жазушы-журналист Жұмабай Орманбаев «Жұлдыз» журналында Сәкен мен менің атамның бірнеше кездесулері жайында жазды. Жиырмамыншы жылдары газеттердің бірінде олардың бірге түскен суреттері жарияланды. Өкінішке орай, бұл сурет әлі күнге табылған жоқ. Иманжүсіп туралы Қажымұқан айтқан әңгімелер де өте көп, көпшілігі ел ішінде жиі айтылып жүреді. Қазақ халқының Қажекеңдей даңқты батыры, Иманжүсіпті аға тұтып қатты құрметтейді. Сондықтан болар онымен ешқашан да белдесіп, күреспеген. Халық жазушысы, казак поэзиясының алыбы Әбділдә Тәжібаев дәл осы жайды өзінің естелік кітабында жан-жақты суреттейді. Жазушы Зейтін Ақышев ұзақ жылдар бойы деректер жинап, ақын өмірінен сыр шертетін «Шынардың қашуы» атты роман жазды. Өмірден ерте кеткен Кеңшілік Мырзабековтың «Иманжүсіп» поэмасы да ақын туралы жазылған құнды дүние. Жазушы Ғабдол Сланов өзінің «Достың жоғары сезімі» атты эссесінде ақын Қасым Аманжоловтың менің атамның поэзиясына тәнті болғандығын айта келіп, ақын шығармашылығының Құрманғазы өндерімен үндесіп жатқандығын ерекше тебіреніспен баяндайды. Жақында ғана, мен өзімнің зерттеу экспедициясына шыққан сапарымда, ескен жастағы қызылордалық ақсақалдың үйінде қонақ болып әңгімелестім. Ақсақалдың әңгімесін ұнтаспаға жазып алған едім, бұл деректерді Иманжүсіп шығармашылығы мен өмірбаянын зерттеп жаз-



*Торайғыров  
Сұлтанмахмұт*



*Келенгеров  
Қошмұхамбет*



*Айсақытов Мүсінбек*



*Ақышев Кемел*



*Тайшықов Қадыр  
Баспақұлы*



*Машкин Зейін  
Жүнісбекұлы*



*Исабаев Қалмұқан*



*Әбілев Дихан*



*Бекхожин Қамжан*



*Әлімбаев Мұзафар*



*Мұстафа  
Бүркітбайұлы*



*Сүлейменов Олжас  
Омарұлы*



*Ахат Жақсыбаев*



*Балтабек Асанов*



*Маяу Мұса  
Байжанұлы*



*Марымғанберді  
Мұнабайұлы*



*Байжанов Қами*



*Құтпанов Мuanжүсіп*




*Айманов Шәкен*



*Шанин Жұмарт  
Тұрғынбайұлы*



*Кенжеттаев Кәзкен*



*Кәримбаев Садық*



*Әбусейітов Сүәт*



*Әбусейітов Қуәт*





*Дубәкіров Байболат*



*Бектұров Әбікен*



*Сағынов Әбіқас  
Сағынұлы*



*Қасымов Қамар*



*Бейсембаев Серікбай*



*Ержанов Мақан  
Сүлейменұлы*



*Сақау Мәукеçий*



*Ишан Хазірет*

ғанда пайдалануға болады деп ойлаймын. Иә, атамыздың өмір шежіресі романтикалық әрі қайғылы кезеңдер мен оқиғаларға толы.

XIX ғасырдың басында Түркістанның билеушісі болған Иманжүсіптің атасы Тұрғанбай датқа өз жерін Хиуа хандығының тепкісінен, құлдығынан құтқару жолында қаза болады. Басына қауіп төнген Тұрғанбай датқаның әйелі Мәликке ұрпағын аман сақтап қалу үшін бір жасар ұлы Баймырза мен бес жасар қайнысын алып шөл дала арқылы туған еліне қашады. Шыттей екі баламен межелі жерге жете алмасын сезген бейкүнә әйел көзінің жасын көл қыла отырып, іштен шыққан баласын тасалау жерге жасырып, кейін келіп алмақшы болып жолға шығады. Туған еліне аман есен жетіп, жасырған жерден баланы алып келуге жігіттерді жібереді, бірақ келген жігіттер оны таба алмай кейін қайтады. Қайғы жұтқан кейуана баласын өмір бойы іздеп өтіп, тек ширек ғасырдан соң табады.

Кейін белгілі болғанындай нәрестені баласы жоқ малшы саудагер Дайрабай деген адам тауып алады. Ол балаға Құтпан деп ат қойып, солтүстікке қарай, қазіргі Павлодар облысына алып келеді. Бұл тарихи оқиғаны менің атам атақты Нартайдың үлкен ағасы, белгілі акын Мансұр Бекежановтың өз аузынан естиді. Тұрғанбай датқаның немересі Баянауылда тұратынын естіген Ақмешіттің ақсақалдары арнайы елшілікке адамдар жіберіп, туған елге қайтуын өтінеді.

1929 жылы атамыз қуғын-сүргіннің алғашқы толқынында нақақтан-нақақ қараланып, халық жауы ретінде атылады. Тек жиырма бес жыл өткен соң, ұрпақтарына ҰҚК архивін ақтаруға мүмкіндік туған кезде, 1960 жылы ғана ақталады. Дегенмен оның барлық балалары, оның ішінде балаларының ең кішісі-менің әкем Нұрхан өмір-бақи жетімдік көріп, «тап жауының баласы» ретінде қуғынға түседі, әділетсіздіктің зардабын тартады.

Сол кездегі тап жауларына деген өшпенділіктің өршігені сондай, халық көсемінің «әкесі үшін баласы жауап бермейді» деген сөзі де тасада қалып қояды. «Халық жауларының» балаларына шыққан тегі туралы анкета толтыру ісі де жүйкеге тиіп, жанды жейтін. Оларға өзінің өткен өмір тарихы үшін ғұмыр бойы ақталып өтуге тура келді, олар үшін жала, жаманат, таңба дегендер әр уақыт даяр тұратын. Әкелеріміз осының барлығын қайыспай көтере білді.

Бертінде болған мына бір оқиғаны да айтпай кетудің жөні болмас. 1984 жылы әкем Нұрхан Жүсіповке ОГПУ тергеушісінің алдында тұрып, өзінің Сталинград майданы окобында партия қатарына өткенде шыққан тегін жасырмағандығын, жасаған ерлігі мен батылдығы үшін

жолдастары бұған үлкен сенім артқандығын ұзақ дәлелдеуіне тура келеді. Сөйтіп, төніп тұрған тағы бір пәледен аман қалғандай болады.

Негізінде әкем бізге соғыс туралы, өзінің майдандас серіктері, Гастелло, Космодемьянская, Матросов секілді ерліктерге бастар дақты есімдер жайын тебірене айтатын. Соғысты аға сержант шенінде бітіріп, кеудесіне «Ерлігі үшін» медалін таққан ол, өз әкесі туралы тіс жарып ештеңе айтпаушы еді. Оның себебін біз кейін, есейгесін, бірақ түсіндік.

Аяулы әкенің күнделігі мен жазбаларына көз жүгірте отырып, оның жауынгерлік жолының қаншалықты ауыр болғанын аңғару қиын емес. Алған әрбір медальдің өзі ол үшін орденге пара – пар. «Халық жауының» баласы одан артықты ойға да алмайды екен-ау. Балалар үйінде ер жетіп, агрохимиялық техникумды үздік бітіріп, қыркыншы жылдары әскер қатарына алынған әкеміз сержант дәрежесін өзіне көрсетілген жоғары сенім деп есептеп, одан арғыны армандамаған да екен. Қатал тағдыр осыған мәжбүр еткен соң не шара?!

Ара-тұра ескі жараның аузын өзі ашып, тарих парақтарына айналған сұрапыл күндерді еске алатын. Марқұм алты баласы мен жарының, немерелерінің, туған-туыскандарының сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленіп өмір сүріп отырса да, әкейді мазалайтын бір ғана нәрсе бар еді. Ол – әкесінің зиратының қай жерде қалғандығының белгісіз, жұмбақ күйінде қалуы. Әке артында өлмес рухани мұра болып ел аузындағы әндері қалды, жалғыз ескерткіш белгі – ОГПУ анкетасына әдемі араб әріптерімен, жасыл сиямен қойған қолтаңбасы ғана.

Неге екенін білмеймін, бірде терезесіз аядай тар бөлмеде атамның жеке ісін ақтарып қарап отырғанымда әлдене кеудемнен итергендей болды. Мен де көптен бері жасыл сиямен жазып жүрмін, бірақ оның себебін өзім де аңғармаппын. Дәл осы жерде мен ең қымбат адамды жоғалтудың қаншалықты ауыр екендігін тұңғыш рет түсінгендей болдым. Көзімнен парлаған ыстық жас жерге тамып, кеудемді кернеген әлде бір айқай бұлқынып сыртқа шыққандай болды. Бұл абзал әкені еске алу сезімінен туған жан жоқтауы еді.

Қайран ата, үштіктің үкімін оқи тұрып, қағазға қол қояр соңғы сәтте кімнің есімін іштей атадыңыз екен. Сол сәтте өз ұрпақтарыңызға деген сеніммен көз жұмдыңыз ба? Ұзақ уақыт өтінізді жоқтауға да шамасы келмей, уақыт оздырып алған ұрпақтарыңызды кешіре көріңіз, жан ата! Уақыт бізді осыған мәжбүр етті ғой. Енді міне, біз Сізбен қайта табыстық, енді Сіз бізбен мәңгілік біргесіз, жан Ата!

*Иманжүсіпова Раушан*

#### 4. ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ТАРЛАНЫ (Жұмат Шанин)



Жұмат Шанин қалың қазақтың думанды ортасы, күйқалты, табиғаты әсем атырап – Баянауыл өңірінде 1892 жылы дүниеге келген. Қоралай біткен Желтау деген таудың бауырындағы Қаратал қыстауында кіндік қаны тамып, итжейдені сонда тоздырған.

Шана – Жұматтың ұлы әкесі, сүйегі – Арғын, оның ішінде Қаржас, Толыбай деген ағасы, Токбала, Жәмила деген қарындастары болған. Ал, Жұматтың өз әкесі Тұрғынбай – Шананың бес ұлының бірі.

Жұмат он бір, он екі жасынан ауыл молдасынан оқып, тілін сындырып, арабша хат тани бастады. Тіршіліктің қатал қалыбы оны өз күрбыларына қарағанда ертерек есейтеді. Қара жұмыстан гөрі сөзге, жазу-сызуға көбірек ыңғайы барын сезген әкесі Тұрғынбай Жұматты оқытсам деп байлау жасайды.

Омбыға апарып ағаш сатып жүргендерінде Жұмат ептеп-септеп орыс тілін үйрене бастайды. Омбы уезі Төнен болысы, Қаржас ауылында татар мұғалімінен Жұмат орыс алфавитін үйреніп, өз бетімен кітап оқи бастайды. 1913 жылы оқу іздеп Омбыға келген Жұмат көп қиындық көріп, бір заводқа жұмысшы болып орналасады. Тапқан таянғанын босқа шаша бермей, орыс мұғаліміне алған ақшасының үштен бірін беріп, қолы босағанда сабақ алады. Орыс тілін, арифметиканы, басқа пәндерді үйренеді. 1915 жылы жазда тұрақты оқу орны – бухгалтер курсына түседі. 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғыстың майданына аттанады. 1917 жылы қазақтың тұңғыш артистерінің бірі болған, адал жар, аяулы ана, таудай ауыртпашылықты ұзақ жылдар бойы белі қайыспай көтерген батыр

жүректі адам – Жанбикеке үйленеді. 1920 жылы сәуір айында партия қатарына өтеді. 1922 жылы Зайсан уездік атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Сол жақта жүріп көптеген материалдар жинақтап, соның негізінде өзінің «Арқалық батыр» трагедиясын жазады.

Семейде шыққан «Тан» журналының 1925 жылғы бірінші санында «Торсықбай қу» деген бір бөлімді пьесасын жариялайды. Зайсан елінен әкелген үлкен олжасы – «Арқалық батыр» трагедиясын жергілікті өнерпаздардың күшімен 1924 жылы қаңтар айында қалалық клуб сахнасына шығарады. Семейде 1920 жылы құрылған драмалық «Ес-аймақ» труппасының көркемдік жағын басқарды. Жұмат режиссурасымен Мұхтардың «Еңлік-Кебек», Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары» қойылды.

Оқу комиссариатының арнаулы қаулысы бойынша Жұмат Шанин Қызылордаға шақырылды. 1926 жылдың 15 қазанынан бастап қазақтың тұңғыш драма театрының директоры әрі көркемдік жағын басқарушы болды. Қазақ актерлерінің ғажап талантты тұтас буынын тәрбиелеп шығарды. Шекспирдің «Гамлетін», Пушкиннің «Тас мейманын», «Сараң серісін», Майлиннің «Майданын», Жансүгіровтың «Кегін» басқа да спектаклдерді кәнігі шеберлікпен көрермен қауым көкейіне ұялатты.

Қазақ театрын құрудағы тарихи еңбегі ескеріліп, 1931 жылы Жұмат Шанинге республиканың халық артисі атағы берілді. Бұл жылдары режиссерлік таланты жарқырай ашылып, драматургияға беріледі. «Торсықбай», «Айдарбек», «Жанды сурет», «Қара құлын» сияқты шағын, «Арқалық батыр», «Қозы Көрпеш – Баян», «Өлімнен үмітке» («Шахта»), «Үш бажа» сияқты күрделі пьесалары театрда қойылып, олардың бірталайы журналдарда жарияланады, жеке кітап болып басылып шығады. Ұлттық театрларымыздың қалай қалыптасқанын баяндайтын, драматургия, режиссура проблемаларын қозғайтын «Қазақтың мемлекеттік театры» (1927), «Қазақстан мемлекет театры» (1928), «Мемлекет театры жұмысшылар арасында» (1929), «Мемлекет театры» (1929), «Алпыс алтыға тен» (1930), «Театрдың қысқаша тарихы» (1931), «Сахнада шындықты таныту» (1935), «Сахна техникасын меңгерейік» (1935) секілді ондаған мақалалары жарық көрді.

Оның режиссурасымен қойылған «Жалбыр», «Қыз Жібек» халқымыздың рухани байлығын кең дүниеге танытты. 1936 жылы декада кезінде Жұмат Шаниннің режиссерлік өнерін Москва көрермендері, искусствоның белгілі қайраткерлері өте жоғары бағалады. Декадadan оралған соң Ж.Шанин аз уақыт қырғыз мемлекеттік драма театрының көркемдік жағын басқарды.

Облыс орталықтарында театрлар ашылуына сөйкес және маман кадрлардың жоқтығы ескеріліп, Жұмат Фрунзеден шақыртылып алынып, Оралға жіберіледі. Ол мұнда музыкалық-драмалық театр құрып, 1937 жылдың 15 қазанына дейін директор болып істейді. Бір халықтың жана туған балғын өнерінің көшін бастаған қуатты талант 1938 жылдың 26-ақпанында қайтыс болады.

«Ұлт театры туралы» деген мақаласында Смағұл Садуақасов ел ішіндегі өнерпаздар Қоянды жәрмеңкесіндегі сан алуан санлақтарды сөз етеді. Әміренің әншілігіне, Исаның ақындығына, Серкенің артистігіне тоқталады. Осы күні Ж.Шанинді ескерейік. Бұл жігіт театр үшін жанын салатын адам. Жұмат өзі артист, өзі жазушы. Оның «Арқалық батыры» кәдімгідей маңызы бар кітап», – деген жолдарда тұңғыш ұлттық режиссеріміз туралы баспасөздің алғашқы бағасы.

Жұмат Әміремен қимас достар болған. Достығы Қоянды жәрмеңкесінен басталған. Бұл өнер табыстырған достық еді. Бір әні де пластинкаға жазылмай, кейінгі ұрпақ үшін мәңгі жоғалған бұлбұл көмей қайран Әміре 1934 жылы мерт болғанда, Жұмат жоқтау жазып, соңғы қоштасу сөзін айтқан болатын. Жұматтың Исаға да ықпалы көп тиді. Ол артистерге қатан талап қойды. Театрдың ішкі тәртібіне көп көңіл бөлді. Маскүнемдік, зинакорлықпен аянбай күресті.

1927 жылы «Еңбекші қазақтың» 13 қаңтар күнгі санында жарияланған мақаласында Жұмат: «Қазақ театры ұядан канат қағып, қалықтап ұшқан балапан. Қанаты талмай қонатұғын күй керек. Жас баланың мейірінді қандырып сөйлегені, қыран құстың көзге түсіп күйлемегі, қуарған жүнін мезгілінде тастап, түлемегі иесінің бағып-қағуына байланысты», – деп жазды.

Театрдың туған күніне арналған «Қазақстан Меклекет театры» («Еңбекші қазақ», 1928, 12-қаңтар) деген екінші мақаласында Ж.Шанин театрдың таптық құрал екенін ерекше тәптіштеп айтқан. Театр ісі өте нәзік, күшке салуды көтермейді. Басқа істер сияқты қате, жаман, оңсіз істеліп кетсе, қайтадан өндеп істеуге болмайды. Сахнада ойнап тұрғанда бір ауыз сөзді қате, қисық сөйлесең, сол жерде «Ойбай, олай емес екен, былай екен» деп айтуға болмайды. Жанбике, Қадриша, Шәрбан, Зура осындай тұңғыш қазақ артисткаларын да өнерге баулыған Жұмат.

Театр төңірегіндегі барлық кемшілікті бірінші болып оның өзі айтады. «Мемлекет театры» («Еңбекші қазақ», 1929, 24-қараша) деген мақаласында ол тіпті осы күнге дейін театр деп келгеніміз шын мағы-

насындағы профессионал театр емес, труппа дейді. Артистер туралы айрықша тоқталып, театр қызмет орны, нан табудың, күн көрістің мекемесі емес, творчество ұясы, өнер ордасы деген салмақты ой айтып, тиянақтайды.

1926–1930 жылдар арасында өз басшылығымен қойылған 60 пьесаны мазмұн жағынан екшей келе 6-ға тең дейді. Драматургтерді әлеуметтік мәнді тақырыптарды көтеруге үндейді. Үлкен мектеп классикалық шығармаларды аудару екенін басып айтады. («Еңбекші қазак», 1930, 30-қаңтар. «Театр тарихынан»).

Жұматтың режиссерлік принциптерін айқындауда «Сахна техникасын меңгерейік» («Лениншіл жас», 1935, 23 сәуір) және «Сахнада шындықты тану» («Қазақ әдебиеті», 1935, 3-шілде) деген мақалаларының да мәні зор.

Бүгінгі қазақ драма театрының, опера театрының өрлеуіне Жұмат Шаниннің қосқан үлесі зор. Ол қазақтың тұңғыш профессионал режиссері, қазақ драма, опера артистерінің алғашқы буынының ұстазы, актер, театр сыншысы, үлкен драматург, музыкант. Ж.Шанин мұрасы түгел сақталмаса да, оның жан-жақты қызметінің ізі әлі сайрап жатыр. Ең алдымен ол негізін қалаған драма, опера театрлары бүгінде өрге шығып отыр, тұңғыш рет ол баулыған артистер бүгінде өнер ауылының ақсақалдары болып отыр, ол қойған спектакльдер әлі де сахнада, ол айтқан сын-пікірлер, режиссерлік ойлар өшкен жоқ.



## 5. ҚАЗАҚ КИНОСЫ МЕН ӨНЕРІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ (Шәкен Айманов)



Әрбір халықтың тарихында оның ұлттық ой-пікірі мен мәдениетінің алтын діңгегі сияқты дара тұлғалар болады. Шәкен Айманов та осындай біртуар адамдар қатарынан орын алады.

Бүгінгі кино өнерінің ерекше өркендеуіне, жүлделер алып, мәртебесінің өсуіне кешегі күндерде негіз салып берген, зор үлесін қосқан да Шәкен Айманов. Оның ұлағатқа толы ұлы артистік өміржолы кімге болса да ғибрат. Ол сахнаның көбіміз біле бермейтін сырларын ашты.

Шәкен аға өзінің тәжірибесінде ізденіп қана қойған жоқ, терең мазмұн мен мәнге ие болған бірнеше фильмдерді дүниеге әкелді. Ол ленталар Шәкеннің режиссерлік, ұлы актерлік талант екендігін әрқашан айғақтап, дәлелдеп тұрады. «Біздің сүйікті дәрігер» фильмі кезінде көрерменді көркемдік шешімі арқылы өзіне баурады. Шәкен Аймановтың фильмдері өзінің оқиғалық құрылысы мен терең мазмұндылығы, шынайы шындыққа жақындығымен ерекшеленеді. Фильмді жаза білу бар, оны халыққа шыншыл етіп жеткізу тағы бар. Шәкен ағаның туындыларының осы жағынан үндесіп жататындығы рас. Осындай туындылардың қатарына «Атаманның акыры» атты екі сериялы фильмді жатқызуға болады.

Шәкен Айманов туралы сөз еткенде алдымен оның актерлік талантын бөле-жара даралап айта кету орынды. Осы орайда Шәкеннің екі ролін ерекше айтуға болады. Ол – Ақан және Петруччио рольдері. Халық артисі Мүлік Сүртібаев Шәкен ағасы туралы толғанғанда: «Бұл рольдерді қазақ сахнасында қаншама актер орындаса да Шәкен-Ақан, Шәкен-Петруччио жүректен кетпейді», – деп жазады.

Шәкен Айманов театр сахнасында «Абайды» шығарды. «Қозыкөрпеш-Баян Сұлу» спектаклінде Қодар ролін сомдады. Негізгі фильм сценарийінде Қодар қара жағатын жағымсыз адам. Ал, Шәкен Қодарды жағымсыздықтан биікке көтерді, оның адам ретіндегі күйініш-сүйінішін тереңнен ашты.

Шәкен-Қодардың монологы көрерменнің есінде мәңгі қаларлықтай әсерлі шықты. 1969 жылы Баянауылда «Найзатас бөктерінде» атты телефильм қойылады. Осы фильмнің сценарийін Ш.Айманов пен Т.Мәткәрім жазған еді. Шәкен осы фильмде жылқышы Бейсембай қарттың ролін ойнады. Осы роль Шәкен Аймановтың қазақ киносахнасында сомдаған соңғы ролі болды.

Шәкен Айманов киноға кетсе де сүйікті театрынан қол үзген емес. Өз фильмдерінде театрдағы үлкен ағаларын, талантты әріптестерін ролге түсірді. Мысалы, «Біздің сүйікті дәрігер» фильмінде қазақ театр - кино жұлдыздары бас қосқан Шәкен ағаның кинорежиссерлік шеберлігі, өзгелерден даралығы осы фильм үстінде анық көрінді.

Актерлік өнердің қыр-сырын жете меңгерген суреткердің режиссерлігі басқаша болатын. Ол өзінің идеясын, философиялық көзқарастарын актердың ойыны арқылы жеткізуге күш салатын режиссер еді.

Шәкен ағаның туындыларында тоқталған кезде «Біз осында тұрамыз», «Бір ауданда», «Біздің сүйікті дәрігер», «Тақиялы періште», «Атаманның ақыры» атты фильмдерінің осы сынды өзіндік ерекшелігін тілге тиек етпей кетуге болмайды. Қазақстан Республикасының халық артисі Кәукен Кенжетәев: «50 жылдары Шәкеннің кинорежиссерлік шығармашылығы басталды. Оның киноға кетуіне себеп – сод жылдары қазақ киносының жаңадан дами бастауы еді. Ұлттық кино өнерінің канатын кеңге жайып, өркендеуіне, бүкіл әлемді дүрсілкітіп, қазақ мәдениетін паш етуге Шәкен Аймановтың тигізген ықпалы ерекше. Қазақ киносын Шәкенсаз елестету мүмкін емес. Мәселен, «Атамекен», «Бір ауданда», «Біздің дәрігер», «Ән шақырады», «Тақиялы періште», «Найзатас» т.б. фильмдердің қай-қайсысы болмасын, ауыз толтырып мақтануға тұратын туындылар. Туған елінің биік тұғырға көтерілуі мен ұлттық сана-сезімнің дамуына ерекше еңбек сіңірген Шәкен қайталанбас тұлға», – деп тебіренеді.

Кино сахнасынан басқа драма театрының сахнасында да сомдаған М.Әуезовтың «Қобыландысындағы» Қобыланды, Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері – Ақтоқтысындағы» Ақан, «Қозыкөрпеш – Баян Сұлудағы» Қодар, Ш.Құсайыновтың «Алдар көссіндегі» Алдар, Гогольдің «Ре-

визорындағы» Хлестаков, К.Пагодиннің «Мылтықты адамындағы» Шадрин, Н.Островскийдің «Найзағайындағы» Тихон, Шекспирдің «Отеллосындағы» Отелло, «Асауға тұсауындағы» Петруччио секілді аса күрделі образдарды жоғары көркемдік дәрежеде мүсіндеп, қазақ театрының тарихында мәңгіге қалдырды.

«Жігітке жеті өнер де аз» деп атам қазақ бекер айтпаған. Шәкен осындай жігіттердің бірі еді-ау, жарықтық! Шәкен аға өзіне тән қоныр даусымен қазақтың халық әндері «Жиырма бес» пен «Қарғамауды» сүйіп орындайтын», – деп еске алады халық артисі Б.Төлегенова.

Шәкен Айманов даналарды оқып дана болған, қоғам алдында беделі көтерілген Азамат.

Өмір жолына, білім, актерлік жолындағы ізденістерін айтар болсақ, 1924 жылы Семейдегі халық ағарту институтына оқуға түседі. Осы институт қабырғасында жүріп, өзінің театрға деген әуестігіне шек қоймастан әртүрлі үйірмелерге қатысады. Ж.Шаниннің «Аркалық батыр» спектаклінде кішігірім роль ойнайды. Өнерлі жастарды Алматының драма театрына жинау мақсатымен Ғ.Мүсірепов 1933 жылы Семей қаласына барады. Сонда Шәкен Аймановтың «Зорлық» атты пьесадағы ролін көріп, ойынын ұнатқаннан кейін Алматыға, қазақ драма театрына алып келеді. Осылайша Шәкеннің қызық пен қиыншылыққа толы актерлік өмір жолы ұны бір адамның көмегімен, демеуінің арқасында бастау алады. Сол мол сахналық сапар бүгінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге болуға тиіс.

Шәкен Айманов театрда істеген алғашқы жылдарында шағын эпизодтарда ойнайды. Сонымен қатар М.Насонов басқарған театр жанындағы актерлік студиядан да актерлік өнерді үйренуге, табиғи дарынын ұштауға, теориялық білім алуға бел буады. Міне, осындай толып жатқан ізденістердің арқасында Шәкен ағамыз үлкен шеберліктің шыңына жетті. Шәкен Аймановтың таланты ұшталып, жанып тұрған шағында ойнаған ролдерінің ең бір биігі Шекспирдің «Асауға тұсауындағы» Петруччио ролі екендігін бәріміз білеміз. «Ол – адам баласының биік санасына ой салатын. Ірі қадамдар мен кесек әрекеттер жасауға түрткі болатын Шекспир пьесаларының кейіпкерлерінің бейнесін ойнауға қатты күштарланатын. Ол ойнаған Отелло бейнесі де Шәкеннің үлкен табыстарының бірі екендігінде дау жоқ» – дейді оның шәкірті, әрі иісі Қазақстан Республикасының халық артисі Кәукен Кенжетәев.

Шәкен Айманов 1945 жылдан бастап режиссерлік жұмыспен айналысты. Шәкен ағаның тырнақалды режиссерлік жұмысы Ш.Құсайы-

новтың «Аманкелді» пьесасын қоюдан басталды. Дегенмен де, бұл өнердегі алғашқы туындысы ғана болатын. Режиссерлік өнері өблен шыңдалған тұста Я.Штейннің «Қобыланды» спектаклін сахнаға шығарған еді. Ол академиялық драма театрында бас режиссер бола жүріп Ғ.Мұстафиннің «Миллионер», Ә.Әбішевтың «Бір семья», К.Погодиннің «Мылтықты адам», Б.Лавреневтің «Америка дауысы», А.Корнейчуктің «Қайыңды тоғай» пьесаларын қойды. Қазақ сахнасының төріне алғаш рет орыс классигі Н.Островскийдің «Таланттар мен табынушылар» пьесаларын шығарды. Шәкен Аймановтың режиссерлігімен 1949 жылы қойылған М.Әуезовтың «Абай жолы» қазақ театры үшін үлкен жаңалық болды.

Жалпы Шәкен Аймановтың шығармашылық, актерлік қызметі ұлттық театрымыздың кезеңдік дамуына үлкен үлес қосты. Ал, оның киноактерлік орны өз алдында бір төбе. Шәкен Айманов 1937 жылы Аманкелді сарбаздың ролін, кейін «Абай» фильміндегі Шәріп ролін асқан шеберлікпен орындады. Әйгілі Жамбыл фильмін түсіргенде оған Шаймұхамед ролі беріледі. Репетиция кезінде өзінің қызықты әңгімелерімен, тартымды мінезімен жұртшылықты өзіне баурап алатын алғырлығын байқаған режиссер оған Жамбыл ролін ұсынады. Сөйтіп, 38 жастағы Шәкен ұлы ақын бейнесін сомдап шығады. Жамбыл ролі Шәкен Аймановтың ойнаған кейіпкерлерінің ең үздігі десек қателеспейміз.

## 6. ЖІГІТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ (Кәукен Кенжетаев)



*Алдыңғы өмірдің қанша қалғанын кім білсін, бірақ қанша қалса да о да осы өнер жолында өтпек. Өйткені, мен бастан аяқ өмірімді өнер жолына арнағам. Өйткені, өмірім – өнерім!*

*К.Кенжетаев*

Ақ басты Алатау аясында Алматы қаласының орталығындағы күнге шағылысқан сәулетті ғимраттардың бірі – Абай атындағы Ленин орденді Қазақ Мемлекеттік опера және балет театры алыстан көз тартады. Әр кеш сайын театр есігі айқара ашылып, жүздеген көрермендер өсем музыка сазын тыңдап, опера және балет өнерін тамашалауға келеді. Осы театрдың іргетасын калаушылардың бірі – Қазақстан Республикасының халық артисі, бірнеше ордендер мен медальдардың иегері Кәукен Кенжетайұлы Кенжетаев.

Кәукен Кенжетаев 1916 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданында Кенже Аймановтың отбасында дүниеге келген. Үйдің кенжесі болғандықтан басқа балаларға қарағанда еркелеу өскен. Оның киыны мен қызығы мол оқу жолы Қызылжардағы мұғалімдер техникумы, Қарағандыдағы тау-кен техникумынан басталды.

1936 жылы Москва консерваториясының жанынан казак студиясы ашылады. Таланты бар жастар алынады деген құлақтандыру газеттерде жарияланады. Осыдан соң-ақ көңілі соған ауған жас неде болса бағымды сынап көрейін деп салып ұрып қабылдау комиссиясы мүшелерінің алдынан бірақ-ақ шығады. Сөйтсе, комиссия бастығы Евгений Брусилловский мен Қалибек Қуанышбаевтар екен. Олардың алдында

Кәукен «Қараторғайды» айтады, жас жігіттің ритмінің қабілетін байқаған Е. Брусиловский риза болғанын аңғартады. Сөйтіп, ол Чайковский атындағы консерваторияның жанынан ашылған қазақ студиясында 1936 жылдан 1941 жылға дейін оқиды.

Студия кейіннен консерваторияның ұлттық бөлімі болып қайтадан құрылады. Мұнда Рамазан Елебаев, Мұқан Төлебаев және т.б. композиторлық бөлімінде оқып жүргенде, К. Кенжетасов әнші болуға талпынып жүреді. Осылай болашақ әнші Москваны бірінші көріп, өмір мектебінің де, өнер мектебінің де тылсым сырлы есігін алғаш ашып, сол өнер шыңына да тұңғыш рет сонда жүргенде қол созады. Ол Кәукеннің ата-ана құшағынан ұзап шығып, нағыз білім құшағына енген көзі. Ол талант иесінің орыстың жазушылары — Пушкин, Чехов, Достоевский, Лермонтов, Тургенев, Толстой шығармаларын өз көзімен көріп, қолмен ұстаған кезі. Ол талай ұлы музыканттармен, композиторлар, әншілер тәрбиелеп шығарған Чайковский атындағы консерваториясының бір партасында отырған кезі.

Ол алғаш рет осында өнердің тамаша тағылымның үлкен ынтамен бойына сіңіріп, алғаш рет ұлы композиторлар әндерін айта бастаған. Бірақ, көп ұзамай Ұлы Отан соғысы басталады да Кәукен Кенжетасов та адамның рухани жан дүниесін байытатын әсем сырлы, әдемі, нәзік музыка өнерін үйрендіруді уақытша тоқтатып, қолға қару алып майданға аттанады. Соғыс жеңіспен аяқталған соң, 1946 жылы армиядан қайтып, Алматыға опера театрына қызметке орналасады.

Қара шаңырақта Кәукеннің ойнаған бірінші ролі «Біржан мен Сара» операсындағы Жанбота бейнесі болды. Осы Жанбота ролі оның театрдағы творчестволық жолының бастамасы ретінде бұдан кейін де көптеген күрделі бейнелер («Ер Тарғын» операсында — Тарғын, «Жалбыр» операсында — Жалбыр, «Қыз Жібек» операсында — Бекежан, «Алтыншашта» — хан, «Абайда» — Жиренше, «Аманкелдіде» — Аманкелді т.б.) жасауына жол ашты.

1947 жылы Кәукен өзінде баспана жоқ болғандықтан ағасы Шәкеннің үйінде тұрады. Осы жылы театрдың бас артистерінің бірі Шабал екеуінің үйлену тойы өтеді. Осы уақыттан бастап жаңа өмірдің табалдырығынан қол ұстасып бірге аттайды. Екеуі де ұлттық опера өнеріне сіңірген еңбектері еленіп, халық артисі деген атаққа ие болады.

Қай өнер болмасын, ол үлкен байлық. Ол тек өнер иесінің ғана меншігі емес, елінің, халқының қазынасы. Оны жақсы түсіну кімге болса да міндет, адамгершілік міндет, адамгершілік парыз. Осыны жақсы

түсінген К. Кенжетаев 1950 жылы консерваторияда үзіліп қалған оқуын қайта жалғастырып, ойдағыдай бітіріп шығады. Осыдан соң ол опера театрындағы қызметіне жана тын күшпен, бұрынғыдан да белсенділікпен жан аямай кірісіп кетеді. 1956 жылы Москвада қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігі өтеді. Бұл қазақ өнері үшін аса жауапты белес еді. Осыған орай астанадан белгілі өнер қайраткерлігі мен мамандары шақырылып, зор дайындық жұмыстары жүргізіледі. Соның нәтижесінде Москва жұртшылығы қазақтың әдебиеті мен өнерін үлкен құрметпен қарсы алады. Әрине, мұндай ірі жеңіске К. Кенжетаевтың да қосқан өзіндік үлесі бар еді.

Ол кезде опера театрында қолында дипломы бар жалғыз әнші осы Кәукен болатын. Одан бұрынғылардың көпшілігі халық арасынан шыққан, өнер жолын қуған, оқу оқып, музыкалық білім аламыз деп талап танып жүрген жастар болатын. Қалай болған күнде де оның театрдағы маңдай тер еңбекпен өткен күндері өз жемісін берді. Олай дейтініміз әнші қос тілде (қазақ және орыс) қойылған көптеген опералардың басты ролдерін ойнау құрметіне ие болды. Сөйтіп, бір сөзбен айтқанда ұлттық опера театрының дамуына өмірінің барлық тәуір жылдарын арнады. Ыстығына күйді, суығына тонды, қуанышын өз қуанышындай көрді. Театр өнері өзінің екінші үйіне айналды.

Театр сахнасы мол ғажайып бір дүние, оған шыққан адам қайтып кете алмайды. Бұл жөнінде К.Кенжетаевтың өзі: «Ауырып қалғанда болмаса театр есігін бір ашып кірмей кеткен уақытым болған жоқ. Тигі, қызметтен бос кезімде, демалыс күндерде де серуендеп театрдың маңайында, театр ауасымен тыныстаумен өтеді. Театрдың әрбір орындағынан бастап, сикырлы сахнасындағы шымалдық, спектаклдерге қойылатын станоктерге дейін бәрі мен үшін бағасыз қымбат, жылы ұшырап кеудеге қимастық сезім туғызады. Өйткені, театр – менің өмірім», – дейді.

Кәукен әншіліктен басқа, режиссерлік іспен де айналысады. Оның ең алғашқы жеке басшылық жасаған спектаклі «Аманкелді» операсы. Опера ойдағыдай қойылған соң енді ол 1961 жылы Москвадағы Үлкен театрға режиссерлік мамандығын үйрену үшін, тәжірибе алу үшін сапарға аттанады. Онда үш ай болып, Үлкен театрдың сол жылғы репертуарындағы спектаклдерді көріп, белгілі, тәжірибелі шеберлерден зор тәлім-тәрбие алып, режиссерлік ұйымдастыру жұмысы мен оның техникасын үйреніп қайтады.

Бұдан соң К.Кенжетаев театрда әншілікпен қатар режиссерлік қызметті де қоса атқарады. Режиссер ретінде біраз опера спектакл-

дерін де қойды. Бірақ, режиссерлік мамандыққа мүлде көшкен жоқ, бұрынғы әнші қалпында қалды. Өйткені, ол жер бетінде әншіліктен артық мамандық бар деп ойламады. Және де әншіліктің табиғаттың екінің біріне бере бермейтін тамаша қасиет екендігін жақсы біледі.

Кәукен 1957 жылдан бастап киноға түсуге шақырылып, халыққа киноактер ретінде де мольнап танылды. Алдымен ол «Чапаев» фильміндегі ақтың полковнигі, «Бірінші мұғалімдегі» – мұғалім рольдерінің дубляжын жасады. Бұдан соң оны еліміздің көрнекті режиссерлерінің бірі М.Бегалин «Аспаннан қайтып оралу» кинокомедиясына басты рольдердің бірін ойнауға шақырады.

1967 жылы Мәжит өзінің ең күрделі еңбектерінің бірі «Ел басына күн туса» атты картинасын түсіріп, оған басты рольді ойнауға тағы да К.Кенжетасовты шақырады. Бұл фильмінің Ұлы Отан соғысының ардагері, полковник, жазушы, қазақ халқының қаһарманы, ұлт батыры Бауыржан Момышұлы жөнінде екендігі белгілі. Бұл фильм туралы бас кейіпкердің өзі әлі күнге дейін: «Бауыржан ролі менің өмірімдегі ең біріккен өткен қамалдың бірі болды. Мен оны қатты мақтаныш етемін» – дейді.

Қорыта айтқанда туған халқы үшін өнер дариясын төккен К.Кенжетасов дарын тұғырына көтерілу жолында ерінбей еңбек еткен. Ол қазір белгілі халық артисі, ғалым, ұстаз деген қадірлі атақ ие болып отыр.



## 7. ӨНЕРДІҢ ҚОС ҚАНАТЫ (Суат және Қуат Әбусейітовтер)



«Өнер жолындағы өмірлік ұстазым – Шәкен Айманов, мансұқ етіп, тұтар пірім – бабам Мәшһүр Жүсіп Көпеев, туған жерім – елге есімі ашық айдай танылған Жаяу Мұса, аспандағы аққуға өңін қосқан Естай, жезтаңдай, аузымен күс тістеген әнші Майра апамыз табаны тиген қасиетті Баянауыл, өмірлік серігім, жан-жарым – 50 жыл отасып, бірге істеп жүрген халыққа танымал, «Қазақфильм» киностудиясының режиссері, республикаға еңбегі сіңген Майра (өкінішке орай жеңгеміздің бұл өмірден озғанына да біраз болып қалыпты).

Біздің Атамыз Әбусейіт кезінде әйгілі Шорманның жылқысын жетпіс жыл бойы баққан малсақ адам болған. Ал, әкеміз Әуезбек болса төңкеріске дейін әнші Майра апамыздың көшірі болыпты. Сондықтан да болар біз шыр етіп дүниеге келгенде шілдехана үстінде жезтаңдай әнші апамыз өз әнін «Майраның әнін» шырқапты. Осындай шатшадыман қуанышты күндердің бірінде ата-анамызға арнайы бауы берік болсын» деп айтуға келген Мәшһүр Жүсіп бабамыз Рахметолла мен Қайроллаға (өзім және Суат інім ғой): Бұл үйге құдай қуат берсін, су-сағанда сусындайтын дәт, суат берсін, егіздей Қуат, Суат болсын» деп ақ батасын беріпті.

Міне сол ақ батаның арқасында бүгін 70-ке келіп халық калаулысы атанып отырған жайымыз бар. Әрине арамызда бұл өмірмен ертерек қоштасқан Суат жоқ, бірақ қазақ халқының құлақ құрышын қандырған, сонына ұнтаспаға жаздырып, кейінгі ұрпаққа мұра қып қалдырған, бұлбұл дауысты 250-дей өні бар. Қазақтың алғаш бишілерінің бірі Жарыскұл Тажиевадан өмірінің жалғасы ұрпағы Сәуле сынды қызы бар.

Жуырда елден Баянауылдан жеңген екеуіміз (әрине бала-шағалар да бар) 70 жылдық мерей тойымызды өткізіп келдік. Күдайғаз шүкір, халық қанша қиын кезең болса да өнерден сырт бұрылмапты. Қайта елдікке, бірлікке тырысып, тарих, әдебиет, мәдениет, өнерге бет қойған түрлері бар деп өңгімесін өткен өмір суреттерімен дәмдеп жалғастыра берді Қуат ағамыз.

«Әке көрген оқ жонар» демекші біз Суат екеуіміз қаршадайымыздан өнерге ғашық болып өстік. Жоғарыда айттым әкеміз Әуезбек төңкеріске дейін атақты Майра апамыздың көшірі болған деп. Одан соң да жаңа өкімет кезінде де милиция қызметінде істесе де күйттегені – ән мен күй, қызық думан болды. Әкеміз үнемі күйме арбаның көріктісіне, шапанын жел қанат жеңіліне, жылқы баласының төгілме жорғасына ұмтылушы еді. Осыдан да болар бес-он жасымызда-ақ халық арасында «Әуезбектің екі баласы да қолына домбыра ұстай туыпты!» – деген сөз шыққан.

Енді әкеміз Суат екеуімізді бұл өнерімізді көрген соң, күдай берген талантты жоғалтпау керек, ол үшін оқып білім алу керек дегенді шығарды. Осының да әсері болу керек мен Керекуге облыстық музыкалық театрының спектаклдеріне қатысып, басты ролдерде ойнай бастадым. Тіпті, бірде осы театрдың бас режиссері Нуриддин Атахановтың көмегімен «Қозы-Көрпеш – Баян сулуды» сахнаға шығарғаным бар. Бұл 1942 жылы болатын. Онда мен небәрі 17-ақ жаста едім.

Бірақ, өкінішке орай соғыс басталып кетті. Біз ол кезде Суат екеуіміз мектепте қосылып ән айтатынбыз. Бірде облыс басшылары екеуімізді мектептен шақырып алып, жаңадан құрылып жатқан мәдени-үгіт бригадасының құрамына енесіңдер. Міндеттерің халықты неміс-фашизміне қарсы күреске жұмылдыру деді. Мен 16-да Суат-12 де, Естай әншінің бастауымен, Мұзафар Әлімбаевтің конференселігімен Баянауыл, Май, Бесқарағай, Лебяжі, Павлодар аудандарын аралап, концерт қойып, одан түскен қаржыны Отан қорғау қорына аудара бердік.

Сірә, сонау қиын-қыстау жылдары Орталықтағы үлкен өнер ұжымы-Москва және Ленинград студияларына біріккен орталық киностудия (ЦОКС) Алматыға көшіп келгендігі туралы хабарлар боларсың. Олар келе сала актерлер дайындайтын киномектеп ұйымдастырып, қазақтың талантты деген жастарының басын қоса бастады. Газетте басылған хабарландырудан соң Суат екеуіміз бір жерде пайыздап тұра алмадық. Ата-анамыз ақ тілеумен арман қуып астананың төрінен бір-ақ шықтық. Бұл 1943 жыл болатын.

Сойтіп, осындай себептермен Алматыда ашылған Григорий Рошальдың киноактерлер училищесіне сынақтан қағылмай өтіп екеуіміз де оқуға түстік. Біз мұнда соғыс салдарынан көшіп келген кеңестік айтулы шеберлер Эйнштейн, Пудовик, Перауберт, Васильев, Рошаль және езіміздің Мұхтар Әуезов, Калибек Қуанышбаев секілді ұлағатты ұстаздардан дәріс алдық.

Осы арада киномектепті бітірген соң Суат ән айту өнеріне бет алды. Консерваторияға түсті, даусы ашылып, ән көгінде қалықтады. Мен шығарған «Сағындым», «Ақмаңдай», «Ертісім», «Бәріміз де жақсымыз» әндерін радио арқылы ашық, дүрия үнімен күйкылжытты. Ол көзі тірісінде ұнтаспаға көптеген көңіл жадыратарлық әндерін жаздырып қалдырған. Содан да болар мен күн сайын інімнің радио арқылы салған әсем әніне шомылып оянам.

Бірте-бірте теориялық білім тәжірибемен ұштасты. 1947 жылы актер мектебін үздік бітіріп шыққан мен кинорежиссерлік алғашқы кадамды дубляждан басталым. Айтпақшы, мұның алдында 1945 жылы студент кезімде «Крейсер Варяг» фильмін қазақша сөйлеткенім бар. Айтайын дегенім содан бері 500 шетел фильмін қазақшалауға, өз ана тілімізде сөйлетуге қол жеткізіппін. Ең бастысы Майра апаның да қазақша сөтті сөйлеткен фильмдерінің саны бес жүзге толып отыр. Бұл туралы менің 70 жасқа толуыма байланысты Мұзафар Әлімбаевтың «Шөкеннің шәкірттері немесе екі 50, екі 70» мақаласы сөтті жазылған деп менің алдыма «Қазақ әдебиеті» газетінің 1995 жылғы 2 желтоқсанында шыққан 35 санын жылжытып қойды.

Оқып отырмын. Бұл қос өнерпаздың өмірбаяндарын да қанық, қаламы жүйрік ақын: «... Алматы киноактерлер училищесінде Қуатпен қатар бірге оқуға түскен ақсары бойжеткен Майра Бекжұманқызы сол оқуды онымен бірге үздік бітіріп шығады. Екі жас мәңгілік тағдырларын қосады. Содан бері, міне, қос талант жұбын жазбай ортақ өнерде қаз-қатар қайрат жұмсап, жасампаздықпен еңбектеніп келеді. Күрбы-күрдастары ол екеуі жөнінде әңгіме қозғалса бүтінде «Екі 50, екі 70, екі 500» деп әңгімелейді.

Екі елуі екі өнерпаздың кино саласында еңбектегеніне де елу жыл, отау тігіп отасқанына да елу жыл! Екеуі де биыл жетпіске келеді. Мағыналы өмір!

Ал енді 500 деген тіркеске келсек...

Астанадағы №12 орта мектепте оқитын Майра бірде «Үлкен вальс» атты кино картинаны көреді. Фильмнің жас қыздың жүрегін ләззатқа

бөлеп толқытқаны сондай, Майра оны қатарынан он тоғыз рет қайталап көрген екен. Сыршыл, сынғыр сазға толы тамаша картина сикырына елтіген шәкір қыз: «Менің орным кино өнері болуы тиіс!» деп түйеді.

Оқу бітіргеннен кейін Майраны Қазақ киностудиясының актерлер бөліміне қызметке жібереді. Сонда жүргенінде жас актрисаны бірле «Науан» фильмінің дубляжына режиссер М.Калменов шақырады.

«Науан» фильмінде Шәкен Айманов ұлы ақын Әлішер Науаи дауысын қазақша сұңқылдатады. Ал маған ақынның қолындағы Гүлдің дауысын қазақша бейнелеу тапсырылды. Мен қатты қиналдым. Әйгілі артист, сахна өнерінде де, кино кәсібін де жақсы білетін саңлақ аға қасында тұрып мен абдырамай кім абдырасын? Бірақ, Шәкен аға туасы ұстаз кісі ғой – «сен бұйт, айт!» демей, жайлап қана, жетелегендей көп нәрсені ұқтырғанын қалай ұмытармын? Менің дубляжбен тағдырымды ұштастыруыма осы кездесу себеп болды. Шәкен аға өзі дербес режиссер болғанша дубляждан қол үзген емес. Керемет алғыр еді. Сол кісіден біз көп үйрендік, мен де, Қуат та...» – Майра апамыз сол бір кездесуде осылай ағынан жарылған болатын.

Бертін келе, тіпті, іле-шала дерлік, жаратылыстан өжет мінезді Майра өзі дубляж режиссері болып шығады. М.Бекжұманқызының таланты мейлінше мол ашылған сала осы дубляж. Иә, Қуат өнерінде де дубляжда режиссердің ассистенті боп қызмет атқарған. Студент Қуат «Крейсер Варяг» атты фильмді 1945 жылы қазақша сөйлеткен. Қ.Әбусейітов содан бері 500 фильмді қазақшалауға жетекшілік еткен. Бес жүз фильм, ал бұл неше миллион көрермен!

Ана тіліміздің әсемдігін нәзік сезімталы Майраның да қазақша сөтті сөйлеткен фильмдерінің саны бес жүз! Неше миллион көрермен! Әсіресе, мойны қашық қазақ ауылдарының көрі – жасы қанша білімге кенелді, эстетикалық ләззат алды, өнер шәрбатынан сусындады.

Бір туар талант Шәкен Айманов Майра Бекжұманқызының еңбегі жайында әңгіме қозғағанда:

– Майра дубляждің – королі! – деген екен. Ал заманымыздың атакты жазушысы Шынғыс Айтматов:

– Біз Майра Әбусейітованың дубляждаған фильмдерін қызыға қараймыз! – дегенін де құлағымыз шалған...» – деп желдірте жазыпты.

Үнсіздікті тамақ қамымен ас үй жақтағы ыдыс-аяқты шылдыратып жүрген Майра апамыздың сынғырлаған даусы бұзып, ортан белінен үзіліп қалған әңгімені одан әрі жалғастырып өкетті. Содан қартай-

ғанда білім іздеп мына отырған ағаң 1952 жылы Москваның Бүкілодақтық Мемлекеттік киномотография институтының режиссерлік факультетіне оқуға түсіп, ерлік жасады. Осы сәт түпсіз туғынық ой түбіне кеткендей болып отырған Қуат ағамыз бір серпіліп өзінің еңбек жолы туралы сөйлеп берді-ай дейсіз!

Мен жалпы өмірімде ұстаздардан кенде болған жоқпын. Жоғарыда киномектепте оқып жүргенімде ұстазымның кімдер болғанын айттым. Енді мына қызыққа қараңыз. ВГИК-те Кеңестік ірі киношебер КСРО Кеңестік Халық артисі С.И.Юткевичтің шеберханалық класына тап болып үлкен сынақ асуынан өттім. Жазғы, қысқы каникул кездерінде Алматыға, студияға келіп «Советтік Қазақстан» киножурналына монтаж жасап, 50-ден астам осындай журнал түсіруге қатыстым.

1957 жылы Бүкілодақтық киномотография институтының режиссерлік бөлімін ойдағыдай бітіріп, елге оралған соң, «Даладағы қайын», «Мазасыз көктем», «Бакыт туралы ой» фильмдерінің екінші режиссері болдым. Бұдан соң 1958 жылы өзімнің төл туындым – «Өмір жолы» фильмін қойдым. Бұл кинолента Түрксіб теміржолшыларының өміріне арналып еді. Оған Ш.Айманов жетекшілік жасаған болатын. Осы кезден бастап мен көрнекті режиссер, дарынды актер Шәкеннен творчестволық тұрғыдан көп үйреніп, тәлім-тағылым алдым. Ұстазымның сенімінің арқасында ол түсіріп көпке белгілі болған «Найзатас», «Жамбыл» (жаңа нұсқасы) және «Атаманның ақыры» фильмдерінің екінші режиссері болғанымды мақтан тұтамын.

Күдіретті ұстаз, өнерпаз туралы тағы бір айтар сырым жоғарыда айтқанымдай сол кісінің ақыл-кеңесімен ең алғаш рет «Өмір жолы» атты дербес кинолентамды түсірдім. Нәтижесі жаман болған жоқ. Жарыққа шыға салысымен бұл туындым Жапония, Монғолия, Корея тілдеріне де аударылып, дүниежүзілік сахнаны аралап кетті. Бұдан соң дүниеге көрермен жылы қабылдаған «Найзатас бөктерінде», «Даруыл» казак теледидарының тапсыруымен жасалған тұңғыш түрлі-түсті фильм «Алматы көктемі» атты музыкалық картиналар келді.

Бұдан басқа ұстазыммен бірге бірнеше көркем фильм түсіруге қатыстым. Шет жағасына жаңа ғана айттым. Ал, өзім «Найзатас бөктерінде» фильмінде, «Баянауылда» Шәкен аға Бейсенбай карттың ролінде ойнады. Бұл актер ағамыздың көркем фильмде ойнаған ең соңғы бейнесі болып тарихта қалды. Бұдан соң мені ұстазым өзінің «Атаманның ақыры» фильмін түсіруге шақырды. Мұнда мен екінші режиссер болдым және кішігірім рольде ойнадым. Ал, бұл «Атаманның ақыры»

фильмінің дүниежүзілік жүлдеге ие болып, қазақтың киноөнерін әлемге паш еткені мәлім.

Қуат аға соңғы кездері «Айтуар-Фильм» өндірістік бірлестігі туралы жиі естіп, оқып тіпті Қаныш Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров жайында түсірілген кейбір деректі толық метражды публицистік фильмдерді экрандардан көріп те қалып жүрміз. Бұл жөнінде не айтар едіңіз?

Осы сәт ауыз үйден бізді асқа шақырған Майра апамыздың да «Айтыла берсе сөз бітпейді, өңгімелерінді тамақтан алып жалғастырындар» деген құлаққа жағымды қонырқай даусы естілді. Асханада біздерге, Қуат ағаға қарағанда Майра апамыздың даусы көп естілді.

Айналайын, біздің өнер жолында сіңірген еңбегімізді қазіргілерден Қамал Смайылов пен Әкім Таразилер жақсы біледі. Дубляж мектебінен жалғыз біз емес жалпы қазақ театрының, өнері мен мәдениетінің қаймақтары саналатын Фарида Шәріпова, Зәмзагүл Шәріпова, Торғын Тасыбекова, Мәкіл Құлманбаев, Бикен Римова, Нұрмахан Жантөрин, Алтынбек Кенжеков, Мұхтар Бактыгереев, Нұрлыбай Есімғалиев, Нұрлан Өнербаев сияқты талай майталман тарландары сынақтан өткен.

Шіркін, анау Достоевскийдің «Қылмыс пен жаза» фильмдегі тіл күдіреті қандай! «Ұлықбектің жұлдызындағы» Ұлықбектің молдамен айтысын алып көрші! «Рүстем мен Зухрабтың»... Пәлі, «Нақұрыс» ше! Оның бәрі жауһар ғой. Ал осының бәрін ана тілімізге аударып халыққа жеткізу дубляжға байланысты.

Майра апамыздың тәтті асы мен көңілді өңгімесінен соң Қуат аға екеуіміздің арамыздағы диалог одан әрі жалғасты. «Айтуар-Фильм» шығармашылық бірлестігін 1992 жылы құрдық (Айтуар немерем ғой, Қайратымның ұлы). Мұнда қызмет атқаратын он шақты адамдардың барлықтары да негізінен Әбусейітовтер әулетінен. Өзім бірлестік басшысы, әрі қоюшы, әрі көркемдеуші режиссермін. Ұлым Масғұт – бас оператор. Режиссердің ассистенті – інім Суаттың қызы Сәуле. Жұбайым – Майра ұлым Масғұттың қыздары Гүлжан, Маржан да осында, еңбек етеді. Өзің айтқандай алғашқы сапарымызды Павлодар облысының Баянауыл ауданынан бастап «Ғалым ауылында» (Қ.Сәтбаев), «Жүсіпбек Аймауытов», «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Қосым Пішенбаев», «Майкөбе» деректі ленталарын түсірдік.

Жалпы менің өнер иелеріне арналған фильмдерім де аз емес. Мысалы, Серке Қожамқұловқа арналған «Сераға», Ермек Серкебаев

жөніндегі «Бар өмірім халық үшін» фильмдерім және інім Суат Әбусейтовке арналған «Ән менің өмірімде» музыкалық фильмдерін атар едім. Келешекте осы дәстүрді бұзбай Естай мен Иса жөнінде, Мәшһүр Жүсіп Көпеев туралы фильм түсіру басты арманым!

## 8. КӨКІРЕК КӨЗІ КӨРЕГЕН (Садық Кәрімбаев) [142]



Қауға түскен өрттей қалың қауымды жақсы мағынасында елен еткізер жаңалықтар болады.

*Жер жаннаты – Жетісу  
Тамаша гоі айналаң...*

Тамылжыған тамашға ән-жана ән-жақсы ән!-бүкіл қазақты көз ашып жұмғанша дегендей бірнеше аптада баурады да алды. Туынды аты – «Жетісу».

Өз басым музыка әлемінен алшақ-алыс болғандықтан анау-мынау әуенсымаққа елтіп елжіремейтін жанмын. Сөйте тұра, бұл жолы мынау ойнақы, әрі жайдары, майда қоңыр сазға өзге түгіл мен де елтігендей болдым...

– Авторы кім?

– Садық Кәрімбаев.

– Ол кісі қайда? Кәсіпқой композитор ма?

– Ол кісі зағип. Өзі музыкант, әрі әнші. Күйкылжытып сырнай тартады. Әншілерді сырнаймен сүйемелдейді. Қазақ филармониясында

қызмет істейді, гастрольдерге жиі шығады. Өзі де әндер шығарады.

– Мәселен, қандай әндер? Халыққа тарағандары бар ма?

– «Жаным сүйген қара көз, қай уақытта болам кез» деген қайыр-масы бар әнді естідің бе: аты – «Қаракөз».

– Оны мен қазақтың халық әні деп жүрсем...

– Оның бекер бұл Садықтың төл әні!

Сөйтіп мен әуесқой композитор Садық Кәрімбаевпен сырттай таныстым осылай.

...Жас әнші Суат Әбусейтовты мен қаршадайынан білетін едім. 1941 жылы жазда, соғыс басталғанына 10–15 күн өтпей жатып, Павлодар облысы бойынша құрылған мәдени-үгіт бригадасында Суат, оның туған ағасы Қуат екеуі менімен бірге болып, халыққа концерт беріскенбіз. Ағасы баян тартып, інісі ән орындайтын... Сол Суат бір күні Қазақ радиосында жолығып:

– Садық ағамызбен таныстырайын, жүріңіз, мен жаңа бір әнін үйренуге бара жатырмын! – деді.

– Қолым бостау еді. Келісе кеттім. Алматының Калинин (қазіргі Қабанбай батыр) және Өзбек (қазір С.Сейфуллин) көшелерінің қиылысындағы композитордың оңаша тоқал үйіне келдік. Екі бөлмелі пәтер екен. Суат екеуміз ауыз үйден өтіп, төртінші бөлмеге кіре бере жарыса сәлем бердік:

– Ассалаумағалайкүм!

– Ауылша сәлем беруді, Суат, саған кім үйреткен? Қасындағы кім? – деді Сәкен бірден.

Екі беті шешек дағынан бұжыр-бұжыр, екі көзі жұмық, ашанарық, орта бойлылау кісі екен. Маған оның жас шамасын айыру қиынға соқты: долбарлауым бойынша 40–45 жас деңгейінде шығар-ау!.. Жоқ мен қателесіппін. Сол жылы, яғни 1951 жылы Садық не бәрі 33 жастағы жігіт екен. Заңиығының зардабынан, өжімді жүзі, жұмық көзі оны әлдеқайда кекселеу көрсеткен болды.

Інім мені ағама таныстырды:

– Ақын, өзіңіздің ініңіз. Мәралдың баласы. Әнге аз-маздап өлеңдер арнап жүргенін айтып еді, өзіңізбен әдейі таныстырғалы келдім.

– Жасын нешеде?

– Жиырма сегізде.

– Е, жас екенсің-ау!

– Өлеңді көптен жазасың ба?

– Он бес жасымнан...



– Соғыста болдың ба?

– Болған. Мұзаған бұрынғы офицер! – деді Суат сөзге араласып.

– Үйлендің бе?

– Әлі сәті түспей жүр, – дедім күмілжіп.

Сәкеннің соңғы сұрағында мән бар екен... Әлгіде Калинин көшесін қапталдай келе жатқанымызда Суат маған:

– Садық ағаның мінезі шадыр-шатақ, әсіресе суға қанып алса... және қызғаншак, себебі жас тоқалы ажарлы келіншек. Ән салады. Сол келіншегін үйіне келгеннің бәрінен қызғанады... Сондықтан үйіне барғанда Сәкеннің қасына тізе түйістіре отыруға тырысыңыз, – деп қатты ескерткендей болды. Мен інімнің әлгі аңғартқанын ұмытпай, композитордың оң қапталындағы орындыққа жете қонжығанмын. Біз келгенде Садық үйде жалғыз өзі ғана отыр екен.

– Танысуымыз әрі созыла түсті: менің кімнің баласы, арғы тегімді, руымды, қай жерде туғанымды, туыс-туғаннан кімдерім барын, қайда қызмет істейтінімді, тіпті телефонымға дейін сұрап, біліп, анықтап бақты композитор аға. Содан кейін Суатқа жана ән үйретті. Сырнайды ойнақшыта, сызылта тартады екен...

Әлден уақытта ауыз бөлменің есігі ашылды, содан төргі бөлме есігінен ақ сары өдемі келіншек ішке үніле бергенде, қайдан, қалай тани қойғанын білмеймін, Сәкен:

– Ботима, ұзақ жүрдің ғой осыншама? Әкелдің бе?

– Әкелдім...

– Әкелсең, шайыңды тез демдеп жібер, – дейді қожайын. Шөлдеп отырмыз шайыңа да, шарабыңа да... – Жеңгейің осы! Ақындар өзіне тым қызыққыш-ақ! Елжірегіншітігі үшін екі-үш ақынды төпел-төпел жібердім анада! – деп ағамыз жанамалай ескерту жасағаны сезіліп тұрды.

Шай іштік, бір шишаны да төңкердік.

– Әнге арнайы жазған дайын өлеңін болса, маған машинкаға бастыртып, әкеп таста. Өлеңің өзіме ұнаса ғана өн шығарам, ұнамаса өкпелеме! – деді қоштасарда композитор. Бұған дейін жазып, қай композиторға ұсынарымды білмей жүретін едім бір өлеңім. Аты «Бізде дәрігер бір қыз бар».

*Бізде дәрігер бір қыз бар,*

*Қыз емес-ау, жұлдыз бар.*

*Ол жоқ жерде жүрегім*

*Бірде жалын, бірде ызғар...*

Әуелінде әжептәуір көрінген дүниенің араға жылдар түскенде енді жасып кеткендей көрінері табиғи үрдіс... сөйте тұра, мына өлең сол кезгі ыстық сезімнен әлі арылмағандай әсер береді бүгін де, (әлбетте, бұған іле-шала туған өн де себепкер шығар).

Танысқаннан кейін үш-төрт күннен соң әлгі өлеңнің екі данасын Садыққа әкеп оқып бердім.

– Ұнайды өлеңін! Иншалла, бірдеңе шығар. Екіншілей келгенде ағана бір жартылық ала келуді ұмытпа. Шабыт үшін шарап керек Сәкене! – деп композитор күлкын күштарын да жасыра алмады.

Арада жарты айдай ма, он күндей ме уақыт өткенде Сәкеннің өзі «Пионер» журналына телефон шалып:

– Өн дайын! Түстен кейін келіп тыңдап кет! – деді.

Жолай дүкенге соғып, бір көк мойынды газетке орап, Кәрімбаев үйінің есігін қақтым.

– Ассалау! – деп сәлемімді түгел айтып үлгермей-ақ:

– Ә, павлодарское отделение! Келдің бе?– деп композитор орнынан алға ұмсына, қолын соза берді. Садықтың дыбыс-үн атаулыға деген алла бөлекше жаратқан айрықша зерделігіне мен ылғи да қайран қалумен өттім. Телефон арқылы:

– Саламатсыз ба?– деп бір-ақ сөз айтып үлгіргенінше, атыңды атап, амандық, сұрауға көшер еді...

– Кел, отыр! Жаңа өнімізді тыңда. Байқаймын, сен өн айта қоятын жігіт сияқты емессің. Тыңда!

Сәкен сырнайын қолға алды. Құтырындыра сермеп, күйкылжыта бір қайырып өтті. Өн күйкылжып тұр. Мені шырқа! Әуен – сазымды әлеуметке тезірек жеткізе көр! – деп тілеп тұрғандай.

Қазақтың менен өзге ақыны болса композиторға қосыла кетіп, бірге әуелете шырқай жөнелер еді. Бірақ менде ондай дарын қайда, дәрмен қайда?

Садық менін өлеңімді түгел жақтап алыпты. Екі қайырып шырқап берді.

– Қалай екен?

– Тамаша!

– «Тамаша» – деуің жақсы-ақ! Бірақ сен музыканың мигұласы екенсің. Жаңа мен әндетіп жатқанда әу деп аузыңды ашпағанның – ақ соның белгісі болды... Көңіліңе келмесін күдәй бермесе, әншілік дарынды қайдан аласың?! Анау Нүтфолланы қарашы аузыңды ашар-ашпастан-ақ әніңді, әуеніңді қағып алып, әуелете жөнеледі, – деп бір қойды.

«Бізде дәрігер бір қыз барды» қазақ радиосы көркемдік кеңесі қабылдады да. Әнші Тұрсынхан Әбдрахманованың эфирден шырқауымен бүкіл елге бірден кең жайыла, тез таралы. «Комсомол жыры» деген ортақ әніміз болған. Жиі-жиі айтылатын 1991 жылға дейін... одан соң «Инженер қыз, бізге кел» деген жақсы әнге ортақтаса тер төктік... Сәтімен туған әнді республиканың халық артисі Рабиға Есімжанова құбылта-құлпырта шырқайтын еді. «Алматының алмасы» да көптің құлағына сіңген әуен-саз сияқты еді, әндер де өзендердің тасуы мен қайтуы тәрізді табиғат құбылысына ұқсайды екен!

«Шаттық вальсі» қазақ радиосынан эфирде бүгін де жиі-жиі тербеледі:

*Толқыған би де,  
Шалқыған күй де  
Жан серік бізге жолда алыс.  
Жетсек те жүзге,  
Ыстық боп бізге  
Естілер сонда бұл вальс.*

«Қаракөз» деген де әніміз бар... Садық аға балдырғандарға да арнап ән жазатын. Мәселен, мен «Көл туралы ән» деп аталатын жырды композитордың қолқа салуымен шығарғаным есімде.

«Жылы сүтке тоя ғой» деген ән эфирлерге лайық еді, қазіргі балабақшалардағы музыка пәні жетекшілері ескеріп-елеп жүр ме, – бихабармын... әйтеуір, маған аяны-ән әдемі.

Бүкіл халықтың сүйікті өнерпазы атаңған Садықтың небары жеті әніне ғана өлең жазған екенмін. Аз ба, көп пе? Әрине, аз! Ал көп болып, шөп болса қайтер ең? Аз да болса, саз болғанына шүкіршілік!

«Бізде дәрігер бір қыз бар» талғампаз да таңдаулы әншілеріміз Жамал Омарова мен Рабиға Есімжанова, Тұрсынхан Әбдрахманованың шырқауында үн таспаға жазылып алынып, қазақ радиосы алтын қорында сақтаулы! Осының өзі-ақ неге тұрады?! Садық талантының табиғатының төркіні, әлбетте, халықтың музыкада, өзінің, ән ұстаздары Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Естай, Майралардың қайталанбас әуен-саздарында...

Әнді қалай шығаратынының бір-ақ рет куәсі болдым: кезекті бір жаңа әнмен қанаттансын деп Садыкқа өлең алып келсем, композиторым төргі бөлмеде кілем үстінде шалқалап жатыр. Басында қос жастық. Кеудесінде сырнай-баян. Оң қапталындағы қабырғада радио қабылдағыш сайрап тұр. Амандық-саулықтан соң:

– Мына жатысыңызға жол болсын! – деп сұрасам,  
– «Қытай кызы» деген ән шығарайын деп шыршық атып жатырмын, – деді Сәкен.

– Мұныңызды түсінбедім!...

– Түсінбесең былай. Приемниктен таң атқаннан бері Қытай музыкасына құлақ тосып тыңдаудамын. Сол халыққа ғана тән мақам, әуезді айырып ажыратып, жадыма сіңіруім керек әуелі. Содан соң қазақы әуенмен тоғыстырамын. Сонда болаттың қорытпасы-балкытпасы секілді ажырамас біртұтас дүние шығады... Енді түсіндің бе?

– Ән әлі шыққын жоқ па?

– Шығуға таяу! Уақытың болса, отыр да тыңда. Әннің қандай азаппен, қандай жолмен дүниеге келетінін көр өз көзіңмен.

Мен өнер құпиясын ашқым келіп, балаша қызыға түстім де, сырнай сазына құлақ түрдім. Садық үзік-үзік әуен сазды сырнайына оралтып тартады, қайтадан қытай музыкасына құлақ тосыды... Мен қасында тапжылмай 1,5–2 сағаттай тыңдап бақтым.

– Міне енді дайын болды! Өлең Сапекендікі. Сапарғали Бегалинді айтам, – деп композитор жаңа әннің бабына келтіріп басынан аяғына дейін бір шырқап шықты.

– Нотаға біреу түсіргенше әннің ұмытып қалмайсыз ба? – деп сұрадым.

– Ондай ұмытшақ, алаңғасар адамнан өнер шығатын ба еді. Өнерпаздың зердесі мықты болуы керек! – деді ол.

\*\*\*

Садық Кәрімбаев оқымысты педагог. Төлеутай Ақшолақтың нағашысы... Төкең үйінде қатар қонақ бола қалдық елуінші жылдар ортасында. Сәкен қызыл інірден бастап қызық бір әңгімеге көшті. Түннің бір ортасына дейін қолынын домбырасын тастамай, өз әндерінің біразының туу тарихын баяндады.

– Әй, музыканың миғұласы!

– Әу!

– Қабаштың әннің білесің бе?

– Естігем.

– Естісең де, қазір есінде бар дейсің бе? Міне мен ойнап тартып берейін, – дейді домбыраға әлгі әнді қосып, бір шумағын әнмен айтты береді Садық. Исаның (Қабыш ақын, әнші, композитор) жалғыз бауыры оқыс келген қызылдардан бәй баласы деп атып тастай ма деп қорқып сенге мініп қашқан жерінде жас жігіт суға кетеді. Сол трагедия

дияға арналған ән бүкіл Ертіс бойына Кереку төңірегіне кең жайылған ән... Феодал, аға сұлтан Қазанғаштың немересі Қобыштың әнін айтуға тыйым салынған. Әйтсе де мұңлы әрі сырлы әсем әнді жұрт автордың атын айтпай-ақ той – томалақтарда айтып жүретін.)

– Ал енді мынау мақамды тыңда.

Садық басқа бір сазды шырқай жөнелді.

– Ұқсай ма әнге?

– Ұқсайды да, ұқсамайды да!

– Мен Қобыш әнінен серпін алдым да, жаңа ән шығардым. Жаңағы, екінші айтқаным өзімдікі. Ал сен ажырата алмай отырсың.

– Бұл ашық айтсақ, үрлық емес пе!

– Жоқ, бұл құбылту, жаңадан жаңғырту, яғни тыңнан тудыру. Композициядан композитор деген сөз шыққан: құрау, құраушы... – Сәкен қалай сілтейді.

С.Кәрімбаев енді басы Е.Брусиловский, А.Жұбанов, М.Төлебаев, Қ. Қожамияров, Б.Байқаламов, С. Мұхамеджанов, Ә.Еспаев және т.б. жекелеген әндерін «төркіндетіп», бізді қыран-қырғын күлкіге көміп, тұтас бір концерт қойғандай мәз еткен.

Композитор Садық-көкірек көзі көреген өнерпаз еді. Принципишіл, айтқанынан қайтпайтын қайсар, кейде қыңыр, тіпті тентек те сол ағамыздың өзі болатын.

Гастрольде жүрген күндерінде талай әкімдерді күрдай жорғалатқан. Ертең өзі баратын шаруашылық басшыларының басындағы кемшілікті, колхоз-совхоздағы олқылықтарды бәрін алдын-ала біліп алады екен де, алдағы ауылға барғанда, концерт қоюға қолайлы жағдай жасамаса, қонақасысы көңіл көншітпесе, жетесіз жетекшілерді бір шыбықпен айдайтын болған.

С.Кәрімовтың әжептәуір ақындығы да барын маңайындағылар жақсы білетін. Қытықса, қырсыз бастықтарды сахнадан өлеңмен сыбап кететін кезі де сирек болмаған...

Әзіл өлеңдері де осы күнге дейін ұмытылмай, композиторлар мен өншілер, қаламгерлер ортасында айтылып жүреді. Композитор Шәмші Қалдаяқовқа айтқан бір ауыз өлеңі мынау:

*Сағындым Қайдасың!  
Шәмшіжан қарағым!  
Тауысып қайттың ба  
Шымкенттің арағын?!*

Немесе, мынандай күлкілі өлеңі кең тараған!

*Қалдаяқов күнде ішеді,  
Кәрімбаев түнде ішеді,  
Есбаев кесесімен ішеді,  
Байқадамов шешесімен ішеді...*

Сұмдық уытты сықақ! М. Әлімбаев жайында айтқаны:

*«Балдырганда» қақсал отыр,  
«Білемін» деп қақсап отыр...*

Сәкеннің аузынан мәтел боп тараған сөздер де аз емес. Мәселен, «Алты сағат мақтадың, жарты сағат боқтауға болмай ма?!»...

\*\*\*

Кәрімбаев Садық 1918 жылы Баянауыл ауданында дүниеге келген. Алматыға қашан ауысқанын білмеймін. Ал туған ағасы Қарағанды облысы Ульянов ауданы Бабаев атындағы совхозда ауылдық кеңес төрағасы болып істеген екен. Болмысынан тапқыр, тентек, қиянқықыңыр өскен Садықтың мінезіндегі талай қатыгездікті естігенім бар. Соның бір-екеуі «... деген екен» сериал жинақта басылған. Енді бірінші тарихын баяндайын.

Садықтың ағасы Алматыға қонақшылап келіп, інісінің үйіне түседі. Бір күні бір туыс Садықтың ағасын, өзін, әйелін дәмге шақырады... Ол үйден таксимен қайтып келе жатқан Сәкен өз ағасына:

– Шөлім қанған жоқ өлгі үйде, думанханаға апар, дейді.

– Садық, осының бүгінге жетер, ертең де күн бар ғой,-дейді ағасы.

Бір сәтте Садық таксидің жүргізушісіне:

– Милицияға тарт. Мынау менің ақша салған әмианымды қалтамнан суырып алды жаңа! – деп бақырады. Сөйтсе өз қасына отырған ағасының әмианын төс қалтасына қолды сұғып жіберіп, тартып алған Садықтың өзі екен. Милицияға өкелгенде ағасы:

– Бұл ойнап айтады, – дейді. – Мен ағасымын...

Кезекші офицерге Садық:

– Менде мүндай аға жоқ! Жай ғана попутчик! – деп байбалам салады. – Мынаны жабындар. Бұл ұры!

Офицер әпербакан әлдебіреу екен, үлкен кісіні жабады да қояды. Садық әйелімен ресторанның қанып ішіп, үйіне қайтады. Таңертең такси жалдап өзі келіп, милициядан:

– Мен әзілдеп осылай істеп едім. Бұл менің өз туған ағам. Нағбаңдар, паспорттарымызға қараңдар! – деп ағасын босатып алады. Сондағы ағасының бар айтқаны:

– Жыңды ерке! – деген жалғыз сөз екен.

\* \* \*

Бетті, шақар Садық Кәрімбаев бір-ақ ағадан қаймығады екен, сол кісінің тілін ғана алады екен. Ол халық артисі, адамгершілігі асқарлы биік те таза, қайталанбас, әнші Жүсіпбек Елебеков.

\* \* \*

Садықтың әндерінің саны, менің межелеуімше, үш жүзден асып жығылмаса, кем соқпас. Оның көзі тірісінде жарық көрген бірнеше кітабы бар: «15 ән» [1953], «12 ән» [1957], «25 ән» [1972].

Садық Кәрімбаев өз бригадасымен өнер көрсетіп аралап өткен колхоз-совхоздардың кейбіреуіне кейін менің де жолым түскен кездері бар. Жиналған халық талантты әншінің өнеріне тамсанып, қайта-қайта сақынаға шақырғанын, Садық бригадасының концертті көпшілік көңілін кимағандықтан, сыйлағандықтан түннің бір уақытына дейін созылғанын жергілікті тұрғындар тәнтілікпен, ырзалықпен әңгімелейтін.

1968 жылы өнерге еңбегі сіңген қайраткер атағына ие болуы да — заңғайыр композиторға, әншіге деген халық махаббатының куәлігі сияқты еді.

Қазір қазақ радиосы арқылы Садық Кәрімбаев әндері там-тұмдап қана эфирден беріліп жүргені рас. Ал қазақ теледидарларындағылар ұлттық өн өнерімізге осыншама олжа салған композитор өнеріетінен тұтас бір концерт-фильм жасауы парыз. Сонда саңлақ өнерпаздың аруағы ғана ырза болмайды, жастарымыздың көкрегіне ұлтжандылық сезімін егуге үлкен көмек табылар еді.

## 9. ӨМІР АҒЫСЫ (Байболат Әубәкіров)



Жуырда менің қолыма Байболат Әубәкіровтың өткен ғасырдың соңғы жылында «Өнер» баспасынан шыққан «Өмір ағысы» атты өндер жинағы түсті. Кітаптың алғашқы бетінде Қазақстанның халық жазушысы Мұзафар Әлімбаевтың «Көрегенсиң көзі бардан» деген Б. Әубәкіровке арналған өлеңі жарияланыпты. Оқып шықтым.

*Не қайыр ел мен жұртқа сөздерден?!  
Бауырым, көрегенсиң көзі бардан,  
Төккен тер, шеккен бейнет зая кетпей,  
Атағың құтты болсын озып алған!  
Жұртың бар жарық нұрға жастан  
«Жұмылып бізді еңбекке бастай біз!» – дер,  
Өзіңсің жақсылыққа еліктері –  
Жетекші, әрі ғалым бас тәлімгер,  
Кезең жоқ кезек күтіп тонын топпен,  
«Кеудемде тыныштықты тұғырлаатқан!»  
Дедің сен ерлікпенен қанаттандың  
Ғылымның құпиялы сырын баққан.  
Байболат,  
өзіңдей халқың ырза ата ұлына,  
Ғылымның құтын жинап қуанта бер,  
Елтімей академик атағына.*

Одан кейінгі беттерде «Дос – жарандар лебізі» деп республикамызға белгілі біраз өнер адамдарының кітап авторына деген жақсы тілектері беріліпті. Мысалы, композитор, ұлттық музыка академия-



сының профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ілия Жаканов: «...Байболаттың әндерін тыңдағанда әр кез, әр қилы ойға батам да, бір сырлы дүниенің есігін ашқандай толғанысқа түсем. Адамға қандай ғана жүрек бітеді, тәңір-ау, деп қайнап жатқан күштарлық сезім қуатына таң-тамаша болам. Өмірге деген ыстық көңіл, жарық дүние шуағын сезіну, оған іңкәрлігі, адамның бәр-бәрін жеңетін, бәр-бәрін сүйетін, бәр-бәріне рух беретін күдіреті, парасат лебі, сұлулықты асқак романтикаға көтеруі, жастық дәурен қызығы, ел мен жер махаббаты, сондай-ақ, халықтың ерлік болмысы, өзі өскен ортаның жұпар лепті әуезімен жырлаған әндерінің сырт қарағандағы келбеті осылайша қызықтырады. Ал, әр әннің не дейтіні, ол өзінше бір өмір. Байболат ешкімге ұқсамайтын өз лебізі, өз әуезі, өз қолтаңбасы, өз мәнері бар ойлы композитор. Әннің сәтті шығып, бар жүректі билеуі оның сол саликалы, салдарлы ойшылдығында, оған ерекше көңіл беретін мағмадай маздаған жарқын әуенінде екендігі әр шығармасынан сондай айқын сезіледі, оны өзге композиторлардан дара көрсетеді. Мен Садық Кәрімбаев, Ақан Қасымов, Жақсыгелді Сейіловтердің әндерін жақсы білем. Халыққа сүйіктілері сол әндердің қатарында әр әні гауһардай жарқыраған, тіпті, олардан да жаңашыл бөлек құбылыс боп (айтайық, «Ер қазақ», «Қайсар қазақ» әндері дәстүрлі ән формасынан бөлекше баллада жанрында шыққан тосын жаналық! І.Ж.) ойландыратын Байболат әндері қазақтың осы заманғы әндерінің бір мөлдір бұлағы секілді өзгеше көркем дүние. Оның әр тақырыптағы әндерінің ішінде: «Ауылым», «Ер қазақ», «Қайсар қазақ», «Өкінбе, асыл жарым», «Ұйықта бөпем», «Алматы әсем арайлым» тағы басқа да әндерінде жібектей есілген лиризм, отты патриотизм, халық әндеріндегі тербейтін дәстүрлі ән үлгісінде жазылған туындылары осы жинақтың маңызын жан-жақты ашады. Жан тебірететін, жүрек толқытатын жинақ бұл! Туған ел көгінде осы әндер еркін қалықтайды. Мендегі сүйінішті сезім, осы»-дейді.

Шындығында солай. Байболаттың өлеңдері мен әндері кімді болсын жайбырақат қалдырмайды. Мазмұнымен де әуенімен де сонынан ертіп отырады. Оны ақып, композитордың «Қайсар қазақ» әнінен айқып байқаймыз.

*Қаһарлы желтоқсанның ызғарында  
Мұздатқан Алатаудың құздарында,  
Зорлыққа шыдай алмай болды қарсы  
Қазақтың ұздары мен қыздары да.*

*Тұрмадың сен де қарап жай қалмадың  
Қатерге шықтың қарсы тайсалмадың.  
Қаймығып қорықпады өлімнен де,  
Аңсаған азаттықты қайсар жаны?*

**Қайырмасы:**

*Бауырым бұл күнді сен көре алмадың,  
Өзіңмен кетті бірге көп арманың.  
Таныды әлем бірақ саған қарап,  
Қазақтың еркіндікке жаралғанын.*

*Бұл күндер талай ғасыр болған арман,  
Халқымыз өз билігін қолға алған.  
Теңеліп терезесі көп ұлттармен,  
Ел болды бар мүддесін қорғай алған.*

*Көтерген көк байрақты аспанына,  
Бас иед халқың сендей асқар ұлға.  
Қорсаған ел намысын, ұлт намысын,  
Желтоқсан қайсар қазақ жастарына.*

**Қайырмасы.**

*Қорлық пен зорлыққа сен көне алмадың,  
Өзіңмен кетті бірге көп арманың.  
Таныды әлем бірақ саған қарап,  
Қазақтың еркіндікке жаралғанын.*

*Мың өліп, мың тірілген еркін қазақ,  
Тарихта талай-талай көрдің азап.  
Қаншама боздақтарың пида болды,  
Болсын деп егеменді елім азат.*

**Қайырмасы.**

Байболаттың композиторлық өнеріне Қазақстанның халық артисі Нұрғали Нүсіпжанов та: «...Автор өзінің өндерін тыңдаушысына жан ырғақтарымен нәзік те дәл өзіне тән әуенмен нақыштап, ұстамды әрі өдемі саз үндерімен жеткізеді. Оның сазгерлік ой-өрісі негізінен лирикалық тәсілмен жақсы шешімін тауып отырады. Атап айтқанда бұл тәсіл «Ұйықта бөпем», «Іздеп табам», «Өмір зғысы», «Туған жер», «Ауылым» және осы сияқты басқа да өндерінде өте орынды пайдаланып, бүгінгі өмірдің тылсым тіршілікте, табиғи дүниелерге деген сурет көзқарасын, ой-өзенінің бағыт-бағдарын сараптайтын азаматтық фәлсапасын айқындайды.

Композитордың «Қайсар қазақ», «Ер қазақ», «Алматым өсем, арайлым» әндері оның қазақ деп соққан жүрегінің лүпілі, елім-жерім деп тебіренген адал жанның тербелісі, халық дүниесінің өзіне сай кетігіне қалануға жаралған өнерпаз, еңбеккер азамат екенінің куәсі десе болады...», – деп өте жоғары баға береді.

Расында да солай. Жоғарыда сөздері келтірілген қос өнер тарландары да жүректен шыққан лебіздерін білдірген. Оған Байболаттың «Туған жер» деген өлеңін оқи отырып көз жеткізуге болады.

*Бар ма жан туған жерін сағынбаған,  
Бас иіп, құдіретке табынбаған.  
Алыстан бар өзіңді аңсап келем,  
Баяғы қалпымменен жалындаған.*

*Қайырмасы:*

*Армысың, кіндік кескен жерім менің,  
Мінеки, өріңдемін, төріңдемін.  
Құшағын айқара аша өскен ауыла,  
Дегендей, көптен неге көрінбедің?*

*Бал күндер өткен сенде қандай ыстық,  
Түнбаңнан шөлдегенде қанбай іштік.  
Жерұйық кең төсіңнен қуат алып,  
Ұлдан сан балапан самғай үштық.*

*Қайырмасы.*

*Көрсем де қанша жерін байтақ ездін,  
Келеді өзім жайлы айта бергім...  
Бір сәтте басайын деп сағынышты,  
Қырыңа жыл қусындай қайта келдім.*

*Қайырмасы.*

*Даланың аңқылдаған сар самалы,  
Аймалап маңдайыңнан қарсы алады...  
Деуменен, айналайын, беу, туған жер,  
Жүрегім қуаныштан ән салады...*

*Қайырмасы.*

Ал, академик, ғалымның бұл өнері туралы Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Т. Жүргенов атындағы театр мен кино институтының аға оқытушысы Люция Төлешова болса: «... Мен композитор Әубәкіров Байболаттың бірнеше өндерін алқалы топ алдында жиі әрі үнемі

орындап жүрген әншімін. Әншінің жүрегіне жылы қалаған ән – тыңдарман қауымды да бей-жай қалдырмауы анық. Бар байқағаным Байболаттың әндері үнді, әуенді қаранайым болып келеді. Сондықтан да ол әндер айтуға жеңіл, ән күмар жанның ойын тербеп оны әр кез өзімен бірге жетелеп кетерлік сикырлы басымдылығымен ерекшеленеді. Байболаттың әсіресе «Ауылым», «Туған жер», «Өкінбе асыл жарым» сияқты әндері қазіргі ән өнерінің қатарын байыта түсер біртуар шығармалар қатарына жатқызуға әбден болады...» деп ризашылық сезімін білдіреді.

Байболаттың «Ауылым» әнінің әнін тыңдаған адам бұлай демейі мүмкін емес.

*Армысың асыл ауылым,  
Жайлаған арқа бауырын.  
Болсамда талай жерде мен,  
Таппадым сеннен тәуірін.  
Сағынып жүрек жалынды,  
Қинады-ау талай жанымды.  
Қабыл ал өскен ауылым  
Арнаған саған әнімді.*

**Қайырмасы:**

*Ауылым, менің ауылым,  
Сағындым қара дауылым.  
Күндерін, желсіз түндерін,  
Нәсермен жауған жауынның.  
Сағындым туған ауылдың,  
Көңілді ойын-сауығын.  
Қуана қарсы алатын  
Жайдарлы, жарқын қауымын.  
Қаншама уақыт шетшалғай,  
Жүрдім мен саған жете алмай.  
Көзденең қойған тағдырдың,  
Қыл – көпірінен өте алмай.  
Тартпады бекер жүрегім,  
өзіңсің менің тірегім.  
Келіп-ем құшақ жайдың сен,  
Жайқалып жасыл кілемің.*

**Қайырмасы.**

*Өтседе жылдар арада,  
Баяғы қазны, Жер-ана.*

*Елжіреп күнде қарайды,  
Сәулесін төккен далаға.  
Не деген ыстық туған жер,  
Қушағыңда өскен думанды ел.  
Аймалап келіп өткендей,  
Айнала соғып тұрған жел.*

**Қайырмасы.**

Ал, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ләскер Сейітов болса осы бір үлкен жүректі өнер адамына деген лебізін: «Экономика ғылымдарының докторы, академик Байболат Әубәкіров ғылым мен өнерді табыстыра, қоғамдық қызметті өзінің басқа да қырларымен ұштастыра білген дархан жүректі, шалқар зиялы, бәліктігін есте білдірмейтін, сыпайы да сыршыл азамат, ардақты әке, отбасының ұйытқысы.

Жастайынан сайын даламен сырласып, әуезді де үнді музыкамен сусындап өскен Байболат ғаламат еңбекқорлығының арқасында есте сақтау қабілетін ерекше жетілдірген феномен. Оның ой теңізінен оянып тұрған, жүректі шымырлатар сәулелі әндері өнер сүйер қауыммен әрдайым қауышып, тылсым сезімге бәлер сәттері мол болғай ! » деп білдірген.

Белгілі диктордың бұл тілегіне біз де қосыламыз. Қосыла отырып, назарларыңызға Байболаттың «Ер қазақ» жырын ұсынамыз.

*Қордың бе сен жүрек жұтқан нар тұлға ерді.  
Аң аулауды кәсіп қылып шаң қылған жерді.  
Асаулардың құлағында жасынан ойнап,  
Құралайды көзге атып таң қылған елді.*

**Қайырмасы:**

*Қоймайтуғын жеңіп тынбай алысқан жасуды,  
Ол қазақтың батыр ұлы арыстан жалды.  
Мінген аты асыл тұлпар қанатын жайған,  
Көрген адам тұлғасына қалатын қайран.  
Жау келгенде жолбарыстай қайсқан қолға,  
Қарсы шауып жалғыз өзі салатын ойран.*

**Қайырмасы.**

*Кең өлкеме көзін тігіп тегміріп тұрған,  
Бата алмаған жасудың бәрі ержүрек ұлдан.  
Ерлігінің ер қазақтың езім деп туған,  
Қуәсі гой ел байрағы жезбіреп тұрған.*

**Қайырмасы.**

Иә, бұл Байболат Әубәкіровтың өмір ағысының, еңбек жолының бір-ақ қыры.

Ал, оның ғалымдығы туралы әңгіме өз алдында бір бөлек. Амандық болса оған біз әлі талай қайтып оралармыз деп ойлаймыз. Енді, оның өмірбаяны туралы бір-екі ауыз сөз айта кетелік.

Байболат Әубәкіров 1955 жылы Павлодар облысының Екібастұз совхозында туып – өскен. Ал ол кезде бұл шаруашылықтың Баянауыл ауданына қарағаны белгілі. Осы жерде бір айта кететін жай Байболаттың әкесі, Ұлы Отан соғысының ардагері Абай ақсақал майданға Баянауыл ауданының қазіргі С.Торайғыров атындағы ұжымшардың Александровка (қазақша аты – Қандықара су) бөлімшесінен аттанған. Ал соғыстан соң мамандығына орай Екібастұз совхозына мұғалімдікке жіберілген. Шешесі Күлжекен болса – жеті баланың анасы.

Байболат совхоздағы орта мектепте оқып жүрген кездері математика пәнінен үздік атанып аудандық, облыстық олимпиадаларға қатысады, жүлделі орындарға ие болады. Мектепті бітіргеннен аталмыш совхозда бес жылдай жұмыс істеген. 1977 жылдың аяғында Байболат көз жанарынан айырылуына байланысты Алматы қаласындағы зағиптар қоғамының үшінші оқу – өндірістік кәсіпорынға жұмысшы болып орналасады. Мұндағы жас Байболаттың қажырлы еңбегі мен жұмысқа деген ерекше белсенділігін ескеріп, 1981 жылы ол қазақ зағиптар қоғамы Орталық басқарма алқасының шешімімен, ендігі жерде Жамбыл облысындағы Шу оқу – өндірістік кәсіпорнының директоры болып тағайындалады. Осыдан көп ұзамай 1983 жылы Байболат Абайұлы Әубәкіров қазақ зағиптар қоғамының 24 кұрылтайында осы қоғамының Орталық басқармасының төрағасы болып сайланған. Осы жылы ол Қарағанды мемлекеттік университетінің финанc факультетін бітіріп, зағиптар қоғамының әлеуметтік және экономика саласын зерттеумен шұғылданады. Осы бағытта 4 монография, 27 кітапша – брошюра, көптеген мақалалар жазып, бірнеше республикалық, одақтық және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндама жасайды. Оның 100 баспа табақтан астам жазбаша еңбектері шетел баспасөз беттерінде жарық көрген. Осылайша ғылыми еңбектерінің негізінде 1990 жылы кандидаттық, 1994 жылы докторлық диссертация қорғаған. 1995 жылы халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі болып сайланған. Өзінің тікелей қызметін атқара жүріп (қазақ зағиптар қоғамының Орталық басқармасының төрағасы), бірнеше халықаралық ұйым-

дардың мүшесі болған. 1990–1993 жылдары Европа зағиптар одағының жастармен жұмыс істеу комитетін басқарған. 1992–1996 жылдары Бүкілдүниежүзілік зағиптар одағы басқармасына мүше болған. 1992 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен «Республикаға еңбегі сіңген экономист» деген құрметті атақпен марапатталған. 1995 жылдан бері бірнеше өндері Қазақстанның белгілі әншілерінің репертуарына еніп, олар қазақ теледидары мен радиосының Алтын қорына қабылданды.

Байболат үш баланың әкесі, жұбайы – кәсіпкер. Ұлдары – Балтабек пен Бауыржан – студент, қызы – Жанар оныншы сыныптың оқушысы. Ғылымға мол үлес қосқаны үшін Байболат Абайұлы Әубәкіровтың есімі 1999 жылы Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясына енді.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ жерінде ел басқарған даналар, қол бастаған батырлар, сөз саптаған ақын, жазушылар, күй шертіп, ән шырқатқан әнші, күйшілер, ғылым, білім қуып даңқын әлемге жайған ғалым, білгірлер шықпаған жекеленген ауыл, аудан, облыс жоқ деп айтуға болады. Сондай топырағы құнарлы, ежелден қалың қазақтың мақтанышына айналған, Бұқар жырау, Мәшһүр Жүсіп, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Қалыр, Зейін, Зейтін, Олжас сияқты жырау, ақын, жазушыларды, Жаяу Мұса, Жарылғанберді, Мұстафа, Қали, Жұмат, Шәкен, Кәукен сынды әнші, күйші, өнер тәрландарын, Қаныш, Әлкей Шанық, Ермұхан тәрізді ғалымдарды берген аймақтың бірі Сарыарқаның Баянауылы екендігінде дау жоқ.

Екіншіден, бұл адамдар өздерінің іс-әрекеттерімен бір елдің, жердің қазақша айтқанда рудың немесе жүздің ғана мақтанышы болып қана қоймай бүкіл бір қазақ деген халықтың сүйіспеншілігіне бөленіп, солар үшін қызмет етіп, солар үшін жан алысып, жан беріскен. Мәселен, Бұқар жырау жоңғарды ықтырып орысқа тізгін бермеген әйгілі Абылайханның жанашыр ақылшысы ғана емес, бүкіл алты алашқа сөзін өткізіп, үш жүздің басын қосқан данышпан да. Ал, Жасыбай мен Олжабай батырлар болса қалмақтарды Сарыарқадан тықсыра қуып, қазақтың көк туын Баянтаудың шың басына мәңгілікке қадап кеткен арыстан жүрек ерлер.

Міне, жылдар жылжып, ғасырдан асып белгілі ақын шежіреші Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің де 150 жылдық мерейтойы да келе жатыр. Ал, осы орайда атын Дихан деп өзі қойған Мәшекенді өз көзімен көрген қазақтың белгілі ақыны, халық жазушысы Дихан Әбілевтің де 95-ке келгендігін айтпай кетуге болмайды. Соңына талай ұрпаққа жететін мол мұра қалдырған Мәшекенді көпшілік енді ғана танып жатқандай.

Бар-жоғы 27-ақ жасқа келіп, жарық дүниемен қоштасса да өмірден ақындық төрінен ұлы Абайдан кейінгі орынды иемденген Сұлтанмахмұт туралы да көп нәрсе айтуға болады. Бұл тұрғыда кешегі кеңес өкіметі тұсында мыңмен жалғыз алысып жүріп, Сұлтанмахмұт мектебін қалыптастырған марқұм ғалым Бейсенбай Кенжебаевтың атына айтар алғысымыз есепсіз. Ал, оның көркем бейнесін жасауда, туған халқына ақын ретінде танытуда өзінің жерлес інісі «С.Торайғыров» атты трагедия жазған Д.Әбілевтің еңбегі зор.

Кеңес үкіметінің қанды шенгеліне ұшырап, пакак жаламен «халық жаулары» атанған Ж.Аймауытов, Қ.Тайшықов, Қ.Кемелгерев-



тердің де қазақ халқы үшін тарихтан алар орны баршылық. Бұл арыстар әдебиет, мәдениет, өнер саласында өз іздерін қалдырып кеткен санлақтар.

Бұдан соң бәйгі мәресіне халыққа «Доктор Дарханов», «Теміртау», «Т.Бокин» шығармаларын берген З.Шашкин, «Жаяу Мұсаиы» қайтып оралтқан З.Ақышев, Шоң мен Шорманды тарих аренасына алып шыққан Қ.Исабаев, «Азия»-сымен бүкіл түркі тілдес халықтарды басқаларға мойындатқан О.Сүлейменов, қазақ поэзиясында жыр тасқыны болып буырқанып, бүрқанған Қалижан Бекхожин, жұмысшылар бейнесін сомдаған А.Жақсыбаевтар келді.

Келесі сөз қарадан шығып би болған Шоң би туралы. Бұл жайында жоғарыда тоқталып кеткен белгілі жазушы К.Исабаевтың үш кітаптан тұратын «Серт» трилогиясы бар. Онда қазақ халқының XIX ғасырдағы қоғамдық саяси, әлеуметтік мәселелері айтылады. Әсіресе, екі жақты қанауға мойын сұнғысы келмеген халық үшін жаны ашып, қызмет еткен қазақтың игі жақсыларының образы Шоң бидің іс-әрекеті арқылы жинақталып берілген.

Сондай-ақ бұл топырақтан қара қылды қас жарған Айдабол, Едіге, Шорман, Торайғыр сынды тура билер де шыққан. Шорман би Шоң қайтыс болған соң Баянауыл дуанының аға сұлтаны болады. Бұл лауазым кейін оның баласы Мұса Шормановқа ауысады. Кейінгі Шормановтар да Шорманға ұқсаған ақылды, әрі білікті болады. Екеуінің де тасқа басылған кітаптары, баспасөз бетінде жарияланған материалдары сақталған.

Ендігі кезек қазақтың атын тек Ресейге ғана емес, бүкіл дүние жүзіне паш етуге ат салысқан білім, ғылым иелеріне келген сияқты. Кеңес үкіметі орнағанға дейін де қазақ арасында арнаулы атақ-даңқ берілмесе де небір ғалым-академиктерге бергісіз зерделі жандар болған. Солардың бір-екеуі Баянауыл өңірінен шығып, Сарыарқаның көптеген жерлерінен кен байлықтарын ашқан Қосым Пішенбаев пен Бұқарбай Төшімовтер.

Құрметті оқырман! Бұл жерде бір тоқталып, нақтылап айта кететін нәрсе 1917 жылдың қазап төңкерісінен бергі уақытта бір ғана Баянауыл топырағынан Қ.Сәтбаев бастаған 12 академик және 100-ге жуық ғылым кандидаттары мен докторлары шыққан. Бұл кітапта солардың саусақпен санарлықтарының ғана өмір жолдары мен ғылыми жұмыстары, атап айтқанда – Қазақ ғылым академиясының тұңғыш Президенті Қ.Сәтбаевтың, ақылдың кен-мөйеті Әлкей Марғұландының, қазақ

энергетикасының алыбы Шапық Шөкиннің, тарих ғылымының ерен тұлғасы Ермұхан Бекмахановтың, қазақ ғылымының мәуелі бөйтеректерінің бірі Жұмат Досқараев және оның балалары: Әубәкір, Хамза, Ғаббас, Әмина, Сапар Жұматовтардың, қазақ әдебиеттану ғылымының майталманы Белгібай Шалабаевтың, Қазақ баспасөзінің тұңғыш зертеушісі Қайыржан Бекхожиннің, әкеге тартып туған қыз Шамшиябану Сәтбаеваның, тарихтың білгірі Халел Арғынбаевтың, ұлттық библиографияның анасы Үшкілтай Сүбханбердинаның ғылымға қосқан өзіндік үлестері сөз болды.

Кезінде, кейін де және қазір де Баянауыл топырағынан ән-күйі, жыр өнерімен бүкіл қазақ халқын рахатқа бөлеген Бүркітбайдың Мұстафасы, Жұмабайдың Жарылғапбердісі, Байжанның Қалиы, Жаяу Мұсалар шыққан. Қазақ театрының тұңғыш режиссері Жұмат Шанин, қазақ киносы мен өнерінің жарық жұлдызы Шөкен Айманов, әнші, актер, ғалым Кәукен Кенжетәев, ел ішінде өнердің қос қанаты аталып кеткен ағайынды Қуат пен Суат Әбусейітовтер де өз алдына бір-бір тұлға.

Сөз соңында кітап авторлары бұл еңбектің жарыққа келуіне себепші болған Қазақстан Халық жазушысы Дихан Әбілев пен Қазақстанның халық қаһарманы, академик Шапық Шөкинге және жұмысты дайындау барысында ақыл-кеңестерімен қатар материалдарын да ұсынған ғалымдар: Т.Қожакеев, жазушылар Қ.Исабаев, Қ.Бекхожиннің зайыбы – Зәйдахан Бекхожинаға, Ж.Нұсқабаевтарға ризашылық сезімдерін білдіреді.

## СІЛТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

1. Исабаев Қ. Бакытты сәттер. – А., 1989. – 241 бет.
2. Копеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – А., 1993. – 68 бет.
3. Исабаев Қ. Шон: Роман. – А., 1993. – 71 бет.
4. Копеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – А. – 68–69 бет.
5. Уәлиханов Ш. Шығармалар жинағы. – Т. II. – 309 бет.
6. Уәлиханов Ш. Шорман әулеті. // «Ана тілі» газеті. – 17.01.1993.
7. Исабаев Қ. Шон би: Роман. – А., 1993. – 94 бет.
8. Исабаев Қ. Шон би: Роман. – А., 1993. – 119–120 бет.
9. Исабаев Қ. Шон би: Роман. – А., 1993. – 26–27 бет.
10. Мұса Шорманов туралы бұл мәлімет белгілі этнограф ғалым Шота Уәлихановтан жазылып алынды.
11. «Айқап» – А., 1995. – 301–302 бет.
12. «Дала уалаятының газеті». – 1890. – №3.
13. «Дала уалаятының газеті». – 1890. – №13.
14. «Дала уалаятының газеті». – 1890. – №6, 7.
15. «Айқап» журналы. – 1912. – №5.
16. «Айқап» журналы. – 1912. – №14.
17. «Айқап» журналы. – 1912. – №10.
18. Бұл мақаланың авторы, жазушы Қ. Исабаев.
19. Кен көздерінің табылған даталары.
20. Мәлімдемеде осы кен көрсетілген.
21. Қазақстан Мем. Орт. архиві, 3–5 фонды, 2546 папка. – 302 бет.
22. Бұл да сонда. – 311 бет.
23. Бұл материал Қазақстан ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Сәтбаеваның жеке архивінен алынды.
24. Алаш Орда: Сборник документов. – Оренбург, 1929.
25. Семипалатинский гос. архив. Ф.–202, 02. Е.Хр 3.
26. Есекеев Ж., Ақтамбеков Қ. Үстаздардың ұстазы. // «Қазақстан мектебі» журналы, 1976. – №7, 44 бет.
27. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. – Т. IV. – А., 1973. – 79 бет.
28. Сонда, 358–339 бет.
29. «Степная правда» газеті. – 1922. – 6 желтоқсан.
30. «Қазақ тілі» газеті. – 1923. – 25 наурыз.
31. Сәтбаев Қ.И. Таңдамалы еңбектерінің I-томы. – А.: Ғылым, 1967. – 142 бет.
32. «Народное хозяйство Казахстана» журналы. – 1928. – №1.
33. «Қазақ Университеті» газеті. – 1999. – 4-сәуір.
34. «Егемен Қазақстан» газеті. – 1999. – 25 ақпан.
35. Сонда.
36. Сәтбаев Қ.И. Жезқазған ауданының мыс кені және оның минералдық қорлары. – М., 1932.
37. «Егемен Қазақстан» газеті. – 1999. – 2 наурыз.
38. «Казахстанская правда» газеті. – 1934. – 26-ақпан.
39. «Казахстанская правда» газеті. – 1934. – 6-маусым.

40. «Социалды Қазақстан» гәзеті. – 1935. – қазан.
41. Бес арыс. Г. Дулатованың «Ардақтап өтем әкемді» мақаласынан.
42. Медеу Сәрсекке. Ғасыр перзенті. // «Егемен Қазақстан» гәзеті. – 1999. – 26-наурыз.
43. Медеу Сәрсекке. Ғасыр перзенті. // «Егемен Қазақстан» гәзеті. – 1999. – 26-наурыз.
44. Сонда.
45. «Қазақ университеті» гәзеті. – 1999. – сәуір.
46. «Егемен Қазақстан» гәзеті. – 1999. – сәуір.
47. «Қазақ университеті» гәзеті. – 1999. – сәуір.
48. «Зерде» журналы. – 1999. – №2.
49. «Зерде» журналы. – 1999. – №2.
50. «Зерде» журналы. – 1999. – №2.
51. «Зерде» журналы. – 1999. – №2.
52. «Зерде» журналы. – 1999. – №2.
53. «Зерде» журналы. – 1999. – №2.
54. «Зерде» журналы. – 1999. – №2.
55. «Қазақ әдебиеті» гәзеті. – 1996. – № 24. – Сейсенбі, 11-маусым.
56. Сүбханбердина Ү., Дәуітов С. Айқап. – А., 1995. – 295 бет.
57. Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – А., 1986. – 8 бет.
58. Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – А., 1986. – 7 бет.
59. «Әдебиет және искусство» журналы. – 1951. – №7.
60. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – А., 1964. – 3 бет.
61. Бұл да сонда. – 4 бет.
62. Бұл да сонда. – 6 бет.
63. Бұл да сонда. – 78–79 бет.
64. Бұл да сонда. – 86 бет.
65. Бұл да сонда. – 101–102 бет.
66. Бұл да сонда. – 120–121 бет.
67. Сейфуллин С. Тар жол, тайғак кешу. – А., 1960. – 66 бет.
68. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – А., 1964. – 210–211 бет.
69. Жамбыл облыстық «Коммунизм таңы» гәзеті. – 1958. – 25-тамыз.
70. Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – А., 1981. – 215 бет.
71. Бұл материалды кітап авторларының өтініштері бойынша ғалымдар, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Ә.Нарымбетов пен Ж.Тілеповтар дайындап берді.
72. «Социалистік Қазақстан» гәзеті. – 1983. – 9-шілде.
73. «Известия АН КазССР журналы. Серия филологическая». – 1988. – №3.
74. «Қазақ әдебиеті» гәзеті. – 1995. – №3–4.
75. «Егемен Қазақстан» гәзеті. – 1995. – №6.
76. «Қазақ әдебиеті» гәзеті. – 1995. – 31-қаңтар.
77. «Қазақ үні» гәзеті. – 1994. – ақпан.
78. «Халық кеңесі» гәзеті. – 1993. – 2-ақпан.
79. «Қазақ үні» гәзеті. – 1993. – сәуір.
80. Марғұдан А. О носителях древнего поэтического искусства казахского народа. – А., 1960. – 73 бет.
81. Көпеев М.Ж. Қазақ шежіресі. – А., 1993. – 70 бет.
82. Исабаев Қ. Шон би: Роман. – А., 1993. – 9 бет.
83. Мәшһүрлің қырық алты жасында сөйлеген сөзі. Таңдамалы. Екі томдық. – Т.1. – А.: Ғылым, 1990. – 72 бет.

84. Мұқанов С. Халық мұрасы. – А., 1974; Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – А., 1958.
85. «Жылым-қой, жасым бныл жеттіс үште». Таңдамалы: Екі томдық. – Т.1. – А.: Ғылым, 1990. – 140 бет.
86. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғ. басындағы демократ жазушылары.
87. Көпеев М. Таңдамалы: 2-томдық. – Т.1. – А.: Ғылым, 1990.
88. Дәуітов С. М.Ж.Көпеев. // «Қазақстан мектебі» журналы. – 1990. – №2. – 72–73 бет.
89. Божеев М. М.Ж.Көпеев мұралары хақында. // «Жалын» журналы. – 1974. – №3. – 128 бет.
90. «Мәшһүр аты қалай аталғандығы туралы». Таңдамалы. – Т.1. – А.: Ғылым, 1990. – 114 бет.
91. Әбішев Д. Шежіре болған серігі. // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 1983. – 26-шілде.
92. Ақын-жыраулар. – А.: Ғылым, 1979. 83 бет.
93. Қазақ ССР Энциклопедиясы. – Т. 7. – 540 бет.
94. Ақын-жыраулар. – А.: Ғылым, 1979. – 83 бет.
95. Әдеби мұра және оны зерттеу. – А., 1961.
96. Абдуллин М. Діншіл, ұлтшыл М.Көпеев туралы. // «Социалистік Қазақстан» газеті. – 1953. – 26-сәуір.
97. Тәжібаев Ә. Имандылыққа үндетін. // «Социалистік Қазақстан» газеті. – 1991. – 216-қыркүйек.
98. Көпеев М.Ж. Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы. – I-бөлім. – Қазан, 1907. – 3 бет.
99. Көпеев М.Ж. Туысқан бауырларыма бір насихат. // «Айқап» журналы. – 1912. – №7.
100. Сонда. – 123 бет.
101. Ғажайып бір күс заманымызда. «Дала уалаятының газеті». – А., 1989. – 177 бет.
102. Сонда. «Жақсы молда». – 170 бет.
103. «Правда» газеті. – 1940. – №171, 21-маусым.
104. Нсабаев Қ. Ыждағатты ықыластан. // «Қазақ әдебиеті» газеті. – 1988. – 28-қазан.
105. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – А., 1967.
106. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – А., 1967.
107. Кенжебаев Б. С. Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі. – А., 1968.
108. Дүйсенбаев Ы. Сұлтанмахмұт Торайғыров. – А., 1968.
109. Кенжебаев Б. С. Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі. – А., 1968.
110. Дүйсенбаев Ы. С. Торайғыров. – А., 1967. – 100–101 бет.
111. Торайғыров С. Шығармалар. Екі томдық. – Т. 2. – А., 1967. – 200 бет.
112. Торайғыров С. Шығармалар. – Т. 2. – А., 1967. – 204 бет.
113. Қирабаев С. Ж.Аймауытов. – А., 1993. – 12–13 бет.
114. «Айқап». – А., 1995. – 249–250 бет.
115. Бұл мақаланы авторлардың өтініштері бойынша филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Қожақеев дайындап берді.
116. Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – А., 1986. – 103–109 бет.
117. Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – А., 1986. – 117–118 бет.
118. «Жұлдыз» журналы. – 1965. – №11.
119. Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – А., 1986. – 118–119 бет.
120. «Қазақ әдебиеті» газеті. – 1963. – 8-ақпан.
121. Бекхожин Қ. Сері күйші. – А., 1983. – 28 бет.
122. Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – А., 1986. – 8 бет.

123. Қаратаев М., Нұрталин Т., Қирабаев С. Қазақ совет әдебиеті. – А., 1971.
124. Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі. – А., 1958; Очерки истории казахской советской литературы. – М., 1960; Қазақ совет әдебиетінің тарихы. 1–2 кітап. – А., 1967; История казахской литературы: Казахская советская литература. – А., 1971.
125. Ибрагимов Т. Өлең өрісі. Зерттеулер. – А., 1979.
126. Нарымбетов Ә. Қ. Бекхожин творчествосы. – А., 1983.
127. Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. – А., 1971. – 48–49 бет.
128. Бекхожин Қ. Таңдамалы. – А., 1956. – 5 бет.
129. Нарымбетов Ә. Қ. Бекхожин творчествосы. – А., 1983. – 18 бет.
130. Бекхожин Қ. Таңдамалы. – А., 1956. – 40 бет.
131. Бекхожин Қ. Алты Асқар. – А., 1970. – 54–55 бет.
132. Нарымбетов Ә. Қ. Бекхожин творчествосы. – А., 1983. – 33 бет.
133. Бекхожин Қ. Үш кезең. – А., 1962. – 121–122 бет.
134. Бекхожин Қ. Қайран жастық. – А., 1968. – 105–106 бет.
135. Бекхожин Қ. Әппақ-нама. – А., 1974. – 81 бет.
136. Нарымбетов Ә. Қ. Бекхожин творчествосы. – А., 1983. – 64 бет.
137. Бекхожин Қ. Мамырстан. – А., 1970. – 68–69 бет.
138. Бекхожин Қ. Өлең өткелдері. – А., 1986. – 227 бет.
139. Исабаев Қ. Бакытты сәттер. – А., 1989. – 209 бет.
140. Бұл мақала Қ. Бекхожиннің «Өлең өткелдері» (А., 1986) кітабынан алынды.
141. Бұл деректер Д. Әбішевтің «Ой толғау» кітабынан, ал Қ. Байжанов туралы А. Жүбановтың «Замана бұлбұлдары» (А., 1975) еңбегінен алынды. – 349–356 бет.
142. Бұл материал қазақтың халық жазушысы Мұсафар Әлімбаевтың жеке архивінен алынды.

## ҚОСЫМША

*Кітаптың негізгі кейіпкерлерінен басқа Баянауылдан шыққан ауыл-аймақ, облыс, республика көлеміне және алыс – жақын шетелдерге де аты-жөндері айгілі, белгілі адамдардың библиографиялық көрсеткіші.*

*Абаев Хасен Сейітханұлы* 1942 жылы Баянауылда туған. Алматы көркемөнер училищесін және Москва полиграфиялық институтын бітірген. Қазақстанның өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, КСРО Суретшілер Одағы сыйлығының лауреаты.

*Абылайханов Қаптай* ұзақ жылдар Алексеевка совхозының директоры, кейін Баянауыл аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы болған.

*Айдарханов Бүркітбай* 1918 жылы туған. Ғалым-дәрігер. Медицина ғылымдарының докторы, профессор.

*Аймағанов Ергали* 1917 жылы Шақпаш болысы, Баянауыл ауданы, Павлодар облысында туған. 1941–1945 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдары Абай атындағы орта мектептің директоры, облыстың оқу бөлімі бастығының бірінші орынбасары, Екібастұз қалалық партия комитетінің екінші хатшысы, Павлодар электромонтаж техникумының директоры болып қызмет атқарған.

*Айтбақин Әміре Дурманұлы* (1861–1919). Ең алғашқы дипломды дәрігерлердің бірі. Ертіс өңірінде дәріхана ұйымдастырушы. Педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. 1882 жылы Омбыдағы мұғалімдер семинариясын, 1894 жылы Томбы университетінің дәрігерлер факультетін бітірген.

*Ақантаев Болат*. Елге сыйлы азамат. Құрметті демалысқа шыққанға дейін ауылшаруашылығы саласында жүргізуші болып жұмыс істеген.

*Ақәділов Жылбек*. Атақты партизан, Ұлы Отан соғысының және Еңбек ардагері.

*Ақәділова Мая Жылбекқызы*. Қазақ КСР Халық ағарту үлгісі, Павлодар қаласына белгілі ұстаз.

*Аққолова Бәкеш Бикенқызы*. 1929 жылы Баянауылда туған. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі. Қазақстан мұғалімдері 5 съезінің делегаты. Майкайың, Павлодар, Баянауыл мектептерінде ұстаздық еткен.

*Ақтаев Матай* (1916–1996). Ұлы Отан соғысының және Еңбек ардагері. Екі «Қызыл жұлдыз» және екі «Отан соғысы» ордендерінің иегері. Соғыстан соң Біріккен машина-трактор станциясының партия комитетінің хатшысы, кейін «Комсомол» совхозының алғашқы директоры болған.

*Ақтаев Мәлік Матайұлы*. 1954 жылы Баянауылда туған. Барлық өмірі, қызметі облысымыздың денсаулық сақтау ісімен тығыз байланысты. Павлодар, Ақсу қалаларында жауапты қызметтер атқарған.

*Ақшөлақов Мертай Төлеутайұлы*. 1951 жылы туған. ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген. Қазір Алматыда қалалық «Столичная жизнь» газеті редакторының орынбасары.

*Ақшолақов Тәйкен (Мейрам) Төлеутайұлы.* 1947 жылы Германияда туған. ҚазМУ-дің физика-математика факультетін бітірген. Қазір ауылшаруашылық министрлігінде жауапты қызмет атқарады.

*Ақшолақова Сайран Төлеутайқызы.* 1949 жылы туған. ҚазМУ-дің химия факультетін бітірген. Техника ғылымдарының кандидаты. Қазір ҚР ҰҒА-ның металлургия институтында лаборатория меңгерушісі.

*Ақыбаев Рапық.* Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері. Милиция полковнигі.

*Ақышев Әлішер.* Археолог. Тарих ғылымдарының докторы, профессор.

*Ақышев Кемал* (1924–2003). Шорман бидің кенже ұлы – Әужанның немересі, қазақ археологы, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

*Алдабергенов Аян Қырықбайұлы.* 1989 жылы туған. Жазушы. Балаларға арналған екі ертегі кітаптың авторы. Мектеп оқушысы.

*Алдабергенов Жанат Кәрімжанұлы.* Фермер. Ауылшаруашылығының өркендеуіне өзіндік үлес қосып жүрген кәсіпкер.

*Алдабергенов Қайыржан.* 1949 жылы туған. Ауылдың мал шаруашылығының өркендеуіне үлес қосқан зоотехник.

*Алдабергенов Кәрімжан.* 1938 жылы туған. Темірден түйін түйген шебер. Еңбек ардагері.

*Алдабергенов Қырықбай.* 1952 жылы туған. Тарих ғылымдарының докторы, профессор.

*Алдабергенов Мазан* (1901–1989). Соғыс және еңбек ардагері. «Жосаль», «Найзатас», «Төрткүдық» кеніштерінде шахтер болған.

*Алдабергенов Төлепберген.* 1930 жылы туған. Ұзақ жылдар Баянауыл аудандық паспорт бөлімінің бастығы болған. Милиция полковнигі.

*Алдабергенов Шәріп* (1907–1937). Ботбайдың Қызылшілігінде туған. Мектепте мұғалім, ауданда оқу бөлімінің инспекторы болған. 1937 жылы халық жауы ретінде жазықсыз ұсталып, содан хабарсыз кеткен.

*Алдабергенова Гүлнар Қайыржанқызы.* 1971 жылы туған, физика-математика пәнінің мұғалімі.

*Алдабергенова Кулпаш.* Көп балалы ана. Еңбек ардагері.

*Алдабергенова Рымкеш.* Көп балалы ана. Халық арасында сыйлы емші атанған.

*Алдинов Айман.* Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген зоттехник. Октябрьдің 40 жылдығы атындағы совхоздың директоры, кейін аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бастығы болған.

*Алпысбиев Хасен* (1928–1978). Археолог, тарих ғылымдарының кандидаты. Баянауыл ауданының №14 ауылында туған. 1950 жылы Орта Азия Мемлекеттік Университетін бітірген соң Қазақ КСР ҒА-ның тарих, археология және этнография институтының аспирантурасында оқиды. Палеолит дәуірін зерттеп, кейіннен бүкіл әлемге белгілі болған Бөріқазған, Тәңірқазған тұрақтарын ашады.

*Анифин Қаткен қажы.* 1927 жылы туған. Революциядан кейін Баянауыл өңірінен қажылыққа барған тұңғыш қажы. 1956 жылдан Жанділек, Октябрь, Жо-



салы, Большевик орта мектептерінде директор болған. «ҚазССР-нің Халыққа білім беру үздігі» медалімен марапатталған. Қазір Павлодар қаласында тұрады.

*Анафин Қынаш Нұрымұлы.* 1927 жылы 1 шілдеде Баянауыл ауданының С.Торайғыров атындағы совхозының Анафия қарақұдығы ауылында туған. 1943 жылдан бастап ауылда мұғалім болған. 1958 жылы Семейдің педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. 1958 жылдан 1987 жылға дейін Краснокутск (қазіргі Ақтоғай) ауданы, Ново-Троицк (қазіргі Бөгенбай) совхозында орта мектептің директоры болып қызмет істеген. Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі. Үкімет орден, медальдарымен марапатталған. Еңбек ардагері. 2003 жылдың 21 тамызында қайтыс болды.

*Анафин Садық Қуанұлы.* 1931 жылы туған. Заңгер. Павлодар облысының Павлодар аудандық ішкі істер бөлімінің бөлім бастығы болған. Милиция майоры. 1996 жылы қайтыс болды.

*Аппасов Барақ.* 1907 жылы Ботбайдың Қызылшілігінде туған. Ертіс, Қашыр, Краснокутск аудандарында өкімшілік қызметте болған. 1942 жылға дейін қазіргі Ақтоғай ауданының атқару комитетінде бөлім бастығы қызметін атқарған. 1944 жылы Белоруссия майданында взвод командирі, аға лейтенант болып жүргенде ерлікпен қаза тапқан.

*Аппасова Зура.* 1936 жылы туған. Ұзақ жылдар 10 мектепте және С.Торайғыров атындағы балалар кітапханасында кітапханашы болып жемісті еңбек еткен.

*Аппасова Мүгілісім Бараққызы.* 1932 жылы Баянауыл ауданының Қызылшілік ауылында туған. Дәрігер. Алматы медицина институтын 1956 жылы бітірген. Шарбақты ауданында балалар дәрігері, Ақтоғай аудандық ауруханасында, Павлодар облыстық ауруханасында дәрігер. 1966 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутатылығына №16-шы Екібастұз сайлау округі бойынша сайланған.

*Апсаттаров Еділ Айдарханұлы.* 1939 жылы туған. Алматы медицина институтының проректоры, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

*Арынжанов Аманжол.* «Шоптікөл» селолық округінің өкімі.

*Арыстанбеков Бақыт Әйткенұлы.* Жас ұрпақты тәрбиелеуге мол үлес қосып жүрген ұстаз, мұғалім.

*Асанов Сейітқали* (1896–1937). Баянауылда туған. Педагог. Павлодар халық ағарту бөлімінде инспектор болған. 1937 жылы халық жауы ретінде нақақтан айыпталған. 1956 жылы ақталған.

*Асарбекова Сара Мубараққызы.* 1952 жылы Баянауыл ауданының «Бірлік» совхозында туған. Алматы мемлекеттік шеттілдер институтының француз тілі факультетін бітірген. Қазір «Бірлік» орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

*Асқар балуан.* Оның қыстауы Ақбеттаудың іргесі, Торайғыр мен Жасыбай көлдерінің аралығында, Ботбайдың Қызылшілігі деп аталатын бұлақтың маңында орналасқан. Асқар балуан 1921 жылы жазда Екібастұз кеншілер поселкісінде болған Автономия тойында, жасы ұлғайғанына қарамастан, күреске түсіп, бас-бөйгені жеңіп алған.

*Ахаева Дәмет.* Баянауыл ауданының «Тендік» ауылында 1943 жылы туған. Шопан. 1975 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кенесінің депутаты болған. «Еңбек Қызыл Ту» орденінің иегері.

*Ахмадиев Қымбат Қатетұлы.* Қызылтау селолық округінің әкімі.

*Ахметов Кенжетай.* Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мұғалім. Ұстаз.

*Ахметов Хамит.* Ұлы Отан соғысының және Еңбек ардагері. Ел экономикасының өркендеуіне мол үлес қосқан жан.

*Ахметова Гүлназ Кенжетайқызы.* Педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

*Ахметова Үміт Хамитқызы.* Экономист, Павлодардағы экономика және қаржы институтының бас бухгалтері.

*Ашитова Қарашай Ахметқызы.* 1946 жылы Баянауыл ауданының 40 жылдық совхозында туған. Қазір С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің орыс филологиясы кафедрасында аға оқытушы.

*Әбдіков Қаратай Жәкенұлы.* 1934 жылы Баянауыл ауданының №17 ауылында туған. Малдәрігері. 1948 жылы облыстық ауылшаруашылығы мектебін бітірген. Сондай-ақ, 1955 жылы Павлодар малдәрігерлік техникумын, 1972 жылы Семей зооветеринарлық институтын аяқтаған. Павлодар аудандық ауылшаруашылығы басқармасында, «Заря» совхозында малдәрігері, «Шақат» совхозының директоры қызметін атқарған.

*Әбдіразақов Талғат Әбдірахманұлы.* 1920 жылы Баянауыл ауданының «Жаңа-жол» ауылында туған. Экономика ғылымдарының докторы, профессор. 1947 жылы Қарағанды мұғалімдер институтын, 1961 жылы Москвадағы қоғамдық ғылымдар Академиясының аспирантурасын бітірген. Қарағанды облыстық партия комитетінде, Гурьев қалалық партия комитетінде қызмет атқарған. Сондай-ақ, Қарағанды кооператив институтының ректоры, ҚарГУ-дың профессоры болған.

*Әбдірахманов Теміртас.* «Жаңа-төлеу» селолық округінің әкімі.

*Әбдірахманова Шаматай.* Көптеген жылдар Баянауыл аудандық партия комитетінің аппаратында қызмет атқарған елге сұлу жан.

*Әбдікәрімов Нұрахмет.* Мал дәрігері. Ауданда мал басының көбеюіне атсалысқан ауылшаруашылығының белсенді қызметкері.

*Әбдіхалықова Фаридә Жаперқызы (1927–1992).* Баянауылда туған. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері. 1949 жылы Омбы мемлекеттік медицина институтын бітірген. Павлодар облыстық денсаулық бөлімін басқарған. Облыстың бас дәрігері болған.

*Әбенев Болатбай Жантілеуұлы.* Милиция полковнигі. 1947 жылы Баянауыл ауданының Қарағандыөзек ауылында туған. Қазір Екібастұз қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы.

*Әбусейітова Меруерт Қуатқызы.* 1951 жылы туған. Тарих ғылымдарының докторы, профессор. 1974 жылы ҚАЗМУ-дің тарих факультетін бітірген. Қазір ҚР ҰҒА-ның Шығыстану институтының директоры.

*Әбушәріпов Сағындық*. 1942 жылы туған. Егіндібұлақ ауылының Мұздықұдық фермасында. Ауылшаруашылығына еңбек сіңірген малшы.

*Әбікеев Мауия* (1900–1985). Баянауыл ауданының Белағаш ауылында туған. Республика көлемінде белгілі аңшы. Бүркіт ұстап, аңшылық құрған. Қазір оның ісін баласы Босағи Әбікеев одан әрі жалғастыруда.

*Әбілдин Шайхы* (1918–1986). Баянауыл ауданының «Тендік» ауылында туған. Қазақ ССР халық ағарту ісінің үздігі. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі.

*Әбілқасов Бөкен*. Ұзақ жылдар аудан мектептерінде мұғалім, одан соң Баянауыл аудандық «Жеңіс» газетінде жауапты хатшы болған.

*Әбілтаев Ертай*. Баянауылда туған. Қазақ халқының мақтан тұтар, белгілі әншісі.

*Әбілтаев Жақып* (1910–1982). Актер, режиссер. Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген артист.

*Әбілшіпов Қалкен Шәкенұлы* (1913–1980). Актер. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген артисі.

*Әбішев Сатынбек* (1882–1953). Баянауылда туған. Социалистік еңбек ері. Ұлы Отан соғысы жылдарында техника жасау үшін майданға қаражат бөлген. Соғыстан кейінгі жылдары шопан болған.

*Әбілханов Алпысбек*. «Бірлік» совхозында ұзақ уақыт директор болып, шаруашылықты өркендетуге мол үлес қосқан елеулі азамат.

*Әлдебекова Тынышбала Әкімбекқызы*. Көптеген жылдар медбике болып ауылдастарының денсаулығының мықты болуына үлес қосқан ақ халатты абзал жан.

*Әлдебекұлы Әкімбек* (1833–1886). Әкімбекке дейін Күлік елі өз алдына жеке болыс бола алмай, орманшы-күлік болысына қараған елі. Әкімбектің арқасында күлік жұртшылығы Қызылтау болысын құрып, оған өзі болыс болып сайланғанынан соң, өле-өлгенше ешбір адам онымен болыстыққа таласпаған.

*Әлжанов Белгібай Қазіулы*. Ауылға сыйлы азамат. Ауылшаруашылығын өркендетуге көп үлес қосқан. Еңбек озаты, жүргізуші.

*Әлкебаев Әли*. Ширек ғасырға жуық Қ.Сәтбаев атындағы совхоздың директоры болып жемісті қызмет атқарған. Ауылдастарының алғысына бөленген жан.

*Әліков Рахымберді Жақияұлы*. Баянауылда 1919 жылы туған. Педагог, Қазақ КСР Білім беру және халық ағарту ісінің үздігі. Павлодар қаласының құрметті азаматы. Ұлы Отан соғысының ардагері. Майқайың, Тобылжан, Екібастұз, Павлодар қалаларының мектептерінде ұстаздық еткен.

*Әлімбаев Арнұр Мұзафарұлы*. 1956 жылы туған. Алматы энергетика институтын бітірген. Мамамдығы бойынша жұмыс істейді. (Балалары Әсет, Жанат).

*Әлімбаев Әлмұқан*. Ауылшаруашылығын өркендетуге мол үлес қосқан. Көптеген жылдар егін бригадасының бригадирі, бөлімше басқарушысы болған.

*Әлімбаев Баламер Мұзафарұлы*. 1959 жылы туған. Алматының архитектура құрылыс Академиясын бітірген. Сәулетші. (Балалары Бахтияр, Балнұр).

*Әлімбаев Егінбай Әлмұқанұлы*. Фермер. Ауылшаруашылығының оркендеуіне белсене ат салысып жүрген белгілі азаматтардың бірі.

*Әлімбаев Жаннұр Мұзафарұлы*. 1957 жылы туған. Ленинградтың Репин атындағы Көркемөнер Академиясын бітірген. Мүсінші. Алматыдағы. «Ғасыр бесігі» деп аталатын шағын мүсіндер мұражайының авторы. (Балалары Ая, Әсел).

*Әмір-Темірұлы Асфандияр* (1894–1971). 1918 жылы Омбының ауылшаруашылығы институтын бітірген соң отырықшылыққа көшу, егін өсіру мәселесіне байланысты ғылыми жұмыспен айналысады. Бірақ, бай баласы ретінде 1935–1939 жылдары соттың шешімінеіз түрмеде ұстап, одан кейін бес жылға соттайды. Түрмеден 1941–1943 жылдары босап, Алматыға келіп жұмыс істейді.

*Әміров Қапар*. 1917 жылы Ботбайдың Қызылшілігінде туған. Петропавл педагогикалық институтын, Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері.

*Әміров Уақит*. Мектеп директоры болған, елге сыйлы азамат.

*Әндіржанов Манат* (1921–2002). Баянауылда туған. Педагог. КСРО және Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздігі. Ұлы Отан соғысының ардагері. Куйбышев, Краснокутск аудандарының мектептерінде директор болған. Краснокутск аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары міндетін атқарған.

*Әпсаттаров Айдархан*. 1914 жылы Баянауыл ауданының Қызылтау ауылында туған. Хирург. Медицина ғылымдарының кандидаты, доцент. Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген дәрігері. Ұлы Отан соғысының ардагері.

*Әрімбетов Әшім*. 1923 жылы Баянауыл ауданының №19 ауылында туған. Халыққа білім беру ісінің үздігі. Шідерті, Екібастұз қалаларының мектептерінде ұзақ жылдар бойы директор болған.

*Әубәкіров Қабыкен Әбілғазыұлы*. 1938 жылы Баянауылда туған. Ұзақ жылдар С.Торайғыров атындағы совхозда директор, одан соң Баянауыл аудандық ауылшаруашылық басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет істеген.

*Әуезов Марат Нәжімеденұлы*. Майкайың селосының әкімі.

*Әуелбаев Ыбырай*. Баянауыл ауданы халқына танымал өрімші-ұста. Аттың әбзел-сайманын одан артық жасайтын алам болмаған.

*Әужанұлы Әмір-Темір* (1866–1895). Ақан серінің «Жігіттің падишасы Әмір-Темір» деп басталатын «Майда қоныр» әні осы кісіге арналған.

*Әулетов Мейрам Тілекенұлы* (1965–1996). Баянауыл ауданының Александровка совхозында туған. Заң қызметкері. Аға лейтенант.

*Әшімбетов Кемер Қожахметұлы* (1935–1993). Баянауылда туған. Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты. Лебяжье ауданының 23 партсъезі атындағы совхоздың директоры, Павлодар совхозтехникумының іргетасын қалаушы әрі директоры, Шарбақты аудандық атқару комитетінің төрағасы, Павлодар аудандық партия комитетінің хатшысы «Тұранбанк өндірісі» бөлімінің бастығы болған.

*Бабасев Қылыш*. Ауылшаруашылығы ғылымдарының алғашқы кандидаты. Республикада аграрлық шаруашылықтың ірге тасын қалаушылардың бірі.

*Баженов Қайырбек.* «Жандулымы» кейін «Большевику» колхоздарының председатели болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында майданға 100 мың сом көмек берген.

*Байділдін Сайлау.* Совхоз директоры болған, елге сыйлы азамат.

*Байжанов Қазі.* Көптеген жылдар Шымкентте «Южгазэнерго» басқармасында бастықтың орынбасары болып жұмыс істеген.

*Байжанов Қани.* Жосалы совхозының бас инженері, одан соң Баянауыл аудандық ауылшаруашылығы басқармасының бас инженері қызметін атқарған.

*Байжанов Қауи Мырзабекулы* (1914–1973). Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан кейін Баянауылда мұғалім, Ермак қаласында ішкі істер бөлімінде, Баянауыл ауданының «Большевик» колхозының председатели, аудандық тұтынушылар одағының бастығы болған.

*Байжанова Ғалия.* Баянауыл аудандық ауруханасының гинеколог-дәрігері.

*Байшин Мүрсәл.* Қандықарасу ауылында мектеп директоры болған елге сыйлы жан.

*Бакенов Мұхтар Мұқашұлы.* Геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор. Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі.

*Балабеков Бісмітә* (1901–1979). Баянауыл ауданының Ақши ауылында туған. Халық әншісі. Ол өз әкесі Балабек Ержанов, сондай-ақ атақты әнші композиторлар Жаяу Мұса, Майра әншілерден сабақ алған.

*Барлыбаев Хатият Хабибұлы* (1922–1991). Павлодар облысына қарасты, Баянауыл ауданының №3 ауылында туған. Қоғам қайраткері. 1941 жылы Пермь қаласында Молотов атындағы әскери ұшқыштар училищесін бітірген, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1955 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің журналистика факультетін бітірген. 1952–1954 жылдары ККП Алматы облыстық комитетінде, 1954–1959 жылдары Қазақстан КПОК-де қызмет атқарған. Республика мәдениет министрлігінің орынбасары, басқарма бастығы болған.

*Барлыбаева Рымжан* (1878–1969). Баянауылда туған. Колонер шебері. Қазақтың ұлттық оюы «қопқар мүйіз» салумен айналысқан. 1926 жылы Парижде өткен көрмеде өз өнерімен дүниежүзіне танылады.

*Баткеев Бақытбек Тілеубайұлы.* Инженер-механик. Кәсіпкер.

*Баткеев Марат Тілеубайұлы.* Фермер. Малшаруашылығының оркендеуіне үлес қосып жүрген кәсіпкер.

*Баткеев Тілеубай.* Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген мұғалімі. Соғыс және еңбек ардагері.

*Баткеева Бақыт Тілеубайқызы.* Физология ғылымдарының кандидаты, доцент.

*Баткеева Нарзангүл Тілеубайқызы.* Ұстаз, әдіскер-психолог.

*Баткеева Шәмшат Тілеубайқызы.* Заңгер. Павлодар қаласы транспорт прокуратура басқармасының аға көмекшісі.

*Баязитов Несіпбек* (1919–1943) Баянауыл ауданының Егінорбұлақ ауылында туған. Опера әншісі, музыкант. Абай атындағы опера және балет театрының басты әншісі болған. 1942 жылы әскерге шақырылған. Ол қазақтың халық әндері «Баянауыл», «Сулқо», Жаяу Мұсаның «Сұрша кыз» әндерін шырқаған. Ал оның үлкен ағасы Иген Баязитов болса Майрамен «Қоңды» жәрменкесінде өнер көрсеткен.

*Баязитов Сүлеймен.* Мал дәрігері, педагог, журналист, ақын.

*Баяндын Нугман Ыбырайұлы* (1912–1991). Баянауыл ауданының «Беріктас» ауылында туған. Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. Қазақтың ауылшаруашылығы институтында, Қазақтың қыздар институтында, Абай атындағы педагогикалық институттарында түрлі қызметтер атқарған.

*Бәкіров Самат Смағұлұлы.* 1925 жылы Баянауыл ауданының «Қызылтау» болысында туған. Милиция генерал-майоры. Ұлы Отан соғысының ардагері. Май, Екібастұз, Павлодар ішкі істер бөлімдерінде ұзақ жылдар қызмет еткен.

*Бейсембаев Серікбай.* Тарих ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ ССР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі.

*Бейсенбеков Қайыртас Мұхитұлы.* Күрметті еңбек демалысына шыққанша шаруашылықтың өркендеуіне мол үлес қосқан ауыл-аймаққа белгілі механизатор.

*Бейсенбекова Гүлжан Ныгметқызы.* 1959 жылы туған. 1981 жылы Павлодар пединститутын бітірген. Қазір қаладағы №35 мектептің оқу ісінің меңгерушісі.

*Бекжанов Ғинаят Рахметоллаұлы.* 1927 жылы Баянауыл ауданының №3 ауылында туған. Геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор. КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

*Бектұров Әбікен.* Техника ғылымдарының докторы, профессор. Ұлттық Ғылым Академиясының академигі.

*Бектұров Есен Әбікенұлы.* 1931 жылы туған. Химия ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі.

*Бектурганова Бақытгүл.* КарМУ-дің биология факультетін бітірген. Бар өмірін жас ұрпақты тәрбиелеуге арнаған үлгілі ұстаз.

*Бекхожин Ерлан Қалижанұлы.* «Мир» телевизиялық кенішінің Қазақстандағы басшысы, белгілі публицист, журналист.

*Бекхожин Мәлік Қайыржанұлы.* Тарихшы, ұстаз, ғалым.

*Бекхожина Зайдахан.* Ақын ақын Қалижан Бекхожиннің зайыбы. Өнер қайраткері, публицист.

*Бекхожина Мирас Қалижанқызы.* Талдықорғанда Алматы облыстық әкімшілігінің бас маманы.

*Беляев Андрей Андреевич.* 1938 жылы Баянауылда туған. Экономика ғылымдарының кандидаты. «Валлет-Транзит» финанстық өнеркәсіп Ассоциациясының президенті.

*Бердібеков Бекен.* «Молотов» совхозының бастығы болған. Ауылшаруашылығының өркендеуіне ерекше үлес қосқан адам.

*Берназарова Қаншайым Исабайқызы.* Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі.

*Бисенбаев Айткен.* С.Торайғыров атындағы совхоздың селолық советінің төрағасы болып жұмыс істеген.

*Бисенова Нұрипа Бисенқызы.* 1949 жылы Баянауылдың «Бірлік» совхозында туған. Семей медицина институтының педиатрлық факультетін бітірген. Шарбақты аудандық ауруханасының бас дәрігері. 1982–1984 жылдары Семей мемлекеттік медицина институтының орденатурасын бітірген соң Павлодардағы

дәрігерлік мамандығын жетілдіру институтына оқытушы болған. Кейін Павлодарда құрылған «Салзатты өмір салтын құру орталығының» бас дәрігері. 1999 жылдан облыстық сәбилер үйінің бас дәрігері. Сондай-ақ, Алматыдағы мемлекеттік қыздар институтының педагогика-психология факультетін де бітірген.

**Ботайұлы Қусман** (19 ғасырда өмір сүрген атбегі), Ботбайдың Қызылшілігінде туып өскен. Ол талай бөйгелерде Қарқаралы, Кереку, Баян өңірінде ешкімге дөс бермеген Тайбурышы өлгенде

Енесін алып едім айдап келген,  
Тайбурыл сонда ішінде бірге келген.  
Құлаш мойын, бұрыдымы-ай.  
Кереку, Қарқаралы-бұл Баянға,

*Шығып еді атың сенің Абылайдай, – деп жыр арнаған екен.*

**Болысбеков Мейрам Ақтайұлы**, 1959 жылы туған. Қазтелекомда 1977 жылдан бастап электромонтер болып жұмыс істейді. Еңбек ардагері.

**Боранбайұлы Алтыс**, Шамамен 1800–1870 жылдары өмір сүрген. Есімі Арқаға тараған әйгілі балуан, алып күш иесі. Баянауыл дуанының түйе балуаны ретінде қараөткелдегі Бақкерей асында бас жүлденеі жеңіп алған.

**Ботбай**, 19 ғасыр ру басы, би болған алаш.

**Боштайұлы Қусайын** (1832–1905), Ел билеуші болған.

**Бурашевский Григорий Артемович**, Баянауыл совхозының директоры, одан соң аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген, елге сыйлы азамат.

**Білалов Бақыт Діншеұлы**, Геология - минерология ғылымдарының кандидаты, профессор, Қарағанды политехникалық институты геология кафедрасының меңгерушісі.

**Білалов Зекең**, 21-партсъезд атындағы совхозда жұмысшылар кәсіподағының бастығы, директордың орынбасары болып көп жылдар жемісті еңбек еткен.

**Білалова Бақыт Қашкенқылы**, 1952 жылы Баянауыл ауданының «Бірлік» совхозында туған. Қазақ мемлекеттік қыздар институтының математика-физика факультетін бітірген. ҚР Халық ағарту ісінң үздігі. «Бірлік» орта мектебінң директоры.

**Демеуов Бәкір Саматұлы**, 1959 жылы Баянауыл ауданы «Жосалты» ауылында туған. Алматы халық шаруашылығы институтын экономист мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын Баянауыл ауданында қаржы бөлімінің аға экономисті болып бастады. Ұзақ жылдар Павлодар облысының қаржы және салық органдарында қызмет етті. Қаржы бақылау комитетінің Павлодар облысы бойынша басқармасының бастығы, Павлодар қаласы қаржы басқармасының бастығы, Павлодар облысы әкімінің орынбасары болды. Қазір Павлодар қаласының әкімі.

**Доненбаев Жолдасбек**, Ұзақ жылдар аудандық дайындыу бөлімінің бастығы болып, ауылшаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан жан.

**Дуабеков Темірхан**, 1937 жылы Баянауыл ауданының Торайғыр би ауылында туған. 1992 жылдан Қазақстан Республкасы Ішкі істер министрлігіне қарасты Қарағанды жоғары милиция мектебін басқарады. Әскери атағы генерал-майор.

*Дүйсекеев Жұман.* Сан мәрте селолық, аудандық Кеңестің депутаты болып, ел мен жердің көркейюіне еңбек етіп келе жатқан ел азаматы.

*Дүйсекеев Қасеп.* Аудан көлеміне белгілі жылқышы болған. Елге сыйлы азамат.

*Дүйсекеев Токен.* Бөлімше басқарушысы болып, ауылшаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан жан.

*Дүйсенбеков Зайролла.* Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. 1937 жылы Баянауыл қаласында туған.

*Дүйсенбеков Қайрат Ғалымұлы.* Қазақстан Ішкі істер министрлігінің құрметті қызметкері, милиция генерал-майоры. Баянауыл ауданының Жамбыл колхозында 1940 жылы туған. 1964 жылы ҚазГУ-дің филология факультетін қызыл дипломға бітірген. Одан соң Павлодар облысының Ішкі істер басқармасында, Қазақ ССР Ішкі істер министрлігінің 5-ші басқармасының бастығы болады. 1980 жылы Қарағандыдағы милиция жоғарғы мектебін бітіреді. Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарының Ішкі істер басқармасының бастығы болған.

*Дүйсенбеков Ойрат Рахметұлы.* 1943 жылы Баянауыл қаласында туған. 1966 жылы Семей автокөлік техникумын бітірген соң Совет Армиясы қатарында қызмет атқарған. Одан соң 1969 жылы Май ауданының Ішкі істер бөлімінің бөлім меңгерушісі болды. 1975 жылы ҚазГУ-дің заң факультетін бітіреді. 1977 жылы республика Ішкі істер басқармасы БХСС бөлімі бастығының орынбасары болып тағайындалды. Ішкі істер министрлігінің құрметті қызметкері, милиция генерал-майоры.

*Дүйсенов Айтмағамбет (1895–1980).* «40-жылдық» совхозында туған. Ұлы Отан соғысы кезінде Қарағандыда шахтер болған.

*Ерботин Есентай (1940–1992).* Балалар ақыны. Қарағанда мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Павлодар облыстық теледидар және радиохабары жөніндегі комитетте, республикалық казак радиосының Павлодар облысындағы меншікті тілшісі болып ұзақ жылдар қызмет атқарған.

*Ержанов Балабек (1860–1938).* Баянауыл ауданының «Ақши» ауылында туған. Халық әншісі, домбырашы. 1932–1933 жылдары Қарағанда облыстық радиокомитеті өнер бөлімінің меңгерушісі әрі әншісі болған. 1934 жылы Халық таланттары республикалық байқауының жеңімпазы атанған.

*Ержанов Жақан Сүлейменұлы.* 1922 жылы туған. Қазақтың тұлғыш механигі. Техника ғылымдарының докторы, профессор. Ұлттық Ғылым Академиясының академигі.

*Елтеева Ақбілек Сембіқызы.* Бастауыш сынып оқытушысы, Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздігі.

*Елубаев Түскен.* «Бірлік» ауылының құрметті ақсақалдарының бірі. Ел экономикасының өсуіне мол үлес қосқан жан.

*Енсебаев Мұқатай.* Ұзақ жылдар шаруашылық басшысы болып қызмет істеген абыройлы азамат.

*Жағыпаров Аманкелді Қажкенұлы.* 1942 жылы Ботбайдың Қызылшілігінде



туған. Мамандығы құрылысшы-инженер. Павлодар химия заводында цех бастығы болып жұмыс істейді.

**Жакенов Әбіл.** 1920 жылы «Қандықарасу» ауылында туған. Аты аудан көлеміне мәлім ұста. Ұлы Отан соғысының және Еңбек ардагері.

**Жакенов Ныгмет.** Баянауыл ауданының «Жаңатадан», «40-жылдық» колхоздарында 1935–1954 жылдары басшылық қызметтерде болған, аудан шаруашылығын көркейтуге мол үлес қосқан азамат.

**Жакенов Төлеген Көшербайұлы.** 1948 жылы Баянауыл қаласында туған. 1972 жылы Павлодар индустриальды институтының инженер-құрылысшы, технолог факультетін бітірген. 1973 жылдан Ұлттық қауіпсіздік комитетінде Желқазған, Павлодар қалаларында қызмет атқарған. 1995 жылдан АОЗТ «Алтельдир» Павлодар бөлімшесінің директоры.

**Жакенова Рымкеш Айткенқызы.** Бастауыш мектеп мұғалімі. Семейдің педагогикалық институтын бітірген.

**Жақабатырулы Жанак** (1768–1835). Басқа адамдардың ықтияр-ырқып баурап, мінез-құлсын, болмысын өзгертетін ерекше қасиетті кісі, әсерлі өріс (гипноз) иесі. Туған жері-әулиеді Қызылтаудың баурайы. Ел ішінде ол әулие Жанак, көреген Жанақ, Доғал оқты Жанак, қаһарлы Жанақ атанған.

**Жақыпов Қажырахым** (1908–1966). «Төрткүдық», «Найзатас» кен орындарын ашып, басқарған адам. Ұлы Отан соғысының ардагері.

**Жақыпов Тұрсынжан** алдымен «Жосалы» совхозының директоры, кейіннен Баянауыл ауданының ауылшаруашылығы басқармасының бастығы болған.

**Жақышев Мұхтар** (1895–1937). Баянауылда туған. «Екібастұз» совхозының толық емес орталау мектебінің директоры. 1937 жылы «салық жауы» ретінде ұсталып, атылған. 1956 жылы ақталған.

**Жалелов Зейнолла** (1914–1998). Баянауыл ауданының №9 ауылында туған. Қзақ КСР қауіпсіздік комитетінің полковнигі. 1935 жылы Ленинградтағы Бүкілодақтық стандарттық өлшеу институтын бітірген. Өз мамандығы бойынша Алматы, Семей, Петропавлда қызмет істеген. 1942 жылы қауіпсіздік комитетіне жұмысқа ауысқан.

**Жаманқараұлы Дүйсен** (1815–1895). Қаржас руынан. Ерекше күш иесі болған. Баянауылда «Дүйсеннің тастары» деген үлкен кара тастар бар.

**Жандосов Жұманбек.** 1915 жылы Баянауыл ауданының «Қызылтау» ауылында туған. Философия ғылымдарының докторы, профессор. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1940 жылы ҚазМУ-дің физика-математика факультетін бітірген. Қарағанды, Алматы облыстық партия комитеттерінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан КП Орталық Комитетінде басшы қызметтерде болған.

**Жансұров Бүркіт Аманұлы.** Аудандық мәслихаттың депутаты.

**Жанқотыұлы Төлебай батыр** (1638–1756). Айдабол жұртының бірлігін сақтаушы, халық жасағын бастаушылардың бірі.

**Жантөміров Мұхамметқали Қинаятұлы.** 1947 жылы Баянауылда туған. КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің полковнигі. 1980 жылы Қазак политехникалық институтын бітірген.

*Жантөміров Мұхаметқали Қинаятулы*. 1947 жылы Баянауыл қаласында туған. 1970 жылы Қазақ политехникалық институтының гидрогеология факультетін бітірген. Павлодар қаласында комсомол, партия қызметтерінде болған. 1974 жылдан Мемлекеттік қауыпсіздік комитетінде қызмет істеген. Әскери шені запастағы полковник.

*Жантөміров Файзолла Имантақұлы* (1899–1978). Баянауылда туған. Семей губерниясында Кеңес үкіметін орнатушылардың бірі. 1918–1927 жылдары Семей губерниясының кеңес, партия ұйымдарында, 1928–1930 жылдары Қазақ КСР-інің Москвадағы өкілдігінде жауапты хатшы болған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан кейін Қазақ КСР Ауылшаруашылық министрлігінде жұмыс істеген.

*Жаңабатыр би* (1740–1835). Тоқсаннан асса да өзінің әділдігімен, ақылдығымен Сүйіндік руының қадірлі ақсақалы болған адам.

*Жапалақ би* – Күлік руының биі, шешен.

*Жермеузов Жұбай Теміржанұлы*. 1925 жылы Ботбайдың Қытылшілігінде туған. 1986 жылы қайтыс болған. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1952 жылы Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Май ауданының атқару комитетінде жауапты хатшы, одан соң аудандық газеттің редакторы болып қызмет істеген. 1960 жылдан өмірің соңына дейін Краснокутск, Баянауыл аудандарында басшылық қызметтерде болған.

*Жиенбаев Жазкен Тайшықұлы* (1914–1988). Баянауылда туған. Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. 1940 жылы Омбы ауылшаруашылығы институтын бітірген. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1946–1978 жылдары ВАСХНИЛ-дың республикалық өсімдіктерді қорғау станциясының бөлім меңгерушісі болған.

*Жолданов Жүнісбек* (1895–1983). Баянауыл ауданының «Қарашы» ауылында туған. Ақын-жыршы. 1966 жылы «Жазушы» баспасынан «Ойлар», 1969 жылы «Өрендерге өнеге» деген жыр өлеңдері шыққан.

*Жумабаев Мүсәпір*. 1928 жылы Баянауылда туған. Ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор. 1959 жылы Семей малдәрігерлік институтын бітірген. 1959–1960 жылдары «Александровка» совхозының бөлімшесінде зоотехник, 1960–1962 жылдары «Березовский» совхозының бас зоотехнигі, 1961–1968 жылдары Баянауыл мемлекеттік мал асылдапдыру станциясының аға зоотехнигі, 1968–1997 жылдары Қазақ мал шаруашылығы институтында түрлі қызметкер атқарған.

*Жумабеков Әбілқайыр Әндарұлы*. С.Торайғыров атындағы селозық округтің әкімі.

*Жумабеков Әндар*. Ауданда мал шаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан белгілі зоотехник.

*Жуматаев Саябек* аудан көлеміне белгілі жүргізуші. Кезінде ол туралы аудандық «Жеңіс» газетінің бетінде «Трассаның тарланы» деген мақала шыққан.

*Жузбасов Қайролла*. 1941 жылы Баянауыл ауданының Майқайың поселке-



*Кенжебаев Бәкір* (1891–1966). Кенші. 1942 жылы Майқайың поселкелік советінің төрағасы болған. Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің 1938, 1947, 1951 жылдардағы депутаты.

*Кенжекеев Мұқатай*, С.Торайғыров атындағы совхоздың директоры болған.

*Кенжеқанов Балта Жокенұлы*. «Лекер» селолық округінің әкімі.

*Кісентаев Әнуарбек Кісентайұлы*. «Қаратомар» селолық округінің әкімі.

*Кузиков Алмас Сайтұлы*. 1956 жылы туған. Қарағанды мемлекеттік университетін және Шымкент мәдениет институтын бітірген. Қазір Павлодар облыстық сотында қызмет істейді.

*Кузиков Асхат Сәйпісұлы*. 1950 жылы Баянауылда туған. Ташкент электротехникалық байланыс институтын бітірген. Өз саласы бойынша Баянауылда, Павлодарда түрлі қызметтерде болған. 2000-жылдан Павлодар байланыс жүйесінің бас директоры.

*Күләшов Тайжан*. Көптеген жылдар бойы аудандың партия комитетінде бөлім бастығы болып қызмет атқарған, сыйлы адам.

*Күленов Сәлемхат*. Республика өнеркәсібін дамытуға зор еңбек сіңірген ардагер.

*Күленова Загира*. Қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы парашютист.

*Күнтуұлы Жанайдар*. XVIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген, жұрт аузында жақсы Жанайдар атанған ділмәр, шешен.

*Күркенов Таңат*. Мал шаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан ауыл-шаруашылығының үздік қызметкері.

*Қабанұлы Әмір*. Шамамен 1810–1875 жылдары өмір сүрген. Сөз талқыр, шешен адам болған.

*Қабашев Сансызбай*. «Торайғыр» ауылының «Шоң би» атындағы мешіттің имамы.

*Қабылбекұлы Иманберді*. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдан басында өмір сүрген. 1916 жылы Қызылтау болысының басшысы болып сайланған.

*Қадырбеков Нұрдос Мұханұлы*. 1972 жылы туған. 1995 жылы Асфендияров атындағы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген. Медицина ғылымдарының кандидаты. Қазір ҚР Денсаулық сақтау министрлігінде қызмет істейді.

*Қадыров Садық* (1902–1976). Заң қызметкері. Баянауыл, Краснокутскі аудандарында жұмыс істеген.

*Қаждарова Раиса Сембіқызы*. 1969 жылы Павлодар педагогикалық институтын орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша бітірген. Қазір Павлодардағы Ы.Алтынсарин атындағы 3 қазақ мектеп интернатының ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі меңгерушісі. Еңбек ардагері. 1989 жылы Қазақ ССР халыққа білім беру үздігі атағы берілген.

*Қазыханов Бәкір*. 1913 жылы Баянауыл ауданының «Жапажол» ауылында туған. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі. 1943-жылы ҚазПИ-дің химия-биология факультетін бітірген. «Шөптікөл» мектеп интернатында, Баянауыл орта мектебінде директор болған. 1966 жылы Ленин орденімен марапатталған.

*Қайыпов Арықтай* (1914–1993). Баянауыл ауданының 3 ауылында туған. Геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ҰҒА-ның академигі. ҚР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер.

*Қайыпов Мәлік Арықтайұлы*. 1956 жылы туған. Техника ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі. 1990 жылы жас ғалымдардың алтын медалімен марапатталған.

*Қайырбаев Амантай*. Ауылшаруашылығының оркендеуіне мол үлес қосқан. Ұзақ жылдар бойы бригадир болған.

*Қалықов Серікбай*. Тоқсанның бесеуіне келген қадірлі ақсақал. «Төрткүдық» руднигіпде, кейіннен «Бірлік» ауылында басшылық қызметте болған елге сыйлы азамат.

*Қалышбеков Мұрат Бекенұлы*. 1976 жылы Павлодар индустриалды институтын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша аяқтаған. Қазір Павлодар облысы бойынша әлеуметтік сақтау және тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз ету департаментінің бастығы.

*Қалышбеков Талғат Маратұлы*. «Қаныш Сәтпаев» атындағы селолық округтың әкімі.

*Қанжығалин Марат Ғабдоллаұлы*. 1962 жылы Баянауылда туған. 1984–1990 жылдары Семей медицина институтында оқыған. 1990 жылдан Павлодардың 1 қалалық ауруханасында дәрігер, 1997 жылдан күйіктен емдеу бөлімшесінің меңгерушісі. Павлодар облысы денсаулық сақтау департаментінің штаттан тыс маманы.

*Қаңтарбаев Аманкелді*. 1939 жылы туған. Екібастұз ауданының «Отарқа» газетінің редакторы, ақын.

*Қапбасов Бауыржан Қайроллаұлы*. 1958 жылы туған. Әскери шені-майор. Ұзақ жылдар бойы Қиыр Шығыс әскери округінде батальон командирі болған. Қазір С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің әскери кафедрасының аға оқытушысы.

*Қапбасов Болат Қайроллаұлы*. 1964 жылы туған. Әскери шені-подполковник. Қызылжар қаласындағы әскери училище бастығының орынбасары.

*Қапбасов Қайролла Қайдарұлы*. 1925 жылы Баянауыл ауданының Қызылтауының «Бөлағаш» аулында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Полковник. 1–2 дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері. Сібір әскери округінде дивизия командирінің орынбасары болған.

*Қапбасов Қанат Қайроллаұлы*. 1952 жылы туған. ҚР Қорғаныс министрлігінде басқарма бастығының орынбасары. Әскери шені-полковник.

*Қапесов Нұрмұқан*. 1928 жылы Баянауыл ауданында туған. Ғалым. Философия ғылымдарының докторы, профессор. 1951 жылы Алматы Мемлекеттік заң институтының, 1962 жылы СОКП-ның жанындағы жоғары партия мектебін бітірген.

*Қарағызов Қайрат*. Селолық кеңестің хатшысы болған.

*Қарекин Болат*. Селолық кеңестің хатшысы болған.

*Қасымов Қамар* (1893–1966). Музыка аспабын жасаушы шебер. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері.

*Қасимова Балқия*. 1948 жылы Баянауылдың «Қызылтауында» туған. Филология ғылымдарының докторы, профессор. 1968 жылы Павлодар педагогикалық училищесін, 1974 жылы Абай атындағы қазақ педагогикалық институтын бітірген. Қазір С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі.

*Қатаинов Болтан*. Шаруашылық есепшісі болған.

*Қожабергенов Сәбиқолла Төлеуұлы*. 1936 жылы туған. Облыс шаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан. Бригадир, ферма және бөлімше басшысы болып ұзақ қызмет атқарған.

*Қожанов Мұхтар*. Екібастұз қаласындағы 2 мектептің оқу ісін меңгерушісі, С.Торайғыров атындағы орта мектепте математикадан сабақ берген елге елеулі мұғалім.

*Қожахметов Қабдыш* (1911–1942). Баянауылда туған. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың немере інісі, Шаймардан Торайғыровтың туған інісі. 1935–1937 жылдары Көкшетау қаласында прокурор болған. 1937–1942 жылдары Павлодар облыстық сотында қызмет істеген. Майданға өз еркімен сұранып кеткен. Содан хабарсыз кеткен. Балалары Мақпуза, Еркін, Заря бәрі де зейнеткерлер. Павлодар қаласында тұрады.

*Қоңқашибаев Ғали* (1903–1986). Баянауылда туған. География ғылымдарының кандидаты. Ұлы Отан соғысының ардагері. Орта Азия Мемлекеттік университетін және Қазақ педагогикалық институтын бітірген. 1946 жылдан жаңадан құрылған Қазақ ҰҒА-да жұмыс істейді. ЖЕНПИ-де, ҚазПИ-де студенттерге ұзақ жылдар дәріс оқыған.

*Қосатулы Торсықбай* (1794–1860). Баянауыл ауданы ашылғаннан бастап 17 жыл Күлік бөлімшесінің басшысы болған.

*Қошпеев Ғабдолла*. Алашорда қайраткері, педагог.

*Құспеков Смағұл* (1917–1996). Баянауылда туған. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген құрылысшысы. Ұлы Отан соғысының ардагері. Екібастұз стансасының теміржол құрылысы басқармасының бригадирі болған.

*Құтбаев Ғазиз*. Көптеген жылдар бойы аудандық судья болып жұмыс істеген.

*Құттыбайұлы Жапар* (1828–1908). Баянауылда туған. Ақын, әнші, домбырашы, қобызшы. Сарыарқаның атақты ақындары Қожабек, Ажар, Торсыбайлармен айтысқа түскен.

*Мағұлов Манас*. Полковник, әскери адам.

*Мадиян Иман Барғанұлы*. 1915 жылы туған. 1940 жылы ҚазПИ-ді бітірген. 1952–1977 жылдары сонда аға оқытушы, доцент, проректор болған. Профессор. Кейін ЖЕНПИ-дің кафедра меңгерушісі болған.

*Мазанов Қуат Кәрімжанұлы*. Жеке кәсіпкер. Ауыл шаруашылығының өркендеуіне үлес қосып жүрген жас.

*Макаренко Григорий Маркович*. С.Торайғыров атындағы совхозда партком хатшысы болған.

*Макин Теміршот* (1905–1994), Баянауыл ауданының Қызылтау ауылында туған. Ұлы Отан соғысы ардагері. «Сталин атындағы колхозшы» бастығы, «Егіндібұлақ» бөлімшесінің басқарушысы болған. «Еңбек Қызыл Ту», «Күрмет белгісі», «Октябрь революциясы» ордендерімен марапатталған.

*Макина Күлкен Мәлғаждарқызы* (1923–1997). Педагог. Көп жылдар бойы Павлодардағы №3 интернат-пансионның директоры болған.

*Мақанов Заркен*. Баянауылда астық қабылдайтын элеватордың директоры болған.

*Малкелдіұлы Секірбай*. 1811 жылы туған. 1833 жылдан Баянауыл сырқы округінде лауазымды қызметте болып, есаул, хорунжий, сотник шендерін алған.

*Малшыбайұлы Боржай (Тілеуберген)*. Шамамен 1865–1931 жылдары өмір сүрген. Қазақ еліне ылаң салған қызылдардың зорлығына ұшыраған. Бар кінәсі-би болғандығы.

*Мамытбеков Қайырбек*. 1921 жылы Баянауылда туған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Баянауыл, Лебяжі аудандарында ішкі істер бөлімінде қызмет істеген. Медиция полковнигі.

*Манаев Ерсултан*. Елімізге белгілі кәсіпкер.

*Мананбаев Жеңіс Исаұлы*. Павлодар облысындағы ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының бастығы, журналист, публицист.

*Машанұлы Мұқан молла* (1854–1924). Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, хатқа түсіруші ақын, шәкірт оқытқан молла, оның ішінде Сұлтанмахмұтқа да дәріс берген.

*Маширапов Бектуар Қабыкенұлы*. 1946 жылы туған. 1976 жылы Қарағанды медицина институтының неврология факультетін бітірген. Сондай-ақ, белгілі публицист, жазушы.

*Маширапов Бота*. 1952 жылы туған. Алматы театр және көркемөнер институтын бітірген. Қазақстан Суретшілер Одағының мүшесі. Чехов ескерткішінің, Павлодар мен Баянауылда туған соғысына қатысқандарға қойылған ескерткіштің және Көпеш мұражайының, Айдабол Сары батыр кесенелерінің авторы.

*Маширапов Құдайберген* (1907–1997). Семей педагогика институтының филология факультетін бітірген. Соғысқа дейін Шарбақты ауданындағы «Жаңа ауыл» мектебінің ірге тасын қаласты. Алғашқы директорларының бірі болған. Одан соң совет, партия қызметтерінде болған. 1947–1952 жылдары «Қызыл әскер» орта мектебін басқарған. 1954–1975 жылдары қайтадан Шарбақты ауданының «Жаңа жол» мектебінің директоры болады. Көптеген медалдармен «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған. КСРО және Қазақ КСР Халыққа білім беру ісінің үздігі.

*Маширапов Майдан Құдайбергенұлы*. 1945 жылы туған. Павлодар индустриалды институтының механика-технология факультетін бітірген. Қазір Павлодар трактор заводы механикалық цехының бастығы.

*Маширапов Нариман Құдайбергенұлы*. 1937 жылы туған. Семей педагогика институтының математика факультетін бітірген. Математика ғылымдарының кандидаты, ПМУ-дің профессоры.

*Маширапов Нұрлан*. 1956 жылы туған. Павлодар индустриалды институтының энергетика факультетін бітірген. Қазір орта және кіші бизнесті қолдау Ассоциациясының директоры.

*Маширапов Хивас*. 1953 жылы туған Павлодар индустриалды институтының энергетика факультетін бітірген. Қазір ПАУ-да басқарма бастығы.

*Маширапов Шота Қабыкеноұлы*. 1939 жылы туған. Қарағанды Мемлекеттік Университетінің физика-математика факультетін бітірген. Евней Букетовтың басшылығымен химия-металлургия институтында ғылыми қызметтер атқарған. Көптеген ғылыми монографиялардың авторы.

*Маширапова Алмагүл Құдайбергенқызы*. 1948 жылы туған Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мұғалім.

*Маширапова Ғайнет-Хаят Жүкпенқызы* (1917–2002). Тарихшы ұстаз. Қазақ КСР Халыққа білім беру ісінің үздігі.

*Маширапова Қарлығаш* (1936–2001). Қарағанды медицина институтынан терапия факультетін бітірген. Баянауыл аудандық ауруханасында жұмыс істеген. Бос уақытында шежіре жинаған.

*Маширапова Роза Құдайбергенқызы*. 1942 жылы туған. Павлодар қаласының №4 емханасында терапевт-дәрігер болған. Қазір құрметті демалыста.

*Маширанұлы Қабыкен*. 1907 жылы Баянауыл ауданы, Ақбеттау болымына қарасты №3 (12) ауылында туған. Соғысқа қатысқан. Қарқаралы педучилесесін бітірген. Соғыстан кейін облыстық атқару комитетінде жауапты қызметте болған. Павлодар педучилесесінде дәріс берген. Шежіреші.

*Мәлғажидаров Мақсұт*. С.Торайғыров атындағы совхозда партком хатшысы болған. Еңбек ардагері.

*Мәукеұлы Сақау* (1798–1875). ХІХ ғасырдағы қазақ ақындық өнерінің өкілі, белгілі айтыс ақыны.

*Мейірманұлы Алысай*. 1850–1920 жылдары өмір сүрген. Ділмөр, би болған.

*Молдатаев Еділ Әкішұлы*. 1926 жылы туған. Тіл білімі маманы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1955–1960 жылдары Алматы шет тілдер институтының неміс тілі факультетінде оқыды. Кейін осы өзі бітірген институтта оқытушы, кафедра меңгерушісі, декан болып қызмет атқарады.

*Молишин Қапар*. Сары батыр бабамызға ескерткіш орнатуға мұрындық болған ауыл басшыларының бірі.

*Молишин Марат Жаңабайұлы*. 1946 жылы Баянауылда туған 1969 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын, 1979 жылы Алматы Жоғары партия мектебін бітірген. Қазір Павлодар облысы жер ресурстарын бақылау және қорғау департаментінің бастығы.

*Мусин Серік Мазанұлы*. Баянауыл ауданының орталығындағы Қ.И. Сәтпаев атындағы мұражайдың директоры.

*Мұқасев Төлеген*. Баянауыл аудандық газетінде, Қазақ Энциклопедиясында қызмет істеген белгілі ақын, аудармашы.



*Мұқанов Сабыр.* «Ұлыбұлаю» селодық округінің әкімі.

*Мұқатов Жақсыбай Нұрғалиұлы* (1951–1999). Баянауыл ауданы, «Егінді-бұлақ» ауылында туып өскен. Еңбек жолының шірек ғасырын озат механизаторлыққа арнаған. Сондай-ақ, облыс көлеміне белгілі ауылшаруашылығы қызметкері, шонан болған. Облыстық «Қызыл Ту» газетінде еңбек жолы жайлы біраз мәліметтер жарық көрген.

*Мұқашев Серік.* С.Торайғыров атындағы қазақ орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, мектеп директоры болып қызмет істеген.

Әкелі-балалы *Мұрат, Асығат, Жомарт Мұсабаевтар.* Белгілі шахтерлер.

*Мұсабеков Қабиден Әкімбекұлы.* 1924 жылы Баянауылда туған. Қазақ КСР-інің ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1942 Тамбов әскери-жаяу әскер училищесін бітірген. 1953 жылы Бүкілодақтық Тамақ өнеркәсібі институтын, 1976 жылы ауылшаруашылығын басқарудың жоғары мектебін бітірген. Ақтоғай, Ертіс аудандарында, Павлодар қаласында басшылық қызметтерде болған.

*Мұхамеджанов Тәшім Асанұлы.* 1923 жылы Торайғыр би ауылында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Педагог, Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген мұғалім.

*Мүлкібаев Бейсенбек Боранбайұлы* (1942–1984). Алматының зоотехникалық – малдәрігерлік институтын бітірген соң өмірінің соңына дейін Баянауыл ауданының 40 жылдық совхозында, Павлодар ауданының Ямышев совхозында бас мал дәрігер болып жұмыс істеген. Жұбайы Байжанова Әсия Қалиқызы.

*Мүлкібаев Боранбай.* Ұлы Отан соғысы жылдарында Павлодар ауданында одан кейін селолық кеңестің төрағасы болып қызмет атқарған.

*Мүлкібаева Нүркеш Боранбайқызы* (1929–2002). Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген кітапханашы. 30 жылдан астам «Заря» совхозының «Карл Маркс» ауылында кітапханашы болып жемісті қызмет атқарған.

*Мырзақұлұлы Сәти.* XVIII ғасырда өмір сүрген ру басы. Шорманның әкесі.

*Нухұлы Алтыбек.* Химия ғылымдарының докторы, профессор. «Валют-транзит банкінің» Қарағанды экономика және қаржы жеке меншік институтының ректоры.

*Нүргөжин Жасқайрат.* С.Торайғыров атындағы селодық округ әкімінің хатшысы.

*Нүргөжин Масғұт.* С.Торайғыров атындағы совхозда жұмысшылар комитетінің төрағасы болған.

*Нүргөжина Мәркен.* Ұзақ жылдар С.Торайғыров атындағы орта мектепте биология пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарған.

*Нұржанов Самат Әбішұлы* (1898–1945) Баянауылда туған. Ақын, әдебиетші. Алғашқы өлеңдері «Айқап» журналында жарияланған. Тұңғыш «Еңбек» деп аталатын жыр жинағы 1933 жылы жарық көрген. «Социалды Қазақстан» газеті мен «Әдебиет майданы» журналында қызмет істеген.

*Нұрмұхамедов Нағымбек Жамаләдинұлы.* 1924 жылы туған. Кескіндемеші.

Қазақ КСР-інің халық суретшісі, Өнертану ғылымының кандидаты, «Еңбек данқы ерлер» топтамасы үшін 1978 жылы оған Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілген.

*Нұрпейісов Серік Жұмағұлұлы*. 1953 жылы «Жосалы» ауылында туған. Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтын экономист мамандығы бойынша бітірген. Қазір «Бірлік» селолық округінің әкімі.

*Нұрымов Қинаш* (1927–2003). Мұғалім. Семей педагогикалық институтының тарих факультетін бітірген. «Бөгембай батыр» ауылында 25 жыл мектеп директоры болған. Қазақ КСР Халыққа Білім беру ісінің үздігі.

*Нұрымов Сүтжан Қинашұлы*. 1971 жылы Павлодар педагогикалық институтын, 1986 жылы Семей педагогикалық институтын бітірген. Мамандығы тарихшы. Қазір Павлодар қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы №3 қазақ гимназия интернатында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары. ҚР Халыққа Білім беру ісінің үздігі.

*Омаров Аманкелді*. 1938 жылы туған. Педагог, ақын.

*Омаров Зекеп*. Баянауылда, Жосалыда, Александровкада мектеп директоры болған.

*Омаров Кендірбай*. Соғыс және Еңбек ардагері. Ауылдың сыйлы азаматы болған. Кен орындарында шахтада жұмыс істеген.

*Омарова Роза Әміржанқызы*. 1953 жылы Баянауыл ауданының «Майкайың» кенішінде туған. Химия ғылымдарының докторы, профессор. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің кафедра меңгерушісі.

*Оңаев Ибраһим Әбілғазыұлы*. 1913 жылы Баянауыл қаласында туған. Техника ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері. 1941 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтын бітірген.

*Опабеков Нағман*. Ағаштан түйін түйген шебер. Балтаны.

*Опабеков Сайлау Нағманұлы*. «Ақсан» селолық округінің әкімі.

*Опабеков Тұрағасын*. Ауыл шаруашылығының өркендеуіне үлес қосқан механизатор.

*Оразғұлов Титан* (1908–2001). Баянауыл ауданы, «Егіндібұлақ» ауылында (бұрынғы Сталин колхозы) туған. 15 жасынан еңбекке араласып, 1939 жылы колхозға мүше болып кірген. Алғашқы еңбек жолын колхозшы-малшы, бригадир, жылқышы болып бастаған Титан Оразғұлов 1972 жылы зейнеткерлікке шыққан. Осы уақыт аралығында ол екі мәрте Ленин, Еңбек Қызыл Ту орденімен, ВДНХ-нің алтын, күміс, қола медальдарымен марапатталған. Қазақ ССР-інің ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қызметкері, есімі Қазақ ССР-інің құрметті Алтын кітабына жазылған.

*Оралбаева Нұржамал*. 1928 жылы туған. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР-інің ғылымына еңбек сіңірген қайраткер. 1990–1991 жылдары ҚазПИ-дің проректоры болған.

*Оспанов Хабиболла Қусайынулы*. 1932 жылы туған. Химия ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнертапқышы. Ұзақ жылдар әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде кафедра меңгерушісі болып қызмет істейді.

*Оспанова Бәриқа.* Баянауыл аудандық партия комитетінде әйелдер бөлімін басқарған. 3-ші хатшы болған.

*Отаев Жанат.* 1951 жылы туған. Әнші, актер.

*Отарбаев Аллажар.* (1913–1948). Милиция аға лейтенанты. Баянауыл ауданының №1 ауылының тумасы. Семізбұғы кенішінде, 1932–1934 жылдары «Екібастұз» совхозында өрт сөндіру бөлімінің бастығы болған. Ұлы Отан соғысына қатысқан.

*Өскенбаев Базыкен* (1847–1938). Баянауылда туған. 1899 жылы Омбының Орталық фельдшерлік мектебін бітірген. 1900–1909 жылдары Екібастұз кенішінде фельдшер болады. 1926–1929 жылдары Павлодар дәріханасының бастығы. Кейін уездік денсаулық сақтау бөлімінің бастығы.

*Рахимов Қайролла Дүйсенбайұлы.* 1948 жылы Баянауылда туған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Жаңа дәрілерді сынақтан өткізу орталығының директоры. 1972 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтын бітірген.

*Рахматулина Рахима.* 1924 жылы Баянауыл ауданының «Киров» колхозында туған. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі. Ұлы Отан соғысы жылдарында Баянауыл ауданы комсомол комитетінің нұсқаушысы болған. Соғыстан кейінгі жылдары Қашыр, Ертіс аудандарының орта мектептерінде ұстаздың қызмет атқарған.

*Рахметов Болат Дүйсембайұлы.* «Баянауыл» селолық округінің әкімі.

*Рахметов Мұрат Дүйсембайұлы.* Баянауылдағы гуманитарлық-экономикалық колледждің директоры.

*Рахымжанов Жапар.* Ауыл шаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан, елге сыйлы азамат.

*Рахымжанов Хисмет Абдурахитұлы.* 1925 жылы Баянауыл ауданының №14 ауылында (Бірлік) туған. Аға заңгер. 1946 жылы Алматы мемлекеттік заң институтына түскен. Оны бітірген соң 1950 жылы Павлодар облысына қызметке жіберілген. Ақсу, Май, Лебяжі аудандарының прокуроры болған. Ал, 1977–1990 жылдары облыс әкімшілігінің аппаратында жұмыс істеген.

*Сабданбеков Әбләш Сабданбекұлы.* 1932 жылы Баянауыл ауданындағы Сартау деген жерде дүниеге келген. Соғыс және еңбек ардагері. 13 жасында тылдағы еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Көптеген жылдар мал дәрігері болып қызмет атқарған.

*Сағынаев Сатыбалды.* 1924 жылы Баянауылда туған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Бір үйден ағайынды төрт жігіт – Елубай, Кәрімжан, Бақи Отан қорғауға қатысқан. Сатыбалдының өзі 1951 жылы ҚазГУ-дің тарих факультетін бітірген. Содан 20 жыл қатарынан Павлодар облыстық кәсіподақтар комитетінің төрағасы болып қызмет атқарған. Қазір құрметті демалыста.

*Сағынов Әліқас.* 1915 жылы туған. Днепронетровск кен институтын бітірген. 1940–1951 жылдары Қарағанды көмір шахталары мен трестерінде басшылық қызметте болған. Техника ғылымдарының докторы, профессор. ҚР ҰҒА-ның академигі.

*Сағынов Зәркеш Бекімулы.* 1933 жылы туған. Ғалым, физик. Техника ғылым-

дарының докторы, профессор. Көп жылдар бойы қазақ энергетика ғылыми зерттеу институтында қызмет атқарған.

*Садығұлов Сейсенбек.* 1907 жылы туған. Аудандағы алғашқы комсомол жетекшілерінің бірі болған. Баянауыл аудандық тұтынушылар одағының бастығы, кейіннен Шалдай аудандық тұтынушылар одағының бастығы қызметін атқарған.

*Садықов Файзолла.* Ауыл шаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан агроном.

*Садықова Кәмила Жұматайқызы.* 1945 жылы туған. Әкесі Жұматай Мақалұлы, шешесі Рәбиға Қабдоллақызы Баянауылдың «Жақып балуан» ауылының тумалары. Кәміле Жұматайқызы 1964 жылы Павлодар педагогикалық училищесін, 1973 жылы ҚазМУ-дің тарих факультетін бітірген. 1976 жылдан Павлодар педагогикалық институтында аға оқытушы, бүгінде С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің доценті.

*Сапабеков Садық Сапабекұлы.* Ұлы Отан соғысының ардагері. Ақын.

*Сапариянов Сырым Қалиоллаұлы.* 1968 жылы туған. Мамандығы бухгалтер-экономист.

*Сартаев Орал.* Белгілі кәсіпкер.

*Сары батыр.* XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген рубасы, батыр.

*Сәлкен Ермек Өміртайұлы.* 1970 жылы туған. Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын бітірген. Қазір қозғалмайтын мүліктерді тіркеу басқармасында (БТИ) бас маман.

*Сәрсенбаев Сұлтан* (1927–2003). Қазақ ССР Мелиорация және су шаруашылығының министрі болған.

*Сәтбаева Қанша Қанышқызы.* 1921 жылы туған. Физиолог-ғалым. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. 1943 жылы қазақ медицина институтын бітірген. 1981 жылға дейін сол институтта әртүрлі қызметтер атқарған.

*Сәтбаева Райхан Әбікейқызы* (1912–1984). Баянауыл ауданының «Айрық» ауылында туған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Ұлы Отан соғысының ардагері. 1935 жылы Ташкентте Орта Азия мемлекеттік медицина институтын бітірген. Қазақ медицина институтында ұзақ жылдар қызмет атқарған.

*Сейсембеков Балтабай Бекжанұлы.* (1928–1998). Баянауыл ауданының «Қызылөскер» колхозында туған. Қазақ ССР-інің мәдениетіне еңбек сіңірген қызметкер. ҚазГУ-ді, Жоғары партия мектебін бітірген. Баянауыл аудандық, Павлодар облыстық газеттерінің редакторы болған. 1988–1993 жылдары Г.Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры қызметін атқарған.

*Сейтен мен Тайжан.* Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің батырлары. Баянауылдың әйгілі байы Ақмырзаұлы Азынабайдың балалары. Әскери сот 1839 жылдың 8 желтоқсанында Сейтенді Сібір каторгасына жер аудару жөнінде үкім шығарады. Ал, Тайжан болса 1839 жылы ұсталып, Ақмолада атылады. Балашағасы Сібірге жер аударылады.

*Сейфуллин Мұбарак.* «Күркелі» селозық округінің әкімі.

*Сейітов Асылбек Жұманұлы* (1894–1938). Қазақтың алғашқы дипломды

дәрігері. Томбы медицина Университетін бітірген. 1919–1922 жылдары Баянауылда дәрігер болған. 1922 жылдан Семейдің облыстық денсаулық сақтау бөлімін басқарған.

*Сейітов Қаттал*. Шахтер болған, елдің құрметті ақсақалы аталған.

*Сейітов Ләскер*. Белгілі диктор. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген артисі.

*Сексен батыр*. XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында өмір сүрген. Жоңғар қалмақтарымен соғыста ерлікпен көлге түскен батырлардың бірі.

*Сембаев Ербол Қабыкешұлы*. (1971–1994). Жол полициясының инспекторы болған. Ерлікпен қаза тапқан.

*Серікбаев Рахымтай*. «Құрмет белгісі» орденінің иегері. Ауыл шаруашылығының үздік қызметкері.

*Серікбаев Рахымтай*. Математика пәнінің мұғалімі. Белгілі ұстаз.

*Серікбаева Нағима Рахымтайқызы*. С. Торайғыров атындағы мұражайдың директоры.

*Сиранов Кабыш* (1914–1978). Киносценарист. Кино тарихшысы, өнертану ғылымдарының кандидаты. 1942 жылы ВГИК-тің киносценарий факультетін бітірген. 1961–1976 жылдары ҚР ҰҒА-ның М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында театр және кино бөлімінің аға ғылыми қызметкері болып жұмыс істеген.

*Смағұлов Қайыр*. 1938 жылы туған. Павлодар алюминий заводының іргетасын қаласқан алғашқы қазақ инженерлерінің бірі.

*Смағұлов Қапар Бегімұлы*. Торайғыр совхозының алғашқы директоры.

*Смағұлова Әлпеш*. Еңбек ардагері. Көп балалы ана.

*Смайылов Қабжан*. 1952 жылы «Бірлік» совхозында туған. Ауыл шаруашылығының өркендеуіне үлес қосқан механизатор.

*Солтанбаев Жұман*. Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мұғалім. Көп жылдар мектеп директоры болған. Математик.

*Солтанбаев Зекебай*. 1931 жылы Баянауыл ауданының №2 ауылы «Баспіндік» атамекенінде туған. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің маманы. СССР және Қазақ ССР оқу-ағарту ісінің үздік қызметкері. Ы. Алтынсарин медалінің иегері. Ақыл.

*Сороченко Владимир Михайлович*. 1956 жылы туған. 1990 жылы Семей маадәгерлік институтын, 2001 жылы Павлодар университетін бітірген. Қазір облыстық өкімшілік аппаратында ұйымдастыру-тексеру бөлімінің инспекторы болып жұмыс істейді.

*Субекова Бақытбала Қуанышқызы*. 1928 жылы Баянауылда туған. Қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мұғалім. Қазақстан жастарының I-ші фестивалінің лауреаты. Абай атындағы ҚазПИ-ді бітірген. Екібастұз, Баянауыл, Май аудандарының мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған. 1978–1997 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы №3 қазақ мектеп-гимназиясында мұғалім болған.

*Сүбханбердин Нұрлан Сәлкенұлы*. «Қазкоммерцбанкінің» төрағасы.

*Сұлтаналин Жүніс*. Қазақ ССР ауыл шаруашылығының үздік қызметкері.

*Сұлтаналин Сүңгат*. Қазақ ССР Ішкі істер Министрінің үздік қызметкері.

*Сұлтаналин Нағым*. Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген құрметті орман шаруашы-

лығы қызметкері. Баянауыл орман шаруашылығында жарты ғасырға жуық орманшы болып жұмыс істеген ел мен жерге еңбегі сіңген азамат.

*Сұханбердин Сәлкен Хасенұлы.* Фармацевтика саласының маманы. Медицина ғылымдарының кандидаты, жазушы болған.

*Сүлейменұлы Бисембек* (1908–2000). Баянауыл ауданының «Жаяу Мұса» ауылында туған. Өлкетанушы, тарихшы, бата шығарушы. Ұлы Отан соғысының ардагері. Соғыстан соң Александровка кенішінде, Павлодартүз кәсіпорнында, Алюминий заводында жұмыс істеген. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаған. Арғын руларының шежіресін құрған. Бірқататар әдеби және прозалық еңбектердің авторы.

*Сүтжанов Мағауия Бикенұлы.* 1921 жылы Баянауылда туған. 1939 жылы Алматы медицина институтына түскен. Ұлы Отан соғысының ардагері. 30 жылдан астам әскери дала госпиталында басты хирург болып жұмыс істейді. Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген дәрігері. Әскери шені-полковник.

*Сүтжанов Назымбек.* 1907 жылы Баянауыл ауданының №14 ауылында туған. Республикаға еңбегі сіңген заң қызметкері. 1936–1940 жылдары Алматы заң институтында оқыған. 1940–1980 жылдары Павлодар облысында адвокат болып жұмыс істеген.

*Сыздықов Амангазы Аушахманұлы.* 1954 жылы туған. 1986 жылы Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, 1994 жылы Е.А. Букетов атындағы Қарағанда мемлекеттік университетін бітірген. Қазір Павлодар заң колледжінің бастығы болып жұмыс істейді.

*Сыздықов Балтабай Сәкенұлы.* Баянауыл ауданы әкімінің орынбасары.

*Сыздықов Зейнолла.* СССР спорт шебері. Балуан.

*Сыздықов Қайрат.* Карт мұғалім. Қазақ тілі мен әдебиетінің маманы.

*Сыздықов Қайыртас Қайратұлы.* С.Торайғыров атындағы орта мектептің директоры.

*Сыздықов Мәлік Күлдібайұлы.* Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетін бітірген. С.Торайғыров атындағы орта мектептің мұғалімі.

*Тастен Әділханұлы Дыбысбек.* 1925 жылы Баянауыл ауданының «Үштөбе» ауылында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері. Әскери шені полковник. Көптеген жылдар мемлекеттік Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде түрлі қызметтер атқарған.

*Таукенова Ләзат Жумаиқызы.* С.Торайғыров атындағы ПМУ-дің аға оқытушысы. Математик.

*Әкелі-балалы Жумаи, Халел, Ныгмет, Асқар Таукеновтар.* Белгілі шахтёрлер.

*Тәуенов Бақыт.* Шарбақты ауданында қызмет істейді. Аудандық банкінің бастығы.

*Тәуенова Роза.* Ұстаз. Ұзақ жылдар мектепте мұғалім болған. Қазір құрметті демалыста.

*Тогандықов Жабай* (1889–1978). Баянауылда туған. Әнші. Қазақ ССР-інің халық артисі. 1932 жылдан өмірінің соңына дейін Қарағанды облыстық раднокомитетінің әншісі болған. 100-ден астам халық әндерін орындаған.

*Тогымбетов Өміртай Салкенұлы.* 1941 жылы туған. Павлодар теміржолында одан соң көптеген жылдар «Октябрь» заводында жұмыс істеген. Еңбек ардагері.

*Тогымбетов Салкен.* (1898–1955) Баянауыл совхозында туған. (Әйелі Ақым Болысбекқызы). Апаршылық жылдары Павлодар қаласына көшіп келген. Соғыс және Еңбек ардагері.

*Тогымбетова Айгүл Өміртайқызы.* 1972 жылы туған. Қазақ мемлекеттік заң Академиясын бітірген. Алдымен әлеуметтік қорғау министрлігінде бас маман, қазір Павлодар қалалық сотында судья болып қызмет атқарады.

*Тогымбетова Тиышты Салкенқызы.* 1945 жылы туған. ҚазМУ-дің заң факультетін бітірген. Павлодар қалалық, облыстық сотында қызмет істеген. Қазір ҚР Жоғарғы сотының судьясы. «Күрмет» орденінің иегері.

*Тогымбетова Ырымтай Салкенқызы.* 1936 жылы туған. Қарағанды медицина институтын бітірген. Терапевт-дәрігер. Қазір құрметті демалыста.

*Торайғыров Мұрат Шаймарданұлы.* 1945 жылы туған. 1969 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің география факультетін бітірген. Көптеген жылдар Павлодар облысында ағарту саласында қызмет атқарған. Павлодар құрылыс-монтаж техникумында оқытушы, облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының әдістемелік кабинетінің меңгерушісі. Ал, 1985 жылдан Павлодар ауданы әкімшілігі аппаратының ұйымдастыру-бақыдау бөлімінің меңгерушісі.

*Торайғыров Шаймардан* (1898–1971). Педагог, ойы үшқыр қаламгер. 1927–1932 жылдарда Орта Азия Университетінің педагогика факультетін бітірген. Орта мектептерде, педагогикалық училищелерде ұстаздық етумен бірге «Олжабай батыр», «Баян» атты дастандар жазған қарымды қаламгер. 1928 жылдан бастап облыстық, республикалық баспасөзде белсенді тілші ретінде көрінген.

*Торгаев Марат.* Зоотехник-селекционер. С.Торайғыров атындағы және «Қарасуық» совхоздарында малдәрігері болып қызмет атқарған.

*Торгаев Смағұл.* Баянауыл ауданында ұзақ жылдар тұраі партия қызметтерін атқарған елге сыйлы адам.

*Төлегенов Мубарак Жаибосынулы* (1921–2002). Баянауыл ауданының №3 ауылында туған. Семейдің педагогикалық институтын тарих мамандығы бойынша бітірген. 1949–1953 жылдары Лебяжі орта мектебінің директоры, 1957–1981 жылдары Павлодар қаласындағы Абай атындағы №10 мектептің директоры болған. Еңбек ардагері, Қазақ ССР халыққа білім беру ісінің үздігі.

*Төлегенов Нұркен.* 1932 жылы Баянауыл ауданының «Ленин» колхозында туған. 1955 жылы Алматы мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын бітірген. 1960–1975 жылдары Лебяжі совхозының директоры, 1975–1982 жылдары Павлодар аудандық ауылшаруашылығы өнімдерін сатып алу және сапалылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторы болған. «Еңбек Қызыл Ту» және «Күрмет белгісі» ордендерінің иесі.

*Төлеубеков Капен.* 1936 жылы Баянауыл ауданының «Ленин» колхозында туған. Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылығы институтын агроном мамандығы

бойынша бітірген. «Александровка», «Жаңажол», «XXI партсъезд» совхоздарында бас аграрном, директор қызметтерін атқарған. Соңғы жылдары «Жосалы» совхозының директоры болған.

*Төремұратов Жұмай Шалабайұлы.* Тарихшы, мұғалім.

*Тұманбаев Өтеубай.* Ұлы Отан соғысының ардагері. 85 жастағы ауыл ақсақалы. Ұзақ жылдар шопан болып жұмыс істеген.

*Тұмарбеков Ахмет* (1923–2002). Баянауылда туған, Милиция генерал-майоры, СССР ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1944 жылы Ленинград әскери-саяси училищесін, 1954 жылы ҚазПИ-ді бітірген.

*Тұмарбеков Мұрат Ахметұлы.* Милиция генералы. Павлодар облысының ішкі істер басқармасының бастығы.

*Түргұлықов Байкен.* Аудандық азық-түлік дайындау кеңесінің бастығы болған. Ұлы Отан соғысы кезінде майданға техника дайындау үшін 100 мың теңге бөлген.

*Тұрсынбайдың Боштайы.* 1805–1842 жылдары өмір сүрген. Айдабол руының старшыны болған.

*Түсіпбаева Меруерт.* Ж.Шанин атындағы ауылда туып өскен. Қазақтың талантты әнші қызы.

*Түсіпбеков Сапар.* 1936 жылы туған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. 1960 жылы Қарағанды медицина институтын бітірген. Көптеген жылдар Қазақ КСР ҒА-ның еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар институтында қызмет атқарған.

*Тілеубаев Қайыр.* Ауылшаруашылығын өркендетуге мол үлес қосқан атақты механизатор.

*Тілеубаев Төлеген.* «Жаңажол» селолық округінің әкімі.

*Усманов Файзолла.* Ауданда милиция бастығы, аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі болып ұзақ жылдар жемісті қызмет атқарған.

*Усманова Галина.* Аудан ауруханасында дәрігер, Денсаулық сақтау саласында көп жылдар жұмыс істеген.

*Үкібай би.* XVII ғасырда Баянауылдың «Қарашоқы» деген жерінде өмір сүрген, ел билеген көріпкел би.

*Үсенов Әзімхан.* «Жаңажолда» 1938 жылдан 1954 жылға дейін колхоз председателі болып жұмыс істеген, елге абыройлы жан.

*Шағалин Молиша.* Алғашқы бесжылдықтың ардагері. Колхоз басшысы. 1937 жылы Москвада өткен колхозшылар съезіне қатысып «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

*Шаймарданов Тәжібай Рахметоллаұлы.* 1928 жылы «Саркняк» ауылында туған. ҚазПИ-дің тарих факультетін 1950 жылы бітірген. 1988 жылы «Мектепті басқару мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған.

*Шаймарданов Сәкен.* 1925 жылы Баянауылда туған. Ұлы Отан соғысының және Еңбек ардагері. Майдандағы ерліктері үшін «Жауынгерлік Қызыл Ту», «Қызыл



Жұлдыз», «Отан соғысының 1 және 2 дәрежелі» ордендерімен марапатталған. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін және Алматыда Қазақ мемлекеттік баспасында, Көкшетауда облыстық «Степной маяк» газетінде қызмет атқарды. 1972 жылдан 1985 жылға дейін Павлодар аудандық «Нива» газетінің редакторы болды. Қазір құрметті демалыста.

**Шаймерденов Әнуар Қармысулы.** 1914 жылы Баянауыл ауданының «Қызылтау» ауылында туған. Актер, режиссер. Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген артист.

**Шаймерденов Несіпбек Рахметоллаұлы.** 1935 жылы Баянауыл ауданының «Сарықияю» ауылында туған. Геология-минерология ғылымдарының кандидаты. 1958 жыл Қазақ тау-кен институтын бітірген. 1959–1966 жылдары Павлодарда жаңадан құрылған гидрогеологиялық экспедицияның бас гидрологы, одан соң Целиноград, Семей, Солтүстік Қазақстанның гидрогеологиялық трестінде бас инженер болып жұмыс істейді.

**Шайхин Болған.** 78 жастағы ел ақсақалы. Ұзақ жылдар бойы Баянауыл аудандық қаржы бөлімінің бастығы, одан кейін аудандық атқару комитетінің, селолық басқармасының төрағасы болған.

**Шакимова Бакеш.** 1928 жылы Баянауыл ауданының №12 ауылында туған. Ревмотолог, медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР Жоғары мектебінің еңбек сіңірген қызметкері. 1951 жылы Алматы Мемлекеттік медицина институтының аспирантурасын бітірген.

**Шалбаев Шәкірат.** Аудан, облыс көлеміне белгілі журналист, публицист. Ұзақ жылдар Баянауыл аудандық «Жеңіс» қазіргі «Баянтау» газетінің редакторы.

**Шанин Ақын Тұрғынбайұлы (1893–1986).** Баянауыл ауданының «Желтау» ауылында туған. Актер. Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген артист.

**Шанин Атығай Құрманбайұлы (1905–1986).** Баянауыл ауданының №5 ауылында туған. Актер, режиссер, драматург. Қазақ КСР-інің мәдениетіне еңбек сіңірген қызметкер.

**Шанин Қасымхан.** Қазақ КСР-іне еңбек сіңірген артист, өнер қайраткері.

**Шарипов Әди (1914–1989).** Баянауыл ауданының №14 ауылында туған. Қазақ КСР-інің Еңбек сіңірген шахтері, Ұлы Отан соғысының ардагері.

**Шарипов Марат.** 1942 жылы Баянауыл ауданының «Ақпін» ауылында туған. Химия ғылымдарының докторы, профессор. 1969 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген.

**Шәйкентегі Ғизат (1912–1987).** Еңбек және соғыс ардагері. 40 жыл ұстаздық қызмет атқарған абыройлы жан.

**Шәкенов Болат.** Екібастұз қалалық полициясында қызмет істейді. Милиция подполковнигі.

**Шәкенов Шаймардан Болатұлы.** Павлодар қалалық полиция бастығының орынбасары, подполковник.

**Шәкімов Бәкіш.** 1928 жылы №12 ауылда туған. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген жоғары мектеп қызметкері.

1951 жылы Қазақ мемлекеттік медицина институтын, 1954 жылы Ленинград мемлекеттік медицина институтының аспирантурасын бітірген.

*Шәкіров Қорабай*. Баянауыл ауданының әкімі.

*Шәріпов Жанабай Оразкенұлы*. Экономист С.Торайғыров атындағы селолық округтің статисті.

*Шәріпов Жумажан Кәрімжанұлы*. Зоотехник. Екібастұз қаласындағы «Северный» разрезінде жүргізуші.

*Шорманұлы Иса* (1826–1902). Аса ірі бай, бірнеше мыңдаған жылқы біткен. Жылқы тұқымын асылдандыру мақсатымен асыл тұқымды жылқыларды шетелдерден сатып алып отырған. 31.12.1901 жылы қажыға бару үшін төлқұжат (паспорт № 6852) алып, Меккеге барған сапарда қайтыс болған.

*Шортанұлы Сабалақ*. Шамамен 1820–1880 жылдары өмір сүрген. Өткелсіз жерден жол табатын амалы мол адам болған. Осы қасиетімен Кенесарыға бара жатқан сапарында Мұса мырзаның жанында серік болыпты.

*Шөкеев Рымтай*. Баянауыл, Ертіс аудандарының әкімі болып абыройлы қызмет атқарған. Қазір облыстық әлеуметтік қамсыздандыру басқармасының бастығы.

*Шөкин Ризаұлы Әлихан*. 1925 жыл туған. Гигиена, медицина тарихын зерттеуші, медицина ғылымдарының докторы, профессор.

*Шүлембаев Қатыршан Шапағатұлы*. 1937 жылы Баянауылда туған. Философия ғылымдарының докторы, профессор. 1959 жылы ҚазПИ-ді бітірген. Кейін осы оқу орнында ұзақ жылдар қызмет атқарған.

*Шүлембаев Мүкәрам Тыныштықбайұлы*. Мамандығы агроном. 1957–1991 жылдар аралығында аудандық «Қазсельхозтехника» бірлестігін басқарған.

*Щербинин Владимир*. 1969 жылы С.Торайғыров атындағы орта мектепті күміс медальға бітірген. Мамандығы инженер. Павлодар, Қазқаман қалаларының құрылыс объектілерінде түрлі қызметтер атқарған.

*Щербинин Николай*. Заң қызметкері. Павлодар облысы прокурорының орынбасары болған.

*Ыбыраев Оразалы*. Кезінде «Саржал», «Қаратас» колхоздарының председателі болған. Ауылшаруашылығының өркендеуіне мол үлес қосқан азамат.

*Ыбыраев Рахман*. 1933 жылы «Жосалы» ауылында туған. 1980 жылы Москваның Жоғары партия мектебін бітірген. Ұзақ жылдар аудан шаруашылықтары («Жосалы», «Жаймада», «Торайғырда») ірілендірілген бригадаларын, бөлімшелерді басқарған. Кейін ауылдық советтің төрағасы, парторг қызметтерін атқарған.

*Ыбыраев Сұлтан Рахымжанұлы*. 1927 жылы «Сарыкамас» ауылында туған. 1950 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Павлодар педагогикалық училищесінде, Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушылық қызмет атқараған. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

*Ыбыраева Үміт Бекқызы*. Алғашқы бесжылдықтар тұсында «Мойынсерік»,

«Жанаталап», «Қызыләскер» колхоздарын басқарған. Әйелдердің арасынан суырылып шыққан ел басшысы болған.

*Ырысбек Шайхы* (1876–1954). Баянауыл ауданының «Қызылтау» ауылында туған. Халық емшісі, тәуіп, бақсы. Руы: Арғын-Сүйіндік-Орманшы-Қайдауыл-Токкұлы-Шотана-Ақсері. 40 жасында оған емшілік қасиет қонады. Тамыршы болады. Ол жүйке ауруымен ауыратындарды емдеген. Екі құлағы да естімейтін емші, адамдармен таспих арқылы сөйлескен.

*Ысқақов Бәкіш*. Ағаштан түйін түйген шебер. Балташы болған.

*Ысқақов Жанас*. 1949 жылы «Қызылшілік» ауылында туған. М.Әуезов атындағы театрдың жанындағы театр студиясын бітірген. Театр және кино актері.

*Ысқақова Түйқаш*. 1946 жылы С.Торайғыров атындағы совхоздың «Қандықарасу» бөлімшесінде туған. Ауылшаруашылығына еңбек сіңірген қызметкері. Талай рет аудандық, облыстық кеңестің депутаты болып сайланған. ҚКПОК-нің XVII съезінің делегаты.

*Ізбастин Рымтай*. 81 жастағы ауылдың құрметті ақсақалы. Ұзақ жылдар Баянауыл аудандық кәсіподақтар комитетін басқарған.

*Іңкәрбаев Балғабай* (1912–1990). Партия, совет қызметтерінде болған. «Жанаталап», «Саржал» колхоздарында парторг болған.

*Іңкәрбаева Орынтай Балғабайқызы*. Ұзақ жылдар аудандық банк жүйесінде қызмет істеген.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
БІРІНШІ БӨЛІМ. БІЛЕКТІ БІРДІ, БІЛІМДІ МЫҢДЫ ЖЫҒАДЫ	
1. ҚАРАДАН ШЫҒЫП ХАН БОЛҒАН – ШОҢ МЕН ШОРМАН БИЛЕР	8
2. ЕЛ МЕН ЖЕРДІҢ НАМЫСЫН ҚОРҒАП ҚАЛҒАН (Бағы, Қалқаман, Сәт, Сүйіндік, Бөкенбай, Шотита, Шоғдиар, Олжабай, Жасыбай батырлар)	12
3. ҚАРА ҚЫЛДЫ ҚАҚ ЖАРҒАН (Айдабол, Едіге, Шорман, Торайғыр билер)	16
4. ӘКЕ ЖОЛЫН ҚУҒАН ҰЛ (Мұса Шорманов)	24
5. ЖАҚСЫДАН ҒИБРАТ (Садуақас Шорманов)	27
6. ЖЕР ҚОЙНАУЫНЫҢ БІЛГІРЛЕРІ (Қосым Пішенбаев пен Бұқарбай Тәшімовтер)	32
7. ҰСТАЗДАРДЫҢ ҰСТАЗЫ (Әбікей Зейінұлы Сәтбаев)	39
8. XX ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ (Құныш Имантайұлы Сәтбаев)	45
9. АҚЫЛДЫҢ КЕН-МӘЙЕП (Әлкей Марғұлан)	67
10. ҚАЗАҚ ЭНЕРГЕТИКАСЫНЫҢ АЛЫБЫ (Шатмұқ Шоқын)	71
11. ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЕРЕН ТҰЛҒАСЫ (Ермұқан Бекмаханов)	78
12. МӘУЕЛІ БӘЙТЕРЕК (Жұмат Досқараев және оның балалары – Әубәкір, Хамза, Ғаббас, Әмина, Сапар Жұматовтар туралы)	83
13. ӨМІР МЕН ТАҒДЫР (Ғаббас Жұматов)	88
14. ЕЛ БАСҚАРҒАН АЗАМАТ (Даниял Ахметов)	95
15. ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ (Белгібай Шалабаев)	99
16. ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТҮҢҒЫШ ЗЕРТТЕУШІСІ (Қайыржан Бекхожин)	102
17. ӘКЕГЕ ТАРТЫП ТУҒАН ҚЫЗ (Шәмшибану Сәтбаева)	111
18. ПЕДАГОГ, ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ (Тәлеутай Ақшолқов)	119
19. ТАРИХТЫҢ ТАРДАН БІЛГІРІ (Халел Арғынбаев)	124
20. ҰЛТТЫҚ БИБЛИОГРАФИЯНЫҢ АНАСЫ (Ү.Сүбханбердина)	129
21. ЖАМБЫЛДЫ ЕМДЕГЕН ДӘРІГЕР (Хабиб Бұлмыбаев)	137
ЕКІНШІ БӨЛІМ.	
СОҢЫНА ӨШПЕЙТҰҒЫН СӨЗ ҚАЛДЫРҒАН	
1. ДАНАЛАРДЫҢ ДАНАСЫ (Бұқар жырау Қалқаманұлы)	142
2. ШЕР ЗАМАННЫҢ ЖЫРШЫСЫ (Кәтеш ақын)	146

3. ӘДІЛДІКТІ ТУ ЕТКЕН (Жанаж ақын)	150
4. ОЙШЫЛ, АҒАРТУШЫ, АҚЫН, ПУБЛИЦИСТ (Машһүр Жүсіп Кәпеев)	156
5. ҚАРАҢҒЫҚАЗАҚ КӨПНЕ, ӨРМЕЛЕП ШЫҒЫП КҮН БОЛҒАН (Сұлтанмахмұт Торайғыров)	171
6. СҮРЕТКЕР, ДРАМАТУРГ, ҒАЛЫМ (Жүсіпбек Аймауытов)	187
7. ҰЛТЖАНДЫ АЗАМАТ (Қошқе Кемеңгеров)	194
8. САТИРАНЫҢ САРДАРЫ (Қалдыр Тайшықов)	199
9. ДӘРІГЕР, ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ (Зейін Шашқов)	206
10. ОЙЫ ТЕРЕҢ, ҚАЛАМЫ ҚАРЫМДЫ ЖАЗУШЫ (Зейін Ақышев)	213
11. АҚЫН АРМАНЫ ӨЛМЕЙДІ (Діхан Әбішев)	220
12. БУЫРҚАНҒАН, БҰРҚАНҒАН ЖЫР ТАСҚЫНЫ (Қалижан Бекхожин)	227
13. ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АЛДАСПАНЫ (Мұнарар Әлімбаев)	242
14. ЕҢБЕКПЕН КЕЛГЕН БАҚЫТ (Қалмұқан Исабаев)	256
15. АҚЫН, КҮРЕСКЕР, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ (Олжас Сүлейменов)	262
16. ЖҰМЫСШЫ БЕЙНЕСІН СОМДАҒАН ЖАЗУШЫ (Ахит Жақсыбаев)	267
17. БАСПАСӨЗДІҢ АРДАҒЕР ҚАЛАМҒЕРІ (Балтабек Асанов)	271
ҮШІНШІ БӨЛІМ. ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛҒАН	
1. ӘНІНЕН БҮКІЛ ҚАЗАҚ РАХАТ ТАПҚАН (Мұстафа Бүркітбаев, Жарылғапберлі Жұмабаев және Қали Байжановтар)	277
2. АҚ СИСА, ҚЫЗЫЛ СИСА, СИСА, СИСА (Жаму Мұса Байжанов)	284
3. НЕМЕРЕ ТОЛҒАНЫСЫ (Иманжүсіп)	288
4. ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ТАРЛАҒЫ (Жұмат Шаши)	291
5. ҚАЗАҚ КИНОСЫ МЕН ӨНЕРІНІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ (Шәкен Айманов)	295
6. ЖІПТКЕ ЖЕТІ ӨНЕР ДЕ АЗ (Кәукен Кенжетәев)	299
7. ӨНЕРДІҢ ҚОС ҚАНАТЫ (Суат және Суат Әбусейітовтер)	303
8. КӨКІРЕК КӨЗІ КӨРЕГЕН (Садық Қарымбаев)	309
9. ӨМІР АҒЫСЫ (Байболат Әубәкіров)	318
ҚОРЫТЫНДЫ	326
СІЛТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ	329
ҚОСЫМША	333

*Қырықбай Мазанұлы Алдабергенов,  
Ерлан Мұхтарұлы Арын,  
Бақыт Тілеубайқызы Баткеева*

***БІР ТУАР ДАРА ТҰЛҒАЛАР***

*Редакторлары: М.М. Омаров, Ж.Қ. Бижанов, Б.Қ. Қосаяқов  
Суретшілері: Ә.Е. Игембаев, Ә.Ә. Бухарбаев, Қ.Н. Қаржасов, М.С. Бекетаев  
Техникалық редакторы: Г.Н. Сейтахметова  
Көркемдік редакторы: Е. Дегтярева, С.В. Пилипенко  
Корректорлары: З.А. Сабдинбекова, А.Т. Мәкішева  
Компьютерде тергендер: З.С. Кеңесбаева, Б.С. Сәрсенбаева*

*Басуға 24.11.2003 ж. қол қойылды.  
Пішіні 60x 100/16. Кітапты-журналды қағаз.  
Шартты баспа табақ көлемі 15,9.  
Таралымы 500 дана.*

*С.Торайғыров атындағы  
Павлодар мемлекеттік университетінің баспасы,  
«ЭКО» Ғылыми өндірістік фирмасы  
637034, Павлодар қ., Ломов көшесі, 64  
637000, 29.Навбръ көшесі, 2*



**Ахмедбергенов Кирилл Владимирович** 1952 жылы Павлодар облысы, Казығұста ауданының Жосалы ауылында туған. 1970 жылы С. Торайғыров атындағы орта мектепті бітірсе, 1983 жылы Ц. Цыраев атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірсе. Осыдан кейін бірден университетте оқытушылық қызметпен айналыса, тарих пәндерінің асистенті, профессор. 2002 жылдан бастап аймақ бас Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Жандықов атындағы тарих кафедрасының меңгерушісі. Қазіргі таңдағын аймақтық тарих қоғамының кеңесшісі, тарих пәндерінің семинарларының саяси және тарих пәндерінің семинарларының жандықов атындағы тарих кафедрасының меңгерушісі. «Тарих» журналының редакторы. Қазіргі таңдағын аймақтық тарих қоғамының кеңесшісі, тарих пәндерінің семинарларының саяси және тарих пәндерінің семинарларының жандықов атындағы тарих кафедрасының меңгерушісі.



**Ерлан Мұхтарұлы Арай** 1961 жылдың 23 қыркүйегінде мұғалімдер (педагогтар) отбасында дүниеге келді. 1983 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «Сини экономика» мамандығы бойынша ұзақ белгімен бітіріп шықты. 1985 жылдан бастап 1997 жылға дейін Қазақ ССР ғылым Академиясының экономика институтының аспирантурасында докторантына дейінгі жолдан өтті. Қазақстанның Респубикасының Президентінің жанындағы ҚИМЭП стратегиялық жоспар Ортадағы 10 жылдық жүйесінің құрылымына қатысты 20 жылдан бері аймақтық семинарлар, аймақтардың сөздері бастапқы шығын, жарнақаның, «сызым» қызметінің, белгілерінде, студенттердің, оқушыларының ұлттықтарынға да болды. Е. Арайдың жетекшісі «Жастар» Қазақстанның таспама жоспарындағы жарнақаның Осыдан бастапшылығымен бауырларын, 21 кандидаттық диссертациялар аяқтап, аймақтық көрсеткіші болды. Ерлан Мұхтарұлы Арай 2001 жылдан С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры.



**Баткессе Батым Тілеубайқалы** 1957 жылы Павлодар облысы, Кривошеино ауданының Төбесет ауылдық округінде туған. 1974 жылы Павлодар ауданының Төбесет ауылдық округінде орта мектепті бітірсе, 1975 жылы Қазақ мемлекеттік Қазығұста педагогика институтының философия факультетіне түсіп, 1980 жылы бітірсе. 1980-1985 жылдан Павлодар ауданының №26, №33 мектептерінде мұғалім болып істеді. 1985-1988 жылдан №33 мектепте мұғалім, кейін оқушылар мектепінде болды. 1995-2001 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік Қазығұста педагогика институтының философия факультетінде аға оқытушы болды. 1998 ж. «М.Әлімбаевтың поэзиясы» атты диссертациясының философия пәні бойынша қорғап, философия пәні бойынша кандидаттың атады. Кейін ДМУ аға философия факультетінің доценті. «М. Әлімбаевтың поэзиясы» және «М. Әлімбаевтың поэзиясындағы лабораториясы» атты оқулықтардың авторы.